

ЭЛЛЕН Г. УАЙТ

ҰЛЫ КҮРЕС

СІЗДІҢ БОЛАШАҒЫҢЫЗДЫ ӨЗГЕРТЕТІН ОҚИҒАЛАР

Copyright © 2022 Ellen G. White Estate, Inc. (Эллен Г. Уайт мұра орталығы).

Алғаш рет ағылшын тілінде *The Great Controversy* деген атпен жарық көрді

Мұқаба мен дизайнға Авторлық құқық Эдуардо
Ольшевскийге және Casa Publicadora Brasileira-ға тиесілі,
Tatuí, SP — Бразилия.

Үлгісі: Ellen G. White Estate, Inc.
Терілген шрифт: Noto Serif 10
Language: Kazakh

Киелі кітаптың пайдаланылған аудармасы: синодтық

ISBN: 979-8-4003-0033-2

Барлық құқықтар қорғалған.



“Ұлы күрес” кітабы немесе Киелі кітап туралы көбірек білу
үшін мына сайтқа кіріңіз: www.thegreatcontroversy.org

Мазмұны

Алғы сөз	5
1 Құтқарушының сүйіспеншілігі мен зор шыдамдылығы	8
2 Алғашқы ғасырлардағы қуғын-сүргін	23
3 Рухани түнек дәуірі	30
4 Сенімін қорғаған вальдендіктер	39
5 Түнектің сейілуі /1324-1384/	50
6 Өліммен бетпе-бет кездескен екі батыр	60
7 Өз кезеңінің адамы	75
8 Шындық жақтаушысы	92
9 Швейцарияда шындық нұрының тұтануы	108
10 Реформация жетістіктері	118
11 Ханзадалардың қарсылығы	127
12 Франциядағы реформация	136
13 Нидерландтағы және Скандинавиядағы сенім батырларының ерлігі	154
14 Британия аралдарында Ізгі хабардың қанат жаюы	161
15 Франциядағы жан түршігерлік қорқыныш пен кек	175
16 Жаңа жердегі шындық жақтаушыларының ізденісі	192
17 Нұрдың - хабаршылары	200
18 Үміттің хабаршысы	213
19 Түнекті жарып шыққан нұр	230
20 Діни ұйқыдан ояну	239
21 Қабылданбаған ескертпе	255
22 Орындалған аяндар	265
23 Құдай үйінің құпиясы	273
24 Киелінің Киелісінде	282
25 Өзгермейтін мәңгілік Құдай заңы	288

26	Ақиқат қорғаушылары	299
27	Біздің заманымыздың рухани оянуы	305
28	Мәңгі өмір кітабымен жүздесу	317
29	Зұлымдық ошағының пайда болуы	325
30	Адамзаттың қас жауы	334
31	Құдай періштелері мен зұлым рухтар	339
32	Шайтанның торы	344
33	Мәңгілік өмірге ие болудың құпиясы	353
34	Аруақтар тірілермен тілдесе ме?	365
35	Ар-ұжданға төнген қауіп	372
36	Жалтартпас жанжал	385
37	Біздің жалғыз Тірегіміз	393
38	Құдайдың соңғы ескертуі	400
39	Қасірет мезгілі	408
40	Құдай халқының үмітінің орындалуы	424
41	Шайтанның мың жылға кісенделуі	437
42	Шайқастың соңы	444

АЛҒЫ СӨЗ

Адам-ата күнәнің не екенін білмес бұрын Жаратушы Һақ Тағаламен Еркін қарым-қатынас жасаған, тек күнә адамзатты мұндай мүмкіншіліктен айырды. Бірақ Құдайдың жоспарында бұл қарым-қатынасты қайта орнына келтіру алдын ала қарастырылған болатын.

Алла Өз жоспарының жарық шұғыласын Киелі Рухтың өсер етуімен қалаулы құлдары арқылы адамзат баласына жеткізді. Ол туралы Киелі Жазбада былай делінген: «Киелі Рухпен шабыттанған Құдайдың адал құлдары айтқан» (2 Петір 1:21). Адамзат баласының тарихында, алғашқы 2500 жыл бойы Құдай сөзі жазылмаған. Ол атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа ауызша жеткен. Жазу Мұса пайғамбардың заманында басталған. Онан соң бір кітап болып жинақталып шыққан. Жаратылыс пен Жаратушының заңы туралы тарихшы ретінде Мұса пайғамбар жазып бастаған бұл кітап, он алты ғасыр бойы әр түрлі елшілер арқылы жазылып отырып, Жоһан жазған Ізгі хабармен аяқталады.

Киелі Жазбаның авторы - Құдай, дегенмен ол адамдардың қолымен жазылған, әр кезеңдерде оның өз жазушысы болған. Әр кітаптан біз жазушылардың өзіндік ерекшеліктерімен қоса, олардың мінездерін де байқаймыз. Соған қарамастан бірнеше кітаптан құралған бұл жазудың ішінен ешқандай қарама-қайшылық кездестіре алмаймыз. Ендеше оның авторы да біреу, кездеген мақсаты да біреу. Бұл киелі мақсат. Шексіз Құдай Киелі Рухы арқылы адам баласының санасына өсер етіп, оларды жазуға шабыттандырып отырған. Құдай оларға түстерінде аян беріп, осылайша шындықтың көзі ашылып, олар ойларын белгілі жүйеге келтіріп жазған.

Киелі заң Құдайдың Өз қолымен жазылған. Бұл адамның емес, Алланың ісі. Киелі Жазбадағы шындық Құдай мен адамның арасындағы қатынасты айқындайды. Мұндай одақ әрі Құдайдың, әрі адамның баласы болған Мәсіхтың да бойынан керінеді. Сонымен Мәсіх туралы айтылған «Сөз тәнге айналып бізбен бірге болған» деген аят, Киелі Кітапта өз мөнін сақтайды.

Киелі Жазба болып жинақталған әр кітап әр қилы замандарда әр түрлі адамдар арқылы жазылған. Олардың ой-ерісі, іс-әрекеті, қоғамдағы орындары да әр түрлі болған. Айта кететін болсақ кейбір аяттардың мәнін біреуіне қарағанда екіншісі тереңірек түсіндіреді. Өйткені осы адамдардың барлығы белгілі бір сұрақты бір жағынан ғана емес, жан-жақты қарастырып отырған. Осыған байланысты кейбір

оқырман Киелі Кітап карама-қайшылыққа толы деуі мүмкін. Әрине аяттарды бұзып жарып қарап одан шындық іздеген адам шата-суы әбден мүмкін. Оны беліп жармай, бүтін қарастырып, өрбір аяттың, өрбір сөздің мағынасына терең үңіле білген адам ғана кітапта ешқандай карама-қайшылық жоқ екенін, керісінше бір жазушыны екіншісі толықтырып тұрғанын, олардың көздеген ойларының да, максаттарының да бір екенін ұға алады. Біреуі шындықты өз басынан өткен оқиғамен байланыстырып, өз көз қарасын айтса, екіншісі өзіне түскен сәуленің оған қалай өсер еткенін айтып, өз көз қарасын сипаттауға тырысқан. Сонымен біз Киелі Жазбаны зерттей отырып бірнеше қырлы, сонымен қатар бір тұтас сұлу шындықтың куәсі боламыз. Сұрашыл өмірдің қай соқпағында болсаңызда Киелі Жазбадан барлық сұрақтарыңызға да жауап таба аласыздар. Құдай әлемге шындықты адам арқылы жеткізгісі келген, сол себепті Ол адамдардың ойын бір жүйеге бағыттай отырып, осы еңбекке талаптандырған. Бұл қазына жер ұйықта сақталғанымен көктен келген ақиқат өз мәнін жойған емес. Алланың сөзі әлемге адамның тілі арқылы жеткенімен, біз одан Шексіз Құдайдың күшін сеземіз. Алла адамға құтқарылудың жалғыз ғана жолы барын көрсетеді. Құдай сөзі біздің өміріміздің эталоны, шындыққа бастайтын жолбасшымыз болуы керек. Киелі Жазба біздің ақиқатты игеруімізге, қателерімізді көруімізге, түзелуімізге пайдалы. «Адам кез келген игі іске дайын болуы үшін қажет» (2Тім. 3:16,17). Кез келген ілімді Құдай сөзімен тексеріп отыру қажет. Бұл жөнінде Жоһан пайғамбар былай дейді: «Сүйікті бауырластарым, кез келген рухтарға сене бермеңдер, Құдайдың Рухы ма, жоқ па тексеріп алыңдар, себебі әлемде жалған пайғамбарлар толып кетті (ІЖох. 4:1). Ал Ишая пайғамбар былай дейді: «Кез келген сөзді Құдай сөзімен салыстырыңдар, егер ол сөз Алланың сөзімен салыстырғанда қате болып шықса, ондай сөздің жарығы жоқ» (Ишая 8:20). «Менің бойымда Киелі Рух бар, мен қателеспеймін»деп, Құдай сөзін елемейтіндер Киелі Рухты жоққа шығарады. Мұндай адасушылық адамды шатастырып, ақыры өлімге әкеліп тірейді. Осындай күйдегі адам шайтанның көңілінен шығып, оның қаруына айналады. Құдай сөзі бойынша Киелі Рух Ізгі хабар жариялануға тиісті уақыт аралығында жұмыс істейді. Жүздеген жылдар бойы Көне Өсиет пен Жаңа Өсиет жазылып жатқан кезде, Киелі Рух осы кітаптарды жазған адамдармен ғана жұмыс істеп қоймай, басқа адамдарды да тәрбиелеу мақсатында еңбектенуін тоқтатқан емес. Киелі Кітаптың өзі солай дейді. Киелі Рух әрбір жан иесін қауіп-қатерден қорғап, жасаған қателерін көрсетіп, түзу жолға түсіру үшін еңбектенген. Сонымен қатар Киелі Кітапта өр түрлі ғасырларда өмір сүрген, бірақ айтқан сөздері жазылмай қалған пайғамбарлар туралы

да айтылады. Киелі Кітап жазылып біткеннен кейін де Киелі Рух өз жұмысын тоқтатқан жоқ. Иса өз шәкірттеріне былай деп уәде берген болатын: «Мен үшін сендерге көктегі Әкемнің жіберетін жұбатушысы - Киелі Рух келіп, Менің айтқанымды сендердің естеріңе салады». «Ол ақиқат Рухы, сендерді айындыққа бастайды, болашақты айқындайды» (Жох. 14:26; 16:13). Киелі Жазу бойынша берілген уәде сол кездердегі өмір сүрген адамдарға ғана арналған емес, барлық ғасырларда да өмір сүрген жөне ақырға дейінгі барлық адамзат үшін берілген уәде. Құтқарушы Өз сөзін былай деп тұжырымдайды: «Ақыр заманға дейін Мен сендермен біргемін» (Мат. 28:20). Соңғы уақытта мейірімділік пен зұлымдықтың арасындағы шайқас ең жоғарғы нүктесіне жетеді. Барлық ғасырларда да шайтан (ібіліс) мәсіхшілсрге шабуыл жасағанын қойған емес, бірақ Құдай Өз халқын әрқашанда қорғап, оларға ерекше күш-жігер беріп отырған. Соңғы уақытта, яғни қазіргі біздің заманымызда уақытының аз қалғанын жақсы білетін ібіліс еш күшін аямай, зұлымдық жолында тынымсыз жұмыс жасауда. Бұл жайлы Киелі Жазбадағы соңғы кітап, біз оны ашық кітап дейміз, былай дейді: «Ол тым ашулы, ызаға булыққан, өйткені оның уақыты аз қалды». «Ол бар күшімен, жалған кереметтерімен жұмыс жасауда» (2Сал. 2:9).

Алты мың жыл бойы ібілістің істеп келе жатқан істері: адамдарды ақиқат жолынан тайдырып, зұлымдыққа батыру. Осындай қауіпті уақытта мәсіхшілердің міндеті Құдайдың жер бетіне екінші рет келетінін барша халыққа уағыздау. Халық Оны тазажәне күнәсіз қарсы алуы керек (2Петір. 3:14). Осы соңғы шайқас кезінде ібіліс Адам-ата мен Хауананы алдап торға түсіргені секілді, зұлымдықтың алғашқы тәсілдерін пайдаланып, Құдай жолында жұмыс жасап жүрген «қалаулыларды» да құлатуға тырысады (Марқа. 13:22). Өткен ғасырлардағы реформация кезеңімен байланысты болған ұлы оқиғалар тарихта болған деректер, бәріне белгілі және барлық шындықты қорғаушылар әлемімен мойындалған, осы жәйттар дау тудырмайды. Бұл кітаптың ең негізгі мақсаты біздің тарихымыздың Киелі Жазумен тікелей байланысы барына оқырман қауымның көзін жеткізу. Ендеше, ақыр заман тақаған кезде, осы ұлы шайқас кезінде зұлымдықтың құрбаны болып қапыда қалмас үшін Киелі Жазбаны зерттейік, Жаратқан Иеміздің заңының ақиқат екенін мойындайық. Түнектен жарыққа шығайық, Өз жанын біз үшін құрбан еткен Раббымызды ак ниетпен қарсы алайық.

Құтқарушының сүйіспеншілігі мен зор шыдамдылығы

«Ең болмағанда сен бүгін өзінді ненің құтқара алатынын білсең ғой шіркін! Бірақ қазір мұны біле алмайсың. Жауларың саған қарсы бекіністер құрып, қоршап, жан-жақтан қыспақтайтын күндер басыңа туады. Олар сені қиратып, тұрғындарыңды өлтіреді де, күлталқаныңды шығарып, жермен-жексен етеді. Себебі сен Құдайдың өзінді құтқаруға келген кезін түсінбедің» (Лұқ. 19:42-44).

Иса Зәйтүн тауының үстінен Иерусалимге қарады. Оның алдында сұлу бейне көрініп жатты. Яхудейлер тойлайтын құтқарылу мейрамы басталды. Осы мейрамға ел-елден Жақыптың үрінбұтақтары жиналды. Бақшалары мен жүзім ағаштарының арасынан қажылыққа келген адамдардың шатырлары орналасқан жасыл жазықтықтан сатыланып тұрған жоталар, бой көтерген сарайлар және Исраил астанасының қуатты бекіністері көрінеді. Сионның қызы менменшілдене «Мен патшайыммын, қасірет те шекпеймін» дейтін секілді. Ол бір кездері жыршы «Әсем де биік Сион тауы - күллі әлемнің қуанышы, таудың солтүстік жағындағы Ұлы Патшаның астанасы» - деп көтеріңкі көңіл күймен жырлағандай, осы күні де өзіне өзі риза болып, кектің көңілінен шығатынына сенді (Жыр 47:3). Исраил астанасы сұлу ғимараттарымен, зәулім сарайларымен, бау-бақшаларымен, жасыл жоталарымен көздің жауын алады. Ғибадатхана өзінің сұлу келбетімен көрген жанды таң қалдырады. Күн сәулесі оның мәрмәр қабырғаларына, алтын күмбезі мен қақпасына түсіп, шағылысып жатты. Бұл «сұлулықтың биік шыңы» яһудейлердің мақтанышы болатын. Бірақ Исаны қобалжытқан бұл бейне емес еді.

Қалаға жақындай бере, Ол жылап жіберді (Лұқ. 19:41). Оны патшадай қылып қарсы алып жатқан мыңдаған халықтың қуанышы, олардың салған өні таудың ұшар басына шарықтап жатқан кезінде, өлемнің Құтқарушысының бойын қайғы мұң кернеді. Құдайдың Ұлы, уәделі Құтқарушы, әмірі ажалды жеңетін Тәңір Ие, өлгендерді жердің құшағынан шығаратын Раббымыз бүгін жылап тұрды. Бұл қайғының көз жасы еді.

Ол Өзі үшін қайғырған жоқ. Оның көз алдында Гетсимания бағы, онда күтіп тұрған қасірет бар еді. Ол құрбандыққа шалынатын тоқтыларды өткізетін қақпаны көрді және Өзі де құрбандықтың Тоқтысы ретінде сол қақпамен өтуге керек болды. (Ишай 53:7). Айқышқа керілетін жер - Фолгота жазығы да алыс емес еді. Түнекке оранатын осы жолмен Мәсіх өтуге тиісті болды, өйткені Ол күнәнің Құрбаны болатын. Оның кеңіліне қаяу түсірген бұл да емес еді. Оның мұңаюының басты себебі тәубаға келмеген Иерусалимнің тұрғындары болды. Көптеген ғасырлар бойы Алланың рақымына бөленген яһудейлердің тарихы Исаның көз алдынан өтті. Міне Мориа тауы. Дәл осы жерде, болашақта болатын құрбандықтың белгісі ретінде Құдайдың адал құлы құрбандыққа мойын ұсынған. Осы жерде барлық имандылардың әкесімен мейірімділік заңы бекітілген (Жар. 22:9,16-18). Сол арада, кінәлі болған адамзат үшін шалынатын Құрбандықтың рәмізі және Оның аратұсушілік қызметі саналатын, құрбан шалынатын жерден көкке кетерілген жалын жазалаушы періштенің қолындағы найзасына тосқауыл жасады (ІШеж. 21). Құдай Иерусалимді жер бетіндегі барлық жерлерден артық санады. «Өйткені Жаратқан Ие Сионды таңдады, оның жердегі Өз тұрағы болуын қалады» (Жыр 131:13). Осы жерде бірнеше ғасырлар бойы пайғамбарлар Құдай ескертулерін уағыздады. Осы жерде Құдайдан адал тілек тіленіп, болашақтағы Ұлы Құрбандыққа нұсқайтын күнделікті құрбан шалынып отырған. Осы арада Жаратқан Ие өсиет сандығының үстіне бұлт болып қонды. Осы жерде жер мен көкті жалғастырып тұратын сатының негізі орналасқан. Бұл сатының бір жағымен періштелер көктен жерге түсіп, екінші жағымен қайра көкке кетеріліп, адам баласының мүддесін Жаратушы Иеге жеткізіп отырды (Жар. 28:12, Жохан1:51). Егер Израил халқы Құдайға адал болып қалғанда, Иерусалим Құдірет Иесінің таңдаулы қаласы болып қалатын еді (Ерм. 17:21-25). Бірақ барлығы олардың ойлағандарындай болып шықпады. Бір кездегі Құдайдың қалаулы халқынын, тарихы қайғылы әңгіме болып қала берді. Израилдіктер Көктің игілігіне қарсы тұрып, артықшылықтарын теріс пайдаланды, яғни асыра сілтеді, беріліп тұрған мүмкіндікті пайдаланбады. Олар аспаннан

жаңбырдай болып жауған жақсылықты түсінбеді, асқақтап, кекіректерін көтере түсті. Құдайдың жіберген елшілерін ұрып-соғып, пайғамбарларын балағаттаумен болды (2Шеж.36:16,15). Десе де Алланың адам баласына деген рақымы мол ғой. «Ол адам баласын жақсы көреді, Ол мейірімді, шыдамды, жанашыр және шыншыл» (Мыс. 34:6). Яхудейлер қанша Құдайға қарсы шыққанымен, Құдай олардан бетін бұрған емес. Оларға Өзінің елшілерін жіберіп, шындықты үнемі уағыздаған, өйткені Оның Өзінің тұрағы мен халқына жаны ашыды (2Шеж. 36:15). Дегенмен тоң мойын болып қалған халыққа Алланың берген жақсылығын түсінуі оңай болған жоқ. Сонда Құдай оларға, көктегі ең «қасиетті Сыйды» тарту етті.

Тәубасына келмей тұрған халықты құтқарып қалу үшін Құдай Әке жерге Өзінің Ұлын жіберді. Бұл - оларды Мысыр елінен аман-есен алып шығып, жолжөнекей қауіп-қатерден қорғап отырып, уәделі жеріне жеткізген Иса Мәсіх болатын. Мәсіх оларды Мысырдан тамаша жүзім бұтасындай аялап өкеліп, басқа халықтарды олардың алдынан қуып шығып, гүлденулеріне жағдай жасады. (Жыр 79:9). Жүзімді құнарлы қыраттың беткейіне орналастырып, маңайын шарбақпен қоршады. Оны күтіп қарау үшін қызметкерлерін жұмсады. Жүзім ағашына тағы да не істеуіме болады - дейді Ол, - баққа Мен істемеген не қалды? Тәңір, ағашым жақсы жемістер береді деп күткен болса, ол жабайы жемістер берді. (Ишая 5:1-4). Сонда да ағашынан жақсы жемістер аламын деп үміттенген Ол, түп орнымен құрып кетуінен қорғап қалу үшін баққа Өзі келді. Ол ағаштың түбін қопсытып, суарып, кепкен бұтақтарын кесіп алып тастап, күтіп бақты. Сүйікті жасыл желегін құтқарып қалу үшін барлық жағдайларды жасады.

Үш жыл бойы Ол өз халқымен бірге болып, ауруларды емдеп, қамыққанға пана болып, ақсақтың аяғын, соқырдың көзін қалпына келтіріп, кереңнің құлағын естіртіп, өліні тірілтіп, Ізгі хабарды уағыздаған (Елш.10:38, Лұқа 4:18, Матай 11:5). «Барлық қайғырғандар мен қамыққандар Маған келіндер, Мен сендерге тыныштық беремін» деген аяулы үн - Исаның үні болатын (Матай 11:28). Санасыз халықтың Оның мейіріміне зұлымдықпен жауап беріп, махаббатын жермен-жексен қылғанына қарамастан, Иса оларды бәз-баяғысынша бар ниетімен жақсы көрді (Жыр. 108:5). Ол өзі үшін емес, халық үшін өмір сүрді. Алдына келген жанды кеудесінен итерген жоқ. Соған қарамастан естігені жала, кергені тек жоқшылық болды. Игілік толқыны жүректері тас болып қалған адамдардың кеудесіне соғылып шексіз махаббат пен аяушылықтың қуатты толқынындай оларға кейін қайтып жатты. Бірақ Исраил езінің Жалғыз Көмекшісін, ең жақын Досын қабылдамады, Оның сезін құлаққа аспай, әрбірден соң Оны келеке

мазақ қылды. Сөйтіп олар үшін үміт және мейірім мезгілі өте шықты, өйткені Құдайдың шыдамының тостағаны толған болатын. Бірнеше ғасырлар бойы топталған қасіреттің бұлты енді олардың төбесіне шүйлікті. Ал олардың көмекке келуге дайын тұрған Жалғыз Досын айқыш ағаш күтіп тұрды. Бір кезде Құдайдың қалаулы халқы болған Исраил үшін Исаның өлімімен, мейірім мезгілі де аяқталды. Иса үшін бір адамның өлімінің өзі орны толмас өкініш болса, енді оның алдында бір тұтас ұлт тұрған болатын. Ысрайыл халқының күнә үшін шеккен азабын көріп, пайғамбарлардың көз жастары көлге айналған. Еремия пайғамбар күнөнің тұтқыны болып, өлімге душар болған ұлдары мен қыздарының сорақы жағдайын көргенше, көзінің жастың бұлағына айналғанын қалаған еді (Ерм. 9:1,13:17). Неліктен бірнеше жыл емес, бірнеше ғасырды алдын ала керіп тұрған Иса, көзінен парлаған жасты тоқтата алмады? Өйткені Ол бұл қаланың үстінен, Жаратушы Иеміздің мекендеген жерінен, қолында қылышы бар, қыруға келген Әзірейіл періштені көріп тұрды. Зәйтүн тауының үстінен қалаға көз салған Иса, қаланы сыртынан коршап алған жауды, аласапыран соғысты, нан сұрап жылаған баланың дауысын, ананың зарын, күл-талқан болып қираған қаланы көріп, көзі жаспен тұманданды. Ол тек осы бейнені ғана емес, одан тереңірек, ғасырлар тұңғыығындағы бейнені де көрген еді. Теңіздің жағалауындағы құмдай болып шашылып қалған халық. Бұл Құдайдың қаһары толған тостағаннан тамған тамшы ғана. Ал ақыр заманда, Құдайдың сотына түскен әрбір жан, соңғы үкімнен кейін, бұл тостағанды толық ішуіне тура келеді. Көреген көзбен көріп тұрған Иса үшін, бұл ауыр азап. Оның аузынан: «Елшілерді таспен ұрып, пайғамбарларды соққыға жыққан Иерусалим, балапандарын қанатының астына жинайтын құс секілді, Мен сендерді қанша жинақтағаныммен, сендер көнбедіңдер (Матай 23:37). Шіркін күллі халықтардың ішінен даралап алған Менің халқым оған ненің игілік өкелетінін білсе ғой! Мен әлі де болса төреші-періштенің қолын ұстап тұрмын. Сендерді тәубашылыққа шақырамын..., бірақ өкінішке орай бәрі зая. Оның аузынан: «Сендер тек пайғамбарлар мен елшілерді ғана емес, өздеріңнің Құтқарушыларыңды да қабылдамадыңдар. Иерусалим, олгеніңе өзің күнәлісің» - деген сөздер шыққан болатын. Сендер шынайы өмірге ие болу үшін Маған келуден бас тартасыңдар (Жох. 5:40).

Иса Мәсіх Иерусалимді бар әлемнің бейнесі ретінде көрді. Бұл жерде бір ғана қаланың тағдыры жайлы емес, барлық халықтардың, бар әлемнің тағдыры, күнәға белшесінен батып, оны мойындамай тас болып катып қалған, өз өліміне өзі асығып бара жатқан адамзат тағдыры туралы айтылып тұрған еді. Иса Өзінің бар жан-тәнімен күнөкар

адамның қайғысыи сезінгендіктен жаны ашып, қайғылы дауысы шықты. Ол күнәнің нәтижесі - бақытсыздықты, көздің жасын және қанды көрді. Күллі қайғы мен қасірет шеккендер үшін Оның жүрегі ауырды және бәріне де жеңілдік сыйлағысы келді. Көмектің жалғыз ғана қайнар көзіне бой ұсынғандар өте аз болғандықтан, Оның қолы адамзаттың қайғысының ағынын тоқтата алмады. Адамдарды мәңгілік ажалдан құтқарып қалу үшін Ол жанын тапсырса да, мәңгілік өмірге ие болу үшін Оны аздаған адамдар ғана қабылдады.

Мұны көрген күллі аспан күңірөңді!!! Жаны күйзелген Шексіз Алланың Ұлы қасіреттің жүгін арқалаған екен! Бұл көрініс барлық, аспанды қайран қалдырды. Бұл бізге күнәнің зардабының қаншалықты ауыр екенін көрсетеді, өйткені Құдай Заңының бұзылуының нәтижесінде күнәкар болған пенделерді құтқару Шексіз Қуат Иесінің Өзіне қиынға соқты. Болашаққа пайғамбарлық назарын аударған Иса кезінде Иерусалимнің түбіне жеткен қателік және қайғы-қасірет соңғы замандарда да билік құратынын көрді. Яхудейлердің жасаған күнәларының ең ауыры Исаны қабылдамауы, ал адамзат баласының күнәсінің ең ауыры көкте де жерде де Жаратқанның билігінің негізі болып табылатын Құдай заңын аяқ асты қылуы. Адамдар Құдайдың берген заңын жек көретін болады және одан бас тартады.

Шайтанның тұтқынына айналған миллиондаған халық. Не қылған адасушылық десеңізші! Көзі емес, көкірегі соқыр болған жандар!

Яхудейлер тойлайтын құтқарылу мейрамына екі күн қалғанда Мәсіх соңғы рет мәжілісханада болып яхудей басшыларының екі жүзділіктерін әшкерелеген болатын. Мәжілісханадан шықсымен Ол оқушыларын ертіп Зәйтүн тауына барды және жасыл шөптің үстіне жайғасып, тағы да қалаға қарады. Ғибадатхананың қабырғаларына, мұнаралар мен сарайларға көз тастады. Ғибадатхана касиетті таудың басындағы төжі секілді көрінді.

Жыршы мыңдаған жыл бұрын Израильге деген мейірімі үшін, осы ғибадатхананы Өзінің тұрағы еткеніне Теңір Иеге риза болып, Оның есімін жырлаған болатын. «Тұрағы Оның Иерусалимде, Киелі үйі Сион төбесінде». «Орнына таңдап алды Яхуда руын, әрі Өзі қатты ұнатқан Сион тауын. Киелі үйін зәулім аспандық орнатты, жер іспетті оны мәңгілікке нығайтты» (Жыр 75:3,77:68,69).

Тарих бойынша, ең алғашқы ғибадатхана, ысрайыл халқының гүлденіп тұрған шағында салынған болатын. Бұл үшін Киелі Рухпен шабыттанған Дәуіт пайғамбар оның негізін қалауға дайындалып, көп қазына жинаған (ІШеж. 28:12,19). Ал бұл аты әйгілі ғибадатхананы салған, тарихта есімі қалған ең данышпан патша,

Сүлеймен пайғамбар еді. Бұл ғибадатхана өте зәулім де, сұлу еді, жер бетінде оған тең келетіні болмаған. Дегенмен, Әгей пайғамбарының айтуынша: «Кейінгі ғибадатхананың атағы, алғашқысынан да жоғары болады». Бұл жөнінде Жаратқан Иеміз былай дейді: «Көрген жанды таң қалдырамын, келем деушілерге есігі ашық болады, атағын көкке шарықтатамын» (Хақ.2:9,7).

Шынында да Навуходоносор патша қиратып бұзған ғибадатхана, Иса Мәсіх гуылмастан 500 жыл бұрын қалпына келтірілген еді. Сүлеймен патшаның салған ғибадатханасын көзі көрген жандар, кейінгі салынып жатқан ғибадатхананың алғашқыдай сұлу болатынына күмән келтіріп, іштей өкініп жылаған. Пайғамбар олардың көңіл күйін былай деп сипаттайды: «Атағы көкке шарықтаған бұл Үйді, бұрынғы көрген көздерден кім қалды? Оның қазіргі күйі айтуға тұрарлық па?» (Хак. 2:3, Езре 3:12). Дәл осы мезетте бұл ғибадатхананың атағы бұрынғыдан асып түседі, - деген уәде берілген болатын. Дегенмен, екінші ғибадатхана біріншіден сұлулығы жағынан асып түсе алмады. Екінші ғибадатханаға алғашқыдағыдай шапағат шұғыласы да шашылған жоқ. Құрбан шалу кезінде аспаннан от та түскен жоқ. Алланың атағының бұлты да көрінбеді. Оның ішінде Құдірет Иесінің заңы сақталған сандығы да болған жоқ. Құдаймен тілдескен кезде, Ол бұрынғысындай жауап та қайырмады. Бірнеше ғасырлар бойы яхудейлер Хаққай пайғамбарға берілген уәде орындалды деп дәлелдеумен келді, дегенмен менменшілдік пен сенімсіздік олардың сана сезімдерін баурап алған болатын, сол себепті олар өздеріне берілген аянның шын мәнін түсіне алмаған еді. Екінші ғибадатханаға Алланың атағының бұлты қонбағанымен, ол, ішіне Назареттен келіп кірген, аурудың тәнін, жаралының жанын емдеген әйгілі Дәрігер, Ұлы Оқытушы, күнәкар пенденің табиғатын қабылдаған, әлемнің Иесі - Иса Мәсіхтің жарығымен нұрланған болатын. Сол себепті де екінші ғибадатхананың атағы алғашқы ғибадатханадан жоғары болды. Бірақ Израил көктен түскен Сыйды қабылдамады. Сол күні қарапайым Оқытушының өлімімен, ғибадатхананың атағы да жойылды. «Үйлерің өздеріңе бос қалды» деген Құтқарушының сөзі орындалды (Матай 23:38).

Исаның шәкірттері ғибадатхананың қирайтыны жайлы хабарды естігенде, әрі таң қалып, әрі қорықты. Бұл ғибадатхананы безендіруге халықтың 40 жыл бойғы еңбегі мен қазынасы кеткен болатын. Ол үшін ұлы Ирод Яхудей және Рим қазына сарайларынан қаражат бөліп беріп отырған. Тіпті Рим императорының өзі, оған ақшадай сыйлық беріп тұрды. Осы үй үшін Римнен үлкен ақ мәрмәр тастар жеткізілген. Олардың кейбіреулерінің өлшемдері өте үлкен

болды. Осы ақ мәрмәрге Құтқарушының назарын аударып отырып, шәкірттері Оған былай деп сұрақ қойған: «Ұстаз! Қарашы, қандай сұлу тастар, қандай керемет ғимараттар!» (Марқа 13:1). Бұл сөзге Иса былай деп жауап берді: «Шын айтам, бұл тастардан түкте қалмайды, барлығы қирайды» (Матай 24:2,3).

Исаның шәкірттері Иерусалимнің қирауын, Оның екінші рет жер бетіне келетін мезгілімен байланыстырған, яғни олардың ойларында Иса келіп, ғаламдық империяның тағына отырып, тәубаға келмеген яхудейлерді жазалап, халықты Римнің езгісінен азат етуге тиісті болды. Құтқарушы соның алдында оларға «мен екінші рет қайтып келемін» деп ескерткен болатын. Сондықтан Иерусалимнің сотқа тартылатыны туралы естігенде, олар Исаның екінші рет келетіні жайлы ойлады да, Зәйтүн тауының үстінде отырғанда, Оған былай деп сұрақ қойды: «Ақыр заман қашан келеді? Сенің жер бетіне қайта келуіңнің қандай белгілері бар?» (Матай 24:2,3).

Бірақ мейірімге толы Жасаған Иеміз оларға болашақты болжамады. Егер Иса оларға болатын оқиғаны ашып айтса, шәкірттерінің аза бойы қаза болып, қайғыға ұшырайтын еді. Исаның сөзі оларға толық түсінікті болмағанымен, уақыт өткен сайын, олар айтылған сөздердің мәнін біртіндеп ұғуға тиісті болды. Исаның айтқан сөздері екі мәнді еді. Біріншісі Иерусалимнің басына түсетін азапты, екіншісі ақыр заманда адамзат баласының басына түсетін азапты білдіреді.

Иса оқушыларына Құдайдан теріс бұрылып, Құтқарушыларын айқыш ағашқа керетіндері үшін яхудейлерді күтіп тұрған сот туралы айтып берді. Сол масқара оқиғаның алдында белгіленген аяндар орындалуға тиісті болды және де айтулы уақыт білінбей, байқаусызда келмек. Құтқарушы оқушыларына Даниял пайғамбарына берілген аянды айтты: «Сонымен, киелі жердің құлдырап, бос қалғанын көргенде, яхудей жерінде қалған адам тауға қашып тығылсын» (Матай 24:15-16, Лұқа 21:20). Киелі жерге құдайсыздардың (Римнің) туы тігілгенде, мәсіхшілер қашып құтылуға тиісті. Алдын ала айтылып қойылған белгілер пайда болсымен, олар қашуы керек. Барлық яхудей жеріндегілер және Иерусалимнің тұрғындары бұл белгіге бағынуға тиісті. Үйдің төбесінде отырған жандар бағалы заттарын алу үшін, үйдің ішіне кіруіне болмайды, бау-бақшада жұмыс істеп жүрген адамдар, киімдерін алмакка, оларды тастаған жерлеріне қайтып оралуларына болмайды. Бұл қасіреттен қашып құтылам деушілер бір минут бөгелмеуі керек.

Иродтың патшалық еткен кезеңінде Иерусалим өзінің сұлулығымен ғана емес, қаланың қабырғаларының және бекіністерінің мықтылығымен, географиялық орналасуының ыңғайлылығымен

әйгілі болған еді. Оны қиратып бұзам деушілерге, Нұх пайғамбарын есалаң деп атағандай, ат қойылған болар еді. Бірақ Мәсіх Иса былай деді: «Жер мен көк өтер, бірақ Менің сөзім мәңгі болмақ» (Матай 24:35). Яхудейлердің жасаған күнәсі үшін, Иерусалимге Құдайдың қаһары түсті, сейтіп оның тағдыры шешілді.

Миха пайғамбар арқылы шексіз Құдай былай дейді: «Алла бізді сақтайды деп, Құдай атымен ант беріп, дұрысты бұрыс қылып, өтірікті шын қылып, ақша үшін оқытып, сыйлық үшін үкім шығарған Иерусалимнің әміршілері, Жақып үйінің басшылары сендер тыңдаңдар». (Мих.3:9-11).

Бұл сөздер Иерусалимнің тұрғындарының жалған тазалықтарын ашық суреттейді. Құдай заңын орындап жүрміз деп мақтанып, шын мәнінде заңды олар барынша аяқ асты қылған. Олар Иса Мәсіхті жек көрген, өйткені Исаның тазалығы олардың шынымен кім екендерін өшкереледі. Оның таза және күнәсіз екенін біле тұра, олар Исаның өлімі ғана барлық ұлтты қауіпсіздендіреді деп шешкен. «Егер Оны тірі қалдырсақ, барлық халық Оның соңынан еріп кетіп, Римдіктер келіп біздің жерімізді басып алады» (Жох. 11:48). Егер Оны өлтірсек, онда яхудейлер қайтадан күш алып, біріккен ұлт болып қала береді деп есептеген. Сөйтіп олар дін мұғалімдерінің шешімдерімен келісіп, бүтін бір ұлт құрығанша, бір адам құрысын деп ойлаған.

Осылайша яхудей басшылары өз қолдарын ғана емес, барлық Иерусалимді қанға бояды. Күнәнің үстіне күнә қосып, жазықсыз жанды өлтіргендеріне қарамастан, яхудейлер ездерін Құдайдың қалаулы халқымыз деп есептеулерін қоймаған. Пайғамбар өз сөзін жалғастыра келе былай дейді: «Сион жыртылып тасталған аңыз далаға айналады, Иерусалим қирап, тау болып үйіліп қалады, оның орны орманды жотаға айналады» (Мих. 3:12).

Иса Мәсіх Иерусалимнің тағдыры туралы айтып кеткеніне шамамен 40 жыл толса да, Құдай өз шешімін шегіндіріп, шыдамдылықпен күтті. Шынымен де Құдайдың мейірімінің шегі жоқ. Оның Ізгі хабарын қабыл алмай, жіберген Елшісін айқыш ағашқа керіп өлтірген тоң мойын, тәртіпсіз халықтың айуандық әрекетіне шыдаған Шексіз Алланы, таусылмас махаббат Иесі деп анық айта аламыз. Жемісін бермейтін Інжір ағашы туралы мысал Құдай мен яхудей халқының қарым-қатынасының белгісі ретінде қарастырылған. «Орын алғызбай мына ағашты кесіп таста» - деген бұйрық берілді (Лұқа 13:7), бірақ Құдай бұл қаланың тағдырын шешуді біраз уақытқа шегіндірді. Мәсіх және Оның келуінің мақсаты жайлы білмейтін көптеген яхудейлер бар болатын. Ата-аналары бас тартқан ақиқат болашақ ұрпаққа жетуге тиісті еді. Құдай оларға өз жарығын пайғамбарлар

және олардың ізбасарлары арқылы жеткізбек болды. Айтылған сөздің орындалғанын, олар тек Исаның туылуымен, өмірінен ғана емес, Оның өлуімен қайра тірілгенінен де көруге тиісті еді. Балалар ата-бабаларының жасаған күнәларына жазықты болмайды, дегенмен, егер олар өздеріне түскен жарықты қабыл алмаса, онда сөзсіз бабаларының сыбайластары болып шығады және жазаға бірдей тартылады.

Құдайдың рақымы түсіп, мейірім мезгілі созыла түскен сайын, яхудейлер тәубаға келгеннің орнына, қасарыса түсті. Исаның шәкірттеріне қастық жасап, өз тағдырларын өздері шешті. Құдай оларды бұрынғыша қорғамады, сөйтіп олар өздерінің қалап алған басшыларының, яғни ібіліс пен оның қараңғы күштерінің қоршауында қалды. Бірақ ібіліс олардың бойларында зұлымдықты қоздыра берді. Олардың бойларын ашу-ыза кернеп, өз басшылары етіп олар зұлымдықты таңдады. Қатыгездіктерімен бұлар шайтанға өте ұқсас болды. От басында да, қоғамда да іштарлық, жеккөрушілік, ашушандық, кісі өлтіру берік орын алды. Қауіпсіз жер, тыныштық көрінбей кетті. Дос-жарандар, туған-туысқандар сатқындыққа ұшырады. Ата-аналары балаларын өлтіріп, балалары ата-аналарын өлтіруге дейін жетті. Халық көсемдері билік жүргізуден қалды. Жүгенсіздік оларды қатігез жауыздыққа ұшыратты. Яхудейлер Құдайдың адамзат баласын құтқаруға жіберген Елшісіне жала жауып, Оған үкім шығарып, өлім жазасына бұйырды. Енді міне, сол жала оларды тыныштықтан айырды. Бұрын олар «Киелі Израилды көзімізге көрсетпендер» (Ишая 30:11)деп, соған байланысты ісәрекеттер жасаса, енді міне олардың тілегі орындалды.

Олар тіпті Құдайдан қорқуды қойды. Сөйтіп діни билік те, қоғам билігі де ібілістің қарамағына толық тиді. Ара-тұра соғысушы жақтардың көсемдері бірігіп өз құрбандарын талан-таражға салса, кейін қайра бір-біріне қарсы кантогіс шайқастарын жалғастырған. Құдайдан қорқып, адамнан ұялу деген оларда болған емес. Тіпті ғибадатханаға келіп Құдайға сыйынушыларды елтіріп, топ-тобымен қалдырып кетіп жатты. Бойларын жауыздық билеп алғаны соншалықты, олар, біз Иерусалимді қиратудан қорықпаймыз, өйткені ол Құдайдың иелігіндегі қала деп ашық жариялады. Өздерінің сөздеріне дәлел ретінде, олар жалған пайғамбарларды жалдады, сөйтіп жалған «шындықтарын» уағыздады. Көпшілік халық, көктен жерге Құдай түсті, Ол бізді құтқарады деп сенді. Бірақ Израил Құдайдың панасынан күр қалған болатын. Бір бірінің қанын судай ағызған израил халқы туралы, Иерусалимнің қирауы туралы, Иса Мәсіхтің айтып кеткен сөздері мүлтіксіз орындалды. «Біреуге қандай өлшеммен өлшең, өзіңе де сондай өлшеммен өлшенеді» (Матай 7:2). Осы соққының

дәлелі ретінде, неше түрлі белгілер мен таңғажайып құбылыстар болып жатты. Түнде ғибадатхананың үстінен бір түрлі жарық көрінетін, ал күн батарда, бұлттың үстінен, шабуылға дайын тұрған атты әскерлер көрінді. Түн мезгілдерінде ғибадатханада тағзым етуші діни адамдар ғажайып дыбыстардан қорқатын болды, жер сілкініп «Осы жерден тез кетейік» деген үн шықты. Жиырма шақты адам жабылып, әрең ашатын қаланың шығыс жақ қақпалары, салынып тұрған темір құлыптарға қарамастан, түнде өздігінен ашылып қалатын болды. Жеті жыл бойы бір көреген Иерусалимнің көшесінде жүріп, қаланы күтіп тұрған ауыр азап пен соққы барын хабарлаумен болды. Күнітүні жалықпай: «Шығыс жақтан шыққан үн! Батыс жақтан шыққан үн! Дүниенің төрт бұрышын ұстап тұрған желдің үні! Ғибадатхана мен Иерусалимге қарсы шыққан үн! Күйеу жігіт пен қалыңдыққа қарсы үн! Халыққа қарсы шыққан үн!»деп айтуын тоқтатқан жоқ. Бұл ғажайып адамды нөкерлер ұстап әкетіп, ұрып соққанымен, Ол ешқандай қарсылық білдірмеді, тіпті Оның үні де шықпады. Бар қайталай бергені: «Иерусалим мен оның тұрғындарының басына қайғы бұлтты төніп тұр» - деген сөздер еді. Көрегеннің дауысы қаланың қайғысын бөліскеннен кейін ғана өшті. Иерусалимнің қирауы кезінде, Құдайға шын ниетпен берілген адамдардың бірде бірі қаза болған жоқ. Өйткені Иса Мәсіхтің шәкірттері, болатын қасірет жайлы алдын ала хабардар болған. «Иерусалимді қоршап алған әскерлерді көргенде, Яхудей аймағындағылар тауға қарай қашыңдар, қаладағылар тез қаладан шығыңдар» (Лұқа 21:20,21) делінген. Цестияның басшылығымен қаланы қоршап алған римдіктер, неге екені белгісіз, кенеттен Рим бас қолбасшысының әмірімен, ешқандай себепсіз кейін шегіне бастады. Қаладан шыққан яхудейлер шегінген әскерлерге қарсы шабуылға кеткенде, қаладағы мәсіхшілер мүмкіндікті пайдаланып, бір мезетті зая кетірмей, Иорданның арғы бетіндегі, Перее деген жердегі Пеллу қаласына қашып құтылды. Бұл мүмкіндік Құдайдың мәсіхшілерге берген белгісі еді. Яхудей әскерлері Цестияның әскерін қуып тығып, оларды құртып жіберуге дейін барды. Цестиялықтар зордың күшімен жинақталып, әскерлерін әрең жинады. Яхудейлер болса, ешбір шығынсыз Иерусалимге қайтып келіп, жеңістерін тойлады. Бірақ бұл жеңіс көздің елесі тәрізді, жалған жеңіс еді. Яхудейлер римдіктердің алдында бас имейтіндіктерін көрсетті. Сөйтіп олар өздеріне деген римдіктердің өшпенділіктерін коздыра түсті. Тит келіп астананы қайрадан қоршауға алған кезде, Иерусалимнің үстінен қайғы бұлтты қаптады. Бұл ашымаған нан мейрамының кезі еді. Жан жақтан Иерусалимге миллиондаған яхудейлер жиналған болатын. Ас жақтарының қоры дұрыс

бөліп беріп отырғанда, бір шама уақытқа жететін еді, дегенмен соғысушы партиялар барлық қорды талантаражға салып, қалада аштық басталды. Бидай өте қымбат бағамен мөлшерлеп қана сатылды. Аштықтың тақсіретін тартқандар былғары белбеу, аяқ киім және басқада былғары заттарды кеміре бастады. Түнгілікте кейбіреулер қаланың сыртына шығып, жабайы өсімдіктердің жемісін жинады. Ұсталып қалғандары айуандықпен жазаланып, қазаға ұшыраса, қашып құтылғандарын өз адамдары соққыға жықты. Қолдарында билік тұрған күштілер әлсіздерді тонап, соңғы үзім нанын алып жатты. Әрине ол аштықтың салдарынан істелген әрекет емес, өз қорларын толықтырудың әрекеті болатын. Мыңдаған адам індет пен аштықтан қырылды. Соның салдарынан халықтың бойынан сүйіспеншілік пен аяушылық сезімдері де көрінбей кетті. Күйеулері әйелдерін тонаса, керісінше әйелдері күйеулерін тонады. Балалары қартайған ата-анасының аузындағысын жұлып жеді. «Анасы емшектегі нәрестесін ұмыта ма?» деген пайғамбардың сұрағына, қоршаудағы қаланың ішінен жауап табуға болатын еді (Ишайа 49:15). Әйелдер балаларын пісіріп, ездеріне корек қылды (Жоқт. 4:10). Осы оқиғадан он төрт ғасыр бұрын берілген аян, енді міне орындалып жатты. Ол аянда: «Байлық пен баршылықтың ортасында қалықтаған, қазынаға шомылған әйел, жау қыспағына түскенде, күйеуін жек көріп, өз тапқан балаларын жасырып жейтін болады» делінген (Заң 28:56-57).

Рим басшылары яхудейлерді қорқытып, қыспаққа алып, берілуге можбүр етпекші болды. Қолға түскендерін кала бекінісінің алдында айқыш ағашқа керіп өлтірді. Жосафат және Ғолғота (маңдайтөбе) жазығы осындай айқыш ағаштарға толып кетті, тіпті олардың арасынан өту мүмкін болмай қалды. Сөйтіп: «Оның қаны біздің және біздің балаларымыздың мойнында» деп Пилаттың алдында, яхудейлердің өздеріне атқан қарғыстары, бастарына оқ болып тиді (Матай 27:25).

Тит бұл қантөгісті тоқтатуға дайын еді. Дала мен жоталар толы өліктерді кергенде оның жаны түршікті. Зөйтүн тауының үстінен Құдай үйінің сұлулығына сүйсінген ол: «Бір тасқа да соқтықпаңдар» деп өз адамдарына бұйрық берді. Тит Құдай үйінің тазалығына кіршік түсіргісі келмейтінін айтып, яхудей басшыларына соғысуға басқа жерді ұсынды. Иосиф Флавий өз өмірін, қаласын, Құдайға бас иетін жерін сақтап қалу үшін, қандастарынан Титтің ұсынысын қабыл алуды өтінді. Яхудейлер, Құдай үніне құлақ түрмей, өздерінің соңғы жақтаушыларын садақпен атып өлтірді. Титтің ғибадатхананы құұтқарып қалу үшін жасаған әрекеттерінің бәрі болмай шықты. Осылайша Алланың айтқан сөзі айдай орындалды. Яхудей

басшыларының қасарысқандықтары, қалада болып жатқан қылмыстар Римдіктерді таң қалдырды әрі шошындырды, ақыры Тит оларды шабуыл жасап алмақшы болды. Бірақ ол, өз сарбаздарына: «Ғибадатхананы бұзбаңдар!» деп әмір етті. Десе де оның бұйрығына ешкім көңіл аударған жоқ. Түнде Тит өз шатырына дем алуға кеткенде, яхудейлер шығып, ғибадатхананың сыртындағы сарбаздарға бас салды. Жекпе-жек кезінде бір сарбаз отта жанып жатқан ағашты алып, галереяға лақтырып жіберді. Осы жерде қолма-қол өрт басталып, ғибадатхананың сырты ортене бастады. Тит өрт болып жатқан жерге тез жетіп, өртті сөндіруге бұйрық берді. Бірақ оның сөзін енді тыңдаған ешкім болмады. Ашуға булыққан сарбаздар жанып жатқан ағаштарды ғибадатхананың ішіне лақтырып, тығылған адамдарды өлтірді. Ғибадатхананың сәкілерінен қан судай ақты. Мыңдаған яхудейлер қаза болды. Жан жақтан «Ихавод» - «атағы жойылды» деген айғай шығға жатты.

Тит ызаланған сарбаздарды тоқтата алмады. Ғибадатхананың ішкі жағына кірген Тит, оның сұлулығына қайран қалып, сыртқа жүгіріп шығып, сарбаздардың отты дереу сөндіруін талап етті. Центурион Либералис өзінің билігін пайдаланып бұл зұлымдықты тоқтатпақды болды, бірақ императордың атағынан, оған деген сарбаздардың сый-сияпатынан, олардың яхудейлерге деген ашуы мен кегі асып түсті. Оған дүниеге деген қызығушылық қосылды. Өйткені жан-жақтан алтын жарқырап жатты, өрттің арасынан алтын одан сайын сұлу болып көрінді. Сарбаздар, бұл ғибадатханада шегі жоқ байлық, қазына жасырылып жатыр деп ойлады. Байқаусыз сәтті пайдаланып, бір сарбаз ішкі жақтағы жартылай ашық тұрған есіктің ішіне отты лақтырып жіберді. Сол-ақ екен, ғибадатхана түптүгел оттың құшағында қалды. Түтінге тұншыққан офицерлер кейін шегінді де, ғибадатхананың тағдыры бір жола шешілді.

Бұл аласапыранды көріп римдіктер шошыса, яхудейлер не ойлады екен?

Қаланың ортасындағы ең биік жер жанартау* жарылғандай болып көрінді. Алтын жалатылған балқарағай ағаштары қып-қызыл жалынға ұқсады. Сұлу ғимараттар өртеніп жатты. Жалынның жарығынан арғы жақтағы төмпешіктердің үстінде, отқа қарап есі кетіп тұрған адамдардың бейнесі көрінді. Қаланың сырты да, оның жоғарғы жағы да қаптаған халық, олардың кейбіреулерінің бетінен өкініштің ізі байқалса, енді кейбіреулері ызаға булыққан. Оттың құшағында қалып өртеніп жатқан көтерілісшілердің жан түршігерлік дауысы, сарбаздардың айғайы, құлап жатқан мәткелердің гүрсілі араласып кетті. Қантөгістің ең зоры қаланың ішінде болып жатты.

Еркектер мен әйелдер, кәрілер мен жастар, діншілдер мен көтерлісшілер жанталасқан шайқасқа кіріскен. Өлтірушілерден гөрі, өлгендердің саны асып түсті. Тіпті аяқ басатын жер де болмай қалды. Қала қан сасып кетті.

Гибадатхана қирағаннан кейін, қала римдіктердің қолына тиді. Кейіннен барлық жерді қарап аралап шыққан Тит, мұндай мықты бекіністі бұзатын ешбір қару жоғын, оның қолына қаланың Құдайдың күші арқылы ғана тигеніне көзі жетті. Яхудейлердің мақтанышы, Құдайға құлшылық ететін киелі жері жыртылып тасталған аңыз далаға ұқсады (Ерм. 26:18). Қантөгіс кезінде миллионнан артық адам қаза болды. Қалғандары құлдыққа түсіп, Рим амфитеатрларындағы жабайы жануарлардың езуінде кетті, ал енді біреулері, үйсіз күйсіз жер шарына тарады.

Яхудейлер өз кісендерін өздері соғып, Құдайдың қаһарыныңтостағанын өздері толтырған болатын. Не ексең, соны орасың. Бұл туралы пайғамбар былай дейді: «Өз мойныңды айбалтаға өзің тостың, Ысрайыл!», «Өзімді өзің шалып құлаттың» (Ош. 13:9,14:2). Олардың көрген қасіреті Құдайдың қарғысы деп, ұлы көтерілісші (ібіліс) өзінің жасаған іс-әрекетін жасырып қалмақшы. Құдайдың мейірімін қабыл алмай, Оған қарсылық білдірген яхудейлер, шайтанның ойыншығына айналды. Осылайша ібіліс өзінің ойындағысын іске асырды. Иерусалимнің қирауы кезіндегі оқиға мұның көрнекті дәлелі.

Біздер Иса Мәсіхтың берген тыныштығы мен бейбітшілігі үшін, Оған қаншалықты парыздар екенімізді түсіне алмаймыз. Адамзатты ібілістің әрекетінен қорғап тұрған Құдайдың күші. Шайтанды тізгіндеп, адамзатты қорғап тұрған, Құдайдың жаксылығын өтеу үшін, біздің өміріміз де жетпейді. Бірақ кейбір жандар, Құдайды қабыл алмай, өздерін өздері корғаусыз қалдырады. Құдай ешкімді де күшпен ұстамайды. Құдаймен бірге болам деушілерге құшағын айқара ашады. Ал Оны қабылдамайтындар «не ексе, соны алады». Шайтанның аңдып тұратыны да сол. Құдай заңын орындамау, Оның көптеген ескертулеріне көңіл аудармау, күнәға деген құштарлық - адамзаттың қас жауы. Құдай Рухына үнемі қарсылық білдіретін адам, ібілістің құрған торына түседі, зұлымдықтың құрбаны болады. Иерусалимнің қирауы - біз үшін ашық сабақ. Бұдан біз, Құдайдың күнәні жек көретінін, күнәкарларды жақтамайтынын анық байқай аламыз.

Иерусалимнің көрген қасіреті, болашақтағы адамзат баласын күтіп тұрған қасіреттің айнасы. Яхудейлердің астанасының босап қалғаны, болашақтағы болатын ұлы оқиғаның әлсіз ғана келеңкесі. Құдай заңын аяқ асты қылған, бұл әлемнің тағдыры шешілер кезде,

адамзат баласы көз көріп, құлақ естімеген қасіретке душар болады. Осы туралы ойлаған кезде жүрегің қалай сыздамайды? Құдайдың әмірін орындамағандардың не болғанын білдік. Ал болашақта болатын оқиға тіпті де бұлыңғыр. Бұрынғылардың тарихы - бұл шайқастың, тіресудің, ұрыс-жанжалдың, қан төгістің ұзын тізбегі (Ишая 9:5). Ал болашақта, Киелі Рух жексұрындардың, адамзаттың құштарлығының, ібілістің зұлымдығының тізгінің босатқан кезінде не болмақшы? Иә, ол кезде барлық әлем ібілістің билігінің неге әкеліп тірейтінін өз көзімен көретін болады.

Бірақ Иерусалимнің қирауы кезінде қашып құтылғанындай, «өмір кітабына есімі жазылып қойылған» Құдайдың адал құлдары құтқарылады. Иса Мәсіх жер бетіне екінші рет келіп, оларды алып кетуге уәде берген. «Сонда көктен белгі пайда болып, барша халық, даңқы және күшімен бұлтың үстінде келе жатқан Адамзат баласын көреді. Ол дүниенің бір шетімен екінші шетіне дейінгі өмір сүріп жатқан, езінің қалаулыларын аспанға көтеріп әкетеді» (Матай 24:30,31). Ал Оның ізгі хабарын қабыл алмағандар, Құдайдың аузының рухы арқылы қаза болады (2 Сал.2:8). Ежелгі кездегі Исраил секілді, олар өздерін өздері өлтіреді. Олардың түптеріне өздерінің заңсыздықтары жетеді. Күнәнің оларды Құдайдан алыстатып жібергені соншалықты, Исаның келуі оларға жалын болып тиеді.

Сондықтан Исаның ілімін бар ниеттеріңізбен зерттеңіздер. Сол кезде, Иерусалимнің қирауы туралы оқушыларына алдын ала айтқанындай, Ол қазір де, ақыр заманның тақағаны туралы айтып, бізге белгі беріп тұр. Болашақта болатын қасіреттен құтылып, Құдаймен бірге болам деушілерге мүмкіндік бар. Осы мүмкіндікті пайдаланыңыздар. Өз жүректеріңізді зерттеп, Құдайға бағыныңыздар. Иса бізге былай дейді: «Күн де, ай да, жұлдыздар да белгі береді, жер бетіндегі жандар теңселіске ұшырайды» (Лұқа 21:25, Матай 24:29, Марқа 13:24-26, Аян 6:12-17). Осы белгілер пайда болысымен, ақырдың тақау екенін біліңіздер «алыс емес, есігіңнің сыртында» (Матай 24:33). Ақыр заман күндеріне дайын болыңыздар, Құдайды естен шығармаңыздар (Марқа 13:35) делінген Киелі Кітапта. Бұл үнге құлақ түргендер, түнекте қалмайды, келер күнді дайындықпен қарсы алады. Ал күтпегендердің күйі не болмақшы? Кезінде, Иерусалимнің тұрғындары, Құтқарушының алдын ала айтқан хабарына қалай немқұрайды қараса, қазіргі заманның адамдары да, ақырдың келетіні жайлы хабарға көңіл аударып жатқаны шамалы. Бірақ, ол күн келгенде, күтпегендер үшін болатын оқиға, төбелерінен түскен жаймен бірдей болады. Жұрт өздерінің күнделікті күйбең тірлігімен айналысып, сататындары сатып, алатындары алып, дүние қорышылар

дүниелерін қорып, дін көсемдері жайбыракат үнмен тыныштықты, жалған жақсылықты уағыздап, нәрестені тербетіп ұйықтатқандай, адамзатты ұйқыға бөлеп жатқанда, түн ішінде, қапыда үйіңе түскен ұрыдай болып ақырдың күні де жетеді. Адамгершілік қасиеттен жүрдай болған азғындар үшін, Құдай заңын аяқ асты етіп, Оның үніне құлақ түрмеген, сөзіне иланбаған адамзат үшін, қылышын сүйретіп мәңгілік ажал келеді. Одан ешкім қашып құтыла алмайды (1Сал.5:2-5).

Алғашқы ғасырлардағы қуғын-сүргін

Иса Мәсіх оқушыларына Иерусалимнің басына түсетін қасірет пен Өзінің жер бетіне екінші рет келуіне байланысты кейбір оқиғаларды айтқанда, Ол болашақты, Оның жер бетінен кетіп, оған қайрадан қайтып келер аралықтағы өз халқының көретін қасіретіне нұсқаған болатын. Құтқарушы Зәйтүн тауының үстінен Құдай үйінің төбесіне шүйлігіп тұрған дауылды көрді. Ғасырлар тұңғышына үңіле келе, Өзінің ізбасарларының аяусыз қуғын сүргінге ұшырайтыны кез алдынан өтті. Болашақта болатын қайғылы хабарды, Раббымыз бір екі-ақ ауыз сөзбен, қысқаша ғана баяндады (Матай 24:9,21,22). Исаның ізбасарлары Оның жүріп өткен қиын жолымен жүруге тиісті. Оның жаулары қаншалықты көп болса, Оған сенушілердің де жаулары көп болады.

Алғашқы шіркеудің тарихы оны дәлелдеп берді. Құтқарушының сөзі орындалды. Жер мен дозактың біріккен күші Мәсіхке, яғни Оның ізбасарларына қарсы тұрды. Құдайсыздар Ізгі хабардың жеңетінін сезіп, мәсіхшілікті жойып жіберу үшін ештеңеден тайсалмады. Қуғын-сүргінің оты маздай түсті. Ақиқаттың жаулары мәсіхшілерді үйлерінен қуып шығып, баспанасыз қалдырды. Бірақ олар осы азапқа шыдап бақты, таяқ та жеді, тұтқынға алынып, қараңғы қапасқа да қамалды (Евр. 11:36-38). Көпшілігі өз сенімдерін қанымен дәлелдеді. Қара да, төре де, бай да, кедей де, білімді де, сауатсыз да, аяусыз қырғынға ұшырады.

Елші Пауылдың шеккен азабымен, Неронның уақытында басталған бұл қуғын-сүргін бірнеше ғасырға созылды. Аштық та,

оба да, жер сілкіністері де, болып жатқан көптеген соққылардың бәрі мәсіхшілердің кесірі деп есептелді. Олар ақшаға қызыққан пенделердің сатқындығының құрбаны болды. Мәсіхшілерді мемлекеттік көтерілісшілер, діннің жауы, мұқым қауымның жарасы деп кінәлады. Оларды тірідей жабайы аңдарға жеуге тастап немесе амфитеатрларда тірідей өртеп жіберіп отырды. Кейбіреулерін айқыш ағашқа керсе, енді біреулерін аңдардың терісіне тігіп, жабайы жыртқыштардың жұлғылауына тастаған. Мәсіхшілердің қазасы той-думандарда көпшіліктің ойын-сауығының негізгі бөлігіне айналды. Жұрт мәсіхшілердің көрген азабымен, ажал алдындағы жанкешті қиналысына қол соғып, олардың өлімдерін күлкімен қызықтаған.

Сөйтіп Исаның ізбасарларын қайда жүрсе де, аң аулау кезіндегі жабайы аңдарды аңдығандай қуғындаған. Оларға үнемі жасырынуға тура келді. Мәсіхшілер жетіспеушілікке, азапқа, жауларының назасына шыдап, шөл даланы, тау мен тасты, үңгірлерді мекен етті (Евр. 11:37,38). Римнен шеткері, жер астынан ұзындығы бірнеше шақырымға жетерлік жол қазылған. Осы қараңғы жер астында олар өздерінің каза болған бауырларын жерлеген. Қуғын-сүргін басталған кезде, олар осы жерден өздеріне тыныштық тапқан. Тіршілік Иесі жер бетіне екінші рет келгенде, осы қараңғы үңгірлерден Исаның аты үшін қасірет шеккендер шығады.

Соншалықты азапты қуғын-сүргін кезінде, бұл Исаның ізбасарлары өздерінің сенімдеріне кіршік түсірмеген. Қаншалықты ыңғайсыз болғанымен, күннің көзін көрмей, қапаста жатса да еш өкініш білдірмеген. Олар бір-біріне сүйеніш болып, бірін бірі жұбатып, алдарына сеніммен, шыдамдылықпен, үмітпен қараған. Құдайға деген сенімдеріне берік ие болып, оны ештеңеге айырбастамаған. Көрген зорлық-зомбылықтары мен тартқан азаптарын, олар мәңгілік бақыт пен тыныштыққа жеткізетін баспалдақ деп таныған.

Мәңгілік өмірге ие болу үшін, жалған бостандықтан бас тартқан (Евр. 11:35). «Мені де қуғындады, Менің соңымнан жүрген пайғамбарларды да қуғындады, сендерді де қуғындайды» деген Ұлы Оқытушының сөзін олар жадында жақсы сақтаған. Тіпті олар мәңгілік бостандық жолында азап шеккендері үшін қуанған және қуаныштары әнге ұласқан. Маздап жанған оттың ішінен олардың үндері, шынайы ниеттерінің сазы мәңгілікпен жалғасқан. Шындықтың құрбанына айналған олар, көкке назарларын аударғанда, одан Тіршіліктің Тынысын, Мәңгіліктің Иесінің періштелерімен оларды қолдап тұрғанын көрген. Оның: «Өлгенше сенімдеріңе берік болыңдар, сонда Мен сендерге мәңгілікті сыйға тартамын» - деген үнін естіген (Аян 2:10).

Құдай жолында қызмет етіп жүргендерді қанша құртам дегенімен, ібілістің барлық іс - әрекеті орындалмай шықты. Исаның туын ұстаушылар бірінің соңынан бірі құлап жатқанымен, ұлы шайқас жалғаса берді. Олардың жеңілісі керісінше жеңісіне айналды. Құдайдың елшілері өліп жатқанымен, Оның ісі алға басты. Ізгі хабар жалғасын тауып, Құдай сөзін қабылдаушылардың қатары көбее түсті. «Өлтіріңдер, қамауға алыңдар, қастандық жасаңдар, сендердің әділетсіз әрекеттерің, біздің жазықсыз екенімізді дәлелдейді» - деген үн жаңғырып жатты. Мұндай әділетсіздікті көрген халық, Исаның туының астына жиналды. Мыңдаған сенушілер қамауға алынып, зынданға тасталды, өлтірілді, бірақ олардың орнына басқалары тұрды. Исаның шынайы шындығының жолында апат болғандар - ажал отын жеңгендер. Оларға мәңгілік өмір сыйға тартылатын болады. Көрген азаптары мен зорлық - зомбылықтары сенушілердің басын біріктіре және Құтқарушыларына жақындата түсті. Олардың қажымас қайратын, таза ниетін көрген ібілісті жақтаушылар, енді оны тастай беріп, Исаның жағына шықты. Өзінің туының шайқалғанын сезген ібіліс, оны ала салып Құдай үйінің үстіне орнатуға бел байлады. «Егер Исаның ізбасарларын жолынан тайдырсам, Құдай олардан бетін бұрады, сонда олар торға түскен торғайдай, менің қақпаныма түседі» деп есептеді ол. Сөйтіп, әзәзіл* айла жасап, жеңілмеудің қамын ойластырды. Қуғын-сүргін тоқталып, оның орнына алдамшы және қауіпті тыныштық орнады. Құдайсыздар мәсіхшілердің дінін түбегейлі қабылдамағанымен, оның кейбір бөліктерін қабылдады. Исаны Құдай Ұлы деп есептеп, Оның өліп, қайра тірілгеніне сенеміз - деп арыз тастағаны болмаса, өздерін күнәкарлармыз деп санамады жөне ешқандай тәубаға келмеді. Сенімді жартылай мойындай отырып, сенетіндерге өз дегендерін істетіп, бірігудің жолын іздеді. Енді Құдай үйі қауыпты жағдайда тұрды. Қамауға алыну, қанаушылық, от пен қылыш бұл қауіппен салыстырғанда жанның рахатымен бірдей еді. Кейбір мәсіхшілер олармен ортақ келісім жасаудан бас тартты. Ал кейбіреулері болса олармен бірігуді жөн көрді. Осылай істеген жағдайда ғана, құдайсыздарды толық дінге енгізуге болады - деп есептеді дүмбілез мәсіхшілер. Исаның сенімді ізбасарлары үшін бұл қайғылы уақыт болды. Өйткені жалған сенушілердің атын жамылып шіркеуге ібіліс кірген еді. Сенетіндердің басым көпшілігі кейінгі көзқарасты қолдап, мәсіхшілер мен құдайсыздардың арасында одақ құрылды. Құдайсыздар өздерін мәсіхшілерміз деп жариялап, сыйынатын бейнелерін, Исаның, Мариям қыздың және басқада киелілердің бейнелерімен айырбастап, өз дәстүрлерін әрі қарай жалғастыра берді. Ырым-жырым шіркеуден берік орын алды. Мәсіхшілердің діні азып,

Құдай үйі өзінің тазалығы мен күшін жоғалтты. Дегенмен бар ниетін шындыққа бағыттап, Құдайға табынатындар да болды. Исаның ізбасарларымыз дейтіндер екі топқа бөлінді. Бірінші топтағылар Иса Мәсіхті өнеге тұтып, өз қателерін түзеуге ұмтылса, екінші топтағылар күнәларын ашық жария ететін қажетті шындықты байқамауға тырысты. Әр уақытта, тіпті жайбырақат кездің өзінде де Құдай үйіне ниеттері таза емес адамдар көптеп келетін. Құтқарушымыз Құдай үйіне ашықтан ашық күнәкарлық жасайтын адамдарды қабылдауға болмайды деп үйреткен. Дегенмен Ол күнәкарларды жанына жақын ұстаған, оларға өз өмірін өнеге еткен, сөйтіп қателерін көруге мүмкіндік берген. Он екі оқушысының ішінде сатқын да болды. Яхуданы бойындағы көптеген кемшіліктеріне қарамастан, оқушыларының қатарына қабылдаған. Яхудаға қатесін көріп, тәубаға келуіне мүмкіндік әбден болды. Ол өзіне түскен жарықты, оны қоршаған мейірімділікті көргісі келмеді. Күнәкарлыққа мойын ұсынып, ібілістің құрған торына түсті. Осылайша қара күштің иесіне өздігінен берілді. Қатесін көрсеткендерге қатты ренжіп, ақыры сатқындыққа дейін жетті. Күнәсына көз жұмып, оны байқамауға тырысқан адам, өзінің Құтқарушысын сатып жіберген Яхуда секілді, зұлымдық іске дайын тұрады. Құдай үйінде өздерін тазамаз деп есептеп, ал шын мәнінде жүректері зұлымдыққа толы жандар жиі кездесіп тұрады. Оған біз Анани мен Зәпираны мысал ретінде келтіре аламыз. Олар Құдай жолына бәрін бердік деп, ақшаның бір бөлігін тығып қойып, мұқым қауымды алдады. Бірақ Исаның Рухы олардың өрекетін әшкереледі. Осыдан кейін сұмырайлар мен заң бұзушылар Құдай Рухынан сескнетін болды. Шындық жүретін жерде олар қала алмады. Әсіресе қуғын-сүргін кезінде Құдай үйінде шындық іздегендер ғана қалды. Ал қуғын-сүргін тамамдалсымен сұмырайлар Құдай үйіне қайра жиналды, сөйтіп ібіліс өзінің зұлымдық әрекетін жалғастырды.

Бірақ шындықтың Иесі мен зұлымдықтың иесінің арасындағы айырмашылық аспан мен жердей болғандықтан, олардың әрқайсысының ізбасарларының да бастары бірігуі мүмкін емес еді. Сенімдегілердің бір бөлігі құдайсыздармен бірігіп, шындық жолынан тайып кеткенде, ібілістің қуанышында шек болмады. Сөйтіп, адасқандарға билігін мықтап жүргізген шайтан, Құдайдың адал перзенттеріне оларды айдап салды. Құдай үйінде алауыздық пайда болды. Имандылықтың түп тамыры болып саналатын Киелі Кітапқа мән берілмей қойды. Құдай сөзін уағыздағандарды есерсоқ деп есептеп, қуғынға ұшыратты. Ұзаққа созылған шайқастан кейін шынайы мәсіхшілер пұтқа табынатындарын қоймаған, жаңылысып тұрғандарына қарамастан өздерін әділетті санап, солайша шындықтан

бас тартқан шіркеуден бөлініп шығып, олармен байланысын үзбек болып шешім қабылдады. Бұл шіркеудің тазалығын сақтап қалудың және Құдайға, Оның Сөзіне адал болып қалудың жалғыз жолы еді. Балалар олардың жаман өнегесін қабылдас үшін, болашақ ұрпақты қауіптен қорғау үшін, шындық жойылмас үшін бөлінуге тура келді. Олар Құдайға деген шынайы қарым-қатынастарына қарама-қайшы келмейтін кез келген келісімге баруға дайын болды, бірақ бірлікті сақтап қалу үшін ақиқаттың ұстанымдарын садақа қылып шашуға болмайтын еді, өйткені бұл дүние өте қымбат бағаға сатылып алынған болатын. Егерде бірлікті сақтап қалудың басқа жолы болмаса, олар бөлінуге, тіпті шайқасқа да дайын болды.

Осы ержүрек азаматтар ие болған ұстанымдарға Құдай халқы көңіл аударғанда, шіркеудің де және күллі әлемнің де жағдайлары қаншалықты жақсарған болар еді. Мәсіхшіліктің негізі және бағанысы болып саналатын бұл ілімге әлемнің, әсіресе Құдай халқының немқұрайдылық танытуы Исаның шынайы ізбасарларын қатты алаңдатады. Бұл ұстанымдар соншалықты маңызды емес деген пікір қазіргі кезде беки түсуде. Адамзаттың құбыжығына айналған бұл ой, яғни шіріген ілім шайтанның қызметкерлеріне күш беріп, оларды қолдап тұр. Бір кездері Құдайдың адал құлдары қарсы шайқасқан, тіпті соны жою жолында өмірлерін құрбан еткен жалған ілім мен қателіктерді қазіргі кездегі Исаның ізбасарлары атанатындар инабаттылықпен қабылдауда.

Алғашқы мәсіхшілер шын мәнінде ерекше халық болатын. Олардың мінез-құлқы, шайқалмас сенімі құдайсыздардың тыныштығын бұзды. Сан жағынан есептегенде аз халық болғанымен және қолдарында ешқандай билік болмағанымен, арсыздар олардан қорыққан үстіне қорқа түсті. Сол үшін кезінде ар-ұждансыз Қабыл Әбілді жек көргеніндей, күллі арсыз әлем бұл тақуаларды да жек көрді. Исаның ізбасарлары қиындыққа мойымай күресе отырып, Оның салған ізімен жүріп келеді. Неліктен Ізгі хабарды әлемнің жаршысы дейді? Ишая пайғамбар уәделі Құтқарушының туатыны туралы хабарлағанда, Оны әлемнің Патшасы деп атаған болатын. Періштелер келіп Иса Мәсіхтың туғаны жайлы шопандарға айтқанда, олар: «Құдіреті күшті Құдайым жасасын, бар әлемде бейбітшілік орнап, адамзат бақытқа кенелсін!» (Лұқа 2:14) — деп ән салған еді. Бірақ бұл ізгі хабар мен Исаның «Мен әлемге бейбітшілік әкелгем жоқ, қылыш әкелдім» (Матай 10:34) деген сөзінің арасында қарама-қайшылық бар сияқты. Дегенмен, тереңірек ойлана келетін болсақ, бұл айтылған сөздер қарама-қайшы емес, керісінше байланысы бар. Ізгі хабар - әлемнің жаршысы. Мәсіхшілік - бұл ақиқаттың

біріккен түйіні, ол әлемге бақыт, бірлік, өмір таратады. Исаның діні, Оның сөзін қабылдаушылардың басын біріктіреді. Исаның дінінің басты міндеті, адамдарды бір бірімен және Құдаймен татуластыру. Алайда тұтас алғанда әлем Исаның жауы, ібілістің билігінде тұр. Адамдар, Ізгі хабардың өздерінің қанына сіңіп қалған әдетіне қарама-қайшы келетінін көріп, қарсылық білдіреді. Құдай сөзінің тазалығы олардың күнәсін әшкерелейтін болған соң, құдайсыздар оны уағыздаушыларды өлтіріп, көздерін жойды. Құдай сөзі адамдар арасында осылайша күрес тудыратын болғандықтан, Ізгі хабарды Иса қылышпен салыстырады. Құдайдың адал құлдарының қуғын-сүргінге ұшырап, қасірет шеккенін көрген кейбір сенімі әлсіздер арасында түсінбеушілік, жасқаншақтық пайда болды. Сұмырайлар мен алаяқтар жақсы өмір сүріп, Құдайға бағынғандар қасірет шегетін болғандықтан, кейбіреулері тіпті Аллаға артқан үмітінен айрылды. Неліктен әділетті және мейірімді Құдай осыншама зұлымдықты кере тұра, ара түспейді?деп сұрақ қойылады. Бұл сұрақ бізді толғандыруға тиісті емес. Жаратқан Құдайдың зор махаббат Иесі екеніне шек келтіруге болмайды. Құтқарушымыз болашақта болатын қуғын-сүргінді болжай отырып: «Қызметші Иесінен артық емес, Мені қуғындағандар, сендерді де қуғындайды» - деп айтпаппа еді? (Жох. 15:20). Исаның избасарларының көрген азабы, Исаның көрген азабынан зор емес. Егер әлем бізді жек көріп қинаса, өлім жазасына ұсынса, онда біздер Исаның салған жолымен жүріп келе жатқанымыз.

«Тәңір Ие уәдесін орындауды ұзаққа созбайды» (2Петір 3:9). Құдай бізді сшқашан ұмытпайды және тағдырдың тәлкегіне қалдырмайды. Дегенмен Құдайдың еркін орындағысы келетіндер алданып қалмаулары үшін арсыздардың өз болмысын толық көрсетулеріне мүмкіндік береді. Қарны ашпаған адам, аштықтың не екенін біле ме? Жаны азапқа түспеген адам зорлық-зомбылықтың не екенін қайдан түсінеді? Ол бізді сынайды, сенімімізді шыңдайды. Қасірет біздің жанымызды да, тәнімізді де тазартады. Арсыздардың гүлденуі, имансыздардың көрген рахаты, көздің елесі тәрізді уақытша нәрсе. Барлық айтқан сөздерің, істеген істерің, тіпті ойлаған ойларың үшін де жауап беретін уақыт тақау. Құдайдың адал перзенттерінің шеккен азабы үшін арсыздар толық жауап береді. Пауыл пайғамбар кезінде былай деген болатын: «Исаның тазалығын қабылдағандар, қуғынға ұшырайды» (2 Тім. 3:12) Ендеше қазір неліктен қуғын-сүргін тоқталды? Оның жалғыз ғана себебі бар. Иса Мәсіх пен Оның оқушыларының кезіндегідей емес, қазіргі уақыттың діні өзінің тазалығы мен киелілігін жоғалтқан. Қазіргі кезде мәсіхшілер сенімі дүниеге кең түрде тарап отыр, оның құлаш жаюының басты себебі Киелі Жазбадағы

ақиқаттардың аяқ асты етілуі. Құдай сөзі толық зерттелмейді, Оның заңын кіршіксіз орындап жатқан ешкім жоқ. Шіркеулер сал ауруына ұшыраған, Құдайға ұнамды емір сүріп жатқан жан жоқ деуге болады, барлығы күнәмен ымыраға келіп, онымен бірігіп алған. Егер қазіргі мәсіхшілер, ежелгі мәсіхшілердей жүректері таза, ниеттері шынайы, сенімдері берік, Аллаға шын берілген жандар болса, онда қуғын-сүргінің жалыны қайрадан жарқ еткен болар еді.

Рухани түнек дәуірі

Исаның шөкірті Пауыл Салониқалықтарға арналған екінші жолдама хатында Рим империясы діни басшысының билеп-төстеуіне байланысты шегінушілік болатынын атап айтқан болатын. Ол: «өзін «мен Құдайға парапар, киелімін» деп есептейтін, күнөкар адам келіп, Құдай үйінің төріне шығып жөне соның келуіне байланысты шегінушілік болмайынша, ақыр заман келмейді» - деп жазған болатын. (2 Сал.2:3,4,7) Бұдан әрі өз хатында елші «заңсыздықтың құпиясы іске кірісті» деп бауырларына алдын ала хабарлады. Діннің алғашқы дәуірінің өзіндеақ ол шынайы дінге енетін әр - түрлі адасушылықтардың болатынын және сол адасушылықтардың Рим папасының келуіне жол әзірлейтінін білген болатын. «Заңсыздықтың құпиясы» өзінің Құдайға қарсы ісін әуелде білдіртпей бастап, кейін күш ала келе, адамдардың ойын түгел баурап алған. Осылайша құдайсыздардың салт-дәстүрлері шынайы дінге білінбей енді. Бұл келісушілік пен шегінушілік рухы біраз уақыт Құдайға сеибейтіндердің әрекетімен тоқтатылып тұрды да, қуғын тоқталсымен, Иса Мәсіхтің және оның шәкірттерінің момындығы мен қарапайымдылығының орнын, ырым-жырым басшыларының менменшілдігі мен тәкаппарлығы басты. Сейтіп Құдайдың бекіткен заңын адамдар өз жандарынан шығарған заңмен алмастырды. Төртінші ғасырдың басында Константин императорының «көз бояушылықпен» Құдайды қабылдағанын сенушілер қуанышхы қарсы алып, осылайша тазалықтың атын жамылып Құдай үйіне зұлымдық енді. Сонан соң сенетіндердің арасына жік түсті. Құдайсыздар жеңімпаз атанып, оның рухы Құдай үйін билеп төстеді. Арсыздардың

ілімі, салтдәстүрлері, ырым-жырымдары Исаның ізбасарларының таза сенімдерімен араласып кете барды. Құдайға сенушілер мен құдайсыздардың арасындағы келісімі елшінің алдын ала айтып кеткеніндей, өзін «Құдаймын» деп есептеп, Құдайға қарсы күрес жүргізетін «күнәкар адамның» келуімен аяқталады. Бұл жалған дін жүйесі - таққа отырып бүкіл жер шарына емін-еркін әмірін жүргізу үшін жасаған шайтанның, яғни ібілістің ең күшті өнерінің бірі. Ібіліс бұдан бұрын да Иса Мәсіхпен келісім құрғысы келген. Ол Құдай Ұлымен шөл далада кезігіп, Оны таудың ұшар басына алып шығып, «егер маған бас исең, осы әлемнің патшалығын саған беремін»деп, алдап өз көздегеніне жетпек болған. Бірақ Иса оның жалған өрекетін әшкерелеп, кетуге мәжбүр етті. Дегенмен ібіліс Исаға ұсынғанын адамға ұсынып, зор табысқа жетті. Байлық пен даңққа жетпекші болған шіркеу, осы әлемнің ұлыларына бағынып, Исаны ысырып тастап, ібілістің жіберген адамы - Рим епископымен одақ құрды. Рим шіркеуінің ең негізгі догматтарының бірі - Құдай үйінің басы Иса Мәсіх емес, Рим папасы - деп жұртшылыққа мойындату. Сонымен қоса Рим папасына «киелі»деген атақ пен «Әмірші Құдай - Папа» деген титул берілген. Папа, барлық адамдардың оны құрметтеуін талап етеді. Бірақ кейбір адамдар, Исаның айтқанындай: «Құдайыңа ғана бас иіп, Оған ғана сыйынуың және қызмет етуің керек» (Лұқа 4:8) - деп, бұл дөрекі шешімге қарсы шықты. Киелі Кітапта Құдай үйінің басы адамдардың бірі болады деген сөз жоқ. Басы Иса Мәсіх болып есептелетін Құдай үйіне папа билік жүргізе алмайды, ал «Құдай» деген атақты, ол өзіне заңсыз түрде меншіктеп алған.

Рим шіркеуін қолдайтындар, оған қарсы шыққандарды «шынайы діннен бұрылып кеткен ессіздер»деп кінәлады. Шын мәнінде бұл күнә олардың өздеріне қатысты. Исаның туын құлатып, бір кездері «тақуаларға берілген иманнан» шегінгендер солар (Яхуда 3). Егер адамдар Киелі Кітапты зерттеп, оны жатқа білетін болса, олар зұлымдыққа қарсы күрес жүргізе алатынын ібіліс жақсы біледі. Тіпті Құтқарушымыздың Өзі, шайтанның айлакерлік әрекеттеріне Киелі Кітап арқылы тойтарыс берген. Сондықтанда шайтан адамдарға билігін жүргізу үшін және Рим папасының үстемдігін бекіту үшін, халыққа Киелі Кітапты оқытпай, надан қылып ұстауды ойлаған. Өйткені Киелі Кітапта Құдай туралы барлық шындық жазылған, сол себепті ібіліс барлық мүмкіндікті пайдаланып, шындықты адамдарға білдірмеуге тырысып бағуда. Бұл шарт Рим шіркеуінде бекітілген. Рим шіркеуі бірнеше ғасыр бойы Киелі Кітапты таратуға кедергі жасады. Оны оқуға, тіпті үйлерінде ұстауға адамдарға тыйым салынды. Рим шіркеуінің діни оқытушылары ЫКиелі Кітаптағы шындықты кері

түсіндіріп, өз абыройларын бекіте түсті. Сөйтіп Рим папасы шіркеуде де, мемлекетте де өз әмірін жүргізетін «жердегі құдай» атанды.

Шайтан зұлымдық пен өтірікті әшкерелейтін Киелі Кітапты жапқызып тастап, халықтар арасында ез жұмысын барынша кең түрде жүргізді. Пайғамбар: «Рим басшылары «мейрам мезгілдері мен заңды» жойып жіберуді армандайды»деп жазған болатын (Дан.7:25). Рим папалығы құдайсыздарды сенімге енгізу үшін, сонымен қоса олардың салт-дәстүрлерін сақтап қалу үшін, олардың сыйынатын пұттарын «киелілердің» бейнесімен алмастырды. Бір сөзбен айтқанда пұтқа та- быну заңды түрде қабылданды. Бұл - Құдайға қарсы істерін жасырып қалу үшін, олар Киелі Кітаптан «пұтқа табынуға болмайды, Құдайыңа ғана сыйын»деген заңның екінші бабын алып тастап, оның орнына сан есебін толықтыру үшін онышшы бабты екі бөлікке бөлген. Сөйтіп арсыздармен келісім жасалып, Құдай заңы аяқ асғы етіліп, азғындыққа жол ашылды. Шайтан, барлық заңның ішінде, Жаратушы Иемізді еске түсіріп тұратын заңға өзгеріс енгізуге тайсалмай бел байлады. Заңның төртінші бабы Шексіз Алланың жер мен көктің Иесі екенін ашық айтады. Сенбі күн - шығармашылық еңбектің ескерткіші, адамзат баласына берілген тыныштықтың куәсі. Бұл, адам баласы Алланы үнемі есіне алып тұру үшін, Оны ұмытып кетпес үшін бекітілген заң. Ал ібіліс болса, тірі Құдайды еске түсіріп тұратын бұл заңды адам баласына орындатпауға тырысуда және оны күнге табынушылар құрметтейтін жексенбімен аламастыруларына басшылық етті. Ал Киелі Жазбада Алла «Сенбі күніне Құдай оң бата-сын беріп, оны қасиетті деп белгіледі» - деп анық айтады. (Жар. 2:2,3). Әуелде албасты өзінің әрекетін мұқият түрде жасыра білді. Бірінші ғасыр бойы күллі мәсіхшілер шынайы сенбіні құрметтеп, оны берік сақтаған. Бұл жандар Құдайды құрметтеп және Оның ақиқатының ұстанымдарын жалынды түрде қорғаған. Шайтан көздеген мақсатына жету үшін өте байқаулы болған, істейтін ісіне мұқият болған. Жұрттың көңілін жексенбі күніне аудару үшін, Иса Мәсіхтің жексенбі күні тірілуіне байланысты осы күн мерекеленуге тиісті деп халық арасына жарияланған. Құдайға қызмет ету осы күні жүргізілгенмен және де жексенбі демалыс деп саналғанмен сенбі күнін барша қауым бұрынғыша құрметтеп, сол күнді берік сақтаған.

Өзінің арам пиғылын әрі қарай жалғастыра келе шайтан яхудейлерді пайдаланып сенбі күнін міндетті ережелермен таңып, оны ешкім алып жүре алмайтын ауыр жүкке айналдырды. Сонан соң шайтан сенбі туралы ақиқатты өзі бұрмалағанына қарамастан, оны жиренішті түрде яхудейлердің қаулысы деп атады. Мәсіхшілер жексенбі күнін қуанышты, бақытты мереке түрінде тойлауын

жалғастырған уақытта, ібіліс яхудейлерге деген өшпенділігінің белгісі ретінде сенбіні ораза, уайым және қасірет күні деп атауға мәсіхшілерді итермеледі. Төртінші ғасырдың басында император Константин күллі Рим империясы бойынша жексенбі күнінің жалпы сақталуын белгіледі. Күнге табынушылар құрметтейтін жексенбі күнін мәсіхшілер де тойлады. Императордың саясаты мәсіхшілермен құдайсыздардың қарама қарсы мүдделерін біріктіруге бағытталған еді. Бұған оны мадақ пен билікке ұмтылған рухани қызметшілер итермелеген, өйткені олар мәсіхшілер мен құдайсыздар бір күнді сақтаған жағдайда құдайсыздар мен мәсіхшілердің бастары бірігеді деп түсінген, ал бұл өз кезегінде шіркеудің қуатының арта түсуіне ықпал ететін болған. Көптеген Құдайдан қорқатын мәсіхшілер жексенбіні қасиетті күн болса болсын деп қабылдағанымен, заңның төртінші бабы бойынша шынайы сенбі күнін сақтаған және Құдай берген тыныштық күні ретінде құрметтеген.

Алайда ұлы етірікші мұнымен тоқталып қалмады. Ол барлық мәсіхшілер әлемін өзінің туының астына жинамақшы болды және өзін Мәсіхтің орынбасарымен деп санайтын сыбайласы - менменшіл папа арқылы әрекет жасады. Жартылай мәсіхшілер, менменшіл прелаттар, пендешілікке берілген діни қызметкерлер арқылы ол мақсатына жетті. Әлемнің барлық елдерінен жоғары діни қызметшілер оқтын-оқтын үлкен шіркеуге жиналып отырды. Осы жиындарда Құдай бекітіп берген сенбі неше рет аяқ асты етіліп, ал жексенбі күнінің мәртебесі арта түсті. Келекеле құдайсыздардың мерекесі Жаратушының нұсқауы ретінде қабылданып, ал киелі сенбі күні яхудейлердің ескірген ережесі саналып, ол заңды сақтайтындар қуғындала бастады.

«Ол Құдайға және Оның ұлылығын білдіретін бар норсеге қарсы тұрып, өзін олардан жоғары қояды» (2Сал. 2:4). Ол барлық адамдарға тірі Құдайға мезгеп тұратын киелі заңға өзгеріс енгізуден қорықпады. Заңның төртінші бабында Құдай Өзінің Жер мен көктің Иесі екенін ашып көрсетеді. Жалған құдайлардан Оның айырмашылығы осында. Сенбі күні шығармашылық еңбектің ескерткіші болып саналады, сондықтан бұл күн адам үшін дараланып киелі етіп берілген. Ол болмыстың көзі және табыну мен құрметтеу мақсаты ретінде адамдарға Алланы үнемі естеріне салып тұру үшін бекітілген. Шайтан адамдарға Құдай заңын орындатпай, Оған деген адалдықтарын бұзғызуға ұмтылады, өйткені дәл сенбілік заң Құдайдың Жаратушы екенін дәлелдейді.

Қазіргі кезде мәсіхшілер, Мәсіх жексенбі күні қайта тірілген, сондықтан мәсіхшілер сенбісі - жексенбі деп нандырады. Ал Киелі

Кітапта сенбі жексенбімен алмастырылады деген сөз жоқ. Мәсіх те, Оның елшілері де жексенбіні атаған емес. Сенушілердің жексенбі күнін тойлауы елші Пауылдың уақытында айқындала бастаған «заңсыздықтың құпиясынан» шығып тұр (2 Сал.2:7). Қашан, қай жерде Құдай ондай өзгеріс енгізген? Киелі Кітапта жазылмаған ол не қылған өзгеріс? Керісінше Иса Мәсіх «Мен заңды өзгерту үшін емес, оны орындау үшін келдім» демеп пе еді?

VI ғасырда папалық әлемде берік орын алды. Патшадай болғай қала оның орталығына айналды, ал барлық шіркеудің басы болып епископ тағайындалды. Пұтқа табынушылардың орнына папалық келді. «Айдаһар өзінің күшін, орнын және билігін жыртқышқа берді» (Аян13:2). Даниял пайғамбарының алдын ала айтып кеткеніндей және ашық кітаптағы жазылған жазу бойынша Рим католиктік шіркеуінің діни басшысының басқаруымен 1260 жылға созылған қуғын-сүргін басталды. Мәсіхшілер екі шешімнің алдында тұрды, бірі - діни басшының дегенін орындау, оның ілімін қабылдау, екіншісі - зынданға түсу, азап шегу, отқа жану. Сонда Мәсіх Исаның айтқаны орындалды: «Ата-аналарың, ағайындарың, туғантуысқандарың, жора-жолдастарың сендерді сатып жібереді. Менің атым үшін азап шегесіңдер, кей біреулеріңді өлтіреді» делінген (Лұқа 21:16-17). Барлық әлем соғыс алаңына айналып, мәсіхшілер аяусыз қуғын-сүргінге ұшырады. Бірнеше ғасырлар бойы шіркеу тау-тасты, шел даланы мекен етті. «Әйел шел далаға қашып, 1260 күн бойы, Құдайдың оған дайындаған жерінде қоректенеді» (Аян 12:6) дейді пайғамбар.

Рим басшылығының билік жүргізген кезінен бастап ортағасырлық түнек басталды. Ал бұл билік орныкқан сайын, түнек қоюлана түсті. Ақиқаттың негізі болып саналатын Мәсіх Исаға деген сенім, римнің діни басшысына деген сеніммен алмастырылды. Күнәмізді кешіріп, құтқарып қалатын Құдайға сыйынғанның орнына, олар римнің дін әкесіне сыйынды. Ол - Құдай мен адамның арасын жалғастырушы, онсыз ешкім Құдайға жақындай алмайды, сол себепті барлығы оған бағынуға тиісті - деп үйретілді. Бұл оқуды мойындамағандарды Рим шіркеуі кінәлі деп есептеп, ауыр соққыға жықты. Осылайша адамдар алданып, Құдайға қарағанның орнына қатыгез, күнәкар пендеге қарады. Дәлдеп айтқанда, қатыгез адамдар арқылы жұмыс жасаған қара күштің иесіне бағынды. Шынайылықтың атын жамылып, күнә өз ісін жалғастыра берді. Адамдар Киелі Кітапты жауып тастап, онымен санасуды қойғанда, олардан не болса соны күтуге болады. Адамзат Құдай заңын ұмытып, адамның шығарған заңы мен өздерінің салт-дәстүрлерін дәс көтерген сайын, қоғам шіріген жұмыртқадай бүліне бастады.

Бұл шіркеу үшін қауіпті күндер еді. Шындықтың туын көтеруге азайып кетті. Сенімді куәгерлер әлі де болғанымен, ада-сушылық билеп төстеп, шынайы шындық жоғалып кетуге тақады. Ізгі хабар адамдардан тартылып алынып, неше түрлі діни ілімдер көбейген сайын халық қатыгез тапаптардан қалжырады.

Шіркеу жұртқа римнің дін әкесіне сыйыну керектігі үйретіліп қана қоймай, жасаған күнәларына кешірімді де одан сатып алуды әдетке айналдыртты. Күнәсына кешірім алам деп ұзақ сапар шегу, жаза тарту, киелілерге бас иу, қара жұмыс істеу, шіркеуге көбірек садақа беру - осының бөрі Құдайдың қаңарын жеңілдету үшін адам бала-сынан талап етілді. Шын мәнінде Құдай адамның күнәсін сыйлық үшін кешірмейді. Ақша беріп адамның ғана көңілін аулауға болады. Құдайдың кешірімін ешкім сатып ала алмайды. Заңсыз әрекеттеріне қарамай Рим шіркеуі гүлденген үстіне гүлдене түсті. Жетінші ғасырдың аяғында дін әкесін жақтаушылар «алғашқы ғасырларда да Рим басшылығы осындай рухани билікке ие болған» деген сөз шығарды. Өз сөздеріне дәлел ретінде жасанды ежелгі қолжазбаларды көрсетті. Халық болса бұл өтірікті де құмға сіңген судай сімірді.

Осыған байланысты сан жағынан аз қалған мәсіхшілердің алдында көптеген қиындықтар пайда болып, олардың жұмыс істеуіне кедергі жасалды. (1 Қор. 3:10, 11). «Шаршадық, бұдан былай жұмыс істейтін шамамыз жоқ, тасып жатырмыз, тасып жатырмыз, қоқыстың бітетін түрі жоқ, әрі қарай қалауға әліміз келмейді» (Нех. 4:10,14). деген Нехемияның кезіндегі Иерусалимнің құрылысшылары секілді пәле жапқаннан, қуғын-сүргіннен, шегі жоқ шайқастан, тозығы жеткен киім секілді әбден шаршаған «сенімді құрылысшылар» өз өмірлерін сақтап қалу үшін, бәрін тастап бет бетімен тарап кетті. Ал енді біреулері болса, керісінше: «Қорықпандар, Құдайды ұмытпаңдар, Ол бізбен бірге» - деп, найзаларын белдеріне бекем байлап, әрі қарай өз істерін жалғастырды (Еф.6:17).

Әрбір ғасырларда да Құдайдың жаулары, Оның ізбасарларына қарсы орасан зор күшпен соққы келтірген. «Сендерге айтамын. Қам жасамай қалмаңдар, дайын болыңдар! (Марқа 13:37) деген Исаның сөзі тек сол кездегі оқушыларына ғана айтылған сөз емес, барлық адамзат баласы үшін айтылған сөз.

Түнек қоюлана түскендей болды. Пұтқа табынушылар жер жердің бәріне тарады. Бірінші орынға ешбір мағынасы жоқ ырым-жырым шықты. Неше түрлі салт-дәстүрлер бойларын билеп алғаны соншалықты, халықтың ойлау жүйесі жарақаттанды. Дін мұғалімдері бұзылғандыққа ұшырады. Сонда қалғандарынан не күтуге болады? Күнөға батқан үстіне бата түсіп, XI -ші ғасырдағы Рим католиктік

шіркеуінің діни басшысы Григорий VII Рим шіркеуін «киелі» деп жариялады. Бұл хабарда: «Киелі Кітап бойынша шіркеу ешқашан адасқан емес, адаспайды да» делінген. Бірақ Киелі Жазбада ондай мәтін жоқ. Дін әкесі: «мен ғана басқалардың шешімдерін өзгерте аламын, ал менің шешімімді ешкімде өзгерте алмайды» деп, қол астындағылардан осыны жария етуді талап етті. Оның жыртқыш мінезі Германияның императоры Генрих IV жанжалдасқан кезінде жақсы көрінді. «Дін әкесіне бағынбаймын» деген бұл басшы орнынан айрылып, шіркеуден қуылды. Өзінің жалғыз қалғандығынан және дін әкесінің айдап салуымен әрекет жасаған әзәзілдерден қорыққан Генрих Риммен татуласуға тура келетінін түсінді. Дін әкесіне бағынатындығының дәлелі ретінде ол әйелі мен сенімді қызметшісін ерітіп, қыс ішінде, жаяулатып Альпа асуынан өтіп оның алдына келеді. Ол келгеннен кейін «айдаһардың» нөкерлері оған жолсеріктерін тастатқызып, сарай алдына әкеліп тұрғызып қояды. Қыстың күні жалаң аяқ, жалаң бас, тозығы жеткен киіммен үш күн бойы аштан аш жалынып тұрғаннан кейін ғана дін әкесі оны қабылдап, «бұдан былай император менің келісіміммен ғана жұмыс жасайды» деп құлақтандырады. Осылайша «адуынды патшаларды сабасына түсіріп отыру тікелей міндетім» деп есептейтін Григорий VII өзінің жеңісін тойлады. «Кімде-кім сендердің араларыңда алдыңғы болғысы келсе, сол басқаларының қызметшісі болсын» (Матай 20:27) деп оқытқан, бақыт пен кеңшілік беретін, әрбір күнокар пенденің жүрегінің есігін қағып тұратын, момын да, жайбырақат мінезді Иса Мәсіх мен көкірегі көкті тіреп тұрған дін әкесінің арасындағы айырмашылық қандай десеңізші!

Соңғы ғасырларда Рим діндарларынан тараған ілім шындықтың сызығын мүлдем қисайтып жіберді. Дін әкелігі пайда болмастан бұрын құдайсыздардың пәлсапасы жұрттың көңілін өзіне аударып, шіркеуге кері әсерін тигізді. «Құдай жолында жүрміз» деушілердің көпшілігі олардың пәлсапасын жөн деп санап, оны өздері ғана оқып қоймай, басқалардың да соны оқып, берік ұстануын талап етті. Сөйтіп шынайы иманға адасушылық енді. Оның ішіндегі ең бастысы: «адамның жаны өлмейді және оның санасы өлгеннен кейін де жұмыс істейді» - дегендей жалған пікірлер болды. Осыны негізге ала отырып Рим: «киелілер күнәкарлардың күнәсін босата алады және Мәриям қызды тәңір тұтқызып, оған табынуға болады» деп шығарды. Олардың имандарының бір бөлігі ретінде қалыптасқан мәңгілік дозақ туралы пікір де осыдан кейін пайда болған.

Сөйтіп Рим сенімшіл де, ырымшыл тобырға «тазартқыштан өтесіңдер» деген жалған пікірлерін ұсынып, соған оларды сендірген. Тазартқышты олар: «Өлім жазасын кесуге келмейтін, жартылай ғана

кінәлі адамдардың жаны барып түсіп, елегіштен өтіп, тазарып, киелі болып шығатын жер»деп түсіндірді. Сонан соң олардың айтуынша адамның жаны жұмаққа барады. Ендігі жерде Римге жетіспей тұрғаны, жұрттың кемшіліктерін пайдаланып, оларды қорқытып ұстау еді. Бұл - индульгенция жайлы ілім болатын. Егер кім де кім дін әкесінің иелік ететінін жерлерін кеңейтуге байланысты жүргізілген соғыстарға қатынасатын болса немесе дін әкесіне қарсы шыққандардың көздерін жою жолындағы қантегіске қатынасатын болса, онда дін әкесі олардың өтіп кеткен, нақтылы кездегі және болашақтағы жасайтын күнөләрін кешіруге сөз берген. Халық арасына шіркеуге ақша төлесендер барлық күнөлараыңнан арыласыңдар, өздеріңмен бірге дозақ отына түскен жора-жолдастарыңды да құтқарасыңдар, деген жалған ілімді таратқан. Өз уақытында басында баспанасы да болмаған Біреудің өкілдері саналатын бейшаралардың қаражаттарының арқасында Римнің діни билеушілері байыған үстіне бай түсіп, ойларына келгендерін істеп, бұзақылық әрекеттерін жалғастыра берген.

Құдай өсиет етіп қалдырған, Оның құрбандығын еске алатын ас, пұтқа құрбан шалумен алмастырылды. Папалық діндарлар еш мағынасы жоқ салтдәстүрлер арқылы жай нан мен шарапты «Мәсіхтың шынайы денесі мен қанына» айналдырмақ болып үміттенді. Олар тәкаппар түрде Алланың шығармашылық күшін өздеріне тартып алды. Ал мәсіхшілерді өлім жазасымен қорқыта отырып, олардан бұл Құдайға қарсы терең адасушылыққа сену талап етілді. Бұдан бас тартқандардың көбі отқа тасталды.

XII ғасырда Рим папалығының ең қатыгез қаруларының бірі - инквизиция шықты. Олардың құпия түрде өткен жиындарына ібіліс бірге қатысып, сана сезімдерін баурап алып, зұлымдыққа итермеледі. Бірақ кәпірлердің адам жанын түршіктіретін қатыгез әрекеттерін Құдайдың көзге көрінбейтін періштелері жазып отырды. Миллиондаған жаны күйзеліске ұшыраған адамдардың жан дауысы Аллаға жетпей қойған жоқ.

Рим папалығы өлемге құбыжық болып керінді. Одан қорықпайтын адам қалмады. Императорлар мен патшалар Рим папасының әміріне бағынды. Кез келген пенденің тағдыры оның қолында тұрғандай болып көрінді. Ғасырлар бойы барлығы Рим папасының әмірін мүлтіксіз орындады. Римнің діни басшыларының атағы жер жарып, пітір-садақалар Рим қазынасына құйылып жатты. Римнің дінге енгізген жалған ғұрыптарын халық бар ниетімен орындап отырды. Мұншалықты ұлы атақпен, ұлы күшке Рим бұрын соңды ие болып көрген емес еді.

Рим папасы үшін күн нұрындай болып шашыраған жарық, әлем үшін қара түнекпен бірдей болды. Ежелгі кездегі парызшылар секілді Рим папалығының діни басшылары өздерінің күнөлөрін әшкерелейтін кез келген ілімді жек көрді. Тазалық пен пәктіктің айнасы болып саналатын Құдай заңын ысырып тастап, зұлымдықты өздеріне қорған қылды. Өтірік, зорлық-зомбылық, алдап-арбау кең етек алды. Билікке ие болғандар, байлығы асып тасығандар ештеңеден қорықпады. Папа мен прелаттардың салтанат сарайлары азғындықтың ордасына айналды. Кейбір дін иелерінің шектен тыс қатыгездіктерін көрген мемлекет басшылары оларды шіркеуден алыстатуға мәжбүр болды. Жүздеген жылдар бойы ғылым, білім, өнер, мәдениет жағынан Еуропа ешқандай жетістіктерге жете алмады. Дін сал ауруына ұшырады.

Бүтін әлем Римнің билігінде болды. Ошия пайғамбарының айтып кеткен сөзі орындалды. «Діни сауатсыздығы үшін халқым Менің қырғынға ұшырайды, Менің берген ілімімді қабылдамағаның үшін Мен де сені қабылдамаймын, Құдайыңның заңын ұмытқаның үшін Мен де сенің ұрпақтарыңды елеусіз қалдырамын». «Құдайды білуге ұмтылыс жоқ, мейірімділік пен шындық та жоқ. Жалған сөйлеу, өтірік ант беру, ұрлық жасау, кісі өлтіру кең етек жайды» (Ош. 4:6,1,2). Осының барлығы жұрттың Құдай сөзін аяқ асты қылғанының салдары.

Сенімін қорғаған вальдендіктер

Рим папасы билік құрған кесапат заманның өзінде шындықтың шырағы сөнген емес. Құдай заңын мүлтіксіз орындап, Оған шын жүректен сенген адамдар барлық ғасырларда да болған. Бірақ адамзат ешқашанда олардың еңбегін жеткілікті дәрежеде бағалай алмайды. Оларды «діннен тайғандар» деп жазғырып, жазған еңбектерінің мағынасын өзгертіп, кейбір еңбектерін тіпті жойып жіберген. Соған қарамастан олар өз сенімдерін келер ұрпаққа таза күйінде жеткізе білген.

Құдайдың қалаулы халқының тарихы періштелердің кітаптарында жақсы жазылған, ал адамдардың жылнамаларында олар жайлы әлсіз ғана аталып кеткен. Рим өзінің шығарған іліміне қарсы келетін кез келген жазбаны және сол жазбалардың иелерін жойып жіберуге бар күшін салған. Рим папасының догматтарына қарсы келгендер бай болсын, кедей болсын, атақты болсын, қарапайым болсын өлім жазасына ұсынылған. Ал қуғын-сүргінге ұшырағандардың өмірі жайлы кітаптар мен қолжазбаларды өртеп жіберуге бұйрық берілген. Ол кезде баспа деген болмағандықтан кітаптар аз шыққан, ал қолжазбалар Рим шіркеуінің құртып жіберуіне ыңғайлы болған.

Рим папалығының қол астындағы шіркеулер оның дегеніне көнген, бара-бара ол өз билігін басқада шіркеулерге жүргізген.

Ұлыбританияға дін ерте кезде-ақ енген. Алғашқы ғасырларда Ізгі хабарды қабылдаған британдықтар үшін дінге қатысты Римнің шығарған жаңа ілімі бос сөз болып көрінді. Шеткері жатқан Британия елінің шіркеулеріне жеткен қуғын-сүргін, оларға Алланың жіберген рақымының бір түрі еді. Ағылшын жерінен қашып шыққан

мәсіхшілер Шотландиядан, Ирландиядан пана тауып, осылайша Ізгі хабар жер жерге тарай бастады.

Британияны жаулап алған саксондықтар ол жерде ез ілімдерін таратып, ал өз құлдарынан бірдеңе үйренгенді өздеріне ұят санап, мәсіхшілерді қуғындай бастады. Мәсіхшілерге жерлерін тастап тау тасты, жазық даланы паналап кетулеріне тура келді. Дегенмен шындықтың шырағы сөнген жоқ. Бір ғасыр өтсе де оның жарығы Шотландияға, одан әрі шеткері жатқан мемлекеттерге жетті. Ирландиядан шыққан Колумба өзінің әріптестерімен бірге барлық мемлекеттерден Жаратқанның жолында жүргендерді Иона аралына жинап, ол жерді Құдай жолында қызмет ететін еңбек орталығына айналдырды. Сол адамдардың ішінен сенбі күнін сақтайтын адам шығып, ол арқылы сенбі туралы заң барлық халықтарға тарай бастады. Иона аралында мектеп ашылып, одан ілім алып шыққан ақиқатты уағыздаушылар тек Шотландия және Англияда ғана еңбектеніп қоймай, олардың үні Германия, Швейцария, тіпті Италия елдеріне де жетті. Осы мезетте Рим Британия еліне көңіл аударып, оны өз күшіне бағындырмақ болды. VI - шы ғасырда католиктер саксондықтарды өз діндеріне түсіру мақсатында жұмыс жүргізді. Бұл қанішерлер католиктерді жылы қарсы алып, арада кеп уақыт өтпей-ақ, олар Римнің дініне кіре бастады. Римдіктер және олардың дінін қабылдаған саксондықтар шынайы мәсіхшілермен жолыққанда, араларындағы айырмашылық жер мен көктей еді. Құдай сөзімен сусындаған мәсіхшілер момын, көмпіс болса, керісінше олардың қарсыластары ырымшыл, өркөкірек, қатыгез болатын. Римнің елшілері мәсіхшілердің папалыққа тұтастай бағынуын талап етті. Британдықтар, барлығымен тату-тәтті қарым - қатынаста болғылары келетінін айтып, дегенмен, олардың ілімі Құдай сөзіне қарама-қайшы келсе, ондай ілімді қабылдай алмайтындықтары туралы ниет білдірді. Рим оларды өз дегендеріне көндірмек болғанымен, олар айтқандарынан қайтпады. «Алладан басқа Құдай жоқ, біз тек Құдайдың дегенін орындаймыз»деп табжылмай тұрып алды. Осы кезде Рим папасының арам ниеті әшкереленді. Ол британдықтарға соғыс жариялады. «Біздің дегенімізге көніп өмір сүргілерің келмесе, өлесіндер»деп, ашық хабарлады. Бұл жай ғана айтыла салған сөз емес еді. Шынымен де, Рим қантөгіске дейін жетіп, ақыры көнгендерін өздеріне бағындырып, көнбегендерін өлтіріп құрты. Рим империясының қарамағына кірмейтін мемлекеттерде, көптеген жылдар бойы, папаның саясатына ешбір қатысы жоқ мәсіхшілер өмір сүрген. Жан жағындағы басқа діннің өкілдері оларды өз ырым - жырымдарына сендірмек болғанымен, олар үшін шынайы сенімнің

мөлшері болып Киелі Кітап табылатын. «Құдай заңына өзгеріс енгізуге ешкімнің де құқысы жоқ»деп, олар сенбі күні туралы заңды мүлтіксіз орындады. Мұндай шіркеулер Орталық Африкада, армяндар қоныстанған Азияда болды. Дегенмен, папаның үстемдігіне шешімді түрде қарсы шыққандардың ішінде, бірінші орында тұрғандар - вальдендіктер еді. Олар дәл папаның билік орнатып тұрған жерінде зұлымдық пен өтірікке қарсы жақсы тойтарыс жасады. Көптеген ғасырлар бойы тәуелсіз болып келген Пьемонттағы шіркеулерді де кейін Рим өз билігіне бағындырды. Тұтас дүние жүзін бағындырған сияқтанған Рим диктатына қарсы сәтсіз шабуылдан кейін, бұл шіркеулер Рим билігін амалсыз мойындады. Айтқанмен, оның дегенін орындаудан бас тартқандар да болды. Олар Құдайға адал болып қалуды ойлап, өз сенімдерінің тазалығын қорғады. Шіркеудегілердің арасына жік түсіп, бөлінуге тура келді. Ежелгі дінді жақтаушылар сейіліп тарап кетті. Кейбіреулері туған Альпасын тастап, баска мемлекеттерде ақиқаттың туын орнатты. Енді біреулері даланы, тау-тасты, уңгірлерді паналап Құдайға еркін құлшылық жасады.

Вальдендіктердің сенімі мен Рим доктриналарының арасында үлкен қарамақайшылық болды. Барлық әлемнен алыстатылып бөлек қалған, жер өңдеп, мал асырап, қарапайым үйлерде тұрып жатқан бұл еңбекші халықтың діні айдаладан алынған емес, Құдай сөзіне негізделген еді. Олардың сенімі - бабаларының артына қалдырған мұрасы, «бір кездері тақуаларға берілген сенімді» олар белдеріне бекем буған болатын (Яхуда 3). Жапан түзде жалғыз тұрған бұл шіркеу - Исаның ізбасарларының, Оның қалдырған ілімін әрі қарай халыққа таратушылардың біріккен тобы еді. Бұл шіркеудің Римнен бөлініп кетуінің басты себебі, заңның төртінші бабының, яғни сенбінің орындалмауы. Пайғамбарлардың айтуы бойынша ақиқат тұрғысынан бақылайтын болсақ, Рим папалығы шындықты бүкпелеп, жерге енгізген екен. Құдай заңы аяқ асты етіліп, адамның шығарған заңы қошеметтелді. Папаның қол астына қарап тұрған шіркеулер онымен жексенбі күнін сақтауға мәжбүрленді. Толып кеткен неше түрлі ырым - жырымдардан басы айналған халық, сенбі күніне қоса жексенбі күні де еңбектерін хастап дем алған. Мұны қанағат тұтпаған Рим папалығы киелі сенбі күнін сақтауға тыйым салып, бұл күні халыққа жұмыс істетіп, «тек жексенбі күні ғана Құдайға табынасыңдар»деп бұйрық берген. Рим папалығынан алыста, қуғын-сүргінде жүрген халықтың ғана Құдай заңын орындауға мүмкіндігі болды.

Реформациядан жүздеген жылдар бұрын Еуропада бірінші болып Киелі Кітапты өз тілдеріне аударып оқи бастаған осы вальдендіктер еді. Олардың қолдарында Алланың сөзі, ақиқаттың айғағы - Киелі

Кітап болғандықтан, оны жақсы зерттеген вальдендіктер, аянда суреттелгендей Римді ақиқаттан шегінген Бабыл деп жариялап, сол үшін оларға жек көрінішті болып, қуғын-сүргінге ұшыраған. Ұзаққа созылып кеткен бұл қиындыққа шыдамаған кейбір мәсіхшілер Римнің дегеніне бағынған, ал енді біреулері Құдай заңынан бас тартпаған - бұлар күңгірт ғасырларда сенбі күнінің киелілігін дәлелдеп, оны сақтаған вальдендіктер болатын. Олар - Құдай заңының пәктігін және өз сенімдерін қанымен дәлелдеген, найзаның ұшына ілігіп, инквизицияның отына өртенген ары таза азаматтар еді.

Барлық ғасырларда да қуғын-сүргінге ұшырағандардың панасы болған биік шыңдардың арғы жағы вальдендіктердің де бас паналайтын жеріне айналды. Сол арадан шыққан ақиқаттың жарқыраған шамшырағы басып тұрған түнекті сейілтті. Бүтіндей мың жыл бойы ақиқаттың куәгерлері өз сенімдерін сақтай білді.

Құдай бұларға, қолдарына сеніп тапсырылған шындыққа сәйкес келетіндей, ғибадатхана әзірлеп қойды. Бұл сергелдеңнің құрбаны болған адал жандарға мынау шыңдар Алланың пәктігінің белгісіндей көрінді, Құдай сөзінің де, Өзінің де өзгермейтіндігі жайлы хабарлап тұрғандай болатын. Бұл шыңдарды Алланың күшінен басқа ештеңе орнынан қозғалта алмайды. Дәл солай Алла Өз заңын да бекем етіп бекіткен, Оның заңы жердің де, көктің де тірегі болып табылады. Осы тәлімді олар өз баларының да бойларына сіңіре білген. Адам тек біреуді өлтіруге ғана қолы жете алады, ал Құдай заңын өзгертуге, Оның еркін орындауға ұмтылыс жасайтындарға арнайы берілген өсиетті өзгертуге ешкімнің де әлі келмейді. Осынау таулар қаншалықты мықты болса, Құдайдың парызын орындаушылар да соншалықты мықты болулары керек. Бұл адамдар үшін осы таулар да, оны қоршап тұрған далалар да Алланың күші мен Оның берген уәдесінің куәгерлеріндей болатын, сол себепті бұл қарапайым халық осынау үнсіз рәміздерді жақсы көрді. Олар өздерінің соншалықты қиын өмірлеріне шағым жасаған емес, керісінше халықтың қатыгездігі мен назасынан қорғағаны үшін Аллаға шүкіршілік айтқан. Құдайға еркін мінәжат жасай алатындай мүмкіншілік пайда болғанына қатты қуанған. Жауларынан қашын тығылған кезде бұл ұлы таулар оларға пана болды. Шыңның жоғарғы жағынан Алланың есімін мадақтап жатқан әндері естілгенімен, Рим сарбаздарының олардың дауыстарын өшіруге әлі келмеді. Бұл - Исаның ізбасарларының жандары таза, сенімдері пәк, жүректері оттай лаулап тұрды. Олардың шындықты қорғағаны соншалықты, оны өздерінің үйлерінен, жерлерінен, туғандарынан, тіпті өздерінің жандарынан да жоғары қоятын. Ақиқат болашақ ұрпақтың жүректерінде таңба салғандай жазышып қалуы

үшін олар аянбай қызмет етті, жастарға Құдай заңын құрметтеуді үйретті. Киелі Кітап қолжазбалары аз болғандықтан, көпшілік қауым бұл бағалы жазбаларды жадында сақтап, жатқа айтты. Күнделікті өмірдегі Құдайдың оларға беріп тұрған мейірімі және соны дәлелдеп тұрған табиғаттың сұлу көріністері олардың Аллаға деген сенімдерін шыңдай түсті. Бұл момын жандар өздерінің балаларына кішкентай кезінен бастап Құдайға құрметпен қарауды үйреткен. Атааналары оларды бала кезінен өмірдің ыстық - суығына төзетін қылып тәрбиеледі. Жанкештілік, парасаттылық, кішіпейілділік, адалдық секілді қасиеттерді бойпа-рына сіңірді. Ерте кездің өзінде-ақ олар ата-аналарын тыңдауды, байқап сөйлеуді үйренді, жауапкершілік дегеннің не екенін білді. Байқаусызда айтылған бір сөз, тек сол сөзді айтқан адамның өзінің ғана емес, оның бауырларының да өмірлеріне қауіп төндіретін, өйткені дін бостандығын қорғаушылардың жаулары оларды жемтік аңдыған қасқырдай аңдып отырды.

Вальдендіктер шындық жолында көп қасірет шекті, бір үзім нан тауып жеу үшін маңдай терін төгіп еңбектенді. Олар тау мен тастың арасындағы алақандай жерлерді өндеп, ақыры еңбектері жанып, құнарсыз жерлер өнім бере бастады. Олардың балаларының алған бар еншісі - тәрбиенің бір бөлігі болып саналатын - тапшылық пен үнемділік. Өмір мектебінен алып шыққан білімдері - имандылық, жақынына қамқорлық жасау, алды-артын бақылау, еңбектену. Бұл адамды қажытатын еңбек, десе де адамды адам ететін тәрбиенің басты бөлігі. Үлкендер жастарды ауыр жұмыстан, жоқшылықтан қорықпауға, сонымен қатар Құдайдың адамға беретін сыйын бағалай білуге және берілген қасиеттерді әрі қарай толықтырып отыру керектігін мойындатып тәрбиелеген, Құдай жолында қызмет етуге талпындырған.

Вальдендіктердің шіркеулері қарапайымдылығы мен тазалығы жағынан ұлы елшілердің кезіндегі ғибадатханаларға ұқсас болған. Киелі Кітапты басшылыққа ала отырып, олар халыққа қызмет еткен. Менменшіл, тәкәппар жандардан бөлініп кеткен бұлар әсем ғимараттарда емес, тау бектерлерінде, ал қауіпті кездерде үңгірлерде Құдайдың адал қызметкерлерінен ілім алған. Дін ұстаздары тек Ізгі хабарды ғана уағыздап қоймай, ауырып қалған адамдардың көңілдерін біліп, балаларға тәрбие беріп, Құдай жолынан тайғандарға көмек жасап, қику - тартыс кезінде билік жүргізіп, халықты бірлестіруге, ынтымақтастыруға қызмет еткен. Тыныштау замандарда олар садақа - нәзірге күн көрсе, киыншылық уақыттарда, кезінде қос жасап тамағын тапқан елші Пауыл секілді, өз күндерін көру үшін бір-бір мамандыққа ие болуға тырысқан.

Жастарды діни мұғалімдер оқытқан. Жалпы білім беруге көп көңіл бөлінгенімен, негізгі сабақ ретінде Киелі Кітап талқыланған. Матай және Жохан жазған Ізгі хабарларды басқа да көптеген жазбалар секілді жұрт жаттап алып, айтып жүрген. Сондай-ақ Киелі Кітапты бірінен бірі кешіріп алып, таратумен де айналысқан. Құдай сөзі осылайша бірден бірге тараған. Қараңғы үңгірлерде әлсіз майшамның жарығымен бұл адамдар бір сөз, екі сөз ғана емес, бүтін тарауларды көшіріп жазып, түнекті сейілтетін шындықтың шырағын жарқыратқан. Оларға Алла жар болып, Құдайдың көрінбейтін періштелері желеп-жебеп отырған.

Шайтан Құдай сөзін қаншалықты қоқысқа көмгісі келгенімен, күңгірт ғасырлардың өзінде Киелі Кітап жойылып кетуден сақталып қалды. Кейбіреулер Киелі Кітаптың мағынасын өзгеше түсіндіріп, оған өзгерістер енгізгісі келген, дегенмен олардың балтасы тасқа шабылып дегендері орындалмады, себебі бұл кітаптың авторы - Жаратушы Құдай Ие. Шынында оның мағынасын түсіну оңай емес. Дегенмен, кім шын ниетімен Жазудың мағынасын ұққысы келсе, соның тілегін тілесе, ондай адам Киелі Рухтың жетелеуімен бұл Кітапта ашылған ақиқатты құмға сіңген судай сіміре алады. Құдайдың қалауы бойынша Киелі Жазбаны біз өмір бойы оқып, одан тәлім тәрбие алып отыруымыз керек, өйткені Құдай мен адамның арасындағы қарым-қатынастың құралы болып Киелі Кітап табылады.

Құдайдан қорқу - даналықтың басы екенін вальдендіктер жақсы білгенімен, бұл дүниемен қарым-қатынас жасау ой-өрістерінің кеңеюіне қажетті екенін де жақсы білді. Мектепті тау ішінде тамамдаған жастар Францияның, Италияның оқу орындарына жіберілді, бұл жерлерде олардың санасы мен жан дүниесінің өркендеуіне үлкен мүмкіншіліктер ашылды. Олар зорлық-зомбылық, кулықсұмдық, өтірік тағы да басқа әзәзілдің неше түрлі әрекеттерімен танысты. Бала кездерінде алған тәрбиелері оларға осы қиыншылықтарға шыдауға көмектесті.

Жас кездерінен өздеріне артылған міндеттерге жауапкершілікпен қарап үйренген олар, киімдерінің әрбір жерлеріне тығып ұстап жүрген, Құдай сөзі жазылған парақтарды, Аллаға беті бұрылып келе жатыр-ау дегендердің қалталарына салып жіберіп, осылайша Құдай сөзі бірден бірге тараған. Сол оқу орындарында кептеген жастар осылайша Алланы шын ниетімен қабылдап, Оның сөзіне иланды. Папаның қолбасшылары жағдайды барынша бақылап отырғандарымен бұл «ілімнің» қалайша тарап кеткенін ұға алмай әуреге түсті.

Шындығында Мәсіхтің рухы — елшілік рух. Ақиқатты танып білген жандар өзгелерді де Құтқарушыларымен таныстыруға ұмтылады. Вальдендің мәсіхшілердің бойында да дәл осындай рух болды. Өздері естіп, біліп қана қоймай, Ізгі хабарды баршылыққа таратып,

күнәларынан арылтып, құтқарылудың жолын көрсету вальдендіктердің негізгі мақсаты еді. Шындықты таза күйінде сақтап, оның шырағын түнекте отырғандарға жеткізу міндет екенін олар жақсы білетін. Құдай сезін тарату арқылы олар халықты Рим шіркеуінің құлдығынан босатқысы келді. Вальдендік қызметкерлер елшілер секілді тәрбиеленді. Құдай егістігінде қызмет еткісі келгендерге Ізгі хабарды жеткізе алатындай тәжірибе қажет болатын. Сол себепті өз жерлеріндегі шіркеулерге жетекшілік ете алулары үшін олар әуелі өзгс жерлерде үш жыл бойы сол бағытта тәлім алулары керек болды. Осы қажырлы еңбекке бата беріліп аттандырылған жастар, оларды күтіп тұрғаны рахат пен атақ емес, керісінше жолдарында жокшылық пен тапшылық, қауіп пен қатер, азап пен қаза бар екенін жақсы түсінетін. Бұл жолға ақиқаттың хабаршылары екі-екіден аттандырылды және олардың жандарына орта шамадағы егде жасқа жетіп қалған бір адам қосылып берілді. Жастар үлкендеріне бағынып, оның тапсырмасын орындап отырса, керісінше үлкендері жас достарына қамқоршы болды. Бұлар үнемі бірге жүрген жоқ, кей кездері бөлек-бөлек кетіп мінәжат етер кезде ғана бастары қосылып бір бірінің еңсесін көтеріп, Құдайға деген сенімдерін шыңдай түскен.

Егер олар өз мойындарына артылған тапсырманы ашық жарияласа, міндетті түрде жеңіліске ұшырайтын еді, сондықтан айтулы елшілер қандай тапсырмамен жүргендерін ешкімге білдіртпей құпия түрде қызмет етті. Олардың әр қайсысы әр түрлі кәсіпке ие болғандықтан, бұл хабаршылардың қандай жұмыспен айналысып жүргенін ешкім бақылай алмаған. Ақиқатты уағыздаушылардың көпшілігі саудамен айналысып, адамдарға алтын мен алмастан да артық қазынаны сыйлаған. Киелі Кітаптың қолжазбаларын жартылай немесе тұтас күйінде жасырын түрде ұстап жүріп, реті келген жерлерде оны адамдарға оқып беріп, ал шын қызыққандарына қолжазбаларды сыйға тартқан. Бастапқы кезде бұл хабаршылар маңындағылармен жұмыс істесе, кейін олардың еңбектенетін жерлерінің шекарасы кеңейді. Үсті бастарын шаң басқан, жалаң аяқ жолаушылар жер жерге жүріп отырып, шеткері жатқан мемлекеттерге дейін жетіп, Құдай сөзінің тұқымын барлық жерлерге еккен. Олар жолдарында азап пен қаза барына көңіл аудармай, Құдайға адал қызмет етуге тырысқан. Қиямет күні бұл ақиқаттың қарлығаштары еңбектерінің жемісін көретін болады. Осылайша Құдай сөзі ел елге құпия түрде тарап, халықтың жүрегіне ұялаған. Киелі Кітапты зерттей отыра вальдендіктер ежелгі уақыттағы Құдайдың адамдармен жасаған қарым-қатынасын айқын көрген және нақтылы кездегі де өздерінің мақсаттарын дұрыс ұққан, сондайақ болашақта

да адамзаттың жолында қандай қатер барын білген, оның соңы даңқпен аяқталатынын да түсінген. Олар қиямет күнінің жақын екеніне сенген, Киелі Кітапты мінәжат ете және көз жастарына тұншыға отыра зерттеп, ондағы ақиқаттарды бойларына сіңірген сайын, өзгелермен де сол қазынамен бөліскілері келді. Вальдендіктер Киелі Кітапты жақсы түсінгендіктен, Құдайдың адамзатты құтқару жолындағы жоспарының маңызды екенін жақсы білген және сол білімдері оларға тыныштық пен үміт сыйлаған.

Олардың басты мақсаты Рим папасы және оның қарамағындағы діни оқытушылардың жалған ілімін әшкерелеу еді. Себебі өздерінің күнәсін түсінген халық діндарлардың насихаттауы бойынша жандары мен тәндерін азапқа салып, кейбіреулері достарын тастап монастырға кетіп, енді біреулері өздерінің арын тазарғу үшін аштық жариялап, түнде суық жерлерге жатып астарынан сыз өткізіп, «киелі жерлерге» саяхат жасап, өздеріне өздері неше түрлі қорлықты ойлап тауып, Құдайдың алдында тазарудың қамын ойлаған. Осының барлығы босқа жасалатын әрекет екенін олар түсінбеген. Күнәлары жандарын жегідей жеген кезде, «Құдайдың қарғысынан» қорыққан көпшілік жандар өздерін азапқа сала - сала, ақ қараны айыруға шамалары келмей, үміттері үзіліп, көрге түсіп тыным тапқан.

Вальдендіктер мейірімді Құдайдың асыл сөздерін осындай көкірегі соқыр болған жандарға жеткізуді аңсаған және сол үшін аянбай қызмет еткен. Біреуге жақсылық жасай салып, «күнәмнен арылдым» дейтін жандар өздерін өздері алдайды. Құдай алдында өз қатеңді шын ниетіңмен мойындасаң, Одан кешірім сұрасаң және Оның сен үшін құрбан болғанына сеніп, осы құрбандықты қабылдасаң ғана күнәдан арыласың. Өз жанын азапқа салу, жақсылық жасау арқылы төлем беру немесе ақша телеп (индальгенция) күнәдан арылу мүмкін емес. Бұл түбегейлі қате ілім. Өліп қайра тірілген Исаның адамзатқа сіңірген еңбегі мәсіхшілердің сенімінің негізі болып есептеледі. Адам өз ағзасымен қандай тығыз байланыста болса, Исамен де сондай тығыз байланыста болуы керек.

Папаның діни ұстаздары халықты Құдай мен Мәсіхті қатігез және ашулы қылып қабылдайтындай жағдайға жеткізіп, адамдар мен Құдайдың арасында байланыстырушы ретінде киелі әке және әулиелер тұруы керек деп үйретті. Ал көкіректері Құдай сөзімен нұрланған жандар сол адамдарға Исаның мейірімді, жүрегі сүйіспеншілікке толы, күнәкарларға қолын созып, мұң-мұқтаждарымен тек Оған ғана келуін өтініп тұратын Құтқарушы екенін түсіндіруге ұмтылды. Ақиқатты уағыздаушылар сол кісілердің Мәсіхке келетін жолына шайтанның қоятын кедергісін алып тастауға тырысты.

Ал вальдендік елші болса жұртпен Ізгі хабардың ақиқаттармен тамаша түрде бөлісе білді. Киелі Жазбадан жазылып алынған тарауларды тыңдаушыларына дайындар кезде ол өте байқаулы болды. Құдайды тек өш алатын тергеуші деп қана танитын жаны жаралы адамдарға үміт сыйлауды ол өзіне бақыт санады. Күнәкардың жалғыз ғана үміті туралы бауырларымен бөлісер кезде, ғаламның Иесінің алдында жиі тізе бүгіп, мінәжат етер алдында оның көзі жасқа толып, еріндері дірілдеп, қатты қобалжыды. Сондай шақтарда жандары түнекке оранған адамдардың жан дүниесін ақиқаттың шырағы нұрландырды. Тыңдаушыларының өтініші бойынша Киелі Жазбаның кейбір жерлерін ол бірнеше қайталап оқып отырған, сөйтіп ақиқатқа олардың көздерін толық жеткізуге тырысқан. Әсіресе: «Тек Исаның төгілген қаны бізді барлық күнәларымыздан босатады». «Мұса пайғамбар айдалада мыс жыланды жоғарыға көтеріп қойғанындай, көктен келген Билеуші де көтеріліп қойылуға тиісті. Сонда ғана Оған сенуші әркім мәңгілік өмірге ие болады» (1 Жох. 1:7, Жох. 3:14,15) - деген жерлерді жиі уағыздаған.

Енді олар Римнің жалған ілімдерінен бас тартып, Құдай туралы шындықты бар ниеттерімен қарсы алды. «Иса Мәсіх біз үшін құрбан болды, Ол біздің Иеміз, ендеше біз Оның алдына кез келген мүдделерімізбен бара аламыз» деген ой халықты қатты толғандырды, бұл жөнінде олардың қуаныштарында шек болмады. Олар көмектің жалғыз ғана кезі - Исаға бой ұсынып: «Ал сенім артпай Құдайға ұнау мүмкін емес. Исадан басқа ешкім де бізді құтқара алмайды. Аспан астында бізді құтқаратын ешкімнің есімі адамдарға бұйырмаған» - деп жиі қайталады. (Евр. 11:6, Елш. 4:12).

Әбден жаны азапқа түсіп, қажыпт шаршаған кейбір жандар, Алланың махаббатының шексіз екеніне көздері жеткенде өздерін жеңіл сезінгендері соншалықты, көкке көтерілгендей болды. Енді олар өздерін Құдайдың қолына тапсырып, ажалдан да қорықпайтындай өжеттілікке ие болып, Құдай жолында құрбан болуға да дайын екендіктерін көрсетті. Киелі Кітап көзге түспейтіндей таса жерлердің бәрінде кейде бір адамға, кейде бір топ адамға уағыздалып отырды. «Менің Құдайға керегім бар ма екен?» деп күдіктенген жандар: «Барлық қамыққандар мен шаршағандар Маған келіңдер, Мен сендерге тыныштық сыйлаймын» (Мат.11:28) деген Кітап сөзінен сұрақтарына жауап алды.

Алла, Оның алдына шын ниетімен келіп, бар ішкі дүниесін ақтарған жандарды кері қайтармайды. Бұл жанға жайлы хабарды естіген адамдардың жүректері қуанышқа бөленді, себебі күнәларына кешірім алу үшін енді «киелі жер» іздеп сабылудың қажеті жоқ еді.

Олар естіген хабарды маңайындағылардың бәріне таратып, осылайша шындық жер жердің бәріне жеткен, ал оны уағыздаушылар бір минут уақыттарын зая жібермей еңбектенген. Ешкім оларға «қайдан келдің?, қайда барасың?» деген сұрақтар қойған емес. Кейбіреулері оларды «көктен түскен періштелер ме екен?» деп те таң қалысқан. Бұл тыңдаушыларын нандыратын Алланың дауысы еді. Осы ақиқаттың қарлығаштарының кейбіреулерінің ғұмыры жүрген жерлерінде аяқталса, кейбіреулері қамауға алынып, түрменің ішінде жарық дүниемен қоштасқан, бірақ олардың өздері өлгендерімен айтып кеткен сөздері өлген жоқ. Айтылған сөз адамдардың жүректерінде өз ісін істеді, тек қиямет күні ғана біз сол еңбектің нәтижесін керетін боламыз. Бейнеттің міндетті түрде зейнеті болады. Алланың туын көтерушілердің қатары көбейді. Вальдендіктер ібілістің шекарасына шабуыл жасады. Егер халық Құдай туралы шындықты білсе, онда жалған істерімен ұсталынып тұрған Римнің абыройы айрандай төгілмек, сондықтан олар әрбір елшінің басқан ізін сақтықпен аңдып, жағдайды үнемі бақылап отырды. Егер ақиқат жарығы жерді нұрландырса, онда халықтарды орап тастаған адасушылық бұлтты сейіліп, адамдардың ойлары тек Жаратқан Иеге ғана бағытталатыны анық, ал мұның соңы Римнің жоғарғы билігінің құлауына әкеліп соқпақ.

Алғашқы шіркеудің таза сенімін сақтап қалған мұндай халықтың бар болғаны Римнің шегінушілігін дәлдеп корсетіп тұратын куәлік еді. Римнің оларды жек көріп, қуғындауының да басты себебі осы болатын. Айтулы адамдардың Киелі Жазбадан бас тартпағандары Римді қорлап гүрғанмен пара-пар бағаланды. Ал жүрек тазалығы мен шынайы сенімді қорғаған бұл қауым Римнің өкшесіне қадалған шөңгірмен бірдей болды, сол себепті Рим олардан біржола құтылудың жолын іздестірді. Құдайдың қалаулыларына қарсы қанды жорық басталды. Күллі жерлерде инквизиторлар жүріп, ежелгі уақыттағы Қабылдың Әбілге жасаған зұлымдығы сансыз рет қайталанып жатты. Римдіктер олардың жүрген жерлеріне топалаң орнатып, мекен жайларын бұзып, шұрайлы егістіктерін өртеп, жемтігін іздеген жыртқыштай шабуыл жасап, олардың қандарын судай ағызды. Құрбандарының төгілген қандарын, жан азабын көргенде папалықтардың өшпенділіктері өрши түсті. Жаулары сенім тазалығын сақтап қалған бұл куәгерлердің соңына түсіп, оларды жапан түзден де, орманнан да, таулы аймақтардан да іздеп, үнемі аңдумен болды. Бірақ бұл шамалы халықтың сенімдері мықты, мінездері мінсіз, жандары таза болатын, олардың әдепті екенін тіпті жаулары да мойындаған. Бұл жандардың бар кінәсі - Құдайға шынай құлшылық еткені,

сол себепті де олар шайтанның азғыруында жүрген арсыздардың ойлап шығарған қуғын-сүргіндерінің құрбаны болды.

Ақыры папа оларды есерсоқтар - деп жазғырып, олар өлім жазасына ұсынылсын деген заң шығарды. Бұларды ешкім жалқау, өнегесіз, бұзақы деп жазғыра алмады, есесіне оларға «халықты түзу жолдан тайдырушылар» деген кінә тағылды. Папа, ыңғайларына көнбеген жағдайда «улы жылан сияқтанған» осы тобыр қырылсын деп бұйырды. Сонда бұл өркөкірек меңгеруші: «Жақындарыңа жасаған істерің Маған жасағандарыңмен бірдей» (Мат. 25:40) деген Құдірет Иесінің сөзін ойына алды ма екен?

Айтуды булла бойынша «Кімде кім есерсоқтарды жоюға арналған қанды жорықтарға қатысса, оларға барлық күнәлары кешіріледі, кімге болса да берілген кез келген уәделерінен босатылады, заңсыз түрде пайдаланып жатқан мүліктеріне заң бойынша ие болуға құқық беріледі, ең болмағанда бір есерсоқты өлтірген жанның барлық күнесі жуышады» деген уәде беріліп және ол хабарландырылды. Вальдендіктердің пайдасы үшін бекітілген кез келген келісім шарт күшін жоятын болған. Оларды от басы мүшелерінен айырған, оларға қандай да көмек көрсетілуге тыйым салынған және олардың дүниесін тартып алуға кім болса да құқылы болған. Бұл құжат оның нақтылы шығармашысы жауыздығының куәсі. Әрине бұл Алланың үні емес, айдаһардың ақырған дауысы екені иманды адамға белгілі.

Папаның жетекшілері халықты Құдай заңына емес, ездерінің шығарған заңдарына бағындырып ұстағысы келді. Римнің еркі осы болатын. Ал Құдайға бағынушылардың өмірі трагедиямен аяқталып жатты. Азған, бұзақы дін қызметкерлері мен прелаттар шайтанның жұмысын жасаған. Олар мейірімділік дегенді білмеген. Мәсіхті айқышқа шегелеген, елшілерді өлтірген, кезінде қанішер Неронды мәсіхшілерге қарсы қойған рух Құдайдың сүйіктілерін құрту үшін әрекет жасады.

Кептеген ғасырлар бойы Алланың адал құлдары қатты қуғындалған. Қанды жорықтарға, аяусыз қантөгістерге қарамастан Жаратқанның адал перзенттері ақиқатты жер жерге тарата білген. Құдайдың сүйікті құлдарының қандары судай төгіліп жатқанымен, шындықтың туын көтерушілердің қатары азайған жоқ. Осылайша Алланың адал куәгерлері - вальдендіктер, Мартин Лютердің заманына дейін ғасырлар бойы еңбектенген. Бұл қажырлы халық Уикилфтің уақытында басталып Мартин Лютердің заманында кең етегін жайған Реформацияның тұқымын себушілер және бұл еңбек акыр заманға дейін Құдайдың қалдырған өсиетін келер ұрпаққа жеткізу жолында қызмет етуге, «Құдай Сөзі және Мәсіх үшін азап шегуге» дайын халық арқылы жалғасын таппақшы (Аян 1:9).

Түнектің сейілуі /1324-1384/

Реформация кезеңіне дейін Киелі Кітап өте аз данада шығарылған, бірақ Жаратушы Өзінің Сөзінің құрып кетуіне жол бермеді. Оның ақиқаттары жабулы қалпында қала алмады. Тәңір кезінде Өз ізбасарларын қамаудан шығару үшін зынданның темір қақпаларын еш қиындықсыз ашқанындай өмір сөзінің бұғауларын да оңай ағытатын еді. Алланың айтқан сөзі таралмай қалуы мүмкін емес болды. Әрбір мемлекеттерде Киелі Рухпен шабыттанған халық ақиқатты тығулы жатқан қазынадай іздеді. Киелі Кітапты ден қойып оқып, әрбір сөздің мағынасына көңіл аудара отырып зерттеді. Олар Киелі Жазбаны түгел игеріп алмағанымен, бұрын түсініксіз болған жерлерін кейін ұға бастады. Енді олар адасушылықтың кісенін ағытып, ырым - жырымға жол бермей, өз білімдерін басқаларға таратып, оларды өз бостандықтарын қорғауға шақырды.

Көптеген ғасырлар бойы Киелі Кітапты оқуға тек білімділердің ғана мүмкіншілігі болған, қарапайым халықтардың ішінен мұндай мүмкіншілікке ие болғаны тек вальдендіктер еді. Киелі Кітап басқа халықтардың тілдеріне аударылып, оны жұрт өз тілдерінде оқи бастаған кезде түнек сейіліп күн сәулесі көрінетін заман басталды.

XIVші ғасырда Англияда «Реформация таңы өз шұғыласын шашты». Джон Уиклиф тек қана ағылшын елінде ғана емес, барлық Құдайға сенуші қауымдардың арасындағы реформаның хабаршысы болды. Оның Римге қарсы айтқан сөзі барлық халықтарды дүр сілкіндіріп, бостандыққа қарсы күреске құлшындырды.

Уиклиф кезінде зайырлы білім алған. Ол үшін Құдайдан қорқу - даналықтың басы болып табылатын. Оның білімге деген

құштарлығының зор болғаны соншалықты, ол ғылымның барлық салаларымен танысуға тырысты. Фэлсафаны* жақсы білгендігі оны адасушылықтан қорғаса, азаматтық және діни құқықты зерттеу, оны діни бостандыққа қарсы күреске әзірледі. Уиклиф гуманитарлық ілімді және Киелі Кітапты жақсы игерді. Ол алғырлығы мен дарындылығының арқасында тек достарының арасында ғана емес, жауларына да сыйлы болды. Оны жақтаушылар өздерінің көсемдеріне мақтанышпен қарады, ал жаулары болса оның ісін әшкерелеуге дәттері жетпеді. Ол кезде ежелгі тілдерді білетін оқымыстылар ғана Киелі Кітапты оқып, шындықты білуге мүмкіншіліктері бар болатын, ал оқымаған қарапайым қауымға Құдай сөзі құпия болып қала берді. Уиклиф болса студент кезінен бастап Киелі Жазбаны жақсы зерттеді, оны түсіне білді, осылайша бұл дарынды студент арқылы реформация ісіне жол салынды.

Ілімнің қай саласы болмасын зерттеп, сусындай алмаған Уиклиф керегін Киелі Кітаптан тапты. Бұл кітаптан ол дүниенің жалғыз ғана тірегі Жаратушы Құдай Ие екенін және адам баласын дозақтан құтқаратын да Ол екенін білді, сондықтан Оның жолында талмай қызмет етуге белін бекем буды. Уиклиф Риммен айқасқысы келген жоқ дегенмен шындыққа берілгендігі оны адасушылыққа қарсы күреске әкеліп тіреді.

Рим халықты өз дегеніне бағындырып ұстау үшін, Құдай сөзін тығыш көрсетпей, оларды мәңгірт қылып қойған. Ал Уиклиф болса Римнен жұртқа Киелі Кітапты қайтаруын талап етті. Ол өзінің шындыққа берілгендігін күнделікті өмірімен дәлелдеді. Осылайша халықтың оған деген құрметі мен сенімі арта түсті. Рим шіркеуінің заңсыздықтарына наразы болған көпшілік Уиклиф ұсынған шындықты қуанышпен қарсы алды. Ал ашуға булыққан Рим папалығының көсемдері реформатордың соншалықты құрметке ие боғанын сырттай бақылауға кірісті.

Уиклиф зұлымдықты шеберлікпен әшкерелей білді. Ол Римнің құптауымен жасалып жатқан барлық заңсыздықтарға қарсы шықты. Патшаның дін қызметкері болған кезінде ол шындыққа және қисынды ұғымға қарсы келетін Рим папасының ағылшын монархына салып отырған салығын батылдықпен айптады. Онсыз да наразылық туғызып отырған папаның бұл талабы, Уиклифпен әшкереленгеннен кейін, мемлекет тарабынан қысымға алынды. Патша мен дворяндар бірігіп папаның салық салу туралы талабына тойтарыс берді. Осылайша Англияда папаның беделіне айтарлықтай соққы тиді. Сонымен қоса Уиклиф ұзақ уақыт бойы тағайындалған қайыршы монахтық ордендерге қарсы күрес жүргізді. Барлық

Англияны көл-көсір монахтар басып кетті. Олар ұлттың өсіп өркендеуіне көп кедергі келтірді. Қайыр садақамен сауық құрып жүрген монахтардың қарапайым еңбекші халыққа едәуір зияны тиді, өйткені халыққа бейнеттеніп, тапқан-таянғандарын олармен бөлісуіне тура келді. Ал ең жаманы еңбектің мәнінің төмендеп кеткені. Көпшілік жастар ата-аналарының рұқсат еткені түгіл, олардың қарсы болғандарына қарамастан монастырларға кетіп отырды. Тіпті католиктік шіркеудің дін әкелерінің бірі былай деп жазған болатын: «Әкең босағада жолыңды бөгеп жатып алса да, тоғыз ай тоғыз күн көтеріп, ақ сүтін берген анаң шашын жайып зарласа да, сен оларды аттап өтіп Иса Мәсіхке қарай асығуың керек». Мұндай адамгершілікке сыймайтын, ата-аналары мен балаларының арасындағы қатынасты шиеленістіре түсетін азғындық доктринаны Лютер: «хайуандық әрекет» - деп әшкерелеген болатын. Осылайша дін әкелері ежелгі парызшылар секілді ез мүдделерін қорғау үшін Құдай заңын аяқ асты қылды. Нәтижесінде жан ұялардың ырқы - шырқылары шығып, қартайған ата-аналар балаларының қамқорынсыз қалды. Тіпті университеттердің студенттерінің өздері олардың тәтті лебіздеріне алданып, монах ордендеріне кірді. Олардың көпшілігі кейіннен өкінгендерімен одан қайтып шығу мүмкін емес еді. Ата-аналары монахтардан қорқып балаларын оқуға жібермей, оқу орындарындағы студенттер саны күрт азайып, нәтижесінде айтулы оқу орындары жабылып, надандыққа жол салынды.

Папа болса монахтарға адамның көңіл күйінің мән жайын біліп, күнәларын кешіретін құқық беріп қойды, ал монахтар болса, бұл құқықты пайдаланып, байудың жолын іздеп кез келген бұзақылар мен баскесерлердің күнәсін босатып отырған. Бұл зұлымдықтың көзіне айналды, сол себепті зұлымдық еселене түсті, ал монахтардың қалталары қалыңдай түсті. Ұятсыз монахтар қайыр-садақа бермейтіндерді «Құдайға қарсы шыққандар»деп жариялап, кедей-кепшіктер мен әлсіздерді соққыға жығып соңғысын тартып алып отырған. Олар неше түрлі ырым-жырымдарымен, жалған ғажаптарымен халықтың миын ашытып, «егерде папаның абыройын жоғары ұстаңдар, әулиелерге құлшылық етсеңдер және монахтарға құдайы - нәзір беріп отырсаңдар жұмаққа тура барып түсе қаласыңдар»деп, байғұстарды соған сендірген.

Бұл ордендердің дорежесін төмендету зайырлы азаматтардың да, оқымыстылардың да қолынан келмеді. Тек Уиклиф ғана бұл зұлымдыққа тойтарыс бере алды. Ол монахтандыру деген алдамшы әрекет екенін әшкерелеп, оның көзін жоюды талап етті. Бұл сұрақтың маңайында әртүрлі пікірталас жандана түсті. Адамға, жасаған

күнөсына кешірім алу үшін ақы төлегені дұрыс па? Әрине ол дұрыс емес. Адамдар: «Күнә үшін кешірімді Рим папасынан емес, Құдайдан сұрау керек емес пе?» - деген сұрақтар қоя бастады. Ал монахтар болса, жұртты күнәдан босату үшін индульгенциямен* сауда жасайды. Монахтардың шектен тыс ашқарақтығын көрген қауым, олардан қауіптен бастады. «Монахтар мен Римнің дің қызметкерлері бізді қатерлі ісіктей жалмап жатыр. Құдай халықты құтқарып қалуы керек, болмаған жағдайда олар қырғынға ұшырайды» - деді жұрт. Өз қылмыстарын жасыру үшін монахтар: «Иса Мәсіх пен Оның оқушылары халықтың садақасына күн көрген» деген лақап сөзді таратты. Мұндай тұжырым халықтың назарын ақиқаттың көзіне аударды. Енді олар монахтардың сөздерінің каншалықты әділ екенін тексеру үшін Киелі Кітапты оқи бастады. Халықтың әрекеті Римнің пиғышына сай болмай шықты. Өйткені олар Рим шіркеуі жасырып, оны оқып пайдалануға тыйым салған Киелі Кітапты қолдарына алды.

Уиклиф монахтарға қарсы мақалалар жазып шығара бастады, бірақ мұны пікірталас үшін емес, адамдардың назарын Алланың іліміне, Жазбаның Авторына аудару үшін жасады. Ол, Рим папасы басқа да қарапайым дін әкелері сияқты адамның күнәсін кешіріп және шіркеуден шығаратын билікке ие болған, бірақ бір де бір адамды Құдайдың сотынсыз ешкім де шіркеуден шығара алмайды — деп арыз тастады. Бұл Уиклифтің, папаның құрған дәу ескерткіші іспетті миллиондаған адамдарға жүргізген билігіне тигізген ең ауыр соққысының бірі болатын. Әрине халықтың қамын ойлаған мұндай жалынды жауынгерді Рим қалай жақсы көрсін?

Англия тәжінің хұқығын Римнің шабуылынан қорғау мақсатында Уиклиф патшаның елшісі болып тағайындалып, екі жыл бойы Нидерланд жерінде болды және папаның өкілдерінің жиындарына қатысып отырды. Франция, Испания, Италия елдерінің дін басшыларымен емін-еркін қарым-қатынас жасап, көп нәрсені түсінді, тәжірибе алады. Алған іс-тәжірибесі, көрген - білгені оның болашақ қайраткерлік жұмысында көп себін тигізді. Папалық сарайдың өкілдері иерархияның нағыз пиғылын көрсетті. Англияға қайтып оралғаннан кейін ол өз ісін қайра жалғастырып, ақиқатты бар күшімен қорғап, Римнің шын мәніндегі құдайлары - тойымсыздық, көкірек сөзү және өтірік айту екенін көрсетіп берді.

Кейіннен өзінің трактаттарының бірінде ол былай деген болатын: «Рим кедейкешіктердің күн көруіне жарайтын аздаған қаражатты тартып алады, оған қоса патша қазынасынан шіркеудің неше түрлі құпия әрекеттеріне мыңдаған маркалар кетіп жатады. Егерде алтын тау болып үйіліп тұрып, шіркеудің қазынашысынан басқа

ешкім оған қол сұқпағаның өзінде, бұл қаражаттың оларға аз ғана уақытқа жететіні ешкімге күмән келтірмейді. Олар біздің ақшаларымызды тартып алып орнына қарғыс қана атады”.

Уиклиф Англияға оралсымен патша оны Люттерворттің кішкене шіркеуіне қызметке шақырды, бұдан біз патшаның оның жалынды лебіздеріне қарсы емес, керісінше оны қолдайтынын байқаймыз. Уиклифтің әсері сарай өмірінде де, сол сияқты күллі ұлттың рухани жаңаруына да ықпалын тигізді.

Көп ұзамай Рим тағыда Уиклифке қаһарын төкті. Реформатордың аузын жабу үшін Англияға үш хат жіберілді, біреуі университетке, екіншісі патшаға, үшіншісі прелаттарға. Ол хаттар баратын жерлеріне жетіп үлгермей, бойларын ыза кернеген епископтар Уиклифті сотқа шақыртты. Уиклифпен ере келген елдің ең қуатты екі ханзадасы мен бір топ халықты көріп зәрулері кеткен сот мүшелері үкім шығаруды шегіндіріп, істі уақытша жауып қойды. Осылайша Уиклиф бастаған ілімін әрі қарай жалғастыруға мүмкіндік алды. Прелаттар, Эдуард III-нің қартайып, еңкейген шағын пайдаланып, оны реформаторға қарсы қойғысы келді, бірақ олардың дегені орындалмады, Эдуард III-ші қайтыс болып, оның орнына ел басы болып Уиклифтің ежелгі қамқоршысы келді.

Десе де Англияға келіп түскен хаттар реформаторды ұстап, түрмеге қамауға корольді мәжбүр етті. Бұл дегеніміз «оны алау күтіп тұр» - деген сөз еді. Алайда «Қорықпа, Мен сенің Қорғаныңмын» (Жар. 15:1) - деп уәде берген Жаратушы Ие оған көмекке келді. Ажал реформаторды емес, оның көзін жоюға бұйрық шығарған папаны алып кетті. Сөйтіп Уиклифке үкім шығармақшы болып дайындалған шіркеудің соты болмай қалды. Құдай реформация ісін әрі қарай басқарып, оның өркендеуіне мүмкіндік берді. Григорий XI-ші өлгеннен кейін, оның орнына таласқан екі топтың өкілдері бір біріне соғыс жариялап, өздерімен өздері қырылысып, әр қайсысы сенетіндерді өз жақтарына тартқылап, қарсыласушыларына қарғыс атып, жақтаушыларына көкте сый құрметке ие болатындарына уәде берді. Шайқасушы топтардың күресі кезінде Уиклиф өз жайына қалды. Сөйтіп ол халықтың назарын бір біріне қарсы шыққан екі топтың шайқасынан тіршіліктің нәрін беретін Жаратушы Құдай Иеге аудара отыра өз қызметін жалғастырды. Айтулы шайқас халыққа дін әкелерінің ниетін әбден байқатты. Енді олардың Құдайға қарап тұрған ешқайсысы жоқ екені айтпай-ақ түсінікті болды. Уиклиф Ізгі абадрды тек кедейлерге ғана емес, барлық Англияға тарату мақсатымен ақиқатты уағыздаушы топтарды дайындады. Бұл топтардың мүшелері шындыққа бар ниетімен берілген азаматтар болатын. Олар жер жерді аралап сауда орындарында, калада,

далада, көшелерде жүріп және жолдарға шығып Жарылқаушы Құдай туралы қуанышты хабарды халық арасына таратты. Оксфорд университетінде қызмет атқарып жүрген кезінде Уиклиф Құдай сөзін дәрісханаларда студенттерге уағыздады. Қуанышты хабарды бар ниетімен жеткізуге тырысқан Уиклифты студенттер «Ізгі хабар докторы» деп атап кеткен болатын. Ол халық Киелі Кітапты өз тілдерінде оқи алатын мүмкіндікке ие болулары үшін Жазбаны ағылшын тіліне аударуды қолға алды. Бұл оның негізгі жұмыстарының біріне айналды. Дегенмен көп ұзамай оған бастаған ісін күрт тоқтатуға тура келді. Ғылыми еңбек, үздіксіз жұмыс, жауларының шабуылы оның күшін азайтып жібергені соншалық, ол алпысқа толмай қауіпті дертке шалықты. Монахтар болса бұл хабарды қуанышпен қарсы алды. Осы уақытқа дейін шіркеуге қарсы жүргізген жұмыстарына өкінетін шығар - деген оймен олар Уиклифке келіп, көңіл күйін көруге асықты. Оған елдің беделді деген төрт азамахтық шенеуліктерін ерітіп төрт орденнің өкілдері келді. Уиклифтің жатқан төсегін «өлім төсегі»деп есептеп келген олар, реформаторға былай деген болатын: «Ажалың жақын, тәубеңе түсіп, бізге қарсы айтқан сөздеріңді қайтып ал». Оларды үнсіз тыңдаған реформатор қызметшісінің көмегімен басын көтеріп: «Мен өлмеймін, керісінше сендердің зұлымдық әрекеттеріңді әрі қарай әшкерелеймін»деп жауап қайтарды. Оның сөзіне қатты абыржыған монахтар тайып тұрды.

Уиклифтің айтқаны тура келді. Рим империясына қарсы ең қуатты қару - Киелі Жазбаны халықтың қолына ұстату үшін Уиклиф Алланың арқасында тірі қалды. Киелі Кітапты ағылшын тіліне аудару ісінде оның жолында көптеген қиыншылықтар мен кедергілер кездесті. Науқас тұла бойына тарап меңдеген сайын, ол өзінің уақытының шамалы қалғанын жақсы білді, бірақ Киелі Рухтың күшімен шабыттанған Уиклиф еш қорқынышсыз алға басты. Тәжірибесі де, білімі де жеткілікті болған ол, бұл үлкен істі атқаруға дайын еді.

Ақыры Киелі Кітап ағылшын тіліне аударылып шықты және кез келген адамның оны өз тілінде оқуға мүмкіншілігі пайда болды. Уиклиф өз елінің гүлденуіне үлесін қосып, халқының кесір, көргенсіздік, мәдениетсіздік сияқты жаман қылықтардың құрсауынан босап шығуына себін тигізіп, өзінің соңынан ешқашан өшпейтін шындықтың шырағын қалдырды. Енді реформатор зынданнан да, алаудан да қорықпады.

Ол кезде баспасөз деген болмағандықтан кітап жазып шығару деген өте қиын еңбек болатын. Халықтың Киелі Кітапты иемденуге деген ықыласы зор болды, сондықтан көпшілік халық оны бірінен бірі көшіріп алып оқып жатты. Шамасы жеткендер Киелі Кітапты

тұтастай сатып алса, шамасы жетпегендер оның кейбір бөлімдерін алып, Құдай сөзінен сусындады. Кей кездері жанұялар Киелі Кітапты бірігіп сатып алған. Осы жолмен Уиклифтің Киелі Кітабы қарапайым жандардың үйіне де жетті.

Ақиқатты өз көздерімен көріп, оқып, ой сараптамасынан өткізген адамдар енді Рим папасына мүлтіксіз бағынуды тоқтатты. Уиклиф халыққа протестантизмнің негізгі қағидалары - Киелі Кітаптың шындық екенін және құтқарылудың жалғыз ғана жолы Иса Мәсіхке сену екенін уағыздады.

Уиклифтен дәріс алып шыққан азамагтар халыққа Киелі Кітаппен қоса Уиклифтің жазған жеке еңбектерін де таратты. Киелі Жазбаның халықтар арасына таралып кеткені шіркеу басшыларын қатты қобалжытты. Енді оларға жалғыз Уиклифпен ғана емес, одан мың есе артық күшпен шайқасуларына тура келді. Ол кезде Киелі Кітап ағылшын тілінде болмағандықтан Англияда оны оқуға тыйым салатын заңда болған жоқ. Кейін Құдай сөзі ағылшын тілінде пайда болсымен оны оқуға тыйым салатын заң жедел түрде шығарылды, десе де соған қарамастан Киелі Жазба жер жерге тарап жатты.

Тағыда папаның көсемдері реформатордың үнін өшірудің жолын іздеді. Үш трибунал Уиклифтің бетін қайтара алмады. Епископтардың бірінші жиналысында Уиклифтің еңбектері «сандырақ»деп жарияланып, жас король Ричард II қолдауымен діндарлар: «Кім де кім бұл ілімді қабылдаса зынданға тасталады»деген патшаның үкімін шығарды.

Уиклиф парламентке үндеу тастады. Ол шіркеудің барлық зұлымдық, әрекеттері мен халыққа жасап отырған қиянатын батылдықпен айыптады. Дін әкелерінің бұзылғандықтары мен сараңдықтарын көңілге қонарлықтай етіп суреттеп берді. Оның сөздері жауларын дүрліктірді. Уиклифтің бұрынғы жақтаушылары мен жолдастарына амалсыз папаға берілулеріне тура келді, ал жаулары болса картайған шағында жалғыз қалған реформаторды біздің тәжіміздің алдында бас иеді - деп есептеді. Уиклифтің жалынды сөздеріне алаңдаған парламент оның ізіне түсушілерге тойтарыс беріп, реформатор қайра бостандыққа шықты.

Осылайша папаның көсемдері өздері жеңіліске ұшырады. Көп ұзамай Уиклиф үшінші рет патшаның жоғарғы діни сотының алдына келді. Папаның көсемдері: «осы жолы Уиклифтің ісі аяқталады, ол өз ілімінен бас тартады, болмаған жағдайда оны алау күтіп тұр»деп есептеді.

Бірақ Уиклиф дегенінен қайтпады, екі жүзділік оған тән «қасиет» емес еді. Ол өзінің қандай жағдайда тұрғанына көңіл аударған жоқ, тыңдаушыларына Құайдың соты болатынын және әрбір пенденің

ісінің мәңгілік шындықтың таразысына салынатынын ескертті. Оны Киелі Рух қолдап тұрғаны байқалды. Отырған адамдар тұруға шамалары келмей, орындарына жабысып қалғандай болды. Оның жалынды сөздері Құдайдың атқан жебесіндей тыңдаушылардың жүректеріне қадалып жатты. Өзіне жапқан жаланы ол жауларының мойындарына аударды. Неліктен деді ол: «бұлар шындықты мойындамай өз дегендерінде қасарысып тұрады, өйткені олар дүние жинау мақсатында Құдайдың рақымымен сауда жасайды».

Айтындаршы, сіздер кіммен күресіп жатырмыз - деп ойлайсыздар? Көрдің шетінде тұрған қариямен бе? Жоқ. Сіздер ақиқатпен айқасып жатырсыздар. Бірақ біліп қойыңыздар, ақиқат сіздерден үлкен, ол сіздерді жеңеді. Сонан соң Уиклиф сөзін аяқтап, ғимараттан шығып кетті, оны тоқтатуға ешбір жанның батылы бармады.

Осымен Уиклифтің еңбек жолы аяқталып, шындықтың туын жоғары көтеріп ұстаған қолы төмен түсуге жақын қалды. Дегенмен оған тағы да бір рет ақиқаттың куәгері ретінде азғындықтың патшалығы болған Римнің алдына шығуына тура келді. Ол папаның сотына шақыртылды. Бұл қойылған талаптың қаншалықты қауіпті екенін Уиклиф жақсы білді, өйткені Рим шындықты шыбын жанындай қорғаған азаматтардың қанын талай рет судай төккен болатын. Бұл сапарға аттануға реформаторға сал ауруы кедергі жасады. Уиклиф Римге жете алмағанымен қалам ұстауға шамасы бар еді, сол себепті ол папаға хат жолдады: «Мен әрбір жанға, әсіресе сізге Жаратушының сөзін жасырмай, ашық айта алатыныма қуаныштымын. Иса Мәсіхтің Ізгі хабары - бұл Құдай заңының болмысы. Егерде сіз өзіңізді Құдайдың орынбасарымын деп есептесеңіз, онда басқа жұрттан бұрын Құдай заңына сіз бірінші бағынуыңыз керек. Өйткені Исаның оқушылары абырой мен атаққа ие болуға тырысқан жоқ, олар Исаға ұқсауға тырысты. Исаның Өзі де жер бетінде өмір сүрген кезінде ең кедей адамдардың бірі болған. Ешбір ниеті таза адам басқа адамға, тіпті папаға ұқсауға тырыспауы керек. Біз тек Аллаға ғана ұқсауға, Оның пәктігі мен тазалығына ұмтылуымыз керек. Өйткені Петр мен Зәуедейдің ұлдары атаққа ұмтыламыз деп күнәға батты, бізге осы қателіктерді қайталауға болмайды...

Папа иелікті үкіметке тапсырып, барлық дін иелерін осыған шақыруға тиісті. Мен сіздің шақыруыңыз бойынша алдыңызға келетін едім, бірақ Алланың жазуы басқаша болып шықты, ал біз Алланың еркіне сөзсіз бағынуымыз керек. Сізге тілейтінім еңбегіңіз жемісті болып, Құдай сізге жар болсын!»

Сөйтіп Уиклиф Урбан VI-ға және кардиналдарға ғана емес, барлық мәсіхшілерге дін көсемдері мен өзінің Ұлы Ұстазы Иса Мәсіхтің

айырмашылығын көрсетті. Осы жолы Уиклиф Құдайға берілгендігі үшін құрбан болатынын тура білді. Патша, папа және епископтар бірігіп реформаторды өлтіруге дайындалды. «Сіздер, қасірет тәжі бізден алыс»деп ойлайсыздар ма? Олай болса менменшіл қауымға Ізгі хабарды насихаттап көріңіздер. Сонда қалай болғаны, бас сауғалап өмір сүру керек пе? Ешқашан! Болған іске болаттай болып, Жаратушы Құдай Иенің дегенін орындау керек. Алла өзінің сүйікті құлын әлі де қорғап тұрған болатын. Ол Уиклифті жауларының талан таражына салғызбай, олардың қолдары жете алмайтын жерге жіберді. Дұшпандары оны азапқа салудың түр түрін ойластырып жатқан кезде, Уиклиф дүние салды. Реформатор Алланың берген тапсырмасын қажырлықпен орындап шықты. Ұлы Реформация ісіне жол салынғанша Құдай оның өмірін, еңбегін қорғады.

Уиклиф ортағасырлық түнекті сейілтті, реформация ісін басқарып басқаларға өнеге көрсетті. Кезіндегі Жақия пайғамбары секілді, ол жаңа дәуірдің хабаршысы болды. Оның салып кеткен ірге тасының мықтылығы соншалықты қазірдің өзінде оның іліміне түзету енгізудің, толықтырудың қажеті жоқ.

Римнің күймесіне тіркелген халықты босату үшін, олардың ар ұжданы мен санасын тазарту бағытында Уиклиф бастақан қозғалыстың бастамасы Киелі Жазбадан шығады. XIV ғасырдан шыққан, жанды су іспетті игіліктің көзі барлық ғасырларға тараған. Уиклиф Киелі Кітапты өмірмен сенім ережесі ретінде, Құдайдың еркін аян ретінде қабылдады. Бұрын Уиклиф Рим шіркеуінің абыройын қорғаған, олардың салт-дәстүрлерін, ырым - жырымдарын қабылдаған адамның бірі болатын, бірақ Киелі Кітапты қолға алып, Құдай сөзіне ден қойғаннан кейін ол бұрынғы өмірімен қоштасып, жаңаша өмір бастады. Киелі Кітап оның сенімі мен өмірінің ережесіне айналды. Құдай сөзін басшылыққа ала отырып ол өзі де түзу жолға шығып және халықты да Рим шіркеуінің құлдығынан алып шықты. Ол адамдарға адамзаттың мәңгілік тірегі дін әкесі де, шіркеу де емес, құдіретті Құдай Ие екендігін ұғындырды. Жаратушы жайлы шындық Киелі Кітапта жазылған, ал оны түсінуге басшылық жасайтын көмекшіміз - Киелі Рух. Құдай сөзін зерттеу әр адамның қасиетті парызы.

Уиклиф өзінің заманындағы ұлы реформаторлардың бірі болатын. Оның ізбасарларының ішінде Уиклифпен ақылы, ой-өрісі, парасаттылығы, көрегендігі, шындыққа берілгендігі, батылдығы жағынан пара-пар келетін адам аз еді. Сол рухани түнек, азғындық, надандық билеген заманда Уиклиф өзгелерден дара жаны таза, білімге құштар, еңбекқор жан болған.

Мұндай сирек кездесетін тұлға, Кислі Кітаптың адамдарды өзгерте алатын күшін көрсететін куәгер болып табылады. Құдай сөзін үнемі зерттеу, Алланың тазалығы мен пәктігіне ұмтылу адамның ойын тазартып, қабілетін арттырып, шыдамдылыққа, батылдыцқа тәрбиелейді. Мұндай тәрбиені ешқандай мектеп, ешбір философия адамға бере алмайды, тек шексіз даналық Иесі ғана береді. Бұл жөнінде Дәуіт пайғамбар былай деген болатын: «Сенің сөзің қарапайымдардың санасын кеңейтіп, көкірегін ашады» (Жыр. 118:130).

Уиклифтің ілімі көп жерлерге тарады. Оның уиклифтіктер және лоллардтар деп аталып кеткен ізбасарлары көсемдерінен алған білімдерін тек Англияға ғана емес, басқа да елдерге таратты. Бұл ілімді қабылдағандардың қатарында зиялы азаматтарда болды, тіпті патшаның әйелі де осы сенімді қабыл алды. Көптеген жерлерде рухани өзгерістер болып, халық ырым - жырымдардан арыла бастады. Көп ұзамай Киелі Жазбаны басшылыққа алып өмірлерін өзгертем дегендердің бастарына Англия монархтары әңгір таяқ ойнатты. Бірінші рет тарихта Англияның алаулары тұтанды. Реформация ісін жақтаушылар тірідей отқа тасталып, азап шекті. Десе де зиянкестердің зұлымдық әрекеттеріне қарамай, шындық өз жолын тауып, жақсы іс әрі қарай жалғаса берді. Тағдырдың тәлкегіне түскен халық та қиындыққа мойымай, зұлымдыққа төтеп берді. Оның ішінде кейбіреулері ауыр азапқа шыдамай, бостандық үшін имандарынан бас тартып жатса, енді біреулері алған беттерінен қайтпай қажырлық танытты. Қалай болған күнде де Аллаға адал азаматтардың қатары азайған жоқ. Бұлардың іштерінде қарапайым адамдар да, зиялы азаматтар да жеткілікті болды. Олар тағдырдың мойындарына салғанын тік тұрып қарсы алды. Уиклифтің ілімін қабылдап, ақиқаттың туын көтергендердің саны көп болғаны соншалықты, папалықтар «тірі Уиклиф түгіл оның қаңқасы да бізге дамыл бермеді ғой»деп ызаға тұншықты. Осылайша реформатордың өлгеніне қырық жыл өтсе де, олар Констанц соборының* шешімі бойынша Уиклифтің бейітін қайра ашып, қаңқасын өртеп, күлін көрші жатқан арықтың суына тастады. Кейін бір жазушының айтқанындай оның күлін азғантай ағын өзенге, өзен теңіздерге, теңіздер мұхиттарға жеткізгеніндей, Уиклифтің ілімі барлық халықтар арасына тарап, ақиқат ісі жалғасын тапты. Уиклифтің еңбектерінің арқасында богемиялық Ян Гус католицизмның шырмауынан босап шығып, реформация жолына түсті. Осылайша бір бірінен алыс жатқан осы екі мемлекетте ақиқаттың тұқымы пашылды. Ал Богемиядан бұл ілім әрі қарай тарады, осылайша реформация ісіне жолды Жаратқан Иенің Өзі ашып беріп отырды.

Өліммен бетпе-бет кездескен екі батыр

Богемия еліне Ізгі хабар IX ғасырда жеткен. Мінәжат ету олардың Өз тілдерінде жүргізілетін, бірақ папаның билігі күшейген сайын Килі Кітап ысырылып шығып, екінші орынға қалды. Халықты ашса алақанында жұмса жұдырығында ұстау үшін, патшалардың «көкірегін басып отыру» міндетім - деп есептейтін Григорий VII Құдайға қызмет етуді чех тілінде жүргізуге тыйым салатын булла шығарды.. Папа: «Жаратқанның еркі бойынша Құдайы қызмет елге таныс емес тілде өтуі керек, оны орындамағанның салдарынан неше түрлі адасушылықтар мен қате ілімдер пайда болды» - деп арыз тастады. Оның көздегені Киелі Жазуды жапқызып тастап, халықты түнекте ұстау еді. Десе де Жаратқанның сөзін тұншықтырып көміп тастау оңай іс емес. Франция мен Италиядан қуғынға ұшыраған вальдендіктер мен альбигойлықтар Богемия еліне кешіп келді. Олар Киелі Кітапты ашық уағыздауға батылдары бармағанымен, ақиқатты халық арасына ақырын - ақырын, десе де ынталы түрде тарата бастады.

Богемияда Гусқа дейін де шіркеудің бұзылғандығын ашық әшкерелеген адамдар болған және олардың көзқарастарын халық қолдаған болатын. Бұдан діндарлардың қорыққандары соншалықты, олар Ізгі хабарды таратушыларды қуғынға ұшыратты. Тауды, тасты, үңгірді паналап жүрсе де олар Құдайға қызмет етулерін тоқтатқан жоқ. Сол үшін олар жеккөрінішті болды, өлтірілді, отқа тасталды, бірақ мәсіхшілер өз істерінің түбінде салтанатты түрде жеңіске жететініне кәміл сенді. Адам текайқышқа шегеленген Иса арқылы ғана құтқарыла

алады деген шейттердің бірі өлер алдында: «Ақиқаттың жауларының назасы төбемізден шүйлікті, бірақ өне бойы солай бола бермейді. Қарапайым халықтың ішінен билігі де, найзасы да жоқ адам пайда болады, оған қарсы шығуға жауларының әлі келмейді» - деп арыз тастаған болатын. Лютердің уақыты әлі келмегенімен, Римнің азғындығына қарсы көптеген ұлттарды көтеріліске бастайтын адам туды. Бұл адам - Ян Гус еді. Қарапайым жанұяда дүниеге келген Ян Гус әкесінен ерте жетім қалып, анасының тәрбиесінде болған. Алланы сыйлау мен білім алуды таптырмайтын қазына - деп есептейтін анасы баласына осы қаруды мықтап ұстату үшін бар күшін салды. Алғашқыда ол уездік училищеді оқып, соңынан Прага университетіне ақысыз қабылданды. Прагаға Гус анасымен бірге аттанды. Шешесінің оған бөліп беретін ешқандай еншісі болмағанымен, қалаға жақындай бере, ол Құдайдың алдында тізесін бүгіп, жетім қалған баласына Алладан бата тіледі. Құдайдың нұрының баласына нәсердей жауатынын ол әрине сол кезде білген жоқ. Университетте жүрген кезінде Гус өзінің тәртіптілігімен, білімімен көзге түскі. Жан жағындағыларға ниетінің шынайы болғандығы соншалықты, маңайындағылардың бәрі оны жақсы көріп кетті. Университетті бітіргеннен кейін ол діни мұғалім болып қызмет жасады. Бұл қызметінде айрықша көзге түскен ол, көп ұзамай императордың шақыруы бойынша оның сарайына келді. Енді профессор атағын алған Гус өзі тамамдаған университетке ректор болып тағайындалды. Осыдан азғана уақыт бұрын білім алуға төлейтін қалтасында көк тиыны жоқ оқушы елінің мақтанышына айналып, Еуропаға танылды. Біраз жылдан соң, діни дәрежесі көтерілгеннен кейін ол Вифлеем капелласының* дін уағыздаушысы етіліп тағайындалды. Сол кезде Римнің қарсы болғанына қарамастан Богемияның кей жерлерінде Киелі Кітап халықтың туған тілінде уағыздалған. Ал Гус болса Киелі Кітапты басшылыққа ала отырып зұлымдықты әшкереледі, халықтың санасын тазалық пен шындыққа бұрды, өйткені қоғамның кез келген саласында діни сауатсыздар көп кездесті. Прагалық, Иероним деген азамат Англиядан қайтып келе жатып, өзімен бірге Уиклифтің еңбектерін алып келген болатын. Кейінен ол Густың әріптесіне айналды. Уиклифтің еңбектерін құшақ жая қарсы алған Англияның патшайымы* тұрмысқа шықпас бұрын Богемияның ханшайымы* болған. Осы әйелдің арқасында реформатордың еңбектері Богемия жеріне кеңінен тарады. Уиклифтің еңбектерін оқи келе Гус осы реформаны қабыл алып, өзінің Рим шіркеуінен қалай алыстап кеткенін де түсінбей қалды.

Сол кезде Прагаға Англиядан екі адам келіп, алыс жатқан осы елге Ізгі хабарды уағыздамақшы болды. Бірақ папалықтар оларды

байкап қалып соңдарына түскендіктен, бұлар өздерінің уағыздау тәсілдерін күрт өзгертті. Сурет салу өнерін жетік білетін олар «Ізгі хабарды» үнсіз уағыздады. Олар екі суретті қала халықтарының алдына шығарды. Суреттің біреуінде, бұлар, оқушыларын ерітіп жер-жерді ел-елді аралап, арып - ашып, жалаң аяқ есектің үстінде отырып қалаға кіріп келе жатқан тәртіпті де момын Иса Мәсіхты бейнелесе, екінші суретте алдында күйшілері, артында кардиналдар мен прелаттар еріп келе жатқан, арғымақты әсемдеп мінген қарны тоқ, уайымы жоқ, байлықтан жарыла алмай тұрған папаны бейнелеген. Енді осыншама айырмашылықты көрген халыққа айтпаса да бәрі түсінікті болды. Прагалықтардың қатты қобалжығанын көрген жат елдіктер тайып тұруды дұрыс көрді. Осы бейнелердің Густың көкейіне қонымды болғаны соншалықты, ол Киелі Кітапты бұрынғысынан да бетер, ынтамен зерттей бастады. Гус Уиклифтің ілімін толық қабылдауға әлі де болса дайын болмағанымен, папаның иерархиясының өктемдігі мен менменшілдігін бар ниетімен масқаралады. Прага университетінде пайда болған бұл толқу, көпшілік студенттерді елдеріне қайтып оралуға мәжбүр етті, осылайша студенттер арқылы бұл ілім Германияға да жетті. Густан тәлім алған студенттер, Ізгі хабарды өз елдерінде уағыздай бастады. Кейін бұл сыбыс Прагадан Римге жетіп, папа Густы Римге шақыртты. Оның талабын орындау айдаһардың ауызына барып түсе қалумен пара-пар еді. Богемияның патшасы мен патшайымы, университет және мемлекет басшылары Густың Прагада қалуын сұрап, ал қажет болған жағдайда папаға түсініктемелер беру үшін өз өкілдерін жіберетіндері жайлы өтінішті оған жолдады. Папа бұл өтінішті қабыл алмай, Густы соттап, оған үкім шығарды, ал Праганың халқы болса шіркеуден шеттетілді.

Бұл үкім барша халықты қатты толғандырды, өйткені өзін «Құдайдың орынбасарымын»деп жариялаған пападан адамдар қатты қорқатын. Папаның әмірі бойынша шіркеуден шеттетілгендерге аспанның қақпасы жабылады, ал мұндай шешімнен кейін өлген адамдар жұмаққа кіре алмайтындарына халық әлі де болса сенетін. Осы масқараның салдарынан шіркеулер жабылып, мінәжат етілу тоқтатылып, неке қию рәсімдері жаназа шығарылатын ғимараттарда етілді. Өлгендерді тазартылған жерге көмуге тыйым салынып, олар еш жоралғысыз кез келген жерлерге көміліп жатты. Рим осындай тәсілдермен халықтың қиялына, ар-ұжданына әсер етіп, оларды тізгініндеп ұстамақ болды.

Праганың халқы қатты абыржыды, олардың кейбіреулері «мұндай бақытсыздыққа ұшырағандарымызға Гус кінәлі»деп, оны Рим сотына шығарып беруді талап етті. Көтерілген құйынның

саябырлауына жағдай тудыру үшін реформатор Прагадан туған ауылына аттанды. «Жаны сырқат адамдарды күнә жасауға итермелеп, мәңгілікке көз жұмуларына жол бермеу керек, сондай-ақ тақуаларды да ыңғайсыз жағдайға қалдыруға болмайды» - дейді ол бауырларына. Гус қорыққандығынан кеткен жоқ, ол ақиқат үшін жанын пидә қылуға да әзір еді. Реформатор Құдай жолындағы қызметін әрі қарай жалғастыру үшін өзінің халыққа әлі де болса керек екендігін жақсы білетін, сол себепті Прагада қалған достарына мәнжайды ұғындырып, өзі көрінбей тұра тұруды жөн көрді. Алайда айтулы жерден кеткенімен Гус үнсіз қалған жоқ, Ізгі хабар жер жерлердің бөріне тарап жатты. «Шындыққа қарсы біз әлсізбіз, ал шындықпен бірге жеңілмейміз» (2Кор.13:8).

Дегенмен, Гус үшін қайғылы күндер туды. Оның санасы мен арының арасында аяусыз шайқас басталды. Рим шіркеуінің жасап отырған істерінің бұзақылық екенін көріп отырған, сонымен қатар шіркеу күнәсіз болуға тиісті - деп есептейтін Гус бұл қатыгез қарама-қайшылықты ұға алмады. Шіркеу күнәсіз болса неге ол оған қарсы шығады, ал қарсыласпасқа тағы да болмайды, өйткені дін көсемдерінің істеп отырған істері ақылға мүлдем қонбайды. Ақыры ол мынадай тұжырымға келді. Исаның заманында да діндарлар неше түрлі істерді істеп оны өз шарифаттарына сыйғыза берген. Дәл сол кездегідей тарих қайрадан қайталанып жатыр. Дін иелері заңды билікті пайдаланып, неше түрлі заңсыздықтар жасауда. Осыны негізге ала отырып, Гус былай деп арыз тастады: «Киелі Кітаптағы жазылған ақиқат біздің ар-ұжданымызды билеуі қажет немесе басқаша айтқанда біз дін қызметкерлері арқылы сөйлеп тұрған шіркеуді емес, Киелі Жазу арқылы сөйлеп тұрған Құдайды тыңдауымыз керек».

Прагадағы қобалжу біраз саябырлағаннан кейін, Құдай сөзін ары қарай уағыздау үшін Гус Вифлеем капелласына қайтып оралды. Оның жаулары мықты болатын, дегенмен патшайым, көпшілік дворяндар және халықтың басым көпшілігі реформаторды қолдап тұрды. Густың таза ілімін, таза өмірін сараң дін әкелерінің тәртіпсіз мінездерімен, бұзылған оқуларымен салыстыра отырып, олар әрине реформатордың жағында тұруды өздеріне абырой санады.

Осы уақытқа дейін Гус жалғыз жұмыс істеп келсе, енді оған Англияда Уиклифтің ілімін қабылдаған Иероним қосылды және ол екеуі өте тығыз байланыста еңбектенді. Тіпті өлгенде де олар ортақ іс үшін қаза болды. Гус ұстанымды, мінезі болаттай берік болса, Иероним жалынды және ұшқыр болатын. Густың дарындылығын бағалай білген Иероним мәсіхшіл шыдамдылықпен оның кеңестеріне көңіл аударып, дегенімен келісіп отырды. Олар бірін бірі

жақсы толықтырып, реформация ісі алға қарай қарқынды түрде жылжи бастады. Алла олардың ісіне басшылық жасап, бұл азаматтар халықты католицизмнің түнегінен жарыққа қарай жетеледі. Дегенмен олардың өздеріне де ақиқат түгелдей дерлік ашылмаған болатын. Қараңғыда отырған адамды бірден жарыққа алып шықса, оның соқыр болып қалуы әбден мүмкін ғой. Сондықтанда Алла ақиқаттың шымылдығын аздап қана ысырып, шындықты оларға бірте - бірте ашып отырды. Осылайша ғасырлар өткен сайын Құдай жолында қызмет етуге дайын болған сенімділер пайда болып реформация ісі ізін тауып алға басты.

Шіркеу ішіндегілердің арасындағы шиеленіс тоқталған жоқ, керісінше әрі қарай жалғасты. Енді билікке ие болуға үш папа таласты. Анафемаларға* қанағаттанбаған олар, қолдарына қару алды. Әр қайсысы өз әскерін қару жарақпен қамтамасыз ету үшін қаражат қажет болды, сондықтан олар сыйларына, көтерілу дәрежелеріне, құт-берекелерге құн тағайындап, оны ақшаға сата бастады. Гус бұл азғындыққа жалынды түрде қарсы шықты және сонымен қоса халық та мәсіхшілер әлемінің басына түскен бейнетке Рим иерархиясын кінәлады.

Тағы да Прага қаласы қантөгіс шайқастың шетінде тұрды. Ежелгі кездегі «Исраилге ылаң салды» дегендей, осы жолы да Құдайдың адал қызметшісі кінәланды (3 Пат. 18:17)! Қалаға папаның қарғысы төнгендіктен Гусқа тағы да туған ауылына оралуға тура келді. Вифлеем капелласының мінбесінен Ізгі хабарды уағыздап тұрған Густың дауысы өшіп қалды. Бірақ ол одан да жоғары мінбеден сөйлеуге тиісті болды, алдымен шындыққа берілгендігін өмірімен дәлелдеуі керек еді. Еуропадағы азғындықты тоқтату мақсатымен Констанцта дүние жүзілік собор жиыны өтті. Бұл жиынды Сигизмунд императорының талабы бойынша билікке таласып отырған үш папаның бірі Иоанн XXIII өткізді. Десе де Иоанн XXIII бұл жиынды өткізуге зауқы болған жоқ, бірақ Сигизмунд императорының еркіне қарсы шығуға шамасы болмады.

Жиында шешілетін негізгі сұрақтар мыналар еді: шіркеуге жік түсуді тоқтату, өзге ілімдерді енгізетіндердің көзін жою. Айтулы жиынға екі антипапалармен қоса жаңа ілімнің көшбасшысы Ян Гус шақырылды. Екі антипапалар сақтанып, өздері келмей орындарына өздерінің өкілдерін жіберді. Ал сол жиынды шақыруға өзі бастамашы болғандай сыңай танытқан папа Иоанн келуін келгенмен, қатты қобалжулы болды. Ол тиараға* тигізген қырсығы үшін сонымен қоса оны сақтап қалу мақсатында жасалған барлық кулық-сұмдықтарына жауап беріп, масқара болып орнымнан айрылып қалам ба деп

ойлады. Соған қарамастан ол Констанцқа сән салтанатымен келіп кірді. Төрт жағында төрт магистраттар оның төбесінде жайылып тұрған алтын балдахинаны* ұстап жүріп отырды. Алдында сап түзеген әскер, жан жағында асқақтаған сановниктер мен сарай қызметкерлері (свиталар). Ал кардиналдар мен дворяндардың бағалы киімдері бұл сәтті тамаша Кылып көрсетті.

Сол кезде Констанцқа тағы да бір жолаушы жақындап қалған болатын, оның да көңілі жабырқаулы болды. Густың ойынша богемия патшасының қорғау қағазына және сол сияқты жол жөнекей берілген Сигизмунд императорының қорғау қағазына қарамастан, оны алау тосып тұрғандай болып көрінді. Гус жолдастарымен біржола қошташып шықты. Ал Прагада қалған басқа достарына ол былай деп хат жолдады: «Бауырларым! Мен өзімнің жауларыммен бетпе-бет кездеспек үшін кетіп барамын, менің қолымда патшаның қорғау қағазы бар, бірақ мен оған емес жалғыз Құдайға ғана сенемін. Сендердің тілектерің қабыл болып, Киелі Рух маған Өзінің даналығын берер деген ниеттемін. Шындық үшін шайқаста зындан болсын, ажал болсын қабыл алуға Алла маған жар болсын. Иса Мәсіх өзінің сүйікті пенделері үшін құрбан болған. Ол біздің Жаратушымыз, ал біз жаратылғандармыз, Ол біздің Тәңіріміз, ал біз Оның қызметшілеріміз. Ол әлемнің Ұстазы, ал біз ажалды пенделерміз, соған қарамастан Ол біз үшін азап шекті! Егер азап шегу біздің жанымызды тазартатын болса, неге оны шекпеске? Егер ақиқатқа берілгендігімді ажалыммен дәлелдеуім керек болса, ол кезең тезірек өтсін деп тілеңдер, ал Құдай маған тірі қалуды жазып тұрса, онда бауырларыма үлгі боларлықтай кіршіксіз таза болып қайтуыма тілектес болыңдар. Егер де Алла жазып Прагада қайтып оралсам, онда Құдайдың заңына деген сүйіспеншілігімізді әрі қарай жетілдіріп, рухани бірге өсетін боламыз».

Кейінен Ізгі хабарды уағыздаушылардың біріне айналған дін әкесіне жолдаған хатында Гус былай дейді: «Мен кезінде бағалы киім киіп, бос сөзбен уақытымды кетіргеніме қатты өкінемін, менің басымнан өткерген қателіктерімді сен қайталама. Қаражатыңды толықтырудың қамын ойлама, пенделерді мәңгілік өлімнен құтқарудың қамын ойла. Ең бастысы байлық пен баршылыққа қызығып, үйінді қазынаға толтырам дегенше, Құдайға адал қызмет ету мен адамдарды күнәдан құтқару негізгі іс екенін санаңа құйып ал. Рухани жетілуге ұмтыл. Құдайға ұнамды қылықтар жасап, момын болуға тырыс. Ақшаңды бос әурешілікке жұмсама». Хаттың сыртына «бұл дестені менің өлгеніме көзің жеткен кезде ғана аш»деп жазды.

Гус өзінің ілімінің жақсы таралғанының дәлелдемесін жол жөнекей көрді. Халық оны қошеметпен қарсы алып, кей жерлерде оларға

қала басшылары ілесті. Констанцқа келген Гусқа толық бостандық берілді. Патшаның қорғау қағазына папаның дербес қағазы қосылды. Осы салтанатты, неше рет расталған құжаттарға қарамастан папа мен кардиналдардың бұйрығы бойынша Гус қамауға алынып, үй астындағы сасық қапасқа (подвал) тасталды. Кейінен оны Рейнге қарама қарсы тұрған бекініске ауыстырды. Бірақ, папаның бұдан тапқан пайдасы шамалы еді, зұлымдық істері үшін сол қапасқа көп ұзамай өзі түсті. Кісі өлтіру, зинақорлық жасау секілді күнәларын былай қойғанда, адамның аузы атауға келмейтін кінәлары расталғаннан кейін, Иоанн тиарасынан айрылып зынданға қамалды. Басқа антипапаларға да тойтарыс беріліп Иоанның орнына жаңа папа тағайындалды.

Гус айыптаған дін әкелерінің күнәларынан мың есе артық күнә жасаған папаны жазалы - деп тапқан собор, жазықсыз екенін біле тұра Густы да жазаға ұсынды. Богемияда қобалжу басталды. Ең мықты деген ханзадалар* соборға өздерінің өкпесін білдірді. Қорғау қағазы іске аспай калған патша да оларға ызалы болған. Дегенмен реформацияның жаулары өз әрекеттерінде кекті жөне табанды болды. Собор патшаны күні бұрын пішілген ойда деп айыптап, қорқытып, шіркеу алдындағы міндеттерін есіне түсіріп, Құдай сөзін бұрмалайтын есалаңдарды қорғауға берілген уәде күшсіз - деп шығарып, патшаның аузын жапты, сөйтіп әрі қарай өз білгендерін істеді.

Ызғарлы, дымқыл, сасық қапаста жатқан Гус әлсіреп, безгек ауруына шалдықты. Осы оқиғадан кейін реформатор соборға әкелінді. Қолы мен аяғы кісендеулі Гус, аты мен атағы қауіпсіздіктің кепілі болған монархтың алдында тұрды. Ұзаққа созылған тергеу кезінде ол мемлекет басшылары мен шіркеу басшыларының қатыгез қателіктерін дәлелдеп, өзінің әрқашанда ақиқатты қолдайтынын айтты. Оған екі түрлі ұсыныс жасалды - өз дегенінен қайту немесе өлім тұзағын кию. Гус екінші ұсыныстытаңдады. Бірнеше апта бойы көрген азабына ол Алланың арқасында ғана шыдады. Досына жолдаған хатында ол былай деген болатын: «Иса Мәсіхтың арқасында киелі отанымызда жолыққанда сен Құдайдың мені қалай қорғағанын білетін боласың».

Қараңғы, сасық қапаста жатса да Гус ақиқаттың жеңіп шығатынына кәміл сенді. Бірде көрген түсі оны қатты қобалжытты. Түсінде ол папа мен епископтардың Иса Мәсіхтың бейнесі салынған суреттерді құртып жатқанын көрді. Келесі күні оған басқа түс енді. Түсінде көптеген суретшілер Исаның бейнесін бұрынғыдан да әсем, одан да айқын қылып бейнелеп, іліп жатыр екен. Жұмыстарын аяқтап болған суретшілер халыққа қарап: «Енді папа бұл бейнені ешқашанда жоя

алмайды” - дейді. Бұл түсті баяндап берген Гус: «Исаның бейнесі халықтың жүрегінде мәңгілік сақталады. Менің көзім жойылғанмен, менен басқа шешен келіп, Оның есімін адамдардың жүрегінде мәңгілік жазылып қалатындай етіп уағыздайтын болады»деп сөзін аяқтады.

Жаулары Густы соңғы рет соборға алып келді және бұл өте үлкен жиын болды. Мұнда императорлар, мемлекет басшылары, патша өкілдері, кардиналдар, епископтар, дін әкелері және әуесқой тобыр жиналды. Арының бостандығын қорғап қалу жолындағы ұзақ күрестің ең бірінші ұлы құрбанын көру үшін барлық мәсіхшілер елдерінен куәгерлер келді. Гусқа соңғы сөзін айтуға кезек берілді. Бірақ Гус дегенінен қайтпады. Ол монархқа өткір көзбен қарап: «Мұнда мен өз еркіммен, осында отырған императордың қорғауға уәде берген қағазымен келген болатынымын» - деді. Жұрттың назары Сигизмундқа ауғанда, оның ұялғаны соншалық, беті қып-қызыл болып кетті.

Гус өлім жазасына кесілді. Оның үстіне ақ жабу жабылды. «Біздің Құтқарушымыз - Исаның үстіне де жазалар алдында жаулары ақ киім кигізген болатын» - деді ол. Оған тағы да, соңғы рет, халық алдында айтқанынан бас тартуға ұсыныс жасалды. «Мен дегенімнен бас тартатын болсам, Көкке қай бетіммен қараймын? Ізгі хабар уағыздалған хапыққа не деуім керек? Жоқ, адамдардың Құдай патшалығына кіруі мен үшін өте маңызды, мен ақиқатты қорғау жолында мынау ажалды денені құрбан етуге дайынмын» - деді реформатор. Онан соң епископтар оны шешіндіріп, киімінің әрбір бөлігіне қарғыс жазды. Басына жын — шайтандардың бейнесі салынған, пирамида сияқты қағаз қалпақты кигізді. Қуанышты дауыспен Гус: «Мені құтқару үшін Мәсіх басына тікенек тәж кесе, Ол үшін мен басыма «һарамдау» қалпағын кигеніме ризамын» - деп, жігерлене сөйледі ол. Соңында прелаттар: Сенің жаныңды әзөзілдің қолына тапсырамыз - деді. Ал Гус болса көкке назарын аударып: «Мен жанымды Құдайдың қолына тапсырдым» - деп, аққа бой ұсынды.

Әрі қарай іске шенеуліктер кірісті. Гус өлтірілетін жерге әкелінді. Қаптаған тобыр - қарулы әскер, дін әкелері, епископтар және Констанцтың тұрғындары осы жерге бірге еріп келді. Гусқа, ашаға байлап төменнен от қойылмас бұрын, тағы да «адасушылықтан бас тарт» - деген ұсыныс жасалды. «Қандай адасушылық туралы сөйлеп тұрсыздар? Менің жазғаным да, айтқаным да шындық және оны қаныммен дәлелдеуге әзірмін» - деп жауап қайтарды ол. От тұтанып, Гус алаудың құшағында қалды. Бірақ дауысы біржола өшкенше, ол: «Дәуіттің Ұлы Иса! Маған кеңшілігіңді бере гөр» - деп, Алланың есімін қайталаумен болды.

Оның мұншалықты қаһарман қылығына Густың жауларының өзі қайран қалды. Кейіннен олардың бірі Густы және одан кейін дәл солай алауға түсіп қаза болған Иеронимді еске ала отыра былай деп жазған болатын: «Олар ажал отына түскенімен қайтпас қажырлық танытты, жандары қанша қиналса да, елгендерінше Құдайдың есімін әнге қосты және бұл әнді бірден тоқтатуға алаудың да әлі жетпеді».

Густың денесі түгел өртеніп болған соң, оның күлін жаулары Рейн өзеніне тастады. Ал өзеннің ағысы оны әрі қарай мұхиттарға алып кетті. Дәл осылайша Густың уағыздаған хабары жер жерлердің бәріне тарай берді. Жаулары оны өлтіріп, дауысын өшірдік дегенімен, шындықты таратушылардың саны азайған жоқ, керісінше көбейді. Адам өлгенімен, ақиқат ешқашан өлмейді ғой. Густың өжеттігі, табандылығы, сенімі басқа жұртқа өнеге болды. Ал Рим болса, бар әлемнің алдында өзінің зұлымдық әрекеттерімен, қатыгездігімен масқараланды. Бұл әдістерімен ақиқаттың жаулары шындықтың таралуын тоқтата алмады, керісінше оған жол ашып берді.

Алау оты бірақ адамды жұтып қойған жоқ, көп ұзамай тағы да бір адам ақиқаттың құрбаны болып, алау отына түсті. Бұл адам Иероним болатын. Ол Гуспен қоштасар кезінде оған қажырлы және мықты болуына тілек білдіріп, сонымен қатар қиындық кезінде көмекке келуге әзір екендігін айтқан. Реформатордың қамауға алынғанын естіген Иероним, уәдесін орындау үшін жедел түрде жол жүрді. Ол ешқандай қорғау қағазынсыз - ақ, жалғыз жолдасын ерітіп Гусқа көмекке келді. Бірақ оған көмек көрсете алмайтынына көзі жетті, сонымен қоса қауіп оның өз басына төнді. Енді Иероним қаладан қашпақ болды, бірақ жаулары оны ұстап алып, шынжырлап Констанцқа алып келді. Собор оны «отқа тасталсын!» деген айғаймен қарсы алды. Қамауға алынған ол, қараңғы қапаста жатып, қатты азап шекті. Азық ретінде оған нан мен су ғана берілді. Бірнеше айдан кейін Иероним ауыр індетке шалынды. Ажал оны қолымыздан жұлып әкетер ме екен? деп қауіптенген түрменің караушылары, енді оған аздап көңіл бөле бастады. Осылайша ол түрмеде бір жыл жатты.

Густың өлімі папалықтарды күткен нәтижесіне жеткізген жоқ. Қорғау қағазының шарты бұзылғандығы көпшілік қауымды абыржыты, сол себепті собор Иеронимді алауға салмауды жөн көрді. Оған да екі ұсыныс жасалды - айтқанынан бас тарту немесе өлімге бел буу. Алғашқыда көрген азабымен салыстырғанда ажалды құрметті қонағындай санаған Иероним, енді науқастан әлсірегендіктен, әрі жолдастарынан ажырап қамыққандықтан, Густың өлімінен қатты қобалжығандығынан бойын қорқыныш билегендігі соншалықты, соборға бағынуды жөн көрді. Уиклиф пен Гусқа шығарылған

үкімді әділетті деп мойындап, католиктердің дініне бағынуға уәде берді. Осылайша Иероним арының үнін өшіріп, азаптан қашып құтылғысы келді. Оңаша қалған Иероним өткенді ойлап, Густы, оның қайратты мінезін есіне алып, өзінің шындықтан бас тартып, Құдайға сатқындық жасағанына қатты қиналды. Бұрын оның тәні азап шеккенімен жаны Алланың шапағатына бөленсе, енді өкініш жанын жегідей жеді. Риммен келісімге тұруы үшін әлі көп нәрседен бас тартуы керек екенін жақсы ұқты. Олардың дегенімен келісу иманнан бас тарту деген сөз. Ал бұл мәңгілік өлімге апаратын жол. Осының барлығын ойлап, салмақтай отырып ол нақтылы шешім қабылдады. Аз күн тірліктегі бейнетке шыдап, Алланың сызып берген жолынан тайып кетпей жүріп отыру момындардың парызы екенін ол бұрыннан - ақ жақсы білетін. Ендігі жерде Құдайға сенімін артып, болатын іске болаттай болуы керек.

Аз уақыттан кейін оны жаулары тағы да соборға алып келді. Иеронимнің олардың дегендерімен келіскендігі бұл жауыздарды қанағаттандырмады. Густың қанына тоймаған олар жаңа құрбандардың қандарын төгуді аңсады, тек имандарынан бір жола бас тартқандар ғана, бұл сұмдықтан қашып құтылары айғақ болатын. Бірақ Иероним ендігі жерде олардың дегендерімен келіспейтінін және сенімінен ешқашанда бас тартпайтынын оларға жариялады. Осы жерде Иероним өзін өзі қорғауға олардың рұқсат етуін салтанатты түрде талап етті. Оның сөзінен шошынған прелаттар, реформатордан, оған тағылған кінәнің әділ немесе әділ еместігін растауын ғана сұрады. Мұндай қатыгездік пен әділетсіздікке Иероним әрине қарсы шықты. «Сендер мені 340 күн бойы қараңғы, лас, сасық қапаста ұстадыңдар. Ендігі жерде менің жауларымның көңілінен шығу үшін мені тыңдаудан бас тартып тұрсыңдар. Егер сендер шынымен дана болсаңдар, өздеріңді дүниенің жарығымыз - деп есептесеңдер, онда байқаңдар, шындыққа қарсы шығып күнәкар болып жүрмеңдер. Мен болсам, өлім тұзағы мойнында тұрған бейшарамын, әділетсіз шығарылып тұрған үкімге өзім үшін емес, өздерің үшін қарсылық білдіремін» - деді.

Осылайша оның өтініші қанағаттандырылды. Иероним сот мүшелерінің көзінше Құдай алдында тізе бүгіп, Киелі Рухтың оны қолдауын өтінді. Сол күні Алланың тұңғыш оқушыларына берген уәдесі орындалды. «Мен үшін сендер патшалар мен билердің алдына барасыңдар, сол кезде не айтам деп қам жемендер, өйткені өздерің емес, сендер үшін Киелі Рух сөйлейтін болады» (Матай 10: 18 - 20). Иеронимнің сол күні сөйлеген сөздері жауларын қатты таң қалдырды. Ол бір жыл бойы оқуға, жан жағын бақылауға мүмкіншілігі

болмай, арып - ашып қасірет шеккен адамға емес, керісінше сол жыл бойы ғылыми тәрбие алып, білім деңгейін көтерген адамға ұқсады.

Әрбір ұрпақтың заманында оларды ұлы істерге шабыттандырып, түзу тәрбие берген адамдар болған, олар қоғамнан қорлықпен қуғындалған, ал уақыт өте келе оларды қоғам қайра дәс көтерген. Тіпті әлемнің Құтқарушысы - Мәсіхтің Өзі зұлым деп айыпталып, Оған әділетсіз үкім шығарылды емес пе?

Алдында Иероним әлсіздік танытып, Гусқа шығарылған үкімді әділетті деп мойындаса, енді барша халықтың алдында, дегенінен бас тартып, оның кінәсіз екенін жариялады. «Мен Густы бала күнімнен білемін. Ол өте әділетті, ары таза, киелі адам болатын. Мен жауларымның алдында оның таза және оған әділетсіз үкім шығарышғандығын айта отырып, ақыр заманда Алланың жер бетіне келетінін, Оны ешкімнің де алдай алмайтындығын және Оның алдында әрбір адам баласы істеген ісіне қарай жауап беретіндігіне кепілдік беремін».

«Бала кезімнен бері менің жасаған күнәларымның ең ауыры досыма сатқындық жасағаным, өйткені мен ажал алдында қатты сескендім, сол үшін сіздердің көздеріңізше Жаратқан Иемнен кешірім сұраймын» - деді. Сонан соң сот мүшелеріне қарап, ол, сөзін тағы да жалғастырды: «Сіздер Уиклиф пен Ян Густы шіркеу ілімін бұрмалағаны үшін емес, дінді өз қолымызда ұстап тұрмыз деушілердің азғындығын, өркөкіректігін, сараңдығын және тағы да басқа масқара қылықтарын әшкерелегендері үшін өлтірдіңіздер» - деп, тақуаларға артқан қамыттарын өз мойындарына ілді. Сол - ақ екен ашуға тұншыққан прелаттар: «Осыдан артық қандай дәлел керек? Сіздердің алдарыңызда шіркеу ілімін бұрмалаушы нағыз есерсоқ тұр» - деп оның сөзін бөліп жіберді. Иероним болса, сабырлы үнмен сөзін қайта жалғастырды: «Мені өлімнен қорқады екен деп ойламаңыздар. Сіздер мені ажалдан он есе қорқынышты сасық қапаста ұстадыңыздар. Кеудесінде жаны бар демесеңіздер, тәнімнің көрмеген азабы жоқ, бірақ мен наразылық білдірейін деген ниетте емеспін, тек мәсіхшіге соншалықты қатыгездік жасағандарыңызға таң қаламын» - деді.

Сол-ақ екен тағы да наразылықтың дауылы көтерілді, ал Иероним қайрадан зынданға тасталды. Оның айтқан сөздерінің кейбір азаматтардың көкейіне қонымды болғаны соншалықты, олар түрмеге бірнеше рет келіп Иеронимді құтқарып қалуға қайта - қайта қам жасады. Көрнекті сановниктер* келіп, оны шіркеуге бағындырмақшы болды. Оған жарқын болашақты суреттеп, тәтті лебіздерімен алдап собормен келісімге келтіреміз деп ойлады. Бірақ Иероним айтқанынан

қайтпады. «Менің айтқан сөздерімнің қате екенін Киелі Жазба арқылы дәлелдеп беріңіздер, сонда мен сіздермен келісейін» - деді ол.

«Киелі Кітап! Оны шіркеусіз кім ұға алады?» - деп айғайлап жіберді әзәзілдердің бірі. Адамдардың салт-дәстүрлері Құтқарушымыздың Ізгі хабарынан артық болғаны ма сонда? - деп жауап берді Иероним. Пауыл пайғамбар не деп жазды? Салт дәстүрлерге емес, Құдай сөзіне сеніңдер деген жоқ па? Сонда ол «сен есерсоқсың» - деген жауап алды. «Бойыңды жын билеп алған екен, сенімен уақытымды бекер өткізіп-пін» - деп ызаға булықты сановник.

Иероним өлім жазасына кесілді. Оны да Густы өлтірген жерге алып келді. Жол бойы реформатор ән салып отырды, оның күллі назары Исаға ауды, сол себепті де ол ажалдан енді қорықпады. Жендет отты артынан қоймақшы болып еді, Иероним оған: «алдымнан келе бер, егер мен қорықсам, бұл жерге жетпеген болар едім» - деп дауыстады. Алау оты оның жан жағынан көтеріле бастағанда Иероним соңғы сөзін айтты: «Жаратқан Жалғыз Ием! Маған мейірім етіп, күнәларымды кешіре гөр, Сенің ақиқатыңа мен әрқашанда сүйсінетінмін, оны Өзің білесің». Осылайша халықтың камын ойлаған тағы да бір азамат зұлымдықтың құрбаны болды. Жаулары соңынан оның да күлін жинап алып, өзенге ағызып жіберді. Бірақ жер мен күннің қозғалысын ешкім тоқтата алмайтыны секілді, ақиқаттың үнін де өшіру мүмкін емес еді.

Густың қазасы Богемияда қобалжу туғызды. Барлық халық оның өлімін императордың сатқындығы мен дін әкелерінің қатыгездігінің нәтижесі деп есептеді. Ол ақиқаттың ұстазы деп атанып кеткен болатын, сол себепті оны өлім жазасына кескен собор кісі өлтірушы деп айыпталды. Кезінде папа Уиклифтің еңбектерін өртетіп жіберсе де, аман қалған кітаптары халық арасына кеңінен тараған болатын, енді жұрт оны тығып тастаған жерлерінен алып шығып, Киелі Кітаппен қатарластырып оқып, осылайша көптеген жандар реформаторлық дінді қабылдады.

Густың жаулары болып жатқан оқиғаны бақылап отыруға дәттері жетпеді, император мен папаның басқаруы бойынша, бұл қозғалысты басып тастау үшін Сигизмунд сарбаздарымен Богемияға шабуыл жасады.

Бірақ оларды қорғаушы да табылды. Богемия әскерін басқаруға сол кездің көрнекті генералдарының бірі Жижек шықты. Көп ұзамай генерал көзінен айрылып, соқыр болып қалды. Соған қарамастан Құдайдың әділдігі мен күшіне сенген бұл жандар жауларына ойсырата соққы берді. Император неше рет жаңа қарулы күштерін жіберген сайын, сонша рет олар жеңіліске ұшырап, масқара болып кері

қайтып отырды. Соғыс басталғаннан бірнеше жылдан кейін Жижка қаза болды, оның орнығаа дарындылығы бұрынғы генералдан артық болмаса кем түспейтін, өнерлі, ержүрек генерал Прокоп келді.

Соқыр жауынгердің қаза болғанын естіген богемияның жаулары, енді оларды басып тастайтын уақыт туды деп есептеді. Осылайша папа Густың ізбасарларына қанды жорық жариялады. Ол Еуропаның көпшілік елдерінен қару - жарақ, құралсайман, әскер жинады, сонымен қоса оның туының астына богемияның жеңілісін көргісі келгендер де жиналды. Папа әскерін жарақтап алып тағы да шабуылға аттанды. Екі жақтан екі әскер бір біріне қарама - қарсы жақындай түсіп, өзеннің екі жағына келіп тоқтады. Әрине күш жағымен салыстырғанда қанды жорықшылар өте мықты болатын, десе де өзеннен өтіп богемиялықтарды жайпауға тиісті болған әскер неге екені белгісіз кенеттен өздерінен өздері байбалам салып қаша жөнелді. Густықтар оларды қуып жетіп, қатты соққыға ұшыратты. Осылайша бұл соғыс богемиялықтарға жоқшылық емес, керісінше байлық әкелді.

Осыдан бірнеше жыл өткен соң жаңадан келген папа богемиялықтарға тағы да қанды жорық жариялады. Бұл жолы да ол барлық Еуропадан өзіне күш жинады, сонымен қоса «осы жорыққа қатысқандарға ең жиіркенішті деген күнәлары кешіріледі, өлгендер бірден жұмаққа барады, ал тірі қалғандары үлкен қазынаға ие болады» деген уәде берілді. Тағы да үлкен әскер шекараны басып өтіп Богемияға шабуыл жасады. Густықтар оларды ішке қарай кіргізіп алу мақсатында әдейі шегіне түсті. Ақыры Прокоптың әскері жауменен шайқасқа түсу үшін тоқтады. Олардың жаулары болса осы кезде ғана өз қателіктерін ұғып, әскери ұстанымға көше бастады. Дегенмен густықтар жиектен көрінбей жатыпақ, олардың жақындап келе жатқанының дүбірін естіген қанды жорықшылар сасқалақтай бастады. Кенеттен олардың генералдары да, қатардағы жауынгерлері де қаруларын тастап жан-жаққа қаша жөнелді. Бұл масқараға кедергі жасай алмаған папаның легатының* өзіне де олармен қосылып қашуына тура келді.

Осылайша Еуропаның ең күшті деген мемлекеттерінің ең мықты деген жауынгерлері азғантай ғана мемлекеттің шамалы ғана қолынан қорқып қашып, екінші рет жеңіліске ұшырады. Ал олардың байлықтары тағы да густықтардың қолында қалды. Бұл жолы да шапқыншылардың табиғидан жоғары күштің әсерінен жеңіліске ұшырағандары белгілі болды.

Қара теңізді қақ жарып, ең халқын өткізіп, перғауының әскерінің күл талқанын шығарған, мидиялықтардың әскерін Гедеоннан қашуға мәжбүр еткен, бір түннің ішінде менменшіл ассириялықтарды

ыдыратып жіберген Ұлы Күш, Қайратты Білек осы жолы да өз халқына көмекке келді. «Сен оларды масқаралайсың, өйткені Құдай оларға қарсы, Алла олардың сүйектерін үгітіп жібереді, қорқыныш жоқ жерде, ретсіз қорқатын болады» - делінген (Жыр. 52:6).

Енді папа оларды күшпен жеңе алмайтынын білген соң, жіңішке-леген саясатқа кірісті. Формалды түрде богемиялықтардың бостандықтарын қамтамасыз ететіндей шарт бекітілді, бірақ шын мәнінде олар бәрібір Римге бағынатын болды. Богемиялықтар келісім шартты бекіту үшін төрт тармақты енгізуді талап етті: Киелі Жазбаны ашық уағыздау, Құдайға мінәжат етуді өз тілдерінде өткізу, үкімет ұйымдарын басқаруға діндарларды жақындатпау, заңды бұзған дін әкелерін халық сотына тапсыру. Папалықтар бұл тармақтармен келісе отырып, олардың талқылануларын собордың билігіне қалдырды. Ол дегеніміз негізгі, маңызды сұрақтарды собор шешеді деген сөз, яғни соңғы сөз папа мен императордікі болмақ. Густықтардың талап еткен төрт тармағын талқылауға хұқық алған собор, Киелі Кітапты да өз еркінше талқылауға құқық алды, осылайша папалықтар өз максаттарына жетуді ойлады.

Мұндай келісім шарттың қауіпті екенін байқаған богемиялықтардың басым көпшілігі оған қарсы болды. Енді олардың арасында алауыздық пайда болып, ол қантөгіске әкеліп тіреді. Осы қантөгіс кезінде генерал Прокоп қайтыс болып, Богемия бостандығынан айрылды.

Гус пен Иеронимді қазаға ұшыратқан Сигизмунд Богемияның патшасы болып тағайындалды. Богемиялықтардың құқығын қорғауға серт берген ол, сөзінде тұрмай, керісінше папаның күшінің бекуіне әсерін тигізді. Римнің алдында жанытқанғанымен, оның тапқан пайдасы шамалы еді. Жиырма жыл бойы оның өмірі қауіп пен қобалжуға толы болатын. Ұзақ уақытқа созылған нәтижесіз соғыстар оның қазынасын шашқызып, әскерлерін тоздырып құртты. Бір жыл ғана патшалық еткен Сигизмунд мемлекетті азаматтық соғыстың шетіне әкеліп тіреп, өз есімін өзі масқаралап, ақыры өліп тынды.

Богемияда қантөгіс шайқас жалғаса берді және мұнда жатжерлік әскерлер келіп кірді. Олардың өз араларындағы алауыздық ұлтты қайыршылыққа ұшыратты, ал Құдай жолында жүрген шамалы қауым қуғын-сүргінге ұшырады. Богемиялықтардың басым көпшілігі Риммен келісім шартқа тұрған кезінде, оған қарсы болған адамдар «біріккен ағайын» деген атпен жеке шіркеу ашып бөлініп кеткен болатын. Бұл қылықтары оларды барша халыққа жек көрінішті етті, бірақ соған қарамастан олар қажырлық танытты. Құдайға бірігіп мінәжат ету үшін, Киелі Кітапты оқып зерттеу үшін олар ормандарды, тау мен тасты, үңгірлерді паналап, босып кетті.

Жер жерлерге жіберілген құпия хабаршылар арқылы олар басқа елдерде де бұлар секілді қуғынға ұшырап жатқан ақиқатты жақтаушы азаматтар барын естіді. Ал Альпада Киелі Кітапты басшылыққа ала отырып, Римнің салт - дәстүрлеріне қарсы шыққан шіркеу барын білді. Бұл жаңалықтар олардың еңсесін көтертіп, қатты қуантты. Осылайша богемиялықтар вальдендіктермен тығыз қарым-қатынас жасады. Богемиялықтардың үлесіне қатыгез жеребе* түскенімен, ақиқатпен тығыз байланыста болған олар, Густың «түн өтіп, күн шығар» деген сөзін естерінде мықты сақтады.

Бұл сөз оларға Жүсіп пайғамбарының кезінде халқына айтқан: «Мен өлермін, бірақ Шексіз Алла Өз халқын түнектен алып шығады» деп айтқан сөздерімен бірдей болатын.

XV ғасырдың аяғында «Біріккен ағайын» атты шіркеудің саны өсті. Олар бұрынғысынша қуғындалғанымен, тым қатты жазаланған жоқ. XVI ғасырдың басында Богемия және Моравий елдерінде 200 тақау шіркеу саналды. Гус айтқан таңның жарығын от пен найзадан аман қалған, Алланың осы ізбасарлары қарсы алды.

Өз кезеңінің адамы

Халықты папаның жалған ақиқатының шырмауынан, яғни түнектен алып шығу жолындағы ең ұлы істі басқарушылардың бірі Мартин Лютер болатын. Ақиқаттың негізі Киелі Жазба - деп білетін, Алладан басқа ешкімнен қорықпайтын ержүрек азамат Лютер арқылы Құдай халық ағарту ісін жүргізген.

Ізгі хабардың тұңғыш уағыздаушылары секілді Лютер де кедей қауымының арасынан шыққан. Оның әкесі кенші болған және ауыр бейнеттің астында жүріп жанұясын асыраған. Ол баласының білім алып, заңгер болғанын армандады, бірақ Жаратқан Ие оны Құдай үйінің ірге тасын қалаушы қылғанды жөн көрді. Шексіз данышпандықтың Иесі Лютерді қиындық, тапшылық, қатаң тәртіп арқылы өмір мектебінен өткізіп ұлы іске дайындады. Мартинның әкесі бір беткей, қатаң мінезді сонымен қоса адал, таза, ержүрек азамат болатын. Ол саналылығының арқасында монахтарға сенімсіздікпен қарады. Баласы оның рұқсатынсыз монастырға түскенде байғұс әкесі қатты қамықты. Арада екі жыл өтсе де Лютердің істеген ісіне бойы үйренгенмен, ойы өзгерген жоқ.

Мартинның ата-анасы балаларының тәрбиесіне көп көңіл бөлген, Алланы ұмытпай адам болып жетілуін аңсаған. Әкесі баласының қатысуымен жиі мінежат етіп, Құдайдан Мартинның Жаратқанды ұмытпай, Оның ақиқатын тарату жолында қызмет етуін сұрайтын. Балаларына дұрыс тәрбие беру жолында, ата-анасы бар күшін жұмсады. Кейде олар қатаңдық жасайтыны соншалықты, шектен шығып кететін кездері де болған. Реформатордың ойынша ата-анасы кей кездері қателескендерімен, мұндай қатаң тәрбиені ол бәрібір дұрыс деп есептеді.

Лютер мектепке ерте барып бала кезінен-ақ қатаң түгіл қатыгез тәрбиеге жолықты. Оның әке шешесі тақыр кедейлер болғанының салдарынан баласына жәрдем беретін мүмкіндіктері болмады, сол себепті басқа қалаға оқуға кеткен Лютер тапшылыққд ұшырап, үй-үйді аралап, ән салып жүріп күн көрді және көбінесе аш болып жүретін кездері де болды. Сол кездегі діннің қалыбына енгізілген толып кеткен ырым-жырымдар баланың жүрегін қатты толқытатын. Ұйықтар алдында болашағын ойласа болғаны, бәрін андып, бақылап қарап отыратын, ештеңемен келіспейтін қатыгез Құдай есіне түсіп жабырқайтын. Құдайдың мінезіне көңілі толмағанымен, сол ең биік санаға, өнегенің жоғарғы үлгісіне ол жан тәнімен ұмтылды.

Он сегіз жасында Мартин Эрфурт университетіне түсті, сол кезден бастап оның жағдайы шамалы жақсарды. Өйткені оның бейнетқор ата-анасы ақша жинап оған көмек көрсететіндей жағдайға жетті. Университетте жүрген кезінде мейірімді жастармен достасып, тығыз қарым-қатынас жасай келе, ол өзінің көңілсіз балалық шағын ұмыта бастады. Данышпандардың даналығын өзінің меншігіне айналдырған Лютер, олардың еңбектерін талаптана зерттеді.

Мұғалімдерінің тарапынан қатты қысымға ұшырап жүрген кездерінің өзінде де, болашаққа үмітпен қарап, алға қарай талпынған жас дарын ендігі жерде тұлға ретінде жақсы қалыптаса бастады. Зерек, қиялы дамыған, ой-өрісі кең, парасатты Лютер қатарынан озып шықты. Бұл жерде алған рухани тәрбиесі кейінен оның таптырмайтын қазынасына айналды.

Ол Құдайдан қатты қорқатын, ал бұл оның түзу жолдан тайып кетпеуіне себін тигізді. Лютер өзінің Құдай алдында әлсіз екенін жақсы түсінетін, сондықтан күн сайын Құдайға мінәжат етіп сыйынып отырды. Дұрыстап Құдайға сыйынып алу, тапсырманы жартылай жаттап алғаннан жақсы - деп есептейтін ол.

Бірде Лютер кітапханада керегін іздеп жүріп, Киелі Кітаптың лағынша аудармасын тауып алды. Бұрын ол шіркеуде, көпшілік жиналған жерлерде Ізгі хабар мен пайғамбарлар жазуларынан үзінділер еститін және Киелі Кітап сол үзінділерден тұрады деп ойлайтын, енді оның қолына алғашқы рет Киелі Кітаптың толық жазбасы түсті. Кітаптың әрбір парағын ашып оқыған сайын шексіз Алланың хатының оны толғандырғаны соншалықты, жүрегі лүпілдеп аузынан шығып кете жаздап тұрды. Арасында тоқтап: «Шіркін-ай, Құдай маған осындай кітапты сыйласа ғой»деп ойлап қояды. Жан жағын қоршап тұрған періштелер ақиқаттың қазынасын оған осылайша ашып керсетті. Лютер бұрын да Құдай туралы жаман сөз айтуға қорқатын, енді Оның қаншалықты биік, қаншалықты киелі екенін

жақсы ұққанда, өзінің қаншалықты күнәкар, бейшара күйде екенін тіпті де жақсы түсінді.

Өзінің күнәлары үшін кешірім алам деген ниетпен ол монастырға түсті. Сол жерде дін басшылары Лютерге ең лас жұмыстарды істетіп, қайыр садақа жинатып қойды. Ол жас болғандықтан жұрттың пікірі оны әрине қатты толғандыратын, дегенмен қанша қорланса да, бұл - менің күнәларым үшін Құдайдың жіберген қарғысы - деп мойындап, берілген тапсырманы ізеттілікпен орындайтын. Бос уақыт кездесіп қалса ұйқы ұйықтамауы бар сабаққа жүгіреді және де ең сүйікті кәсібі әрине Киелі Кітапты зерттеу болды. Бірде ол монастырдың қабырғасына шынжырланып тасталған Киелі Кітапты көрді және осы жерден өткен сайын жиі тоқтап айтулы көріністен көз ала алмай жиі ойланып жүрді. Өзінің қаншалықты күнәкар екендігі есіне түскенде, оны еңбегімен жуып - шайып кетіру үшін барынша тырысып бақты. Алланың алдында пәк болу үшін жүрегін тазарту мақсатында неше түрлі қорлықтарға көнді. Кейінен өткен өмірін еске ала отырып ол былай деп жазады: «Мен шынымен де әділетті монах болыпшын, орденнің ережелерін ауызбен айтқаннан да артығырақ орындаған екенмін, кімде кім мұндай ерлігімен жұмаққа кіретін құқыққа ие болса, бірінші болып мен кірген болар едім». Мұндай күйі әрі қарай жалғаса бергенде, ол көрге түсіп тыным табатын еді. Өзін өзі жаза-лап жүргенде ол күшін сарқылтып басы айналып, аяқ қолы тар-тып қалатын жағдайға душар болды, соған қарамастан оның жаны бәрібір тыныштала алмады. Өзін кінәлі сезінгені соншалықты, жаны әбден торықты.

«Бөрі бітті» - деп үміті үзілуге тақаған кезде мейірімді Құдай оған көмекші жіберді. Лютерге ақ жарқын мінезді, мейірбан азамат Штаупиц жолықты және Мартинге Киелі Кітапты дұрыс түсінуге көп көмегін тигізді. «Адам баласының күнәсін кешіру үшін Құдай Әке жерге Құтқарушы жіберді. Біздің күнәкар планетамызға Иса Мәсіх келіп, адамзат баласының күнәсін Өз мойнына алып, біз үшін құрбан болды. Ендігі жерде өз жаныңды өзің жегідей жей бермей, барлығын Жаратқанның қолына тапсыр. Оған бағын, Оған сен, Оны жақсы көр, өйткені Ол сен үшін жерге келді, сен үшін адамның табиғатын қабылдады, сен үшін қасиетті қанын төкті. Енді адамдарға ешқандай құрбандықтың қажеті жоқ. Біздің жанымызды азапқа салып қойып қарап отыру Алланың жоспарында болған емес, болмайды да». Бұл айтылған сөздер Лютердің көкейінен жақсы орын тапты. Бойындағы кесірді кетіру мақсатында ұзаққа созылған нәтижесіз шайқастан кейін, шындықты енді таныған Мартиннің жаны сонда ғана жай тапты.

Діни дәрежесі көтерілгеннен кейін Лютер Виттенберг университетіне мұғалім болып сабақ беруге шақырылды. Осы жерде ол Киелі Кітаптың түп нұсқасын зерттей бастады және сонымен қатар Киелі Кітап бойынша дәріс берді. Лютердің іліміне қызығушылық танытқан тыңдаушылары Забур жырларын, Ізгі хабар уағыздаушыларын, пайғамбарлар жазбаларын ізеттілікпен зерттеді. Оның досы Штаупиц Лютердің мінбеден Құдай сөзін уағыздауын өтінді. Бірақ Лютер бұл жауапты іске өзін дайын емеспін деп есептеп, кейіннен көп ойланып барып, айтулы өтінішті қабыл алды. Бұл оның Киелі Кітапты біраз талдап, жақсы игеріп қалған кезі болатын. Лютер өзінің білімімен, ділмарлығымен тыңдаушыларын сүйсіндірді.

Десе де ол өзін баяғысынша «папаның шіркеуінің адал ұлымын»-деп есептеді. Енді Алланың жоспары бойынша ол Римге жол жүріп кетті. Жаяу сапар шеккен Лютер, жол-жөнекей монастырларға тоқтап отырды. Монахтардың мемлекет қазынасынан қаржы алып, акшаны судай шашып, киініп, ішініп, әсем үйлерде тұрып жатқандарын көргенде ол қайран қалды және көргендерін өзінің қарапайым өмірімен салыстыра келе түк түсінбей абыржыды, бойын белгісіз бір мұң кернеді.

Ақыры ол өзінің алыстан аңсап келген қаласы Римді көрді. Жан дүниесінің қобалжып кеткені соншалықты: «Сәлем бердім саған киелі Рим!»-деп ол жерге құлай кетті. Лютер каланы аралап, шіркеулерге барып, монахтар мен дін әкелерінің ғажайып әңгімелерін тындап, олардың барлық діни рәсімдеріне қатысты. Сонымен қоса ол көптеген әдепсіздіктер мен заңсыздықтардың куәсі болды. Әрбір дәрежелердегі дін иелерінің азғындық қылықтарын көрді, тіпті мінәжат ету сәтіндегі прелалардың неше түрлі әзілдеріне таң қалып, қатты қапаланды. Монахтардың да, кала халықтарының да арасында нешесі түрлі азғындықтар болып жатқанын байқады. Ол өдептілікпен ізеттіліктің орнына заңсыздықтармен бетпе-бет кездесіп отырды. «Римде неше түрлі күнәлар жасалып масқара болып жатыр, айтса оған ешкім сенбес, әркім өз көзімен көруі керек». Тіпті: «Егер дозақ бар болса, онда Рим дозақтың үстінде қаланған, бұл - күнә қайнап шығып жатқан шыңырау» - деген мақалдар пайда болды - деп жазды Лютер.

Папа өзінің қаулысында: «кімде кім Пилат баспалдағымен ең жоғарысына дейін тізерлеп көтерілсе, сол адамға барлық күнәлары кешіріледі» деген уәде берді. Сонымен қоса «бұл баспалдақты кезінде Құтқарушымыз да басқан және ол таңғажайып жағдайларда Иерусалимнен Римге көшірілген» деген лақап сөз де тараған болатын. Бірде Лютер осы баспалдақпен тізерлеп көтеріліп келе жатқанда:

«Адамды дозақтан иман құтқарады!» деген ғажайып дауысты естіп, жаны түршіккені соншалықты, жедел түрде орнынан тұрып жүріп кетті. Бұл сездер оның жадында жақсы сақталды. Шынымен де өз ісімен, өз күшімен адам қалай дозақтан құтқарылмақ? деген ой туындады оның көкейінде. Осылайша ол Римнен, папаның шіркеуінен алыстай түсті.

Лютер Римнен оралғаннан кейін Виттенберг университетінде жүріп Құдай тану ілімінің докторы дәрежесіне көтерілді. Осыдан кейін оның уақыты кеңейіп, ол Киелі Кітапты зерттеуге кірісті. Осы күннен бастап папаның сөздерін емес, тек Құдай Сөзін ғана уағыздауға өз өзіне салтанатты түрде уәде берді. Енді ол қарапайым монах немесе профессор ғана емес, ақиқатты бар ниетімен аңсаған адамдарға Ізгі хабарды уағыздаушы беделді діни ұстазға айналды. Имандылардың ілімінің түп тамыры Киелі Кітап болуы керек - деп есептеді ол. Реформацияның негізгі ұстанымы да осы болатын. Лютердің бұл айтқан сөздері папаның билігінің негізіне ойсырата соққы тигізді.

Адамның теориясының Құдай Сөзінің үстіне шығарылуы олардың өздері үшін қауіпті екенін Лютер жақсы түсінді. Сондықтанда ол ұзақ уақыт бойы адамның санасын баурап алған философия мен болашағы жоқ жалған ілімді әшкереледі. Мұндай ілімнің пайдасының жоғын ғана емес, сонымен қатар зиянды екенін айтты. Лютер өзінің тыңдаушыларының назарын философтардың жалған ақиқаттарынан пайғамбарлардың айтып кеткен шындығына қарай бұрды. Мұндай сөздерді халық бұрын соңды естіп көрмеген болатын. Олар Құтқарушы туралы Ізгі хабарды естігенде, Жаратқанның адамның адал досы екенін білгенде, жүректері қуанышқа беленіп, жандарына сенім мен үміт азық болды. Виттенбергте жанған шырақ барлық жерлерге сәулесін шашып, ақыр тақаған сайын жарқырай түспек. Түнек пен жарық біріге алмайтыны секілді, ақиқат пен зұлымдықтың арасында да аяусыз шайқас жүріп жатыр. Бір кездері Құтқарушымыз Иса Мәсіх былай деген болатын: «Мен сендерге бейбітшілік әкелу үшін емес, қылыш әкелу үшін келдім» (Матай 10:34). Лютер өткен күндерді есіне ала отырып: «Құдай мені жетелеп келе жатқан жоқ, Ол мені арқамнан итеріп келе жатыр. Өзімді-өзім билеуден қалдым. Тыныштықты қанша іздегеніммен таппадым, нағыз шайқастың бел ортасында жүрмін» дейді. Енді оны шынымен де соғыс алаңы күтіп тұрды.

Католиктердің қауымы Жарылқаушының берген игілігін сауда-саттыққа айналдырды. Шіркеу мехрабының алдына жиналған сатушы және сатып алушы тобырдың айғайы өуені шайқалтты.

Олар Римде «киелі Петірдің есімімен аталатын шіркеу саламыз»-деген лақаппен барша хапыққа индульгенцияларды сата бастады. Католиктер қылымыстың құнымен шіркеу орнатып, заңсыздықтың құнымен оның ірге тасын қалауға дайындықтар жасады. Осылайша ағағын шарықтатпак болған Рим, керісінше өзіне өзі ойсырата соққы тигізді. Олардың өз қылыштарымен өздеріне жинап алған жаулары папаның тағын шайқалтып, тиарасын құлатты.

Бұрын азғындық істерімен танымал болған, кейін Германияда индульгенцияларды сатуды басқарған Тецель деген шенеунік, әділетті жазадан құтылып кеткені былай тұрсын, папаның опасыз қылықтарын іске асыруға жәрдемдесті. Ол жұртты өтірік аңыздармен тойдырып, неше түрлі ғажайыптарға сендірді. Егер де халық Құдай сөзін білгенде оларды ешкім алдай алмаған болар еді, бірақ Рим халыққа Киелі Кітапты көрсетпей, оларды діни сауатсыз қылып ұстап, өздерінің менменшіл көсемдерінің байлығы мен билігін асыра түсті. Қалаға кіріп келе жатқан Тецельдің алдында жүріп отырған хабаршы: «Киелі әкемізбен Құдайдың игілігі бізге де жетті»деп ұран салды. Ал халық болса, бұл өтірікшіні Құдайдың жіберген елшісіндей көріп қошеметтеп қарсы алды. Тецель халыққа мінбеден сөз сөйлеп, оларға индульгенцияны Құдайдың жіберген сыйы - деп уағыздады. Осылайша шіркеуде индульгенция жаппай сатыла бастады. Индульгенцияны сатып алған адамға тіпті тәубаға келудің де қажеті жоқ, ейткені оның бұрын сонды болған күнәлары және болашақтағы жасалатын күнәлары кешіріледі - деп ұғындырылды. «Индульгенция тірі түгіл өліні дозақтан құтқарады, тек оның жәшігінде акшаның сылдыры шықса болғаны, мәйіттің жаны дозақтан шыға салып, бірден жұмаққа аттанады»деген, ақылға қонбайтын аңыздарға ол карапайымдарды сендірді. «Бірде Симон - сиқыршы неше түрлі кереметтерді көрсете алуымыз үшін сендерден акшаға күш сатып алайық, дегенде, Петр елші оған: «Құдайдың сыйын ақшаға сатыға алам деген харам ойың үшін, ақшаңмен бірге құрысың»деп жауап береген болатын» (Елш. 8:20). Бірақ Тецельдің ұсынысы мыңдаған халықтың көкейіне қонымды болып, алтын мен күміс оның есеп шотына судай құйылды.

Десе де католиктер шіркеуінде бұл ақылға қонбайтын масқараға қарсы болған азаматтар да табылды. Бұл сауда-саттықты тоқтатуға бірде бір прелат қимыл жасаған жоқ, ал парасатты ер азаматтар қатты қобалжулы болды, олардың кебі: «Құдай бір жөнін тауып шіркеуді тазартар ма екен?»деген ниетте жүрді. Әлі де болса папаның жағында тұрған Лютер, мұндай масқараны көргенде жаны түршікті. Діни ұстаздары ретінде Лютерге келетін көпшілік халық оған

күнөсін баяндап, тәубаға түсу үшін емес, индульгенцияның иегері болғанын хабарлау үшін келіп жатты. Ал Лютер болса оларға: «егер тәубаларыңа келіп, өмірлеріңді өзгертпесендер, дозаққа түсесіндер» - деп, халықты кейін қайтарып отырды. Мұны естіп наразы болған көпшілік Тецельге келіп арыз жазып, ал ең өжет дегендері ақшаларын қайтаруды талап етті. Ызаға булыққан монах, киелі индульгенцияларға қарсы шыққан есерсоқтарды өртеуге папа рұқсат берді - деп арыз тастады.

Осыдан кейін Лютер ақиқат үшін ашық шайкасуға кірісті. Ол мінбеден халыққа күнәнің қаншалықты жиіркенішті екенін және оны адамдар ешқандай да істерімен жуып кетіре алмайтындарын, тек Исаның алдында күнәларын ашық баяндаса, барлық ішкі дүниелерімен тәубаға келсе ғана олардың күнәларының кешірілетінін және адамдарды дозақтан құтқаратын олардың иманы екенін айтып түсіндірді. Алланың шапағатын ақшаға сатып алу мүмкін емес, ол Құдайдың адамдарға берген сыйы екенін бейшараларға ұғындырды. Индульгенцияларды сатып алмаңдар, керісінше Жаратқанның алдына келіңдер, барлық сырларың мен құпия істеріңді Оған айтыңдар, ішкі дүниелеріңді осылай тазартыңдар - деп, оларға өзінің басынан өткен оқиғаларды айтып, өз тәжірибелерімен бөлісті.

Ал Тецель болса өзінің азғындық істерін жалғастыра берді. Лютер бұл масқараны тоқтату үшін бар күшін салды және ол үшін мұндай мүмкіндік пайда болды. «Әулиелердің» күніне арналған мерекеге дайындық жүріп жатты. Әдетте бұл мерекеге көп халық жиналатын. Лютер шіркеуге бет алған топпен араласып, байқаусызда индульгенцияға қарсы 95 тезис жазышған парақты шіркеудің есігіне іліп қойды және өзінің тезистерін қарсыластарының қатысуымен қорғайтыны жайлы арыз тастады. Енді жұрттың көңілі тезистерге ауып, барлығы оны қдйта - қайта қайталап оқып жатты. Университетте де, қала ішінде де толқу басталды. Бұл тезистерде: «Адамға папа болсын, басқа біреу болсын халықтың күнәсін кешіруге ешқашанда билік берілген жоқ, адамның күнәсін тек Құдай ғана кешіре алады. Бұл дегеніміз - халықтың сенімін пайдаланып, папаның қазынасын толықтырудың әрекеті. Бір сезбен айтатын болсақ, адамзаттың жанын жаһаннамнан бірақ шығару үшін сызылған ібілістің жоспары» - делінген. Адамзатқа ең қажетті қазына - Ізгі хабар, яғни халықты иманға келтіру, сенімін шыңдау.

Лютердің тезистері ақиқаттың жауларына қадалған жебе секілденді. Бірақ оны қабылдауға ешкімнің дәті бармады. Бірнеше күннен кейін Лютердің көтерген сұрақтары туралы барлық Германия естіді. Шындықты қолдайтын және болып жатқан масқараны тоқтатуға

пәрмені келмеген кейбір католиктердің бұл тезистерді оқығанда қуанышында шек болмады. Олар Лютердің тезистерінен Құдайдың үнін естігендей болды. «Менменшіл папаның билігі енді шектелетін шығар»деп ойлаған ханзадалар мен магистраттар іштей масаттанды. Ал күнә жасауға әбден жаттығып қалған, не болса соған сене беретін тобыр қауіп пен қорқынышты қалғытып ұстайтын тәтті өтіріктен айрылып қаламыз ба? - деп шынымен де алаңдады. Папа және дін әкелері қатты наразылық білдірді, өйткені масқара істері әшкереленіп, олар жұрттың сенімінен айрылса, соның нәтижесінде қазына сарайлары жұдап қалмақ. Енді Лютердің жаулары оған одан сайын өшіге түсті. Біреулер оны ештеңенің барысын бақыламайтын, тым қызба мінезді бейбақ - деп кінәласа, енді біреулері Құдайға емес өз өзіне сеніп жүрген мақтаншақ - деп жазғырды. Қандайда болмасын жаңалық енгізген адам ылғи да өркөкірек болып көрінетінін кім білмейді - деп жауап берді оларға Лютер. Неліктен Құтқарушымыз Иса Мәсіх пен Оның соңынан ерген шейттер кездерінде өлім жазасына кесілді? Өйткені жұрттар оларды сол кездердің даналықтарын менсінбей, жаңалықтар енгізген менменшілдер - деп есептеді. Сендерге айтарым: «менің дегенім емес, Құдайдың дегені болады, егер бұл Алланың ісі болмаса, онда ол ешқашан өркендемейді, егерде оны Алла басқарса, ешкім тоқтата алмайды».

Лютер Қасиетті Рухтың қолдауымен іс жасап жүрсе де, оны қатыгез шайқас тосып тұрды. Жауларының сөгісі қуатты толқынша келіп оны соқты, оған реформатордың пиғылын түсінбегендік, оның өзі мен ісіне әділетсіз баға берілгендігі - осының барлығы із-түссіз өтіп кете алмады. Ол, шіркеуде де, оқу орындарында да халықты бастаушылар реформация ісіне жұмыла кіріседі - деп ойлады. Бірақ оның ойлағаны болмай шықты, Лютердің сөзін сөйлеп, оны жігерлендіріп, рухын көтерген адамдар енді оған қарсы болды. Көптеген мемлекет және шіркеу сановниктері Лютердің тезистерінің ақиқат екенін біле тұра оны қолдамады, керісінше қарсы шықты, өйткені олар халықты өз бетімен ойлауға, өз бетімен шешім қабылдауға және тек қана Құдайға бағынуға тәрбиелесе, онда халықтың көзі ашылып, нәтижесінде, біріншіден Римнің қазына сарайларына келіп түсіп жатқан қаражат күрт тоқталмақшы, екіншіден езін Құдай санап отырған папаның беделі және оған қоса сановниктердің* де беделі түспекші. Осының барлығын ойлай келе олар Алланың ілімін емес, адамның ілімін уағыздауды құп көрді. Сол жандар өздеріне саналы ілімді уағыздаған реформаторға емес, Исаға және Оның ақиқатына қарсы шықты.

Енді Лютердің үлесіне қатыгез тағдыр тап болды, себебі оған ақиқат үшін жалғыз күресуіне тура келді. Кейде оның көкейінде:

«осы мені Алла жетелеп келе ме екен?» деген сұрақтар туындайтын. Барлық жер бетінің патшаларын безек қаққызатын папаға қарсы шығатын мен кімін? Менің қанша бейнет көргенімді ешкім білмейді, қасіретімді бөлісетін кім бар? Осындай, жанына сүйеніш болар жан жоқ кездері, ол Құдайға ғана сеніп, Оған бар пәрменімен бағынуды үйренді.

Лютер өзінің пікірлесіне жазған хатында: «Құдай сөзінің мән-мағынасын ұғыну алдындағы бірінші міндет - Аллаға бар ниетіңмен сыйынып алу. Өз күшіңмен қандай да бір жетістіктерге жетеді екенмін - деп ойлама, ісінді Аллаға тапсыр, Оның қасиетті Рухының жетелеуін тіле. Өйткені Жазбаны тек оның Авторы ғана түсіндіріп бере алады және Ол: «Балаларыңның бәрі Төңір иеден төлім алады» - деп Өзі айтқан болатын. Неше түрлі өмірді басынан өткерген маған сен» - деген еді. Осынау ұлы ақиқаттарды уағыздауға Құдаймен таңдап алынған адамдар бұл тәжірибелерден өздеріне сабақ алулары керек. Уағыздалып жатқан ақиқаттар Джалдың және оның аңыздарына сеніп жүрген бейшаралардың ызакегін қоздырады. Ібіліс және оның қаралы күштерімен шайқасу үшін адамның ақылы мен даналығы жетпейді.

Лютердің қарсыластары папаның беделін мойындап, шіркеудің неше түрлі ырым - жырымдарына бағынса, Лютер тек Құдайға ғана бағынып, Оның сөзіне ғана сенді. Ашуға берілген формализмнің құлдары Киелі Жазбадан алынған дәлелдерді «өтірік» - деп айта алмады, сол себепті бір кездері Мәсіх Исаны өлтіруге құштар болған парызшылар секілді, бұл реформацияның жаулары да Лютердің қанын төгуге құштар болды. «Бұл есерсоқ!» - деп жандары ышқына айғайлады Рим жақтаушылары. Олар: «Лютерге бір сағат та өмір сүруге болмайды, оның көзін жедел түрде жою керек, бұл есерсоқты тірі жүргізіп қою кешірілмес күнә»деп есептеді. Бірақ тағдыр Лютерді оның жауларының назасынан қорғап тұрды, өйткені Құдайдың жоспары бойынша реформатор бастаған ісін аяқтауға тиісті болды. Лютерден тәлім алған азаматтардың кейбіреулері ақиқат жолындағы күресте көрініп қалып, Ібілістің жауыздығының құрбанына айналды. Соған қарамастан Лютердің ілімі барлық Германияның ойшыл азаматтарының көңілінен шықты. Халық бірте-бірте жалған ақиқат пен ырым-жырымдардың құрсауынан босап шығып, Жаратқанның сөзіне көңіл аудара бастады. Тірі сенім өлі формализмнің орнын басты. Басқа ілім тең келе алмайтын, ұстараша тіліп отыратын Құдай Сөзі адамдардың жүректеріне жол салды. Осылайша ақиқатты аңсаған адамдар енді оны құмға сіңген судай сімірді. Ғасыр бойы халық арасында соншалықты серпіліс болған емес. Ұзақ уақыт бойы ырым-жырымдарға,

салтдәстүрлерге сүйенген, жер бетінен аратүсуші іздеген адамдар, енді тәубәларына келіп, сеніммен Мәсіхқа бой ұсынды.

Мұндай ұлы серпіліс папаның сановниктерінің тынышын кетірді. Осы болып жатқан жағдайларға түсініктеме беру үшін Лютер Римге шақыртылды, ал оның достары бұл хабарды естіп қатты қобалжыды. Лютердің Римге жол жүруіне қарсы болған олар, реформатордың барлық түсініктемелерді папаға Германиядан шықпай-ақ беруін талап етті. Бұл қойылған талап қанағаттандырылып, Лютердің ісін қарау үшін Германияға папаның өкілі келді. Ол реформаторды соттап қамауға алмақ болды, ейткені Лютер алдын ала «есерсоқ» деп айыпталып қойған болатын. Ал олай істей алмаған жағдайда реформаторды күллі Германия бойынша заңнан тыс (заң арқылы қорғануға құқысыз) деп жариялап, оны және онымен еңбектестерді шіркеуден шеттетуге тиісті болды. Сонымен қоса папа бұл ілімді түп орнымен құрту үшін, Лютердің ілімін қабылдағандарды шіркеуден шеттетіп, ал оның іс-әрекетіне тыйым салмағандарды, мемлекет және шіркеу басшылары болғандарына қарамастан, императордан өзгелері Римнен жазасын алулары керек - деген шешім шығарды.

Осы қылықтарының өзі папаның қандай рухпен қаруланып тұрғанын жақсы керсетті. Лютер Римнен өте алыс жерде тұрып еңбектенгендіктен, оларға өз көзқарасын түсіндіруге мүмкіндігі болған жоқ, соған қарамастан Люхер «есалаң» - деп айыпталып, сотқа тартышып, бір күннің ішінде ісі қаралып, кінәлі деп табылып, оған үкім шығарылды. Істің мән-жайына, анық-танығына көңіл аударған ешкім болған жоқ. Осының барлығы мемлекетте де, шіркеуде де «күнәсіз» - деп танылатын «киелі әкенің» ісі болатын.

Осындай басына күн туып тұрған кезеңде Лютердің пікірін бөлісетін дос оған өте қажет болды және Алланың жазуы бойынша ондай дос табылды да. Виттенбергке Меланхтон деген азамат келді. Сабырлы, ұялшақ жас жігіт өзінің білімділігімен, ойшылдығымен, сөз шеберлігімен, тазалығымен маңайындағылардың сыйқұрметіне бөленді. Оның тамаша қабілеті болмысындағы сезгіштік, әдептілік сияқты қасиеттерін жасырып қала алмады. Меланхтон ізгі хабарды бар ниетімен қабылдап, көп ұзамай-ақ Лютердің ең жақын досына айналды және оның ілтипаттылығы мен ұқыптылығы Лютердің батылдығы мен қайраттылығын толықтырып тұрды. Олардың еңбектес болғаны Лютерге үлкен тірек болып, реформация ісінің алға басуына көп күш берді.

Лютердің ісі бойынша сот Аугсбургте өтетін болды және Лютер онда жаяу аттанды. Оның өміріне үлкен қауіп төніп тұрды, сол себепті Лютердің достары оның еңбегін уақытша доғара тұрып, бір

жерде жасырына тұруын өтінді. Бірақ Лютер бұған келіспеді: «Мен айтысатын және араздасатын Еремия секілдімін» (Ерм. 15:10) - деді ол. «Олар мені қорқытқан сайын мен қуана түсемін... «Рим менің атымды, абыройымды, намысымды жойды, енді жанымды алам десе алсын, өмірімді бірнеше сағатқа қысқартқаннан басқа не істей алады, бірақ олар менің сенімімді ала алмайды, өйткені ол Құдайға ғана тән. Мен болсам Құдай үшін, Оның ісі үшін кез келген сәтте құрбан болуға дайынмын».

Лютердің Аугсбургке келгеніне папаның легаты* іштей риза болды. Енді олар барлық әлемнің көңілін өзіне аударған есалаңды қолдан шығарып алмаудың қамын қарастырды. Лютердің достары оны жауларының алдына императордың қорғау қағазынсыз жібермеу үшін қолдан келгендерінің барлығын жасады, ал папалықтар Лютерді дегенінен бас тартуға мәжбүр етеміз, көнбеген жағдайда Римге жіберіп Гус пен Иеронимнің кебінін кигіземіз - деп ойлады. Ақшаға қызыққан сатқындар, Лютерді папаның легатының алдына қорғау қағазынсыз баруға көндірмек болды, бірақ Лютер бұл жасанды жоспардан үзілді-кесілді бас тартып, императордың қорғау қағазынсыз ешқайда да бармайтынын айтты.

Ыңғайларына келмей қойған соң жаулары оны алдауға кірісті. Лютермен кездесу кезінде папаның легаты онымен жылы-жылы сойлесті және реформаторды өзінің ілімінің барлық тармақтарынан бас тартып, шіркеуге толық бағынуын өтінді. Дегенмен ол өзінің алдында тұрған адамды дұрыс бағаламаған болатын. Лютер болса оның сұрақтарына жауап бере отырып, өзінің шіркеуді сыйлайтынын, сонымен қоса бар ықыласымен шындықты іздейтінін және қойылатын барлық сұрақтарға жауап беруге дайын екенін, сол секілді бұл сұрақтардың басқарушы университеттермен қаралуына қарсы емес екендігін айтты.

Оған езілімінен бас тарту керектігі неше рет қайталанып айтылғанымен, реформатор ақиқаттан ешқашанда бас тарта алмайтынын айтып, өз сөзінің шындық екенін Киелі Кітап арқылы дәлелдеп берді. Оның сөзіне жауап таппаған папаның легаты Лютерді біресе балағаттап, біресе ата дәстүрін сақтау керектігін айтып, оны алдап-сулап, шіркеу әкелерінің айтып қалдырған дәйек сөздерінен мысал келтіріп, реформатордың аузын аштырмауға тырысты. Түкке тұрмайтын әңгімеден кейін Лютер зорға деп жауапты жазбаша түрде беруге рұқсат алды.

Олай етуімнің екі түрлі себебі бар - дейді ол досына жазған хатында - біріншіден жазбаша берілген түсіндірмені әр түрлі адамдар оқып сарапқа сала алады, екіншіден бөсі беретін қаныпезердің арын оята

алмағаныммен, ең болмаса оны үрейлендіріп, сабасына түсіретіндей мүмкіндік пайда болмақ, керісінше жағдайда өзінің тәккапарлыққа толы екпінді сезімен ол кімнің болса да аузын жаба алады».

Келесі кездесуге Лютер барлық сұрақтарға жазбаша түрде жауап дайындағай хатын ала келді, сонан соң оны дауыстап оқып, артынша хатты кардиналдың қолына ұсынды. Ашуға булыққан кардинал бұл хаттың іске еш қатысы жоқ, бос сөз - деп лақтырып жіберді. Ал Лютер болса, кезегі келген кезде кардиналдың сенетін салт - дәстүрлері туралы айтып, бұл дәстүрлердің ешқандай негізі жоқ екенін Киелі Кітап арқылы дәлелдеп берді. Лютердің дәлелдеріне жауап таппаған прелаттың ашуға булыққаны соншалықты: «сөзіңнен бас тартпасаң, мен сені Римге жіберіп, сотқа тартқызамын, ал сенің соңыңнан ергендердің барлығын анафемаға ұсынамын және саған жаны ашитындарды шіркеуден шеттетемін» - деп жұлқынды. Соңында «Іліміңнен бас тарт, не болмаса көзіме енді көрінуші болма» - жаны ышқынып айғайлап қалды. Осы сөздерден кейін Лютер прелаттың бөлмесінен дереу шығып, достарын ерітіп кетіп отырды, ал бұл дегеніміз - оның жауларының ұсынысын қабылдамайтынының дәлелі еді. Лютерді қорқытып, дегенінен бас тартқызам - деп үміттенген кардинал, ендігі жерде өзінің өкінішін жасыра алмады.

Лютердің өжеттілікпен сөйлеген сөздері ізсіз қалған жоқ. Кездесуде болғандардың қай жақ дұрыс, қай жақ бұрыс екенін салыстырып, шешім қабылдайтын уақыттары жеткілікті болды. Тек ойлап қараңыздаршы, қандай өткір айырмашылық! Құдайдың күшімен қаруланып, ақиқатты бар ықыласымен қорғап тұрған қарапайым реформатор мен өз сөзінің дұрыстығына Киелі Жазудан дәлел таба алмай құр айқаймен күш сынасқан өркөкірек, менменшіл папаның көсемі. Осыған не айта аласыздар?

Қолында қорғау қағазының болғанына қарамастан Лютерге үлкен қауіп төніп тұрды, сол себепті оның достары Лютердің жедел түрде Аугсбургті тастап Виттенбергке аттануын өтінді. Лютерге жол-жөнекей өте байқаулы болуына тура келді. Осыдан кейін қасында магистратпен* берілген жалғыз жол серігі бар реформатор, екі салт атты болып түн ішінде қаладан аттанды. Жүрегі тоғанысқа толы болған реформатор түнгі қаланың көшелерімен келе жатқанда өте қобалжулы болды өйткені қатыгез жауларының оны өлтіруге дайындалып, тісін қайрап оғырғаны белгілі болатын. Құрылып қойылған қақпаннан аман-есен өте алар ма екен? Осы сәтте Лютер қатты алаңдады, сонымен қоса ұйып тұрып дұға оқып отырды. Міне енді олар қала қақпасына да жетті. Қақпалар ашылып, олар еш кедергісіз қаладан шықты. Қала қақпасының сыртына шыққанша сақтықпен

келе жатқан олар, қаладан шықсымен еркін дем алып, жүрістерін жеделдете түсті. «Қолымызға түсті ме?» деген адамның ебін тауып, сытылып кеткенін естіген прелат әрі қайран қалып, әрі ызадан тұншығып кете жаздады. «Шіркеуге ылаң салушының өлімін тамашалаймын» - деп отырған прелаттың көгілдір арманы орындалмай қалды. Ит өшін тырнадан алады дегендей, прелат енді өшін саксондық курфюрст Фридрихтен алудың қамына кірісті, сейтіп оған Лютердің Римге жіберілуін немесе Саксониядан біржола қуылуын талап ететіні жайлы хат жолдады. Ал Лютер болса олардан өзінің әділ немесе әділ еместігін Киелі Кітапты негізге ала отыра дәлелдеп берулерін талап етті, сонымен қоса осыншалық ұлы істі жүргізуге өзін таңдап алған Аллаға алғысын жаудырды.

Курфюрст Лютердің ілімімен жете таныс болмағанымен, оның сөзінің айқындығы, күші және тазалығы Фридрихты қайран қалдырмай қойған жоқ. Сол себепті прелатқа жолдаған жауап хатында курфюрст: «Сіз доктор Мартин Лютердің Аутсбургке келгеніне қанағаттануыңыз керек еді. Сіздің, сөзіңіздің дұрыстығына оның көзін жеткізіп, жылы сөйлескеннің орнына, билігіңізді көрсетіп күштедіңіз, сондықтан болар ол сіздің рұқсатыңызға қарамай кетіп отырды. Осы уақытқа дейін Лютердің ілімі қате деп бірде бір оқымысты азамат айтқан емес, сол себепті мен оны Римге аттандырудан да, өзімнің иелік ететін жерімнен қуып шығудан да бас тартамын» деді.

Қоғамның қай саласында болмасын азғындықтың көбейіп бара жатқаны және дәл осы кезде оларға реформаның өте қажет екенін курфюрст жаксы білді. Егер адамдар арын таза ұстап, Алланың дегенін орындап отырса, онда қылмысты жою үшін қаражат жұмсаудың да қажеті болмаған болар еді. Ал Лютердің ілімі осындай кезде шөлдеп келе жатқан адамның аптығын басатын сумен бірдей болатын, сондықтан курфюрст бұл ілімді қолдады және оған езі іштей риза болды. Соған қоса Фридрих Лютердің университеттегі атақты және табысты профессор екенін де байқамай қойған жоқ.

Лютердің тезистерінің таралуынан кейін, әулиелердің мерекесіне жиналатын пилигримдердің саны күрт азайды және соның нәтижесі ретінде Римнің қазына сарайына үйіліп түсіп жататын қаражат та азайды. Есесіне Виттенберг университетінің студенттерінің саны көбейе түсті. Лютердің ілімінің адамдардың Киелі Кітапты зерттеуге қызығушылығын оятқаны соншалықты, Виттенберг университетіне Германияның жер жерінен ғана емес, сол сияқты басқада мемлекеттерден көптеген жастар келе бастады. Виттенбергке оқуға келген және оны бірінші көріп тұрған жастар қолдарын көкке көтеріп, кезінде жарықтың жер-жерге Сионнан тарағаны секілді

ақиқаттың жарығының Виттенбергтен тарағанына, Жаратқанға алғыстарын білдірді.

Ол кезде Лютер католицизм ілімінен әлі де болса түңіле қоймаған болатын. қиелі ақиқаттарды папаның ілімі және қаулыларымен салыстыра келе ол қайран қалды. «Мен папаның қаулыларын оқи келе танданам - деп жазды ол, - папа Мәсіхтің қарсыласы ма (анти-христ) немесе оның елшісі ме, өйткені оның істерінде Мәсіх соншалықты ұсқынсыз бейнеленген және айқышқа керілген». Лютер бұл кезде елі де болса Рим шіркеуінің жағында болатын және одан бөлініп шығам деген ойы да болған жоқ.

Осыдан кейін оның ілімі күллі мәсіхшілер арасына тарап, Швейцария, Голландия, Франция, Испания елдерінде тамырын жайды. Сол секілді бұл ілімді Бельгия, Италия және Англия құшақ жая қарсы алды. Мыңдаған адамдар аяққолдарын матап тұрған өлім тұзағын ағытып тастап қуанышты үмітпен және сеніммен жаңа өмірге ояңды.

Лютердің ісі Римнің наразылығын өршіте түсті, бойларын айгу кернеген кейбір католиктер: «бұл көтерілісті жариялап отырған монахтың көзін құртудың обалы жоқ»деп, оны өлтірудің жолын ізде-стіре бастады және соған барлық жағдайларды тудырды. Бірде реформатордың жанына қалтасына қаруын тығып ұстаған бейтаныс біреу жақындап келіп: «Сіз жалғыз жүруге қорықпайсыз ба?» деп сұрады. «Жоқ. Қорықпаймын, менің өмірім Жаратқанның қолында. Ол менің күшім және қуатым. Адам маған не істей алады?» - деп жауып берді оған Лютер. Мұны естіген бейтаныстың өңі кетіп қорыққаны сонша, бейне бір періштені көргендей тайып тұрды. Шынында оны Құдай қорғап тұрған болатын, сондықтан оған өлтірушілерінің қолы жетпеді.

Лютердің ілімі монастырларда, лашықтарда, дворяндардың қорғандарында, университеттерде, тіпті патша сарайларында уағыздалды және барлық жерлерде де оның еңбектерін бағалайтындар табылды.

Густың еңбектерімен таныса келе Лютер богемиялық реформатордың «Адам иманы арқылы ақталады» деп мойындаған ұлы ақиқатын анықтады және оны өзі де ұзақ уақыт бойы іздеп, нақтылы кезде уағыздап жүрген болатын. «Біз бәріміз - Паул, Августин және мен де езіміз соны білмей-ақ гуситтер болған екенбіз». «Құдай шынымен де әлемді соттайды - деп жалғастырады ол, - өйткені ақиқат оған бұдан 100 жыл бұрын уағыздалған, бірақ әлем оны керек етпеді, керісінше өртеп жіберді». Германияның императоры мен ханзадаларына жолдаған хатында күллі мәсіхшілерді реформацияға шақыра

отыра Лютер былай дейді: «Алтын мен күміске оранып баршылықта балқып отырған папамен байлығы жағынан салыстырғанда императорда тең келе алмайды. Ал Құдайдың рухани ұлы Мәсіх Исаға немесе қарапайым елші Петрге ол тіпті де ұқсамайды. Жұртшылық папаны әлемнің билеушісі дейді, ал өзін ол «Мәсіхтің орынбасарымын»деп атайды. Сонда орынбасарының жері бастығының жерінен кең болуы мүмкін бе? Егерде барлық оқу орындарында Киелі Кітап ынталы түрде зерттелмесе, онда жастар арасында тәртіп бұзылып, оқу орындары дозаққа айналады. «Мен барлық адамдарға Киелі Кітап басты пән болып саналмайтын оқу орындарына балаларыңды жақындатпаңдар»дер едім. Киелі Жазба зерттелмейтін кез келген оқу орны жастардың өнегелі болуына кедергі жасайды».

Бұл хабар аз уақыт ішінде барлық Германияға таралып, халық арасында абыр- жу басталды. Жұрт реформация туының астына жиналып жатқан кезде, оның жаулары Лютерді және оның ізбасарларының көздерін жоюдың амалын қарастырды. Реформатор және оның жағындағыларға алпыс күн уақыт берілді, егер осы мерзім ішінде олар ез ілімдерінен бас тартпайтын болса, барлығы шіркеуден шеттетілетін болды. Мұндай үкімнен ең ірі деген монархтардың өздері де қатты қорқатын. Бұл қарғысқа ұшырағандарға жұрт жиіркенішпен қарап, маңайларына ешкім жақындамайтын елдің қоры саналып, олардың көздері жойылу керек деп шешілетін. Лютер төбесінен шүйлігіп тұрған құйынды сезді, десе де батылдық танытып, өз ісін Құдайдың қолына тапсырды. Ол сеніммен және батылдықпен былай деп жазды: «Мен не болатынын білмеймін және білгім де келмейді. Тағдыр қайда лақтырса да мен сабырлық танытамын. Жапырақтар да Тәңірдің еркінсіз түспейтін болса, мен несіне абыр-жимын. Сөз үшін өлімге бару қиын емес, өйткені Сөз тәнге айналып, Өзі өлді. Егер біз онымен бірге өлсек, Онымен бірге тірілеміз. Егер бізден бұрын Оның басынан өткен киийдықтар біздің басымызға келсе, онда Тәңір қай жерде болса біз де мәңгілік сол жерде боламыз».

Папаның шығарған үкімі Лютерге жеткенде, ол былай деп жауап қайырды: «Мен сол шығарылған үкімді жек көремін және барып тұрған оңбағандық және әділетсіздік деп санаймын, өйткені ол Мәсіхтің Өзін айыптайды... Және де дүниенің жүзіндегі ең жарқын бейне - Жаратқан Ие үшін азда болса қиянат шеккеніме өте қуаныштымын. Ақыры кімнің кім екеніне көзім әбден жетті. Білгілеріңіз келсе айтайын, папа - Құдайдың қарсыласы, ал оның отырған тағы - ібілістің тағы».

Римнің шығарған декреті із-түссіз қалған жоқ. Адамзатты қажытудың ең күшті құралы - абақты, найза және жәбірлеу. Рухани әлсіздер

папаның қаулысынан қатты қорықты. Көпшілік жандар өз өмірлерін реформация үшін қиюды тым қымбат баға - деп есептеді және Лютерге аяушылықпен карады. Реформация ісі енді тоқталатындай көрінді. Бірақ Лютер болса ештеңеден тайсалмай батышдық танытты және мен: «Алланың ақ жолынан емес, бұрысты дұрыс деп уағыздайтын шіркеуден бас тартамын» - деп арыз тастады. Мартин қала жұртшылығының, студенттердің көзінше папаның абыройына тірек болып тұрған оның канондық заңдарын өртеді. Олар қарапайым халықтың санасын оятқан менің еңбектерімді жандырып жіберді, ендеше маған олардың жалған ілімдері жазылған кітаптарын неге өртемеске? Бұған дейін мен папаның жай ғана мазасын алған болатынмын, енді мен оны нағыз шайқасқа шақырамын - деді Лютер. Жауларым мені өлтіруі әбден мүмкін, бірақ Құдайдың ісі менсіз-ақ Оның күшімен жеңіске жетеді. Лютерге сөгіс жариялап, оның ісін күлкіге айналдырып жатқан жауларына ол былай деп жауап берді: «Кім біледі бұл іске Құдай мені таңдап алған болар. Сонда мені жек керіп балағаттап жатқандар, шын мәнінде Құдайды жек көріп, Оны балағаттағаны ғой. Мысырдан аттанарда Мұса пайғамбар да жалғыз болған, Ахабтың патшалығында Ильяс, Иерусалимде Ишая, Бабылда Езекие жалғыз болды. Алла Өз ісін басқаруға көкірегімен көкті тіреп тұрғандарды емес, ылғи да қарапайымдарды таңдаған. Әрбір замандарда да тәуекелге бел байлап осы дүниенің әйгілілеріне, патшаларға, ханзадаларға, дін әкелеріне және ғалымдарға барып, олардың қателерін беттеріне айтып, әшкерелеген тақуалар бар болған. Өзімді пайғамбармын демеймін, бірақ шүберекке жанымды түйіп, ақиқат үшін айғайлап тұрған мен де қазір жалғызбын, ал сендер көпсіндер, дегенмен Алланың ісі ақсап орта жолда қалады екен деп ойламаңдар, жеңімпаз Құдайдың шәкірттері жеңіске жетпей қоймайды».

Шіркеуден біржола бас тарту Лютер үшін оңайға түскен жоқ, өйткені бала кезінен қанына сіңіп қалған өдет - ғұрып өз дегенін датады. Құдай Сөзі бойын бекітіп, жүрегіндегі күмәнді сейілткенше Лютер қатты абыржулы болды. Папалықтардың оған қойған сұрағын Лютер өзіне өзі сан рет қойды: «Күллі жұрт қателесіп, қателеспейтін сен ғана сондай дана ма едің? Өзің қателесіп қана қоймай, сенің іліміңде иланған барлық адамдарды өлімге әкеліп тіресең не болады?». Осылайша Лютер езімен де, шайтанмен де күресті. Дегенмен Мәсіх сыйлаған иманы мен үміті жанына азық болып, Алланың Сөзінің дұрыстығына көзі әбден жетті.

Папа болса Лютерді және оның ілімін қабылдағандардың барлығын шіркеуден шеттетем деп қорқытқан болатын, енді міне сол айтқанын орындау үшін ол іске кірісті. Ұлы шайқас осыдан

кейін басталды. Шынына келсек қарсыластары көп болғандықтан Құдайдың ілімін халық, арасына уағыздаушылар ешқашан шайқаспай қалған жері жоқ. Лютердің заманында сол заманда маңызды болған ақиқаттар уағыздалды, ал қазіргі уақытта осы заманда маңызды деп саналатын ақиқаттар уағыздалуда. Болатын іске басшылық жасайтын құдірет Иесі адамдарға заманы мен уақытының талаптарына жауап беретін міндеттерді артады. Егер адамдар өздеріне түскен жарықты бағалай білсе, онда солғұрлым ақиқатты да тереңірек үкқан болар еді. Бірақ қазіргі адамдар ақиқатты Лютермен шайқасқан папалықтардан артық білгілері келіп тұрған жоқ. Сол замандағыдай қазіргі кезде де көпшілік жандар Құдай Сөзіне емес адамның шығарған іліміне, салт - дәстүрлеріне, ырым - жырымдарына көбірек көңіл бөледі. Ақиқатты уағыздаушылар, қазіргілер оған реформация кезеңіндегі адамдардан гөрі артық көңіл бөледі екен деп ойлама-сын. Зұлымдық пен ақиқат арасындағы шайқас қиямет күніне дейін жалғаса бермек.

Иса Мәсіх Өзінің оқушыларына былай деген болатын: «Егер де сендер осы дүниелік болсаңдар, ол сендерді өз адамдары ретінде жақсы көрер еді. Бірақ сендер осы дүниелік емессіңдер, керісінше Мен сендерді күнәкар дүниенің ішінен таңдап даралап алдым. Сондықтанда ол сендерді жек көреді. Мына айтқан сөзім естеріңде болсын: «құлдың жолы қожайынының жолынан үлкен емес». Мені қуғышға ұшыратқандар, сендерді де қуғындайды. Олар Менің сөзімді ұстанды ма? Жоқ, ендеше сендердің де сөздеріңді тыңдамайды.» (Жох.15:19 - 20). Оған қоса Тәңір Ие тағы да былай дейді: «Егер барлық жұрттар сендерді мақтаса масқара болғандарың, өйткені солардың ата-бабалары жалған пайғамбарларды солай мактаған» (Лұқа 6:26). Қазіргі заманның рухы, бұрынғы кезеңдердегідей Мәсіхтің рухына қарсы. Ақиқатқа қарсы шайқастың тәсілі өзгеріп, жауыздық айқын көрінбеуі мүмкін, десе де дүниенің соңғы күніне дейін шындықты жақтырмайтындар өте көп болады.

Шындық жақтаушысы

Германияның тағына жаңа император Карл V отырды. Римнің шабармандары оны осы орынға тағайындалуымен құттықтауға және айтулы сәтті пайдаланып реформацияға қарсы үгіттеуге асықты. Бірақ Карл V-нің таққа отыруына көп себін тигізген Саксондық курфюрст, императордан, Лютерді тыңдап алмай ол жөнінде ешқандай шаралар қолданбауын өтінді. Осы кезде император қолайсыз жағдайда тұрды, бір жағынан курфюрст Лютердің әділ қазылар алдында тыңдалуын талап етсе, екінші жағынан оған Рим қыспақ жасады. Папалықтарды Лютердің өлімі ғана қанағаттандыратын еді. Ал курфюрст болса доктор Лютердің қорғау қағазымен қамтамасыз етіліп және білімді, тауыпқыты және алаламайтын қазылар алқасымен тыңдалуын табанды түрде одан талап етті, өйткені сол уақытқа дейін реформатордың ілімін не басқа жұрт, не императордың езі жаман деп есептеген емес.

Енді жұртшылықтың назары таққа жаңа отырған жас императордан Вормста өтетін Германия ханзадаларының сеймына* ауды. Осы жерде Германияның ханзадалары алғаш рет жас монархпен жүздеспекші және сонымен қоса маңызды саяси сұрақтарға жауап алмақшы болды. Мемлекеттік сеймге империяның шетшетінен зиялы және діни сановниктер жиналды. Сондай-ақ шығу тегін және өздерінің артықшылығын мақтан тұтатын вельможалар, хал-ахуалы мен билігіне масаттанатын дін өкілдері, қарулы вассалдарын ерткен сарай маңындағы рыцарьлар және алыс мемлекеттерден келген елшілер осында болды. Күллі маңызды сұрақтардың ішінде жұрттың барлығын еліктеткені саксондық реформатор болатын.

Курфюрст бұл жиынға Лютермен бірге келуге тиісті болды және реформаторға қамқорлық жасауға сондай-ақ дау тудыратын сұрақтарды ашық талқылау үшін оны білікті азамахтармен жүздестіруге кепілдік берді. Ал Лютер болса императормен кездесуге асықты. Кейінгі кездері оның денсаулығы сыр беріп жүрген болатын, дегенмен курфюрстке жазған хатында ол, егер денсаулығы жағынан кедергілер туындап, өзі жүріп бара алмаса, курфюрсттың оған жәрдем беріп алып баруын өтінді. «Император мені шақыртып тұрса, оны Құдайдың қалауы - деп есептеймін, ал егер олар маған қиянат жасағылары келсе, ол әбден мүмкін (өйткені мені ол жакка парасаттылық тәлімдерін алу үшін шақырып жатқан жоқ), онда мен барлығын бір Құдайдың қолына тапсырамын. Үш жеткіншекті лаулап тұрған пештен сақтаған Құдай әлі де тірі. Егер де Ол мені өлімнен құтқарып қалмаса, онда өмірімнің мағынасы болмағаны. Қайткенде де біз Ізгі хабарды көпшіліктің келеке мазағы қылып қоя алмаймыз және оны қасық қанымыз қалғанша қорғауымыз керек. Адамдардың құтқарылуы үшін ненің пайдалы екенін, өмірімнің бе немесе өлімімнің бе, оны шешетін мен емес. Мені қашып кетеді екен немесе Құдайдың сөзінен бас тартады екен деп ойламаңыз, өйткені Жаратқансыз өмірдің мағынасы жоқ»деп жазды Лютер. Папаның легаты Алеандр Лютердің сеймге* келетіні жөніндегі хабарды естіп ашуға булықты. Папа үкім шығарып қойған істің қайта қаралуы жарылқаулы понтифигтің абыройына дақ түсіреді. Оның үстіне Құдайдың сөзімен қаруланған ұлы шешен сеймде сөз сөйлесе, оған қатысқан ханзадалардың басым көпшілігі папаға қарсы шығуы әбден мүмкін еді. Сондықтан папаның легаты Лютерді бұл жиынға қатыстырмауға бар күшін салды. Дәл осы кезде Лютерді шіркеуден шеттету туралы булла* шығып, папаның декретінің қысымынан аса алмаған император курфюрстке былай деп сәлемдеме жолдады: «Лютердің өз ілімінен бас тартатын ойы болмаса, сеймге келмей Виттенбергте қалғаны жөн болады».

Бұл жеңісіне қанағаттана алмаған Алеандр Лютерді жауапқа тартқызу үшін, өзінің барлық құлығы мен билігін пайдаланды. Ол Лютерді мемлекет тәртібін бұзушы, көтерлісші және Құдайдан безген қаныпезер - деп жазғырды. Прелаттың ашуға булығып тұрып қатты-қатты сөйлеген сөздері оның өзінің қандай рухпен қаруланып тұрғанын жақсы байқалтты. Сондықтан да жиналған қауымның көпшілігі Лютердің ісіне не бір сабырлықпен қарады.

Алеандр болса папаның декретінің іске асуын бұрынғысынан бетер талап етті. Германияның заңы бойынша ханзадалардың келісімінсіз оны іске асыру мүмкін емес еді, сол себепті Карл

прелаттың табанды түрде қойған талабының әсерінен істі сеймде қарастыруға бұйрық берді. Папаның көсемі үшін бұл салтанатты күн болатын. Айтулы жиынға өте маңызды деген зиялы қауым жиналды, ал жиында қарастырылатын іс оданда маңыздырақ еді. Алеандр әлемнің анасы есептелетін Римнің абройын қорғауға тиісті болды. Сөзге өте шешен прелат жұрттың көңілінен шығатындай сөздер сөйледі, реформаторға жаны ашитындар Алеандрдың сөзінен қауіптенді. Саксондық курфюрст өз адамдарына оның сөзін жазып алуға тапсырма беріп, өзі келмей қалды. Шындыққа ойсырата соққы беру үшін Алеандр өнерін аяған жоқ. Ол Лютерді шіркеудің де, мемлекеттің де, халықтың да, өлінің де, тірінің де, барлық адамзаттың, күллі сенетіндердің және әрбір мәсіхшінің жауы - деп жазғырып, оған жаланы жапқан үстіне жаба түсті. «Осы дәлелдемелердің өзі оны және оның соңынан ергендерді өртеп жіберуге жеткілікті».

Сөзін тамамдай келе ол реформаторлық сенімді жақтаушыларды жек көрінішті ету мақсатында: «Лютерандар дегеніміз кімдер? Жауап біреу-ақ, бұлар дөрекі, әдепсіз, надан ұстаздар, арсыз дін мұғалімдері, азып кеткен монахтар, түісіксіз заңгерлер, қайыршылыққа ұшыраған дворяндар және солардың сөздеріне иланып жүрген қараңғы тобыр. Оларды ұлы да, дарынды католиктермен қалай салыстыруға болады? Осы жарқын жоғарғы соттың шешімі қарапайымдардың кезін ашып, санасыздарды сақтандырып, бұлтақтап тұрғандарға мықтылық берсін» - тоқтады.

Ғасырлар бойы ақиқатты қорғаушыларға осындай қару қолданылып келді және Құдай Сөзінде анық жазылған ақиқаттарды уағыздаушыларға әлі де қолданылып келеді. «Жаңа ілімнің уағыздаушылары кімдер?» - деп айғайлайды көпшілікпен қабылданатын дінді жақтаушылар. «Бұлар қарапайым, білімсіз, азғантай халық. Олар: «Шындық бізде, біздер Құдайдың қалаулыларымыз» - деп қалайша айта алады? Шынында олар надандар, өздерін оңдсрі алдайды. Біздің шіркеулерімізге қараңдар, біз көппіз жөне әсеріміз де ауқымды. Араларымызда ұлы ғалымдар да көп. Біз оларға қарағанда әлдеқайда мықтымыз» - дейді. Әрине бұл дәлелдер әлемге әсер етпей қоймайды, дегенмен Лютердің заманында олар қандай нанымсыз болса, қазір де күші сондай-ақ.

Реформация Лютердің өмірімен аяқталып қойған жоқ, ол әліде жалғасуда және біздің планетамыздың тарихы аяқталатын күнге дейін жалғаспақшы. Папаның көсемінің айтқан сөздері жұрттың көкейінен шыққандай болды, ол жерде Құдайдың Сөзінің анық ақиқаттарын дәлелге келтіре отыра папаның қорғаушысының аузына тосқауыл қоятын Лютер болмады. Осы кезде реформаторды

жақтаушы да ешкім қалмады. Барлығы Лютердің ілімін айыптап қана қоймай, оны түп орнымен құртып жіберуге дайын тұрғандай болды. Римнің өзін қорғап қалуына барлық жағдайлар жасалынды, яғни айтатын сөз айтылды, істелінетін іс істелді. Бірақ бұл жеңіс көздің елесіндей алдамшы болатын. Екі ұлы күш әлі де болса ашық шайқаста кездесуге тиісті болды.

Сейімнің мүшелерінің кепшілігі Лютерді Римнің сотына шығарып беруге дайын болғанымен, іштей Германияның халқына зиянын тигізіп тұрған шіркеу мен қаныпезер дін әкелерінің азғындық әрекеттерін тоқтатуды да армандады. Легат папаны тек жақсы жағынан ғана суреттеді. Дәл осы сәтте өтірікке әрең шыдап отырған сейімнің бір мүшесі орнынан тұрып Римде болып жатқан барлық тәртіпсіздіктерді айқын әшкерелеп айтып берді. Бұл адам Саксондық герцог Георг болатын. Сөзін аяқтай келе ол: «Папа билігін пайдаланып білгенін істеп келеді, ал дін әкелері болса ұяттарын калталарына салып қойған, олардың басты мақсаттары ақша табу, халыққа ақиқатты айтып жеткізгеннің орнына, оларды керісінше өтірікке үйретеді, ал жұрт оларды тыңдап қана қоймай сол үшін оларға ақша төлейді. Олар өхiрiктi не ғұрлым көп айтса, сол ғұрлым ақшаны көп табады. Папаны уланған бұлақтың көзі десек қателеспейміз. Олардың жүрген ортасында дүниеқұмарлық пен азғындық қатар адымдап келеді. Дін әкелері халықты бақытсыздыққа ұшыратып, мәңгілік өлімге итермелеуде. Дәл осы кезде біз үшін реформа өте қажет-ақ» - деген еді.

Герцог реформацияның дұшпаны болғандықтан тындаушылары өз сөзіне сендірмей қоймады, тіпті Лютердің өзі де халықты осылай аузына карата алмайтын еді. Жиналғандардың көздері рухани ашылған жағдайда, олар, маңайларындағы ақиқатты қабылдату үшін адамдардың саналарын мен жүректерін ашып жатқан періштелерді көрген болар еді. Мартин Лютер айтулы жиынға қатыспағанымен, ол жерде реформатордан үлкен Біреудің үні естілмей қалған жоқ. Дәл осы сеймде комитет сайланып, папа айығыты - деп табылып, оның мойнына 101 тармақтан тұратын әр түрлі кінә тағылып, императордан оның қаралуы жөне реформа енгізіліп, оның жүргізілуі талап етілді. Сонымен қоса олар сеймге реформатордың міндетті түрде қатысуын талап етті. Алеандрдың қысымы мен қарсы болғанына қарамастан енді император Лютерді сеймге шақыртуға мәжбүр болды. Шабарман арқылы шақыру қағазымен бірге оған қорғау қағазы да жіберілді және айтулы шабарман Лютермен Вормске дейін қоса жүріп отыруға тиісті болды.

Бірақ Лютердің достарына бұл шақырту мүлдем ұнамады. Олар ешбір қағаздың Лютерді қорғауға құдіреті жетпейтінін айтып, оның

ешқайда аттанбауын өтінді. Ал Лютер болса олармен келіспеді. Рим менің келгенімді емес, өлгенімді қалайды. Сендер менің тілегімді тілей беріндер, егер олар менің көзімді жойса, онда қорыққаны, ал қорыққаны - жеңілгені. Бұрын мен папаны Исаның орынбасары деп санасам, енді Алланың дұшпаны, ібілістің пайғамбары деп атаймын.

Бұл қауіпті жолға Лютер жалғыз аттанған жоқ, императордың шабарманымен қоса оған үш досы еріп шықты. Лютердің досына айналып, оған бауыр басып қалған Меланхтон да онымен бірге еріп барғысы келді. Бірақ Лютер оның осы жерде қалуын жөн керді, себебі Люгермен бірдеңе бола қалған жағдайда, оның ісін әрі қарай жалғастыратын шәкірті болуы керек. Лютерді шығарып салуға келген студенттер мен қала халқы қатты қобалжулы болды. Ізгі хабар жүректеріне әсер еткен кейбір адамдар оны жылап тұрып шығарып салды. Осылайша реформатор Виттенбергтен аттанып жолға шықты.

Жол жөнекей кездескен мекендерде Лютер адамдардың көңіл күйлерінің мәз емес екендігін байқады. Барлық жерлерде императордың шабармандары Лютердің халық арасына тараған еңбектерін жергілікті үкімет билеушілеріне тапсыруды олардан талап етіп жатты. Лютермен бірге еріп келе жатқан шабарман, мүмкін ол кері қайтқанды жөн санар, деп те ойлады. Бірақ Лютер: «Күллі қалаларда да менің шіркеуден шеттетілгенім туралы айтылып жатса да, мен алған бетімнен қайтпаймын» - деп жауап берді оған. Және болып жатқан сапырылыс Лютердің жолын әрі қарай жалғастыруына бөгет бола алмады.

Лютер Эрфуртке жеткенде халық оны қошеметпен қарсы алды. Ол бір кездері қайыршының қалтасын асынып алып, садақа сұрап аралаған көшелерін көрді. Сол кездердегі өзінің монахтық кельесіне* бас сұғып карап, азап шеккен күндерін есіне алды. Сол сынақтар арқылы оған жеткен, ендігі жерде күллі Германияға тарап жатқан, жарық оның жүрегін нұрландырған болатын. Ал жергілікті халық болса, реформатордың насихат айтуын өтінді. Осы жағдайда оның насихат айтуға құқығы болмағанымен, онымен бірге еріп келе жатқан шабарман ережені бұзып, бұл мүмкіндікті туғызды. Осылайша бұл жерлерде кезінде ең қара, ең лас жұмысты істеген қарапайым монах енді мінбеге көтерілді.

Лютер Алланың атымен барша халыққа сәлем жолдап, айтпақшы болған сөзін бастап кетті. «Философтар, дін ұстаздары, жазушылар қалай адамға мәңгілікке қол жеткізуге болатынын ұғындырып бере алмайды. Айтарым мынау: «Құдай Тағала бір Азаматты, яғни Иса Мәсіхты өлімнен қайта тірілтіп, сол арқылы күнәні жойып, дозақтың есігін жауып, жұмақтың есігін ашты». Бұл құтқарылу

жұмысы... Мәсіх өлімді жеңді. Мұны есту біз үшін бақыт. Біз өз еңбегімізбен емес, Оның біз үшін жасаған ерлігі арқылы құтқарыламыз”.

Лютер халыққа Иса Мәсіхтың кім екенін, жер бетіне не үшін келгенін, Алланың адамзат баласын құтқарып қалуға арналған жоспарын айтып, Оның кісілерге қоятын талабы жайлы баяндады. Бай болсаң байлығыңмен жақыныңа жәрдемдес, кедей болсаң оларға еңбегіңмен қызмет ет, дүниенің жалғыз ғана тірегі бір Алла екенін мойындап, Оған деген сенімді шындай түс. Қара басының ғана қамын ойлайтындар Алланың көңілінен шыға алмайды. Халық Лютерді есі кетіп тыңдады. Ашыққан адамдар рухани азық алды. Реформатор халықтың көз алдында Мәсіхтың мәртебесін көтерді және адамдар Оның папалардан, легаттардан, императорлардан және патшалардан жоғары екенін түсінді. Ол өзінің қиын жағдайда тұрғаны жайлы ешкімге тіс жармады, тек бір Алла жайлы ғана айтып, баршаның ниетін Шексіз Құдайға бұрды.

Осыдан кейін Лютер қайта жол жүріп кетті. Жол-жөнекей кездескендер оған алау дайындалып жатқаны жайлы хабар берді, бірақ Лютер Алла үшін алау түгілі, айдаһардың ауызына түсуге де дайын еді. Достары оны қауіптен аман алып қалу үшін ешқайда бармауға қанша үгіттегендерімен, Лютер алған бетінен қайтпады. Достары оның емірі үшін қорықса, жаулары жеңіліп, масқара боламыз ба деп қорықты. Папалықтар пайда болған қиындықтар шешілгенше оның бір рыцарьдың, сарайында жасырына тұруын сұрады, ал достары алдында қауіп барын айтып сақтандырды. Дегенмен екі жақта бекерге әуре болды. «Вормсте жындар үйлердің шатырларындағы иректерінен көп болса да, мен оған кірмей қоймаймын» - деп үзілді-кесілді жауап берді оларға Лютер.

Вормске келгенде қала қақпаларының алдына жиналған көп халық Лютерді қуанышты қарсы алды. Императордың өзіне сонша халық жиналып көрген жоқ. Адамдар ете қобалжулы болды. Бір кезде топтың арасынан Лютерге төнген қауіп барын білдірмек болған біреудің зарлаған дауысы шықты. Күймеден шығып келе жатқан Лютер: «Құдай менің қорғаным» - деп жауап берді оларға.

Папалықтар Лютердің Вормске келгенін көргенде, бойларын бейне бір аяз шарпып өткендей болды. Император дереу кеңесшілерін жинап, істі әрі қарай жалғастырудың жоспарын құрды. «Бұл өзі бір ұзаққа созылып кеткен әрекет болды - деп арыз тастады епископтардың бірі. Одан біржола құтылуға сіздің шамаңыз әбден келеді - деп ол тағы да императорға қарады. Сигизмунд Ян Густы өртеу жазасына ұсынған жоқ па еді. Біз «есерсоққа» берілген қорғау қағазын сыйлауға міндетті емеспіз». Дегенмен император оны қоштамады.

«Біз өз сөзімізді аяқ асты қылмай, қайткен күнде де реформаторды тыңдауымыз керек» - деген шешім шығарды ол.

Барлық қала халқы Лютерді көруге құштар болды. Әрі сырқаттан енді айыққан, әрі екі апталық жолдан қажыған Лютерге тыныштық әбден керек еді. Десе де бірнеше сағат демалыстан соң Лютер оны көруге асық болған рыцарьлар*, дворяндар*, дін әкелері және қала халқымен сұхбаттасуға шықты. Соншалықты өжет монахты көруге тек достары ғана емес, жаулары да асықты. Оның жүдеу түрі мен әбден қджыған көздері мейірімділік пен қуанышқа толы болды және жүрегіндегі жылуын барша халыққа жеткізе білді. Сонымен қоса ол қойылған сұрақтарға асықпай салмақты түрде жауап берді. Бұл сәтте Лютерге қарсы сөз айтуға оның дұшпандарының да дәті бармады. Біреулер реформаторды Алланың қасиетті күшімен шабыттанған деп есептесе, енді біреулері оны шайтанның құлы деп санады.

Лютер қазылар алқасының алдына шықпас бұрын, көп шайқастардан өткен кәрі генерал оған жылы көзбен қарап былай деді: «Байғұс монах, мен көп шайқастараға қатысқан адаммын және сенің де сондай қатыгез шайқастың алдында тұрғаныңды білемін. Егер шындық сенің жағыңда болса және өзің соған сенімді болсаң, Құдай үшін алға бас, ештеңеден қорықпа. Алла сені қалдырмайды».

Ертеңінде Лютер сеймге шақырылды. Мұндай үлкен жиынға бұрын соңды қарапайым адам қатысып көрген емес еді. Папа Лютерді шіркеуден шеттетіп, халық арасынан масқаралап қуғындағанымен, енді оны соншалықты ұлы жиынға шақырып тыңдауға мәжбүр болды. Дін әкесі Лютердің үнін канша өшіргісі келгенімен, ол әлемнің әрбір бұрышынан жиналған мыңдаған халықтың алдына шығып сөз сөйледі. Қарапайым монахтың үні ұлы Римнің абыройын әшкерелеп, шаңырағын шайқалтты. Ал бұл дегеніміз нағыз кетерілістің өзі болатын.

Басында реформатор әлемнің ақсүйектерінің алдына шыққанда аздап қобалжыды. Бірақ Шексіз Құдай Өзінің қызметкерін жалғыз қалдырған жоқ, оған дереу көмекке келді. Отырған ханзадалардың бірі: «Ештеңеден қорықпаңыз, тәніңізді өлтіргенмен, жаныңызды ешкім өлтіре алмайды» - десе, енді бірі: «Әлемнің билеушілері мен патшалардың алдына шыққанда не айтамын деп қысылмаңыз, аузыңызға сөзді Алла Өзі салады» (Матай 10:18-20) - деп, оның көңілін кетеруге тырысты.

Лютерге императордың тағының алдына шығуға ұсыныс жасалды, сарай ішін үнсіздік басты. Оған екі сұрақ қойылды, біріншісі: мынау сіздің еңбектеріңіз бе? Солай болған жағдайда олардан бас тартасыз ба?

Бірінші сұраққа Лютер бірден «Иә» - деп жауап қайтарды. Ал екінші сұраққа дұрыс жауап қайтару үшін, ол императордан аздаған уақыт беруін өтінді. «Құдай Сөзі көкте де жер бетінде де ұлы қазына болып табылады. Сондықтан ол сұраққа ойланбай жауап беру дұрыс болмас, олай істеген жағдайда ақиқатты толық жеткізбеуім немесе артық сөйлеуім әбден мүмкін. Ал Иса былай дейді: «Адамдардың алдында Менен біреу бас тартса, көктегі Әкемнің алдында Мен де одан бас тартамын» (Матай 10:33). Сонда бұл мәтін тікелей маған қатысты болғаны ғой. Қымбатты император! Құдай Сөзін ғайбаттамас үшін және соған тұрарлықтай жауап беру үшін маған ойлануға уақыт беруіңізді сұраймын». Реформатордың бұл өтініші оның даналығын байқатты және оның солай істегені дұрыс болды. Күллі жиын оның ісінде селқостық және аңғырттық жоғының куәсі болды. Ымыраға келмейтін және өжет адамның бойынан табылған сабырлық пен жігерлік оның сөзіне сенімділік берді және кейінгі жауабында ол өркөкіректігі мен менменшілдігі әшкереленген қарсыластарын таң қалдырып, барлық қойылған сұрақтарға салмақтышықпен, өжеттілікпен және данышпандықпен жауап қайырды. Келесі шешуші күн болатын. Кенеттен Лютердің бойын беймолім бір қорқыныш билеп кетті. Ол өзін сенімі шайқалып кеткендей сезінді, ал жаулары болса оның жеңілісін тойлауға дайын тұрғандай болып көрінді. Түнек оны орап, Алламен байланысы үзіліп қалғандай сезілді. Осындай жанталасқан сәтте Лютер Алланың алдына құлап, басын иіп, Оған жалбарынды. Көкірегінен үзіліп шығып жатқан сөздер тек Құдайға ғана мәлім болатын.

«Жаратқан Жалғыз Ием! Бұл не қылған қатыгез әлем? Ол өзінің аузын айдаһардай ашып, мені жұтып жіберуге дайын тұр. Ал менің Саған деген сенімім өте нашар. Егер де мен осы әлемнің мықтыларына ғана сенсем, онда мәңгілікке құрығаным. Мен оларға ешқандай жамандық тілемеймін, десе де олардың көздерін шындыққа жеткізу үшін маған Сенің даналығың мені күшің қажет. Бұл әділетті және ұлы шайқас. Осы шайқас үшін Сен мені таңдап алдың. Өтінемін Сенен, көмектесші маған. Сенерім Жалғыз Өзіңсің. Мен үшін жанын пида қылған Иса Мәсіхтың атынан сұраймын, өйткені менің Қорғаным да, Қалқаным да, қамалым да жалғыз Иса» - деп Жаратқанға жалынды. Бұл оның сенімін сынақтан өткізуге арналған кезең, шындалатын сәті еді. Лютер өз емірі үшін қорыққан жоқ, ақиқатты қорғауға даналығым жетпей қала ма деп қауіптенді. Жаны қатты күйзеліске ұшыраған осы сәттерде, ол, бір кездері жалғыз жылғаның жанында жаны азапқа түскен Исраил секілді киналды. Бірақ Исраил жеңді, дәл сол секілді Лютер де өзінің жеңіске жететінін сезді. Құдай оның жалғыз

емес екенін білдіртті. Осыдан кейін оның жаны жай тауып, бойын әлдебір қуаныш биледі. Енді ол атақты адамдардың алдына шығып ақиқатты уағыздап, сөз сөйлейтініне өте риза болды. Болар істі Алланың қолына тапсырып, ол алдағы болатын шайқасқа дайындалды. Лютер өзінің қолжазбаларын қарап шығып, Киелі Кітаптан сөздерінің растығын дәлелдейтін жерлерін жазып алды. Онан соң сол қолын Киелі Кітапқа қойып, оң қолын көкке көтеріп: «Ақиқатты ашық түрде қорғаймын, егерде оны қаныммен дәлелдеу кажет болса, дәлелдеймін» - деп Құдай алдында серт берді.

Сеймге қайта келгенде оның жүзінде қорқыныштың ізі де болған жоқ. Осы әлемнің ұлыларының алдында Құдайдың ержүрек куәгері жалғыз тұрды. Императордың сановнигі: «өз іліміңнен бас тартасың ба? Жоқ па?»деп, Лютердің оған бірден жауап беруін талап етті. Лютер саспады, оның байсалдылығы мен қуанышты жүзіне көңіл аударған жиын қайран қалды.

«Қымбатты император, қадірменді ханзадалар, мейірімді қауым - деп бастады Лютер өз сөзін. Мен сіздердің алдарыңызға кешегі қойылған сұраққа жауап беру үшін шығып тұрмын және де мені дұрыс түсінулеріңізді етінемін. Егерде бір себептермен әдепті бұзсам, алдын ала кешірім сұраймын, өйткені мен патша сарайында емес монастырда тәрбиелендім. Менің қолжазбаларым мағынасы жағынан әр қилы. Олардың кейбіреулері тек сенім мен Құдайдың беретін береkesіне арналған. Олардың ешкімге келтіретін зияны жоқ, керісінше тек қана пайдасы барын достарым түгілі жауларым да мойындайды. Олардан бас тарту ақиқатты жоққа шығарумен бірдей. Қолжазбалардың бір белігі папаның бұзақылық әрекеттерін әшкерелейді, олардан бас тарту Римнің қатыгездігін қолдап, заңсыздыққа жол ашып беру деген сөз. Ал қолжазбалардың енді бір бөлігі осы заңсыздықтарды қолдайтын жеке адамдарды сынауға арналған. Кейінгі жазбаларға келетін болсақ, мін тағам деп артық кеткен жерлерім де бар шығар, өйткені неше түрлі қателіктер менің де басымнан өтіп жатады». Соған қарамастан айтулы жағдайды пайдаланып ақиқаттың жаулары Құдай халқын бұрынғыдан бетер қорламас үшін ол, осы қолжазбалардан да бас тарта алмайтынын айтты.

«Мен Құдай емеспін, адаммын. Қымбатты император! Қадірменді ханзадалар! Егер де сіздер мені қателесіп тұр деп ойласаңыздар, қатемді көрсетіп, оны Киелі Жазу аркылы дәлелдеп беріңіздер, сонда мен қатемді мойындап, өзім бірінші болып бұл кітаптарды отқа тастайын».

«Сондай-ақ мен бостан босқа емес, ойымды салмақтап барып сөйлеп тұрмын және қаншалықты қауіпке бас тігіп тұрғаным да

өзіме белгілі. Жүрегімде ешқандай қорқыныш жоқ, керісінше, біздің заманымызда, Ізгі хабардың бұрынғы кездердегідей ұлы шайкастың себепшісі болып тұрғанына қуанамын. Себебі Құдай сөзіне ешкім немқұрайды қарай алмайды. «Мен жерге бейбітшілік емес, қылыш әкелдім» - деген болатын Иса Мәсіх. Құдайды назаландыруға ешкімнің хақысы жоқ. Құдай сөзін қуғынға ұшыратам деп өз бастарыңызға тауқымет пен қасірет тілеп алмаңыздар. Бұған мысалдарды көптеп келтіруге болады. Кезінде перғауын да, Исраил патшалары да өз биліктерін бекіте түсу үшін, жанындағылардың ақылын дұрыс деп тауып, ақыры өз бастарын ажалға өздері ұсынған».

Лютер неміс тілінде сөйледі, одан, осы айтылған сөздерінің бәрін латын тілінде қайталап беруі сұралды. Қаншалықты шаршап тұрғанына қарамастан ол латын тілінде қайта сөйледі. Тоң мойын тоқшар болып қалған ханзадалар Лютердің сөзін екінші рет қайталанғанда ғана ұға бастады. Ал ақиқатты тыңдағысы келмегендер ызаға булықты. Сеймнің төрағасы: «Мына қолжазбалардан бас тартасың ба? Жоқ па?» - деп, Лютердің оған қысқа жауап беруін талап етті.

«Ұлы император және қадірменді ханзадалар менен тура жауапты талап етсе, айтарым мынау. Мен соборға да, папаға да сенбеймін, өйткені олар жиі қателеседі, мен тек Киелі Кітапқа ғана сенемін және ондағы жазылған ақиқаттан еш уақытта бас тартпаймын. Дейтінім осы, басқаша істей алмаймын. Құдайым маған жар болсын. Аумин» - деп реформатор қысқа жауап қайырды. Осылайша қайратты туған ер, Киелі Жазбаны басшылыққа ала отырып, жауыздыққа қарсы жалғыз шабуыл жасады. Осы сәтте оның жүзі де жарқырай түсті.

Жиналғандар бір сәтке үнсіздікке оранды. Әуелде олар Лютердің дұрыстап ойланып алуға мұрсат сұрағанын екі ойлы болып тұр деп есептеген болатын. Карлдың өзі реформатордың жүдеу түріне, жұпыны киіміне жай сөйлегеніне қарап: «Мына монах маған ешқашан өз ілімін қабылдата алмайды» - деп шіренді. Кейін оның батылдығы, келтірген дәлелдемелерінің күші мен анықтығы тыңдаушыларын таң қалдырмай қоймады. Енді жиналған қауым Лютердің өжеттігіне қайран қалды. «Мына монах ержүрек екен, қорқайын деп тұрған сыңайы жоқ» - деп дауыстап жіберді император. Германия ханзадаларының көпшілігі өздерінің жерлесінің жеңісін көріп, оған мақтанышпен қарады.

Рим жақтаушылары сәтсіздікке ұшырады. Айтқан сөздері, келтірген дәлелдемелері қисынсыз болды. Биліктерін Киелі Жазбадағы ақиқаттар арқылы емес, қауіптендіру, қорқыту арқылы бекітпек болды. Сеймнің төрағасы Лютерге қарап: «Егер сен өз дегеніңнен бас тартпасаң, бұзақы ретінде қатты жазаға тартыласың» - деді.

Лютерді жігерлене тыңдап отырған оның достары бұл сөзді естіп сескеніп қалды. Ал Лютердің жүзінде қорқыныштың ізі де болған жоқ. Ол жайбырақат үнмен: «Мен ілімімнен бас тарта алмаймын. Тәңірім маған жар болсын» - деп жауап берді оларға.

Ханзадалар бір бірімен келіссөз жүргізгенше, Лютерге сеймнен шығып тұру бұйырылды. Лютердің соборға қарсы шығуы шіркеудің тарихына кері әсерін тигізуі әбден мүмкін еді, сол себепті Лютер тағы да соңғы рет сеймге шақырылды. Бұл жолы оған қандай жаза қолданылса да оның Римнің қойған талаптарын орындамайтыны, айтқан сөздерінен бас тартпайтыны белгілі болды.

Мықтылардың мықтысы болып саналатын папаның көсемдеріне қарапайым монахтың қарсы шығуы оларды қатты қобалжытты. Лютер азапталып өлтірілсе ғана олардыңызасы басылатындай болды. Осыған қарамастан Лютерді ңмінезінде менменшілдік, ашушаңдық байқалмады, ал оның өміріне қауіп төніп тұрғанына қарамастан жүзінде қорқыныштың елесі де болған жоқ. Себебі оның арқа сүйері барлық жан иелерін жаратқан, бүкіл ғаламның Иесі - Иса Мәсіх еді. Айтулы жиында қарапайым адамның тілімен Құдайдың Өзі сөйледі. Алланың сөзінің күші ешкімді немқұрайды қалдыра алмады. Ханзадалардың біразы Лютердің сөзінің шындық екенін мойындады. Олардың бір бөлігі бастапқыда реформатордың сөзіне иланғанымен, кейін одан бас тартты, ал енді бір бөлігі ақиқатқа берілгендіктері соншалық, кейін реформация ісінің қажырлы қайраткерлеріне айналды.

Лютердің сеймге шығуын алаңдай отыра күткен курфюрст Фридрих оның сөзін қатты қобалжи отыра тыңдады. Өз иелігіндегі азаматтың ерлігіне қызығып, әрі қуанған Фридрих оны қорғауға бел байлады. Қарсыласушы жақтардың күштерін салыстыра келе, ол, папаның және оның сыбайластарының ақылдарының Құдайдың даналығымен салыстырғанда жай ғана топырақ екенін айқын көрді. Папа жеңіліске ұшырады және оның жеңілісі осы жерде ғана тамамдалып қоймай, барлық келесі ғасырларға тарайтыны анық байқалды.

Лютердің сезінің қайратын және оның көпшілікке қалайша әсер еткенін бақылаған легат, Римнің билігінің берік болатынына күмән келтірді. Сөйтіп ол, барлық сөз шеберлігін пайдаланып, қайдағы қайыршы монах үшін ұлы Риммен достығын жойып алса, қандай қауіпке душар болатынын жас императорға суреттеп берді. Легаттың сөзі императорға әсер етпей қойған жоқ. Келесі күні Карл католиктер шіркеуін қолдап, оны қорғайтыны жайлы уәде етілген шешім қабылдады. Лютер дегенінен бас тартпағаны үшін оның өзі де және оның ізбасарлары да қатты жазаға тартылатын болды. Өйткені ол таза мәсіхшілер дініне қарсы шыққан есалаң, ойына масаттанып жүрген

нақұрыс деп жарияланды. «Мен бұл бұзақылардың көзін жою үшін өз билігімді, байлығымды, достарымды керек десе өмірімді құрбан етемін. Жексұрын монах көзіме көрінбей жок болсын. Оны және оның избасарларын типыл қылу үшін бар күшімді саламын. Десе де тағдыры түбегейлі шешіліп болғанша, Лютер үйіне аман-есен оралуы үшін, қорғау қағазы өз күшін жоймайтын болады» - деді император.

Сейм қарама-қайшы екі лагерге бөлінді. Папаның елшілері сеймнен «Лютерден қорғау қағазы алынуы керек» - деп талап етті, жүз жыл бұрын Ян Густың күлін қабылдағандай, Рейн оның да күлін қабылдасын - деп шулады. Ал Германияның ханзадалары болса, өздері папаның жағы, яғни Лютердің дұшпандары бола тұра: «Атымызға кір келтіретін мұндай заңсыздыққа жол бере алмаймыз. Ян Гуспен болған оқиғаның арты ұрысқа айналып, халық қаншама қасірет шеккен болатын. Біз ейтіп Германияның және оның жас императорының басына сор тілеп алатын жайымыз жоқ» - деп, бұл шешімге үзілді-кесілді қарсы болды. Лютердің жаулары императорды өз айтқандарына қаншалықты көндіреміз дегенімен император: «Сигизмунд секілді уәдемнен бас тартып абыройымды айрандай төге алмаймын» - деп, олардың дегеніне көнбей қойды.

Карл католиктер шіркеуінің заңсыздық әрекеттеріне, зұлымдықтарына қарамастан ақиқаттан бас тартып, ата-бабаларының жүрген жолымен жүріп, солардың ұстанымдарын жақтап қалуға бел байлады.

Қазіргі заманымыздың өзінде де анық тұрған шындыққа мойын ұсынбай, ата-бабаларымыз солай істеген, бізде солай жасаймыз деп қателесіп жүрген жандар аз емес. Десе де біздер ата-бабаларымызға қарағанда басқаша жағдайда тұрмыз, өйткені біздердің міндеттеріміз де, парызымыз да өзгеше. Егер біз ақиқатты өз бетімізбен зерттеуге мүмкіндіктеріміз бола тұра, соған байланысты міндеттеріміз бен жауапкершілігімізді анықтағанның орнына ата-бабалар салтына алаңдай беретін болсақ, әлбетте сол үшін Құдай алдында жауап береміз. Біздің жауапкершілігіміз олардың жауапкершілігінен артық, өйткені біздің жанымызды олармен қалдырылған ілім және Киелі Жазба беттерінен алынған ілім нұрландырып тұрады.

Иманы шала яхудейлер жайлы Иса Мәсіх былай дейді: «Мен сенімі жоқ яхудейлерге келіп шындықты айтпаған болсам, олар күнәсіз болып қала берер еді, ал ендігі жерде олар өз жасаған күнәларына жауапты болмақ» (Жох. 15:22). Дәл сол Ұлы Күш германиялық сеймге Лютердің аузымен сөз сөйледі. Сол жерде ақиқат жарығы жиналғандарға өз сәулесін шашқан кезде, Құдайдың Рухы соңғы рет олардың көпшілігінің Құдайға бой ұсынуын өтінді. «Мәсіхші қылуға көзімді

аз-ак жеткізе алмай тұрсың» - деген менменшіл Агриппа секілді, «Ал қазір бара бер, уақытым болған кезде шақырып аламын» - деп үрейленген Феликс секілді (Елш. 24:25, 26, 28), осы дүниенің билігі үшін Әлемнің Құтқарушысының алдында жүрегінің есігін мықтап жауып алған Пилат секілді Карл V де жер бетінің билігін қимай, Алланың жіберіп тұрған жарығын қабылдамады.

Лютерге төніп тұрған қауіп жайлы сыбыс бар қаланың тұрғындарын қобалжытты. Реформатордың достары оны құтқарып калудың жолын қарастырды. Көпшілік қауым императордың шығарған шешімін Римге жағынғандығы деп жариялады. Ғимараттардың қабырғаларында, үйлердің қақпаларында неше түрлі жазулар пайда болды. Олардың бірі Лютерді балағаттауға арналса, енді бірі керісінше оны мақтауға арналды. Кей жерлерде қарапайым да көп мағыналы дана патша Сүлейменнің: «Уа елім! Патшаң бозбаладай тәжірибесіз болса қасіретке қалғаның!» (Уағ. 10:16) деген жазулары да болды. Лютердің жанашырларының, бүкіл Германияны баурап алған, бұл қобалжулары сеймнің де, императордың да байқаусыз әрекеттен сак, болуына мезгеп тұрды.

Саксондық Фридрих реформаторды іштей жақтайтынын ешкімге білдіртпей, оны сырттай қорғап жүрді және Лютердің де, оның жауларының да соңынан аса бір сақтықпен бақылап отырды. Лютерге дұрыс көзқараспен қарайтындарын жасырмайтындар да көптеп табылып жатты. Оған графтар, барондар, ханзадалар сонымен қоса шіркеуден де адамдар жиі келіп тұрды. «Кейде жиналғандардың сандарының көп болатындығы соншалықты, олардың, реформатордың аядай бөлмесіне симай қалатын кездері де болатын» - деп жазды Спалатин. Халық оған адамнан жоғары жан иесі секілді қарады. Оның ілімін қабылдамайтындардың өздері Лютерге деген керемет бір қарым-қатынастарын жасыра алмады.

Лютерді Риммен келісімге келтірмеуіне мәжбүрлеген адамдар көп болды. Вельможалар*: «Қасарысқаннан шығатын ештеңе жоқ, өз басыңа пәле тілегеннен басқа түк таппайсың» деп Лютерді Риммен келісімге келу қажеттігіне иландыруға тырысты.

«Ізгі хабар шайқассыз жариялана алмайды. Неге корқақтық, ақиқат болып табылатын Құдай сөзінен мені ажыратуы керек? Ешқашан олай болмайды». «Мен ақиқат үшін өлуге де дайынмын» - деп жауап берді оларға Лютер. Реформатордан тағы да императорға бағыну талап етілді. «Менің кітаптарымды императордан бастап қарапайым мәсіхшілерге дейін оқып шығып, сарапқа салуына қарсы емеспін, бірақ олар бұл еңбектерді Киелі Кітаппен салыстырып отырып оқулары керек. Себебі Құдай сөзіне бағынбау мүмкін

емес. Мен өзім Құдай сөзіне түптігел бағынамын. Сіздерге айтарым, менің арымды, дегендеріңізге лайықты етем деу пайдасыз әрекет». Тағы да бір кездесу кезінде: «Мен қорғау қағазынан да бас тартамын, ез өмірімді императордың колына тапсырамын, бірақ Құдай сөзінен ешқашан бас тартпаймын» деді Лютер. Онан соң реформатор сеймнің шешіміне, ол Киелі Жазумен қарама-қайшы келмесе ғана, бағынатынын айтты. «Ал Киелі Кітапқа келетін болсақ, оны оқуға және ол туралы өз көзқарасын айтуға папа және оның сансыз соборлары секілді кез келген мәсіхшінің құқығы бар» - деп, ол, өз сөзін тамамдады. Осыдан кейін Лютердің жаулары да, достары да оны Риммен татуластыру мүмкін емес екендігін жақсы ұқты.

Егер де Лютер өз еңбектерінің ең болмағанда бір тармағы бойынша папалықтармен келіскенде, сайтан өз жеңісін тойлаған болар еді. Бірақ Люгер осы жерде табандылық танытты және оның табандылығы жаңа дәуірге жол ашты.

Бұл адамның дін саласында ойланып, белгілі бір әрекеттер жасап енгізген жаңалықтары шіркеуге де, барлық әлемге де ықпалын тигізбей қойған жоқ. Сонымен қоса бұл әсер белгілі уақыт аралығымен шектеліп қалмады, келер ұрпақтарға кеңінен тарады. Оның табандылығы, Құдайға деген мүлтіксіз сенімі дәл осындай жағдайларға тап болған адамдарға көмектеседі, күш жігер береді. Құдайдың күші мен Оның қабылдайтын шешімі адамның шешімінен және албастының күшінен әлбетте жоғары.

Лютер императордың қаулысы бойынша еліне қайтарылды, бірақ ол, өзіне шығарылған үкімнің оның соңынан бірге еріп жүретінін жақсы білді. Төбесінен төніп тұрған қасірет бұлтына қарамастан реформатор Вормстен куанышқа толы жүрекпен аттанды.

Папаның қамалын сайтан қорғап тұрған болатын, бірақ Иса қамалға қабырғаны тесіп кірді, осылайша сайтан Оның билігін мойындауға мәжбүр болды.

Лютер кетер алдында, оның табандылығын қасарысқандық деп ұқпау үшін, императорға хат жазып кетті: «Адам баласының жүрегін көріп тұратын Жаратқан Жалғыз Иеміз - менің куәгерім. Мен сіздің өзіңізге, билігіңізге ешқандай қарсылығым жоқ, бағынамын. Бірақ адам емірінің жалғыз ғана өлшеуіші болып саналатын Құдай Сөзіне қарсы тұра алмаймын. Мәңгілік жайлы сез болған кезде, бір адамның екіншісіне бағынғанын Құдай қаламайды. Өйткені Алланың алдына барғанда әркім өзі үшін ғана жауап береді. Мұндай бағынушылық сол адамның алдында бас июмен бірдей. Ал адам тек Құдайдың алдында ғана бас июі керек».

Вормстен қайтар жолда жртшылық Лютерді жылы қарсы алды. Императордың сотына түскен адамды үкімет басшылары да, дін иелері де қуанышпен қабылдады және одан Құдай Сөзін уағыздауды өтінді. Лютер императордыңтығым салғанына қарамастан мінбеге көтерілді.

Папалықтар, Лютер Вормстен аттанып кетсімен, императордың оған қарсы үкім шығаруын талап етті. Бұл декретте: «Лютер, монах киімін киген, адам бейнесіндегі шайтан»деп жарияланды. Қорғау қағазының мерзімі өтсімен оған қатаң шаралар қолданылу қажеттігі бекітілді. Шығарылған үкімде: кім кімге болса да жүрген жерінде Лютерге қонақжайлық жасауға, ас-сумен бөлісуге, қол көмегін, сөз көмегін жасауға тыйым салынды. Кез келген жерде оны ұстап, қамауға алуға болады деген бұйрық берілді. Ал оған көмек көрсеткендер мүліктерінен айрылатын болды. Лютердің жазған еңбектері жойылуы керек деп жарияланды, ал оны оқитындар ауыр жазаға тартылады делінді. Лютер кеткен соң көп ұзамай онымен жылы қарым-қатынаста болған ханзадалар мен Саксондық курфюрст те Вормстен аттанды. Олар кетсімен сейм императордың қаулысын дереу бекітті. Бұл жолы папаның көсемдері: «реформацияның тағдыры біржола шешілетін болды»деп есептеді.

Бірақ Құдайдың жоспары баскаша болатын. Реформаторды өлімнен құтқарып қалу үшін құпия жерге тығып тастау қажет болды. Сөйтіп Құдай Саксондық Фридрихке даналық беріп, ол Лютерді құтқарып қалудың жоспарын ойлап тапты. Сенімді адамдарының арқасында курфюрсттың ойлағаны жүзеге асты. Үйіне қайтып келе жатқан Лютерді орта жолда біреулер ұстап алып, жолбасшыларынан айырып, орман ішіндегі жолмен таулы жерде жалғыз орналасқан Вартбург қамалына әкеліп тығып тастады. Бұл, іске асқан жоспардың құпия болғаны соншалықты, тіпті Фридрихтің өзі де көп уақытқа дейін Лютердің қайда екенін білген жоқ. Білмейтін адамға құпия сақтау оңай, сол себептен оған ештеңе айтылмады, тек реформатордың амандығы жайлы ғана хабар жеткізіліп тұрды.

Көктем, жаз, күз өтіп қыс келді. Ал Лютер өлі де болса сол қамалдың тұтқыны болып жатты. Алеандр және оның маңайындағылардың қуанышында шек болмады. Өйткені олар Ізгі хабар біржола өшіп, жоқ болады деп есептеді. Десе де жағдай олардың күткеніндей емес, мүлдем басқаша болатын. Реформатор өзінің майшамын ақиқаттың қазынасынан толықтырып жатты, себебі жарық одан бетер жарқырай түсуге тиісті болды.

Лютер біраз уақытқа созылған қатаң шайқастан соң қауіпсіз жерде - Вартбург қамалында дем алды. Бірақ бұл демалыс ұзаққа

созылған жоқ. Себебі уақыт өткен сайын оның іші пыса бастады. «Алланың адамзат баласына қаһары төніп тұрған осы ауыр кезеңде, Израилды қорғайтын бір пенде табылмады ғой» - деп ол іштей қатты қынжылды, тіпті өзін шайқас алаңын тастап тығылып жатқан қорқақтай сезінді. Дегенмен, ол күн сайын адамның бір күнде істеп бітіруге мүмкіндігі келмейтіндей орасан еңбек жасап жатты. Оның қаламы бір сәт те дем алмады. Лютердің үні бір жола өшті-ау деп есептеген оның жаулары кенеттен қобалжи бастады. Реформатордың қаламынан шыққан жазбалар барлық Германияға таралды. Оның отандастарына сіңірген еңбегі өте зор болды, өйткені Жаңа Өсиетті неміс тіліне аударған Мартин Лютер болатын. Жыл бойы өзінің тасты Патмос аралынан Ізгі хабарды уағыздап жатқан Құдайдың адал куәгерінің дауысы жан жаққа шарықтап шығып жатты.

Құдай оны бұл өмірдің сахнасынан алып кетіп, оңаша жерге бекер тыққағі жоқ. Біріншіден ажалдан арашалап қалды, екіншіден маңызды жұмыс тапсырды. Ең бастысы жетістіктер мен табыстан соң кеудесін көтеріп кететін менменшілдіктен, басты шыр айналдыратын атақтан қорғады.

Адамзат ақиқат сыйлаған бостандыққа қол жеткізгенде, сол ақиқатты берген Құдайды емес, оны уағыздаған пендені дәріптеп кетеді. Себебі албасты адамның ойы мен сезімін Алладан бұрып әкетіп, Құдайды емес, Оның қолындағы қаруының атағын жаңғыртады. Ал адам баласы болса атаққа тұншығып, кейде пендешілік жасайды, сөйтіп халықты Құдай Сөзіне емес, өз сөзіне иландырғысы келеді. Ғибадатханаларда реформа* осындай рухпен қаруланған пенделердің қырсығынан жиі тоқтап қалып жатады. Құдай Реформацияны осындай қателіктерден қорғап қалуды көздеді. Бұл еңбек адамның емес, Алланың мөрімен бекітілуге тиісті болды, сондықтанда Құдай, адамдардың назарын мәңгілік шындықтың Авторына аудару үшін Лютерді ешкімге көрсетпей, тасалап тастады.

Швейцарияда шындық нұрының тұтануы

Реформация ісін әрі қарай жалғастырушыларды таңдау кезінде Құдай ғибратхананың негізі каланған уақыттардағыдай жоспар бойынша жұмыс жасады. Біздің көктегі Ұстазымыз дәріптелуге, дәс көтерілуге, мақтауға үйреніп қалған байлар мен атақтылардың, бір сөзбен айтқанда осы өмірдің ұлыларының қасынан өте шықты. Себебі олар қарапайым халықтың мүддесін ешқашан ұққан емес және Назареттен шыққан момын Азаматтың әріптесі болуға жарамайтын еді. Сондықтан да Ол: «Менің соңымнан еріңдер, Мен сендерді адам аулаушы қыламын» - деп Өзінің соңынан қарапайым галилей балықшыларын ерткен болатын (Матай 4:19). Бұлар жаңалыққа құмар, зерделі, қарапайым жандар еді. Сол заманның жалған ілімдерінен аулақ жүретін болғандықтан, Мәсіх, бұл адамдарды Өз қызметіне жарамды әріптестер ретінде таңдап алды. Реформация кезінде де дәл осылай болды. Оның белсенді мүшелері өркөкіректіктен, мақтаншақтықтан, әзөзілдіктен аулақ фанатизмнің жұғыны жұқпаған таза адамдар болған. Сондықтанда барлық ғасырларда ұлы іске Құдай қарапайымдарды тағайындаған. Сойлай істеген жағдайда ғана даңқ адамға емес, Аллаға тән болмақ, ейткені кез келген жақсы іске дайын тұруға қалауоылықты адамға Құдай береді.

Саксондық кеншінің жанұясында Лютер дүниеге келіп жатқаы кезде, бір неше аптадан кейін Альпа тауларының арасында орналасқан бақташының үйінде Ульрих Цвингли туды. Оның алған тәрбиесі мен қоршаған ортасы болашақтағы атқаратын ісіне көп ықпалын

тигізді. Сұлу табиғат аясында ойнақтаған бала, жеті жасынан бастап ата-анасынан Құдай туралы әңгімелерді көп естіп, Оның Ұлылығын бойына сіңіріп өсті. Бір кездері таулы аймақтарда өмір сүрген азаматтардың жасаған ерлік әрекеттері жас баланың санасында лаулап жатты. Ол анасынан Киелі Кітапта жазылған тарихи оқиғалар - бабалар мен пайғамбарлар, періштенің хабарын естіген палестина бақташылары, Вифлеемде туған нәресте және Ғолгота Азаматы жайлы естіп өсті.

Мартин Лютердің әкесі секілді Цвинглидің де әкесі баласының оқып, білім алғанын жақсы көрді. Цвингли он үш жасқа толған кезде әкесі оны Бернге, Швейцариядағы ең жақсы деген мектептердің біріне оқуға жіберді. Бірақ бұл жерде жас балаға оның өмірін түп орнымен өзгертетін қауіп төніп тұрды. Монахтар баланы монастырға түсіру үшін бар күшін салды. Берннің доминикандық және францискандық монахтық бірлестігі дарынды жас студентті өз жақтарына шығарса, абырой атаққа ие болып, ақша оларғасудай құйылатынын жақсы ұқты. Жас студенттің күш - жігері, тіл байлығы, әдебиетке, музыкаға деген күштарлығы және ақындық дарыны монахтардың ордендарының атағын шығарып, түсімін көбейтетінін олар білді. Сондықтан Цвинглиді өз монастырларына түсіру үшін олар бар айла тәсілдерін жұмсады. Лютер студент кезінде өзін монастырдың кельесінде көмген болатын, егер де Құдай оның өміріне араласпағанда, ол сонда мәңгі қалатын еді. Цвинглиге мұндай қауіпті жолға түсуге болмайтын болды. Оның әкесіне монахтардың арамза ойлары белгілі болып, ол баласын дереу үйіне шақыртып алды. Цвингли әкесінің дегенін екі етпей туған еліне қайтып оралды. Бірақ үйінде көп болған жоқ, шамалы уақыттан соң Базельге аттанды. Сол жерде жүріп ол Құдай туралы игі хабарды естіді. Грек және еврей тілінің оқытушысы Виттембах Киелі Кітаппен де танысып, сол арқылы Ізгі хабар студент жастар арасына тарады. Ол дін әкелері мен философтардың ілімінен жоғары тұратын ақиқат жайлы ілімді жастардың санасына жеткізе білді. Бұл тарихи шындық - Мәсіх Исаның адамзат баласы үшін құрбан болғаны жайлы хабар еді. Айтулы хабар Цвинглидің өміріне жарық түсірген алғашқы шұғыла болатын.

Көп ұзамай ол Базельді тастап, жаңа өмірге жолдама алды. Оның алғашқы тоқтаған жері Альпадағы шіркеу болды. Дін әкесі атағын алғаннан соң, Цвингли, Киелі Кітапты зерттеуге кірісті. Өйткені Алланың сеніп тапсырған халқын жетелейтін басшы көп нәрсені білуге тиісті. Ол Килі Кітапты тереңірек зерттеген сайын шынайы шындық пен Римнің ілімінің арасындағы орасан зор айырмашылықты айқын көре бастады. Цвингли өзін Құдай Сөзіне

бағындырды, одан қарама-қайшылықтар іздеген жоқ, керісінше бар ниетін салып ақиқатты іздеді. Игі тілекпен Киелі Рухтың басшылығына сүйеніп Алланың айтқан әрбір сөзін мойындай отырып, ол, әсем де сұлу шындықтың куәгері болды.

Киелі Жазуды бізге Құдіретті Құдайым Өзі берген, ендеше оны оқып түсінуге жәрдемін де Ол Өзі береді. Құдай Сөзі Оған бағынатын адамға ешқашанда түсініксіз болып қалмайды. Цвингли өзінің өмірімен Алланың сөзінің шындық екенін дәлелдеді. «Әуелде, яғни Киелі Жазбаны зерттей бастаған кезде, адамның бойына сіңіп қалатын философия мен схоластика ақиқатқа қарсы шығады, бірақ сен бар ниетінді Құдайдың шындығын ұғуға бағыттасаң, Киелі Кітап өзін өзі түсіндіріп береді». «Мен Жүрегімнің Құдайдың шуағымен нұрланғанын тіледім, содан бастап Жазбаны түсіну мен үшін қиынға соққан жоқ» - дейді Цвингли.

Цвингли Лютердің ілімін қайталап тұрған жоқ. «Егер Лютер адамдарға Исаны уағыздаса, менің де істеп жүргенім сол. Оның Құдай жолына түсірген адамдарының саны менікінен көбірек, бірақ бұл маңызды емес. Өз басым Исаның есімінен басқа есімді алып жүргім келмейді. Мен Исаның жауынгерімін, ал Ол менің Жетекшім! Лютермен екеуміз ешқашан сөйлескен емеспіз, ал уағыздарымыз ұқсас. Осы арада Құдай Рухының тұтастығы айқындалып тұр, біз жеке-жеке тұлғалармыз, бірақ еш келіссөзсіз Құдай Сөзін бірдей етіп уағыздаймыз, себебі екеуміздің де ұстазымыз - Иса Мәсіх» - дейді швейцариялық реформатор.

1516-шы жылы Цвингли Эйнзидельн монастырына дін әкесі қызметіне шақырылды. Осы жерде ол Римнің заңсыздықтарымен бетпе-бет кездесіп, атағы туған Альпасының шекарасынан асып әрі қарай тараған реформаторға айналды. Эйнзидельн әулиелерінің ішінде керемет күштің иесі ретінде Мариям қыздың бейнесі құнды болып саналатын. Ал монастырдың қақпаларының жоғарғы жағында «Бұл жерде адам барлық күнәларына кешу алады» - деген жазу жазылып тұрды. Жыл сайын қажылыққа баратын халық күнәларына кешу алу үшін осында шұбырады. Мұнда адамдар тек Швейцарияның жер жерінен ғана емес, сол сияқты Германия мен Франциядан да жиналатын еді. Мазасы кетіп шұбырған жандардың ерсілі - қарсылы қаңғырысын тоқтату үшін Цвинглиге көп еңбектенуге тура келді. «Істеген қателіктеріңе кешірім алу үшін осында келудің қажеті жоқ. Мағынасыз істерің, жасап жатқан күрбандықтарың, пұттарға сиынуларың, қажылықтарың, Мариям қыздың бейнесіне табынуларың керек емес. Шаш кесу, ұзын киім кию, аяқ киімдеріңді алтынмен әшекейлеу - осының біреуі де сендерге жеңілдік әкелмейді,

күнәларың сол қалпында қалады. Иса барлық адамзат баласы үшін қанын төгіп құрбан болған. Егер сендер Оның құрбандығын қабылдасандар, Құдайдың алдында шын ниетпен жалбарынсаңдар тілектерің қай жерде жүрсеңдер де қабыл болады. Аллаға керегі адамның тап - таза жүрегі ғана» - деп ұғындырумен болды.

Бірақ Цвинглидің сөзі көпшілікке ұнамады. Себебі қажылықтарының мағынасыз болып шыққаны олардың көкіректерін удай ашытты. Олар үшін өз жүректерін тазартуға ұмтылғаннан гөрі бұл істі ттапаға тапсыру анағұрлым оңай көрінді.

Десе де айтулы хабарды, яғни кешірімнің Иса Мәсіх арқылы ғана келетінін қуанышпен қарсы алғандар да жеткілікті болды. Себебі олар қанша құрбандық жасап, неше түрлі рәсімдерден өткендерімен жүректеріне тыныштық орнай ал- май, мазасыз күй кешкен жандар болатын. Енді олар елдеріне оралғаннан кейін естіген қуанышты хабарын басқа адамдарға тарата бастады. Осылайша Ізгі хабар елден елге, қаладан қалаға тарады. Ал қажылыққа шығатындарың, құрбандық жасайтындардың сандары әлбетте азайды. Ендеше шіркеуге түсетін табыс та, сонымен қоса Цвинглидің өз табысы да күрт азайды. Бірақ реформатор бұған күйзелген жоқ, керісінше қуанды. Өйткені фанатизм мен ырым - жырымдарға жақсы соққы тиген болатын.

Шіркеу басшылары Цвинглидің ісін байқамай қойған жоқ. Десе де оған әзірше соқтықпауды жөн көрді. Керісінше оны алдап-сулап, ақыры өз жағымызға шығарамыз деген ниетте болған. Ал ақиқат болса халықтың жүрегінен орын теуіп, кең етек жая бастады.

Эйнзидельнде өткізген үш жылдан кейін Цвингли Цюрихтың кафедралықсоборына дін уағыздаушы ретінде шақырылды. Бұл Швейцария Конференциясындағы белгілі қалалардың бірі болатын. Бірақ Цвинглиді шақырғандар оның енгізетін жаңалықтарынан қорқып, реформатордың тікелей атқаратын міндетін белгілеп берді.

«Шіркеуге пайда түсетін істерге немқұрайды қарамайсың, мінбеден сөз сөйлеген кезде, шіркеуге деген сүйіспеншіліктеріңді дәлелдеу үшін, міндетті түрде бітірлерің мен зекеттеріңді осында әдептілікпен әкеліп отыруларың керек деп халыққа мойындатасың, шіркеу рәсімдерінен түсетін қаражатты неғұрлым көбірек түсіруге тырысасың. Сонымен қоса шіркеуге жақындату, уағыздау, папаны қамқорға алу да, дін әкесінің міндетіне енеді. Бірақ кейбір міндеттерінді, әсіресе уағыздауды басқа біреуге тапсыруға болады, ал шіркеуге жақындату рәсімін өзің орындауың керек. Жақындату рәсіміне тек атақты адамдарды ғана қатыстырасың және де тек өздері шақырса ғана. Бұл рәсімге кім көрінгенді қатыстыра беруге болмайды»деп насихатталды оған. Цвингли олардың өсиетін мұқият тыңдап алып, алғысын

білдіріп, соңынан оларға өз көзқарасын баяндады. Иса Мәсіхтің өмірі жұртшылықтың назарынан көп уақыт бойы тыс қалып келді. Ендігі жерде мен адамдарға елші Матай жазып қалдырған Ізгі хабарды уағыздаймын. Әуелі Құдайға сүйене отырып, сонан соң Киелі Кітапты басшылыққа ала отырып баршаға Құдай Сөзін терең ұғындыруға тырысамын. Адамдарды мәңгілік өлімнен құтқарып қалу үшін, Құдай жолында жалықпай қызмет етемін - деді. Кейбір дін әкелеріне Цвинглидің алған бағыты мүлдем ұнамады. Олар Цвинглиге өз көзқарастарының дұрыстығын дәлелдеп, оны алған бетінен қайтарамыз деп үміттенді. Бірақ Цвингли езінің таңдап алған бағытының дұрыстығына сенімді болды, сондықтанда оның жолына қандайда бір кедергілер қойып, оны тоқтату мүмкін емес еді.

Күннен күнге Цвинглидің іліміне қызыққандардың саны көбейе түсті, сондықтан да реформатордың уағыздарын тыңдаушылар аз болған жоқ, тіпті бұрын келмей кеткендердің өздері енді келе бастады. Осы жерде де Цвингли Эйнзидельндегідей Құдай сөзінің ақиқат екендігін жұртшылыққа дәлелдеп, адамзат баласына құтқарылудың жалғыз ғана жолы барын уағыздады. Бұл адамзат баласының кінәсін түгел Өз мойынына артып, солар үшін құрбан болған Иса Мәсіх жайлы жағымды хабар болатын. Реформаторды тыңдауға көп адамдар жиналатын болды. Олардың іштерінде мемлекет қайраткерлері мен оқымыстылардан бастап қарапайым кәсіпкерлерге дейін бар еді және олар Цвинглиді қызығушылықпен тыңдады. Реформатор оларға тек ақиқатты ғана уағыздап қойған жоқ, сонымен қоса қоғамда болып жатқан неше түрлі азғындықтар туралы да ашық айтты. Көпшілік соборды тастап, Құдайды мадақтауға кірісті. «Мынау адам шындықты айтудан қорықпайды екен, ендеше кезіндегі Мұса пайғамбар секілді халықты түнектен алып шығатын біздің діни басшымыз болар» - деп үміттенді сенетіндер.

Десе де, Цвинглидің құлшынысына кол салып, оны тоқтатқысы келгендер де аз емес еді. Монахтар оның ісін тоқтатпаққа шешім қабылдады. Біреулері оны қорқытса, біреулері мазақ қылды, ал енді біреулері оны балағаттап қорлады. Бірақ реформатор мойымады. «Егерде біз күнәкарлардың бетін Құдайға бұрғымыз келсе, неге болса да шұдаймыз» деді ол.

Дәл осы кезде реформация ісі кенеттен колдау тапты. Лукиан атты бір адам Цюрихке Лютердің біраз кітаптарын алып келді. Осында Лукиан Базельден реформация ісіне жаны ашитын адам арқылы арнайы жіберілген болатын. Цвинглиге жазған хатында ол: «Егер менің жіберген адамымды саналы деп санасаң, ол швейцарлықтарға барып, үйден үйге жүріп отырып, мына кітаптарды таратсын,

жұртшылыққа дұғаның мағынасын ұғындырсын. Оны неғұрлым көп адам түсінсе, солғұрлым кітаптарда көбірек сатылады»деді. Осылайша Құдайдың жарығының шұғыласы бұл елге де шашырады.

Алла надандықтың кісенін ағытқалы тұрғанда, албасты сол жерге дереу жетіп, елді түнектен шығармай, күнәнің шылбырын мықтап тарта түседі.

Исаның қаны арқылы адам кешірім алады деген хабар тараған сайын, Рим абыржып, барлық мәсіхшілер әлемін нарықтық қатынасқа енгізіп, кешірімді ақшаға сата бастады.

Әрбір күнәнің белгілі бағасы тағайындалды. Адамдарға қылмыс жасауға бостандық берілді, ал дін әкелерін бұл жағдай толғандырған жоқ, керісінше олар шіркеу қазынасын толықтандырғандарына дән риза болды. Осылайша екі түрлі қозғалыс пайда болды. Бірі Исаның қаны арқылы кешірім алуды ұсынса, екіншісі кешірімді ақшаға сатып алуды ұсынды. Рим күнәға жол ашып беріп байыған үстіне баи түсті. Ал реформаторлар болса, бұл адасушылықты қатты айыптап, халықты Құдай жолына түсіруге тырысты.

Германияда индульгенцияны сату қарабет Тецель басқарған доминикандық, орденге тапсырылды, ал Швейцарияда итальяндық монах Самсон басқарған францискандық орденге тапсырылды. Самсон Германиямен Швейцарияда папаның шіркеуіне қызмет етіп, оның қазынасын толықтыруға көп себін тигізді. Ол Швейцарияда емін еркін жүріп, тауарын сатып кедейлердің барын тонап, байлардың байлығын алып, көпшілікті өзіне қаратты. Цвингли Эйнзидельнде жүргенде, Самсон өз тауарымен көрші қалаға келді. Бұл хабарды естісімен Цвингли дереу іске кірісті. Олар бір бірімен бетпе-бет кездеспегенімен реформатор Самсонның зұлымдығын қатаң әшкереледі, мұны естіген Самсон бірден сол арадан тайып тұруды жөн көрді.

Цюрихте, Цвингли, индульгенциялардың сатылуына қарсы уағыздар жүргізіп жатқан кезде, Самсон осында тақап қалған болатын. Самсон қанша айла жасағанымен, қала халқы оны мұнда кіргізбей қойды. Арсыз монах қалаға кіріп бір индульгенция да сатуға мүмкіндігі болмай, кері қайтуға мәжбүр болды. Біраз уақыт өткен соң ол Швейцариядан мүлдем кетті.

1519-шы жылы Швейцария түп-түгел «қара өлім» деп аталатын оба ауруына шалдығып жатқанда, дәл осы кезеңде айтулы жерде реформация кең етегін жайған болатын. Халық өлімменен бетпе-бет кездескен кезде «күнәсі босатылды»деп қаншама ақшаға сатылып алынған бір парақ қағаздың ешқандай құны жоқ екенін сонда ғана ұқты. Оларға сенімдері нық тұра алатындай негіздеме қажет болды. Әрине бұл нәлет Цвинглиді айналып өткен жоқ. Оның сол кездегі

жағдайы өте нашар болды, барлығы реформаторды өледі деп санады. Осындай, басына қайғы бұлтты төніп тұрған кездің өзінде, бұл Құдайдың қызметшісінің ерлігі жасып, үміті сөнген жоқ, керісінше Исаның ерлігі есіне түсіп шабыттанды, Құдайдың құдіретіне мүлтіксіз сенді. Осыдан кейін, ажалдың құшағынан жұлынып шыққан реформатор, Құдай жолындағы қызметін әрі қарай жалғастырды. Ал халық болса, көрдің шетіне барып қайтқан сүйікті ұстаздарын қошеметтеп қарсы алды. Осындай ажалмен алпарысып жүрген сәттерінде халық Ізгі хабардың құнын бұрынғысынан бетер бағалай түсті.

Киелі Кітапты зерттеп, оның түпкі сырына ой жүгірткен сайын, Цвингли ақиқаттың сырын, оның күшін бақылады. Адам - ата арқылы біз күнәға батып, мәңгілік елімге душар болсақ, Мәсіх арқылы ақталып мәңгілік өмірге жолдама аламыз. Адамзат баласы үшін бұдан артық қуанышты хабар бар ма екен? Иса ажал оғына кеудесімен тосқауыл жасап, айқыш ағашқа керіліп, жаны күйзеліп азап шегіп, бізді өлімнен арашалап алып қалды. Адам күнәсі үшін Құдайдың алдында жауап беруі керек, бірақ Исаның құрбандығын қабылдап, Оған сенгендер, сотқа тартылмайды, өйткені Иса Мәсіх олардың күнәсін Өз мойнына алды. Халыққа сөйлеген сөзінде Цвингли: «Құдайға деген сенім бар жерде, Құдайдың Өзі де бар, ал Құдай бар жерде адам күнә жасамайды, тек жақсылық қана жасайды, өйткені Алланың шарапаты адамға күнә жасауға тыйым салады» деді.

Цвингли Киелі Кітапты халыққа баппен біртін-біртін ұғындырды. Әсіресе халықты толғандыратын ырым - жырымдар туралы сұрақтарды қозғамауға тырысты. Цвинглидің негізгі мақсаты адамның бетін Иса Мәсіхке бұру және оларға сүйіспеншілікпен Құдайдың жоспарын ұғындыру болатын. Жұрт Ізгі хабарды қабылдап, оның мағынасын түсінген кезде, езінен өзі ырым-жырым деген жайына қалды.

Осылайша ақырын-ақырын реформация Цюрихке де келіп жетті. Осыдан бір жыл ғана бұрын Вормсте виттенберлік монах император мен папаға «жоқ» - деп жауап берсе, енді Цюрихтіктер түп-түгел папаның талаптарына «жоқ» деп жауап беруге дайын тұрды. Бірақ папалықтар Цвинглиге соқтыққандарын қоймады. Уақыт өткен сайын олар Ізгі хабардың шәкірттерін отқа тастап өртеп жіберіп отырды. Сонымен шектеліп қана қоймай олар ақиқаттың қарлығаштарының ұстазының да үнін мәңгілікке өшірмекке дайындалды. Константиңтың епископ Цвинглиді кінәлап, бұл сұрақты шешу үшін, өзінің үш өкілін Цюрихтың кеңесіне жіберді. «Егерде Цвингли езі ілімін жалғастырып халық арасына тарата беретін болса, қауым тыныштықтан айрылады, егер ол тыныштықтан айрылса, шіркеу абыройдан жүрдай

болады. Ақыр соңында барлық жерде анархия* орнайды»деп хабарлады. Цвингли: «Мен Ізгі хабарды Цюрихте төрт жыл бойы уағыздадым, байқаған боларсыздар бұл кала бүкіл конференция бойынша ең тыныш, ең қауіпсіз қала, ал бұл дегеніміз Ізгі хабар барлық жерге тек қана бейбітшілік әкеледі деген сөз»деп жауап қайырды оларға.

Епископтың өкілдері: «Шіркеусіз сақтану, құтқарылып қалу мүмкін емес» - деп, өз сөздерінің әділдігіне жиын мүшелерінің көздерін жеткізбекші болды. Сіздер ондай мағынасыз жаладан қорықпаңыздар - деді Цвингли. Шіркеудің негізі, оның іргетасы - Иса Мәсіх. Құдайды дұрыс уағыздағаны үшін Ол Шимонға Петір деп ат қойған болатын.(Петір тастай деген мағынаны білдіреді) Қай халықта болмасын Исаға шын ниетімен сенетіндерді Құдай қабылдайды. Шіркеу дегеніміз осы. Осы әңгімеден кейін епископтың өкілдерінің бірі бұл ақиқатты мойындап, реформаторлық ілімді қабыл алды. Кеңес Цвинглиге қандай да бір шаралар қолданудан бас тартты, сондықтан Рим келесі шабуылға дайындалды. Олардың пиғылы жайлы хабарлас болған Цвингли: «Жартас өзіне келіп соғылып, кері қайтатын толқыннан қдншалықты корыкса, мен де олардан соншалықты ғана қорқамын»деп шабыттана сөйледі. Папалықтардың бар ынталарын салып істеген істері өздеріне түк пайда түсірген жоқ, керісінше реформация ісін әрі қарай дамытуға көмектесті. Лютердің із-түссіз жоғалып кеткеніне қамығып жүрген Германиядағы реформацияның жақтаушылары Швейцарияда реформацияның кең түрде таралып жатқанын естіп, бір серпіліп қалды.

Реформациямен бірге Цюрихте айтарлықтай бейбітшілік орнады. Халық, екі жүзділігін, іштарлығын, ұрыс-керістерін қойды. Мұндай бірлік біздің іліміміз арқылы Құдайдан келмегенде, қайдан келіп жатыр? Оны Жаратқанның ісі емес деп кім айта алады? - деп жазды Цвингли.

Реформация ісінің жоғарыға өрлеп бара жатқанына ашынған папалықтар, оған бұрынғысынан да бетер өшпенділікпен қырсық жасауға кірісті.

Лютерді қуғындағаннан тапқан пайдаларының шамалы екенін білетін олар, ендігі жерде басқаша амал жасауды ойлады. Жосіарларын алдын ала өлшеппішіп алып, Цвинглиді диспутка* шақырды. Ондағы ойлары реформаторды қақпанға түсіріп, көзін біржола жою еді. Ұстаздарының үнін өшірсеқ бұл қозғалыс дағдарысқа ұшырап, өздерінен өздері құритын болады деген ойда болды. Бірақ папалықтар ниеттерін ешкімге білдіртпеуге тырысты.

Диспут Баденде етілетін болды. Бірақ, Цвингли бұл жиынға бармай қалды. Олардың Ізгі хабарды таратушыларды үнемі отқа салып,

өртеп жіберетінін білетін Цюрихтың кеңесі Цвинглиді Баденге жібермеді. Реформатор Цюрихте Римнің өкілдерінің қайсысымен болса да кездесуге дайын екенін, бірақ Баденге бармайтынын оларға хабарлады. Реформация ісінің жақтаушылары Эколампадиус пен Халлер болды, ал Рим жағынан сөз сейлеуші прелаттар мен бір топ ғалымдарды ерітіп шыққан белгілі доктор Эккен болатын.

Цвингли пікірсайысқа бармағанымен, сол жерде қаралып жатқан іске қатыспай қалған жоқ. Папалықтар хатшыларын өздері тағайындады, ал басқа қағысушыларды елім жазасымен қорқытып, қандайда бір сөз жазып алуға тыйым салды. Соған қарамастан Цвингли күн сайын қаралып жатқан іске байланысты дәлме-дөл баяндама алып отырды. Бір студент күн ұзын болған оқиғаны мұқият бақылап отырып, кешке қарай оны қағаз бетіне түсіріп, ал басқа екі студент болса бұл баяндаманы Эколампадиустың хатымен Цюрихке жеткізетін болды. Ал реформатор оқиғаға байланысты өз көзқарастары мен кеңестері жазылған жауап хатты түнде өзірлеп, сол екі студент арқылы таңертең Баденге жіберіп отырған.

Екі жігіт қала қақпасының қасында тұрған күзеттің көзіне түсіп қалмау үшін төбелеріне үй күстары салынған себеттерді қойып алып, қалаға еш кедергісіз кіріп жүрді.

Цвингли өзінің жауларымен сырттай шайқасты. Олармен бет-бет кездескеннен гөрі осылай істегені жөн болатын, өйткені жауап берер алдында оның бір түн бойы ойланып шығатын уақыты бар болды. «Баденге хат жолдар алдында көп ойланып, көрер таңды көзбен атыратын — деп жазды Мукониус, осылай реформатор жауларымен ауызекі кездескеннен артық іс тындырды.

Ал папалықтар болса өз жеңістерін алдын ала тойлап, үстеріне бағалы киім киіп, өздерін алтын бұйымдармен әшекейлеп, құнды тамақ, қымбат шарап ішіп, міндеттерін ләззат алумен жеңілдетіп жатты. Керісінше реформаторлардың сол кездегі күйлері қайыршының аз ақ алды болды. Ішіп жейтіндері қарапайым тамақ болатын, соның өзіне олар көп уақыт кетірмейтін. Эколампадиус тоқтаған үйдің иесі оның бөлмесіне кірген сайын, не кітап оқып, не дұға оқып отыратынын байқап: «Мына «есерсоқ» дегендері өте мейірімді адам»-деп, оның инабатты жан екенін еріксіз мойындады.

Пікірсайыс басталған кезде Эккен көкірегі мақтаныштан жарыла жаздап, әшекейленген кафедраға шықты. Эколампадиус болса оған карсы тұрған ұсқынсыз жонылған ағаш самиянға отырды. Зор дауысы мен өзіне деген сенімі Эккенге күш берді, ал алтын мен атақ оны жігерлендірді. «Сенімді қорғаушы сыйсыз қала ма?» - деп ол

көкірегін кере түсті. Ал сөз шеберлігі таусылған кезде, әуелі балағаттауға, сосын қарғыс атуға кірісті.

Эколампадиус жанжалдан аулақ болуға тырысты және өз сөзін бүкпесіз: «Мен үшін Құдай сөзінен артық өлшеуіш жоқ» - деп ашық жариялады. Рим діндарлары салтқа жүгінсе, реформатор Құдай сөзіне жүгінді. «Швейцарияда салт-дәстүрлердің күші жоқ және олар атазаңда бекітілмеген, ал сенім жайлы айтатын болсақ, біздің атазаңымыз - Киелі Кітап» деді ол. Пікірсайысқа қатысушы қарама-қарсы жақтардың мінездерінің айырмашылығы көзге түспей қалған жоқ. Сыпайы хүрде баяндалған реформатордың сөздері дәлелді болып, халық мақтаншақ Эккенге жиіркенішпен қарады.

Диспут он сегіз күнге созылды. Ақыр соңында папалықтар өздерін жеңімпаз санап, реформация жеңіліске ұшырады деп есептеп, оның ізбасарлары піркеуден алыстатылды деген үкім шығарды. Депутаттардың кепшілігі Римді қолдағанымен, кейін кімнің дұрыс, кімнің бұрыс екені сөзсіз айқындалды. Осылайша аз ғана уақыттың ішінде протестантизм барлық жерлерге кеңінен тарап, Базель және Берн секілді орталық калалар реформацияның жағына шықты.

Реформация жетістіктері

Лютердің құпия түрде жоқ болып кеткені бүкіл Германияның халқын қобалжытты. Жан жақтан неше түрлі сыбыстар шығып жатты. Кейбіреулері оны жаулары өлтіріп тастады деп есептеді. Лютердің достары ғана емес, реформацияны ашық түрде жақтауға сескенетіндердің өздері оны ойлап қатты қайғырды. Ол үшін салтанатты түрде өш аламыз дегендер де болды. Папалықтар халықтың оларды тым жек көріп кеткендерін сезіп, қатты үрейленді. Әуелде олар Лютерді өлді деп есептеп қуанса, енді халықтың назасынан қорқып тығылатын жер таппады. Реформатордың жаулары оның бостандықта жүріп істеген ісінен гөрі, жасырын жүріп, құпия түрде істеген ісінен көбірек қорқатын болды. Олардың бірі: «Өзімізді құтқарып қалудың жалғыз ғана жолы қолымызға от алып, дүниені аралап жүріп, Лютерді тауып халыққа қайтару» - деген болатын. Халықтың папаның булласынан гөрі, Лютердің қамын көбірек ойлайтынын байқаған папаның легаттары ызаға булықты.

Жұрт Лютердің бостандықта болмағанымен, тірі екені жайлы қуанышты хабарды естігенде, тынышталып қана қоймай, оған деген керемет сүйіспеншілік ниеттерін білдіртті. Сөйтіп Лютердің кітаптарын бұрынғысынан да бетер қызығушылықпен оқи бастады. Құдай сөзін қорқынышсыз қорғаған ер азаматтың жағына шыққандардың саны көбейе бастады. Реформация құлашын жая түсті. Лютердің еккен дәндерінің жемісі көрінді. Құпия түрде жоқ болып кеткені, оның ісінің алға басуына жақсы әсерін тигізді. Себебі қолбасшылары тасаланып қалғандықтан реформация ісінің басқа қызметкерлері ез міндеттеріне деген жауапкершілікті сезіне түсті. Құдайға деген

сеніммен қаруланып алған бұл қызметкерлер барлық мүмкіндіктерді пайдаланып, алға қарай екпіндете адымдай бастады.

Бірақ ібілісте жай қарап отырған жоқ. Ол өзінің үйреншікті әдісін пайдаланып, шындықты өтірікпен араластырып, халықты алдауға кірісті. Бірінші ғасырда мәсіхшілер шіркеуінде пайда болған жалған мәсіхшілер секілді, XVI ғасырда жалған пайғамбарлар пайда болды.

Бірнеше адамнан құралған топ өздерін «көріпкелміз» деп жариялап, Құдай Лютер бастаған істі бізге жалғастыруды тапсырды деп мағынасыз әрекеттеріне кірісті. Шынына келетін болсақ бұл жалған ұстаздар Лютердің бастаған ісіне тек зиян ғана келтірді. Олар Құдай Сөзі адам өміріне дұрыс бағыт беретін жалғыз ғана өлшеуіш деген қағиданы ысырып тастап, оның орнына халықты сезімдері мен әсерлеріне сенетін қылып, беттерін басқа бағытқа бұрмалады. Жұрт бұл ережеге бағына бастаған кезде, албасты үшін халықтың ой-санасына жол ашылды.

Айтулы жалған пайғамбарлардың бірі: «Маған тапсырманы Жәбірейіл періштенің өзі беріп отырады» - деп жариялады. Олардың қатарына «Құдай Сөзінің мағынасын ширатып беруге жоғарыдан даналық алған» бір студент қосылды. Ал бұларға фанатизмге жақын тұратын басқа да адамдар жалғасты. Осылайша ынталанған тобыр маңайларында каншама шу көтерді. Лютердің берген тәлімдері халыққа реформаның қажет екенін сезіндірсе, жалған пайғамбарлар шынайы халықтың бетін шындықтан бұрып әкетіп, адастырып тастады.

Жаңадан сайланған топтың қолбасшылары Виттенбергке келіп, Меланхтонмен жолығып: «Біз болашақты болжайтын елшілер мен пайғамбарлармыз, бізді Құдайдың Өзі әдейілеп осында халыққа тәлім беруге жіберді және де біз Алламен өте тығыз байланыста жұмыс жасаймыз» деп жариялады.

Бұрын-соңды мұндайды көрмеген реформаторлар таң қалысты. «Бұл адамдар таңқаларлық рухпен қаруланып алған» - деді Меланхтон. Бұл не қылғай рух? Бір жағынан Құдайдың Рухын сендіріп алмауға тырысуымыз керек, сонымен қатар албастының рухының қақпанына түсіп қалмау үшін ете байқаулы болу қажет деп, ол маңайындағыларын сақтандырып қойды.

Біраз уақыт өткен соң бұл ілімнің де жемісі көрінді. Адамдар Киелі Кітапты оқымақ түгілі, оның бетін де ашпай қойды. Оқу орындарында рухани ретсіздік пайда болды. Студенттер ешкімнің сөзін елемей, оқуларын тастап, университеттерден кетіп жатты. Өздерін Реформация ісіне жауаптымыз деп есептеген жандар, оны керісінше тығырыққа әкеліп тіреді. Римнің қуанышында шек болмады. Енді бір рет шайқасқа түссек жеңіс біздің қолымызда болады деп есептеді олар.

Бұл оқиға жайлы хабар Вартбургке жеткенде Лютер қатты қайғырды. Аты шулы болған жалған пайғамбарлардың шын мәнінде кім екенін және Құдай ісіне қандай қауіп төндіріп тұрғанын Лютер жақсы білді. Реформацияның жалған жанашырлары шын мәнінде оның ең қауіпті жаулары болатын. Оның жаралы жанына соншалықты қуаныш әкелген ақиқаттар енді шіркеуде болып жатқан керістартыстардың себепшісі болды.

Лютер реформаны адам өміріне Құдайдың Қасиетті Рухының жетелеуімен енгізген еді. Ол осыншама өзгерістер болады деп өзінде күткен жоқ, шын мәнінде бұл Алланың ісі еді, ал Лютер болса, Құдірет Иесінің қолындағы қаруы ғана болды. Кейде болған істі болжай отырып Лютер: «Менің ілімімнің біреуге зиян келтіргенін білгенше, он рет өлгенім артық емес пе еді»деп жаны түршігетін. Десе де, олай болуы мүмкін емес, өйткені Лютердің уағыздаған ілімі Ізгі хабардың мәні болып саналады және оның солай екенін реформатордың өзі де жақсы білді.

Реформацияның орталығы болып саналатын Виттенберг қаласы бірінші болып фанатизм мен заңсыздықтың шырмауына оралды. Бұған Лютердің ілімінің мүлдем қатысы жоқ, дегенмен жаулары тікелей оның ілімін кінәлады. Кейде Лютер: «ұлы Реформацияның ісі осымен аяқталып қоймақ па» ? - деп қатты қайғыратын. Осындай жаны азапқа түсіп, қамыққан сәттерде оған тек дұға оқып, салауат айту ғана көмектесті. Ақыры бұл менің ісім емес, Құдайдың ісі, ал Оның ісі ешқашан өлмейді деген шешімге тоқталды Лютер. Осындай, шайқас ең жоғарғы шегіне жетіп тұрған сәтте, ол жағдайды алыстан бақылап отыра алмады, дереу Виттенбергке оралмақ болып ұйғарды.

Осыдан кейін Лютер кідірместен осы қауыпты жолға аттанып кетті. Империяда заң оның құқығын қорғамайтын болды. Жаулары оны кез келген жерде өлтіріп тастауға құқылы болатын, ал достарына оған көмек көрсетпек түгіл, жай ғана қонақжайлық жасаудың өзіне тыйым салынды. Десе де, Құдай ісіне қауіп төніп тұрған сәтте, ақиқат үшін қорқынышсыз шайқасқа түсуге Лютер өзір болды.

Өзінің шешімі жайлы курфюрстке жолдаған хатында реформатор: «Мен Виттенбергке қайтып барамын, себебі жағдай соны талап етіп тұр. Менің сіздің тағайындаған күзетіңізден де артық Қорғаным бар. Олай дейтінім сіздің көмегіңізден бас тартқаным емес. Керісінше қазіргі кезде сіздің көмегіңізден гері, менің көмегім сізге көбірек тиеді деген ойдамын және сіздің ойыңызда осындай болар деген ниеттемі. Менің бұл бастаған ісіме тек Алла ғана көмектесе алады, кімде кім көбірек сеисе, соншалықты оның қорғаны да мықтырақ болмақ» деп жазды.

Жол жөнекей жазылған екінші хатында: «Мен барлық әлемнің назасы мен сіздің наразылығыңызды қабылдауға әзірмін, бірақ Құдайдың маған сеніп тапсырған халқын қалдыра алмаймын, керек десе олар үшін жанымды қиюға да дайынмын. Оның үстіне Алланың қаһары түсіп барлық Германияда бүкілхалықтық қобалжу басталып кете ме деп те қауіптенем»деп сөзін толықтырды.

Лютер аса бір байқаулықпен, шыдамдылықпен сонымен қатар табанды және шешімді түрде өз жұмысына кірісіп кетті. Зорлықпен орнатылған жалған ілімнің жемісін түбегейлі жоюымыз керек - деді Лютер. Сенімсіздік пен ырымшылдықты күш салып жоюдың қажеті жоқ. Ешкімге де зорлық келтіруге болмайды. Себебі адамның сенімінің мәні — бостандық.

Көп ұзамай Виттенбергте Лютердің оралғаны жайлы хабар таралып кетті. Жер жерден шіркеуге адамдар жиналды. Лютер мінбеге көтерілді. Мессаны,* күш сала отыра, болдырмаймыз дегендер жайлы ол былай деді: «Месса - атымен керексіз, Құдайдың еркіне қарсы дәстүр. Оның орнына Киелі Кітапта жазылған Құдайды еске алу Кешін өткізген дұрыс. Бірақ ешкімге зорлық жасап оны істетудің қажеті жоқ. Барлығы бір Құдайдың қолында, жасалатын істің барлығы Оның еркімен жасалуы керек. Мүсіншінің қолындағы сазбалшықтай адамның жүрегі біздің қолымызда тұрған жоқ. Айту бізге міндет, бірақ әр адам кез келген істе өз еркімен шешім қабылдайды. Күшке салу - қылымсуға, немқұрайдылыққа, еліктеушілікке, екі жүзділікке, тағы да басқа неше түрлі қаулылардың қабылдануына әкеліп тірейді. Бірақ осы айтылған азғын мінездемелер бар жерде адалдық та, сенім де, сүйіспеншілік те болмайды. Істің мұндай нәтижесі түкке де тұрмайды. Құдай Өзінің Сезімен менен де, сіздерден де, күллі әлемнен де зор іс тындырады, өйткені Ол Сөзімен адамдардың жүректерін жаулап алады, сонда олар өздерінен өздері Тәңірге бой ұсынады...

Мен уағыздаймын, пікірталас жүргіземін, жазамын, бірақ дегенімді орындатамын деп ешкімді де зорламаймын. Әрине мен индульгенцияға, зорлықзомбылыққа қарсымын, бірақ жұртты көтеріліске бастау ойымда да жоқОлай істейтін болсақ бүкіл Германия соғыс алаңына айналып, халықтың қаны судай төгілген болар еді. Айтыңыздаршы, одан түсетін кандай пайда бар? Маған айту парыз, ал шешімді өздеріңіз қабылдайсыздар. Мен тек Тәңірдің Сөзін уағыздадым, ал ол сөз өз ісін істеді. Тіпті ұйқтап жатқан кездерімнің өзінде айтқан уағыздарым папаның бекінісінің негізін қиратып жатты. Ондайды істеу ханзадалар мен императорлардың да қолынан келмейді. Сондықтан айтарым ешкімге қиянат жасамай парыздарыңызды сөзбен орындаңыздар».

Осы жерде Лютер Құдай сөзін бір апта бойы уағыздады. Реформатор фанатизмнің тасқынына Құдай Сөзімен тосқауыл қойды, сөйтіп Ізгі хабардың күшімен адасқан халықты қайра ақиқат жолына түсірді.

Қаншама зұлымдық жасаған атышулы фанатиктермен кездесуге Лютердің ешбір зауқы болмады. Өйткені олар жүгенсіз кеткен, ешкімнің сөзіне құлақ аспайтын, өздерін ғана түзуміз деп есептейтін тоң мойын, тоқшар жандар болатын. Бірақ олар Лютермен кездесуді талап еткендіктен, реформатор келісіп, барлық іс-әрекеттерін әшкерелеп бергені соншалықты, фанатиктер Виттенбергті тастап тайып тұруды жөн көрді.

Айтулы қозғалыстың жүргізген жұмыстарының нәтижесі уақытша тоқтатылғанымен, бірнеше жылдан соң фанатизмнің оты қайрадан жарқ етті және халыққа бұрынғысынан да жаман соққы әкелді. Бұл қозғалыстың басшылары жайлы Лютер былай деді: «Олар үшін Киелі Кітап өлі әріппен тең, сондықтанда олар: «Рух! Рух!» деп айқайлайды. Мен ондай рухтың бағыттаған жағына бара алмаймын. Өздерін «киеліміз» - деп санайтындардың шіркеуінен Құдай мені сақтасын». «Мен өздерінің кінәсін мойындайтын, күні түні күнәсі үшін Алладан кешірім сұрап, Құдайға шын ниетімен құлшылық ететін қарапайым жандармен бірге болғым келеді» деп жазды доктор Лютер.

Сол фанатиктердің ішінде Томас Мюнцер деген өте дарынды адам бар болатын. Ол ақиқат жолында қызмет істегенде халқына каншама пайда келтіретін еді, бірақ өкінішке орай ол шынайы діннің ұстанымдарын қабылдамады. Томас бар әлемді өзгерткісі келді, бірақ өзгеру адамның өзінен басталатыны жайлы негізгі қағиданы ұмытты. Ол билік құруды аңсады, барлық істе бірінші болғысы келді және Лютерден жоғары тұруды армандады. «Реформаторлар Киелі Кітаптың беделіне сүйеніп, папалықтың тағы бір түрін құрғылары келеді» - деп жариялады Мюнцер. Оның ойынша қайта құруды Құдай оған сеніп тапсырған екен. Киелі Кітапты ешқашан қолына ұстамаса да, бойында рухы бар адам иманға тұншыққан нағыз Құдайдың қызметкері - деді ол.

Бұл оқымысты фанатиктер қиялдарының шырмауына оратылып, өз ойларынан шыққан дауысты Құдайдың дауысы деп есептеп, өздеріне де, маңайындағыларға да көп зиян келтірді. Олардың кейбірі «Әріп елтіреді, Рух тірілтеді» деп ұран шығарып, жұрттың көзінше Киелі Кітаптарын өртеп жіберген. Мюнцердің іліміне еліктеген халықтың мінезінде менменшілдік пайда болып, олар адам айтқысыз беймәлім күйге ұмтылған. Мыңдаған халық жалған оқытушының соңынан еріп кетті. Уақыт өте келе ол Құдайға құлшылық, етудің тәртібін әшкерелей бастады. Ханзадаларға бағыну Құдайға да, Велиарға* да қызмет етуге тырысатындардың ісі - деп арыз тастады Мюнцер.

Папаның езгісінен енді ғана босап шыққан халық, үкімет билігі жағынан да ешбір қысым көргісі келмеді. Ал Мюнцердің, Құдайдың тарапынан келіп жатыр деген ілімі, оларға дәл осы бостандықты ұсынып тұрды. Оның нәтижесі көп күттірген жоқ, барлық жерлерде қақтығыстар мен бүлік басталып, бүкіл Германия қанға боялды.

Реформацияға тіркеп қойған фанатизмнің нәтижесін көріп, Лютердің жаны қатты күйзелді. Папалықтар болса, бұл Лютердің ілімінің жемісі десті және көпшілік халық олардың ойларын бөлісті. Осылайша кінә тағуға ешқандай негіз болмағанымен, ақиқатты фанатизммен косақтап қойғандарына Лютер әрі қайран қалды, әрі қайғырды. Бүлікті қоздырушылар болса, Лютерді мейлінше жек көрді, себебі реформатор олардың жалған дәуіттіктерін әшкерелеп қана қоймай, сонымен қатар бұл жауыздардың үкімет билігіне де қарсы екендерін атап көрсетті. Жауап ретінде олар Лютерді сатқын етірікші деп кінәлады. Қарап тұрсақ Лютер ханзадалардың да, халықтың да назасына ұшырағандай болып көрінеді.

Бұған мәз болған папалықтар реформацияның жеткен жері осы, бәрі аяқталды деп естері кеткенше куанды. Жалған реформацияны қолдаушылар болса біз әділетсіздікке ұшырадық деп айғайлай бастады. Осылайша олардың айласы іске асып, жұрт оларды құрбан болғандар деп ссспсп, аяп, бұл сатқындарға сый-құрмет көрсетіп жатты. Әрине ақиқатты жақсы білетіндер бұл адамзаттың жауының ісі екенін бірден таниды.

Ібіліс адамдарды алдап, тақуалықты күнә деп, күнәні тақуалық деп, жұрттың басым көпшілігін соған сендіреді. Ақиқатты қорғап жүрген Құдайдың адал құлдары сатқын болып шыға келеді. Сайтанға қызметтес болып жүргендердің атағы шығады, олар дәріптеледі, ал ақиқаттың қарлығаштары болса барлық, қауымға жек көрінішті болады, балағатталады.

Жалған тақуалық пен жасанды нұрлану адамдарды әлі де адастырып келеді. Неше түрлі қалыпқа еніп алған ол қазір де Лютердің заманындағыдай әрекет жасайды. Осылайша ібіліс үнемі адамдарды Киелі Кітапқа емес, өздерінің сезімдеріне сенетін қылып, тазалық пен пәктікті ластап жеңіске жетуде. Жауларымен қатыгез шайқасқа түскен Лютер жан жақтан келіп жатқан шабуылдан Құдай Сөзін аянбай қорғады. Папаның қатыгез билігіне, ғалымдардың мәнсіз философиясына сол Сөзбен қайыспай қарсы тұрды және реформация ілімімен араласып кетуге ұмтылған фанатизмге де ол сол Сөздің күшімен тойтарыс берді.

Реформаторға қарсы шыққан қозғалыстардың әрқайсысы Киелі Жазбаны аяқ асты етіп, бірінші орынға адамның даналығын

қойды. Рационализм сананың алдында басын иіп, оны ақиқаттың өлшемі етеді. Рим шіркеуі папаны «киелі» санай отырып: «Біз елшілердің замандарынан бері үздіксіз келе жатқан дарындылармыз» - деп, өздерінің сатқындық әрекеттерін елшілердің киелі жабуларымен жасырып қалғылары келеді. Ал Мюнцердің және оның жағында тұрғандардың киелілікке жармасуы үкіметке де, шіркеуге де қырсығын тигізген тек қана олардың қиялдарының жемісі. Шынайы мәсіхшілер Құдай Сөзін қабыл алады және оның ақиқаттың ұлы қазынасы, әрбір істі мөлшерлеп отыратын өлшеуіші екенін мойындайды.

Вартбургтен қайтып оралғаннан кейін Лютер Жаңа Өсиетті неміс тіліне аударуды аяқтады, енді Германияның халқы Ізгі хабарды өз тілдерінде оқи алатын күйге жетті. Ақиқатты сүйетіндер бұл кітапты орасан зор қуанышпен қарсы алды. Ал адамдардың дәстүрлері мен оның қаулыларын қабылдайтындар бұл Сөзді жек көрді.

Дін әкелері болса қарапайым халықтың олармен қатар Киелі Кітапты оқи алатын күйге жеткендеріне қатты абыржыды, өйткені олардың надандықтары енді әшкереленетін болды. Олардың даналықтары Құдай Рухының қылышына қарсы шыға ала ма? Рим барлық билігін пайдаланып, Киелі Кітаптың таралуына кедергі жасады. Десе де олардың шығарған бұйрықтары, жарғылары іске аспай қалды. Неғұрлым Рим Киелі Жазуды оқуға тыйым салса, соғұрлым халықтың оны оқуға деген ниеті зор бола түсті. Хат танитындардың барлығы Киелі Кітапты қолдарына алды. Олар Жазбаны өздерімен ұстап жүріп оқып, кей жерлерін жаттап та алатын болды. Мұны көрген Лютер дереу Көне Өсиетті аударуға кірісті. Сөйтіп ол жұмысының сарынына сай, аударылған бөлімдерді біртіндеп баспадан өткізе отыра, оларды халық арасына тарата бастады.

Лютердің еңбектерін қалалы жерде тұратын адамдар да, ауылды жерде тұратындары да қызығушылықпен қарсы алды. «Лютер және оның достарының жазған еңбектері басқа адамдармен таратылды. Монахтар ездерінің берген уәделерінің мәнсіз екенін байқағаннан кейін орындарынан тұрып, пайдалы іске кірісті, десе де уағыз айтуға қабілеті жеткіліксіз олар жер жерлерді аралап жүріп отырып осы кітаптарды сата бастады. Аз ғана уақыттың ішінде барлық Германия бойынша осындай ержүрек кітап тасушышар пайда болды».

Байлар мен кедейлер, ғалымдар мен қарапайымдар - барлығы бірдей бұл кітаптарды қызыға оқыды. Ауылды жерлердің мұғалімдері түн мезгілдерінде ошақ маңында жиналатын аздаған топқа осы кітаптарды оқып беріп отырды. Шындыққа көздері жетіп, оған иланған адамдар естігендерін баскалармен бөлісті.

Осылайша Киелі Кітапта берілген аян орындалды: «Сенің сөзің қарапайымдардың көзін ашады, оларға тәлім береді» (Жыр. 118: 130) Киелі Кітап, халықты, папаның өктемдігінің тұсауынан босатып алып, оларға бостандық сыйлады, ой-өрістерінің кеңеюіне жәрдемін тигізді. Сенетіндер адамның жанына ешқандай азық бермейтін, дін әкелері ұсынған күллі дәстүрлер мұқият орындап отыратын. Ендігі жерде Жазбада жазылған айқын ақиқаттар қолына тиген халық рухани ұйқыдан оянды, өйткені Алланың Сөзі адамның табиғатын ғана қорғап қоймай, ақылын кеңейтіп, ойлау жүйесін жетілдіреді.

Жер жерлердің барлығында халық қолдарына Киелі Кітаптарын ұстап жүріп реформация ілімін қорғады және жалғастырды. Папалықтар, кезінде өздері Киелі Жазуды оқуға құқық берген монахтар мен дін әкелерін, енді жаңа ілімге тойтарыс беруге шақырды. Бұрын қарапайым халықты тоқшарлар мен надандар деп атаған дін мұғалімдері енді рухани білімі жағынан оларға қарсы тұруға дәрмендері жетпеді. «Өкінішке орай - дейді бір католик жазушысы, Лютер өзінің ізбасарларын Киелі Кітаптан басқа ешкімге сенбейтін қылып иландырып қойған». Шала хат танитындардың, сөзге шебер дін әкелерімен сайысқа түсіп, ақиқатты қалай қорғайтындарын есту үшін қаншама халық жиналатын болған. Осылайша дін әкелері мен дін зерттеушілеріне қарағанда кәсіпкерлер, сарбаздар, әйелдер мен балалар Киелі Жазбаны әлдеқайда артық білетін болып шықты. Ізгі хабар шәкірттері мен папаның жағындағылардың арасындағы айқын айырмашылық қарапайым халықтың ғана емес ғалымдардың арасында да аз болған жоқ. «Тіл мен әдебиетті білмейтін иерархияның* көне жақтаушыларына қарсы Киелі Кітапты зерттеу арқылы ежелгі классиканың біртұмасымен таныс болған мейірбан жастар көтерілді. Ұшқыр ойлы, таза жүректі, батыл жастардың Киелі Кітаптан алған білімдерінің тереңдігі соншалықты, ұзақ уақыт бойы олармен ешкім сайысқа түсе алмады».

Католиктік діни қызметкерлер шіркеулерінің сиреп бара жатқандарын көргенде, кетіп қалған жұртты кері қайтару үшін үкімет билігінен көмек сұрауға мәжбүр болды. Бірақ ұзақ уақыт бойы қорек бермейтін, пайдасы жоқ салт - дәстүрлердің кебегімен тамақтандырылған жұрт енді қайтып ол шіркеуге барғылары келмеді. Ал қуғын-сүргіннің оты лап еткен мезгілде: «Сендерді бір қаладан куған кезде, сендер екінші қалаға қарай қашатын болыңдар» - деп, Киелі Кітапта жазылған Құтқарушының сөзі, олардың естеріне түсті (Матай 10:23). Қуғындалушылар жер-жерлерге жүріп отырып, тоқтаған мекендерінде Құдай Сөзін уағыздап, тәлім берумен айналысты. Кейде олар уағыздарын шіркеулерде айтса, ондай жағдай

болмаған кездері үйлерде, далада, орманда сөйлеген. Ең болмағанда бір адам бар жер киелі ғибадатханаға айналған. Соншалықты қуатпен уағыздалған ақиқат тосқауыл дегенді білмеді.

Діни және үкімет билігінде отырғандар енді оларды тоқтата алмады. Ақиқаттың қарлығаштары түрмеден де, қапастан да, оттан да, азаптан да, қылыштан да қорықпады. Бұл Құдайдың адал құлдары өмірлерін беруі бар Оған шын жүректерімен қызмет етті. Қуғын-сүргін олардың еңбектерін тоқтата алмады, керісінше ақиқаттың кең түрде таралуына жәрдемдесті. Фанатизм мен ақиқатты араластырып, жұртты түзу жолдан тайдырып жіберем деген албастының айласы іске аспай қалды. Осылайша Жаратушы мен Оның қарсыласының орындап жатқан істерінің арасындағы айырмашылық айқындала түсті.

Ханзадалардың қарсылығы

1 529 жылы Шпейерде өткен мемлекеттік сеймде Германия ханзадаларының Римнің құрған ережелеріне қарсы шығуы, олардың Реформацияны қолдағандарының дәлелі болып табылады. Бұл азаматтардың ержүректіктері, сенімдері және қабылдаған шешімдері болашақ ғасырларға адамның ойының, ар-ұжданының бостандығын алып берді. Сол себепті де Реформация шіркеуі «протестанттық» - деп аталады, яғни қарсы тұру деген мағынаны білдіреді.

Реформация үшін қайғылы күндер басталды. Вормсге өткен эдикт Лютер заңнан тыс (заң оны қорғамайды) деп жариялағанымен, мемлекетте діни шыдамдылық басым түсті. Құдай ақиқатқа қарсы шабуыл жасайтын жақтардың күшін тежеп тұрды. Карл V Реформацияға қарсы күрес жүргізгісі келгенімен, амалсыз тоқтап тұруға мәжбүр болды. Римнің тәртібіне қарсы шыққандарға өлім жазасы төніп тұрса да, біресе шығыс жақтағы шекарадан Түрік әскері пайда болып, біресе Француз королі бас көтеріп, ол жетпегендей императордың қайратын көре алмаған папа өзінің қызғанышын жүгендей алмай, айтулы себептердің салдарынан әлсін-әлсін соғыс оты лапылдап жатты. Бұл кездері реформаторлар олардың көкейлерінен тыс қалып, өз істерін әрі қарай сәтті жалғастырып, өсіп өне берді.

Ақыр соңында папалықтар бір - бірлеріне деген күншілдіктерін жүгендеп, Реформацияға қарсы бірігіп күрес жүргізбек болып шешім қабылдады. 1526-шы жылы Шпейерде өткен мемлекеттік сеймде, соборда өтетін үлкен жиынға дейін, әрбір неміс жерлеріне дінге қатысты бостандық берілгенімен, осы шешімге әкеліп тіреген

қауіп етсімен, 1529-шы жылы император екінші сеймді шақыртып, оған реформацияны жоюға бұйрық берді. Ханзадалар реформацияға бейбіт жолмен тыйым салсын деген шешім қабылданып, болмаған жағдайда Карл қолына найза алуға уәде берді.

Дел осы кезде папаның өкілдерінің қуаныштарында шек болмады. Олар өздерінің реформацияға және оны қолдаушыларға деген өшпенділіктерін жасырғанда жоқ.

«Біз дүниенің қалдығы мен қарғысына айналдық, бірақ Мәсіх Исаның Өз халқын құтқарып алатынына толық сенеміз» - деп жазды Меланхтон. Протестант - ханзадаларға уағыз айтуға қатаң тыйым салынды. Бірақ тыйым салынғанға қарамастан Құдай Сөзін аңсаған халық саксондық курфюрсттың ғибадатханасына жиналды.

Бұл жағдай дағдарысты тездетті. Император сеймге деген үндеуінде: «Діни бостандық неше түрлі төртіп бұзушылыққа әкеліп тірейді, сондықтан бұл заңды жедел түрде жою керек» - деп талап етті. Бірақ протестант - ханзадалар бұған қарсылық білдірді. Олардың бірі: «Иса Мәсіх тағы да Каиафа мен Пилаттың қолына түсті-ау» - деп қынжылды. Рим діншілдері басқыншылық жасады. Папалық бір фанат*: «Түріктер лютерандардан әлдеқайда артық, өйткені олар ораза ұстайды, ал лютерандар болса оны да жасамайды» - деп жариялады. Егер Құдайдың Сөзі мен шіркеудің басынан өткен адасушылықтардың бірін таңдау керек болса, онда біз екіншісін тандаймыз» - деді ол. Меланхтон, Фабер жайлы: «Олар біздің, яғни Ізгі хабарды уағыздаушылардың жағына күн сайын тас лақтыруда» - деп жазды.

Діни шыдамдылық халыққа заң жүзінде берілген болатын, сондықтан протестанттар өз хұқықтарын қорғап қалу үшін шайқасқа кірісті. Лютердің хұқығы шектеулі болғандықтан оның орнына Шпейерге Лютердің кезқарасына ортактас ханзадалар аттанды. Лютердің бұрынғы қамқоршысы саксондық Фридрих қайтыс болды, бірақ оның орнына реформацияны жөн санайтын оның бауыры герцог Иоганн тұрған болатын. Ол бейбітшілікті сақтап қалу үшін көп күш жігерін жұмсады.

Дін әкелері ханзадалардың Римге бағынуларын талап етті, ал ханзадалар болса керісінше олардан бұрынғысынша діни бостандықтың қалуын талап етті. Себебі ханзадалар, жігерлі түрде Құдай Сөзін қабылдаған мемлекеттің қайрадан Римге бағынғанын қаламады.

Ақыры екі жаққа да бір шешімге келу ұсынылды. Реформация бекімеген жерлерде Вормстық эдикт* күшіне еніп, ал халық, онымен келіспеген жерлерде көтеріліс болдырмау үшін реформа құру тоқтатылып, уағыз кезінде шиеленіс тудыратын сұрақтарды қозғамау, мессаның қызметіне кедергі келтірмеу, сонымен қоса католиктерге

лютерандыққа көшуге тыйым салу ұйғарылды. Папалық діншілдер мен прелаттардың қуанышына орай бұл ұйғарымды сейм қолдады.

Егер бұл шешім бекітілсе, онда реформация ісі жалғасын таба алмайды, яғни жаңа жерлерге тарай алмайды, ал тараған жерлерде нығая алмайды. Нәтижесінде сөз бостандығына тыйым салынып, шынайы дінге кіру мүмкін болмай қалады. Реформацияны жақтаушылардан осы ережелермен келісу талап етілді. Әлем тығырыққа келіп тірелгендей болды. Рим иерархиясының қайра құрылуы оның зұлымдықтарын қайтып келуіне жол салады, сонда онсыз да фанатизм мен алауыздықтан қопсып тұрған реформация қозғалысы түп орнымен жойылып кетуі мүмкін. Кеңеске жиналған протестант өкілдері бір бірлеріне қарады. Бәрінің қойғаны бір сұрақ: «Не істеге болады?» Бұл сұрақтың жауабының әлем үшін маңызы зор еді. Реформацияның жетекшілері бұл қаулыны қабыл ала ма? Осындай шешуші сағатта реформаторлар, қате бағытты таңдау қажеттігі туындап тұр деп, өздерін соған көндіруі оп-оңай болды. Римге бағынбауға шарасызбыз деп, соған неше түрлі дәлелдер келтіре алатын еді. Лютеран ханзадаларға дін бостандығы уәде етілді. Сонымен қатар ол бостандық, айтулы қаулы шыққанға дейін, реформацияны қабылдап үлгергендерге де беріліп тұр. Осының өзі де аз емес секілді. Жаңа қаулыға бағынса, қаншама қатерден құтылар еді. Бағынбаса жолдарында неше түрлі дауыл кездесері һақ. «Бір кездері бұдан да артық мүмкіндіктер пайда болар. Тыныштықты тандап, Рим ұсынып тұрған зәйтүн бұтағын алып Германияның жарасын емдейік». Әлбетте, реформаторлар, ондай шешім қабылдағандары үшін ақтала да алар еді, дегенмен сол шешімнің соңынан кеп ұзамай-ақ қозғалыстарының күйреуі де анық.

Бақыттарына орай істеріне имандары басшы болып, бұл ұсыныстың негізінде жатқан ұстанымға олар көңіл аударды. Оның нәтижесі қандай болмақ? Рим ой бостандығына тыйым салып, адамның арын мәжбүрлеуге құқылы болды. Бірақ олардың өздеріне және солардың өкілеттіктеріндегі протестанттарға дін бостандығы уәде етіліп тұрған жоқ па? Әрине, айтса да құқық ретінде емес, осы ұсыныс талап ететін садақа ретінде ғана. Келісімшарттан тыс басқа нәрселерді алатын болсақ, ғибадат (дін) билігі сол қалпында қалып, ар-ұждан ұмытылып, Рим, күллі жан оған бағынатын қасиетті сот саналмақ. Айтулы шешім бойынша діни бостандық протестанттық Саксониямен ғана шектеліп, ал қалған барлық мәсіхшілер әлемі бөз баяғысынша Римнің езгісінде болмақ. Бас кетерем деушілер отқа тасталып, түрмеге қамалады. Сонда олар діни бостандықтың шектелуімен келісіп, енді барлығы шынайы дінге енді деп айта ала ма?

Римнің билігіндегі барлық жерлердің оның езгісінде мәңгі қалуына жол бере ала ма? Бұл келіссөздің салдарынан папалық мемлекеттерде жүздеген және мыңдаған жандар өмірмен қош айтыспақшы. Бұл дегеніміз шешуші сәтте, мәсіхшілердің бостандығына және Ізгі хабарға сатқындық жасау. Сонда төгіліп жатқан халықтың қанына біздің еш қатысымыз жоқ деп ханзадалар айта ала ма? Әрине өздері құрбан болуы бар олар бұл ұсыныспен келісе алмайды.

«Біз бұл қаулыдан бас тартамыз - деп, бір ауыздан жауап берді ханзадалар. Ар-ұжданға байланысты сұрақтар шешілер кезде көпшіліктің пікірлері қабылданбайды». Депутаттар: «Империяның бейбіт өмір сүруі -1526 жылғы декреттің нәтижесі - деп, арыз тастады. Ол декреттен бас тарту Германияның басына алауыздық пен толқу әкеледі. Үлкен жиынға дейін сейм діни бостандықты қолдауға тиісті, басқаша іс-әрекеттерге құқысы жоқ». Оған қоса ар-ұжданның бостандығын қорғау - мемлекеттің борышы. Діни өмірді неше түрлі азаматтық заңдармен реттеу бостандықтың негізгі ұстанымдарын жоққа шығарады. Ал протестант-мәсіхшілер болса осы ұстанымдардың жолында жалғады түрде еңбектенді емес пе?

Бұл қарсылықты папалықтар қырсықтық - деп атады. Олар реформацияны қолдаушылардың арасында ұрыс-керіс тудыруға тырысты. Папалықты қолдамайтындарды қорқытып көндіреміз деп үміттенді. Соңында сейм бостандық алған калалардың өкілдерін шақыртып, осы сұраққа байланысты тіке жауап берулерін талап етті. Кідіріске еш мүрсат берілмеді. Қала депутаттарының тең жартысы реформацияның жағына шықты. Неше түрлі кінә тағылатынын, қуғын-сүргінге ұшырайтындарын олар жақсы білді. Делегаттардың бірі: «Біздің таңдауымызға екі-ақ жол беріліп тұр, не Құдай Сөзінен бас тартуымыз керек, не болмаса отқа түсіп өрттенуіміз керек” - деп ез пікірін айтты.

Сеймдегі императордың өкілі король Фердинанд бұл қаулының алауыздыққа әкеліп тірейтінін жақсы білгендіктен ханзадаларға айтқандарын алдап қабылдатпақшы болды. Сол себепті ол бар әнерін салып, мәжбүрлеу олардың өз шешімдерінде қалатындарына әсер ететінін біле тұра, дегеніне иландырмақ болды. «Бұл қаулыны қабылдасандар император тек қуанады” - деп, король, ханзадаларға жалынды. Бірақ оның ойластырған тәсілі іске аспай қалды. Өйткені бұл адал азаматтар иманға қатысты сұрақтар туындағанда жердегі патшалықтан биік тұратын билікті ғана мойындайтын еді. Олар: «Біз Құдайды мадақтайтын және бейбіт өмірді сақтай қалатын қаулы шыққан жағдайда ғана императорға бағынамыз»деді.

Мұны естіген патша: «Жуыр арада императордың қаулысы шығады және сендер соған бағынуға тиісті боласыңдар» - деп

жариялап, ешкімнің жауабын күтпейақ орнынан тұрып шығып кетті. Қайтыңыз, деген, делегаттардың өтінішіне ол құлақ аспады. «Бұл шешіліп қойған іс, ал сендер тек соған бағынуларың керек» - деп ешкімді бет қаратпады.

Императорды жақтаушылар мәсіхші - ханзадаларының бұрынғысынша Киелі Кітапты бірінші орынға қоятындарына күмән келтірмеді. Бұл ұстанымға берік болған олардың алдында папалықтардың жеңіліске ұшырайтындарын да білді. Бірақ көрінбейтін емес, көрінетін билікке бағынып үйренген олар, император мен оның жағында тұрғайдар реформаторлардан әлдеқайда күшті деп есептеді. Егер реформаторлар адамдардың көмегіне ғана сенсе, онда жауларының ойлағанындай, шыныда, да әлсіз болған болар еді. Бірақ өздерінің аз болғанына және Римнің катыгездігіне қарамастан олар қуатты болды, өйткені сеймнің шешімінен Құдай Сөзіне және император Карлдан Иса Мәсіхқа беттерін аударды.

Фердинанд ештеңеге құлақ аспай кетіп қалғаннан кейін, ханзадалар жедел түрде декларация құрып, өз қарсылықтарын мемлекеттік кеңеске жолдап, оны сеймнің қарауына ұсынды. Бұл декларацияда:

«Бізді жаратқан Тәңіріміздің алдында және тірілердің алдында Құдай Сөзіне қарсы келетін, адамның арына қарама-қайшы тұрған бұл қаулының бірде бір бөлігін қабылдай алмаймыз - деп салтанатты түрде арыз тастаймыз. Мұндай қаулыны тіпті қабылдау мүмкін емес. Құдай адамды Өз Сөзін танып білуге шақырады, ал олар болса адамдарды мұндай мүмкіндіктен айырғылары келеді. Киелі Кітап адамға ете қажет. Біз Көне және Жаңа Өсиеттерде жазылған Құдай Сөзін, бір сөз қоспай және бір сөзін алып тастамай халыққа уағыздауымыз керек. Құдай Сөзі - ақиқат, ол адам өміріне қажетті, сенімді ереже. Бұл негіздемеде тұрған адам дозақтың күшіне қарсы шыға алады.

Сол себепті де біз кез келген езгіге қарсы тұра аламыз. Құрметті император! Сіз Құдайды шын сүйетін мәсіхші ретінде бізді жақсы түсінеді деген ниеттеміз. Сонымен қатар қадірменді қауым сіздерге де, императорға да өз сүйіспеншіліктерімізді жолдаймыз» - делінген.

Осы өтініш сеймге қатты әсер етті. Бұл адамдардың ержүректігі көпшілікті таңқалдырмай қоймады. Ал реформаторларға қантөгістен, өшпенділіктен құтылу мүмкін еместей көрінді. Десе де өз істерінің әділдігіне жүгінген олар табандылық танытты. Ханзадалардың бұл қарсылықтары екі жакка: адамдардың діни өміріне араласатын үкімет билігіне және дін әкелерінің озбырлықтарына бағытталған болатын. Бір кездегі елшілердің сөздерін қайталап реформаторлар: «Біздер адамның дегенін емес, Алланың дегенін орындауымыз керек» - деді. Бұл Құдайдың қалаулылары Карл V патшалығына емес, Шексіз

Алланың патшалығына ұмтылды. Адамның білімі Құдайдың ақиқатына қызмет етуі керек. Алғашқысына қоса протестанттар діни көзқарастарын ашық жария ете алатындай хұқыққа ие болуға арыз тастады. Шпейерде өткен бұл карсылық адам баласының Құдайға құлшылық етуге хұқылы екенін бекітті. Болған оқиғаны барлығы естіді, мыңдаған адамдардың көкейіне қонды, ешкімнің қолы өшіріп кетіре алмайтын Көктегі кітаптарда жазылып қалды. Барлық протестанттық Германия оны қолдады. Егер реформация жағдайға және уақытқа байланысты иіле берсе, онда ол әуел баста-ақ жойылып құритын еді. Құдайдың адал құлдарының көрсеткен қажырлығы мен табандылығының арқасында ол келер ұрпаққа сабақ болып қалды.

Ібіліс Құдайға қарсы жүргізіп жатқан шайқасында өзінің қолданып жүрген құралын әлі де өзгерткен жоқ. Сол XVI ғасырдағыдай қазірде, әзәзіл, адам баласының Киелі Кітапты өз өміріне басшылыққа алуына қарсы. Ол діни бостандықты құрту жолында аянбай еңбектенуде. XVI ғасырдағы дағдарыс кезінде реформаторлар қандай табандылық танытса, бүгінде біз дәл сондай табандылық танытуымыз қажет. Сол замандарда сенімді қызметкерлердің бастарына қауіп төнген сәттерде, Шексіз Алла оларды әрдайым қорғап отырған. Оның көрнекті дәлелі ретінде мына мысалды айта кетуге болады.

«Шпейердің көшесінде Меланхтон өзінің досы Симон Гренауспен аяғын асыға басып келе жатты. Ол досын Рейннің келесі жағалауына өткізіп салуға асықтырды. Гренаус болса бұл асығыстыққа таң қалды. Маған бір ақсақал келіп сізді қамауға алатыны жайлы Фердинандтың бұйрық шығарғанын айтып кетті. Мен сол үшін асығып келемін» - деді оған Меланхтон.

Күндіз көрнекті папалық дін зерттеушісі халыққа уағыз айтты және Гренаусқа қайта - қайта соқтыға берді. Гренаус болса жауапсыз қалмады, оның, барлық болып жатқан жағдайды біле тұра зұлымдықты қолдайтынын ашық айтты. Фабер осы жерде өз ашуын жасырып қалғанымен, артынша Фердинандқа келіп Гейдельбергтік профессорды тұтқындауға оның келісім алды. Меланхтон болса, келіп хабар айтып, бұларды сақтандырып кеткен ақсақалдың періште екеніне күмән келтірмеді. Ол досының арғы жағалауға өтіп кеткенін күтіп тұрды. Ал үйіне қайтып оралған кезінде офицерлердің Гренаусты іздеп, оның үйін көшіріп тастағаны жайлы хабарды естіді.

Реформацияның мәртебесін бұл өмірдің ұлыларының алдында көтеру қажет болды. Фердинанд, протестант - ханзадаларды тыңдаудан бас тартқанымен, император және мемлекет пен шіркеудің белгілі қызметшілерінің қатысуымен өткен жиында ханзадаларға өз жағдайларын мазмұндап беруге мүмкіндік берілді. Шпейерде болған

қарсыласушылықтан кейін бір жыл өткен соң Карл V империяны қинап тұрған қақтығысуларды токтату үшін қайра Аугсбургте сейм өткізді және өзі соның төрағасы болды. Бұл жиынға барлық протестантизмнің көсемдері шақырылды. Реформацияға қауіп төніп тұрғанымен, оның мүшелері бір Құдайға сыйынып, Оған адал болып қалуға уәде берді.

Саксондық курфюрсттың маңайындағылар оның сеймге бармауын өтініп, соған оны көндірмекші болды. Император ханзадаларды алдап қақиянға түсіргісі келеді - деді олар. Бірақ басқа мейірбан азаматтар бұл ұйғарыммен келіспеді. «Қам жемендер, Құдай ісі алға басады, Ол бізбен бірге»деді Лютер. Осыдан соң курфюрст өз нөкерлерімен Аугсбургке аттанды. Жол жөнекей төніп тұрған қауіп бәріне де белгілі болатын, бірақ оларды Кобургке дейін шығарып салған Лютер «Құдай біздің қамалымыз»деп аталатын әнді орындау арқылы барлығының көңілдерін жадыратты.

Ханзадалар сеймге бел буынып тұрып дайындалды. Олар әуелі өз көзқарастарын қағаз бетіне мазмұндап, сонан соң жазғандарын Киелі Кітаптағы дәлелдемелермен бекітті. Бұл құжатты дайындау Лютерге, Меланхтонға және олардың көмекшілеріне тапсырылды. Сонымен қатар барлығы бірігіп бұл құжаттың соңына қол қоймақ болды.

Меланхтон: «Қол қоюды шіркеу басшылары мен дін уағыздаушыларға берейік, ал олардан жоғары тұрғандардың абыройларын баска жолдары пайдаланармыз»деген ұсыныс айтты. Олай тыйым салудан Құдай бізді сақтасын!деп дауыстап жіберді Саксондық Иоганн. Мсн әділдік жолында еңбектенемін және орнымнан айрылып қаламын деп қам жемеймін. Құдайдың есімін бар халықтың алдында ашық уағыздауға дайынмын. Мен үшін Мәсіхтің айқыш ағашы курфюрсттың тәжінен артық. Осылай деп айтып, ол бірінші болып өз қолын қойды. Сонан соң басқалары да Құдай үшін не болса соған дайын екендерін айтып, өз қолдарын қойды. Бұл азаматтардың Жаратқан Аллаға деген сенімдері осындай болатын.

Императордың алдына келетін уақыт тақады. Курфюрсттер мен ханзадалардың алдында Карл V келіп тағына отырды. Сөйтіп протестант реформаторларын қарсы алды. Олардың сенім рәміздерінің тармақтары оқылып шықты. Жиын осылай ашылып, онда Ізгі хабардың ақиқаттары мазмұндалып, сонымен қоса папаның адасушылықтарына меңзелді. Бұл күн текке реформация тарихындағы ұлы күндердің бірі болып аталмаған. Осыдан аз жыл ғана бұрын Вормстегі ұлттық кеңестің алдында виттенбергтік монах жалғыз тұрған болатын, енді мінекей, оның орнында империяның ең белгілі ханзадалары тұрды. Лютерге Аугсбургке келуге тыйым салынды, бірақ ол

өзі сол арада тұрмағанымен, өзінің тілегімен, сөзімен айтулы жерде ізбасарларымен бірге болды.

«Соншалықты көрнекті жиынның алдында Мәсіхтың есімін атақты адамдар дәріптегенге мен іштей қатты қуанамын» - деп жазды Лютер. Осылайша: «Патшалардың алдында Сенің хатыңды оқимын» (Жыр. 118:46) - деп, Киелі Кітапта жазылған аян орындалды. Ақиқат үшін зынданда отырған елші Пауылдың заманында да шындық осылай уағыздалған болатын. Тарих қайра қайталанды. Император Ізгі хабарды мінбеден уағыздауға тыйым салған кезде, ол туралы патша сарайларында айтылатын болды. Атақтылар түгіл жалшыларға да тыңдауға келмейді деген Сөзді империяның ығай мен сығайлары тыңдады, ал белгілі ханзадалар бұл Сөзді уағыздаушы қызметкерлерге айналды. Бұрын-соңды елшілердің замандарынан бері мұндай ұлы іс атқарылып көрген емес еді.

Лютерандардың айтқандарының барлығы шындық, біз оны өтірік деп айта алмаймыз - деді папаның епископтарының бірі. Тағы бірі доктор Эккенге былай деп сұрақ қойды: «Алдыңызға келіп ақтарылып тұрған ханзадаға негізге сүйене отырып тойтарыс бере аласыз ба?» «Пайғамбарлар мен елшілердің жазуларына жүгінетін болсақ олай істей алмаймын, ал егер шіркеу әкелерінің ілімі мен собордың қаулыларына сүйенетін болсақ әрине тойтарыс бере аламын» - деп жауап берді ол. Сонда сіздің сөзіңізге қарағанда лютерандар Құдай Сөзін негізге алады да, біз алмайтын болып шықтық қой - деп, тұжырымдады әлгі адам.

Германия ханзадаларының тағы да біразы реформация ілімін қабыл алды. Тіпті императордың өзі де бұл ілімді мойындады. Кептеген тілдерге аударылған айтулы сенім рәміздері барлық Еуропаға таралып, миллиондаған халық оны өздерінің діндерінің қазығы ретінде қабылдады.

Осынау зұлымдықтың күштері қоршап тұрған аласапыран заманда Құдайдың адал қызметкерлері жалғыз шайқасқан жоқ. Олар өз көздерімен ештеңені көрмегенімен, Алла Өз күшімен оларды қолдап тұрды. Елішенің қызметкері қаптаған жауды көріп қатты қорықты. Сонда пайғамбар: «О Құдайым! Мынаның көзін аша гөр» - деп тіледі. Сол сәтте қызметкердің көзі ашылып, ол Құдайдың құлын қорғауға ектен келген жалындаған атты әскерді көрді (4 Пат.6:17). Дәл сол ежелгі кездегідей періштелер реформаторларды неше түрлі қауіп-қатерлерден қорғап отырған.

Ханзадалар қауіпсіздік үшін қорғанушы одақ құрмақшы болды. Реформацияны қорғау үшін қолға қару алудың қажеті жоқ - деп Лютер, бұларына қарсы болды. Біздің атқарып жатқанымыз

Құдайдың ісі, сондықтанда шайқаста жеңімпаз атану үшін Оның сөзімен қарулануымыз керек, ал шын ниетпен тілек тілеуді басты еңбегімізге айналдыруымыз қажет - деді ол. Құдай сөзін уағыздауды қантөгіске айналдыруға болмайды. Курфюрстке жолдаған хатында ол: «Қолыңызды қанға боямаңыз. Біз шынайы тілекпен жауларымызға құлдырата соққы береміз» - деген болатын. Шынында да реформация қозғалысымен бар әлемді дүр сілкіндірген дұғаның күші еді.

Лютердің өзі күніне үш сағат уақытын дұғаға арнаған. Құдаймен шынайы қарым-қатынастан кейін ғана оның жаны жай табатын еді.

Меланхтонға жазған хатында ол: «Жайдан жай абыржып күйзеле берме. Ондай жаман әдетті қой. Әйтпесе «Мен сенің қорғаныңмын, тыныш жатып ұйықта» - деген Жаратушының сөзіне сенбегеніміз ғой. Мәсіх Өз ісін соңына дейін жеткізеді. Құдай бар және Ол жеңімпаз, ендеше бізге қорқатын ештеңе жоқ» - деп, досын жұбатқан болатын.

Шынымен де Алла, олардың тілектерін жауапсыз қалдырған жоқ. Түнекке қарсы шайқаста ақиқатты қорғауға империяның ең белгілі ханзадалары шықты. Себебі Киелі Жазбада: «Міне, Мен, аса құнды Тасты таңдап алып, Оны Сиондағы киелі үйдің бұрышының Іргетасы ретінде орнатып қойдым. Енді Оған сенім артқан ешкім ұятқа қалмайтын болады!» - делінген (1 Петір 2:6). Протестантханзадалар ез істерін осы Тастың үстіне қалады, сондықтанда дозақ оты оларды ала алмады.

Франциядағы реформация

Шпейердегі өткен қарсыласудан кейін және Германиядағы реформацияны жеңіске жеткізген Аутсбургтегі оқиғадан кейін, ақиқат үшін болып жатқан қатыгез шайқас әрі қарай жалғаса берді. Реформацияның санаулы ғана күндері қалғандай болып көрінді. Қаншама халық шындық жолында қанын төкті. Азаматтық соғыс басталды. Реформация қолбасшыларының бірі сатқындық жасап, атақты протестант - ханзадалар қамауға алынып, тұтқын ретінде қаладан қалаға аттандырылып отырды. Жеңістің ең жоғарғы шыңына жеттім деген император, керісінше жеңіліске ұшырады. Жемітін қолында ұстап тұра алмайтынын сезген ол, реформация іліміне қойған тыйымдарды алып тастауға мәжбүр болды. Реформациямен шайқасам деп жүргенде, империяны қайыршылыққа ұшыратып, қазына сарайлары бос қалып, әскері талқандалды. Құдайға қарсы шайқасқа түсем деп жүргенде, азып-тозып империядан бас тартып ақыры қайыршы монахқа айналып, өмірі монастырда тамамдалды.

Швейцарияның басына да Германиядағы сияқты қайғылы күндер туды. Реформация ілімін қабыл алғандар көбейгенімен Римге сенушілер де аз болған жоқ. Мұндай шайқастың соңы азаматтық соғысқа әкеліп тіреді. Цвингли және оның көптеген достары Капшель түбіндегі шайқаста қаза тапты. Болып жатқан сұмдықтан қайғыға ұшыраған Эколампадиус көп ұзамай қайтыс болды. Рим жеңісін салтанатты түрде тойлап жатты. Бірақ Шексіз Алла Өз халқын, Өз ісін ұмытқан жоқ. Осы уақытқа дейін Лютердің атын да естімеген Франияда реформация шырағы жанды. Париж университетінің профессоры Лефевр деген үлкен адам папаның ілімінің

шынайы жақтаушысы болатын. Ежелгі әдебиетті зерттеумен айналысып жүрген профессор, күндердің күнінде Киелі Кітапқа көзі түсіп, оны студенттерге пән ретінде жүргізе бастады. Әулиелер жайлы көп білетін Лефевр шіркеудің аңыздарына сүйене отырып, киелілер мен шейттер жайлы кітап жазып шығармақшы болған. Бұл еңбегі орталанып қалған кезде, көмегі тиер деген ниетпен ол Киелі Кітапты ашып зерттей бастады. Бұл кітаптан ол шынымен де тақуалар жайлы оқып білді, бірақ олар Рим күнтізбесіндегілер емес, мүлдем басқа жандар болып шықты. Сөйтіп ол өз еңбегінен бас тартып, бар уақытын Киелі Кітапты зерттеуге арнады. Біраз уақыттан соң профессор Киелі Кітапты студенттер арасында жалынды түрде уағыздай бастады.

1512 жылы Лютер мен Цвинглидің еңбектері шықпас бұрын Лефевр былай деп жазған болатын: «Құдай бізді иман арқылы ақтайды, Оның мейірімі арқылы берілген әділеттілік қана бізді мәңгілікке жеткізеді». Ол ақиқатты зерттей отырып ақталудың құпиясына таң қалады. Күнәсіз сотқа тартылады, күнәкар ақталады, баталы қарғысқа ұшырайды, ал керісінше қарғыс иесі бата алады. Өмір өледі, өлген тіріледі. Даңқ түнекте қалады, ал ұятсыз даңққа ие болады. Бұл не қылған ғажап? Не қылған құпия?

Даңқ Құдайға ғана тән, бірақ Оған бағыну адамға тән - деп уағыздады профессор. Егер сен Мәсіхтың шіркеуінің мүшесі болсаң, онда сен Оның денесінің бір бөлігісің. Ал егер сен Оның денесінің бір бөлігі болсаң, онда сенің бойыңнан Оның табиғатының сұлулығы керінеді. Осыны адам баласы ұға білсе, өмірі соғұрлым мәнді болып, көзге көрінбейтін ішкі дүниенің сұлулығымен салыстырғанда түкке тұрмайтын дүниенің атағынан бас тартатын еді - деп жазды Лефевр. Ұстаздарының үні мәңгілікке өшкенше оны мұқият тыңдап, одан тәлім алған студенттер саны өте көп болды және олар бірнеше жылдар бойы естігендерін жұртқа өнеге қылып айтып жүрді. Солардың ішінде Вильям Фарель атты студент болған. Ұлағатты ұядан шыққан бұл студент католиктер ілімін жақтап және елші Пауылмен бірге «Менің парызышыл ретіндіс дініміздің ең қатал бағытын ұстанатындардың қатарына жатқанымды біледі» - деген болар еді (Елш. 26:5). Сондай-ақ ол папаға қарсы шыққандарды жек көрді. Өмірінің осы бөлігін еске ала отыра ол: «папаға қарсы ныққан біреу болса, соларға аш қасқырдай тісімді қайрап тұратынмын» - дейді. Шынайы католик ретінде ол, Лефеврмен бірге Париждың күллі шіркеулеріне барып, меһрап алдында дұға оқып, барлық «киелі мазарларға» сыйын әкелетін. Ол шіркеудің барлық дәстүрлерін мұқият түрде орындап жүрді. Бірақ мұнысының бәрі оған жан тыныштығын бере алмады.

Бір күні ол «Құтқарылу мейірімділіктің нәтижесі. Күнәсіз жауапқа тартылды да, қылыскер ақталды. Тек айқыш ағаш қана аспанның қақпасын ашып, дозақтың қақпасын жабады» - деп, көктен шыққан үндей болған, реформатордың дауысын естіді. Фарель бұл хабарды қуанышпен қарсы алды. Сонан соң ол, кезіндегі Пауыл секілді, неше түрлі қажетсіз салт-дәстүрлердің барлығын тастап, Құдайдың балаларының бостандығына ие болды. Қанға тоймайтын қасқырдың жүрегінің орнына, оған момын қозының жүрегі берілді, сонда ол пападан теріс айналып, Иса Мәсіхтың соңынан ерді. Егер Лефевр рухани тәлімді студенттер арасы- на таратса, Фарель, әуелде, күллі ынтасымен папаға қызмет еткеніндей, ендігі жерде бар ниетімен, ашық түрде ақиқатты халық, арасына таратты. Оған католик шіркеуіндегі беделі өте жоғары тұрған иерархтарының* бірі, Мо қаласының епископы қосылды. Оларға үлкен құрметке ие болып жүрген басқада мұғалімдер ілесті. Осылайша Ізгі хабар барлық жерлерге тарай бастады. Сол кезде мемлекет басында тұрған Франциск I - апасы да реформация ілімін қабыл алды. Патша мен патшайым да бұл ілімге жақсы қарады. Реформаторлар болса, барлық Франция Ізгі хабарды қабыл алады деп үміттенді. Ал шын мәнінде жағдай олардың ойлағандарындай емес, керісінше болатын. Бұл жалынды қызметкерлерді қуғынсүргін күтіп тұрды. Бірақ Исаның мейірімінің арқасында, болатын оқиға оларға ашылмады. Алда тосып тұрған қиындықтарды жеңуге күш жинау үшін бұларға осы тыныш мезгіл өте қажет еді. Реформация ілімін уағыздаушылар табысты еңбектенді. Мо қаласының епископы өз жерінде халық ағарту ісімен айналысты. Кесірлі және надан дін қызметкерлері білікті және иманды қызметкерлермен алмастырылды. Епископ әр адамның Киелі Кітапқа ие болғанын жөн көрді. Оның тілегіне қарай Лефевр Жаңа Өсиетті аударып бастады. Виттенбергте Лютердің Киелі Кітабы неміс тілінде пайда болған кезде Мо қаласында француз тілінде Жаңа Өсиет шықты. Бұл үшін епископ қаражатын да, уақытын да аяған жоқ. Көп ұзамай оның маңайындағы шаруалардың барлығы Жаңа Өсиетті иемденді. Шөл далада жүріп суды аңсаған жолаушыдай, ақиқатты аңсаған халық оны қуанақуана қабыл алды. Қай жерлерде жүрмесін Киелі Кітап олардың әңгімесіне айналды. Егінжайда жүрсе де, шеберханада болса да олар Киелі Жазбаның баға жетпес ақиқаттары туралы айтып жүрді. Жұрт арақ шараптарын тастап, кешкілікте бірігіп Киелі Кітапты оқып талқылап, дұға айтып, Алланың есімін мадақтауды әдетке айналдырды. Біраз уақыттан соң олардың арасында өзгерістер пайда болды. Бір кездердегі қараңғы, тоқшар жандар Құдайдың өсиетінің арқасында енді өзгелер үлгі алатындай өнегелі жандарға

айналды. Мо қаласында жанған шырақ кеңейе түсті, сөйтіп ақиқат жалғасын тауып әрі қарай тарай берді және оны қабылдағандардың да саны көбейді.

Фанатизммен шектеліп қалған монахтарды жек көретін патша иерархияның қаңарын біраз уақыттежеп тұрды. Соған қарамастан папалықтар ақыры дегендеріне жетті. Алаулар тұтанды. Одан қорыққан Мо қаласының епископы ақиқаттан бас тартты, бірақ папалықтар дін әкесін сүріндіргендеріне қанағаттанбады, алаулар жалындап, құрбандарын жұтып әкетіп жатты. Бақташылары құлағанымен үйірі сескенбеді. Көптеген адамдар ақиқатқа деген адалдықтырын қандарымен дәлелдеді. Олардың көрсеткен ерліктері айтылған сөзден мың есе асып түсті. Өз ерліктерін қарапайым адамдар ғана көрсетіп қойған жоқ, сонымен қатар әсем сарайларда да тұрып жатқан, шындықты ез дүниелері мен өмірлерінен артық қорғаған ұулағатты адамдар болды. Патша сарайындағылардың иманы дінді өз қолдарымызда ұстап тұрмыз деген прелаттар мен епископтардың имандарынан әлдеқайда жоғары, әлдеқайда мықты болған. Сондай атақты адамдардың бірі Луи де Беркен болатын. Ол өте таза, әдепті, білімге құштар өнегелі рыцарь* еді. Киелі Кітаппен танысқанға дейін ол папаның жалынды шәкірттерінің бірі болған. Киелі Кітапты зерттей келе, Құдайдың арқасында Беркен, одан Римның доктриналарын емес, Лютердің доктриналарын тапты және соған қайран қалды. Сөйтіп ол Лютердің ілімімен танысты. Осылайша жалынды рыцарь өз өмірін ақиқат жолында қызмет етуге жұмсады. Франциядағы ең білімді жандардың бірі - ержүрек, өжет, сөз шебері Беркен патшаның сүйіктісі болатын. Егер Франциск I оның Саксондық курфюрсты болғанда, ол екінші Лютер болған болар еді. Беркен Лютерден де жаман деп айғайлады папалықтар. Шынымен де ол Римге неміс реформаторынан да артық қауіп төндіріп тұрған болатын. Папалықтар Беркенді зынданға қамады, бірақ патша оны қапастан шығарып алды. Бұл шайқас бірнеше жылға созылды. Франциск I Рим мен Реформацияның арасында жүріп, біраз уақыт бойы монахтардың қаңарын тежеп тұрды. Осы уақыт аралығында Беркен үш рет қамауға алынды, ал патша болса оны үш ретінде де қамаудан босатып алды. Осыдан кейін Беркенге Францияда қалу өте қауіпті болды.

Бір күні Құдай жолында қызмет жасауға білімі жеткілікті, бірақ өнегесі жетпей жүрген, заманына қарай иліге беретін Эразм Беркенге «Сен басқа мемлекетке елші ретінде сұран немесе Германияға саяхатқа аттан. Қалай болған күнде де саған бұл жерде қалуға болмайды. Сен Безаны білесің ғой, ол адам емес, мың басты құбыжық. Жауларың болса - легион*. Тағдырың Иса Мәсіхтың тағдырынан жеңіл болған

күннің өзінде де, сені олар жай қалдырмайды. Патшаға сене берме. Осыны біл. Қалай болған жағдайда да дін зерттеу факультетінде мен жайлы ешкімге ешқандай сыбыс шығарушы болма” - деп хат жолдады.

Қауіп-қатер ұлғая түсті. Соған қарамастан Эразмның өзімшілдікке толы кеңесін қабылдаудан өте алыс тұрған Беркен, енді ақиқатты қорғап қана қоймай, оның жауларының адасушылықтарын әшкерелеуге кірісті. Беркенді кінәламақ болған папалықтарды керісінше ол өзі кінәнің астында қалдырды. Беркеннің аса қаһарлы жаулары атақты Париж университетінің дін зерттеу факультетінің ғалымдары мен монахтары болатын. Беркен олардың шығармаларының 12 бөлімінің Киелі Кітапқа қарама-қайшы келетінін жариялап, бұл пікірталасқа патшаның қатысуын және осы пікірталас кезінде оның үкімші болуын өтінді.

Монарх күш пен даналықты салыстыру үшін және менменшіл монахтардың көкірегін басу үшін, католиктерден өз шығармаларын Киелі Кітап арқылы дәлелдеп берулерін талап етті. Католиктер бұл қарудың оларға жеңіс әкелмейтінін жақсы білді, ейткені олар осы уақыхқа дейін отқа тастау, қинау, қамауға алу секілді қаруларды ғана пайдаланып келген. Енді олар өздерінің жардың шетінде тұрғандарын байқады, сол себепті жеңілмеудің басқа жолын қарастыра бастады.

Дәл сол күндері қала көшелерінің бірінде орнатылған Мариям қыздың ескерткіші маскараланып тұрды. Оған халықтың көпшілігі, тіпті патшаның өзі де ашулы болды. Католиктер осы болған оқиғаны пайдаланып: «Бұл Беркеннің ілімінің нәтижесі. Ол әлі дінді де, заңды да, тақты да төңкеріске ұшыратады» - деп жариялады.

Осыдан кейін Беркен тағы да қамауға алынды. Монахтар корольдің Парижде жоғын пайдаланып, Беркенді соттап, оған өлім жазасын кесіп, ал Франциск I бұл іске араласып үлгермеу үшін, шығарылған жаза дереу түрде орындалсын деп бұйырды. Түсте Беркенді өлім жазасы орындалатын алаңға алып келді. Францияның атақты жанұяларының бірінен шыққан ержүрек азаматтың папаның жемітіне ұшырағанына қынжылған халық көп болды. Жұрттың ойы мың сакка жүгірді. Біреулері таң қалысты, біреулері оны балағаттап ұрсып жатты, біреулері келемеждей бастады, енді біреулері жек көрінішті сыңай танытып, оған жиіркенішпен қарады. Тек бір ғана адамның жүзінен уайымның ширегі де байқалмады, өйткені ол Алланың өзімен бірге екенін сезінді.

Сол сәтте ол өзінің екі дөңгелекті арбамен келе жатқанын да, қансорғыштардың түнерген түрін де байқамады, тіпті өлім туралы ойламады да. Оның бар ойы көкке бағытталған болатын. Дозақ пен

ажалдың кілті қолында тұрған Шексіз Алла адал қызметшісімен бірге болды. Аспанның нұры оның жүзінен көрініп тұрды. Беркен өзінің шығу тегіне сай күрең түсті атлас камзол, барқыт жабу және алтын түсті шалбар киіп шықты. Оның патшалардың Патшасының, бүкіл ғаламның Иесінің алдында езінің адалдығын дәлелдейтін уақыты жеткен болатын. Көңілі жайбырақат, жүзінен қуаныш нышаны байқалады.

«Мынау өлім жазасын алған адамға ұқсамайды, керісінше, ғибадатханада қасиетті ой ойлап отырған жан секілді» - десті топта тұрғандар. Отқа тастар алдында Беркен халыққа бір екі ауыз сөз айтқысы келіп еді, монахтар әдейілеп шу көтеріп, сарбаздар қаруларын сартылдатып түк естіртпей қойды. Осылайша 1529- жылы, мәдениетті қала деп есептелетін, Париждің жоғарғы діни билігі 1793жылғы француздардың қара тобырына осындай масқара үлгі қалдырды.

Беркен кайтыс болды. Францияда реформацияны жөн көретіндердің барлығы болған оқиғаға қатты қайғырды. Бірақ оның өлімі зая кеткен жоқ. Беркеннің ерлігін бағалаған жандар коп болды. «Біз де шындық үшін ажалмен бетие-бет кездесуге дайынбыз» - деді ақиқаттың қарлығаштары.

Мо қаласында, қуғын-сүргін кезінде, реформация ілімінің оқытушыларына ақиқатты уағыздауға тыйым салынды, сол себепті олар басқа жақтарға кетуге мәжбүр болды. Лефевр Г ерманияға кетті. Фарель Францияның шығыс жағындағы өзінің туған қаласына оралды. Біраз уақыттан соң Мо қаласында болған оқиға жайлы сыбыс мұнда да жетті, осылайша ақиқат өзінің ізбасарларын тапты.

Десе де билік басында тұрғандар Фарельге халыққа тәлім беруге тыйым салып, көп ұзатпай оны туған жерінен қуып жіберді. Киелі Кітапты ашық уағыздауға мүмкіндік болмағандықтан, оған жасырын түрде еңбектенуге тура келді. Ол ауылдан ауылға, үйден үйге жүріп отырып, Киелі Кітап бойынша халыққа білім берді. Кей кездері ол бас паналайтын жер таппағанда тоғайларда, үңгірлерде жатып жүрді. Осылайша Құдай оны үлкен сынаққа дайындады. «Айқыш, қуғын-сүргін, әзәзілдің қырсық істері - осының барлығы күшімді жасытып жіберген секілді, дегенмен Құдай Иенің мені ешқашан қалдырмайтынына өз басым қатты сенемін» - деді ол. Фарель басына түскен қасіретті Алланың күшімен жеңе білді. Елшілердің кездеріндегідей қуғын-сүргін еңбек алаңында оларға бұрыныдан да зор табыстар әкелді (Флш. 1:12).

Парижден және Мо қаласынан қуылып, босып кеткен реформаторлар Францияның түкпір - түкпірін аралап Құдай Сөзін сол жерлерге жеткізумен айналысты (Елш. 8:4). Осылайша ақиқат жер жерлерге тарай берді.

Құдай Ізгі хабардың уағыздаушылары көп болуы үшін соған жағдай жасады. Париждің оқу орындарының бірінде дәріс алып жүрген жас жігіт езінің жан тазалығымен, дінге деген құштарлығымен, білімімен көзге түсті. Біраз уақыттан соң ол колледждің мақтанышына айналды. Білімі мен дарындылығына сай Жан Кальвин Рим шіркеуінің сыйлы қызметкерлерінің бірі болуға тиісті еді. Бірақ Құдайдың жоспары бойынша ақиқат схоластика мен ырымшылдықтың қалың қабырғасын жарып етіп жас жігіттің санасына енді.

Кальвиннің ойынша реформаторлар өздерінің іс-әрекеттеріне сай тиісті жазаларын алып жатқандай болды. Оның реформацияны қош көретін бөле ағасы Парижде тұрды. Олар жиі кездесіп, барлық христиандарды қобалжытатын сұрақтар бойынша өңімелесетін. Протестант Оливетанның ойынша дүниеде екі діни бағыт бар. Оның бірін адамдар өздері ойлап тапқан. Бұл адамдардың айтуынша ақталуды жақсы істеріңмен немесе неше түрлі ырым - жырымдарды орындау арқылы сатып алуға болады. Ал екінші бағытты ұстанатын адамдар Киелі Кітаптағы жазу бойынша емір сүруге тырысады. Бұл ілім бойынша ақталудың жолы біреу-ақ. Құдайдың берген сыйын қабылдау. Кальвинге бауырының әңгімесі ұнамайтын, себебі оның ұстанатын көзқарасы мүлдем басқаша еді.

Уақыт өткен сайын жас жігіттің көкейіне неше түрлі ойлар келетін болды. Жалғыз қалған сәттерінде ол белесінің айтатын сөздерін жиі есіне алатын. Өйткені шіркеудің барлық дәстүрлерін мұқият орындағанымен, оның жаны ешбір тыным таппады. Құдаймен келісудің, Онымен бірігудің жолы қайда? - деген сұрақтар оның жанын жай таптырмады. Осылайша жанталасып жүрген күндердің бірінде Кальвин бір еретикті* өртеп жатқан алаңға тап болды. Бейшараның бет жүзіне көңіл аударған студент, оның өжеттілігіне, иманының беріктігіне қайран қалды.

Реформаторлардың Киелі Кітапты зерттеп, оны уағыздайтынын жақсы білетінін Кальвин Құдай Сөзін қолға алды. Осы кітап арқылы ол Мәсіх Исамен, Оның адамзат үшін жасаған ерлігімен танысты. «О, Құдайым! Иса сенің ғаңарыңның бетін қайтарды, Оның қаны менің жамандығымды шайып тастады, менің кінәмді айқышқа шегелеп, өзімді ақтап, ажалдан арашалап қалды. Біз езіміздің ақымактығымыздың тұңғыығына түсіп, тұншығып жатқан екенбіз, ал Сен менің қолыма сөнбес шырақты ұстаттың» - деп тағзым етті Тәңірге. Жаратқанның сөзін қолына шырақ етіп ұстаған жалынды жас, енді өзінің бұрынғы өміріне жиіркенішпен қарады.

Кальвин діни дәреже алуға дайындалып жатты. Он екі жасқа толған кезінде ол католик шіркеуіне кіші-гірім қызметші ретінде

алынды, әдейілеп сайланып, дін қызметкерінің міндетін атқармағанымен, өзіне тиесілі жалақысы болды. Дін қызметкері бола алмайтынын сезген ол, құқық, зерттеумен айналысты. Бірақ көп ұзамай бұл кәсібін де тастады, сөйтіп өмірін Ізгі хабарға арнамақ болды. Десе де Ізгі хабарды уағыздаудан қорықты. Ол өте ұялшақ болатын және де айтулы істің жауапты екенін де жақсы сезінді. Ақыры достарының табандылығының нәтижесінде Құдай Сөзінің уағыздаушысы болуға келісті. «Таң қаламын, қалайша шығу тегі төмен адам, сонша жоғары абыройға ие болады» - дейді ол.

Кальвин өз ісін байышпен бастады, оның айтқан сөздері жерге түскен, сергітетін шықпен бірдей болды. Құдай жолында қызмет етуге белін буған Кальвин, Парижден кетіп, кіші-гірім қалалардың бірінде орналасты және Ізгі хабарды жақсы көретін Маргарита ханшайымының камкорында болды. Кальвиннің мінезі өте жұмсақ болатын. Бас кезінде ол үйден үйге жүріп, Киелі Кітапты оқып, жан ұяларға хәлім берді. Кейін ол қала маңындағы ауылдарға да шығатын болды. Осылайша Кальвин зәулім сарайларда, ұсқынсыз лашықтарда адамдарға рухани нәр таратып, халық ағарту ісімен айналысты. Жүрген жерлерінің бәрінде ол Құдайға қызмет ететін жаңа шіркеулердің қазығын қағып отырды.

Бірнеше ай өткеннен кейін Кальвин Парижге қайтып оралды. Бұл, ежелгі тілдерді зерттеумен айналысып жатқан ғалымдардың, Киелі Кітапқа келіп тіреліп, онда жазылған Құдай Сөзімен танысып, папалықтармен пікірталас құрып жатқан кездері болатын. Халықтың көкірегі ашылып жатқан сәт Ізгі хабарды уағыздауға ыңғайлы уақыт болды. Университет залдарында қызу пікірталас жүріп жатқан мезгілде, Кальвин үйден үйге жүріп ақиқатты уағыздаумен айналысты. Өйткені Жаратқанның жоспары бойынша Парижде тағы да Ізгі хабар жариялануға тиісті еді.

Лефевр мен Фарельдің шақыруын қабылдамаған адамдарға Құдай тағы да бір мүмкіндік берді. Айтулы кезең, саясат бойынша, король әлі де болса реформацияға қарсы шықпаған мезгіл болатын. Маргарита ханшайымы болса протестанттар жеңіске жетеді деп үміттенді. Реформацияға жәрдем беремін деген ниетпен ол корольдің жоғын пайдаланып, Құдай үйлерінде Киелі Кітапты уағыздауға рұқсат берді. Папаның саяси билеушісі оған тыйым салған кезде, ханшайым халықты ез сарайына жинауға мүмкіндік туғызды. Күн сайын адамдар сол жерге топ тобымен жиналатын болды. Олардың іштерінде мемлекет қызметкерлері, заңгерлер, саудагерлер, шеберлер, ұсталар бар болатын. Король болса бұған тыйым салғанның орнына, керісінше оларға тағыда екі жерден шіркеу ашып берді. Еш

уақытта халық Құдай Сөзіне мұндай құштарлық танытып көрген емес еді. Маскүнемдік, бұзылғандық, өшпенділік, жалқаулық күрт тоқталып, тазалық пен тәртіп орнады.

Бірақ діндарлар да дем алып жатқан жоқ болатын. Патша шіркеулердің жабылуына келісім бермеген соң, папалықтар тоқшар тобырлардың көмегін пайдаланып надан халықты фанатизм және ырым - жырымдармен қорқытып тоқтатты. Жалған оқытушыларға бағынған Париж ежелдегі Иерусалим секілді өздеріне келіп, тыныштық сыйлап тұрған Құдайдың рақымын сезбей қалды. Парижде Құдай сөзі екі жыл бойы уағыздалды, халықтың көпшілігі Ізгі хабарды қабылдағанымен, Оны қабылдамағандардың саны одан да кеп болды. Көздеген мақсатына сай Франциск І діни шыдамдылық танытқан болды, осылайша папалықтар билікті қайра қолдарына алып, дегендерін жасай бастады. Қайра шіркеулер жабылды жәнс эшафоттар* құрылды.

Осы күндері Кальвин әлі Парижде болатын. Ол әдетінше дұғасын оқып, халыққа тәлім берумен айналысып жүрген еді. Ақыры ол көзге түсігі, қала әкімшілігі оны өртеп жібермекші болып шешім қабылдады.

Бір күні қаннен қаперсіз отырған Кальвиннің үйіне достары кіріп келіп, оған әне-міне қамалатыны жайлы хабарды жеткізді. Олар сөзін аяқтамай жатып есік қағылды. Достарының бірі офицерлерге есік ашуға кеткенде, қалғандары оны терезеден сыртқа шығарып жіберді. Ол қала шетінде тұратын, реформацияны қолдайтын бір кәсіпкердің үйіне тығылып, үстіне оның киімін киіп, қолына соның кетпенін алып жолға аттанды. Кальвин үнемі оңтүстік бағытта жүріп отырып, ақыры Маргарита ханшайымының иелігіне келіп тоқтайды.

Осы жерде ол бірнеше ай бойы жасырынып жатып, Құдай сөзін зерттеумен айналысады. Уақытын пайдасыз өткізіп кермеген Кальвин, айғай - шу саябырласымен университеті жаңа ілімді қошеметпен қарсы алған Пуатье деген қалаға келді. Жаңа жерде ол көпшіліктің алдына шықпады. Құдай сөзін тыңдағысы келген адамдарды Кальвин қала әкімінің үйінде, өзінің тұрып жатқан баспанасында, бақ ішінде жинады. Соңынан адам саны көбейген кезде көзге түсіп қалмау үшін, ол халықты қала сыртында жинау дұрыс деп ұйғарды. Бұл қауым ағаштармен тасаланып тұрған бір үңгірді тауып алып, сол жерде жиналып, уағыз тыңдайтын болды. Айтулы жерге жұрт іздерін жасыру мақсатында азғантай топтарға белініп, әр түрлі жолдармен келетін болған. Осы үңгірдің ішінде олар Киелі Кітапты оқып, оны зерттеп, қажетті түсініктемелер алып, рухани білімдерін толықтырды. Осы жерде Францияның протестанттары алғашқы рет

Құдай Кешін еткізді. Және осы азғантай ғана қауымның ішінен кейін Құдай жолында адал қызмет еткен жалынды азаматтар шыққан.

Кальвин тағы да Парижге қайтып оралды. Себебі ол барлық Франция реформация ілімін қабыл алады деп үміттенген болатын. Дегенмен біраз уақыттан соң ол бұл ойынан бас тартты, өйткені Францияда ізгі хабарды уағыздау мүлдем мүмкін емес болып шықты. Ақыры ол Германияға кетуді жөн деп ұйғарды. Шынымен де Кальвин кетсімен протестанттар масқара оқиғаға душар болды. Кетіп үлгермегенде Кальвин де сол топалаңның ішінде кете баратын еді. Францияның реформаторлары Германия мен Швейцариядан калыспай Римге ойсырата сокқы береміз деп, барлық ұлтты тігінен тік тұрғызды. Бір-ақ күннің ішінде барлық Франция бойынша католиктердің мессалары* әшкереленген ұрандар ілініп, халық арасында дүрбелең басталды. Бұл ойланбай жасалған қадам оны ұйымдастырушыларға ғана емес, барлық реформаторларға да үлкен қырсығын тигізді. Папалықтардың күтіп отырғандары да осы болатын. Есерсоқтардың көздерін бір жола жоюға бұл таптырмайтын сылтау болып шықты. Кім екені белгісіз, реформацияның достарының жасаған қателігі болса да немесе оның дұшпандарының әдейілеп істеген ісі болса да, біреу осындай ұрандардың бірін патшаның бөлмесінің есігіне іліп кеткен. Монархтың бетіне айтылған соншалықты дөрекі сөздер оның әбден қанын қайнатты. Жүздеген жылдар бойы олардың сеніп, қастерлеп тұрған дәстүрлерінің осыншама әшкереленгені патшаны катты назаландырды. Оның ашуға булыққаны сонша, ол өзін өзі ұстай алмай қалшылдап кетті. Енді патша Римнің жағына бір жола шығып: «Лютерандардың бірде бірін қалдырмай қырыңдар» - деп бұйрық берді.

Папалықтар болса бұл бұйрықты орындауға бірден кірісіп кетті. Прелаттар барлық реформаторлардың және олардың достарының тұратын жерлерін білетін, оларды құпия жиындарға шақырып жүрстің бір кәсіпкерді ұстап алып, одан протестанттардың үйлерін көрсетуін талап етті. Әуелде ол мұндай пасық істен бас тартқанымен, кейіннен өлім жазасынан қорқып, бауырларына сатқындық жасауға мәжбүр болды. Өзінің арын аттап кеткен байғұс адам, патша полициясының үгіттеушісі Морин, монахтар мен дін әкелері және сарбаздардан құралған шеру қала көшелерімен ақырын жылжып келе жатты. Бұл, протестанттар масқаралаған мессаны ақтау мақсатында, «киелілердің құпиясы» үшін құрылған шеру - деп аталғанымен, олардың шын мәніндегі мақсаттары мүлдем басқаша болатын. Лютерандардың үйлеріне тақаған кезде әлгі сатқын қолымен белгі беріп, сарбаздар сол үйлерге кіріп, іздеген адамдарын алып шығып

отырған. Осылайша айтулы қанішерлер бір үйді жай жібермей, жаман лашықтарға, университет ғимараттарына дейін талқандап, протестанттардың бірде біреуін қалдырмай қамауға алған және ұсталғандардың барлығын азаптап елтірген. Сонымен қоса олар өртеніп жатқан адамдардың жанкешті азабын соза түсу үшін отты шамалап қана жағып отырған. Париждың барлық кварталдарында эшафоттар құрылып, күн сайын отқа жаңа құрбандар тасталып жатты. Мұның барлығы халықты қорқытып, бас көтертпеудің амалы болатын. Десе де құрбан болған жандардың мінез-құлықтары Ізгі хабарды үнсіз насихаттап тұрғандай болды, жалын олардың мінбелеріне айналды. Бұл адамдардың өжеттіктері, момындықтары, мейірімге толы көздері кейбір жауларының да тас болып қалған жүректерін жібітті. Осылайша Ізгі хабар халықтың көкейінде өз таңбасын қалдырды.

Болған оқиғаның ізі суымай жатып, дін әкелері халықты одан сайын протестанттарға қарсы назаландыра түсу үшін, олар жайлы неше түрлі өсек сөздер тарата бастады. Бірақ папалықтар лютерандарға таққан кінәларының бірде бірін ешкімге мәнді түрде дәлелдеп бере алмады. Сол кездері сөз болған қылмыстардың барлығы шынымен де жасалып жатқан еді, бірақ оларды жасағандар протестанттар емес, керісінше папалықтардың өздері болатын. Протестанттардың уағыздаған ілімі емес, керісінше сол ілімді табанды түрде жою, сол заманнан 300 жыл өткеннен кейін Францияның басына қайғылы оқиғалар туғызды.

Халық арасында бір бірлеріне сенбеушілік, алауыздық, үнемі қауіптеніп тұру пайда болды. Тек Лютердің ілімін қабылдағандар ғана білімдерімен, сабырлықтарымен, тәртіптіліктерімен кезге түсіп, басқалардан өзгеше көрінді. Сол қантөгіс оқиғадан кейін каладағы барлық жауапты орындар босап қалды. Кәсіпкерлер, баспашылар, ғалымдар, университет профессорлары, жазушылар, әйгілі суретшілер, тіпті патша сарайының қызметкерлерінің өздері қаланы тастап босып кетті. Бұл қылықтарымен олар барлықтарына өздерінің реформаторлардың ілімдерін қолдайтындарын көрсетті. Папалықтар мұндай жағдайды мүлдем күтпеген болатын, олар жаңа ілімнің ізбасарларының соншалықты көбейіп кеткенін сезбей де қалған екен. Ызаға булыққан католиктер протестанттардан өш алуларын тоқтатқан жоқ. Түрмелер лық толды. Ізгі хабардың куәгерлері жанып жатқан алаулардың түтіні ауамен араласып кетті.

Франциск І езін ғылым жаңарту қозғалысының басшысы санап, монахтардың ырымшылдықтары мен надандықтарын жек көргендіктен және өзінің білімге деген құштарлығын көрсету үшін баска жерлерден маңайына ғалымдарды жинап, сол себепті де

реформация іліміне шыдамдылық танытқан болатын. Енді ол жаңа ілімді жою мақсатымен барлық Франция бойынша баспасөз мекемелерінің жұмысын тоқтатуға бұйрық берді. Парасатты мәдениет пен діни шыдамсыздық үйлесімін хабатын үлгілер тарихта жиі кездесіп тұрады және Франциск I бұл арада ешкімнен де өзгеше болып қалған жоқ.

Франция протестантизмді жойғысы келетін пиғылын өш алу арқылы бекітуі керек болды. Дін әкелері месса ажуаланып, аспан масқараланғаны үшін қан төгілуі керек деп және бұл қорқынышты істі жүзеге асыруға патшаның келісім беруін талап етті.

Бұл қатыгез рәсім 1535-ші жылы 21-ші қаңтарда болып өтті. Сол уақытқа дейін папалықтар барлық ұлтқа протестанттарды жек көрінішті қылуға тырысты. Париждің көшелері халыққа лық толды. Барлық жерлерге қайғылы қара маталар ілінді және католиктердің табынатын пұттары қойылды. Есіктердің алдарына «киелі құпияларға» арналған шырағандар орнатылды. Рәсімге қатысушылар таң атпай патша сарайының алдына жиналды. Бірінші катарда хоругви-лер* мен әр түрлі шіркеулердің пұттары алынып жүрілді, олардың соңдарынан екі екіден сап құрып, қолдарына алаулар ұстаған қала халқы еріп жүрді, сонан соң төрт орденнің монахтары, олардан кейін киелілердің қаңқаларымен сап түзеген қатарлар, олардың соңдарынан әр түрлі тастармен әшекейленген алқызыл киімдер киген көкіректері көкті тіреп тұрған кардиналдар, сонаң соң Париждың епископы бастаған әскер, ең соңында жұпыны киінген патша жүріп келе жатты. Осы күні ол патшаға емес, қылмысын мойындаған күнәкар байғұсқа көбірек ұқсас болды. Патша әрбір пұттың алдына келіп жығылып, оған бас ұрып, кешірім өтініп отырды. Бірақ ол өз бойын кернеп тұрған кесір үшін емес, қолын қанға бояп кінәсіздердің қанын теккені үшін де емес, месса масқараланып қалды деп, қарамағындағылардың «ауыр күнәсі» үшін жалбарынды. Патшаның соңынан екі екіден қатар түзеп, қолдарына алау ұстаған мемлекеттік сановниктер* мен патшайым жүріп отырды.

Сол күні епископтардың зәулім сарайының үлкен залында патша империяның ығай мен сығайларының алдарына шығып сөз сөйледі. Ол барлық ұлтты дүр сілкіндірген бұл масқараға қатты өкінетіні жайлы айтты және жабырқау жүзбен алдындағыларға қарап: «Мен сендердің патшаларың екенім қандай айғақ болса, бұл індет аяғыма немесе қолыма жұқса оны кескізіп тастайтыным соншалықты айғақ. Егерде менің балаларымның бірі бұл кесірлі ілімді қабылдаса, мен оны аямастан өлім жазасына ұсынар едім» деді. Осы сөздерді айтып тұрған кезінде патшаның көзінен жас парлап ағып

тұрды, ал тыңдаушылары: «Біз католиктердің діні үшін жанымызды құрбан етуге дайынбыз»деп бір дауыспен жариялады.

Осылайша Франция өзіне шашырап тұрған жарық нұрын қабылдамай, түнекке оранып қалды. Ол Құдайдың беріп тұрған сыйынан бас тартты. Зұлымдықты рақымшылық деп, рақымшылықты зұлымдық деп, өзі өзінің меншікті өтірігінің құрбаны болды. Мемлекетті алауыздық пен қантөгістен құтқарып қалатын таза ілімді қабылдамай, адасқан үстіне адаса түсті. Мүмкін ол Құдайдың халқын қыспаққа алып жатқанын түсінбей, шынымен де тірі Құдайға қызмет етіп жатырмын деп ойлаған болар. Десе де ол бәрі бір кінәсіз болып саналмайды.

«Есерсоқтардың» ілімін жоюға арналған салтанатты түрде серт беру католиктердің мінбелі соборында өтті, ал сол оқиғадан кейін 300 жыл өткеннен соң Тірі Құдайды мүлдем ұмытқан бұл собор «ақыл құдайының» басына өз тәжін тақты.

Осыдан кейін шеру әрі қарай жалғасты. Францияның бетке ұстарымыз дейтіндер өз істеріне кірісіп кетті. Аралары бірдей арақашықтықта протестанттарды өртеуге дайындаған бағаналар орнатылды. Бұл бағаналарға байланған жандарды қарсыластары бірден өртемеді, оларға шеру тақаған кезде ғана бір бірден от қойылып отырылды, себебі шеру олардың қиналып жатқандары мен жанкешті азаптарын көруі керек болды. Бұл бейшаралардың өмір мен өлімнің ортасында тұрып, жанталасып азапқа түсіп жатқандарын сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес еді. Сонымен қоса олардың соншалықты ауыр жазаны жүрексіңбей қабыл алғандарына да күмән келтіруге болмайды. Шеру осылайша жүріп отырып патша сарайының алдына келіп тоқтады. Сонан соң халық өз беттеріне тарады, ал патша мен прелаттар бір бірлерімен өздерінің қыруар іс бітіргендеріне риза болып қоштасты.

Франция Ізгі хабардан бас тартты, бірақ оның соңы жақсылыққа апарған жоқ. Айтулы оқиғадан 258 жыл өткен соң 1793-ші жылы 21-ші қаңтарда Париждің көшелерімен басқа шеру жүріп етті. Бұл шерудің де басты мүшесі патша болды. Тағы да Париждің көшелерінде шу кетеріліп, тағы да эшафоттар құрылып, тағы да айқайлаған қара тобыр өзінің жемтігін талап жатты. Осылайша күн дәл солай қантөгіспен аяқталды. Бұл алаңға өзінің қансорғыштарына қарсы жанталасып қарсыласып жатқан Людовик XVI әкелініп, оның басы шабылып тасталды және онымен қоса сол күні 2800 адам қаза болды.

Реформация Киелі Кітап арқылы адамзатқа Тірі Құдайдың заңын ұсынды, адамның арына әсер ету арқылы оны түзу жолға салғысы келді. Киелі Жазбада: «Сонымен, бұл занды сақтаңдар және оны

орындандар, сонда сендерді көрген тыңдаған басқа халық: «бұлар Құдайдың ұлы халқы, ейткені олар ақылды және дана» - дейтін болады» делінген. (Заң 4: 6).

Кектен келген сыйды қабылдамаған Франция, өзінің еккен егінінің жемісі - революция мен зорлықты басынан кешті.

Месса әшкереленген ақпараттардың нәтижесінде басталған қуғын-сүргіннен бірнеше уақыт бұрын Швейцарияға қашып тығылуға мәжбүр болған Фарель бұл жерде Цвинглиге көп көмегін тигізді. Ол өмірінің соңына дейін Швейцарияда тұрды, бірақ Франциядағы реформацияға белсенді түрде көмек жасады. Әсіресе өз отандастарына Ізгі хабарды тарату жолында біраз еңбектенді. Шекарадан алыс емес мекендерде тұратын жерлестеріне рухани білім берді. Үнемі шайқасумен жүрген олардың өмірлерін бақылап отырып, керек кезінде көмегін аяған жоқ. Басқа да қуғын-сүргінге ұшырап жүрген азаматтар арқылы неміс реформаторларының кітаптары француз тіліне аударылып, сонымен қоса француз тілінде Киелі Кітап та үлкен тиражбен басылып шығып, кітап тасушылар арқылы барлық Францияға таратылды.

Швейцарияда Фарель мектеп оқытушысы болып жұмыс істеді. Кішкене шіркеуде жеке қалған ол осы жердегі балаларға рухани тәрбие берумен айналысты. Балалары арқылы ата аналарында қызықтырамын деген ниетпен Фарель басқа сабақтармен қоса Киелі Кітапты уағыздай бастады. Осылайша кейбіреулерін ол Құдай жолына түсіріп те үлгерді. Бірақ оның жасырын ісін байқап қалған шіркеу қызметкерлері реформаторға қарсы надан халықты айдап салды. Қуғындалған кезде бір қаладан екінші қалаға қашатын алғашқы шәкірттердің үлгісі бойынша Фарель басқа қалаға қашып кетті. Арып ашыққан, әрі тоңған Фарель қауіп қатерге басын тіге отырып қаладан қалаға, елден елге жүріп кездескен жандардың бәріне Құдай сөзін уағыздаумен болды. Ол сауда саттық орындарында, кішкене шіркеулерде, кей кездері үлкен шіркеулерде сөз сөйледі. Кірген шіркеулерінің қайсыбірі бос тұрса, енді бірінде оны келеке мазақ етіп, ал басқа уақыттарда мінбеден сүйреп шығарып, қуған кездері де болды. Қалайда жаулары текке қарап отырмады, қараңғы надан тобырды оған қарсы жұмсап, оны неше рет соққыға жықты. Дегенмен Құдай сөзін қошаметтеп қарсы алатын жерлер де көптеп кездесті. Ол еңбек жолын бастаған кезіндегі Құдай сөзін уағыздаған кішкене шіркеу реформация ілімін қарсы алды. Морат, Невшатель секілді қалалар католиктердің салт-дәстүрлерінен бас тартып, неше түрлі бейнелер мен пұттарды шығарып тастады.

Фарель реформация туын Женевада орнатқысы келді. Бұл ой оны көп толғандырды. Егер Женеваны протестанттық қалаға айналдырса, ол Франция, Швейцария және Италияның рухани орталығына айналар еді деп армандады Фарель. Осы ойлаған ойын іске асыру үшін бұл жалынды реформатор көп еңбектенді. Ол әуелі Женеваның маңайындағы қалалар мен ауылдарға реформация ілімін таратты. Сонан кейін ғана ол жалғыз досын ерітіп, Женеваға келді. Бірақ бұл арада оның екі-ақ рет халық алдына шығып сөз сөйлеуге мүмкіндігі болды. Фарельді жазалауға үкімет тарапынан ешқандай көмек ала алмаған дін әкелері оны шіркеудің кеңесіне салды және бұл кеңеске олар жай келген жоқ, жабуларының астына қаруларын жасырып келді. Себебі олар осы жерде реформаторды өлтірмекші болды. Ал шіркеудің сыртында оны найзамен, сойылмен қаруланып алған тобыр күтіп тұрған болатын. Кеңестен сытылып кетем десе ол әлбетте сол тобырдың қолына түскен болар еді. Іске қала басшылары мен қаруланған сарбаздар араласпағанда, олардың Фарельді өлтіріп тастайтыны анық болды. Келесі күні Фарель достарымен қауіпсіз жерге жеткізілді. Осылайша оның Женевадағы алғашқы тәжірибесі сөтсіз аяқталды. Келесі сынаққа реформатор байқаусыз қаруды пайдалануды ойлады, сөйтіп өзінің орнына Женеваға қарапайым, тұрпатсыз жас жігітті жіберді. Түрінің ұсқынсыздығы сонша, оны жаулары түгіл реформацияның достарының өздері де суық қарсы алды. Мықты да ержүрек азаматтар түк бітіре алмаған жерде, бұл момын да қарапайым жас жігіт не бітірмекші? Фарельдің әлі келмеген іске ол қалай кіріспекші? «Қарумен де, күшпен де жеңіліске ұшырайтын жерлеріңде Менің Рухыммен жеңіске жетесіңдер»- дейді Калимат Алла. (Зөк.4:6). Адамдар «ақымақтық» деп санайтын Құдайдың құтқару жолы адам даналығынан әлдеқайда жоғары және Құдайдың «әлсіздігі» (Мөсіхтың айқышта жанын қиюы) адамның қуатынан әлдеқайда күшті. Бірақ Құдай бұл дүниеде кімдер «ақымақ» деп саналса, «данышпан - ақылгөй» дегендерді ұялту үшін және осы дүние «күшсіз» деп тапқандарды «күштілерді» ұялту үшін Өзіне таңдады (ІҚор.1:27,25).

Фромент өз жұмысын мектеп мұғалімі ретінде бастады. Балалар мектепте алған білімдерін үйлерінде қайталап отырды. Біраз уақыттан соң балаларымен бірге олардың ата-аналары да келе бастады. Осылайша тәрбиелі оқушылар саны көбейді. Ал мектепке келуге батылы жетпеген ата-аналарға Кислі Кітапты үйлерінде оқып зерттеу ұсынылды. Десе де біраз уақыттан кейін Фроментке де ол жерден кетуге тура келді. Бірақ реформаторлардың еккен дәндері көп ұзамай өз жемісін берді. Ол жерден Ізгі хабарды уағыздаушы хабаршылар

кеткендерімен, олардың еңбектері жанды. Осылайша Женевада протестанттық ілім бекіді.

Кальвин туған жерінен Базельге қайтып келе жатқан кезінде, жолды Карл V әскерлері жауып тастағандықтан, оған Женева арқылы жүруге тура келді. Кальвин Женеваға келгенде бұл қала реформация ілімін ашық түрде мойындап үлгерген болатын. Кальвинның мұнда келгенін Фарель құп көрді. Өйткені Женева реформация ілімін қабылдағанымен, бұл жерде әлі де болса жасайтын жұмыс жеткілікті еді. Женева Римнің билігінен бас тартса да, қандарына сіңіп қалған әдеттерінен құтылу оңай болмады. Халық Киелі Кітап бойынша өмір сүру үшін реформаторлардың әліде болса еңбектене түсуі қажет болды. Ал Кальвин болса мұндай жұмысты жүргізуге таптырмайтын адамдардың бірі болатын. Бұл ұсыныс Кальвинды қорқытып жіберді, сабырлы да момын реформатор мінездері тәуелсіз және ашушаң Женеваның тұрғындарынан аулақ жүруді жен санады. Ол бір оңаша жер тауып орналасып, кітап жазып реформацияға өз қаламымен жәрдем бергісі келген. Десе де Фарель оның осы арада қалуын табанды түрде өтінді. Фарельдің дауысы оған Алла Тағаланың дауысындай көрінді және бір мезетте аялдамай қашқысы келіп тұрған оны Жаратушы Өзі жібермей ұстап қалғандай болды. Сол себепті Кальвин айтулы жерде қалып еңбектенуге келісті.

Сол кездері протестанттардың бастарына қауіп төніп тұрған болатын. Папаның шығарған анафемалары* Женеваға қысым келтіріп, күшті деген мемлекеттер оны жойып жіберуге дайын тұрды. Билігіне патшалар мен императорлар бағынатын мықты иерархияға кішкене қала қалай қарсы шықпақ? Ұлы басқыншылардың армиясының қыспағына қалай шыдамақ?

Протестантизмнің жаулары жан жақтан қаптай түсті. Реформация үшін алғашқы жеңістердің уақыты аяқталды. Рим күшін қайра жинап, оны бір жола құртпақшы болды. Сол кезде ең қатыгез иезуиттердің ордені пайда болды. Олар жақсылық жасаудың не екенін білмейтін, өздерінің ордендеріне қызмет етуден басқа ешкімнің билігін мойындамайтын, оның әсерін кеңейте түсуге тырысатын, ұяттан жұрдай жауыздар болатын. Алдау, арбау, өтірік айту, өлтіруден тайынбайтын олар, кез келген тәсілдерді пайдаланып қалталарын толтыруға тырысты. Осының барлығын олар протестантизмді жойып, папаның билігін қалпына келтіру үшін жасаған болатын. Орденнің мүшелері тазалық пен пәктіктің бетпердесін жамылып алып, түрмелер мен емханаларды аралап, кәрілер мен кәріптерге көмектескен болып, өздерінің зұлымдық істерін істеп отырды, өйткені олардың шын мәніндегі пиғылдары арам болатын. Көздеген

мақсаттарына жету үшін бас тартатын қиыншылықтары, айтпайтын өтіріктері, жасамаған айлалары, істемеген қылмыстары қалмады. Егер Ізгі хабар Мәсіхтың ізбасарларын ақиқат үшін аштыққа, суыққа, тапшылыққа, жоқшылыққа, түнекке, азап пен алауға шыдап, басын жоғары ұстайтын қылып тәрбиелесе, иезуиттер мұндай қиындыққа қарсы тұра алатын күшке фанатизмді пара-пар етті. Қайыршылық пен бағынушылыққа уәде берген олар, барынша байлық пен билікке ұмтылды, протестантизмнің тамырына балта шауып, папаның билігінің дәрежесін көтеру үшін неше түрлі айла тәсілдерді пайдаланды. Орденнің негізгі ұстанымы - мақсатың қаражатыңды ақтайды деп аталады. Осылайша шіркеудің көңілінен шықса болғаны, өтірік те, озбырлық та, қаныпезерлік те, кісі өлтіру де ақталып қана қоймай, онымен қолдау табатын болды.

Иезуиттер қулықтарын пайдаланып, мемлекеттік қызметтерге орналасып, патша кеңесшілерінің орындарына тұрып алып, көптеген мемлекеттердің саясатына қысым жасады. Қарапайым қызметшілер ретінде жұмысқа тұрып қожайындарын аңдып, олардың аттаған адымдарын бақылап отырды. Колледждер мен мектептер ашып қарапайым жанұялар мен протестанттардың жанұяларының балаларын өздеріне тартып, папаның салт-дәстүрлерін орындауға бейімдеді. Ақыры бостандық үшін өжеттілікпен шайқасып, қандарын төккен адамдардың балаларын сатқындарға айналдырды. Олардың бар қызметі, көздеген мақсаттары адам баласының ойын жаулап алып өздеріне бағындырып ұстау еді. Бұл орденнің билігін бекіте түсу үшін папалық арнайы декреттің көмегімен инквизиция жандандырылды. Көпшіліктің қарсы болғанына қарамастан бұл сұмдық трибунал папаның көсемдерінің тырысуымен тіпті католиктік мемлекеттердің өздерінде қайра пайда болды. Құпия түрмелерде көз көріп, құлақ естімеген неше түрлі хайуандық жазалар жасалатын болған. Көптеген мемлекеттерде мыңдаған адал зиялы азаматтар, ұлттың бояуы болып саналатын: дарындар, ғалымдар, әйгілі суретшілер, өнерлі кәсіпкерлер, отанын сүйетін еңбекқор жандар қырылды. Осылайша Рим Реформация жарығын сөндіріп, халықтан Құдай сөзін тартып алып, оларды қараңғы түк білмейтін тоқшар жандарға айналдырып қойғысы келген.

Бірақ Құдайдың әмірі бойынша Лютердің орнына келген дарынды азаматтар протестантизмнің жойылып кетпеуіне көп еңбектерін сіңірді. Ең кішкентай мемлекеттер мен ең әлсіз ұлттар протестантизмнің бекінісіне айналды. Мысал үшін, мықты жаулары қоршап тұрған кішкене ғана Швейцария, сол кездегі ең бай және ірі мемлекет Испанияның катыгездігіне қарсы күрес жүргізген Солтүстік теңіздің

кұмды жағалауында орналасқан Голландия және кедей Швецияда реформация ұлы істер атқарды.

Кальвин Женевада 30 жылдай қызмег етті. Ол реформацияны барлық Еуропаға тарату жолында еңбектенді. Әрине оның басынан неше түрлі қателіктер де өтті. Дегенмен ақиқатты жалынды түрде тарату арқылы ол көптеген азаматтарды тазалыққа, пәктікке бейімдеді. Реформация ілімін барлық жерлерге таратумен айналысқан Женева рухани тәрбие беретін оқулықтар шығарып, жер жерлерге мұғалімдер жіберіп отырған. Осылайша бұл қала барлық батыс Еуропа бойынша қашқындардың мекеніне айналған. Жанұяларынан, отандарынан айрылып арып ашығандар, азап шеккендер осы жерден өздеріне пана тапқан. Ал бұл жандар өздерінің екінші отаны болған қалаға іскерліктерін, білімдерін, тазалықтарын бере отыра оның игілігіне айналды. Олардың көпшілігі денсаулықтарын қалпына келтіргеннен кейін, Римнің қатыгездігіне қарсы күрестерін жалғастыру үшін елдеріне қайтып оралған. Ержүрек шотландтық реформатор Джон Нокс, ағылшындық пуритандар, голландиялық және испандық протестанттар, француздық гугеноттар Женевадан ақиқаттың алауын қолдарына алып, туған жерлеріндегі түнекті сейілту үшін елдеріне тараған.

Нидерландтағы және Скандинавиядағы сенім батырларының ерлігі

Нидерландта папаның жауыздығы ерте кездің өзінде-ақ бұл жүйеге адамдарды қарсыластырмай қойған жоқ. Лютерден 700 жыл бұрын Римде болып қайтқан екі епископ «киелі тақта» отырғанның шынайы мінезін өз көздерімен көріп, қатты қорыққан еді. Олар Римнің діни ережелерімен келіспегендері былай тұрсын, оған қарсы шығып өз ойларын папаның бетіне еш бүкпесіз айтып кеткен болатын. «Құдай Өзіне қызмег ететін халқы үшін шіркеуді құрды, оған батасын берді, игілігін сыйлады. Басына тәжін кигізіп, қолына таяғын ұстатты, ал сен болсаң бұл сыйды тартып алып отырған ұрысың. Құдай үйінің төріне шығып алғансың, үйірін қорғайтын бақташы болғанның орнына, қойға шабатын қасқыр екенсің. Жоғарғы епископпын деп, соған бізді сендіргің келеді, ал шын мәнінде сен нағыз жауызсың. Өзінді жұртқа діни ұстаз ретінде көрсетесің, бірақ сен барып тұрған баскесерсің. Сен, өзінді өзің атайтындай, қызметшінің қызметшісі болуың керек, дегенмен сен қожайындардың қожайыны болып отырсың. Сен Құдайдың берген заңын жек көресің. Киелі Рух жер бетіндегі шіркеулерді құрады... Біздер тұратын қаланың төбесі көкке жетіп тұр, ол пайғамбарлар Бабыл деп атаған қаладан биік, дегенмен Бабыл өзін киелі санайды, даналығына мақтанады және түк негізсіз ешқашан қателескен емеспін және қателеспеймін де деп ойлайды”.

Бұл рухани тұрғыдағы қарсышастық ғасырдан ғасырға жалғасып келеді. Әр түрлі атпен жүріп жұмыс жасаған сол алғашқы

ұстаздар, вальдендік миссионерлер секілді көп мемлекеттерді ара-лап, ақиқатты уағыздай отырып Нидерландқа жетті. Олардың ілімі тез тарады. Бұл оқытушылар Киелі Кітапты вальдендіктердің тілінен голландиялықтардың тіліне аударды және «оның келтіретін пайдасы зор деп есептеді, себебі Киелі Кітапта жеңілтек болып көрінетіндей мысал, қалжың, мазақ, қулық, деген жоқ, тек кана ақиқат жазылған, әрине түсінуге қиын соғатын жерлері бар болғанымен, күллі жақсылық пен тазалықтың мәні мен шырыны кімнің болса да түсінуге қиын соқпайды. XII ғасырдағы ежелгі сенімнің достары солай жазған.

Қуғындалу басталды, бірақ азапқа да, алауға да қарамастан Құдайға сенетіндердің саны көбейе түсті. Олар дінге қатысты сұрақтар туындағанда дұрыс бағыт беретін жалғыз ғана сенімді құрал Киелі Жазба деп батылдықпен атады. Сондай-ақ ешкімді де мәжбүрлеу арқылы иманға келтіре алмайсың, тек уағыз айту арқылы ғана адамның санасын оятуға болады деп есептеді.

Лютердің ілімі Нидерландқа да жетіп, бұл жерде де Ізгі хабарды уағыздаушы хабаршылар пайда болды. Голландияның бір қаласында туған Менно Симонс атты жігіт Рим католиктік шіркеуінде оқып тәрбиеленген болатын. Киелі Кітапты қолына емірі ұстап көрмеген ол, көкейінде күмән тудырған бір сұраққа жауап іздеп, Киелі Кітапты ашып қарамақшы болды. Бірақ есерсоқтардың торына түсіп қалам ба деген қауіппен, ол Киелі Жазбаны көпке дейін қолына ала алмай жүрді. Десе де арада біраз уақыт өткен соң, арының жетелеуімен ол Жаңа Өсиетті және Лютердің кітаптарын оқи бастады. Осылайша ол реформация ілімін қабылдады. Бір күні ол екінші рет суға шомылу рәсімінен еткен адамның басын шауып тастағанының куәсі болды. Бұл оқиға оның Киелі Кітапты әрі қарай зерттеп, көкейіндегі көп сұрақтарға жауап алуына мүмкіндігін берді. Ол Киелі Жазбадан балаларды суға шомылдыру рәсімінен қалай өткізетіні жайлы оқып білгісі келді. Бірақ бұл жөнінде ештеңе таба алмады, керісінше бұл рәсім қажет ететін шарт иман екеніне көзі жетті.

Менно Рим шіркеуін қалдырып, бар өмірін ақиқатты уағыздауға жұмсады. Сол кездері Германияда да, Нидерландта да қоғамдағы тәртіпті бұзып, қақтығысу ілімін таратып, бүлік шығарып жүрген фанатиктер көбейіп кетті. Бұл қозғалыстың әрекетінің ете қауіпті екенін сезген Менно олардың құрған жоспарларына қарсы күрес жүргізді. Көпшілік қауым бұл қозғалысқа белсенді түрде қатысқанымен, кейіннен Менноның уағыздарының арқасында өз қателіктерін мойындап, көзқарастарынан бас тартты. Оның үстіне вальдендіктердің ұрпақтары, ежелгі мәсіхшілердің ізбасарлары сол кезде аз болған жоқ. Дәл сол адамдардың ортасында Менно өз ісін жүргізді және ол

сөтті болды. Менно 20 жыл бойы әйелімен және балаларымен жер жерлерді аралап Құдай жолында қызмет етті. Ол барлық Нидерланд жері және Солтүстік Германия бойынша саяхат жасады. Менно аса кең білім алып үлгермегенімен, сезге өте шебер болған және әділ де момын мінезімен кепшілікті өзіне қарата білді. Жоқшылық пен тапшылық оның айнымас серігіне айналды, соған қарамастан ол мойымайтын мінезімен, қайыспайтын табандылығымен қиындықтарды жеңе білді және жалынды түрде еңбектенді. Оның шәкірттері де ұстазы секілді неше түрлі қиындықтарды бастарынан өткізе отыра Құдай жолында қызмет еткен. Халық кейде оларды мюнстерит - фанаттармен шатастырып қуғындаған. Соған қарамастан олар бар ниеттерімен еңбектеніп, көптеген адамдардың беттерін Құдайға бұрып үлгерген. Қатаң түрде тыйым салынғанына және тартылатын жазаларының соншалықты суықтығына қарамастан реформация ілімі ешбір жерде Нидерландағыдай қуанышпен қабылданған емес. Германияда Карл V реформация іліміне тыйым салып, оны уағыздаушыларға неше түрлі жаза тартқызғанымен, Германия ханзадалары оның жөйіт әрекеттеріне қарсы шығып, оларды болдырмауға көп кедергі жасаған. Ал Нидерландта болса оның билігі кең құлашын жайып, аяусыз қуғын-сүргін тоқтаусыз жалғаса берген. Киелі Кітапты оқу, ол туралы біреуге әңгімелеу, Құдайға құлшылық, ету, дұға оқу, Алланы мадақтайтын әндерді айтуға тыйым салынған. Олардың айтқандарына құлақ аспағандар өлім жазасына кесілген. Ер адамдар найзаның ұшына түйреліп, әйелдер тірідей жерге көмілген. Осылайша Карл V мен Филипп II тұсында қаншама жандар жазықсыз өмірлерімен қоштасқан.

Бір жанұяны түгелдей тұтқындап жауап алуға алып келгенде, жанұяның ең кішкентай мүшесі қойылған сұраққа: «Біз тізерлеп тұрып Құдайға сыйынамыз. Жасаған күнәларымызға Одан кешірім сұраймыз. Алланың санамызды тазартуын өтінеміз. Сосын патша үшін тілек тілейміз. Оның патшалығында тыныштық болуын сұраймыз. Қала басшылары үшін бата сұрап, Құдайдың оларды қорғап, сақтап жүруін тілейміз»деп жауап берген. Әрине бұл сөздер үкім шығарушыларды қобалжытпай қойған жоқ, соған қарамастан олар жаңағы баланың әкесін және бауырларының бірін алауға тастап, өртеп жіберді.

Қуғындаушылардың назасы қаншалықты зор болса, азап шегушілердің иманы соған тең бе тең келді. Әйелдері жалынның құшағында қиналып жатқан күйеулерінің жанынан табылып, көңілдерін сөзбен жұбатып немесе киелі ұрандарды орындап оларға рухани демеу жасады. Көрге тірідей көміліп жатқан жас өспірім қыздар болған іске көніп, жайлы төсектеріне жайғасайын деп

жатқандай сыңай танытып, ер жүрек мінездерімен жазалаушыларын таң қалдырмай қойған жоқ. Ал тірідей отқа тасталғандары жазаланар алдында ең әдемі көйлектерін киіп, ерекше сымбаттанып, соңғы сапарларына күйеуге шыққалы жатқан қалыңдықтардай дайындалып барды. Жазықсыз қырылған халықтың жерге сіңген қаны, оған көмілген дәнмен бірдей болды. Монарх зұлым әрекеттерін әрі қарай жалғастырып қуғын-сүргінді үдеткен сайын, ақиқаттың туын ұстағандардың саны да көбейе түсті. Тек мейірбан Вильгельм Оранский таққа отырғаннан кейін ғана жұрт ауыр азаптан құтылып, Құдайға еркін қызмет ету құқығына ие болды.

Пьемонта таулы аймағында, Франция жазығында және Голландия жағалауларында Ізгі хабар кан төгу арқылы уағыздалса, солтүстік мемлекеттерге Құдай сөзі бейбіт жолмен тарады.

Скандинавияға реформация ілімін Виттенбергтен оралған студенттер алып келді және Лютердің еңбектері де түнекті сейілтуге көп себін тигізді. Солтүстіктің шыныққан қарапайым халқы жаксы хабарды естісімен кесірден бірден бас тартып, Киелі Кітап ұсынып тұрған таза ілімді бар ниеттерімен қабыл алды.

Данияның реформаторы Таузен қарапайым жанұядан шыққан бір шаруаның баласы болатын. Бала білімге өте құштар зерек болғанымен, әкесінің оған зиялы білім беретін қаражаты болмады, сол себепті ол монастырға түсті. Көп уақыт өтпей Таузен өзінің зеректігімен, ерекше дарындылығымен монастырдың меңгерушісінің көзіне түсті. Білім деңгейін тексеру кезінде ол болашақта шіркеуге көп пайда әкелетін кең дарындылық танытты. Сөйтіп оны Германия немесе Нидерланд университеттерінің біріне жіберуге шешім қабылданды. Виттенбергтен басқа жерді таңдау баланың өзіне ұсынылды, себебі монахтардың ойынша ол Виттенбергтен тарайтын улы ілімнен аулақ болуы керек болды. Осылайша Таузен папалықтың бесігі болып саналатын Кельнге келіп түсті. Көп ұзамай ұстаздарының мистицизмі* оның жүрегін айнытты. Шамамен осы кезде ол Лютердің еңбектерімен танысып үлгерген болатын және бұл кітаптарды ол ризашылықпен оқып, ақ пен қараны айыра бастады. Таузен Лютермен жүзбе жүз кездесіп, көп сұрақтар бойынша ақылдасқысы да келді. Әрине бұл ойының монастырдың меңгерушісіне ұнамайтынын, сонымен қоса оның қолдауынан айрылып калатынын да Таузен жақсы білді. Соған қарамастан ол кетпекші болып шешім қабылдап, акыры Виттенберг университетінің студенті болды.

Данияға қайтып оралғаннан кейін Таузен өзінің монастырына келді, бірақ, өзінің лютеран екенін ешкімге білдіртпеуге тырысты. Таузен достарының намысына тимеу үшін, ырым-жырымға

қатысты сұрақтарды қозғамай ғана оларға киелі өмір, таза иман жайлы әңгімелеп, рухани тәрбие берумен айналысты. Әуелде ол Киелі Кітаптағы тамаша жаңалықтарды байқап-байқап айтса, бара-бара ол күнәкар адамның жалғыз ғана үміті Иса екенін айтып, тек Сол арқылы ғана құтқарылу мүмкін екендігін ашық, уағыздады. Мұны естіген монастырдың меңгерушісі өзінің долдығын жасыра алмады, өйткені Рим шіркеуінің тамаша жауынгері болады деп үміттенген шәкіртінің Исаның жауынгері болып шыққанына шыдамады. Сөйтіп ол Таузенді басқа монастырға ауыстыртып жіберді. Бұл жерде діндарлар оны кельеге* қамап, сыртынан бақылаушы қойды. Десе де Таузен тордың арғы жағынан болса да, ақиқат жайлы әңгіме айтуын тоқтатқан жоқ. Осыдан кейін монастырдың басшыларының таңырқауына орай бірнеше монах өздерінің протестант болғандарын жариялады. Егерде данияның аталары еретиктермен* не істеу керек екенін жақсы білгенде, Таузеннің дауысы мәңгілікке өшкен болар еді. Олар Таузенді зынданға тастағанның орнына оны керісінше монастырдан қуып жіберді. Мықтымыз деп көкіректерін кетеретін олар өздерінің әлсіздік байқатқандарын сонда ғана түсінді. Себебі дәл сол кезде жаңа ілімнің оқытушыларын қамқорлыққа алатын патшаның жарлығы шыққан болатын. Әрине бұл оқытушылардың қатарында Таузен де бар еді. Енді ол Құдайдың сөзін ашық уағыздауға болатындай мүмкіндікке ие болды. Шіркеулердің есіктері айқара ашылып, оның уағызын тыңдау үшін халық топ тобымен жиналатын болды. Дания тіліне аударылған Жаңа Өсиет барлық жерлерге таратылды. ІТапа бұл жұмысты тоқтатуға қаншама кедергі құрғысы келгенімен, пәлендей бірдеңе жасауға әлсіз болып шықты, керісінше оның құрған кедергілері айтулы ілімнің кең етек жайуына себін тигізді. Көп ұзамай Дания түгел протестантизм ілімін қабылдағаны жайлы хабарлады..

Швецияда Виттенберг бұлағынан сусындап келген жастар естіген ақиқаттарын өздерінің отандастарымен бөлісті. Оребру жеріндегі бір ұстаның екі баласы Олаф және Лаврентий Петрилер шведтік Реформациясының көсемдерінің қатарында жүрген болатын. Олар кезінде Лютер мен Меланхтоннан ілім алып, ақиқат жолында жалынды еңбектенді. Олаф Лютер секілді сөзге шебер, дарынды болды және өзінің сергектігімен халықты рухани серпілте білді. Лаврентий болса Меланхтонға көбірек ұқсады. Сырт пішіні ғалымға ұқсас, өте салмақты және сабырлы болды. Екеуі де парасаттылығымен, білімділігімен, өжеттілігімен көзге түсті және ақиқат жолында қызмет еткенде адал жүрді. Бірақ папалықтар да жай қарап отырмады. Католиктердің дін әкелері қараңғы топас тобырды

оларға қарсы айдап салып, соққыға ұшыратты. Әсіресе бұл тобырмен Олаф жиі кездесетін болды. Дегенмен патша реформаторларды қолдап, оларға үнемі көмегін беріп отырды.

Рим шіркеуінің езгісінде болған халық қайыршылық күн кешті. Киелі Жазбадан алыстатылған, сонымен қоса рәміздер мен салт-дәстүрлерден құралған көкірекке арқау бермейтін діннен шаршаған олар, пұтқа табынған ата-бабаларының әдетіне қайтып оралды. Ұлт үнемі жауласып отыратын екі партияға бөлінді. Бұл жағдай олардың халдерінің одан сайын нашарлап кетуіне әкеліп соқты. Патша мемлекетте және шіркеуде реформацияны заңды түрде бекітпек болып, Римге қарсы шайқасып жүрген көсемдермен тығыз жұмыс жасады.

Монархтың көмегін пайдаланып, оның кезінше Олаф Петри католик шіркеулерінің тәлімгерлерімен пікірталасқатүсіп, реформация ілімін шеберлікпен қорғады.

Біз ата тегіміздің ілімін Киелі Кітапқа қарсы келмеген жағдайда ғана қоштай аламыз. Таза иманның ұстанымдары Киелі Жазуда түсінікті қалыпта берілген, сондықтан оны кез келген адам өзі оқып түсіне алады. «Менің ілімім - Менікі емес, Мені Жібергендікі»деп жазылған Киелі Кітапта (Жох. 7: 16). Ал елші Паул: «Құдайдың атынан емес, өз атынан сөйлегендердің сөзі - анафема* болып табылады» (Ғап. 1: 8)дейді. Ол шіркеудің қаулылары Құдайдың заңына қарсы келсе, оның ешқандай күші бола алмайтынын дәлелдеді. Сондықтан да адамның өмірі мен сенімінің негізгі ережесі - Киелі Кітап, тек қана Киелі Кітап - деді ол. Бұл ұлы шайқас жаппай бәріне белгілі бола бермегенімен, ол бізге Реформация әскерінің сарбаздары жайлы мағлұмат береді. Реформаторлар - жан жағын шулатып жүрген шала білімді фанатиктер емес, Киелі Кітаптағы ақиқатты уағыздаушы тәлімгерлер. Олар Киелі Кітапты терең зерттеп, Оның беріп тұрған қаруын жақсы пайдалана білген және сонымен қатар болашаққа көз жүгіртіп, уақыттарын дұрыс анықтай білген. Ал Виттенберг, Цюрих сияқты ғылыми орталықтарға және Лютер, Цвингли, Эколампадиус секілді ірі тұлғаларға көңіл аударатын болсақ, онда бізге, әрине олар ұлы қозғалыстың көсемдері, сондықтан тамаша жетістіктерге қол жеткізе алатындай ақылды болулары керек, бірақ олардың соңынан ергендер өздерінің ұстаздарынан мүлдем өзгеше дейтін шығар. Солай болуы да мүмкін. Десе де ұстаздарынан шәкірттеріне көңіл аударатын болсақ, Олаф және Лаврентий Петрилер кімдер? Бұлар Римнің майталман теологтары мен софистерінің алдында мүлтіксіз жеңіске жеткен, Киелі Кітаптағы сұлу шындықты толығымен меңгеріп, маңайындағыларға рухани білім таратқан ғалымдар. Жоғарыда айтылып

кеткен пікірталастың нәтижесінде Швецияның патшасы протестантизмді қабылдады және арада кеп уақыт өтпей-ақ оның үлгісі бойынша протестантизм ілімін барлық парламент мойындады. Олаф Петри Жаңа Өсиетті швед тіліне аударды және патшаның өтініші бойынша ағайынды Петрилер швед тіліне барлық Киелі Кітапты аударуға кірісті. Осылайша швед халқы алғашқы рет Киелі Жазуды өз тілдерінде оқып танытын мүмкіндікке жетті. Парламенттің қаулысы бойынша Киелі Кітапты барлық шіркеулерде халыққа оқып, оны ұғындыру, сонымен қатар мектеп оқушыларына сабақ ретінде жүргізу бекітілді. Киелі Кітап надандық пен ырымшылдықтың шымылдығын ысырып тастап, ақиқатқа халықтың көзін жеткізді. Осылайша Римнің қанауынан босап шығып, рухани тәрбие алған ұлт көркейіп гүлдене бастады. Кейін Швеция протестантизмнің қамалдарының біріне айналды. Арада жүз жыл өткен соң Германиядағы отыз жылға созылған қатыгез соғыс кезінде, олардың бастарына қауіп төніп тұрған шақта, осы кішкене ежелгі әлсіз мемлекет Еуропа бойынша немістерге қол ұшын берген жалғыз көмекшілері болды. Сол кезде барлық солтүстік Еуропа тағы да Римнің жемтігіне айналатындай болып көрінді, бірақ Швед армиясы Германияға көмегін беріп, папалықтардың қозғалысын тоқтатып, олардың протестанттарға, кальвинистерге, лютерандарға діни шыдамдылық танытуын талап етіп, Реформацияны қабылдаған мемлекеттерге бостандықтарын қайтарып беруге жәрдемін тигізді.

Британия аралдарында Ізгі хабардың қанат жаяуы

Германияда Лютер Киелі Кітапты өз тілдерінде халыққа таратып жатқан кезінде, Англияда дәл осы жұмыспен Құдайдың бастауы бойынша Тиндаль айналысып жатқан еді. Уиклифтың Киелі Кітабы латын тілінен аударылған болатын және онда көптеген қателіктер бар болды. Ол басылымнан ешқашан өтпеген еді, ал қолдан жазылған кітаптың бағасы да өте қымбат болды. Оны алып оқуға тек байлардың ғана мүмкіндігі жеткен. Сонымен қатар оған шіркеу тыйым салып, бұл кітап көп тарай да алмады, 1516-шы жылы Лютердің тезистері пайда болмастан бір жыл бұрын, Эразм грек тілінде Жаңа Өсиетті алғаш рет баспадан өткізді. Кейін ол латын тілінде де шықты. Енді алғашқы рет Киелі Кітаптың түпнұсқасы пайда болды. Бұл жолы Оның қателері түзетіліп, өңдеуден өтті. Білімділердің қолына түскен бұл кітап, олардың ақиқатты тереңірек зерттеулеріне және Реформация ісінің өркендеуіне мүмкіндігін берді. Бірақ Киела Кітап бұрынғысынша қарапайым халықтың қолына түсе бермеді.

Тиндаль Уиклифтің бастаған ісін аяқтап, Киелі Кітапты өзінің отандастарына ұсынуға тиісті болды. Ақиқатты іздейтін, оны терең түрде зерттей білетін жалынды қайраткер, грек тілінде Эразм басып шығарған Жаңа Өсиетті оқыған соң, Ізгі хабарды қабыл алып, оны жұртшылыққа батыл түрде уағыздады. Кез келген ілім Киелі Кітап арқылы тексерілуі керек - деді ол. Ал папалықтардың: «Киелі Кітапты шіркеу берді, ендеше ондағы жазуды шіркеу ғана пиратып бере алады» - деген талабына, Тиндаль: «Қыран құстың алдына ешкім асын әкеліп қоймайды, ол өз азығын өзі іздейді. Сол секілді Тәңірін

іздеп ашықдан халықты Киелі Жазбадан Құдайды іздеуге Оның Өзі итермелейді” - деп жауап берген болатын. «Киелі Жазбаны халыққа сендер берген жоқсыңдар, керісінше оны халықтан жасырып тығып тастадыңдар, шамаларың келсе оны өртеп жіберуге де дайынсыңдар” - деп Тиндаль жауларының пиғылдарын ашық түрде әшкереледі.

Тиндальдың уағыздары көпшіліктің көңілінен шықты, сөйтіп ақиқатты қабылдағандар да аз болған жоқ. Папалықтар болса өте сақ болуға тырысты. Тиндаль кетсімен олар біреуді алдап, біреуді арбап, кері жұмыстар жүргізіп, уағыздаушының еңбегін зая кетіріп отырды.

Не істеуге болады? - деп абыржыды Тиндаль, - бір жерге тұқым сеуіп кетсем, жау келіп сол араны қопарып тастайды. Мен барлық жерде бірдей бола алмаймын. Шіркін халық Киелі Жазбаны өз тілінде оқи алатын мүмкіндігі болса ғой, онда жаудың өтірік даналықтарын бірден ұққан болар еді. Киелі Кітапсыз халықтың ақиқатқа деген сенімін бекіту мүмкін емес. Осы ой Тиндальдыңтынышын кетірді. Исраил халқы өз тілдерінде сөйлеген, өз тілдерінде Құдайға арнап ән салған, олай болса біздің арамызда Ізгі хабар ағылшын тілінде неге уағыздалмасқа? Шіркеуге жарық таң сәріден гөрі сәске түсте аз түсе ме? Мәсіхшілер Жаңа Өсиетті өз тілдерінде оқуға тиісті. Шіркеу оқытушылары мен дін уағыздаушылар кейде әр түрлі сөйлейді. Айтушылар ете көп, жұрт кімнің сөзіне сенерін білмей дал болады. Ақиқатты жалған сөзден ажырата білу үшпі оларға Киелі Кітап қажет.

Арада біраз уақыт өткен кезде, Тиндаль мен католик шіркеуініңдін зерттеушісінің арасында болған пікірталас кезінде, сол діндер былай деген болатын: «Біз үшін папаның заңынсыз өмір сүргенімізше, Құдайдың заңынсыз өмір сүргеніміз артық». Оған Тиндаль: «Менің папаның өзінде де, оның заңында да шаруам жоқ. Егер Алла жазып, өмірім жетсе, соқаның соңында жүрген балаға дейін Киелі Жазуды сізден артық білетін болады» - деген еді.

Ендігі Тиндальдың алдына қойған мақсаты Жаңа Өсиетті халыққа өз тілінде ұсыну болды. Ол дереу жұмысқа кірісіп кетті. Үйінен қуылған оған Лондонға келіп біраз уақыт осы жерде еңбектенуге тура келді. Бірақ папалықтардың қаһары оны тағы да қашуға мәжбүр етті. Сол себепті ол бұл жерде де көп тоқтала алмады. Оған барлық Англияда жер қалмағандай болды. Сөйтіп ол Германияға кетуге шешім қабылдады. Осы жерде ол Жаңа Өсиетті баспадан өткізіп дайындамақшы болды. Кедергілердің салдарынан жұмысы екі рет тоқтатылды. Бір қалада оған баспамен жұмыс жасауға тыйым салынғанда, ол басқа қалаға аттанды. Ақыры ол, кезінде Лютер сеймнің алдында тұрып Ізгі хабарды қорғаған көне қала - Вормске

келді. Бұл жерде реформацияның жанашырлары көп болғандықтан Тиндаль ез еңбегін еш кедергісіз жалғастыра берді. Біраз уақыттан соң Жаңа Өсиеттің үш мың данасы дайын болды. Баспа жұмыстарын әрі қарай жалғастыру қажеттігі туындады. Сондықтан ол табанды түрде өз ісін жалғастырды. Ағылшын басшыларының қырағылығына қарамастан, Құдай сөзі порт арқылы құпия жолдармен Лондонға жеткізіліп, ол жерден барлық елге тарады. Папалықтар ақиқатты тұншықтырып құртамыз деген ойда болғандарымен, олардың ойлары іске аспай қалып жатты. Бірде Дархэм деген жердің епископы кітап сатушы Тиндальдың досынан Киелі Кітаптың барлық данасын сатып алды, сөйтіп реформация ісіне кедергі жасаймын деп ойлады. Бірақ бәрі оның ойлағанындай емес, керісінше болды. Алғашқы даналардың сатылған акшасыша қайра жақсартылып өңделген кітаптар басылып шықты.

Тиндаль қамауда жатқан кезінде: «Егер Киелі Кітапты басып шығаруға көмектескен адамдардың аттарын айтсаң, бостандыққа шығарыласың» деген уәде берілді. Дархэм қаласының епископы бәрінен де артық көмегін берді. Ол бас кезінде шыққан кітаптарды сатып алмағанда, біздің әрі қарайғы еңбегіміз соншалықты жемісті болмаған болар еді - деп жауап берген болатын ол. Тиндаль жауларының қолына түсіп, азаптанып өлтірілді, бірақ оның қалдырған қаруы келесі жауынгерлерге, тіпті біздің уақытымызға дейін ақиқат жолында шайқасып жүргендерге көп көмегін тигізді.

Мінбеден сөз сөйлеген Латимер: «Киелі Жазба әр халықтың өз тілінде оқылуы керек. Киелі Кітаптың авторы - Жаратушы Құдай, ал Оған бағынбайтын бірде бір патша, бірде бір император жоқ. Біз де айналшықтай бермей, өз өмірімізде Киелі Кітапты басшылыққа алуымыз керек. Ата - бабаларымыздың жолымен жүрмей, олар жүруге тиісті болған жолмен жүрейік» - деген болахын. Тиндальдың жақын достары Барнс пен Фрайт ақиқатты жақсы қолдады. Олардың өнегесі бойынша Ридлиз бен Крэнмер де осы жолға түсті. Ағылшын реформациясының басшылары өте ақылды және дарынды жандар болған және олардың кейбіреулеріне католиктер шіркеуі құрметпен қараған. Олардың «киелі тақтың» адасушылықтарымен таныс болуы, папалыққа қарсы шығуларына себеп болды. Бабылдың құпияларын жақсы білгендіктері оның заңсыз істерін әшкерелеуде кеп көмегін берді.

Латимер уағыздау кезінде тыңдаушыларына былай деп сұрақ қойған болатын: «Барлық Англия бойынша ең ынталы епископ және прелат кім деп ойлайсыздар?». Жауабын естуге асығып тұрған боларсыздар. Қойылған сұраққа мен өзім жауап берейін. Бұл - албасты.

Ол өзінің епархиясын* ешқашан қалдырмайды. Ол үнемі үйінде, үнемі еңбектену үстінде. Ол ешқашан жай қарап отырмайды. Ібіліс орныққан жерде кітаптар жойылады, орнына майшамдар жағылады. Киелі Кітап жоғалады, есесіне ташпықтар пайда болады. Халық Ізгі хабардың жарығынан тасаланып қалады. Папа тал түсте майшамын жағады. Ол Құдайға сенушілерді бітеудей тонау үшін Мәсіхтің айқышын аяқ асты қылып, тазартқыштың мәртебесін көтереді. Мүтедектер мен мұқтаждарға жәрдем бергеннің орнына, табынатын пұттарын сәңдейді, адамның шығарған заңын бекітіп, Алланың заңын алып тастайды. Албасты арам шөпті қалай өсірсе, прелаттар жақсылықтың дәнін солай ексе ғой, қандай ғаламат іс тындырылған болар еді. Реформаторлардың қорғаған басты ұстанымдары, сол баяғы вальдендіктер, Уиклиф, Ян Гус, Лютер, Цвингли және олардың соңынан ергендер қорғаған ұстаным, атап айтқанда өмір мен сенімнің негізгі өлшеуіші - Киелі Кітаптың абыройын көтеру. Реформаторлар дінге байланысты адамның ар-ұжданын бақылап отырғысы келген папаның, собордың, шіркеу әкелерінің, патшалардың құқықтарына қарсы болды. Кез келген көзқарас, кез келген ілім Киелі Жазба арқылы тексеріліп отырылуы керек - деп есептеді олар. Бұл талап әрине папаның көңілінен шықпады, сондықтанда ол ақиқатты зерттеушілерді, оны табандылықпен қорғағандарды қырғынға ұшыратты. Өртеу жазасына кесілген Латимер, алау жақындаған кезде жанындағы досын: «Уайымдама достым! Бүгінгі біздің барлық Англия бойынша жаккан жарығымыз Құдайдың мейірімінің арқасында ешқашан өшпейтін болады» - деп жұбатқан еді.

Шотландияда Колумба және оның серіктестерінің еккен дәндері жойылып кеткен жоқ, көп уақыт бойы өз жемісін беріп отырды. Жүздеген жылдар бойы Англия бойынша барлық шіркеулер Римге бағынғанының өзінде, Шотландия шіркеуі өздерінің діни бостандықтарын табандылықпен қорғады. XII ғасырда папа бұл жерге де өз тамырын кең жайды. Соған қарамастан Англиядан Киелі Кітап пен Уиклифтың еңбектерін алып келген лоллардтар ақиқатты тарату жолында көп еңбектерін сіңірді. Әрбір ғасырларда да шындық үшін азап шеккен куәгерлердің саны аз болған жоқ. Ұлы Реформацияның басталуымен бұл жерде Лютердің шығармалары және Тиндальдың аударған Жаңа Әсиеті пайда болды. Рим Шотландияда төрт ғасыр бойы ез билігін жүргізгенімен, папаның назарынан тыс жүріп еңбектенген хабаршылар аз болған жоқ. Олар үнсіз таулардан, жазықтардан өтіп, Шотландияда өшуге тақап қалған шындықты жандандырып, жүрген жерлерінің барлығына ақиқаттың шұғыласын шашып отырды.

Шейттердің төгілген қаны бұл қозғалысқа жаңа күш берді. Пайда болған қауіпті байқаған папалық билеуші ұжымдар Шотландияның зиялы азаматтарының біразын өртеп жіберді. Бірақ олардың бұл қылықтары халықты Римнің кісенін бұзып шығатындай етіп жігерлендірді. Реформация ілімін қабыл алған текті және мейірбан жандар Гамильтон мен Уишарт тірідей алауға тасталды. Десе де Уишарт өзінің соңынан Шотландиядағы папалыққа ойсырата соққы берген ізбасарын қалдырды. Бұл азамат папаның зиянды дәстүрлері мен сиқырларынан бас тартып, реформаторларға қосылған Джон Нокс болатын. Достары оған уағыздаушы міндетін қабылдауды ұсынды. Бас кезінде ол бұл ұсыныстан бас тартқанымен, кейін бірнеше күн бойы салауат айтып, көп ойланып барып осы міндетті қабылдауға келісімін берді. Джон Нокс өмірінің соңына дейін Құдайға адал қызмет етті. Ол жалыннан да, найзадан да қорықпайтын жүректі азамат болатын. Төбесінен қылыш түсейін деп тұрса да өз көзқарасын өзгертпейтіндей айбарлы болды және пұтқа табынушылыққа қарсы соққыны берген үстіне бере түсті. Кептеген протестанттар жасып қалатын Шотландияның патшайымының алдында ол ақиқатты еш қорқынышсыз қорғады. «Сен халыққа, мемлекет тыйым салған ілімді тарату арқылы, оларды үкіметке қарсы шығуға бастайсың, осылайша «зайырлы билікке бағыныңдар» - деген Құдай заңын бұзасың» деді патшайым. Онысына Джон Нокс: «Шынайы дінді үкіметті билеп отырғандар берген жоқ, ол Алланың ісі, сондықтан халық ханзадалар неге сенсе, соған сенуге міндетті емес. Егер Ыбырайымның ұрпағы ұзақ уақыт бойы Перғауынның жерін мекендегенде, олардың құдайларына сыйынса, онда қымбатты патшайым қазіргі кезде бар әлем қандай құдайға бағынған болар еді. Ал елшілердің заманын алып қарайтын болсақ, егер барлық жандар Рим кесарьларының* дінін қабылдаған болса, онда қазіргі кезде жер бетінде қандай сенім болған болар еді. Сонымен үкімет халықты өз билігіне бағындырғанымен, өз дініне енгізуге еш құқығы жоқ» - деп жауап берді. «Сіз Киелі Кітапты өз бетіңізше талқылайсыз, ал католиктер өз беттерінше талқылайды, сонда мен кімге сенуім керек, сендердің төрешілерің кім болмақ?» - деп абыржыды патшайым. «Ешкімге де сенбейіз, Құдайға ғана сеніңіз» - деп жауап берді Джон Нокс.

Киелі Кітапты оқысаңыз, бөрі де түсінікті болады, ал егерде түсінуге қиын соғатын жерлері кездесе, Өз Өзіне қарсы келмейтін Құдайдың Қасиетті Рухы Киелі Жазбаның басқа жерлеріндегі өлеңдерді нұсқау арқылы оны ширатып береді. Тек адам надандығымен қасарысып алмаса болғаны. Осылайша бұл жалынды реформатор басын қауіпке тіге отырып патшайымның алдында ақиқатты батылдықпен

қорғаған. Шотландия папаның құлдығынан босап шығып діни бостандығын алғанша, Джон Нокс кездеген мақсатына жету үшін Құдайдың берген күшін пайдалана отырып, еш қорқынышсыз шайқасты.

Англияда протестантизм діні заң бойынша қабылданып, қуғын-сүргіндерге тосқауыл қойылғанымен, оған қоса католиктердің көптеген доктриналары* алынып тасталғанымен, олардың кейбір дәстүрлері бәз баяғысынша қалды. Папаның жоғарғы билігі мойындалмады, оның орнына шіркеудің басы ретінде монарх келді. Құдайы қызметте тазалық пен қарапайымдылық жетіспеді. Діннің негізгі ұстанымдары әлі де болса орындалудан алыс еді. Протестант көсемдері есерсоқтыққа қарсы Римнің жасаған қатыгездіктерін аса жасай қоймағанмен, адамдардың, Құдайға, арына сай қызмет ету құқығы соншалықты мойындалған жоқ. Халық осы шіркеуге бағынуға тиісті болды, ал басқаша ойлайтындар аздықөпті болса да қуғындалып жатты.

XVII ғасырда көптеген діни тәлімгерлер өз қызметтерінен шеттетілді. Арнайы хұқығы бар шіркеудің бекіткенінен басқа діни жиындарға баруға тыйым салынды. Болмаған жағдайларда сенетіндерге айып-пұл тағылды, қамауға алынды, жер аударылды. Осыған қарамастан Құдайдың адал құлдары әр жерлерде тасаланып жүріп кездесіп, ауа райының жылы кездерінде түнделетіп тоғайға келіп, Құдай алдында ішкі дүниелерін актару үшін, Жаратушыларына бар сырларын айту үшін, салауат айтып дұға оқу үшін, Құдайдың Қасиетті Рухымен қаруланып алып еңбектену үшін аспан астындағы ашық ғибадатханада жиналатын. Олар қаншама байқаулы болғанымен, билікте отырғандардан тасаланып қала алмады. Жанұялар быт-шыт болып бұзылды, түрмелер толды, көпшілігі туған жерлерінен қуылды. Мұхиттың арғы жағына кетуге мәжбүр болған азаматтар, бөтен жерде жүрсе де өз еңбектерін тоқтатқан жоқ. Америкаға орныққан олар осы жерде, кейіннен бұл мемлекеттің атын шығарған, азаматтық және діни бостандықтың негізін қалады. Осылайша елшілердің заманындағыдай қуғын-сүргін Ізгі хабардың кең етек жайып, әрі қарай таралуына себепкер болды.

Қылмыскерлер мен бұзақыларға толы жер астындағы жаман түрмеде жатқан Джон Буниан, өзінің көкке жақын екенін сезінді. Осы арада жатып ол пилигримнің ажал елінен көктегі шаһарға аттанғаны туралы тамаша бейнелеме әңгімесін жазды. Алғашқы рет Бедфорд түрмесінен шыққан бұл дауыс 200 жыл бойы халықтың жүрегіне тасталған үндеудей болды. «Пилигримнің саяхаты», «Алланың ең күнәкар пендеге деген мейірімі» атты Бунианның жазған әңгімелері көпшілік жандарға ақиқат жолын табуға көмектесті. Бакстер, Флавел, Аллеин сияқты өнерлі азаматтар Құдай жолында жалынды еңбектенді,

«бір кездері тақуаларға берілген» ақиқатты жан дүниесімен қорғады. Олардың қуғындалып, азаматтық хұқығынан айрылып жүріп істген еңбектері ешқашанда өз мәнін жоймайды. Флавелдің «Өмір бастауы», «Рақымшылықтың өсері», Бакстердің «Киелілердің мәңгі тұрағы» атты еңбектері Құдай ісінің өркендеуін аңсаған жандарға берекелі болып, көптеген адамдарды иман жолына түсірді.

Ал одан бір ғасыр өткеннен кейін діни түнекке батып жатқан адамдарды сол түнектен шығару үшін Уэсли мен Уайтфильд еңбектенді.

Мемлекеттік шіркеу басшылық етіп тұрған кезде, Англия халқы діни құлдырауға ұшырады. Оларды тіпті құдайсыздардан ажыратудың өзі қиын болып қалды. Діндарлар өздерінің шығарған дінін зерттеумен айналысты, игі іс қоғамның бетке ұстарлары дегендердің мазағына айналды, қоғамның төменгі саласындағы халық тоқпарлық пен азғындыққа ұшырады, ал шіркеудің ақиқатты құтқаруға батылы да бармады, сенімі де жетпеді. Лютердің «адам сенімі арқылы ақталады» - деп, қалыптастырып кеткен ұстанымы мүлдем ұмытылды, оның орнына «адам жақсы істерімен ақталады» - деген католиктердің ұстанымы ұсынылды. Уайтфильд пен ағайынды Уэслилер мемлекеттік шіркеудің мүшелері ретінде кейінгі аталған ұстанымды мұқият түрде орындап жүрді.

Бірде Чарльз Уэсли қатты ауырып өлім халінде жатты. Оған: «Сен мәңгі өмірге ие болатыныға сенімдісің бе?» - деп сұрақ қойғанда, «Мен Құдайға бар күшіммен, бар пәрменіммен қызмет еттім» - деп жауап берді ол. Сұрақ қоюшы бұл жауапқа қанағаттана алмады. «Мен жақсы істеріме ғана сене аламын, басқадай еш нәрсеге үміттене алмаймын» - деді ол тағы да. Мінекей шіркеу осындай түнекке оранып жатқан болатын. Құтқарылудың жалғыз ғана жолы Исаның жазықсыз төгілген қаны және осы құрбандықты қабылдау қажет екендігі жайлы олар ештеңе білмеді. Ең бастысы жүрегіңді таза ұстап, күнәдан аулақ болып, жақсы істерді көбірек жасау керек - деп ойлады олар. Салауат айту арқылы күнәға деген бейімділіктерін жеңбек болды. Мінекей Уэсли және оның серіктестерінің пікірлері осындай болатын. Жақсы істерімен киелілікке жетеміз деп қанша тырысқандарымен, бұл әрекеттерінен түк шығара алмады. Бір кездері Эрфурт монастырының кельесінде Лютер де дәл осындай шайқасты басынан өткізген. «Адам Құдайдың алдында қалайша ақтала алады?» (Әйүп 9: 2) деген сұрақ олардың жандарын қатты күйзелтті. Протестантизмнің мехрабында сеніп қалған Жаратқанның алауы бөгемия мәсіхшілерінің ұрпақтарына қалдырған ежелгі шырағынан тұтануға тиісті болды. Реформациядан кейін Богемиядағы протестантизм Рим ордасымен

басылып тасталған болатын. Ал ақиқаттан бас тартқысы келмегендер қашып құтылуға мәжбүр болды. Саксонияға келіп, бас сауғалап жүрген осы мәсіхшілердің ұрпақтарынан Уэсли және оның серіктері ақиқат нұрын қабыл алды.

Джон және Чарльз Уэсли Құдай жолында қызмет атқаруға тағайындалғандарынан кейін, олар миссионерлік жорықпен Америкаға аттанды. Жол-жөнекей келе жатқан кемелерінің ішінде бір топ моравтық бауырластары да болды. Кенеттен дауыл басталып кемелері теңіздің түбіне кететіндей болып көрінді. «Өліммен бетпе-бет кездескен кезімде, мен өзімнің Алламен татуласып үлгермегенімді сезіндім» - дейді Джон Уэсли. Ал немістер болса ездерінің сабырлықтарымен және Құдайға деген сенімдерімен мені таң қалдырды. «Мен олардың соңдарынан ұзақ бақыладым — дейді ол - өздерін керемет ұстай біледі екен. Олардың жайбырақат мінездері басқа адамдарға көмек жасаған кездерінде де жақсы байқалды. Құтқарушының олар үшін бұудан да артық қызмет жасағанын айтып, куәгерлік етті. Ағылшындар болса, немістердің істегенінің ширегін де істеген жоқ, тіпті істейміз деп ойлаған да жоқ, бұлардың мінезі тіпті өзгеше еді. Құдайға қызмет ету рәсімі басталғанда, Алланың есімін мадақтап ән салып жатқан кездерінде, кемені үлкен толқын жауып жіберді. Барлық жан тұңғиықтың түбіне кетіп жоқ болатын секілді көрінді. Кемедегілер қатты үрейленді, ағылшындардың арасынан зарлаған үн шықты. Немістер болса қызметтерін әрі қарай жалғастыра берді. Кейін мен олардың біреуінен «Сіздер қорықпадыңыздар ма?» - деп сұрадым және «Құдайға шүкір, жоқ» - деген жауап алдым. Сонан соң тағы да: «Сіздердің әйелдеріңіз бен балаларыңыз қорыққан жоқ па?» - деп едім, ол бірден: «Жоқ, біздің балаларымыз да, әйелдеріміз де өлімнен қорықпайды» - деп жауап қайтарды.

Саваннаға келіп түскенде Уэсли моравтық бауырларымен біраз уақыт бірге тұрды және олардың мәсіхшіл мінездеріне таң қалмай қойған жоқ. «Олардың Құдайға қызмет етулері ағылшындардың жансыз формализмдерінен мүлдем өзгеше болды. Құдайлық қызметтерінің керемет қарапайымдылығы, сонымен қоса салтанаттылығын көргенде өзімді он жеті ғасыр шегерілген кезге түскендей сезіндім. Құдайға қызмет етуді басқарып жүрген адамдар қос жасаушы Паул мен балықшы Петрге ұқсас көрінді. Ешқандай керексіз сырттай салтанаттылық пен нысаншылдық жоқ. Сонымен қоса істеген істерінен Киелі Рух пен Оның күші байқалады» - дейді ол.

Англияға қайтып оралғаннан кейін Уэсли моравтық дін тәлімгерінің қол астында жүріп, Киелі Кітапты тереңірек ұға бастады. Ол адам өз еңбегінің арқасында емес, Құдайдың құрбандығының

арқасында құтқарыла алатынын жақсы түсінді және соны мойындады. Бірде Лондонда өткен Құдайға қызмет ету жиыны кезінде Лютердің Алланың Киелі Рухының адамның жүрегіне қалай әсер ететіні жайлы жазылған сөздері оқылды. Мұны естіген Уэслидің жүрегіндегі сенімі лаулай түсті. Ол өзін мойнындағы ап-ауыр жүгі түскендей сезінді және соған қатты қуанды. «Құтқарылу үшін Исаға, тек Исаға ғана үміт арту керек. Ол менің күллі күнәдан арылтып, күнә мен ажал заңынан құтқаратындай көрінді» - дейді ол. Себебі бұрын ол сеніміне сеп болмағанымен, Құдайдың көңілінен шығу үшін көп нәрседен бас тартып, азап шегіп, езін неше түрлі сынақтарға салатын. Енді міне Уэсли тірі Құдайды жаңа ғана тапқандай болды. Бұрын ол Алланың мейіріміне бөлену үшін құдайы таратып, садақа беріп, ораза ұстап, дұға оқыса, енді рақымшылық - Құдайдың сату-сыз сыйы екенін түсінді. Қуанышты хабарды естіген ол, жаңалығын басқа да адамдарға айтып жеткізгісі келді және соны басты міндетім деп санады. «Қайда жүрсем де тыңдағысы келген адамдардың барлығына осы қуанышты хабарды жеткізу менің құқығым, міндетім және қасиетті борышым» - деген болатын ол. Ол бұрынғысынша көп нәрседен бас тартып, сабырлы, ұстамды болуға тырысты, бірақ бұл бұрынғыдай негізгі мақсаты болған жоқ, тек сенімінің нәтижесі ғана болды. Құдайдың адам баласына Иса Мәсіх арқылы беретін игілігі - оның сенімінің негізі болып табылады және бұл адамның Құдайдың еркіне бағынуынан байқалады. Адамзат баласының Исаның жазықсыз төгілген қаны арқылы ғана құтқарыла алатыны және Құдайдың Киелі Рухының ғана, Исаның үлгісі бойынша өмір сүретін, адамды жақсы жаққа қарай өзгерте алатыны жайлы игі хабарды басқа жандарға айтып жеткізуге Уэсли бар өмірін арнады.

Уайтфильд пен ағайынды Уэслилер, Исаның ержүрек жауынгерлері ретінде, неше түрлі сынақтан өтуге университет қабырғасында жүрген кездерінен бастап дайын болатын. Олар неше түрлі қорлықтан, мысқылданудан, тәлкектен, жәбірленуден, қуғындалудан өтіп, ездерінің аянышты, сорлы күйлерін анық сезініп, болашақтағы қызметке пісіп, қатып жетілді. Атеист (Құдайға сенбейтін) достары оларды сол кездің өзінде-ақ методистер деп атап кеткен. Ал қазір методистер деп Англия және Америка елдеріндегі мәсіхшілердің ең сыйлы біріккен топтары аталады.

Англия шіркеуінің мүшелері ретінде олар Құдайға қызмет ету рәсіміне көп көңілдерін бөлді. Құдай оларға қызмет етудің жаңа үлгісін көрсетті. Киелі Рух оларды Мәсіхтің айқыш ағашының мәнісін зерттеуге талпындырды. Алла барлық істе оларға көмекші болды. Тәлімгерлерінің сөздерінің ақиқат екенін ұққан халық айтулы хабарды

қуанышпен қарсы алды. Шыныменен де бұл үйір қасқырлардың шабуынан қорғануға мұқтаж болатын. Уэсли басқа қауым құрам деген ойы да болған жоқ, керісінше сенімдегілерді методистермен біріктіріп, бір қауым еткісі келді. Бұл ақиқатты уағыздаушылармен мемлекеттік шіркеу шайқасқа түсті. Құдайдың даналығының арқасында реформа шіркеудің өзінен басталды. Сырттан келгендерге мұнша өзгеріс енгізу мүмкін емес еді. Айтулы өзгерістерді енгізген шіркеудің тәлімгерлері болғандықтан, ақиқат кеңінен етек жайып тарай бастады. Діни ұстаздар қолдарын байлап тұрған рухани тұзақты ағытып тастап, шындық жолында құлшына еңбектенді. Нысаншылдықпен (формализм) жарақаттанған шіркеу енді жаңа өмірге оянды. Уэслидің заманында бұрынғы ғасырлардағыдай Құдайға қызмет ететіндер дарынды адамдар болды. Кей кездері олардың арасында да шіркеу ережелері (доктриналар) бойынша түсінбестіктер болғанымен, негізгі мақсаттарын жақсы білетін олар, ортақ тіл тауып, қызметтерін жалғастыра білген. Бір кездері Уайтфильд пен ағайынды Уэслилердің арасында болған қарама қайшылық шіркеудің бөлініп кетуіне қауіп тигізді. Бірақ Исаның мектебінен тәлім алып, момындыққа тәрбиеленген олар күнәкар жандарды мәңгілік өлімнен құтқару үшін араларындағы алауыздықтарын ұмытып, еңбектерін жалғастырды. Өйткені дауласушылық, адасушылық жан-жақтың қыспақтап, күнәкарлар өлімге апаратын жолға түсіп алып тура тартып бара жатқанда ара катынастарын анықтап жүру жағдайсыз болды.

Аз уақыттан соң Құдайдың қалаулы қызметкерлері тікенді жолға тап болды. Оларға әр түрлі білімді, өтімді адамдар қарсы шықты. Сонымен қоса оларға діншілдер ғаңарын төкті. Таза сенім мен оны уағыздаушылардың алдынан шіркеулер есігі жабышды. Зұлымдық көшбасшылары бұларға қарсы имансыз, надан адамдардың жауыздығын қоздырып, сол аталғандар шынайы сенетіндерді мінбелерден келеке мазақ етті. Неше рет олардың бастарына қауіп төнді. Джон Уэсли Алланың мейірімінің арқасында талай рет өлімнен қалды. Бірде ол ызалы қара тобырдың арасына түсіп қалған кезінде, адам бейнесіне енген періште оны құтқарып алды. Сөйтіп Исаның жауынгері қауіпті жерден зиянсыз шықты. Осыңдай кездердің бірін еске ала отырып ол: «Мен тайғанақ жотамен түсіп келе жатқанымда қуғыншыларым мені талай шалып құлатпақ болды. Бірақ мен құлаған былай тұрсын, тайғанаған да жоқпын. Жұлқылауға түскен кезімде қалтам жыртылды, ал екінші, ақшасы бар қалтам жартылай ғана жыртылды. Алпамсадай біреу қолындағы сойылын неше рет жұмсағанымен, сойыл мені жанап өтіп қана отырды. Алдымнан шыға келген біреу маңдайдан соққысы келіп еді, қолы жөнді жетпеді, тек жанап қана

өтті. «Мынаның шашы неткен жұмсақ» - деді, сонда ол. Осы айтылған баскесерлер, солардың бірі аюмен күрескен балуан болатын, кейін маған деген көзқарастарын өзгертті. Құдай бізді әр түрлі сынақтардан өткізіп шыңдайды, сенімімізді нығайтады. Осыдан екі жыл бұрын үстінен түскен кірпіш, оның иығын жаракаттады. Ал бір жылдан соң біреу таспен соғып, кеңсірігін сындырды. Бір ай бұрын ол тағы да қатты соққыға ұшырады, ал бүгінгі кеште оидай таяқты екі рет жеді, әуелі қалаға кірер кезде, сонан соң одан шыққан кезде. Еңгезердей бір еркек оны кеудесінен соқты, ал екіншісі аузынан қойып қалды, сол-ақ екен қан мұрнынан судай ақты. Жеген соққысы ауыр болды, бірақ қаншалықты дәрежеде екенін ол тіпті сезбеді де.

Алғашқы жылдары методистер мен Құдайға қызмет етіп жүргендер, кәпірлерден ғана соққы жеп қоймай, шіркеудің мүшелерінен де көп жаза көрді. Олар сотқа тартылып және оларға неше түрлі үкім шығарылды. Бұларын сот деп атауда қиын, нағыз озбырлық десе тура болар, себебі ол жерде әділдік деген өте сирек кездесетін қонақ болатын. Бейшаралардың үйлерін сындырып, мүліктерін киратып, ездерін сойылдың астына алатын. Кей кездері осы масқаралардың өтілетін жері мен уақыты белгіленген жарнамалар алдын ала ілініп, жазалаушылар халықты сол жерлерге әдейілеп жинап отырды. Ал жазаланушылардың жазығы халықты жаман жолдан тайдырып, жақсы жолға түсіру мақсатында еңбектенгендері ғана. Дұшпандарының таққан кінәларына Джон Уэсли: «Кейбіреулер бұл ілімді кате санап, ал оны қолдаушыларға фанаттар деп ат қойып, оларды жек көрді. Шын мәнінде бұлай деп кінә тағуға еш себеп жоқ, себебі бұл ілім Киелі Жазбаға қарама-қайшы келмейді. Егер Жазба ақиқат болса, онда бұл ілім де ақиқат. Кейбіреулер бұл ілімді қатал деп санап, бұл жолды өте тар деп есептейді. Методистерге тағылатын жалғыз кінә осы. Бірақ Мәсіх Иса мен Оның елшілерінің жолын тарылтқан методистер ме екен? Олардың ілімі Киелі Кітапта жазылған заңнан қатал ма екен? Айта келсек: «Құдайыңды бар жүрегіңмен, жан тәніңмен, бар пәрменіңмен жақсы көр», «Адам аузынан шыққан сөзі үшін қиямет күні жауап береді», «Ішсең де, жесең де немесе басқа бір іс істесең де барлығы Алланы мадақтап тұруы керек» делінбей ме? Егер олардың ілімі осы айтылған накыл сөздерден өзгеше болса бір жөн, бірақ олай емес екені бәріңе де белгілі. Құдай сөзін өзгертпей, оған жаңалықтар енгізуге бола ма? Қасиетті Қазынаның бір сөзін өзгерткен Құдайдың құпиясының күзетшісін сенімді деп атауға бола ма? Әрине жоқ. Ол бұл жазуға ештеңе қоса да, алып тастай да алмайды. Сол қалпында жеткізуге міндетті. «Мен Киелі Жазбаны сендердің талғамдарыңа сай келтіре алмаймын. Сендер бұл заңды

орындауға мәжбүрсіңдер, болмаған жағдайда мәңгілікке жойыласыңдар”. Сондықтанда халық: «Мыналарда сүйіспеншілік деген жоқ» - деп шулайды. Неге олай дейсіңдер? Олар жалаңаштарды киіндіріп, аштарды тамақтандырып жатқан жоқ па? Бұл жағынан оларға кінә таға алмайсыңдар. Олардың «айтулы үлгімен өмір сүрмеген адам құтқарыла алмайды» деген тұжырымдары тым қатал, өйткені солай болатынына олар сенімді»деп жауап береген болатын.

Уэсли келместен бұрынғы Англияның рухани құлдырауы Құдай заңын орындамағандарының салдары болатын. Халықтың басым көпшілігі Мәсіх Иса енеге ережесін қысқартты (алып тастады), сондықтанда мәсіхшілер рухани заңды орындауға міндетті емес және «адам жаксы іс жасау құлдығынан бос» - деген тұжырымда болды. Енді біреулер Құдай заңы барын білгенімен, уағыздаушыларға оны үйретудің қажеті жоқ, өйткені Құдай құтқарам деп белгілеп қойғандар Оның игілігінің арқасында өздерінен өздері жақсы адамдар болып шыға келеді және де мәңгілік өлімге кетуге тиістілер Құдай заңының талаптарын орындауға шамалары келмейді. «Қалаулылар Құдайдың мейірімінен құр қала алмайды» - дейтіндер алғашқылардың айтқандарынан да сорақы нәтижені ұсынып, ондай адамдар қандай заңсыздық жасаса да Алланың алдында ол күнә және Жаратқанның заңын бұзғандық болып саналмайды, ендеше оларға тәубаға келіп, Алладан кешірім сұраудың да қажеті жоқ деп шығарды. Сол себепті де Құдай заңының дөрекі түрде бұзылғандығынан пайда болған күнәнің өзі, егер де оны қалаулы жасаса, Алланың алдында күнә болып табылмайтын болып шықты. Қалаулы Құдайға жакпайтын іс жасай алмайды, оның өзгелерден өзгешелігі де сонда. Осы ережелерді ойлап шығарған дін әкелері мен дін зерттеушілері: «Әділеттіліктің өлшемі болып саналатын, әдейілеп шығарылған Құдай заңы жоқ, әдептілік ережесін қоғам өзі шығарады және бұл ережелер өзгеріп отыруы мүмкін»деп жариялады. Бұл әуел баста Адам ата мен Хауа ананы азғырып, ақиқат жолынан тайдырған зұлымдықтың әкесі ібілістің шығарған ережесі екенін барлық адамзат баласы білгені абзал. Адамның тағдырын Құдай ол баста шешіп қояды деген қате пікір халықты өз бетінше өмір сүруге әкеліп тіреді. Уэсли бұл пікірдің қателігін дәлелдеп және оның Құдай заңына қарама-қайшы келетінін айтып, халықтың уланып қалған санасын тазарту жолында аянбай еңбектенді. «Адамзатты құтқаруға бағытталған Алланың игілігі оларға жетті», «Өйткені бұл жақсы және Құдайдың еркі де солай, өйткені Ол ешкімнің өлгенін қаламайды, керісінше барлық адамдардың ақиқатты меңгергенін қалайды. Құдай біреу, Құдай мен адамның арасындағы Келістіруші де Біреу, Ол - адам (адамның табиғатын қабылдап дүниеге келген) Иса Мәсіх. (Тит 2:11), (ІТім 2: 3-6).

Киелі Рух бұл сыйды барлық адамзат баласына ұсынады. «Дүниеге келетін әр адамға сәулесін түсіретін шынайы Нұр - Мәсіх Иса (Жох. 1:9). Ал өмір сыйынан бас тартқан кез келген адам өз еркімен мәңгілік өлімді таңдайды.

Мәсіх Иса біз үшін қанын төкті, енді бізге ешқандай заңның қажеті жоқ дейтіндер қателеседі және оларға Уэсли былай дейді: «Құдайдың он заңында жазылған, пайғамбарлар орындаған өнеге ережелерін Иса Мәсіх ешіріп тастаған жоқ. Ол Құдай заңының бір бөлігін алып тастау үшін келген жоқ, Құдай қандай мәңгілік болса, Оның заңы да сондай мәңгілік. Жаратылыстың басында жазылған бұл заң тасқа емес, адамның жүрегіне жазылған болатын. Адамзат күнәнің салдарынан Киелі заңға өздігінше өзгертулер енгізгенімен, жақсылық пен зұлымдықтың түсінігі бойында тұрғанда ол ережелерді түбегейлі құртып жібере алмайды. Құдайдың табиғаты мен адамның табиғаты және олардың өзгермейтін қарама қатынастарына негізделіп тұрған бұл заң заманына, уақытына, жеріне сай өзгеріске ұшырап тұратын өмірге баланысты өзгере бермейді, ол барлық ғасырларда өмір сүріп жатқан адамзат балалары үшін өзгеріссіз қалады».

«Мен заңды өзгерту үшін емес, оны орындау үшін келдім»... Күмәнсіз бұл жерде Иса (бұрынғы және кейінгі айтылған сездеріне) сай пікірді ұсынып тұр. Мәсіх адамдардың күллі түсінігіне қарсы заңды толығымен қалыптастыру үшін, түсініксіз жерлерін соңына дейін түсіндіру үшін, заңның әр тармағының шынайы мағынасын ұғындыру үшін, адамдардың көздерін ашып заңның тазалығын, кеңдігін, тереңдігін, биіктігін керсету үшін және адамдарды мәңгілік өлімнен құтқару үшін құрылған Құдайдың жоспарын орындау үшін келді.

Уэсли Құдай заңы мен Ізгі хабардың үйлесімділігін уағыздады. Заң Ізгі хабарға жол салады, ал Ізгі хабар бізді Киелі заңды орындауға бағыттады. Алланың заңы бойынша адам Құдайды және жақынын жақсы көруі керек. Бірақ біз ез бетімізбен бұл бұйрықты орындай алмаймыз. Дегенмен Алла бізге осындай махаббатты, өз ара сүйіспеншілікті беруге және бізді момын етуге уәде берді, тек бізден талап етілетіні ықылас қойып, Оның еркіне бағыну. Ізгі хабар дегеніміз осы. Біз Иса Мәсіхке деген сенім арқылы ғана Алланың заңының әділеттілігін мойындай және оны орындай аламыз. Заңның тақуалығы Исаға деген сенім арқылы біздің санамызда өз ісін жасайды.

Құдай заңының ең жеңіл деген немесе ең ауыр деген тармақтарының бірін ғана өзгертіп, солай басқаларға үйретіп және сонымен шектеліп қоймай, оны түп-түгел жоққа шығаратындар Ізгі хабардың ең жауыз дұшпандары болып табылады. Исаның Өзін сыйлап, заңын жоққа шығаратын, Қызметін мадақтай тұра, Оның берген ілімін аяқ

асты ететіндер және соған өздері қатты сенетіндерді түсіну мүмкін емес, қайран қаласың. Мұндай адамдар сатқындық жасап тұрып, соған карамастан келіп «Қуаныңыз Раббы!» - деп, Мәсіхтің бетінен сүйген Яхудаға ұқсайды. Кез келген осындай адамға Алланың: «Бетімнен сүйіп тұрып, қалайша Маған сатқындық жасайсың?» - деп, айып тағуына толық негіз бар. Егер Исаның жазықсыз төгілген қаны туралы халыққа уағыздап, сонымен қатар Оны басындағы тәжінен айырсақ, Оның қасиетті заңының бір бөлігін қысқартып, бұл Ізгі хабардың сәтті болуы үшін қажет деп сылтауратсақ, бетінен сүйіп тұрып, сатқындық жасау деген осы емес пе? Мұндай адамдардың саны қазір де аз емес. Шынында ақиқатты уағыздаушы кім де кім заңға бағынуды тура немесе жанама түрде шегеріп тұрса, заңның ең жеңіл деген бір тармағын қажетсіз етсе немесе оны түгелдей алып тастаса, ондай уағыздаушы жауапсыз қалмайды. «Ізгі хабардың уағыздалуы Құдай заңының барлық талаптарына сай келіп тұр» деушілерге Уэсли былай деп жауап берді: «Бұл тұжырым қате. Қасиетті заңның ең негізгі талабы - күнәкардың қатесін бетіне айту, дозақтың шетінде қалғып тұрғандарды ояту секілді бөліктерінің өзі орындалып жатқан жоқ». Бұл жөнінде елші Паул: «Күнәкар екенінді Құдай заңы арқылы ғана көре аласың» - дейді. Адамдар өздерінің күнәкар екендерін мойындамай, Исаның қаны арқылы ғана тазара алатындарын түсіне алмайды. Құтқарушымыздың Өзі де солай деген: «Дені сауларға ем керек емес, тек сырқаты барлар ғана емді қажет етеді». Шынымен де дені сауларға немесе сырқаттарын сезбейтіндерге дәрігердің көмегін ұсыну ақымақтық болып табылады. Әуелі оларға сырқаты барын дәлелдеп беру керек, сонан кейін ғана ем ұсынылады. Жүрегі шын мәнінде қайғырып, жан азабына түспегендер Исаны қажет етпейді. Ондайларға Исаның құрбандығын ұсыну ақымақтық. Осылайша Уэсли Құдай заңының мәртебесін көтере отырып, бар күші мен жігерін салып Ізгі хабарды халыққа уағыздады. Ол Құдайдың өзіне сеніп тапсырған ісін тиянақты түрде орындай білді және еңбегінің жемісін де көрді. Сексен жасқа келген Уэсли жарты ғасыр уақытын миссионерлік жорықтарда жүріп Аллаға қызмет етуге жұмсады. Оның соңынан ергендердің саны жарты миллионға жетті. Тек Құдай патшалығына кірген кезде ғана біз оның атқарған еңбегінің жемісін, яғни қанша жанның күнәнің үйіндісінен шығып Киелінің жолына түскенін көре аламыз. Оның өмірі кез келген мәсіхші үшін баға жетпес үлгі болып табылады. Сол кездегі Исаның сенімді жауынгерінің өз ісіне берілгендігі, қажымас қайраты, иманы қазіргі ғибадатхана мүшелерінің бойларынан табылмайтындығы қатты өкіндіреді.

Франциядағы жан түршігерлік қорқыныш пен кек

XVI ғасырда реформация халыққа Киелі Кітапты зерттеуді Хұсынып, сол арқылы барлық Еуропаға ақиқат ілімін таратқысы келді. Кейбір мемлекеттер оны көктен түскен хабардай қуанышпен қарсы алды. Ал папалықтар кедергілер қойған жерлерде ақиқаттың таралуына мүмкіндік болмады. Бұл тарауда сөз болатын мемлекетке шындықтың шұғыласы шашырап түскенімен, қара күш одан тайсалмады, керісінше төтеп берді. Осылайша бір ғасыр бойы қарама қарсы күштер шайқасумен болды. Ақыры зұлымдық жеңіп шығып, ақиқат түнекпен жабылып қалды. «Адамдар жарықтан гөрі түнекті жақсы көріп, соны таңдап алды — дейді пайғамбар (Жох. 3: 19). Не ексең соны орасың деген, бұл халық қандай дәнді отырғызса, соның жемісін көрді. Ақиқатты қабылдамаған адамдардан Киелі Рух алынып қойылды. Алла зұлымдықтың гүлденуіне жол беріп және оның неге әкеліп тірейтінін оларға көрсетті.

Жүздеген жылдар бойы Киелі Жазуға қарсы жүргізілген шайқас, революция кезінде өзінің ең жоғарғы нүктесіне жетті.

Римнің Киелі Жазбаны оқуға тыйым салғанының соңы осындай қопарылысқа әкеліп тіреді. Бұл соғыс - Римнің халыққа жаттатқан ілімінің нәтижесін айқын көрсететін суреттеме болып саналады. Рим билік жүргізген кезде Киелі Жазбаны зерттеуге тыйым салына-тыны жайлы ежелгі пайғамбарлар арқылы айтылып кеткен бола-тын. Киелі Жазбадағы соңғы кітап - аянда, біз оны «Ашық кітап» деп атаймыз, Жохан пайғамбар «күнәкар пенде» келіп билік жүр-гізген кезде халықтың басына қаншалықты қасірет төнетіні жайлы

ескертеді. Әсіресе оны біз Францияның басына түскен тауқыметтен жақсы байқаймыз. Алланың періштесі келіп былай деген: «Олар келіп Қасиетті қаланы 42 ай бойы тепкіге алады. Мен оларға Өзімнің екі куәгерімді бердім. Бұл куәгерлер дәруіштің киімін киіп алып 1260 күн бойы оларға куәлік айтады. Олар куәлігін айтып болған кезде, тұңғыықтан шыққан хайуан бұлармен шайқасқа түсіп, екеуін жеңеді және өлтіреді. Сонан соң олардың мәйітін рухани Содом және Мысыр деп аталатын, Тәңіріміз айқышқа шегеленген ұлы қаланың көшесіне тастайды. Жерде тұратындар бұған қатты қуанып, бір бірлеріне сыйлықтар жібереді, өйткені бұл екі пайғамбар оларды қатты қинаған болатын. Сонан соң үш жарым күн өткеннен кейін Құдайдан оларға тіршілік демі кіріп, екеуі орындарынан тұрды. Мұны көрген пенделер өте үрейленіп кетті» (Аян 11: 2-11).

Жоғарыда айтылып кеткен 42 ай мен 1260 күн деп аталатын уақыт аралықтары бір периодты нұсқайды. Дәл осы уақыт аралығында Мәсіхтің шіркеуі Римнің жағынан сұмдық қуғынға ұшыраған болатын. Рим билігін жүргізген 1260 жыл, 538 және 1798 жылдар аралығы еді. Айтулы мезгіл өткен соң Француз армиясы Римге кіріп, кейіннен қашып жүріп, қайтыс болған папаны тұтқынға алды. Сонан соң жаңа папа тағайындалғанымен, ол бұрынғы пападай күш пен билікке ие бола алмады. Шіркеудің қуғындалуы 1260 жыл бойы үздіксіз болған жоқ. Құдайдың мейірімінің арқасында бұл қайғылы күндер қысқартылды. Ақырда болатын қасірет мерзімі жайлы Құтқарушымыз: «Егер бұл күндер қысқартылмаса бірде бір жам иесі тірі қала алмайды, бірақ Құдай Өзінің қалаулылары үшін бұл күндерді қысқартады» - деп ескерткен болатын (Матай. 24: 22). Реформацияның әсерінен қуғындалу 1798 жылдан әлдеқайда бұрын аяқталды.

Әрі қарай екі куәгер жайлы пайғамбар былай дейді: «Бұл екеуі Жаратушының алдында тұрған екі майшам мен екі зәйтүн». Осы жайлы забур жырында да: «Сенің сөзің аяғыма шырағдан, жолыма жарық береді»деп жазылған болатын (Аян 11:4, Жыр.118:105). Бұл екі куәгер Көне Өсиет пен Жаңа Өсиетті бейнелегт тұрған рәміздер. Екі Өсиет те жаратылыстың болғанын, Құдай заңының мәңгілік екенін және құтқарылу жоспарының барлығын растайды. Көне Өсиеттегі құрбан шалу рәсімі болашақта болатын Ұлы Құрбандық - Құтқарушымыз Мәсіх Исаны мезгеген болатын. Ізгі хабар және Жаңа Өсиет Құтқарушымыздың келетіні туралы рәміздер мен аяндарда алдын ала айтылғандай дәл орындалатынын хабарлайды.

«Дәруіштің киімін киген екі куәгерім 1260 күн бойы куәлік айтады» делінген. Осы уақыттың басым көпшілігін Алланың куәгерлері түнекте өткізді. Папалықтар Киелі Жазбаны халықтан жасырып тығып

тастап, жалған пайғамбарларын жұмсап, ақиқатты керісінше уағыздады. Діни билік пен үкімет билігі жағынан Киелі Жазуды зерттеуге тыйым салынып, ондағы ақиқаттар бұрмаланып, олар Жазбадан теріс айналған кезде, адамдар діни сауатсыздыққа ұшырап, шынымен түнекте жүрді. Соған қарамастан кейбір адамдар жасырын түрде Жазбаны зерттеп, алған білімдерін басқа адамдарға жеткізбек болғанда, билік-тегілер олардың ауыздарын буып, өздерін қуғын-сүргінге ұшыратып, қамауға алып, өлтіріп, өртеп көздерін жойды. Қайыршы киіміндегі куәгерлер дегеніміз осылар. Қуғын-сүргіндерге қарамастан олар 1260 жыл бойы ақиқатты уағыздаумен болды. Осындай ең катыгез қайғылы замандардың өзінде Құдай Сөзін шын ниетімен жақсы көріп, Оның мәртебесін кетерген адал азаматтар аз болған жоқ. Бұл адал қызметкерлерге 1260 жыл бойы табандылықпен Құдай Сөзін уағыздауға Оның тарапынан аса бір даналық берілген.

«Куәгерлерді біреулер ренжіткісі келсе, олардың ауыздарынан жалын шығып жәбірлеушілерді жалмайды. Егерде біреулер оларды өкпелетсе, өздері өледі» (Аян 11: 5). Құдай сөзін аяқ асты қылғандар ешқашан жазасыз қалмайды. Бұл корқынышты қауіптің мағынасы Аянда айқын берілген: «Сол сияқты, мен, Киелі Жазуға өз бетінше сөз қосқандар жаралы індетке ұшырайды және одан өз бетінше бір сөз алып тастағандардың аттары Көктегі Өмір кітабынан зым-зия өшіріледі» - деп, барлық естігендерге куәлік етемін. (Аян 22:18-19).

Бұл Алланың бұйрығын және Оның айтқанын өзгертем деушілерге арналған ескерту. Және өзінің абырой атағын пайдаланып Құдай заңын аяқ асты қылғандарға арналған ескерту. Бұл ескертулер Құдай заңын орындаудың қажеті жоқ дегендерді үрейлендіруі керек. Өзінің ойын Құдайдың сөзінен жоғары санайтындар, дүниенің көңілінен шығу үшін Киелі Жазудың мағынасын өздеріне ыңғайлы кылып өзгертетіндер өз мойындарына өте қатаң, корқынышты жауапкершілік алады. Жер бетіндегі әр пенденің мінезі Құдайдың заңына сай келуі керек, ал мінездері одан өзгеше болып шыққандар, Оның алдында сотталады. «Олар өз сөздерін айтып болған соң»... Екі куәгердің халыққа уағыз айтатын уақыт аралығы 1798 жылы аяқталды. Куәгерлер түнекте жүріп өз жұмысын аяқтаған кезде, тұнғыыктан шығатын хайуан оларға бас салуға тиісті болды. Еуропаның көптеген елдерінде мемлекет және шіркеу басшылары папа арқылы жұмыс жасаған албастының билігінде болды. Бұл жерде біз албастының өз күшін жаңа тәсілдер арқылы көрсетіп жатқанын бақылаймыз. Рим шіркеуі Киелі Кітапты құрметтеген болып, оны қолмен ұстауға болмайды деген саясатпен халыққа түсініксіз тілде ұстаған бойы ешкімге көрсетпей тығып тастаған. Сондықтанда куәгерлер

Рим билігінің тұсында ақиқатты қайыршы кейпінде жүріп уағыздаған. Сонан соң басқа күш - «тұңғиықтан шығатын хайуан» пайда болып, Құдай сөзіне қарсы ашық соғыс жариялауға тиісті болды.

Екі куәгер өлтіріліп, көшесіне тасталған «ұлы қала» рухани мағынасы бойынша Мысыр деп аталады. Себебі Киелі Кітапта аты аталған барлық халықтардың ішінде Тірі Құдайға ашықтан-ашық қарсы болған халық мысырлықтар болатын. Мысырдың билеушісіндей көктегі Алланың абыройына тіл тигізіп, Оған қарсы шығуға бірде бір монархтың дәті жеткен емес.

Мұса пайғамбар Құдайдың еркін перғауынға жеткізген кезде: «Соншама Оның сөзін тыңдап, Израилды босататын Құдай деген кім? Мен Оны білмеймін және Израилды босатпаймын» - деп жауап берген болатын (Мыс. 5: 2). Бұл дегеніміз атеизм. Рәмізделу жағынан Мысырмен салыстырылған халық, дәл солардай Алланың қойған талабын ысырып тастап, имансыздық пен бағынбаушылық рухын байқатуға тиісті болды. «Ұлы қала» сонымен қатар рухани жағынан Содоммен салыстырылады. Құдай заңын аяқ асты қылған Содомның кесірі оның бұзылғандықты заң ретінде тағайындағанынан байқалады.

Мұндай күнә Киелі Жазбадағы, тағдырында бұл аян орындалуға тиісті болған, халықтың мінезін көрсетеді.

Пайғамбардың айтуы бойынша, 1798 жылға аз уақыт қалған кезде ібіліс Киелі Кітапқа қарсы соғыс жариялайды. Екі куәгердің үндері өшкеннен кейін халық перғауынның атеизмі мен Содомның бұзылғандығына ұшырайды.

Осы аян Францияның тағдырында тапсаларлық дәлдікпен орындалды. 1793 жылғы революция кезінде дамыған қоғамда туып, тәрбие алған, Еуропаның ұлы халқын билеп басқара алатындай адамдар дүние жүзінде алғашқы рет адамзат баласына берілген ақиқатқа қарсы шығып, Құдайдан және Оған қызмет етуден бас тартқаны жайлы хабар бар әлемге мәлім болды. Бар ғаламның Иесі - Жаратушы Құдайдан қорықпастан бас тартқан жалғыз мемлекет осы Франция болатын. Бұл туралы біз нақтылы айғақтардан біле аламыз. Ағылшын, Германия, Испания елдерінде де көпірлердің саны жеткілікті болғанымен, Құдай жоқ - деп заңды түрде қаулы қабылдаған мемлекет Франция ғана еді. Бұл қаулыны адамдар көшеге шығып би билеп, ән салып қошеметтеп қарсы алды.

Содомның бұзақылығының айқын ерекшеліктері Францияның бойынан осы жерде дәл көрінді. Содом мен Ғоморранның құрып кетуіне себепкер болған бұзақылық революция кезінде айтулы мемлекетте мейлінше билік құрды.

Дін жайлы қабылданған бұл қаулымен қоса, некенің қасиеттілігін жоққа шығаратын тағы да бір қаулы қабылданды. Ол қаулы бойынша ерлі - зайыптылар некесіз қатынас жасап, қалаған уақыттарында ажырасуға хұқылы болды. Қасиетті атаулының барлығын құртып жіберуге дайын тұратын жындардың өздері мұншама азғындықты ойлап таппаған болар еді.

Ұшқыр ойымен жұртқа белгілі болған Софи Арно атты актриса азаматтық некені «жезөкшеліктің құпиясы» деп атады.

«Құтқарушымыз айқышқа шегеленген жер». Францияның тағдырында, берілген аянның бұл бөлігі де орындалды. Иса Мәсіхке соншалықты өшіккен бір мемлекет болған жоқ. Бір де бір мемлекетте ақиқат дәл осы мемлекеттегідей қуғындалған жоқ. Ал Франция болса, Исаның ізбасарларын қатыгездікпен өлтіре отырып осылайша «Исаны тағыда айқыш ағашқа шегеледі».

Ақиқаттың қарлығаштарының қандары жүздеген жылдар бойы төгіліп отырды. Вальдендіктер Пьемонта таулы аймағының үңгірлерінде Құдай Сөзі мен «Иса Мәсіхтің куәлігі» (Мәсіхтің куәгерлері ретінде) үшін өмірлерін беріп жатса, олардың бауырлары альбигойлықтар да дәл сондай азапты күндерді бастарынан кешіп жатты. Реформация кездері оны қолдаушылар неше түрлі қорлықты көріп, айуандықпен азапталып өлтіріліп отырды. Францияның бетке ұстарлары - көрнекті қыз-келіншектер, сарай басшылары, ұлттың мақтанышы атанғандар, бастығы патша болып Исаның куәгерлерінің жанкешті азабын тамашалап, содан өздеріне ләззат алып, рахаттанып отырды. Ержүрек гугеноттар адамның құқысы үшін шайқасып, қатыгез соғыстарда жан тапсырды. Протестанттар заңнан тыс қалып, олардың бастарына белгілі құн тағайындалып, хайуандарша қуғындалды.

XVIII ғасырда, Францияда, бабаларынан қалған дінді таза күйінде ұстап қалған мәсіхшілер болды. Олар рухани мағынада «Шөл даладағы шіркеу» деп аталды, себебі олар тау менен тасты, үңгірлерді паналап жүріп күн көрген. Кей кездері олардың бастары қосылып, бір тасалау жерде жинала қалса, жемтігін күткен жыртқыштай андып отырған драгундар оларды ұстап алып, дереу тұтқындап, айдауға жіберіп отырған. Осылайша Францияның белгілі мейірман ұлдары мен қыздары ұрылар мен қарақшылар және кісі өлтірушілермен бірдей кісенделіп кете барған. Солардың кейсібірінің тағдыры басқаларына қарағанда әлдекайда жеңіл болды, олар тізе бүгіп, дұға айтып тұрған жерлерінде өлтірілді. Кәрілер, әлсіз әйелдер, күнәсіз балалар, барлығы Құдайға ғибадат ету кезінде өмірлерімен қош айтысты. Құдай халқының әдетте жиналатын жері, ормандар мен тау

шатқалдарының арасынан өткен болсаңыз «өлтірілген және ағашта асылып тұрған» адамдардың мәйіттерін көретін едіңіз. Найзамен, қылышпен, алаумен қырылып, босап қалған мемлекет «үлкен сахараға айналды». Осының барлығы сауатсыз қараңғы заманда емес, өнер мен білімнің дамып тұрған кезі, Людовик XIV дәуірінде, өздерін момын және мейірбан санайтын, білімді, сөзге шебер азаматтардан құралған қауымның билік құрған уақытында болған оқиғалар. Осы аласапыран замандағы қылмыстың ең ауыры болып Варфоломейлік түн саналады. Әлем бұл қатыгез оқиғаны қазірдің өзінде тітіркенбей еске ала алмайды. Римнің діни басшыларының қыспағына шыдамаған Францияның патшасы басқа діндегілерді, яғни «басқаша сенетіндерді» қыруға рұқсат берді. Кенет түн ортасында қоңырау соғылып, өздерінің патшаларына сеніп шырт ұйқыда жатқан протестанттарды дұшпандары далаға сүйреп алып шығып айуандықпен қырды. Мәсіх көзге көрінбейтін қолымен Өз халқын мысырлықтардың езгісінен қалай алып шықса, дәл солай албасты да көрінбейтін қолымен осы масқараға жетекшілік етті. Шайтан бастаған қансорғыштардың қатыгез тобы бір апта бойы Парижде қантөгіспен айналысты. Алғашқы үш күн тіпті жаман болды. Қантөгіс тек Парижде ғана болып қойған жоқ, патшаның арнайы жарлығы бойынша Францияның барлық жерлерінде ұйымдастырылды. Олар жас демей, кәрі демей, әйел демей, бала демей бәрін қырды. Атақтылары да, қарапайымдары да бірдей жазаға тартылды. Бұл сұмдық Франция бойынша екі айға созылды. Осы уақыт аралығында ұлттың бояуы болып саналатын жетпіс мың адам қаза тапты.

Бұл хабарды естіген Римнің діни басшыларының қуанышында шек болмады. Кардинал Лорренский айтулы жаңалықты жеткізген хабаршыға мың крондық сыйлық тартты. Киелі Анжело қаласы бұл оқиғаны пушка атып қошеметтеді. Қоңыраулар соғылып, алаулар түнді күнге айналдырды.

Григорий XIII кардиналдар мен сановниктерді ерітіп киелі Людовиктің шіркеуіне келді. Осы арада кардинал Лорренский: «Бұл болған оқиғаны мәңгілік ету үшін, саған Құдайым құйып медаль жасадық» - деп ән салды. Шынымен де Ватиканда осы күнге дейін үш фреска* сақталуда. Бірінде адмирал - гугенотқа шабуыл жасалып жатқан кезең бейнеленген, екіншісінде болатын қантөгісті өзінің кеңесшілерімен талқылап жатқан патша, үшіншісінде қантөгістің өзі бейнеленген.

Григорий «Аптын Раушан гүлін» жіберді, ал сол қантөгістен төрт ай өткеннен кейін, ол, киелі әкенің қуанышты хабарды алып, Құдайға және киелі Людовикке ризашылығын білдіру үшін салтанатты түрде

шіркеуге аттанғаны жайлы хабарды француз діни қызметкерінің уағызынан рахаттана отырығы тыңдады.

Варфоломейлік түнді болдыруға ықпалын тигізген албасты, революцияның қозуына да әсерін тигізді. Иса Мәсіх өтірікші деп жарияланып, Франция құдайсыздарының ұраны: «Жексұрынды құлатамыз» - деген сөздер болды (бұл жерде Иса Мәсіх туралы айтылып тұр). Құдайға сөз тигізу мен арсыздық қатарласып жүріп отырды. Азғындар мен сағқындар және бұзақылардың атағы шарықтады. Осылайша жындардың бастығы - албасты құрметтеліп, адалдық пен пәктіктің негізі және шексіз махаббат Иесі Мәсіх Иса «айқышқа шегеленді». «Тұңғиықтан шыққан хайуан шайқасып, оларды жеңеді» - делінген аянда. Францияда революция кезінде құрылған құдайсыздардың билігі Құдайға және Оның сөзіне қарсы ешкім көріп көрмеген күпия соғыс жүргізді. Ұлттық жиын Аллаға құлшылық етуді доғарды. Олар Киелі Кітаптың барлық даналарын жинап алып, көпшіліктің көзінше өртеп жіберді. Құдай сөзін келеке мазақ қылып, аяқтарымен таптады. Құдайға құлшылық ететін күнді алғызып тастап, оның орнына өрбір оныншы күнді әр түрлі бұзақылыққа, неше түрлі ойын сауықтарға арнады. Шомылдыру және шіркеуге катыстыру рәсіміне тыйым салынып, бейіттерге «Өлім - мәңгілік ұйқы» деген жазулар жазылып ілінді. Қай уақытта болмасын Құдайдан қорқу - даналықтың басы болып саналса, олар Құдайдан қорқу - ақымақтықтың белгісі деген пікірді таратты. Кімге болса да Құдайға қызмет етуге тыйым салынды, тек бостандық пен еліне ғана қызмет етуге рұқсат берілді. Париж қаласының епископы ол заманда да, бұл заманда да болып көрмеген бүтін бір ұлттың атынан шығарылған жиіркенішті көріністе басты рольді ойнауға мәжбүр болды. Оны конвенттің жиынына алып келіп, сол жерде оған өзі қанша жыл бойы қызмет еткен дініне қарсы: «Дін дегеніміз тарихта да, Киелі Жазбада да негізделмеген, ол дін қызметкерлерінің ойлап шығарған өтірігі» - деген сөздерді айтқызды. Сонан соң епископ тұрған жерінде Құдайдан бас тартып, Оның барлығына күмән келтіретінін айтып, ендігі жерде бостандыққа пен теңдікке, енеге мен әдептілікке қызмет етемін деп салтанатты түрде уәдесін берді. Осыдан кейін ол өзінің епископтық киімдерін шешіп столдың үстіне қойды, ал конвенттің төрағасы болса, оны құшақтап, арқасынан қақты. Бұл прелаттың көрсеткен үлгісі бойынша бірнеше дін әкелері сатқындық жасап, өз қызметтерінен бас тартты.

«Жердегілер куанып, бір бірлеріне сыйлық жіберді, өйткені бұл екі пайғамбар оларды қинаған болатын». Осылайша Франция ездерінің азғындықтарын әшкерелеп отырған екі куәгердің үндерін

өшірді. Құдай сөзін жек көретіндер, Оның талаптарын орындағысы келмейтіндер бұған қатты қуанды. Сөйтіп олар Құдайға ашықтан ашық қарсы шықты. Ежелгі кездегі кәпірлер секілді оларда: «Құдай бәрін қайдан біледі? Жан жакты бақылайтындай жағдайы бар ма?» - деп айғайлады (Жыр. 72: 11). Жаңадан құрылған биліктің бір бақсысы адам естігісіз күпірлік сөздер сөйледі: «Ей Алла, егер Сен бар болсаң, Өзің үшін өш алып көр енді. Мен Саған қарсы шығып тұрмын! Сен үндемейсің ә... Күнді күркіретіп жауап беруге дәтің де жетпейді! Осыдан кейін Сенің барыңа кім сенеді?» Айтыңыздаршы бұл сөздер: «Сөзін тыңдайтындай Құдай деген кім? Мен Оны білмеймін!» - деген перғауынның сөзіне өте ұқсас емес пе?

«Ақымақ өзіне өзі: Құдай жоқ» - деді. Ақиқатты балағаттайтындар жайлы Алла былай дейді: «Олардың ақымақтықтары барлығының алдында әшкереленеді» (Жыр. 14:1; 2Тім 3:9). Осыдан көп ұзамай ең жоғарыда тұрған мәңгілік тірі Құдайға қызмет етуден бас тартқан Францияның азғындыққа ұшырағаны соншалықты, олар пұтқа табынуға кірісті. Біз Ақыл құдайына бағынамыз деп, орталарына бұзылған әйелді отырғызып, оған сый-құрмет жасады. Ұлттың өкілдерінің алдында осының барлығын жасап жатқан жандар үкіметті билеп отырған адамдар болатын. Тарихшы осы жөнінде былай дейді: «Сол сұрапыл есі кеткен заманда жасалған рәсімдердің бірі нағыз күпірлік, қисынсыз сандырақ болды. Конвенттің есігі салтанатты түрде келе жатқан шеруге айқара ашылды. Муниципалитет мүшелері еріп келе жатқан әншілермен бірге бостандық әнұранын орындады. Олардың ортасында үстіне жабу жабылған әйел келе жатты. Әйелді олар Ақыл құдайы деп атады. Шеру тоқтаған кезде, әйелдің үстіндегі жабуын тастатып, төрағасының оң жағына әкеліп отырғызды. Бұл ойелдің опера бишісі екенін тану ешкімге қиынға соққан жоқ. Шынымен де солар табынатын даналықты бейнелеп тұрған бұл әйелге Францияның ұлттық конвенті сый-құрмет көрсетіп қошеметтеді.

Айтулы азғын жене күлкілі сауық кездейсоқ болған оқиға емес еді. Революцияның ең заңғар биігіне қол жеткіздік деген жерлердің бәрінде Ақыл құдайын таққа отырғызу рәсімі откізіліп отырды. Даналыққа бас июге шақырған шешен былай дейді: «Заңгерлер! Бүгінде фанатизм дұрыс ақылға жол берді, тұманданған көздер жарыққа қарай алмады. Бүгін алғаш рет ақиқат айтылып тұрған осы орынға көп халық жиналды. Енді Франция бостандық пен сана сезімге қызмет ететін болады. Біз Республиканың қарулы күшіне сенеміз және жансыз пұттарды тастап, табиғаттың қолынан шыққан жанды мүсінге табынамыз». Ақыл құдайын конвентке әкелген кезде

жүргізуші осы әйелдің қолынан ұстап, жиналған қауымға қарап сөз сөйледі: «Пенделер! Сендер Құдайдың әлсіз күркірегенінен қорқа бермевдер. Осы күннен бастап бізде Ақыл құдайынан басқа Құдай жоқ. Мен сендерге сана сезімнің тап-таза үлгісін көрсетіп тұрмын. Егерде сендерге пір керек болса, құрбандықтарыңды осындай пірлерге әкеліңдер. Бостандық Басшысының алдына жығылыңдар. О, ақыл арнасы!» - деді шабыттана. Сонан соң ана әйел орнынан тұрып төрағасымен құшақтасып, ендігі жерде орным осы болады деген ниетпен, жан жағын қоршаған топтың ортасында жүріп отырып, арнайы сөңделген көлікпен Нотр Дам шіркеуіне аттанды. Сол жерде жиналып тұрған халықтың барлығы оған табынды.

Коп ұзамай жиналған елдің алдында Киелі Кітапты өртеу рәсімі өтілді. Бір күні мұражай Халықтық қоғамының мүшелері муниципалитет залына «Ақыл құдайы жасасын!» деген ұранмен шаттана кірді. Олар өртеніп кеткен кітаптардың парақтарын бақандардың бастарына түйреп алып жүріп отырды. Шіркеудің басқа баспаларының ішінде Жаңа Өсиет және Көне Өсиет бар болатын. Төрағасы: «Бұл кітаптар адамдарға жасатқан ақымақтықтары үшін жалынға түсіп, жазаларын тапты» - деп жариялады. Осылайша папа бастаған жұмысты атеизм аяқтады. Римнің саясаты Францияның діни, саяси және әлеуметтік түрде құлдырауына әкеліп тіреді. Революция әкелген сұмдық оқиғалар жайлы жазатындар, бұған мемлекет пен шіркеу кінәлі деп есептейді. Әділеттілікті ескеретін болсақ, шын мәнінде, барлығына кінәлі шіркеу. Өйткені ол, яғни папалықтар Реформацияны патшаның жауы және мемлекетке зиянды деген сөздер таратып, оған монархтарды қарсы қойды. Тек оларды қарсы қоюмен шектеліп қоймай, неше түрлі айуандықтар жасауларына басшы болды.

Киелі Кітап халыққа бостандық сыйлады. Онымен танысқан адамдар ырым - жырымның, кесірдің, надандықтың құрсауынан босанып, ойланып өз беттерінше шешім қабылдайтын күйге жетті. Әрине мұны көрген монархтар өз биліктері үшін қауіптенді. Ал Рим болса, бұл қауіпті одан сайын қоздырумен болды. 1525 жылы гіапа Франция регентін сақтандыра отырып, былай деген болатын: «Бұл ессіздік (протестантизм) тек діннің ғана емес, мемлекеттің де, дворяндықтың да, жауы, ол заңның тәртіптің көзін жояды». Арада біраз жыл өткен кезде папаның елшісі дәл осы сөздерді патшаның алдында қайталады: «Алдияр хан - ием, шатаспаңыз! Протестанттар тек діннің ғана емес, үкіметтің де жауы. Мехрап қандай қауіпте болса, тақ та дәл сондай қауіпте». Ал дін зерттеушілер: «Жаңа дін өзінің жаңалықтарымен, ессіздіктерімен халықты еліктіріп, патшаның маңайындағыларды оған қарсы шығарып, шіркеуге де, сол секілді мемлекетке де

бүлік әкеліп, бұзылғандыққа бастайды» - деп, халықты соған иландыруға тырысты. Осылайша Рим Францияны Реформацияға қарсы айдап салды. Сол себепті Франция тағын, заңын, ақсүйектерін қорғап қалу үшін, қылыштарын сайлап қанды соғысқа шықты.

Мемлекет басшылары мұндай қатыгез саясаттың немен тынатынын білмеген болуы керек. Киелі Кітапты зерттеу халықтың санасын өркендетіп, мемлекеттің ірге тасын бекіте түсетіні әлбетте белгілі емес пе? «Тақуалық халықтың рухани деңгейінің көтерілуіне ықпалын тигізеді, сондықтан болар ақиқаттың арқасында патшаның тағы да шайқалмайды» (Нқл. 14: 34, 16: 12).

«Шындық бейбітшілік береді, ал оның нәтижесі мәңгілік тыныштық пен қауіпсіздік» (Иш. 32: 17).

Құдай заңына бағынатын адамдар өз елінің заңына тіпті де бағынады. Құдайдан қорқатындар, өз басшыларының заңды талаптары мен әділетті істерін сыйлай біледі. Ал арсыз Франция болса Киелі Жазуды оқуға тыйым салып, оның оқушыларын заңнан тыс қалдырды, яғни заң ендігі жерде оларды қорғамайтын болды. Ғасырлар бойы ақиқат үшін табанды түрде шайкаса білген зиялы, ақылды, өз көзқарастарын баяндаудан тайсалмайтын ержүрек азаматтар әділеттілік үшін азап шегіп, айдауға түсіп, қара жұмысқа салынып, отқа тасталып, тірідей түрмелерде шіріді. Мыңдаған адамдар қашып жүріп күн көруге мәжбүр болды. Айтулыт оқиғалар Реформация басталғаннан бастап 250 жылға созылды. Осы уақыт аралығында Ізгі хабардың ізбасарларының қаншалықты қайғылы оқиғаларды бастарынан кешкендеріне Француздардың ең жоқ дегенде бір буыны куә болмай қойған жоқ шығар. Сори кайнаған қашқындар тамаша тәртіптің, өнердің, білімнің, шеберліктің иегерлері болатын. Олар өз өнерлерін жүрген жерлеріндегі халықтарға тарата білді. Осыншама байлықтың барлығын олардың отандастары емес, бөтен жердегілер иемденді. 300 жыл бойы осы дарын иелері Францияда қалып өз еліне қызмет жасағанда мәдениет, әдебиет, ғылым саласында еңбек еткенде, өз білімдерімен үкімет басындағыларға көмек жасап, қаһармандықтарымен әскери қолбасшыларға пайдалы болып, әділетті заңдар шығарылып, шынайы дін адамдардың ар-ұжданына әсер етіп санасын оятып, халықтың рухани деңгейі көтеріліп, Франция кандай жетістіктерге қол жеткізген болар еді. Мұндай ұлы, гүлденген, бақытты мемлекет басқа халықтарға үлгі болмас па еді?

Керісінше соқыр, аяусыз фанатизм оның, яғни Францияның маңайынан тәртіп сақшылары мен әділетті қорғаушыларды қуып шығарды. Сөйтіп, өз елдерін ұлы да атақты ете алатын, ұлттың бояуы болып табылатын мейірбан жандарға: «Нені қалайсыңдар,

жер аударғанды ма немесе алауды ма?” - деген ұсыныстар жасалды. Ақыры мемлекеттің күл талқаны шығып, халық ардан жұрдай болып, азғындыққа ұшырады. Алау дегендер тоқтатылды, өйткені дін деген жоғалды, қуғын-сүргін деген болмады, өйткені қудаланатын ешкім қалмады. Осындай саясаттың салдарынан революция мемлекетті соншалықты сорақы нәтижелерге әкеліп тіреді.

Франциядан гугеноттар қуылсымен дағдарыс басталып кетті. Гүлденіп тұрған қалалар құрап, құнарлы жерлер шөл далаға айналды. Табыстың орнына парасаттылығы солған, өнегесі шіріген арсыздық пен надандық келді. Париж қайыршылыққа ұшырады. Революция басталсымен қайыршылыққа ұшыраған 200 мың адам патшадан көмек күтті. Соншалықты жүдеп тұрған мемлекетте тек иезуиттер ғана шылықып күн көрді. Сонымен қоса олар шіркеулерде, мектептерде, түрмелерде, тәртіпке салу мекемелерінде естімеген қатыгездікпен биліктерін жүргізді.

Франциядағы барлық ұлтты азғындық пен анархияға әкеліп тіреген дін әкелерін, патшаны және заңгерлерді дағдарысқа ұшыратқан саяси және әлеуметтік қиындықтарды Ізгі хабардың көмегімен шешуге болатын еді. Бірақ халық Римнің пасық саясатының нәтижесінде сүйіспеншілік, құрбандық жайлы айтылатын Құтқарушымыздың баға жетпес уағыздарын жоғалтып алды. Өзгенің қамы үшін өзінің жайын ұмыту сияқты түсініктер оларға беймәлім болды. Байлар кедейлерге қол ұшын созып жәрдем беру дегенді білмеді және оларға бұл жайлы айту ешкімнің миына кіріп те шыққан жоқ. Өзімшілдік, қатыгездік кеңінен етек жайды. Ғасырларға созылған байлардың көзтоймас сараңдығы, іштарлығы, қаттылығы кедей байғұстардың күндерін одан сайын қиындата түсті. Байлар бәз баяғысынша кедейлерді алдап арбаумен айналысты, кедейлер оларды сол үшін иттің етіндей жек корді. Кедей-кепшіктер жаман үйлерді жалдап тұруға мәжбүр болды, есесіне бай-маиантар, ақсүйектер жаксы үйлерде, кең сарайларда тұрып жатты. Кедей сорлылар қожайындарына тәуелді болғандықтан, олардың әділетсіз талаптарын амалсыз орындады. Шіркеу мен мемлекеттің тауқыметін көтеру қоғамның орташа және төменгі саласындағы жандардың мойындарына артылып, оларға орасан зор салықтар салынды. Бұл байғұстардың аштықтан, аурудан бұратылып өліп жатқандарында ешкімнің шаруасы болған жоқ, себебі ең бастысы байлардың талаптарын орындау қажет болды. Сол заңды деп саналды. Адамдар жер иелерінің пікірлерімен санасуға тиісті болды. Шаруалардың өмірлері қиындықта өтіп жатты, олар малайлықта жүріп қиын, жаман, лас жұмысарды орындады және өздерінің ауыр халдары жайлы

ешкімге шағым айтуға хұқысы да болған жоқ. Сот кедейлерді емес, байларды ғана қорғады. Бишілер пара алып, ақсүйектерді жақтап, үкімді олардың пайдасына шешіп отырды. Қарапайым халықтарға діндарлармен және зайырлы мырзалармен (вельможа) салынатын салықтың көбі байлардың қалтасында қалып, олардың рахаттанып жұмсауына жарады. Ал шіркеу мен патшаның қазынасына оның жартысы да жетпейтін болатын. Жақындарының маңдай терін сыпырып алып жатқан аты атаулы тонаушылар салық дегеннен босатылып қана қоймай, жақсы - жақсы жерлерде қызмет атқарды. Осы айтылған адамдардың саны 150 000 - жетіп, ал қалған 1 000 000 - олардың езгісінде болып, солардың мүдделерін қарастыруға тиісті болды.

Сарайдағылар ақшаны сорпадай сапырып, суша шашып өмірлерін азғындықпен еткізіп жатты. Халық пен олардың билеушілерінің арасында ешқандай сенім қалған жоқ. Жоғарыда отырғандардың аттаған адымдары қара халыққа жауыздық, пайдакүнемдік болып көрінді. Революцияның алдындағы 50 жыл бойы таққа ие болған Людовик XV сол халық қайыршылыққа ұшыраған сұрапыл замандардың өзінде ойын - сауықшылдығымен, тәртіпсіздігімен, жеңілтектігімен әйгілі болатын.

Қатыгез, зұлым ақсүйектер, азып-тозған надан халық, дағдарысқа ұшыраған мемлекет, торыққан жандар — осының барлығы бір аласапыранға әкеліп тірейтінін білу үшін, пайғамбар болудың қажеті жоқ еді. Алдын ала қауіптендірген кеңесшілеріне патша былай деп жауап берді: «Менің тұсымда барлығы бөз - баяғысынша қалуына бар күштеріңді салыңдар, ал мен өлген соң не болса, сол болсын». Қайта құру жайлы айтылған сөздердің барлығы жай болып шықты. Зұлымдыққа қарсы тұруға патшаның батылдығы да жетпеді, өлі де келмеді. «Менен кейін топан суы қаптаса да бәрі бір» деген патшаның сездері Францияның тағдырын біржола шешіп тұрғандай болды. Ал Рим болса, патшалар мен билеушілерді қара халыққа айдап салып, басқаша айтқанда біреудің қолымен от кесеп, осылайша патшалардың қарамағындағыларын да, олардың өздерін де құлдықта ұстағысы келді. Біреулерді өздеріне бағындыру үшін, соларды құлдықта ұстау таптырмайтын тәсіл екенін Рим жақсы білетін. Ол үшін халықты өз бостандықтарын пайдалана алмайтын күйге жеткізу керек болды. Осылайша Римнің саясатының салдарынан халық, азғындыққа ұшырады, ал бұл дегеніміз тән азабынан 1000 есе асып түсті. Киелі Жазудан қол үзіп қалған адамдар надандыққа, ырым - жырымға, кесірге батып, өздерін өздері билеуге шамалары келмей қалды.

Десе де мұның ақыры Римнің көздегеніндей болып шыққан жоқ. Рим өздерінің догмаларына күшпен сендіріп ұстағысы келген

халыққа ие бола алмай қалды. Сөйтіп халық ештеңеге иланбайтын революционерлер мен безбүйректер болып шыға келді. Білетіндері Римнің Құдайы, ал дін деген Рим шіркеуінің ілімі деп есептейтін олар, осыншама ауыр халге ұшырағандарына католиктерді кінәлап, оларды жек көрді. Римнің сараңдығы мен қатыгездігін Киелі Кітаптан алынған ілім деп түсінген халық, енді Киелі Жазбадан да, оның Авторынан да мүлдем бас тартты. Рим адамдардан католиктердің догмаларына дәлелсіз бағынуын талап етсе, Вольтер және оның ізбасарлары болса, керісінше барлық жерлерде имансыздықтың уытын сеіпті. Ақыры Рим халықтың арқасына өзінің темір өкшесін батырып жібергендіктен, олар шектелудің барлық түрлерінен бас тартып, жан жаққа бытырап кетті. Адамдар осы уақытқа дейін алданып келгендеріне ашулы болғандары соншалықты, шынайы ақиқаттан да, өтірік-шыны аралас ақиқаттан да босанып, бостандық алдық деп есептеп, шын мәнінде өздерін өздері кісендегендерін түсінген де жоқ. Дәл революцияның алдында патшаның босаңсытқанының нәтижесінде халық парламенттен, ақсүйектер мен діндарларды қоса санағаннан да, артық орын алды. Халықтың қолына билік осылайша тиді, бірақ олар бұл билікті дұрыс пайдалана білмеді. Өздеріне қаншама қайғы қасірет әкелген ережелерді өзгертеміз деген ниетпен, қоғамды қайра құра бастады.

Халық қаншама уақыт бойы қорлықта жүргеніне кімді кінәлі деп тапса, соған барлық қаһарын жаудырды. Езушілердің сабағы тек қалған жоқ, езгіде болғандар үйренген өнегелерін өздерін қорлықта ұстағандарға жұмсады. Сорлы Франция қанға тұншыға отырып, еккен егінінің жемісін жеді. Римнің билігінің соңы жан түршігерлік нәтижелерге әкеліп тіреді. Бір кездері «еретиктерге» алаулар жағылған жерлерге, енді революционерлер өздерінің гильотиналарын құрды. XVI ғасырда протестанттар жазаланған жерлерде екі ғасырдан соң тағыда өлім жазасына ұсынылғандар өмірлерімен қоштасты. Ізгі хабардан бас тартқан Франция бұзылғандық пен азғындыққа есік ашты. Құдай заңы адамды шектеулі етеді деп адамның шығарған заңын таңдап алған қоғам ақыр аяғында шытырмандық пен анархияның шырмауына түсті. Киелі Кітаппен шайқасу «террордың билігі» атты тарихтың жаңа парағын ашты. Бейбіт өмір әр үйден әр адамның жүрегінен алыстап кетті, ертеңінің не болатынын ешкім білмеді. Бүгінгі күні билік құрғандар, келесі күні күдіктілердің қатарынан шығып жакты. Барлық жерлерде зорлау, жәбір керсету көбейіп кетті. Патша, дін әкелері және ақсүйектер үзенгісіз кеткен озбырларға бағынуға мәжбүр болды. Патшаның елім жазасына кесілуі өшпенділікті өршіте түсті. Оны айтулы жазаға бұйырғандар,

шамалы уақыттан соң өздері эшафотқа түсті. Революцияның жауы деп есептелгендердің барлығын өлім жазасы күтіп тұрды. Түрмелер адамдарға лық, толды, онда 200 мыңға дейін бас бостандығынан айрылғандар отырды. Қалаларда неше түрлі жаман оқиғалар болып жатты. Революционерлер өздері бір бірлерімен аңдысты. Осылайша Франция үлкен соғыс алаңына айналды. Париждің тұрғындары бір-неше партияларға бөлініп, бір бірлерін жойып жіберуге дайын тұрды. Франция Еуропаның ұлы астамдарының арасындағы шайқасқа қатысам деп жүргенде, азып-тозып қайыршылыққа ұшырады. Әскер қаражатты қажет етті, ал париждіктер болса аштан бұратылып өліп жатты. Қарақшылар кішкене қалаларды тонап, анархия өркеніеттің көзін жойды.

Иә, Римнің тәлімінің нәтижесінде халық қатыгездік ілімін өте жаксы меңгерді. Мінекей енді өш алатын күн туды. Бірақ ендігі жерде түрмелерге қамалып эшафоттарда қандарын төккендер Исаның шәкірттері емес, олар баяғыда өліп бітті немесе басқа жерлерде қаңғып жүрді, бұлар, кан төгуге кұныққан оқушыларынан жазасын алып жатқан Францияның діндарларының өздері болатын. Қатыгез Рим жауыздығының өлімші күшін өзі сезінді. Француз діндарларының ғасырлар бойғы қаруы болған куғын-сүргін енді міне өз бастарына тап болды. Эшафоттар дін әкелерінің қанына батып қалды. Бір кездері гугеноттарға толы болған түрмелер мен галерлер енді оларды куғындаушыларға толды. «Еретиктерді» жомарттықпен жазалаған католик шіркеуінің дін әкелері шеиттердің керген қасіретін керіп, олардың тартқан жан азабын өздері тартты. Қатыгез сот қатыгез заңдар қабылдайтын күндер туып, барлық жерлерде қарақшылар жүргендіктен қылмыскер болып шыға келуден, өлім жазасына кесілуден қорыққан жандар дұға оқудан, тіпті бір бірімен амандасудан қалды. Адым сайын тыңшылар жүрді, гильотиналар дамылсыз жұмыс істеді. Түрмелер адамдарға толып, кәріз құбырларынан Сенаға көбіктенген қан судай ақты. Жоғарғы комитеттен департаментке жіберілген проконсулдар Париж көріп көрмеген адам айтқысыз қатыгездікпен жұмыс жасады. Өлім жазасына кесілгендер таңнан кешке дейін Париждің көшелерімен шұбырып жатты. Гильотиналар* тым баяу жұмыс істегендіктен, қамауға алынғандардың кепшілігі картечтың* көмегімен өлтірілді. Қамаудағыларды баржаларға лық толтырып, түптерін әдейілеп тесіп отырған. Лион қаласы шөл далаға айналды. Ал Арес қаласында «жылдам елім» деп аталатын жеңілдіктер сұраған тұтқындарға ондай мүмкіндік берілмеді. Сомурдан теңізге дейінгі Лаура өзені өлгендердің денелеріне толып кетті, олар қарға құзғындардың жемтігіне айналды. Әйел

болсын, бала болсын ешкімге аяушылық жасалған жоқ. Емшектегі нәрестелерге дейін сарбаздар аналарынан айырып алып, найзаның ұшына түйреп қатар бойынша бір біріне лақтырғылап ермек қылған. Айналдырған оншақты жылдың ішінде қаншама халық қырылды.

Ібіліс осылайша ойлағанын жүзеге асырды. Бұл оның ғасырлар бойғы көздеген мақсаты болатын. Оның саясаты - алдап арбау. Арманы адамзатты құса қылып, қайғыға ұшырату, Құдайдың пендесін құбыжыққа айналдырып, Аспанды қамықтыру. Болып жатқан сұмдықтарға Құдайды кінәлайтындай қылып, адамзатты рухани соқыр қылып қояды. Адамдарға неше түрлі бұзақылықты үйретіп, хайуан болуға дейін жеткізеді де, бір біріне айдап салады. Бір өтірігі әшкереленген кезде, ол өтіріктің басқаша түрін ойлап тауып, адамды шалып құлатуды ойлайды. Халық папаның ілімінің жалған екенін түсінген кезде, олар Тірі Алланың өзгермейтін заңының ақиқат екенін мойындап қояма деген қауіппен албасы кез келген дін жалған, ал Киелі Жазу дегендерің аңыз деп шығарып тастады. Құдай заңын ұмытқан халық тұңғышқа түскендей тұншықты. Францияның басынан өткізген қасіреттерінің барлығы олардың Құдай заңын ұмытқандарының нәтижесі болатын. Шын мәнінде нағыз бостандық дегеніңіз - Шексіз Алланың қасиетті заңын бұлжытпай орындау. «Шіркін адамзат Менің берген заңымды орындаса ғой бірлігі өзендей сарқырап, шындығы теңіз толқынындай шайқалатын еді». «Арсыздар бейбіт өмірге ие бола алмайды» дейді Алла. «Менің сөзіме құлақ, асатындар қауіптенбей тыныш өмір сүреді» (Ишая 48:18,22; Нқл. 1: 33).

Атеистер, скептиктер, арсыздар Құдай заңын керексіз етеді және оған қарсы күрес жүргізеді, сондықтан да болар береке бірлікке Құдай деген жандар ғана ие болады. Ескерте кететін жайт, өмір кітабын зерттегісі келмейтіндер, адамзат тарихынан өздеріне сабақ алып, нақтылы шешімдер қабылдасын. Сайтан католиктер шіркеуі арқылы адамдарды ақиқат жолынан тайдырып жіберді, ал өзінің пасық, тәсілдері мен азғындық әрекеттерін жалған шындықтың шымылдығымен тасалап жауып қойды. Сол себепті де халық бұзылғандықты, рухани құлдырауды Құдай заңын орындамағандарының нәтижесі екенін сезбей қалды. Алланың Қасиетті Рухы сайтанның белсенді жұмыс жасауына кедергі жасағандықтан, ол өз ойын толық жүзеге асыра алмады. Ал революция кезінде ұлттық кеңес арқылы Құдай заңы толық доғарылғандықтан, террор жылдарында азғындықтың нәтижесі барлығына айқын көрінді.

Франция Құдайды және Оның Киелі Сөзін аяғымен таптаған кезде арсыздар мен зұлымдықтың рухтарының қуаныштарында шек болмады, өйткені бүтін мемлекет Құдай заңының талаптарынан босап

шығып, соның нәтижесінде шайтан көздеген мақсатына жетті. Осы жерде Сүлеймен патшаның сөздері ете орынды айтылған: Жасаған заңсыздықтары үшін табанда жауапқа тартылмайтын болғандықтан «адамзат баласының жүрегі зұлымдық жасаудан тайынбайды» (Уағ. 8:11). Әділетті Құдай заңын бұзу әрине бакытсыздыққа әкелім тіреуге тиісті болды. Жұрт арсыз істері үшін жазаны бірден алмағанымен, өз ажалдарына асығып бара жатқандары күмәнсіз еді. Ғасырлар бойы қылмыс жасағандардың заңсыздықтары жаза шара-сына құйылып жатты, ал ол шара толған кезде, арсыздар, Құдайдың шыдамын сынағандарының қаншалықты қорқынышты екенін сонда ғана білді.

Алланың Қасиетті Рухы ібілістің билігіне кедергі жасаған жоқ, сол-ақ екен адамзаттың азабына айызы қанып рахаттанатын албасты, зұлымдық жасауға бостандық алды. Мемлекет ауызбен айтып жеткізу мүмкін еместей қылмысқа батып қалды, осылайша күнәға қызмет еткендер, еккен егіндерінің дәндерін жеді. Қираған қалалар мен азып тозып бос қалған ауылдардан көкке қарай торыққан, ащы үндер шарықтап көтеріліп жатты. Францияда қатты жер сілкінісі болып өткендей көрінді.

Ібіліс Құдай заңына қарсы сермелеген қолымен дінді, заңды, қоғамды, жанұяларды, мемлекетті, шіркеуді жоқ қылып сыпырып тастады.

Данышпан өз сөзінде былай дейді: «Арсызды өзінің арсыздығы құлатады». «Күнәкарлар күнә үстіне күнә жасап, қасарысып қалғанымен, Құдайдан қорқатындар берекесіз қалмайды, ал арсызға ешқандай жақсылық болмайды» (Нқл. 11:5; Уағ. 8:12,13). «Олар даналықты жек көреді, Құдайдан қорықпайды, сол себепті азғындықтың жемісін жейді және арам пиғылдарына тойынады» (Нқл. 1:29,31).

Тұңғыықтан шыққан қара күшке қарсы күрес жүргізген Алланың сенімді куәгерлері үнсіздікте көп болған жоқ, үш жарым күннен кейін оларға Құдайдан жан кіріп, орындарынан түрегелді, ал оларға қарап тұрғандар қатты үрейленді (Аян 11:11).

1793 жылы Францияның ұлттық кеңесі Құдай сөзін оқуды тоқтатқызып, мәсіхшілер дінінің көзін жою керектігі жайлы декрет қабылдаған болатын. Арада үш жарым жыл өткен кезде дәл осы кеңес Құдай сөзіне бостандық беретінін жариялады. Қасиетті заңның аяқ асты болғанының қандай қасіретке әкеліп тірегенін халық өз көзімен көрді және Алланың сөзін зерттеу қажет екендігін мойындады.

«Кімнің атын ластап, кімге қарап дауыс көтердің? Қасиетті Исраилге ме? (Ишая 37:23). «Мінекей Мен оларға Өз құдіретімді, Өз білегімнің күшін көрсетемін, Менің есімімнің Құдай екеінін білсін» (Ерм. 16:21).

Екі куәгер жайлы пайғамбар былай дейді: «Олар көктен өздеріне үн қатып: «Мұнда көтеріліңдер!» - деген дауысты естіді. Дұшпандары қарап тұрған кезде олар бұлтпен көкке көтеріліп кетті» (Аян 11:12). Франция екі куәгерге қарсы соғыс жариялады, бірақ Құдай олардың мәртебесін бұрын соңды болмағандай көтерді.

1804 жылы Британдық және шетелдік Киелі Кітап қоғамы ашылды. Осыдан кейін мұндай филиалдар барлық Еуропада ашыла бастады. 1816 жылы дәл осындай қоғам Америкада ашылды. Британия қоғамы ашылсымен Киелі Кітап елу тілде шығарылып таратылды. Содан бері ол жүздеген тілдер мен тіл ерекшеліктеріне (диалект) аударышды.

1792-ші жылдың алдындағы 50 жыл бойы шетелдік миссияға өте аз көңіл бөлініп келген болатын. Жаңа қоғамдар құрылған жоқ, тек аздаған шіркеулер пұтқа табынушылардың жерлеріне мәсіхшілікті тарату үшін шамалаған ғана жұмыс жасап жатты. XVIII ғасырдың аяғында жағдай күрт өзгерді. Халық рационализм* дегенге қанағаттанбай шын мәніндегі жанды дінді аңсады. Осы кезден бастап шетелдік миссияның жұмысы шарықтау шыңына көтерілді. Баспа ісінің ашылуы бұл істі өркендете түсті. Мемлекеттер арасындағы байланыстардың жақсара түсуі, ырым - жырымның тоқталуы, Рим папасының мемлекет билігіне әсер ете алмай, қолының қысқарып қалғаны - осының барлығы Киелі Кітапқа жол ашты. Римнің кез келген көшелерінде Киелі Кітаптар сатылып, ол жер шарының түкпір түкпіріне тарады.

Бірде Құдайдың қарсыласы Вольтер мақтанып, былай деген болатын: «Мәсіхшілер дінінің негізін 12 адам қалады дегенді тыңдаудан жалықтым, оны бірақ адам жойып жіберуге шамасы барын дәлелдеп бере аламын». Оның өлгеніне бірнеше жыл өтті. Киелі Кітапқа қарсы соғысқа миллиондаған адамдар қатыстырылды. Бірақ аспан жерден қандай биік болса, Жазбаны жойып жібергісі келгендердің қолдары соншалықты қысқа болды. Егер Вольтердің заманында Киелі Кітаптың ондаған мың ғана данасы болса, енді оның данасы жүздеген мыңға жетті. Төске соғылып қираған балғадай, Киелі Кітапты құртам деушілер ездері құрыды.

«Саған қарсы жасалған бірде бір қару сәтті бола алмайды, сенімен сайысқа түскен кез келген тілді сот алдында сен айыптайсың» делінген Киелі Кітапта (Ишая 54:17).

Құдай заңы мәңгілік және әділетті, өйткені ол ақиқатқа негізделген. Адамның қолынан шыққан нәрсе тозады, қирайды, ал Алланың қолынан шыққаны мәңгілік тұрады.

Жаңа жердегі шындық жақтаушыларының ізденісі

Ағылшын реформаторлары католиктердің ілімінен бастартқандарымен, сол ілімнің көптеген формалары бұрынғы күйінде сақталып қалды. Олар негізінен папалықтың абыройы мен сенімінің рәміздерін алып тастаса да, бірқатар салттары мен дәстүрлері сол қалпында ағылшын шіркеуінің Құдай жолындағы қызметтерінің тәртібіне енді. Негізсіз болғандықтан бұл дәстүрлер жайлы Киелі Кітапта ештеңе айтылмаған, десе де оларға тыйым да салынбағандықтан, айтулы дәстүрлердің шіркеуге келтіретін ешқандай зияны да жоқ деп есептелді. Бұларды орындау реформаланған шіркеулер мен Римнің арасындағы шыңырауды жалғап, католиктердің протестанттық дінді қабылдауына жәрдемін тигізеді делінді. Консрваторлар мен мәмілеге келушілер бұған толығымен келісті. Басқаша ойлайтындарда аз болған жоқ. Олардың ойынша, айтулы дәстүрлер реформация мен Римнің арасына көпір орнатады деген дерек, керісінше сол дәстүрлерді орындамау керектігін айқындап тұрғандай болды. Өйткені олар ендігі жерде мойындарына осы секілді қамығ артқылары келмеді, ал айтулы дәстүрлер - құлдықтың рәміздері еді. Құдайға қызмет етудің ұстанымын Жаратушының Өзі әуел баста сызып қойған болатын, оған ештеңе қосуға да, одан ештеңе алып тастауға да болмайды. Бұл қылмыс. Күнәға белшесінен бату Құдайдың абыройын шіркеу өз абыройымен толықтырам дегеннен басталды. Әуелі Рим Құдайдың берген кеңшілігіне тыйым салды, онан соң Оның бекіткен ережелерін алып тастады.

Көпшілік жандар болса қарапайымдылық пен тазалықты аңсады. Ағылшын шіркеуінің бірсыпыра дәстүрлері пұтқа табынушылардың дәстүрлерінен сақталып қалған ескерткіш секілденді, сондықтан адамдардың басым көпшілігі оны ұяттарына сыйғыза алмады және онымен келіспеді. Бірақ шіркеу болса үкімет билігінің қолдауына сүйеніп алып, ештеңені өзгерткісі келмеді. Жұрт заң бойынша ресми түрде қабылданған шіркеуге жиналуға тиісті болып, басқа жерлерде жиналса жауапқа тартылатын болып шықты. XVII ғасырдың басында таққа отырған монарх әркімнен ағылшын шіркеуінің абыройын мойындауын талап етті, онымен келіспегендер жазаның басқаша түріне ұшырамай тұрғанда мемлекеттен кетуге тиісті болды. Құдайға өздерінің арына сай шын жүректен қызмет еткісі келгендер қуғын-сүргінге ұшырап тұтқындалып, қамауға алынды. Көпшілік жандардың әбден түңілгендері соншалықты ағылшын жері мекен етуге келмейді екен деп шешті, сөйтіп Голландияға кетпекке шешім қабылдады, бірақ қиындыққа, жоқшылыққа, қуғындалуға тап болды. Сатқындардың қырсығынан құрған жоспарлары да жоққа шығып отырғанмен, табандылықтарының нәтижесінде өздеріне Голландия республикасынан пана тапты. Қашып-пысып, сүрініп - жығылып жүргенде олар өздерінің күн көретін қаражаттары мен дүние мүліктерінен айрылды. Өмір бойы жерді өңдеумен айналысып жермен күн көрген, егде жасқа жетіп қалған адамдар енді күн көріс үшін бөтен жерді мекендеп, бөтен халықтың ортасында тұрып, олардың тілін меңгеріп, техникалық мамандықтарды игеріп, басқа кәсіппен шұғылдануларына тура келді. Олар текке өмірлеріне шағым жасай бермей, еншілеріне түскен ауыртпалықты мойымай көтеруге тырысты. Үлестеріне тиген қиыншылықтарға қарамастан, олар, Құдаймен рухани қарым-қатынас жасай алатындарына ризашылықтарын білдіріп қатты қуанды. Бұл адамдар уақытша өмір емес, мәңгілік өмір жайлы ойлады және өздерін пилигримдердей сезінді. Қуғын-сүргіндер мен тапшылық олардың сенімдері мен сүйіспеншіліктерін нығайта түсті, ал Құдайдың көзге көрінбейтін періштелері олармен үнемі бірге болды.

Құдай Өз қолымен мұхиттың арғы жағын нұсқағанда, олар ойланбастан бұл ұсынысты қабыл алды. Сөйтіп сол жақтан өз мемлекеттерінің ірге тасын қалап, өз ұрпақтарына рухани бостандықты сыйға тартты. Алла Өз халқын қатаң сынақтан өткізді. Бірақ Өзіне сенетіндерді Ол ешқашанда ұмытпайды. Шайтанның ғаңары мен арсыздардың зұлым әрекеттері керісінше Құдайдың абыройын асыруға және Оның халқының қауіпсіздікте болуына себебін тигізді, қуғын-сүргін бостандыққа жол ашты.

Ағылшын шіркеуінен бөлініп шығуға мәжбүр болған пуритандар бірігіп, Құдайдың тәуелсіз халқы ретінде Тәңірдің белгілі және әлі де белгісіз жолдарымен жүруге, Оған шын жүректен қызмет етуге уәде берді. Реформаның әсері осы жерде жақсы байқалды. Осындай ниетпен протестанттар Голландия жерін тастап, жаңа отандарын игеруге аттанды. Жаратқанның еркі бойынша бауырластарына ілеспеген олардың діни жетекшісі (пастор) Джон Робинсон өз жамағатымен коштасып тұрып: «Енді біздер кездесеміз бе, жоқ па, оны Алла біледі. Мен Исаның соңынан не үшін ерсем, сендер де сол үшін еріңдер. Егер де біреу Киелі Жазуға сүйене отыра, сендерді ақиқат жолымен жетелейтін болса, соның соңынан еріңдер. Жарылқаушы Алланың әліде беретін жарығы жеткілікті. Өз ба- сым реформаланған шіркеулердің қазіргі күйіне қатты қынжыламын. Олар діни дамудың анықтаулы кезеңіне жетті де, Реформацияның негізін қалаушылардың жасаған қадамдарынан артық алға қарай бір қадам да жасағылары келіп тұрған жоқ. Лютерандар Лютердің білгенінен артық ештеңені білгілері келмей, сонымен шектеліп қалды. Дәл сол секілді кальвинистер де діни қолбасшыларының қалдырған жерінде тоқтап, қалып қойды. Шіркеудің осыншалықты аянышты күйде тұрғаны жаман екен. Оны құрушылар ақиқаттың кезін тапқанымен, оның тереңдігіне бойлап үлгермеді. Егерде олар әлі де болса тірі болғанда шындықтың алғашқы сәулелерін қабылдағандай, ашылып тұрған жарыққа қарай жүретіні анық еді. «Алланың ізімен қазір де, болашақта да жүреміз» деген уәделеріңнен таймаңдар. Алламен құрған өсиеттеріңді және Құдайдың Сезі арқылы ашылған кез келген жарықпен ақиқатты қабыл аламыз деп бір-бірлеріңе берген уәделеріңді де ұмытпаңдар. Бірақ ете байқаулы болыңдар, ақиқатты жетесіне жеткенше зерттеңдер, оны қабылдас бұрын Киелі Жазбаның басқа жерлерімен салыстырып алыңдар, тиянақты түрде талдаңдар, өйткені су қара түнектен енді шыққан мәсіхшілер өлемі кемелденген білімді толық қабылдай қоюы мүмкін емес» - деген болатын.

Ақыры бостандыққа ие боламыз деген ой пилигримдерді қатты құлшындырды. Олар аяқ баспаған жерді мекен қыламыз деген ниетпен мұхиттың арғы бетіне өтер кездегі қауіп-қатер мен еншілеріне түскен қиындықтарды ерлікпен жеңе білді. Алланың арқасында Америка жағалауында ұлы ұлттың ірге тасын қалауға дайындалды. Десе де Құдайдан қорқатындары мен әділдіктеріне карамастан олар рухани бостандықтың мағынасын толығымен түсіне алмады. Құрбандықтың құнымен алған бостандықтарын басқалармен бөлісуге дайын болған жоқ. «XVII ғасырдың ұлы ойшылдары мен насихатшыларының өздерінің ішінде Жаңа Өсиеттің ең негізгі ұстанымы

-адам сенімінің жалғыз ғана үкімшісі Құдай екенін толық танып білгендері аз болды”.

Папалықтардың беріш болып қатып қалған қателіктерінің бірі: «Құдай шіркеуді адамның арының әміршісі қылып, есерсоқтықты анықтап, оған жаза тағайындауға хұқық берді” - деген қате ілімді таратқандары еді. Реформаторлар католиктердің ілімінен бас тартқандарымен, солардан тараған діни шыдамсыздық рухынан толық дерлік босанып шықпаған болатын. Бірнеше ғасырлар бойы оларды қоршап тұрған қою тұман әліде болса сейіле қоймаған еді. Массанусетс штатының көрнекті қайраткерлерінің бірі: «әлемді (анти) терісмәсіхшіл еткен осы діни шыдамдылық, сондықтан шіркеу есерсоқтарға қандай жаза тағайындаса да айыбы жоқ»деген болатын. Колонистер азаматтық мәселелерді шешер кезде дауыс беруге тек шіркеудің мүшелерінің ғана құқығы бар деген қаулы қабылдады. Мемлекеттік деп аталатын шіркеу ашылып, халық діндарлардың дегендерін құптауға тиісті болды, ал қала басшылары кез келген ересьті* тоқтатып отыруға мүмкіндік алды. Осылайша мемлекет билігі шіркеудің қолына тиді. Ал оның соңы қуғын-сүргінмен аяқталды.

Алғашқы колонияның негізі құрылғаннан кейін он бір жыл өткен соң, Жаңа ЖарыққаРоджер Уильямс келді. Ол да алғашқы пилигримдердей мұнда бостандық іздеп келген болатын, бірақ Роджердің олардан айырмашылығы қандай дінді уағыздағанына қарамастан кез келген адам бостандықта болуға құқылы екенін жақсы білетіндігінде еді. Ол шындықты сабылып жүріп іздеді. Робинсонның ойына ортақтаса отырып Роджер, Құдай сөзінің жарығын әлем әліде болса толық қабылдамағанын айтады. Уильямс мәсіхшілердің ішіндегі, азаматтық биліктід негізіне адамның ар-ұжданы мен заң алдындағы көзқарасының теңдігі жайлы ұстанымдарын енгізген алғашқы адам болатын. Ол: «Үкімет қылмысты істерді тоқтатуға міндетті, бірақ адамның ар-ұжданын аяқ асты етуге қақысы жоқ»дейді. Үкімет билігінде отырғандар адамдардың бір-бірімен қандай қарымқатынаста болуы керектігін шеше алады, бірақ адам мен Құдайдың арасындағы қарым-катынасқа араласуға құқығы жоқ, себебі олар адамдардан бүгін бір дінді, ертең басқа дінді мойындауларын талап етуі мүмкін. Бұл дегеніміз билікті пайдаланып, біреудің өз дегенін басқаларға орындату деген сөз. Англияда дәл осындай істерді көптеген патшалар мен патшайымдар жасаған, осындай шешімді Рим соборы мен шіркеулер қабылдаған. Соның нәтижесінде иманға катысты сұрақтар маңайында көптеген түсініспеушіліктер болған. Халықтан ресми шіркеуге барып отыру талап етілді, оны орындамағандар

айыпка тартылып немесе қамауға алынды. Уильямс бұл заңға қарсы шықты. Әр түрлі дінді уағыздайтын адамдардың бастарын бір жерде күшпен біріктіріп ұстау, олардың табиғи құқығын бұзу деп есептеді. Ал Құдайға сенбейтіндерді күшпен шіркеуге келтіруді екіжүзділік деп санады. Адамды күшпен Құдайға сендіру мүмкін емес - деді ол. Қалайша? Сонда дін уағыздаушы тәлімгерлерге қаражатты кім төлемекші?деп ашуланды оның қарсыластары. Әрине оларға ақы төленуге тиісті. Бірақ ақыны кім жалдаса, сол төлеуі керек.

Үкімет Роджер Уильямсты сенімді қызметкер, дарынды азамат ретінде әділдігі мен кең пейілділігі үшін сыйлағанымен, үкіметтің шіркеуді билеуге қарсы болғанына және олардан діни бостандықты талап еткеніне шыдай алмады. Үкімет басында отырғандар Роджердің ойы жүзеге асып қалған жағдайда, қолдарында тұрған биліктен айрылып қаламыз ба деп сескенгендіктен, Уильямсты колониядан қуу керек деген шешім қабылдады. Қамауға алынып, жауларының қолына түспес үшін Уильямс қақаған аязда қалың орманды паналауға мәжбүр болды. Кейіннен басына түскен қиындықтарды есіне ала отырып, ол былай дейді: «Маған он төрт апта бойы нансыз, баспанасыз қаңғуыма тура келді. Осы күндері мені қарі алар асырады, ал ағаштың үңгірлері баспанам болды». Ол қар басқан қалың тоғайда әрең дегенде жол тауып жүріп отырып, ақыры бір үнді тайпасына тап болды. Аз уақыт ішінде Роджер өзінің мінез-құлқымен олардың сүйіспеншілігі мен сыйына беленді. Оларға ақиқатты уағыздады.

Бірнеше айдан соң ол Нарагенсет шығанағының жағалауына жетті. Дәл осы арада ол шын мәнінде басында діни бостандығы бар алғашқы штаттың негізін құрды. Роджер Уильямстың колониясындағы іргелі ұстанымдарының бірінде: «Әр адам Құдайға өз арына сай қызмет етеді» делінген. Осы кіші - гірім Род — Айленд штаты барлық қуғынға ұшырағандардың баспанасына айналды. Оның негізгі ұстанымдары - азаматтық бостандық және діни бостандық Америка республикасының іргетасына айналғанша, бұл штат көркейіп өсіп өне берді. Маңызды құжат - тәуелсіздік Декларациясында былай делінген: «Жер бетіндегі бар жандарды Құдай жаратты және олардың барлығының белгілі құқықтары бар. Олардың ішіне өмір сүру, бақытты болуға ұмтылу және бостандыққа ие болу кіреді». Ата заңында былай делінген: «Адамның арына жанасуға, яғни соқтығуға болмайды. Құрама штаттарда адамның діни көзқарасы оның жауапты жұмысқа тұруына кедергі немесе негіз бола алмайды. Конгресс кімге болса да кез келген дінді күштеп таңып қоюға немесе керісінше оған кіргізбеуге тыйым сала алмайды».

«Ата заңның авторлары бұл ұстанымдардың өзгермейтінін, Алла мен Оның пенделерінің арасындағы қарым-қатынасты адам заңы бойынша реттесуге болмайтынын, яғни Құдай мен адамның арасындағы қарым-қатынасқа ешкімнің кіруге қақысы жоғын мойындады. Бұл ақиқатты дәлелдеудің еш қажеті жоқ, ол әр адамның көкірегінде өмір сүреді. Дәл осы ақиқат қуғын - сүргін кезінде босығандарға қиындықтарды жеңуге көмектескен болатын. Олар пенделердің Құдай алдындағы борышы адамның құрған заңынан жоғары екенін жақсы білді. Және бұл туа біткен ұстанымды жойып жіберу мүмкін емес».

Коптеген Еуропа елдерінде осындай мемлекет барыи естіген халық солай қарай ағылды. Колониялар тез өсе бастады.

Аштықтан, соғыстан, қуғыннан қашқан кез келген ұлттың мәсіхшілеріне Массачусетс штаты жәрдем көрсетті, тамақпен және баспанамен қамтамасыз етті. Осылайша бір кездері қуғындалып жүрген халық, енді заңның күшінің арқасында мемлекеттің қонағы болды. Осыдан жиырма жыл бұрын Плимутте алғашқы зәкір тасталғаннан бері Жаңа Англия мыңдаған пилигримдердің мекеніне айналды. Олар бостандық үшін көп нәрседен бас тартты, аздаған қаражатты қанағат қылды. Байлық деген оларды қызықтырмады, олар тіпті байлық туралы ойлаған да жоқ. Сонымен, бостандықтың ағашы терең тамырын жайғанша, бұл ақиқаттың қарлығаштары оны көз жастарымен суарып отырды. Киелі Кітап олар үшін иманның негізі, даналықтың басы және бостандықтың жарғысы болды. Оның ұстанымдарын бұлар мектепте де, үйде де және шіркеуде де зерттеді, үйренді. Соның нәтижесінде айтулы шәкірттер ұстамдылықты, үнемділікті, данышпандық пен парасаттылықты меңгерді. Олардың арасында бір де бір мас адамды немесе аш адамды кездестіруге мүмкін болмады, ауыздарынан бір де қарғыс сөз естілмеді. Киелі Кітаптың ұстанымдарының ұлттың өркендеуіне кепілді екені осы жерде жақсы байқалды. Кішкентай мекенді жерлер үлкен - үлкен штаттарға айналып, папасыз, шіркеусіз, патшасыз өркендеп, көркейіп есіп жатқанына бар әлем таң қалып қарап отырды. Дегенмен Американың жағалауына ойлары мүлдем өзгеше жандар да кептеп жиналды. Алғашқы кездегі сенім мен тазалық адамдарға қатты әсер еткенімен, пайдакүнемдердің саны көбейген сайын, тазалық пен пәктіктің әсері нашарлай бастады. Жауапты қызмет орындарына ие болуға және дауыс ббруге шіркеудің мүшелері ғана құқылы болды, десе де оның соңы жақсылыққа апармады, себебі көпшілік жандар шіркеудің мүшелігіне белгілі орындарға мс болу үшін жай гана формалды түрде кірді, ал шын мәнінде жүректері Алладаи өте алыста еді. Тіпті шіркеуде қызмет жасайтын насихатшылардың өздерінің

Киелі Рухтың адамның мінезін өзгерте алатын күші бары міңкелеріне кіріп те шыққан жоқ, оған қоса айтулы ұстаздар ақиқатқа қарсы келетін пікірлерді уағыздай бастады. Осының нәтижесі өте күйінерліктей болды. Мұндай оқиғалар, яғни шіркеуді мемлекеттің көмегімен ұстап тұру, «Менің патшалығым бұл өмірдікі емес» деген Алланың Ізгі хабарын қолдау үшін зайырлы биліктің көмегіне жүгіну Константинның заманынан бері біздің уақытымызға дейін бір-ақ рет болып қойған жәйт емес. Шын мәнінде мемлекет пен шіркеудің арасындағы байланыс әлемді шіркеуге жақындатқан жоқ, керісінше шіркеуді әлемге жақындатты.

Киелі Жазудан шығып тұрған Құдайдың жарығын қабылдауға әр адам дайын болуы керек те. Бірақ керісінше Робинсон мен Роджер Уильямс уағыздаған бұл ұлы ұстанымды олардың ұрпақтары жоғалтып алды. Америка мен Еуропаның протестанттық шіркеулеріне Реформация жол ашып бергенімен, олар бұл жолмен жүрмеді. Ара тұра ақиқатты айқын уағыздап отырған реформаторлар болса да, Мәсіх Исаның заманындағы яхудейлер секілді, иә болмаса Мартин Лютердің кезіндегі папалықтар секілді халық ата бабаларының дәстүрлерін өзгерткісі келмей, соған риза болып отыра берді. Сол себепті де дін қайрадан формализмге айналды. Егер де шіркеу беріліп тұрған жарыққа қарай ұмтылғанда, салтдәстүр, ырым-жырым секілді керексіз рәсімдер өзінен өзі жойылған болар еді. Бірақ халық Құдай сезіне құлақ аспады, тазалыққа қарай ұмтылмады. Соның нәтижесінде Лютердің кезіндегі Рим шіркеуі секілді протестанттық шіркеулерде де, реформаландыру қажеттігі туындағанша, Реформация рухы бара-бара өшті. Шіркеуде зайырлы және діни дағдарыс билік құрып, адамның пікірінің алдында бәйек болу пайда болды. Бір сезбен айтатын болсақ, Құдайдың берген ілімі адамның ойлап шығарған теориясымен алмастырылды.

XIX ғасырдың басында Киелі Жазбаның кең етек жайып тарағаны айтарлықтай табысқа жеткізген жоқ, себебі албасты бір кездері Киелі Жазбаны халықтан жасырып түнекте ұстаса, енді олай істей алмайтынын білген соң, Киелі Жазуды құнсыздандырып халықтың оны зерттеуге зауқын болдырмай қойды. Сол себепті адамдар баяғысынша естігендеріне сене беретін күйге жетті және де Киелі Кітаппен ешбір ортақтасғыны жоқ қате ілімдер тарап жатты. Ақиқагғы іздеп, оны зерттегендерді қуғын-сүргінге ұшыратқан албасты, енді бұл тәсілдің іске аспайтынын сезіп, халықты алдау тәсіліне кірісті, яғни олардың дегендерімен келісу ұстанымы. Бір кездері ол осы тәсілді пайдаланып жұртты Құдайдан бездіріп, нәтижесінде Рим шіркеуін құрған болатын. Енді ібіліс мәсіхшілердің басын ежелгі кездегідей кәпірлермен

емес, табынатындармен біріктірмек болды. Сонда кімге деген сұрақ туындайды? Әрине Құдайға емес, колдаи жонып жасалған пұттарға табынатындармен біріктірді. Ал бұл одақтың соңы бұрынғыдан да сорақы жағдайға әкеліп тіреді. Нәтижесінде діннің бетпердесін жамылған менменшілдер мен ысырапшылдар тәрбиеленіп шықты. Шіркеулер іріп шіріп бықси бастады. Албасты ақиқатты бұрынғыдан да бетер бұрмалады. Миллиондаған халықтың ажалы болған мағынасыз, зиянды дәстүрлер тамырын тереңге жайды. Шіркеу «бір кездері тақуаларға берілген иманды» қорғағанның орнына, керісінше айтулы дәстүрлерді колдады және қорғады. Осылайша ақиқаттың ұлы ұстанымдары үшін шайқасқан реформаторлардың жанкешті еңбектері зая кетті.

Нұрдың - хабаршылары

Киелі Кітап ашып берген ең салтанатты және ең ұлы ақиқат - бұл Иса Мәсіхтің қайтадан екінші рет жер бетіне келетіні жайлы хабар. Адам затының күнәдан ақталуы осылайша аяқталады. «Қараңғыда» жер бетін кезіп жүрген Құдай халқы үшін, ақыр заманның келуі, мәңгілік өмір Сыйлаушының қайтадан оралуы - өте қуанышты хабар және қуанышты үміт. Сонау баста жер бетіндегі алғашқы жұбайлар Бейіш бағымен күңіреніп қоштасқалы Құдайдың адал құлдары жұмақты аңсап, ақырды күтуде. Мәсіх Исаның жер бетіне келетіні жайлы хабар ерте заманнан бергі барлық қасиеттілерді үміттендірген қуаныш. Бір кездері Бейіш бағында өмір сүрген Адам атаның жетінші ұрпағы Ідіріс 300 жыл бойы жер бетінде «Алланың апдында жүріп» Құтқарушыны алыстан кәруге тұрарлықтай болды.

«Міне, қаптаған киелі періштелерін ерітіп, жер бетіндегі жандарды соттап, әр пендеге үкім шығару үшін, Құдай келе жатыр»- дейді ол (Яхуда.14,15). Әйүп пайғамбар тәні жараланып, қасірет шегіп жатқан кезінде, болашақта болатын оқиғаны сеніммен хабарлайды: «Білемін Құтқарушым менің тірі, Ол соңғы күні менің шіріген денемді қайра жаңартады, Оны басқа біреу емес, мен өз кезіммен көретін боламын»-дейді (Әйүп. 19:25-27).

Мәсіхтың келетіні Киелі Жазбаның авторларын шабыттандырып, бұл оқиғаны олар өте көтеріңкі көңіл күймен қуанышты түрде сипаттайды. Бұл ақындар мен пайғамбарлар айтқандары тыңдаушыларының көкейлерінен шығатындай жалынды сөздерді жақсы таба білген. Жыршы, патшалардың Патшасының келетіні жайлы тебірене отыра айтып, толқи сөйлейді: «Сұлулықтың заңғар шыңы Сионнан

Құдай келе жатыр және Ол үнсіз емес. Оның алдында жалындаған от, маңайында қатты дауыл. Иеміз көктен жерді көріп тұр жөне Ол Өз халқын соттап, оларға үкім шығару үшін келеді» (Жыр. 49:2-4). «Қуаныңдар көктегілер, салтанат құрыңдар жердегілер. Оның көз алдында мұхиттар мен теңіздер шулаңдар. Өйткені жерге Жаратқан Иеміз келе жатыр. Ол өлемді шындықпен соттап, адамзатқа ақиқатпен үкім шығарады» (Жыр. 95:11,13). Ишая пайғамбар болашақта болатын оқиғаны сипаттай отыра былай дейді: «Көрдегілер оянып, орындарынан тұрады! Топыраққа айналғандар салтанат құрып қуаныңдар! Өйткені өсімдіктің шығы - Сенің шығың және жер өлгендерді қайтарып береді». «Өлім мәңгілікке жоғалады. Құдай Өз халқының көз жасын құрғатып, оларды ақтап алады, өйткені Құдай солай дейді. Сол күні пенделері: Мінекей біздің Құдайымыз келді, біз Оған кәміл сендік, ал Ол бізді мәңгілік ажалдан құтқарып алды, енді бәріміз қуанып, біріміз қалмай шағтанайық» (Ишая 26:19; 25:8-9). Аббақұқ пайғамбар езіне берілген аян жайлы былай деп жазады: «Теманнан Құдайымыз келеді, Қасиеттіміз Паран тауынан көрінді. Оның ұлылығы жер бетін көмкеріп, оны Өзінің атағымен толтырды. Иеміздің жарығы күннің көзіндей жарқырайды. Ол жерді сілкіндірді, бұдан халықтардың үрейлері ұшып, дірілдеп кетті; ғасырлық таулар жарылып, алғашқы жоталар құлады; Құдайдың жолы мәңгілік», «Жаратқан Өзінің арғымақтарына отырды, Иемізді көріп таулар діріл қақты, сулардың кезі ашылды, шыңыраудан үн шықты. Шексіз Алланың ұшып жатқан садақтарының жарығынан ай мен күн тоқтады. Жаратқан Ием Сен Өз халқыңды, белгілеп қойған адамдарыңды құтқарып алау үшін келесің» (Аббақұқ 3:3-13).

Құтқарушы жер бетінен көтеріліп кетер алдында Өз шәкірттеріне былай деп уәде берген болатын: «Мен сендерге қайта келемін. Сендер қамықпаңдар. Әкемнің үйінде барлығыңа да орын жетеді. Мен барып сендерге тұрақтарыңды дайындаймын. Сонан соң қайта келіп сендерді әкетемін» (Жох. 14:1-3). «Даңқы жерді жаңғыртып, қаптаған періштелерін ерітіп, Мәсіх Иса жер бетіне қайта келеді және жер бетінің барлық тұрғындары Оның алдына жиналады (Матай 25: 31 -32).

Зәйтүн тауының үстінен көкке көтеріліп кеткен Исаның соңында аялдап тұрып қалған періштелер де солай деген болатын: «Ол көкке қалай көтеріліп кетсе, жерге дәл солай оралады» (Елш. 1: 11). Киелі Рухпен шабыттанған елші Пауыл былай деп куәлік еткен: «Жәбірейіл періште дауыстап хабар беріп, керней тартылған соң, аспаннан жерге Алла Өзі түседі, сонда ең алдымен Мәсіхке сеніп бұл дүниеден өткендер оянады» (Ісал. 4: 16). Патмос аралында болған пайғамбар да солай дейді: «Мәсіх келеді жөне Оны барлығы өз көздерімен

көреді, бұлардың ішінде Оны түйрегендер де бар, сонда жер бетіндегі барлық тайпалар үрейленіп, еңірейді» (Аян 1: 7). Құдай касиетті пайғамбарларының аузымен баяғыда жариялап қойғанының барлығы орындалып болғанша Мәсіхті көкке қайтарып алды (Елш. 3:21). Сол кез келгенде зұлымдықтың билігі тамамдалады, дүниенің патшалығы Құдай мен Мәсіхтің иелігіне көшіп, Иса мәңгілік патшалық, құратын болады (Аян 11:15) Сонда Жаратқан Иенің ұлылығы барлық адамзатқа көрінеді (Ишая 40:5). Құдай шындығы мен даңқын күллі халықтардың алдында айқындайды (Ишая 61:11). Сол кезде әлемнің Иесі Исраилдің салтанатты тәжі іспетті, тірі қалғандары үшін гүлдерден жасалған көрікті шірдей тамаша болмақ (Ишая 28:5). Жер бетіне Құдай келіп Өз патшалығын орнатқаннан кейін, жерде ақиқат пен әділдік орнайды. Иелерін көп күткен халқы үшін Құдай керемет жақсылықтар жасайды, орасан зор өзгерістер болып, шөл далалар жұмаққа ұқсап, аңыздар баққа айналады (Ишая 51: 3). Айдала жайқала гүлдеп, қуана ән шырқайды. Құла түз енді Ливан тауларындай салтанатты, Кармил тауы мен Шарон жазығындай құлшырып, көрікті болады (Ишая 35:2). Бұдан былай ешкім сені «күйеуі тастап кеткен» деп атамайды, жеріңді «ойсырап қалған» ден айтпайды. Қайта, сені «Қуанышым» және жеріңді «Келіншек» деп атайтын болады. Себебі Жаратқан Ие саған қағты қуанады. Күйеуінің келіншегін қамқорлайтынындай, Жаратушы да сенің жеріңді қамқорлайтын болады. Жас жігіттің қызға үйленетініндей, сенің тұрғындарың өзіңмен тұрақты байланыс орнатады. Күйеу жігіттің қалыңдығына қуанғанындай, Құдайың да саған шаттанады (Ишая 62:4,5).

Исаның келетіні барлық ғасырларда да Оның ізбасарларын үмітпен қанаттандырған. Құтқарушы Зәйтүн тауының үстінде оқушыларымен қоштасқан кезде, оларға: «Мен қайтып келемін» - деп уәде берген. Оның шәкірттерінің жүректеріндегі бұл қуаныш пен үмітті ешқандай мұң да, сынақ та өшіре алмады. Құғындалып, қасірет шегіп жүрген кездерінің өзінде Құдіретті Құдай Иенің келетіні оларды шексіз бақытқа бөледі. «Исаның келгенін өз көздерімізбен керер ме екенбіз» - деп үміттенген жақындарын жерлеп жатқан салоникалық мәсіхшілерді, олардың тәлімгерлері, елші Пауыл бышай деп жұбатты: «Сонда Мәсіхке сеніп бұл дүниеден өткендер түрегеледі, сонан соң тірі қалған мәсіхшілермен бірге көкке көтеріледі. Сөйтіп Жаратқан Иемен мәңгі бірге болады. Осы сөздерді айтып біріңді бірің жұбататын болыңдар» (ІСал. 4:16-18). Қалыңдығына қуанған күйеу жігіттей, жаңарған жерге және Өзінің құтқарып алған халқына Құдай да қатты қуанатын болады. Патмос аралында жатқан Исаның сүйікті оқушысы «Жуырда келемін» деген Оның сөзін естіп, барлық

ғасырлардағы шіркеулердің тілегін «Тезірек кел, Тәңір Иса, біз Сені күтеміз!»деп білдірген болатын (Аян 22: 20).

Киелілер мен шейттер ақиқат жайлы куәлік еткен зындандардан, жалыннан, эшафоттардан олардың сенімдері мен үміттерінің дауысы барлық ғасырларға тарап жатты. Қуғын-сүргінге ұшырап азап шегіп жүрген Исаның ізбасарлары ажал оғынан қорқып тайсалып көрген емес, өйткені өлімнен жоғары тұрды және Құдайдың келіп, ездерін қайта тірілтіп алатынына олар кәміл сенді. Вальдендіктердің де сенімі осындай болды. Уиклиф Құтқарушының келуін шіркеудің үміті деп күтті.

Лютер: «Менің ойымша Алла бір 300 жылдан кейін келіп қалуы мүмкін, өйткені Ол мына бұзылған заманға көп қарап отыра алмас» - деген болатын. Меланхтон болса: «Жер шарының тарихының аяқтауына көп уақыт қалған жоқ» дейді. Кальвин өз замандастарына: «Ашыққан адам тамақты қалай іздесе, бізде Алланы сонша тағатсыздана күтуіміз керек» - деп насихаттайды. Шотландтық реформатор Нокс: «Тәңір Иса жер бетінен көкке адам секілді көткіріліп кеткен жоқ па және Ол қайтадан қайтып келмей ме? Әрине келеді және бұл жуырда болатын оқиға, оны біз білеміз. Алланың жер бетінен көтеріліп кетуі қаншалықты айғақ болса, Оның жер бетіне оралуы да соншалықты айғақ» - дейді. Ридли мен Латимер ақиқат үшін жандарын қиған және Исаның келуін сеніммен күткен. «Дүниенің ақыры тақап қалғанына еш күмәнім жоқ - деп жазады Ридли, сондықтан Жохан пайғамбарға қосылып, «Тәңір Ием! Тезірек кел» - дейік. «Алланың жер бетіне қайтып оралатыны жайлы ой, менің жүрегімді тебірентетін қуаныш» - дейді Бакстер. Тақуалардың сенімі мен мінезі олардың Құтқарушыны сүйіспеншілікпен күткенінен жақсы көрінеді. «Егер өлім қайта тірілу арқылы жеңілетін соңғы жау болса, онда толық жеңіске жету үшін біз Исаның жер бетіне келуін күні түні тілеуіміз керек». «Ақыр заман дегеніміз мәңгілік ажал тұзағынан босататын, қасиетті мекеніңе оралып ауру-сырқаусыз, уайым - қайғысыз, өлімжітімсіз өмірге жеткізетін соңғы нүкте. Нағыз бақыт, нағыз жүрек жарды қуаныш дегеніміз осы емес пе? О, Құдайым! Осы күнді тезірек жақындата көр!» Бұл күнді елшілер де күткен, бабалар мен пайғамбарлар да күткен, бұл ысұнді реформаторлар да күткен. Сол күннің тезірек келуін біз де Алладан тілеуіміз керек. Пайғамбарлар Иса Мәсіхтің жер бетіне келетіні жайлы ғана айтып қоймай, Оның келуінің белгілері жайлы да айтады. Иса: «Күн мен ай және жұлдыздар белгі береді» дейді (Лұқа.21: 25). «Күн сөніп, ай жарығын бермей қояды, жерге жұлдыздар жауып, аспан күштері сілкінеді, сол кезде барлық адамзат Исанын даңқы және күшімен

жерге келе жатқанын көреді» (Марқа 13: 24-26). Жоһан пайғамбар көргенін: «Жер қатты сілкініп, күн, қара жамылғандай, жарығын бермей, ай қан секілді қып-қызыл болып қалды» - деп сипаттайды (Аян 6: 12). Бұл аян XIX ғасырдың алдында орындалды. 1755-ші жылы тарихта бұрын соңды болып көрмеген жер сілкінісі болды. Бұл Лиссабониялық жер сілкінісі деп аталғанымен, Еуропаның көп жерлеріне, Африка мен Америкаға жетті. Тіпті Гренландия, Вест-Индия, Мадейра аралы, Швеция, Норвегия және Ұлыбритания мен Ирландия жерлері де бұл сілкіністі байқады. Айтулы сілкініс төрт миллион квадрат мильден кем емес аймаққа тарады. Африкада сілкініс Еуропадағыдай қатты болды. Алжирдың басым көпшілік жерлері коғарылып қалды, ал Мароккодан алыс емес жерде орналасқан бір ауыл сегіз не он мыңдай халқымен жер жұтып, көзден ғайып болды. Испания және Африка жағалауларында су тасқыны көптеген аймақтарды шайып өкетіп, қаңғыратып бос қалдырды. Испания мен Португалияда жер сілкінісі өте қатты болды. Айту бойынша Кадиске биіктігі 18 метр толқын келді. Португалиядағы ең биік таулар түп орнымен қозғалды, олардың жоғарғы жақтары ашылып, неше түрлі қалыпқа түсті. Жақын жерлердегі ауылдарға таулар құлап, олар бұзылып қалды. Таулардың жарылған жерлерінен лаулап от шығып жатты. Лиссабонда әуелі жер астынан күннің күркірегеніндей қатты гуіл естіліп, онан соң жер сілкінісі қаланың басым көпшілік бөлігін қиратты. Айналырған 6 минуттың ішінде 60 мың адам елді. Теңіз әуелі жалаңаштанып шегініп барып, қайтып келіп 15 метрге көтерілді. Лиссабонда болған басқа да оқиғалардың ішінде мынаны айтпай кетуге болмайды. Орасан зор ақша белініп, таза мәрмәрдан жасалған жағалаудың быт-шыты шықты. Құтқарылып қаламыз ба деген ниетпен сол араға жиналған халық, тұңғиықтың түбіне түсіп жоқ болды, себебі жағалау кенеттен теңізге айналған болатын.

Сілкіністің салдарынан барлық шіркеулер мен монастырлар қирады, үлкен ғимараттардың күл талқаны шықты, тұрғын үйлердің төрттен бір бөлігі сынды. Кей жерлерден ерт шығып, тез өршіп бүкіл қаланы жоқ қылды. Бұл сілкініс мейрам күні барлық шіркеулер мен монастырлар адамдарға толған күні басталды. Аздаған адамдар ғана құтқарылып қала алды. Жұрт қатты үрейленді, ешкімнің жылауға шамасы келген жоқ, өйткені олар естері шығып не істеп, не қоятындарын да білген жоқ, кеуделерін соққылап: «Ақыр заман деген осы!» - деп айғайлай берді. Аналары балаларын ұмытып, қолдарына ұстаған пұттарымен ерсілікарсылы сабылды. Сорына қарай көптеген адамдар шіркеулерге кіріп, пұттарға табынды. Бірақ пұттардың бұларға ешқапдай себі тиген жоқ, сол арадағы жандар да, діндарлар

да, олардың құрып қойған пұттары да тып-типыл құрыды. Кейін сол күні 90 мың адамның қаза болғаны белгілі болды.

Сол оқиғадан 25 жыл өткен соң айтылған аянның жалғасы орындалды - күн мен айдың тұтылуы. Айтылған уақытында орындалған бұл аян көпшілікті қайран қалдырды. Оқушыларымен Зәйтүн тауының үстінде әңгімелесіп отырғанда Иса оларға ғибадатхананың басына түсетін қайғы кезеңін суреттеп айтқан болатын. Бұл 1260 жыл бойы папалықтардың Құдай халқын қуғынға ұшырататын кезеңі еді. Және Ол, бұл күндер қысқартылатын болады деп ескерткен болатын. Сонымен қоса Ол Өзінің келер алдындағы болатын кейбір белгілерді және де сол белгілердің алғашқысының уақытын да айтқан еді. «Қайғы мұң кезеңінен кейін күн сөніп, ай жарығын бермей қояды» (Марқа 13: 24). 1260 күн немесе жыл периоды 1798 жылы аяқталды. Айтулы мезгілге ғасырдың төрттен бір бөлігіндей уақыт қалғанда қуғын-сүргін түгел дерлік тоқтады. Исаның сезі бойынша қуғынсүргіннен кейін күн тұтылуға тиісті болды. 1780-ші жылы 19-шы мамыр күні бұл аян орындалды. Осы күні Жаңа Англияда күн тұтылып, атаулы жер қара түнекке оранды. Бұл езінше түсініксіз, құпия феномен* болды.

Массачусетс штатындағы куәгерлердің бірі болған оқиғаны былай деп сипаттайды: «Таңертең әдеттегідей күн шықты, бірақ біраздан соң бұлттар қоюланып, күн ұясына отыра бастады. Арасында найзағай жарқылдап, аздап жаңбыр жауды. Таңертеңгі тоғыздың кезінде бұлттар сейіліңкіреп қола - сары немесе мыс тәрізді түске айналды. Жер, ағаштар, таулар, сулар, тіпті адамдардың түстері де бір түрлі өзгеріп кетті. Бірнеше минуттан соң, әдетте кешкі сағат тоғыздың кезінде болатындай, көкжиектегі жіңішке жолақты санамағанда, аспанды қара бұлт торлап, жерге қараңғылық түсті. Адамдардың бойларын қорқыныш билеп, олар қағғы абыржи бастады. Әйелдер есіктерінің алдына шығып, қараңғыға қарап тұрып қалды. Ерлері жұмыстарынан қайтып оралды. Жұмыскерлер жұмыс орындарын тастап, балташы саймандарын, ұста ұстаханасын жауып, саудагерлер саудасын тамамдап, дүкендер жабышып, мектептен балалар қорқып оралды. Жол жүріп бара жатқан жолаушылар жақын жерлердегі мекендерге тоқтады. Барлық адамдардың көкейлерінде туындап оларды киналтқан бір-ақ сұрақ болды. «Не болайын деп тұр?» Ешқашан көріп білмеген дауыл басталайын деп тұрғандай болды. Жұрт майшамдарын жағып, тауықтар орындарына қонақтап, мал өрістен оралды. Колбақалар бақылдап, құстар кешкі әнге басты. Барлық жерлерде жарқанаттар ұша бастады. Бірақ түннің басталуына көп уақыт барын тек адамдар ғана білетін».

Салемдегі Скиния атты шіркеудің пасторы, доктор Уиттейкер Нафанаил мәжілісханада қызмет өткізіп жатқан болатын және өз уағызында ол: «Бұл түнек тегінде табиғидан жоғары құбылыс» - деп белгіледі. Басқа да ғибадатханаларда тәлім беріп жатқан насихаттаушылар Киелі Жазбадағы осы оқиғаның болатыны жайлы жазылған жерлерін оқи бастады. Сағат 11 ден кейін тіпті қараңғы болып кетті. Жұрт сағаттың тілін майшамсыз кере алмай қалды. Бұл түнек шығыстағы Фалмаутидан бастап Коннектикута және Албанидың батыс шекараларына дейін жетті. Оңтүстік теңіз жағалаулары түп түгел және солтүстік америкалық қоныстарды ала барлық жерлер қараңғылыққа шомыды. Күн батуға екі сағат шамасындай уақыт қалғанда ғана түнек сейіле бастады, бірақ қою қара тұман әлі де болса кете қоймады. Күн отырсымен аспанды қара бұлт тұмшалап, қайтадан қараңғылық түсті. Бұл қараңғылық та, күндізгідей өте қорқынышты болды. Туып тұрған толық айға қарамастан, барлық жер Мысырдың қараңғы түнегіне оранғандай болды, майшамсыз ешкім аяқ баса алмай қалды». Бұл оқиғаны көзі көргендердің бірі былай дейді: «Барлық жұлдыздар мен көктегі жарық денелер жасырынып немесе сөніп қалса да, пайда болатын түнек бұл түнектей қорқынышты болмас». Кешкі сағат тоғызда толық ай туды, бірақ соған қарамастан түнек сейіле қоймады. Түн ортасынан былай қарай ғана түнек сейілді, ай болса қыпқызыл қан түске айналды. 1780 жылғы 19-шы мамыр «қараңғы күн» деген атпен тарихқа енді. Мұса пайғамбардың заманынан бері қарай, соншалықты уақытқа созылған және соншалықты көп аймаққа тараған түнек болып көрген емес еді. Осы оқиғаның көзі көргендермен берілген сипаттамасы сол оқиға орындалмастан 25 ғасыр бұрын Жоел пайғамбары жазып кеткен аянның, яғни Тәңірдің Сөзінің әлсіз ғана жаңғырығы (ызыңы) және ол айтылған уқытында тамаша бір дәлдікпен орындалды. Бұл аянда: «Ұлы да, қорқынышты ақыр күні келмес бұрын күннің козі түнеріп, ай қып-қызыл қан түске айналады» делінген (Жое.2: 31).

Иса Мәсіх меншікті халқына Өзінің келер алдындағы болатын замана өзгерістерін бақылап отыруларын және патшалардың Патшасының келетін мезгілін қуанышпен қарсы алуға дайын болулары керектігін айтқан болатын. «Сол оқиғалар орындала бастағанда, бастарыңды кетеріп шаттаныңдар, себебі ол азат етілетін уақыттарыңның жақын екенін мезгейді». «Көктемде ағаштардың бүршік жарғанын көріп, жаздың келе жатқанын қалай білетін болсаңдар, болып жатқан оқиғаларға қарап, Құдайдың патшалығының тақау екенін де білетін болыңдар» - деген еді. (Лұқа 21: 28, 30, 31).

Бірақ шын мәніндегі момындық пен Құдайға деген берілгендіктің орнын тәкәппарлық пен құр формализм басқандықтан, Алланың келуіне деген сенім салқындап кетті. Күйбең тірлікпен айналысып, кездері алақтап дүниенің соңына түсіп кеткен Құдай халқы Оның берген тәлімдерін ұмытып, жалған мәліметтермен көз алдарын тұмандатып, ақыры Исаның жерге екінші рет оралатыны туралы ақиқат бір жола ұмытыла бастады. Әсіресе бұл Америка шіркеулерінде жиі кездесетін оқиға болды. Халық жер бетіндегі үйреншікті тәртіпті бір-ақ күнде жоққа шығаратын ақырдың келетінін ұмытып, ыңғайлылық пен бостандықты пайдаланып, атақ пен байлыққа, молшылық пен кеңшілікке ие болу үшін жан-дарын салды. Арам дүние табуға, билік құрып атағын шығаруға ұмтылды және сол айтылғандарға кім болса да қолын жеткізе алады деген құлшыныс болашақта болатын салтанатты күнді алыстата түсті.

Ізбасарларына Өзінің келер алдындағы болатын белгілерге нұсқай отыра, Құтқарушымыз Иса Мәсіх, сол оқиға болардың дәл алдында осындай шегінушіліктің болатынын білген еді. Нұх пайғамбарының заманындағыдай жұрттар үйреншікті әдет бойынша үйленетіндері үйленіп, тұрмысқа шығатындары тұрмыс құрып, егіншілер егіндерін егіп, үй салғысы келгендер үйлерін салып, саудагерлер саудасын жасап, сататындар сатып, алатындар алып, халық Құдайды ұмытып дүниенің қамын ойлап жүргенде, қылышын сүйретіп ақырдың күні жетеді. Бұл жөнінде Иса Мәсіх: «Байқаңдар, рахаттанып ішіп жеп, масаттанып жүріп ақырдың келетіні жайлы ұмытып кетпеңдер, болашақта болатын зілзала мен апаттан құтылып, Құдайдың алдында тұра алатындай болу үшін, әрқашан сергек болып, мінәжат етіп сыйыныңдар» - дейді (Лұқа 21: 34, 36). Қазіргі кездегі шіркеудің жағдайын Құдай былайша суреттейді: «Сен өзінді тірімін деп ойлайсың, бірақ сен өлісің» (Аян 3: 1). Бейқам жүргендерге Алла былай дейді: «Сергек болмасаң Мен сені іздеп табамын, қай кезде табатынымды сен білмейсің» (Аян 3: 3). Адамдар өздерінің қандай жағдайда тұрғандарын түсініп, болашақтағы соңғы сынақтармен байланысты болатын оқиғаларға дайын болуы керек. Бұл жөнінде пайғамбар: «Келе жатқан ақырдың күні ұлы және өте қорқынышты күн, оған кім шыдай алар екен?» - дейді (Жое.2: 11). «Сол күні Оның алдында кім тұра алады екен» - деп, Тәңір Иенің келуіне байланысты жазылған мынадай мәтін бар: «Киелінің көзі зұлымдыққа қарай алмайды» (Абқ. 1:13). «Біз Алланы танимыз, Оны жақсы білеміз - деп, өздері керісінше Құдай заңын бұзғандар (Ош. 8: 2, 1; Жыр. 15: 4), жүректерін зұлымдық, кернеп, сол зұлымдықты сүйгендерге ақырмен қоса түнек те келеді» (Амо. 5: 20). Сол күні Алла: «Қолыма майшамымды

алып Иерусалимді қарап келейін «Құдай жақсылық та, жамандық та жасамайды» деп, заңсыздықтың үстінде отырғандарды жазалаймын» - дейді (Соф. 1:12). «Мен зұлымдық жасағандарды жазалаймын, тәкаппар - менменшілдердің көздерін құртамын» (Ишая 13:11). «Сол күні алтындары мен күмістері оларға көмектесе алмайды. Байлықтары жемтікке айналып, үйлері құлдырап босқа қалады» (Соф. 1:18,13). Осы қорқынышты заманның келетінін алдын ала білген Еремия пайғамбар былай дейді: «Жүрегім қобалжулы, үнсіз тұра алмаймын, өйткені менің жаным сырнайдың дыбысын естіп, ұрыстың болатынын сезіп тұр» (Ерм. 4: 19, 20).

Бұл күн кек алатын күн, қайғы мен қысым күні, ойсырата қирату күні, түнек күні, сырнайдың дыбысы мен ұрыс күні (Соф. 1:15,16). Бұл күн күнәкарлардың көздерін құртып, жерді бос қалдыратын күн (Ишая 13:9).

Осы ұлы күн келмес бұрын Құдай Сөзі халықтарды діни дағдарыстан шығып, Құдайға қарай бет бұруға шақырады: «Ақыр заман тақау! Құдайдан қорқыңдар! Ораза ұстап, салтанатты жиын жариялаңдар, халықты жинаңдар, кәрілер де, жастар да келсін. Күйеу балалар мен қалыңдықтар да шықсын. Құдай үйіндегі есік пен құрбан шалатын орынның ортасында жүрген дін қызметкерлері зарласын. Жыландар барлығың, киімдеріңді емес, жүректеріңді жыртыңдар, Құдайдан кешірім сұрап, Оған жалыныңдар. Алла мейірімді, кешірімді, өте шыдамды және аса рақымды» (Жое.2: 1, 15-18,12,13).

Ақыр күні күтқарылып қалу үшін ұлы өзгерістер қажет. Құдай Өз халқының арасында көптеген адамдардың Құдай патшалығына кіруге дайын емес екенін көрді, сондықтан да Ол осы хабарды әдейілеп солар үшін жіберді. Бұл хабар аянның 14-ші тарауында жазылған. Үш періште хабарландыруларын жеткізсімен Құдай жер бетіне «егін» жинауға келеді. Бірінші хабарда сот жайлы айтылады. Пайғамбар аспаннның дәл ортасында қолына Ізгі хабарды ұстап ұшып келе жатқан періштені көрді. Бұл періште жер бетінің күллі тұрғындарына, барлық ұлттар мен буындарға, әр түрлі тілдерде сөйлейтін барша халыққа: «Құдайдан қорқыңдар, Оның есімін мадақтаңдар, өйткені сот басталды. Жер мен кекті, теңіздер мен мұхиттарды Жаратқанға табыныңдар» - дейді (Аян 14: 6, 7). Бұл хабар мәңгілік Ізгі хабардың бір бөлігі ғана. Құдай сөзін уағыздау періштелерге емес, адамдарға сеніп тапсырылған. Періштелер тек бұл жұмыстың қалай жүріп жатқанын бақылап, қолбасшылық жасайды. Ізгі хабарды жер бетіне таратып, әр пендеге айтып жеткізу Құдайдың адал құлдарына жүктелген. «Таң атып, таңғы жұлдыз жарқырап шыққанша, жер бетіне жарық беріп тұратын «пайғамбарлар жазып қалдырған шын

Сөзге” кәміл сенген, Киелі Рухтың жетелеуіне бағынған, Оның тәлімдерін бұлжытпай орындаған Құдайдың сенімді құлдары Ізгі хабарды жердегілерге таратқан» (2Петір.1: 19). Бұл қызметкерлер Алла туралы ақиқатты басқа қазынадан артық іздеген және «даналыққа ие болу күмістен және оның пайдасы алтыннан артық» екенін түсінген (Нқл. 3:14). Сондықтан Құдай оларға Патшалықтың ақиқаттарын сыйға тартқан. «Құдай Одан корқатындарға сырын ашады және есігін оларға өнеге қылып береді» (Жыр. 24: 14).

Егер ғалымдар мен ақылгөйлер Құдай сөзін қолдарына алып, оны дұрыс тілек тілей отырып зерттесе, онда олар түн қараңғылығының түскенін сезіп, болашақты болжай алған болар еді. Бірақ олар Құдай Жазбасын керек кылмағандықтан, бұл киелі істі орындауды Жаратушымыз қарапайым жандарға тапсырған. «Түнек басып алмау үшін, жарықта жүріңдер» - дейді Иса (Жох. 12: 35), яғни Құдайдың жарығын қабыл алмайтындар қараңғыда қалады. «Менің соңымнан ергендер, қараңғыда қалмайды, үнемі жарықта жүреді» - дейді Құтқарушымыз (Жох. 8:12). Құдай сөзін жан тәнімен зерттеп, оны білгісі келгендерге Алла ақиқатты ашады.

Миха пайғамбар Құтқарушымыздың қай жерде туатынын, ал Даниял пайғамбар Оның қай уақытта келетінін айтқанымен (Мих. 5: 2, Дан. 9: 25), сол заманның дін мұғалімдері мен кітап оқытушылары Иса Мәсіхтің бірінші рет жер бетіне келетіні жайлы білмеді, адамдарға Ол туралы хабарлап айтқан жоқ, өйткені олар жазбаны дұрыс зерттеген емес. Мұндай нәтижеге олар немқұрайдылықтың салдарынан келіп тірелді. Олар дүниеден өткен пайғамбарларға ескерткіштер орнатып, осы дүниенің ұлыларыи мадақтап, яғни шайтанның қызметкерелерін әспеттеп жүргевде, қоғамдағы орындарға таласып жатқанда, патшалардың Патшасы жайлы ұмытып, Оның батасынан күр қалды.

Исраилдің аксақалдары мен ру басшылары Құдай Жазбасын мұқият зерттеп, адамзат баласын мәңгілік өлімнен құтқару үшін келе жатқан Иса Мәсіх жайлы біліп жөне Ол туралы халыққа жариялап, әлемнің Құтқарушысын қарсы алуға дайын болулары керек еді. Өкінішке орай олай болмай шықты. Вифлеемге шаршап шалдыққан екі жолаушы келіп кірді. Олар Назареттен келе жатқан болатын. Бар қаланы аралап қонатын жер таппай, ақыры мал тұратын қораның бір бұрышына жайғасты. Дәл осы жерде бар әлемнің Құтқарушысы дүниеге келді.

Оның салтанатты, сәнді, сұлу түрін көрген, Құдай Әкемен бөліскен даңқының куәсі болған, Оның нұрына бөленген періштелер, енді Құтқарушының жер бетінде қалай туылатынын мұқият

бақылады. Айтулы хабардың жеткізілуі періштелерге жүктелді және бұл оқиға жер бетінің тұрғындарына қуанышты хабар болып таралуға гийісті еді.

Иса Мәсіх адам затының табиғатын қабылдап, оның құрбанына айналмақшы. Құтқарушының, адамның деңгейіне дейін төмендегеніне қарамастан, Оның адамдардың арасына салтанат құрып келуі әбден мүмкін еді. Жер бетінің өйгілілері мен ұлылары Исраилдің астанасында жиналып, туылатын нәрестені салтанатты гүрдс қарсы алар ма екен? Мыңдаған періштелер жерге түсін Құтқарушыны тосып тұрған халыққа Оны ұсынар ма екен?

Жердегілердің Құтқарушыларын қалай қарсы алайын деп жатқанын көру үшін, періште жерге түсті. Вирақ ешбір жерден ешқандай ән естілмеді. Қалаулы қаланың, бірнеше ғасырлар бойы Алланың даңқы шарықтап тұрған ғибадатхананың үстінен бақылаған кезінде, ол жерден де періште ешқандай дайындықты көрмеді. Діндарлар арам құрбандықтарын жасап, парызшылар әр жерде халыққа дауыстап бірдеңелерді айтып, жұрттың көзіне түсу үшін бұрыш бұрыштарда тұра қалып дұға оқып жатқандарын көрді. Патша үйінде, философтардың жиынында, дін оқытушыларын дайындайтын мектептерде, бір сезбен айтқанда еш жерде, ешқандай дайындықтың ширегі де жоғын көрді. Күллі көкті қуанышқа толтырған бұл хабарды естуге, әлемнің Құтқарушысын қабыл алуға ешкім дайын болған жоқ, тіпті Оның келетінін сезген де жоқ. Жер бетінде Өмір Ханзадасын қарсы алуға дайын адамдар жоғын біліп және таң қалып қатты қысылған періште көргенін жеткізбекші болып, көкке қайтадан оралайын деп жатқанда, малдарын күзетіп отырған бір топ бақташыларға кеңілі ауды. Олар аспандағы жарқыраған жұлдыздарға қарап, жер бетіне Құтқарушының келетіні жайлы өңгімелесіп отырды. Олар Құтқарушының келгенін қалады, соны жан дүниелерімен аңсады. Дәл осы отырғандардың Құтқарушыны қабыл алуға дайын екендерін көрген періште қатты қуанды. Ол бақташылардың алдына келіп түсе қалып осы қуанышты хабарды оларға жеткізді. Сол-ак екен көктің даңқы жазықтықты толтырып жіберді. Айтулы хабардың қуанышты және де маңызды болғаны соншалықты, оны бір-ақ хабаршы жеткізуі мүмкін емес еді. Сол жазықтық періштелерге толып, қуанышты хабар сұлу әнге ұласты. «Заңғар көкте Құдай мадақталсын! Жерге береке бірлук ориап, адамдарға тыныштық болсын» (Лұқа 2:14).

Осы Вифлеемде болған тарихи оқиғаның қаншалықты мәнді екенін адамзат білсе ғой. Бұл оқиға адамдардың бойларына сіңіп кеткен менменшілдікті, тәкашпарлықты, сенімсіздікті айқын әшке-релейді. Ол адамдарды немқұрайдылықтың салдарынан замана

белгілеріне көңіл аудармай, Алланың келгенін білмей қалатын жамандықтан сақтандырады!

Періштелер Құтқарушының келуін күткендер тек Яхудей төбешіктері мен бақташылардың араларындағы жандар ғана емес, солармен қоса пұтқа табынушы кәпірлердің жерлерінде де Құтқарушының келуін күткен адамдар барын білді. Олар ақылды да атақты, бай және данышпан Шығыстың философтары болатын. Жаратылысты зерттеу арқылы олар Жаратушының барын білді. Еврейлердің жазбаларын тексеру арқылы олар жаңадан туатын жұлдыз жайлы мағлұмат алды. Осылайша бұл ғалымдар тек Исраил халқы үшін ғана емес, жер бетіндегі барлық адамзат баласы үшін құрбан болатын Құтқарушының келетінін біліп, Оны тағатсыздана күтті (Лұқа 2:25,32; Елш. 13:47). Бұл данышпандар жарықты іздеді, сол себепті Құдайдың нұрынан шыққан жарық оларға жол нұсқады. Иерусалимдегі діни мұғалімдер мен дін уағыздаушылар түнекте отырғанда, пұтқа табынушылардың жерінің жолаушылары жарқыраған жұлдыздың соңынан жүріп отырып патшалардың Патшасының туылатын жеріне жетті.

Өзін күтіп отырғандарды әкету үшін Иса Мәсіх екінші рет жер бетіне келеді (Евр. 9:28). Құтқарушының туатыны хабарланғандай, Исаның екінші рет жер бетіне келуі жайлы хабарды уағыздау да дін көсемдеріне емес, карапайым жандарға тапсырылды. Діндарлардың жүректері Құдайдан алыс болды, көктен келген жарықтан бас тартты, сол себепті «Біз түнектің балалары емеспіз, біз жарықтың балаларымыз, сондықтан ол күн бейқам отырғанда келмеу үшін, байқаулы болыңдар» - деген елші Паулдың сөзінің соларға еш қатысы болған жоқ (ІСал. 5:4-5). Сионның күзетшілері Құтқарушы жайлы хабарды бірінші болып қабылдап, халыққа таратуға тиісті еді, бірақ өкінішке орай олар өздерінің қара бастарының қамын ойлап, өз қауіпсіздіктері жайлы армандап жүргенде халық қылмысқа батқан үстіне бата түсті, сөйтіп күнә ұйқысына шомыды. Иса ғибадатхананың, жапырақтары жайқалып өсіп өздері ешқандай жеміс бермейтін инжир ағашы секілді, мақтанып отырғандарын көрді. Ғибадатхана Алланың көңілінен шықпады, діннің қалыбына ғана ие болып Құдайға сенуден, Оған шын мәнінде бағынудан, тәубаға келуден мүлдем аулақ болды. Киелі Рухтың беретін жемістерінің орнына құр формализм, мақтаншақтық, өзін өзі әспеттеу, біреуді зорлау сияқты мінездер пайда болды. Құдай оларды ұмытпағанымен, олар Құдайды ұмытып уақыт белгілерін байқамады. Сол себепті олар Құдайдан және Оның сүйіспеншілігінен алыстап кетті, нәтижесінде, әрине Жаратқанның батасынан құр қалды. Қазіргі кезде де егер ғибадатхана Құдайдың заңын орындап, міндетіне жауаптылықпен қарап, Оның дегенімен

жүрмесе, дін бос формализмге айналып, Киелі Рух олардың өздерімен өздерін қалдырады. Бұл ақиқат неше рет ғибадатхана тарихымен расталды. Құдай Өз халқына сыйлаған дарындылықтары мен өзгерден артықшылығына сай, олардың Тәңірге бағынуын және Оған адал қызмет етуін талап етеді. Бағынушылық дегеніміз құрбандық және айқыш ағаш, осы себеп бойынша өздерін Мәсіхтің ізбасарларымыз деп есептейтіндердің көбі ежелдегі яһудейлер секілді өздеріне түсіп тұрған жарықты қабылдамай, нәтижесінде Құдайдың өздерін құтқаруға келгенін түсінбеді (Лұқа 19:44). Құдай еркөкірек, имансыздардың жандарынан өте шығып Вифлеем бақташылары мен шығыстың данышпандарына ақиқатты ашқандай, Оның жарығын қабыл алуға дайын болғандарға ғана батасын береді.

Үміттің хабаршысы

Вильям Миллер өте әділетті де момын фермер болатын. Киелі Жазбаға онша сене қоймағанымен, оның ақиқатты білуге деген ұмтылысы зор болды. Сол себепті Құдай оны Мәсіхтің жер бетіне келетіні жайлы хабарды көпшілікке тарату үшін Өзінің қызметшісі ретінде таңдап алды. Басқа да көптеген реформаторлар секілді, оның жастық шағы да жоқшылықпен өтті. Сондықтан болар, ол көп нәрседен бас тартуды үйреніп, дер кезінде шешім қабылдап бастаған ісін тиянақты орындауға тырысатын. Оның туып өскен жанұясы тәуелсіздікке, бостандыққа, шыдамдылыққа және отанына деген зор сүйіспеншілікке ұмтылатын. Бұл тәрбие Вильямның мінезінің қалыптасуына көп әсерін тигізді. Оның әкесі революциялық әскердің капитаны болған. Олардың тапшылықтың тақсиретін тартуының да басты себебі осы еді.

Соған қарамастан Вильям Миллердің денсаулығы ете мықты болды, сонымен қоса ол ете ақылды да болатын. Бұл қасиеттер бала өскен сайын өте жақсы көріне бастады. Білімге деген құштарлығы зор болды. Университет қабырғасында оқымағанымен, оның білімге деген сүйіспеншілігі, ойлануға деген әдеті және пайдалы іспен шұғылдануы оны саналы, дарынды азаматтардың қатарына шығарды. Сондай тәртіпті, өнегелі, үнемшіл, таза пиғылды азамат болғандықтан жұрт оны қатты сыйлады. Үнемшілдігі, қуаты, және талаптылығы мен табандылығының арқасында қаржылай тәуелсіздікке жетті. Дегенмен білімін толықтырып отыруға деген әдетін қалдырған жоқ. Азаматтық және әскери жүйелерде белгілі орындарға ие болып, басқару жұмыстарын жүргізді. Басқаша айтқанда

оған атақ пен байлыққа ие болудың жолы ашылды, десе де оның көз-деген мақсаты мүлдем басқа болды.

Оның анасы қарапайым таза жанды әйел болған, сондықтан балалық шағы рухани атмосферада өтті. Десе де есейе келе Миллер деистердің қоғамына кірді. Олар өте тәртіпті, мейірімді, шыдамды, ұстамды, бауырмал жандар болатын. Мәсіхшілер жанұяларында өсіп шыққан бұл адамдардың мінездерінің қалыптасуына олбетте Киелі Кітаптың әсері тигенімен, оны дұрыс зерттеп талдай білмегендерінің салдарынан, бұл адамдар маңайындағыларға Киелі Жазбаға қарама-қайшы келетіндей ілімдерді тарата бастады. Миллер осы адамдармен қарым-қатынас жасағандықтан олардың көзқарастарын еріксіз қабылдады. Сол кезде Киелі Жазбаны талдау жолдары көптеген қиындықтар туғызды және игерілместей көрінді, ал Киелі Жазбадан бас тартатын жаңа сенім оны қанағаттандырмады, соған қарамастан ол 12 жыл бойы осы ұстаныммен жүрді. Тек 34 жасқа жеткен кезінде ғана Киелі Рухтың әсер етуінің арқасында ол өзінің қаншалықты сорақы күйде тұрғанын, қаншалықты күнәкар екенін сезінді. Уағыздап жүрген діні бойынша өлімнің соңында бақытты өмір барына өзі де сене алмады. Болашақ оған тіпті бұлыңғыр көрінді. Кейін өмірінің осы тұсын еске ала отырып, ол былай дейді:

«Өлім жайлы ойлаған кезде бойым мұздап қоя берстін. Барлық адамдарды өлім күтіп тұрады. Бірақ ол не үшін керек? Мәңгілік дегеніміз не сонда? Сондай сәттерде аспан, мен үшін жезге ұқсап, жер қара темірге айналатын. Ойлаған сайын ойым тіпті жүйесіздене түсетін еді. Ол жайлы ойламайын деген сайын, ойым бақылауға бағынбай кететін болды. Сонда өзімнің қаншалықты аянышты күйде тұрғанымды жақсы түсініп, белгісіз, беймәлім Біреуге мұңымды шақтым. Бұлай болуы мүмкін емес, сонда қалай болуы керек, ақиқатты қайдан табуға болады? Өкіріп тұрып жылауды шығардым. Бұл қамығудың көз жасы болатын.

Мен бірнеше ай бойы осындай күй кештім. Кенеттен Құтқарушымыздың қандай болғанын айқын сезіндім. Біздің күноміз үшін құрбан болған мейірімді де, рақымды Біреу көз алдыма келді. Мен болсам Оның құшағына енігі кетуге дайын тұрдым. Бірақ ол баста Болғанның, Қазіргінің және болашақта да Болатынның барлығын қалай дәлелдеуге болады? Осы арада маған Киелі Жазба көмекке келді. Осы кітаптағы ережелердің бізге қаншалықты керек екенін білген кезде, таң қалдым. Киелі Жазбаның Құдайдан шыққанын мойындап, Онымен келісуге тура келді. Киелі Кітап менің қуанышыма, ал Иса Мәсіх менің ең жақын досыма айналды. Бұрын түсініксіз болған Кітап, енді менің аяғыма шырағдан, жолыма нұр болып

шашылды. Осыдан кейін ғана менің жаным жай тапты. Алла Тағала әмір мұхитындағы қозғалмайтын берік Тау екеніне көзім жетті. Енді бұл кітапты оқып, зерттеу маған қатты ұнады. Одан өмірімде естіп көрмеген оқиғалар жайлы мағлұмат алдым. Менің жаралы жанымға ем табылды. Дереу басқа кітаптардың барлығын тастап, Құдайдың даналығын зерттеп, соны бойыма сіңіруге кірістім”.

Миллер езінің ендігі жерде бұрын бас тартқан дінге жататынын ашық мойындады. Оның достары Киелі Жазбаның Құдайдың тарапынан шыққанына дауласып, бұрын Миллердің келтірген дәлелдемелерін келтіре бастады. Ол кезде Миллер достарына жауап беруге әлі де болса дайын емес еді. Егер Киелі Жазу Құдайдан шықса, онда карама-қайшылықтар болуы мүмкін емес, егер ол адамдар үшін берілсе, оларға түсінікті болуы керек. Сондықтан да Миллер Киелі Кітапты дұрыстап зерттей бастады. Болмыстан бастап оқып отырып, түсініксіз жерлері кездескенде, оны Киелі Кітаптың осы сұраққа қатысты жерлерімен салыстырып отырып, талдады. Негізінде Киелі Жазу езін өзі түсіндіреді. Әлбетте әр мәтіннің өз мағынасы болғанымен, оны басқа мәтіндермен салыстыра отырып, көкейінде пайда болған күдікті сейілтуге болады. Өз тәжірибесіне сүйене отырып Миллер: «Сенің аяның мәнісі ашылғанда нұр шашады, қарапайымдардың көзін ашып, санасын оятады» (Жыр. 118:130) деген өлең жолдарының мағынасын терең ұқты. Әсіресе Вильям Даниял пайғамбарының кітаптары мен аянды қызыға оқыды. Бұл кітаптарда берілген аяндардың тура дәлдікпен орындалғандарына көзі жетті. Неше түрлі бейнелер, метафоралар, мысалдар бір бірімен байланысты екені ұғындырылады немесе олардың түсініктемелерін Киелі Кітаптың басқа жерлерінен табуға болады. Басқаша айтқанда оны қалай жазылса, солай ұғу керек. Сонымен Миллер Киелі Кітаптың ашық ақиқаттар жүйесі екенін және оның түсініктілігі мен қарапайымдылығы соншалықты, оны ақымақ адамда ұға алатынын түсінді. Аяндардың ұзын тізбегін бірте-бірте зерттей отыра ол табысқа қол жеткізді. Көктегі періштелер оған жетекшілік жасап, Жазбаны ұғуға көмектесті. Ежелгі кездегі Алланың берген аяндары орындалады деген уақытында қалай орындалса, болашақпен байланысты аяндары да дәл солай орындалатынына Миллер еш күмәнданбады. Осылайша Миллер көпшіліктің ойындағыдай ақырдың алдында болатын 1000 жылдық патшалық жайлы мезгіл (адамзаттың пәк және бейбітшіл болатын уақыты) Киелі Кітаппен құпталмайтынына кезі жетті. 1000 жылдық патшалық туралы теорияға сәйкес ақырдың күні өте алыс уақытқа шегіндіріледі. Бұл теория Иса мен Оның елшілерінің іліміне қарсы. Басқаша айтқанда 1000 жылдық

Құдайдың патшалығы өтпей ақыр заман келмейді деп, адамзат ол жайлы ойламай, сол күнге дайындалмай, қаннен қаперсіз жүре бермек. Бұл адамзаттың жауы, яғни ібіліске өте қолайлы. Ал Киелі Жазба бойынша егін орағы басталғанша, яғни ақырға дейін бидай мен арам шөп қатар өседі. Ендеше ақыр заман жеткенше жақсылық пен зұлымдық қатар жүріп отырмақ. Былайша айтатын болсақ, мейірімділер де, жауыздар да ақырға қатар жетеді. Жексұрындардың жауыздық істері өркендеп, өздері де адасып, өзгелерді де адастырады және соңғы уақытта жағдай тіптен жаман болады. Түнек патшалығы қиямет күніне дейін билік құрады және Алла келгеннен кейін Оның аузының Ру- хымен бір жола құриды. (Мат.13:30,38-41), (2Сал. 2: 8), (2Тім.3:13,1).

Елшілердің ғибадатханасы күллі әлемнің бет бұратыны және Мәсіхтің рухани патшалығына қатысты пікірді қолдаған жоқ. Бұл доктрина XVIII ғасырдың басына дейін мәсіхшілер арасында кең түрде мойындалған жоқ. Басқа да адасушылықтар тәрізі оның соңы да жақсылыққа апарған жоқ. Бұл доктрина бойынша адамдар Алланың келетініне өте алыс жатқан оқиға ретінде қарап, Оның келер алдындағы болып жатқан белгілерге көңіл аударған жоқ. Бұл ой адамдардың көкейінде сенімділік пен қауыпсіздің сезімдерін туындатып, көпшілік жандар Тәңірлерінің келетініне немқұрайдылықпен қарады. Миллер Киелі Жазба Мәсіхтің келетініне нұсқап тұрғанын тапты. Елші Пауыл былай дейді: «Бас періште дауыстап, керней тартылғаннан кейі Иеміз Мәсіх Иса көктен жерге түседі» (1 Сал.4:16). «Сол уақытта Менің Билеуші ретінде қайтып келуімнің ғажайып белгісі аспаннан көрінетін болады». «Себебі найзағайдың шығыстан басталып, батысқа дейін жарқырайтыны сияқты, Менің Билеуші ретінде көктен қайтып келуім де айқын болмақ» (Матай 24:30,27). «Құдай тағайындаған Билеуші қасиетті періштелерін ертіп, ғаламат ұлылықпен көктен келеді» (Матай 25:31). «Ол кернейдің зор үнімен періштелерін жіберіп, олар дүниенің шет — шетінен тақуаларды жинап әкеледі» (Матай 24:30). Исаның шәкірті Пауыл былай дейді: «Бәріміз бірдей өлмейміз, бірақ бәріміз түгелдей өзгереміз. Бұл кенеттен қас қағым сәтте, соңғы керней тартылған шақта іске асады. Сонда кернейдің үні естіліп, өлгендеріміз қайта тіріліп, біз де түгелдей өзгереміз. Өйткені қазіргі құрып шіритін тәндеріміз ешқашан жойышмайтын денелермен алмасуға тиісті» (ІҚор. 15:51— 53). Сол секілді Салоникалықтарға жазған хатында да Пауыл Исаның екінші рет келетін кезін оларға былай деп сипаттайды: Бас періште дауыстап, керней тартылғаннан кейін Иеміз Мәсіх көктен жерге түсіп, әуелі Мосіхке сеніп бұл дүниеден өткендер тіріледі, сонан соң

тірі жүрген біздер Иемізбен кездесу үшін бұлттың үстімен көкке көтерілеміз” (ІСал. 4:16,17).

Құдай халқы Мәсіх келмей Оның патшалығына ие бола алмайды. «Құдай тағайындаған Билеуші касиетті періштелерін ертіп ғаламат ұлылықпен көктен келген кезде Өзінің салтанатты тағына отыратын болады. Барлық халықтар Оның алдына әкелінеді. Ол шопанның қойларды серкелерден ажыратқанындай адамдарды екі топқа бөліп, қойларды оң жағына, серкелерді сол жағына қояды. Сонда Патша оң жағындағыларға былай деп үкім шығарады: «Әкем жарылқағандар, келіңдер! Әлем жаратылғаннан бері өздеріңе дайындалған Патшалықтан үлестеріңді алыңдар!» (Матай 25:31-34). Бұл өлеңдерден біздер өлгендердің қайта тірілетінін, ал тірілердің жаңаратынын көреміз. Бұл өзгеріс, Пауыл айтқандай, оларды Құдай патшалығын қабылдауға дайын етеді. «Менің айтпағым мынау, бауырластар: ет пен қаннан тұратын тәндік дене Құдайдың мәңгілік патшалығына кіре алмайды: шіріп кететін тәндеріміз мәңгі өмір сүре алмайды» (ІҚор.15:50). Қазіргі тұрған денеміз ажалды, яғни өлуге тиісті, ал Алланың патшалығы мәңгілік. Сондықтан да адамдар күнәкар күйде тұрғанда Құдай патшалығына кіре алмайды. Бірақ Иса келгеннен кейін оларға мәңгілік өлмейтін жаңа дене береді, содан кейін ғана адамдар, мұрагерлер ретінде Құдай патшалығына кіре алады. Осы өлеңдер және Киелі Жазбаның басқа да өлеңдері, күллі адамдар күткендей, Мәсіхтің патшалығы Оның келер алдында емес, Ол келгеннен кейін ғана орнайтынын дәлелдейді. Оның үстіне уақыт белгілері мен әлемнің күйі соңғы күндердің сипаттамаларына толық жауап беріп тұр. Киелі Жазбаны зерттей отыра Миллер жердің тарихына берілген уақыт аяқталып қалды деген тұжырымға келді. Киелі Жазбада берілген аяңдардың барлығы кезі келген кезде тура дәлдікпен орындалып отырғаны мені таң қалдырмай қойған жоқ — дейді Миллер. Мысал үшін, топан суы қаптар алдында халыққа 120 жыл уақыт берілген (Жар. 6:3). Дәл топан суы басталар алдында тағы да 7 күн уақыт беріледі. Сонан соң жаңбыр 40 күн, 40 түн құяды (Жар. 7:4). Ыбырайым пайғамбарының ұрпақтарының бөтен жерде 400 жыл бойы малай болатыны жайлы (Жар 15:13) те айтылған. Шарапшы мен наубайшыға берілген үш күн туралы (Жар. 40:12-20) де жазылған. Мысыр жеріндегі перғауынның халқы басынан кешкен 7 жыл аштық туралы (Жар. 41:28-54) де, шөл даладағы 40 жыл (Рул. 14:34), үш жарым жылғы аштық жайлы (3Пат.17:1), 70 жыл бойы тұтқында болу (Ерм 25:11), Навуходносордың басынан өткен 7 уақыт (Дан.4:13-16), яхудейлерге берілген 70 рет жетіні құрайтын 7 рет жеті, 62 рет жеті және Ірет жеті мерзімі (Дан.9:24-27) берілген.

Осы айтылған аяндар уақыты келген кезде тура орындалған. Миллер Киелі Жазбаны ары қарай зерттей отырып Иса Мәсіхтің II рет жер бетіне келетін уақытына дейін созылып жатқан хронологиялық мезгілдерге көп көңіл бөлді. Бұл уақыт кесінділеріне ол Құдайдың құлдарына «анықтап берген уақыты» ретінде қарады. «Ашылмаған құпиялар Құдай Иеміздікі, ал ашылғандары бізге және біздің ұрпақтарымызға арналған, сондықтан да біз осы Таурат заңының күллі ережелерін мәңгі бақи жүзеге асыруымыз керек - дейді Мұса пайғамбар (Заң 29:29). Алла құпиясын Өз құлдарына алдын ала ашып алмай ештеңе істемейді - дейді Тәңір Ие Амос пайғамбары арқылы (Амо. 3:7). Күллі жазбаның шын және пайдалы екеніне көзім жеткен кезде (2Тім. 3:16), ол адамның еркімен емес, Киелі Рухтың бастауымен тақуалармен жазылғанын (2Петір 1:21) және үмітіміз берік болу үшін бізге насихат ретінде берілгенін білген кезде (Рим. 15:4) Жазбаның хронологиялық бөліктерін Құдай Сөзінің бөлігі емес деп айта алмадым және оның Киелі Жазбаның басқа бөліктері секілді мұқият зерттелуге тиесілі екенін ұқтым - дейді Миллер. Егер де Құдай оны бізге ашу керек деп тапса, онда мен пайғамбарлық мезгілдердің жанынан өте шығуға қақым жоқ — деп жазады ол. Даниялдың кітабында (8:14) Мәсіхтің екінші рет жерге келетініне нұсқайтын «екі мың үш жүз кештер мен таңдар, сонда қасиетхана тазарады» деген аян берілген. Сонымен қатар ол Киелі Кітаптан бір күннің бір жылға сәйкес келетінін де білді (Рул. 14:34, Езк. 4:6). Ендеше 2300 күн дегеніміз шын мәнінде 2300 жыл екен. 2300 пайғамбарлық күндер, нақтылы айтсақ жылдар яхудейлерге анықталған игілік уақытынан әлдеқайда ілгері кеткен болатын, сондықтан да оның Көне Өсиеттің қасиетханасына еш қатысы жоқ болатын. Сол дәуірдегі мәсіхшілердің көзқарасы бойынша «киелі орын» деп жер есептелген. Миллер де дәл осындай көзқараста болды. Олай болса «2300 кештер мен таңдар, сонан соң «киелі орын» тазарады» (Дан.8:14) деген аян бойынша Алла келіп жерді отпен тазартады деп ойлаған ол. Егер де 2300 жылдың қай кезден бастап саналатынын білсе, онда еркекіректігімен, менменшілдігімен, билігімен, байлығымен, атағымен, арсыздығымен және озбырлығымен әйгілі болған мына дүние жойылып, өлім деген жоғалып, Құдайдың халқы сыйын алып, ал зұлымдар жазасын алатын мезгілдің, яғни Мәсіхтың қай уақытта келетінін де шығарып алатын еді. Бұдан кейін Миллер Киелі Жазбаны бұрынғысынан да тереңірек зерттей бастады. Соншалықты жауапты және маңызды деген іске ол түгел дерлік уақытын жұмсады. Даниял пайғамбарының кітабының 8-ші тарауынан 2300 жылдың қай кезден басталатынына жауап таба алмады. Себебі Жәбрейіл періште келіп Даниялға аян берген

кезде, болашақта болатын қуғын-сүргіндердің қаншалықты қатыгез екенін көрген пайғамбардың қатты қорыққаны соншалық, бойында ешбір күш қалмады және ештеңені түсіне алмады. Осыдан кейін ол бірнеше күн ауырды. Құдай Өзінің уәкіліне: «Оған осы аянды ұғындыр» - деп бұйрық берді. Сондықтан періште оған аянның мағынасын толық ұғындыру үшін екінші рет келді: «Сөздің мағынасын барлай біл және аянның мағынасын түсін». (Дан.8:27,16;9:22,23,25-27). 8 тарауда сипатталған аянда түсініксіз қалған маңызды пункт бар болатын, атап айтқанда 2300 күн туралы уақыт аралығы. Сондықтан екінші рет келген кезде, періште, пайғамбардың уақытқа қатысты сұраққа дұрыс коңіл бөлуін талап етті:

«Сенің халқың мен киелі қалаң үшін 7 рет 70 уақыт беріледі. Енді барлығын дұрыстап ұғып ал. Иерусалимнің қайрадан салынуына бұйрық шыққаннан соң Иса Мәсіхке дейін 7 рет жеті және 62 рет жеті уақыт өтеді. Осы мезгілде халық қайтадан оралып, қаланы қалпына келтіреді, бірақ өте қиын уақытта. 62 рет 7 мезгілі өткен соң, Иса өлім жазасына ұсынылады. 1 рет жеті мезгілі көпшілікке өсиетті мойындатып, бекіткізеді. Жетінің жартысы өткен кезде құрбан шалу тоқтатылады». Перішке Даниялдың түсінбегенін қайталап түсіндіру үшін келген болатын. «Халқың мен киелі қалаңа 70 рет 7 уақыты тағайындалды» - деді. «Тағайындалды» деген сөз, «қиылып» алынды деген мағынаны білдіреді. 70 апта — бұл яхудейлер үшін қиылып алынған 490 жыл. Сонда ол қайдан қиылып алынбақшы? Сегізінші тарауда берілген жалғыз ғана мезгіл 2300 күн болғандықтан, 70 апта 2300 күннен алынады және осы екі уақыт аралығы бір мезгілде басталады. Періштенің түсіндіруі бойынша бұл 70 апта Иерусалимнің қайта құрылуына бұйрық шыққан кезден басталады. Айтулы бұйрықтың қай күнде шыққанын білсек, 2300 күннің қай кезден басталатынын шығарып алу қиынға соқпаған болар еді. Киелі Кітапты ары қарай зерттей келе, Езра пайғамбары кітабының жетінші тарауынан (Езр. 7:12-26) бұл бұйрықтың қашан шыққанын білеміз. Бұл бұйрық Парсы елінің патшасы Артаксеркстың қолдауымен Исаға дейінгі 457 жылы шыққан. Езра кітабында (6:14) былай делінген: «Құдай үйі Алланың бұйрығы бойынша, Кир, Дарий және парсы патшасы Артаксеркстың ұсынысы бойынша қайта салынады». Үш патша кемеліне жеткенше сараптап ақылдасып аянға сәйкес айтулы 2300 күннің басталатын мезгілінде бұйрық шығарған. Иса туғанға дейінгі, айтулы бұйрық шыққан 457 жылды санақ нүктесі деп алсақ, 70 рет 7 аяны жайлы толық мағлұмат аламыз. «Иерусалимнің қайта салынуына бұйрық шыққаннан Иса Мәсіхке дейін 7 рет жеті және 62 рет жеті» дегеніміз 69 апта немесе 483 жыл. Артаксеркстың бұйрығы Исаға дейінгі 457

жылдың күзінде күшіне енді. Осы мезгілден 483 жылды санап алсақ, Иса Мәсіхтен кейінгі 27 - ші жылдың күзі шығады, яғни бұл - аянның орындалған уақыты.

Мессия (елші) дегеніміз арнайы тапсырмамен келген деген мағынаны білдіреді немесе арнайы «майланған» - деген сөз. 27 жылдың күзінде Иса суға шомылу рәсімінен өтті. Бұл рәсімді жасаған Жохан пайғамбар болатын. Елші Петір: «Құдай Назареттен шыққан Исаны Киелі Рухпен майлап, қасиетті қызметке әзірлеген» - дейді (Елш. 10:38). Құтқарушының Өзі де: «Құдайдың Қасиетті Рухы Менің бойымда, Ол Мені рухани «кайыршыларға» ақиқатты уағыздауға жіберді» - деді (Лұқа 4:18). Осыдан кейін Иса Ғалилеяға келіп, уақыты жетті деп, халыққа Ізгі хабарды уағыздай бастады (Марқа 1:14-15).

«Бір рет жеті мезгілі бойында Ол көбімен өсиетті бекітеді». Айтулы 1 рет жеті 70 рет жетінің соңғы жетісі яхудейлер үшін берілген. Осы 7 жылда, яғни 27 ші жылмен 34 жылдар аралығында әуелі Исаның Өзі, сонан соң Оның оқушылары Ізгі хабарды тек яхудейлерге уағыздаған. Құтқарушымыз оларға былай дейді: «Құдайсыздарға бармаңдар, Самария қаласына кірмеңдер, Израил үйінің өлгелі жатқан тоқтыларына барыңдар» (Матай 10:5-6). Ал жетінің қак, жартысында құрбан шалу тоқтатылады. Суға шомылу рәсімінен кейін үш жарым жыл өткен соң, яғни 31-ші жылы Құтқарушымыз айқыш ағашқа керілді. Үлгі ретінде берілген құрбандық пен нақтылы құрбандық кездесті. Барлық ғасырлардағы құрбандықтар мезгеп тұрған Ұлы құрбандық шалынғаннан кейін, қандай да болса құрбан шалынудың мағынасы жойылды.

Яхудейлерге берілген 70 рет 7 немесе 490 жыл 34 жылы аяқталды. Осы кезде яхудейлердің синедрионының* шешімі бойынша халық Ізгі хабардан бас тартып, Степанды таспен соққыға жығып өлтірді және Исаның ізбасарларын қуғынға ұшыратты. Құдайдың қалаулы халқы өздерінің Құтқарушышарынан біржола бас тартқаннан кейін, Ізгі хабар барлық дүние жүзіне уағыздала бастады. Қуғынға ұшыраған шәкірттер жер-жерге сейіліп жүріп, Құдай Сөзін уағыздаумен айналысты. Осылайша Філіп Самария қаласына келіп, оларға осы жерде Мәсіхті уағыздады. Құдайдан тәлім алған Петір құтқарылу хабарын римдік жүзбасы Карнелльге ашты және жалынған Пауыл Исаға иланғаннан кейін Ізгі хабарды алыс жатқан «пұтқа табынушылардың» еліне тарата бастады. Жетпіс рет жеті мезгілінің басы күмәнсіз Исаға дейінгі 457 жыл, ал соңы Исадан кейінгі 34 жыл екені белгілі болды. Осы мағлұматтарды пайдалана отыра 2300 күннің аяқталатын кезін де анықтауға болады. Жетпіс рет жеті, яғни 490 күн 2300 күннен қиылып алынып тұр, сонда бізге 490 күн периодынан

кейін орындалуға тиісті болатын 1810 күн қалады. 34 жылдан 1810 жыл санап алатын болсақ, бізге 1844 жыл шығады. Ендеше Даниял пайғамбарының кітабында жазылған (8:14) 2300 күн 1844-ші жылы аяқталады. Періштенің сөзі бойынша осы пайғамбарлық период өткеннен кейін «қасиетхана» тазаруға тиісті болды. Сонымен күллі жан сенгендей, Мәсіх келгеннен кейін орындалуға тиісті «қасиетхананың» тазартын уақыты дәл есептелді.

Миллер серіктестерімен айтулы 2300 күн туралы мерзімнің 1844 жылдың көктемінде аяқталатынына сенді, десе де аянда күз айы туралы айтылған болатын. Осы арада туындаған аздаған түсінбеушіліктер, яғни Мәсіхтің келуі көктемде болады деп ойлаған жандар арасында әбігер туғызып, оларды түңілтті. Дегенмен 1844 жылы бір ұлы істің болатыны айдан да анық болды. Киелі Жазбаның Құдай Сөзі екенін дәлелдемек болып, оны зерттеген Миллер ақыры қандай нәтижеге келетінін өзі де білген жоқ. Зерттеулерінің нәтижесіне Миллер өзі зорға сенді және де Жазбадағы дәлелдемелер соншалықты нақтылы болғандықтан ғана. Осылайша Миллер Киелі Кітапты тағы да екі жыл зерттеді. Сонан соң 1818 жылы Миллер 25 жылдан кейін Мәсіх Иса жер бетіне II рет келеді деп, салтанатты түрде шешім қабылдады. Енді оның қуанышында шек болмады. Шіркін ақиқат деген қандай тамаша! Бұрын көзіме түсіп тұратын күллі қарама-қайшылықтар ғайып болды. Зерттелетін сөздер әлі де жеткілікті болғанымен, менің тұманданып тұрған санама Құдай Сөзінен жарықтың ағыны бағытталғандай болды, сол себепті мен Жазбаны рахаттана отыра әрі қарай зерттей бастадым.

Осыдан кейін ол өзінің қасиетті парызын қалай орындайтыны жайлы ойлана бастады. Тікелей мақсаты өзіне түскен жарықты өзгелермен бөлісу екенін ол түсінбей қойған жоқ. Алдында арсыздармен шайқас барын да білді, дегенмен күллі мәсіхшілердің өз Құтқарушыларымен кездескісі келетінін де білді. Жалғыз ғана қауіп, құтқарыламыз деп қуанған жандардың көбі оның ақиқат екеніне көздерін жеткізбей-ақ, яғни Жазбаға толық ден қоймай, айтулы ілімді қабылдай салуы мүмкін. Сондықтан осы тұжырымына әуелі өз көзін толық жеткізіп алмай, ол басқа адамдарды адастырғысы келмеді. Әсіресе түсінуге қиын соғатын жерлерін бақылай отыра, ол пікірін тағы да тексермек болды. Құдай Сөзінің жарығы алдында күллі қарсылық күн сәулесімен сейілетін тұманша таркап кететінін көрді. Қорытындысының дұрыс екеніне көзі жеткенше тағы бес жыл етті. Не істеп жатса да, қайда жүрсе де оның ойынан: «Бар және халыққа оларды күтіп тұрған қауіп жайлы айтып жеткіз» - деген сөздер кетпеді. Киелі Кітаптағы өлеңдер оның ойына жиі оралды, онда: «Егер

сен күнәкарға мына жолың - жаман жол деп айтпасаң, әлбетте ол өз күнәсі үшін өледі, бірақ оның қанын сенің қолыңнан табамын. Егер сен парызыңды орындап, оған ескертетін болсаң және ол сені тыңдамаса, ол өз күнәсі үшін өледі, ал сен жаныңды құтқарып қаласың” делінген еді (Езк. 33:8-9).

«Егер де мен барлық адамдарға жар салып, жаман жолдан тайып жақсы жолға түсіндер деп ескертсем, олардың көбі тәубеларына келіп таза жолға түсер еді» - деген ой Миллерді мазалай берді. Ал егер олай істемесе, онда сол жандардың қанын арқаламақшы. Ол бар мүмкіндігінше халыққа өз көзқарасын айтып жеткізуге тырысты. Шіркеу қызметкерлері осы хабарға көңіл аударып, оның маңызды екенін түсініп, сол жайлы халыққа ескертсе екен деп тілеп жүрді. Бірақ жауапкершіліктің өз мойнында екенін анық білді. «Барып халыққа осы хабар- ды жеткіз, болмаған жағдайда олардың қанын сенің қолыңнан табамын» - деген сөздер оның құлағынан кетпей қойды. Осылай жүріп арада тағы да тоғыз жыл өтті. Мойнындағы жүгінің ауыр болғаны соншалықты, 1831 жылы ол өз ойын баршаға ашық, жариялауға бел байлады.

Егістік даласынан Құдайға қызмет етуге шақырылған Еліше тәрізді Вильям Миллерге де Құдай Патшалығының құпиясын дүниеге ашып беру үшін, соқасын гастауына тура келді. Ол ісіне ізеттілікпен кірісіп кетті. Сөйтіп Мәсіхтің келетін кезіне дейінгі күллі пайғамбарлық мерзімдер суреттемесін тыңдаушыларына байыппен бақылатты. Адамдар оны қызығушылықпен тыңдай бастаған кезде оның күші мен батылдығы беки түсті.

Сенімдегі бауырларының табанды түрде сұрауының нәтижесінде, мұны Құдайдың дауысы деп қабылдаған ол, көзқарасын ашық, айтуға бел буды. Бұл оның елу жасқа толып қалған кезі болатын. Мұндай жұмысқа жарамаймын деген ол, бұрын ешқашан адамдардың алдына шығып сөз сөйлеп көрмеген еді. Соған қарамастан оның еңбектері әуел бастан ерекше баталы болды. Алғашқы сөйлеген сөзі жұртты рухани сілкіндіргені соншалық, екі адамды санамағанда, он үш жанұя Құдайға бой ұсынды. Ол әр жерлерге уағыз айтуға шақырылатын болды. Күнәкарлар бет бұрды, мәсіхшілер Құдайды тереңірек танып білу қажеттігін ұқты, деистер және атеистер мәсіхшілер діні мен Киелі Жазбаның ақиқат екенін түсіне бастады. Оның ақиқатты жалынды түрде ете әдемі уағыздағаны соншалықты, қатып қалған жүректер жібіді. Оның уағыздары халықтың назарын діни ақиқатқа бұрып, сол кезде әлемді шырмап тастаған азғындықтың, әсіресе зайырлы қауымды ләззатқа батырып жіберген толқынның бетін қайтаруға бағытталды.

Кептеген қалаларда Миллердің уағыздарынан кейін ондаған, кейде жүздеген адамдар имандылыққа қарай бұрыла бастады. Оған кептеген протестант шіркеулері есіктерін ашты. Ол бірнеше діни бірлестіктерден бірден шақыру алатын болды. Әуелде ол шақырған жерлерге ғана барса, енді сол шақырулардың жартысына да жауап бере алмай қалды. Олардың көпшіліктері Исаның дәл келетін уақытымен келіспегендерімен, Оның келетін мезгілінің жақындап қалғанына еш күмән келтірмеді. Миллердің жасап жатқан ісі қаумға зор әсерін тигізді. Шарапшылар өздерінің дүкендерін жауып, оларды уағыз тыңдайтын орындарға айналдырды. Ойын залдары жабылып деистердің, университет қабырғасында жүргендердің, атеистердің, тіпті бұзақылардың өмірлерінде көптеген өзгерістер болды. Қаланың түкпір түкпірлерінде халық дұға оқып, Құдайдың есімін мадақтайтын әндер айту үшін сағат сайын жиналып отырды. Барлық жерлерде салмақтылық пен салтанаттылық байқалды. Миллер болса халықтың сезіміне емес, ежелгі реформаторлар секілді олардың санасына әсер етуге тырысты. 1833-ші жылы Миллер, өзі соның мүшесі болып табылатын, баптистер шіркеуінің атынан ашық түрде уағыз айтуға рұқсат қағаз алды. Сөйтіп ол өз ісін әрі қарай жалғастырды. Көбіне ол Жаңа Англия мен Солтүстік Шығыс штаттарында еңбектенгенімен, кей кездері ол басқа да мемлекеттерге саяхатқа аттанып, кеп жерлерде Ізгі хабарды уағыздады. Және жүрген жерлерінің бәрінде ол өз қаражатын жұмсады. Миллер үлкен жанұяның әкесі болатын және осы жанұяның еңбекқорлығы мен үнемшілдігінің арқасында барлығы фермадан түскен аздаған қаражатқа күн көрді. 1833 жылы Киелі Кітапта айтылып кеткен аяндардың тағы да бірі орындалды. Иса Мәсіх былай деген болатын: «Аспаннан жұлдыздар жауады» (Матай 24:29). Жохан пайғамбар болса ақырдың алдында болатын белгілердің бірін былай деп сипаттайды: «Қатты дауыл кезінде ііспеген жемістерін шашатын інжір ағашы секілді, аспаннан жұлдыздар жауады» (Аян 6:13). Бұл аян таңқаларлық тамаша дәлдікпен орындалды. 1833 жылы 13-ші қарашада метеориттік жауын жауды. Мұншалықты тамаша көріністі адамзат баласы бұрын соңды бақылап көрмеген болар. Бірнеше сағат бойы Америка Құрама Штаттары жоғарыдан жауған жалынды фейерверктің құшағында қалды. Кектен келген бұл оқиға біреулерді таң қалдырса, біреулерді қатты шошындырды. Батыста да, шығыста да, оңтүстік пен солтүстікте де соншалықты жауған метеориттердің ағынымен нөсер жауынның өзі пара-пар келе алмастай болды. Барлық аспан қозғалыста тұрғандай көрінді. Сол кездегі профессор Силлиманның журналында хабарланып жазылған бұл көрініс барлық Солтүстік

Америка бойынша жақсы байқалды. Метеориттік нөсер түнгі сағат 2 ден таң атқанша жауып тұрды. Бұл көріністің қаншалықты ғажап оқиға болғанын тілмен суреттеп жеткізу мүмкін емес, оны әр адам өз көзімен көруі керек. Барлық жұлдыздар бір нүктеге топтасып жиналып жан жаққа шашырап жатқандай және ешқашан тоқтамастай көрінді. Пайғамбардың бұл көріністі қатты дауыл кезінде, піспеген жемістерін шашып жатқан інжір ағашына ұқсастырғаны да, содан болар. Бұл оқиға жайлы 1833-ші жылы 14-ші қарашада Нью-Йорк коммерциялық журналында жазылған болатын. Оның авторы былай дейді: «Мұндай көрініс жайлы бірде бір ғалым немесе бірде бір философ жазып көрмеген болар». Қазіргі уақытта сол кезде болған оқиғаға анықтама беру қиынға соғар, дегенмен 18 ғасыр бұрын пайғамбар айтып кеткен аян айтулы күні тамаша дәлдікпен орындалды. Бұл Иса Мәсіхтің жер бетіне II рет келерінің алдындағы болатын белгілердің бірі болатын және ол орындалды да. Мәсіх Өз оқушыларына: «Болады деген оқиғалардың орындалып жатқандарын көрген кездеріңде уақыттың аз қалғанын білетін болыңдар» - деп ескерткен еді (Матай 24: 33). Сонан соң Жохан тағыда бір көріністі көрді, аспан оралған қағаздай болып оралып қалды, жер сілкініп, таулар орнынан жылжыды. Құдайсыздар келе жатқан патшалардың Патшасынан қорқып, жасырынбақ болды (Аян 6:12-17). Осы оқиғадан кейін көпшілік бұл белгілерге ақыр заманның ишараттарының бірі ретінде қарады.

1840 жылы тағы да бір аян тура дәлдікпен орындалды. Бұл оқиға болмастан екі жыл бұрын Исаның жер бетіне келетінін уағыздаушы мұғалімдердің бірі Иосиф Литч аянның 9-шы тарауында берілген ақиқатты талқылап, Оттомандық империяның құлайтынын жариялады. Оның санауы бойынша бұл күн 1840 жылдың тамызына келіп тұрды және айтылған оқиғаның орындалуына бірнеше күн қалғанда, ол былай деп жазды: «Түріктердің рұқсаты бойынша Диакозестің таққа тұруы, 150 жыл болып саналатын периодтың соңына дәл келгендіктен және 391 жыл мен 15 күн бірінші периодтың соңында басталғандықтан, олар 1840-шы жылдың 11 -ші тамызында аяқталуға тиісті және осы кезде Константинопольда Оттомандық биліктің құлауы күтіледі. Сол сияқты мұны кездейсоқ оқиға деп санай салатынын да жақсы білемін»

Айтулы уақытта Түркия өз елшілері арқылы Еуропаның біріккен державасының* қамқорын қабылдап, мәсіхші халықтың бақылауына түсіп оларға тәуелді болды. Барлық оқиғалар айтылған кездерде орындалды. Осыдан кейін көпшілік Миллердің және оның пікірлестерінің аяндарды талқылау ұстанымдары ақиқат екеніне

көздерін жеткізді. Содан кейін адвентистік қозғалыс табыстарға жете бастады. Ғалымдар мен әсері аумақты адамдар Миллерге қосылды. Сонымен 1840 және 1844 жылдар аралығында олардың жұмыстары қарқынды түрде жүрді.

Вильям Миллер өте саналы азамат болатын. Оқып, зерттеу арқылы жинаған даналығы Алланың берген даналығымен біріккенде, ол көктің даналығына да ие болды. Миллер өте таза, әдепті, өнегелі, әділетті еді. Жүрген ортасында сый құрметке бөленуге тұрарлықтай еді. Жүрегінің жұмсақтығының арқасында маңайына мейірімді болды. Ашулану, ызалану сияқты мінездер оған жат көрінді. Киелі Кітапты жақсы білгендігі оған кез келген жалған ілімді танып, оны жеңуге көмектесті.

Соған қарамастан ол қатыгездікпен жиі кездесіп жүрді. Ежелгі кездегі реформаторлардың уақытындағыдай сол заманның дін зерттеушілері оның көзқарасын қолдамады, керісінше оған қарсы шықты. Бұл шала білімді мұғалімдер ақиқатты толық меңгермегендіктен дағдарысқа ұшырап жатқандарына қарамастан өз дегендерін дәлелдеу үшін, мәнсіз мақалдарға жүгінді. Ал адвентистер болса Киелі Жазбаға сүйеніп, дегендерінің ақиқат екенін Құдай сөзімен бекітіп отырды. Ақиқаттың қарсыластары толмай тұрған білімдерінің орнын жанжалмен және мысқыл сөзбен толтырды. Бұл үшін олар уақытын да, ақшасын да, айласын да аямай жұмсады. Олардың басты мақсаты таза өмір сүріп, Алланы қуанышпен қарсы алуға дайындалып және Мәсіхтің келетінін жан жағындағыларға таратып жүрген адамдарды масқаралау болды.

Олар Мәсіхтің жер бетіне екінші рет келетіні туралы хабардан жұрттың көңілін басқа жаққа аудару үшін күллі жағдайды жасады. Исаның жер бетіне II рет келетінін уағыздау және көзге көрініп тұрған дүние тамамдалады деп хабарлау күнә және барып тұрған масқара деп шығарды. Осылайша шіркеу әкелері адамның сенімінің тамырына балта шапты. Олардың ілімдерінің әсерінен адамдар тәnniң құлына айналды. Ақыр соңында ол жауыздар бар кінәні адвентистерге* артып қойды. Миллердің уағыздарын тыңдауға мыңдаған адамдар жиналғандарымен, олардың іштерінде дін көсемдерінің көсеуімен оның ілімін келемеждеп, абыройын төгіп, еңбегін жоққа шығарғысы келетіндер де аз болған жоқ.

Үй-күйін тастап халқының қамын ойлап, оларға құтқарылудың жалғыз ғана жолын көрсетем деп жүрген, самайын ақ шалып егде жасқа жетіп қалған ел ағасына әзәзіл, өтірікші, фанатик деген ат тағылды. Баспада отырғандардың бұған қатты ызасы келді. Өз қамын емес, халқының қамын ойлап, қиямет күнінің болатынын хабарлап

жүрген жаршыны келемеждеу - бұл ақырдың күнін келемеждеу, сол күні үкім шығаратын Шексіз Алланы мазақ ету деп арыз тастады абыржыған халық. Зұлымдықтың әкесі Ізгі хабардың таралуына кедергі жасап қана қоймай, оның жаршысының үнін де біржола ешірмек болды. Ақиқатты тыңдап, күнәсін әшкерелегенді жақсы көретіндер өте аз, керісінше көпшілігі оны жек көреді. Сондықтан Миллердің уағыздарын жаратпаған адамдар оған өшікті. Реформаторды жақтыртпайтын шіркеу мүшелерінің айдап салуымен өре түрегелген арсыз тобырдың бірі Миллерді соққыға жығып өлтірмекші болды, бірақ сол тобырдың ішінде Алланың періштелері бар болатын. Адам бейнесіндегі сондай періштелердің бірі Миллерді тобырдың арасынан алып шығып соққыдан қорғап қалды, өйткені Құдайдың жоспары бойынша оның атқаратын жұмысы әлі де көп еді. Адвентистік қозғалыстың қарсыластары көп болғандарымен, оған қызығушылық танытқандар да аз болған жоқ. Бұрын келушілердің саны жүздегенге жетсе, енді мыңдағанға жететін болды. Көптеген шіркеулер бұған әрине қарсы шықты және Миллердің көзқарасын құптайтындарға жаза қолдана бастады. Сондықтан Миллер діни деноминацияларға: «егер менің ілімім қате болса, оның қателігін Киелі Кітап арқылы дәлелдеп беріңіздер» деген мағыналы хат жолдады.

«Біздің сеніміміз, өздеріңіз ереже деп білетін және де біздің иманымыз бен мінезіміздің жалғыз ғана ережесі болып табылатын, Киелі Жазбаға негізделіп тұрған жоқ па? Ендеше адвентистерді баспа беттерінен немесе мінбелерден кінәлайтындай дәлелдеріңіз бар ма? Қандай құқыққа сүйене отыра адвентистерді өз шіркеулеріңіз бен қоғамдарыңыздан алыстатасыздар? Бар болса, кінәмізді Киелі Кітап арқылы көрсетулеріңізді өтінеміз. Біз күлкіге айналдық, бірақ біздікі жөн емес деп еікім айта алмайды. Көзқарастарымызды Киелі Жазба ғана өзгерте алады. Бұл шешімге біздер Киелі Жазбадағы жарықтың берілуіне байланысты және дұға оқып, мінәжат ете отырып, саналы түрде келдік. Себебі Киелі Кітап - бұл Құдайдың сөзі және ол біздің сеніміміздің негізі болып табылады. Оған ешкім қарсы келіп, онымен ешкім таласа алмайды».

Шынымен де Құдайдың хабаршыларының ескертулеріне барлық замандарда да көпшілік сенімсіздікпен қараған. Айтатын болсақ, топан суының алдында Құдай бұзақыларды табан астында құртып жіберген жоқ, оларға топан суының келетінін Нұь пайғамбар арқылы хабарлап, 120 жыл бойы уақыт беріп күтті. Бұл хабар адамдарға ойдан шығарылған ертегідей мәнсіз көрініп, олар пайғамбардың сөзіне сенбеді. Қалайша елдің ұлылары мен атақтылары білмегенді бір-ақ адам білуі мүмкін деп ойлады олар, тіпті пайғамбарды

мазак, етіп есуас қылып шығарып қойды. Жоқ, олар мұндай ақымақтыққа сене алмайды және кемеге кірмейді!

Құдайсыздар табиғат құбылыстарына нұсқады: ауысып келіп отыратын жыл мезгілдері, осы уақытқа дейін бір тамшы тамып көрмеген кек аспан, түнгі шықпен суарылатын жасыл желек, - «бұл адам бізге ертегі айтып тұрған болар» - деп таңданды олар. Шындықты уағыздаушыны есуас фанат деп жек көріп, оның сөзіне ешкім құлақ аспады, керісінше азғындық әрекеттерін бұрынғыдан бетер жалғастыра түсті. Бірақ олардың сенімсіздігі сызылып қойылған оқиғаға кедергі жасай алмады. Құдай адамдардың жаман қылықтарына шыдап, оларға тәубаға келулеріне көп уақыт беріп күтті, бірақ Құдайдың шыдамының тостағаны толған кезде, арсыздар өздеріне өздері тағайындаған жазасына ис болды.

Қазір де халық Иса Мәсіхтің II рет жер бетіне келетініне дәл сол Нұх пайғамбарының заманындағы адамдардай сенімсіздікпен қарайды. «Ол адамдар топан суы келіп көздері жойылғанша, қауіп туралы ойлаған жоқ» (Матай 24: 39). Өздерін Құдай халқымыз деп санайтындар осы әлемнің адамдарымен араласып, олардың азғындық істерін кайталап, зайырлы молшылық, сәнсалтанат ғибадатханаға еніп, неке тойының қоңыраулары шылдырлап, байлық жолында адамдардың ауыздары арандай ашылып ойындарын ойнап, тойларын тойлап, өмір алда болашағымыз жарқын деп жүргенде, кенеттен найзағайдың жарқылдағанындай болып ақырдың күні келеді. Сонда олардың жалған үміттері үзіліп, жаркыраған армандары тамамдалады.

Сол бір кездері, топан суы келмес бұрын апаттың алдын алу үшін пенделеріне Өз хабаршысын жұмсаған Алла, қазірде ақырдың келетіні жайлы хабарды жердің тұрғындарына жеткізу үшін жан жаққа Өз жаршыларын жұмсауда. Дәл Нұх пайғамбарының кезіндегідей Миллердің ескертулеріне сенімсіздік танытып, оны масқаралағандар аз болған жоқ және ондайлар Құдай халқының арасынан да шықты.

Неліктен Исаның II рет жер бетіне келетіні жайлы хабарды ғибадатхаиялар қуанышсыз, түнеріп қарсы алады? Себебі Ол заңды бұзған бұзақыларға мәңгілік өлім әкеледі. Ал Құдайдың адал құлдарына үміт пен қуаныш сыйлайды. Бұл ақиқат Алланы тосып отырғандарға үлкен жұбаныш әкелді. Неліктен Құдайдың халқы үшін бұл ақиқат Мәсіх секілді «тосқауыл тасы мен қызықтыру тауына» айналды?

Құтқарушы кетер алдында Өз оқушыларына уәде берген: «Мен сендерге барып орын дайындаймын, сонан соң келіп сендерді Өзіммен бірге алып кетемін» (Жох. 14: 3). Иса осы сәттегі Өзінің оқушыларының мұңын жақсы түсінді, сондықтан оларды жұбату үшін періштені

жұмсады. Шәкірттері жоғарылап көтеріліп бара жатқан Исадан көздерін айыра алмай тұрған кезде, періште келіп олардың көңілін бөлді: «Ғалилей азаматтары! Неге сендер аспанға қадалып қалдыңдар? Сендерден аспанға көтеріліп кеткен Иса, тура сендер көріп тұрғандай күйінде жерге қайтадан оралады (Елш. 1:11). Періштенің сөзінен кейін олардың жүректеріне қайтадан үміт ұялады. Осыдан кейін оқушылар Иерусалимге қуанышты көңіл күймен оралып, ғибадатханаға барып Құдайдың есімін мадақтап, Оған өздерінің баталарын жаудырды (Лұқа :24: 52-53). Олар жеке қалып қиындықтармен жалғыз шайқасатындарына қуанған жоқ, періштенің куәлік сөзінен кейін Исаның II рет жер бетіне қайта оралатынына қуанды. Біз де Исаның кейінгі избасарлары, Оның алғашқы шәкірттеріндей бұл хабарға қатты қуануымыз керек. Бүгінде Исаның екінші рет жерге келетіні туралы хабар бізді, бұрынғы кездегі періштелердің бет-лехемдің шопандармен бөліскен қуанышындай қуанышқа бөлеуі керек. Ол II рет жер бетіне келгенде қорлық керу үшін емес, Өз халқын алып кету үшін, Ұлы күшімен шексіз билігімен салтанатты түрде оралады. Тек Исаны жек көретіндер ғана Оның келуін қаламайды. Ғибадатхананың Құдайдан алыстап кеткенінің ең көрнекті дәлелі, көктен келген хабарды қабылдамайтынында. Адвентизм ілімін қабыл алғандар өздерінің қаншалықты күнәкар екендерін сезініп, Құдайдың алдында кінәлі екендерін жақсы ұқты. Олар рухани өмір үшін қайта тірілді. Ақыр заманның тақау екенін білген олар, оның алдындағы жауапкершілікті де жақсы сезінді. Жердегі аз күн тірліктегі кез келген нәрсеге деген қызығушылық өз мәнін жойды. Алдарында мәңгілік ашылып, адамдар не мәңгілік бақытты, не мәңгілік қарғысты таңдаулары керек болды. Құдайдың Рухы басшылық жасап, олар күллі халық қиямет күніне дайын болуы үшін бауырластарына да, басқа күнәкарларға да бірдей үндеу тастады және солар үшін шын ниеттерімен тілек тіледі. Бұлардың күнделікті өмірдегі үнсіз куәліктері жетесіз шіркеу мүшелерін жазғырып тұрғандай болды. Кейінгілер алғашқыларының оларға ойын-сауық күруға, дүние жинауға, атаққұмарлыққа ұмтылуына кедергі жасағандарын қаламады. Нәтижесінде адвентистік сенімге және ақиқаттың хабаршыларына қарсы өшпенділік туындады. Жоғарыда айтылып кеткен аяндардың орындалу периодтарына қарсы ешқандай дәлел таба алмаған олар, сол хабарға сенушілерді түңілдіру үшін аяндар мөрленген, сол себепті біздер үшін олар жабық дегенді шығарды. Осы мінездерімен протестанттар папалықтарға қатты ұқсады, ұқсап қана қойған жоқ солардың іздерімен жүрді. Папаның шіркеуі Киелі Жазбаны халықтан тығып ұстаса, протестанттар біздің уақытымызға

байланысты ақиқаттар жүйесі жайлы Киелі Жазбаның бөлігі жабық және түсініксіз деп жариялады. Даниял пайғамбарының кітабы мен аян құпия деп шығарды олар. Ал Иса Мәсіх Өзінің шәкірттерінің көңілдерін, солардың уақыттарында орындалуға тиісті болған оқиғаларға қатысты айтылған, Даниял пайғамбарының сөзіне бұра отыра: «Оқығандар түсінеді» - дейді (Матай 24:15). Аян - ашық кітап, оны түсініксіз дейтіндер, өздеріне өздері қарама-қайшы сөйлейді. «Құдай ұстатқан Иса Мәсіхтің ашық сөзі, Оның құлдарына болашақта не болатынын білдіреді. Оны оқып, көңіл аударып тыңдап және орындайтындар бақытты, өйткені уақыт аз қалды» делінген жазбада (Аян 1:1,3). Пайғамбар: «Оқитындар және тыңдайтындар бақытты» десе, оқитындар және тыңдайтындар бар, ендеше оқымайтындар мен тыңдамайтындар да бар. Аян кітабындағы Құдайдың насихаттары мен ескертулерінен бас тарта- тындар игілікке ие боламыз деп айта алмайды. Ашық кітапта салтанатты түрде жазылған аяндарды, рәміздерді келемеждейтіндер, өмірлерін өзгертуден бас тартатындар, Мәсіхтің келуіне дайын болмағандар Құдайдың батасынан құр қалады. Қалайша ашық кітап құпия болмақ? Бұл шешілген құпия, ашық кітап. Ашық Кітапты зерттеу адамдардың назарын Даниял пайғамбарының кітабына бағыттайды. Осы екі кітапта қияметте не болатыны туралы, жердің тарихы немен аяқталатыны туралы маңызды насихаттар берілген. Жохан пайғамбарына ғибадатхананы терең толғандыратын оқиғалар жайлы аян берілген. Ол болашақта болатын қауіпті, шайқасты және Құдай халқының құтқарылатынын көрді. Пайғамбар хабарландырудан кейін бидайдың қоймаға, сабанның отқа кететінін көрді. Шындыққа бет бұрғандар жолдарында шайқас пен қауіп барын білу үшін Жоханға өсіресе соңғы ғибадатханаға қатысты ақиқаттар ашылды. Болашақта болатын оқиғаларға қатысты ешкім де түнекте калмауы керек. Бұл кітапта болашақта болатын оқиғалар ашық, көрсетілген, оны елемейтіндер қауіпті жолда тұр. Ендеше адамдар Құдай Жазбасының маңызды бөлігі - аянға неліктен немқұрайды қарайды? Әрине, бұл түнек ханзадасының, өтірігі әшкере-леніп қалмас үшін, жасап жатқан бағытталған ісінің нәтижесі. Сондықтанда болашақта аянның зерттелуіне қарсы болатын шайқасты көріп тұрған, Ашық кітаптың авторы - Иса Мәсіх былай дейді: «Оқығандар, тыңдағандар және орындағандар бақытты».

Түнекті жарып шыққан нұр

Құдайдың басшылығымен жер бетінде жүріп жатқан діни және реформациялық қозғалыстар барлық ғасырларда да керемет ұқсас екен. Құдайдың адамға деген қарым-қатынасының ұстанымдары өзгерген жоқ, сол қалпы. Қазіргі уақыттағы маңызды қозғалыстар бұрынғының тәжірибесімен бекітіліп, өткен ғасырлардағы шіркеудің басынан кешкен оқиғалары біздің заманымызда баға жетпес сабақ болып табылады. Құдай адамзат баласын құтқару жолындағы ұлы еңбекте Киелі Рух арқылы қалаулы күлдарына жетекшілік етігі жатқаны туралы Киелі Жазба анық айтады. Алла игі іске адамдарды қару ретінде пайдаланады. Жер бетіндегі әрбір жанның орындайтын езі міндеті бар. Олардың әрқайсысына Алла атқаратын қызметіне байланысты және уақыт талабына сай жеткілікті білім береді. Соған қарамастан бірде бір адам, Аспан оны қанша бағалағанымен Құдайдың құтқару жоспарын, тіпті соның уақытында іске асырып жатқан жоспары мен көздеген мақсатын толық түсіне алмайды. Адамдар Құдайдың берген тапсырмасын орындап жатқандарымен, бұл хабардың мағынасына түбегейлі барлау жасай алмайды. «Зерттеу арқылы Құдайды таба аласың ба? Жаратушыны толық біле аласың ба?». «Менің ойым сендердің ойларыңа ұқсас емес және сендердің жолдарың - Менің жолым емес». «Аспан жерден қаншалықты биік болса, Менің жолдарым да сендердің жолдарыңнан соншалықты биік және Менің ойым да сендердің ойларыңнан соншалықты жоғары, өйткені Мен Құдаймын, Маған ұқсас ешкім жоқ» - дейді Шексіз Алла. Ең басында Алла, соңында не болағынын біледі (Әйүп 11:7, Ишай 55:8-9, 46:9-10). Тіпті Киелі Рухпен шабытттанған пайғамбарлардың өздері,

ғасырдан ғасырға қажетіне сай Құдай халқына айтылуға тиісті болған өз хабарларындағы кеңес пен насихаттың қаншалықты маңызды екенін түсіне бермеген. Петір Ізгі хабар сыйлайтын құтқарылу туралы айта отыра былай деп жазады: «Құдайдың сендерге беретін рақымы туралы алдын ала айтқан пайғамбарлар кезінде осы құтқарылу жайында мұқият ізденіп, зерттейтін. Оларға дарыған Мәсіхтің Киелі Рухы Оның төзуге тиісті азаптары және бұған жалғасатын салтанатты ұлылығы жөнінде алдын ала хабарлағанда, пайғамбарлар бұл оқиғалардың қалай және қай уақытта болатынын білуге тырысты. Бірақ оларға осы пайғамбарлық қызметтерін өздері үшін емес, сендер үшін атқарғандықтары білдірілді. Ал қазіргі заманда уағыздаушылар Мәсіх туралы Ізгі хабарды көктен жіберілген Киелі Рухтың жетелеуімен сендерге әкелді. Осы тамаша хабарға тіпті періштелер де қызығып, түсінуге ұмтылады» (1 Петір 1:10-12). Пайғамбарлар өздеріне берілген аяндарды толық түсінбегендерімен, өздеріне түскен жарықты толық қабылдауға тырысқан. Олар бойларындағы Мәсіхтің Рухы «қай уақытқа және қанша уақытқа нұсқап тұрғанын», «іздеген және зерттеген». Мәсіхшілер дәуірінде өмір сүрген Құдай халқы үшін ұсынылған бұл аяндарда қандай сабақ берілген. Оларға солардың өздері үшін емес, біз үшін берілген және уағыздалған аян ашылған. Бұл сақабалар өздеріне түсіп тұрған жарықты болашақтағы ұрпақтары үшін тиянақты түрде зерттеп, оны кейінгілерге шабыттана отырып сүйіспеншілікпен жеткізе білген. Сол туралы ойланыңыздар. Олардың киелі құлшыныстарын көктің сыйыпа немқұрайдылықпен қарайтын кейінгі ғасырлардың мәсіхшілерінің енжарлығымен салыстырып көріңіздер. Көктен гүскен сыйды дүниенің қызығына салынып алған қазіргілер қалай қабылдайды? Олар, аяндардың мағынасын түсіну мүмкін емес дейді және соған өздері риза. Ұят емес пе? Шектеулі адамға, әр қайсысына өзіне ғана тән пайызбен жұмыс жасайтын миымен Құдайдың жоспарын ұғу қиынға соғады. Соған қарамастан Құдайдың берген жарығын қабылдамаудың бірден бір себебі, адам ойының шектеулілігі емес, оны немқұрайдылығы мен адасушылығы. Өйткені адамдар, тіпті Құдайдың қызметкерлерінің өздері кей кездері өз пікірлері, аңыз болған әңгімелер, жалған ілімдердің қармағына ілігіп, Құдай Сөзінде жазылған ақиқатты шамалап қана ұғады. Дәл осылай Иса Мәсіхтің шәкірттері Үстаздары жанында болған кезде айтқан сөздерін дұрыс ұққан жоқ. Олар жердің патшалығы туралы ойлап, енді біздің ұстазымыз патша сайланып, Исраил дүниеге билік құрады деп мәз болды және олар алда Мәсіхті күтіп тұрған қасірет пен өлім барын білген жоқ. Иса Өзі

оларды: «Енді уақыт жетіп, Құдайдың патшалығының жер бетіне орнайтын кезі таяп қалды. Теріс жолдан тайып, Құдай жолына түсіп, Ізгі хабарды қабыл алындар» деген хабармен жұмсады (Марка 1:15). Бұл хабар жайлы Даниял пайғамбарының кітабының тоғызыншы тарауында жазылған. Періште айтқан алпыс тоғыз рет жеті мерзімі Иса Мәсіхке дейінгі уақыт аралығы болатын және айтулы патшаның келуін Оның оқушылары куана - куана күтті. Олардың ойынша Елші келіп, Иерусалимде таққа отырып, дүние жүзіне патшалық етуге тиісті болды.

Оқушылар Исаныңтапсырмасын орындап, жеткізіндер дегенхабарын жеткізді, бірақ сол хабардың мағынасын өздері білмеді. Өз уағыздарында олар Даниял пайғамбарының тоғызыншы тарауының жиырма бесінші өлеңінде берілген аянға сүйенді, ал Мәсіхтің өлімі туралы жазылған келесі өлеңге көңіл аударған жоқ. Патшалардың Патшасының қандай жоспары барын олар біле алмады. Өйткені олар бала кездерінен бастап жердегі патшалықтың ұлылығын ғана мойындап келген болатын. Сол себепті олар Исаның айтқан сөзін де, аянның мағынасын да түсінген жоқ. Оқушылар өздеріне жүктелген міндетті орындап, яхудейлерге келетін құт береке жайлы хабарлап болған соң, өздерінің Ұстаздарының Дәуіттің тағына отыратынын көреміз деп ойлады. Бірақ оның орнына шәкірттер Ұстаздарының келеке мазақ болып, өтірікші деп айыпталып, ақыры айқыш ағашқа керілгенінің куәсі болды. Осы кездері олар қатты қайғыдан құса болды. Мәсіх Аянда берілген уақытта дүниеге келді. Оның қызметінің барлық кезінде де Киелі Жазбада берілген куәліктер орындалды. Ол құтқарылу хабарын уағыздады және «билікпен сөйледі». Тыңдаушылары мойындағандай бұл хабар көктен келген болатын. Мәсіх Исаның көктен келген Елші екенін Құдай Сөзі мен Оның Рухы растады. Күйзеліске ұшырап, қобалжығандары соншалықты, олар Исаның оны күтіп тұрған қасірет пен өлім бары жайлы айтқан сөздерін ұмытып та кетті. Егер Назареттен шыққан Иса Мәсіх Елші болса, олар осылай қайғыруға тиісті ме еді? Тірілетін жексенбінің алдындағы мұңды сенбі күні Құтқарушы бейітте жатқанда, шәкірттерінің жанын жегідей жеген осы ой болды.

Сол қайғылы түн оларды түнекке орап тастағанымен, Құдай шәкірттерін қалдырған жоқ. Ол жайында пайғамбар былай деп жазады: «Мен түнекте тұрғаныммен, Алла менің жарығым. Ол мені түнектен шығарып, Өзінің ақиқатын көрсетеді». «Мен соқырларды олар білмейтін жолдармен жетелеймін, түнекті жарыққа айналдырамын, қисық жолдарын түзетемін, ешқашан оларды қалдырмаймын» - дейді біздің Жаратушымыз (Мих.7:8,9; Жыр 138:12; 111:4; Ишая

42:16). Оқушылардың жариялаған Ізгі хабары түп-түгел шын және сол кездері ол нұсқап тұрған оқиғалар болып жатты. «Уақыт толды, Құдай патшалығы жақындады» - деген болатын олар. Даниял пайғамбарының кітабының тоғызыншы тарауындағы Исаға дейінгі алпыс тоғыз рет жеті мерзімі өткеннен кейін, Мәсіх Иордан өзенінде Жохан пайғамбарының қолынан шомылу рәсімінен өтіп, Киелі Рухпен майланған болатын. Ал оқушылар уағыздаған «Құдай Патшалығы» Мәсіхтің өлімімен орнады. Бұл арада жердегі патшалық туралы емес, тіпті киелілер келіп Жаратушыларының алдында қызмет ететін көктегі мәңгілік патшалық туралы да айтылып тұрған жоқ (Даниял 7:27). Киелі Кітапта сөз болатын «Құдай патшалығы» бұл игілік және даңқ патшалығы. Ол туралы елші Пауыл еврейлерге жазған хатында айтады. Біздің әлсіздігімізді түсінетін мейірімді Аратүсушіміз - Мәсіхке мезгей отыра елші былай деп жазады: «Сондықтан береке мен бірлік тағының алдына өжеттене келейік, өйткені осы жерде біз мейірімділік пен игілікке бөленеміз» (Евр. 4:16). Сонымен игілік тағы дегеніміз игілік патшалығы, өйткені тақ дегеніміздің өзі патшалық. Мәсіхтің Өзі көптеген мысалдарында адамдардың жүректеріне әсер ететін Құдайдың игілігіне кеңіл аударту үшін «Аспан патшалығы» деген сөзді пайдаланады. Сонымен даңқ тағы дегеніміз даңқ, патшалығы және Құтқарушымыздың сөзінен осы патшалық туралы естиміз: «Қасиетті періштелерін ертіп ғаламат ұлылықпен көктен Адамзат Ұлы келген соң салтанатты тағына отырады және Оның алдына барша халық жиналып әкелінеді» (Матай 25:31,32). Бірақ бұл болашақта орнайтын патшалық. Ол патшалық Иса Мәсіх II рет жер бетіне келмейінше орнамайды. Игілік патшалығы адам баласы ең алғаш рет күнә жасап, кінәлі болған адамзатты құтқару жоспары құрылып жатқан кезде орнаған болатын. Ол кезде сөз болып отырған патшалық құрылған жоспарға сай және Құдайдың уәдесінің арқасында бар болды, ал адамдар өздерінің сенімдерімен сол патшалықтың азаматтары болып саналды. Бірақ Исаның өлімі ғана бұл патшалықты толық бекітті. Исаның жердегі қызметі басталғаннан кейін де еш ризашылығы жоқ, бір беткей надан халықтан шаршаған Ол Ғолгота құрбандығынан бас тартуына болушы еді. Егер де Иса Мәсіх Гетсимания бағында барлық адамзат баласының күнәсін арқалап, жаны қиналып, зұлымдықтың тостағаны қолында дірілдеп тұрған сәтте, маңдайынан төгілген қанды терді сыпырып тастап, адамзат өзі жасаған күнәсінің ауыртпалығын өзі көтерсін десе, біздер үшін қазір жұмақтың есігі жабық болған болар еді. Бірақ Иса ауыртпалықты көтерді, Ол адамзаттың құрбанына айналып, айқыш ағашқа керіліп, ақырғы демінің алдында «Орындалды» деген кезде, дәл осы

сәттен бастап адамзатты құтқару жоспары орындала бастады. Сонау Бейіш бағында күнәға батқан жұбайларға берген уәдесін Құдай орындады. Аян ретінде ғана беріліп тұрған уәделі игілік патшалығы енді орнады. Шәкірттері үміттерінің бір жола сөнгені секілді көңілдері құлазып қабылдаған Исаның өлімі, керісінше олардың үміттерін шыңдады және әділдіктері мен сенімдерінің мықты дәлелі болды. Қасіретке толы бұл оқиға әрбір ғасырларда өмір сүріп жатқан Адамның ұлдары мен қыздарына мәңгіліктің есігін ашты. Және ол барлық замандардағы имандылардың мәңгілік өмірінің орталық нүктесі болмақ.

Исаның оқушыларының кеңілдерінің суығандарына қарамастан Шексіз мейірімділік ылғи көрініп отырды. «Мына адам секілді ешқашан ешкім сейлеп көрген емес» - деп Құтқарушы жайлы айтылған ілімнің күші оқушылардың жүректеріне әсер етіп, Алланың игілігі оларды баурап алғанына қарамастан, шәкірттердің Исаға деген сүйіспеншіліктерінің таза алтынына бұл өмірдің мақтаншақтығы мен өркөкіректігінің өтірігі араласты. Тіпті сол бір салтанатты сағатта Құтқарушыларына Гетсиманияның көлеңкесі түсіп тұрғанның өзінде: «кімнің мәртебесі көтеріңкі» деп, олар бір бірлерімен тайталасумен болды (Лұқа 22:24). Шәкірттер тақ жайлы, төж жайлы, атақ жайлы армандап жатқан кездерінде оларға керісінше қасірет, жан азабы, сот сарайы және айқыш ағаш жақын тұрған болатын. Исаның шәкірттері Оның сөздерінің мағынасына терең ой жүгіртіп ойланбады. Олардың ойлағандары жер бетінің байлығы болатын: «атақ пен даңқ, кім кімнен жоғары болады, кім кімнен озып түседі» деген ниетте жүретін. Осындай күнәкар ойлардың қамауында жүргендіктен, олар көп қасірет шекті. Құдайдың сөзін толық ұқпағандарымен, Оның бұйрығын орындап, Ізгі хабарды уағыздағандары үшін Алла оларға Өз батасын берді. Енді олар Исаның өліп, үш күннен кейін қайра тірілгені жайлы хабарды баршаға таратулары керек болды. Дәл осы жұмыс үшін Құдай оларды сынақтан өткізіп шыңдады. Иса қайра тірілгеннен кейін Еммаусқа қарай бет алып кетіп бара жатқан оқушыларына жолықты. Осылайша Мұса пайғамбардың заманынан бастап Өзі жайлы айтылған хабарды оқушыларына ұғындыра бастады (Лұқа 24:27). Сол сәтте оқушылардың жүректері дір ете түсті, сөйтіп олардың сенімдері жаңарып сала берді. Өзі ұғындырып бергендіктен емес, рәміздерде және бейнелеме заңның тасасында, сондай-ақ Көне Өсиеттің аяндарында даусыз дәлелдемелер беріліп тұрғандықтан Иса оқушыларының жүректерінде ақиқаттың мәңгілік таңбаланып қалғанын қалады. Исаның шәкірттері өздері ғана саналы сенімге ие болып қоймай, Ол туралы ілімді

күллі әлемге жариялауға тиісті болды. Олар өз көздерімен көріп, өз қолдарымен ұстаған сияқты айғақтарға ие болулары керек еді. Сол себепті де Иса оларға Көне Өсиеттегі жазудың құндылығы мен маңыздылығына олардың көңілін аударды. Енді оқушылар өздерінің сүйікті Ұстаздарының ежелгі Мұса және басқа да пайғамбарлар жазып кеткен «Тұлға» екеніне көздері жетіп, әлемнің Құтқарушысымен бетпе-бет кездескен кезде, жандары жайдарыланып кетті. Солай олардың жүректерінде айнымас сенім пайда болды. Иса көкке көтеріліп кеткеннен кейін де, олар үнемі ғибадатханада жиналып, Құдайдың есімін мадақтап отырды. Мәсіхтің масқара өліммен өлгенін ғана білетін адамдар, Оның шәкірттерінің жүзінен қайғы мен мұңды керуге асықты, бірақ керісінше қуаныш пен ризашылықты ғана көре алды. Алдағы жұмысқа олар жақсы дайындалды. Олар мықты сынаққа түсіп, енді бәрі бітті-ау деген кездерінде Алланың Сөзі жеңімпаздана отыра орындалды. Осыдан кейін олардың сенімдеріне қалайша дақ салынып, қалайша сүйіспеншіліктерінің жалыны өшпек? Қайға мен қасірет уақытында олар жандары үшін қауіпсіз және мықты зәкір саналатын берік жұбаныш пен үмітке ие болды (Евр. 6:18,19). Олар даналық пен Құдайдың шексіз күшінің куәгерлері болды және «Өлім де, өмір де, періштелер де, бастапқы да, күште, нақты кезде, болашақ та, биіктік те, шыңырау да, ешқандай жан иесі оларды Құдайдың махаббатынан алыстата алмайтынына» нық сенді. «Осы азаптың барлығына біздерді сүйіспеншілікке Бөлегеннің күшімен шыдап келеміз» - дейді олар. Өйткені «Құдай Сөзі мәңгілік», «Ендеше кім үкім шығара алады? Мәсіх Иса біз үшін өлді, Ол қайта тірілді де. Содан Ол Құдайдың оң жағынан орын алып, бізді қолдауда» (Рим.8:38,39,37; ІІПетір 1:25; Рим. 8:34). Алла: «Менің халқым ешқашан ұятқа қалмайды»дейді (Жое. 2:26). «Кешке жылап-сықтау басым болса, ал таң ата қуаныш тосып тұрады» (Жыр 29:6).

Иса қайтадан тірілгеннен кейін, оқушыларымен тағы кездескен кезде, олар Мәсіхтің маңдайындағы жараның орнын аяқтарында, қолдарында қалған адамдар үшін тесілген шегенің іздерін көрді. Оқушылар Құтқарушыларымен сөйлесіп тұрған кезде, олардың жүректері лаулап жанып тұрды. Иса қолын жоғары көтеріп, оларға Өз батасын беріп: «Сендер барып, бар әлемге Ізгі хабарды уағыздаңдар», «Ақыр заманға дейін Мен сендермен бірге боламын»деп уәде етті. Елу күндік мереке кезінде оқушылардың бастарына Киелі Рух қонғанда, Тәңірлері олармен бірге екенін сезінген шәкірттердің жүректерін сүйіспеншілік кернеп, қуаныштарында шек болмады. Ендігі жерде оларды да Тәңірлері секілді құрбандық жолы мен азап тосып тұрса да, олар Ізгі хабарға деген қызметі мен «тақуа тәжін»

жердегі тақтың атағына, яғни Мәсіхтің соңынан әуелде ерген кезінде үміттеніп күткен жердегі патшалыққа айырбастай алар ма еді? Әрине жоқ. Армандағанымыздан және сұрағанымыздан да артығын бере алатын Біреу оларды Өзінің қасіретімен бірге қуанышына да қатыстырды. Бұл жердің балаларының көбін даңққа бөлейтін, мәңгілік асып-тасып жататын салтанатқа кенелтетін қуаныш және онымен елші Пауыл айтқандай жер бетіндегі өткінші қызықты салыстыруға бола ма?

Мәсіхтің бірінші рет келер кезіндегі Ізгі хабар Патшалығын уағыздаған оқушылардың уайымдары мен тәжірибелері Оның екінші рет келетінін уағыздап жүрген шәкірттердің тәжірибелерінің сәулесі секілді. «Уақыт толды, Құдай патшалығы жақындады» деп уағыздаған оқушылар секілді Миллер де өзін қолдаушылармен бірге Киелі Жазбада белгіленген ең ұзақ соңғы пайғамбарлық мезгіл жуырда тамамдалады, сот күні тақау, сонан соң мәңгілік патшалық орнайды деп уағыздады. Оқушылардың уақытқа байланысты уағызы Даниялдың кітабының тоғызыншы тарауында айтылатын жетпіс рет жетіні нұсқауға негізделді. Миллер мен оның пікірлестерінің уағызы жетпіс рет жеті ішіне кіретін 2300 күннің аяқталатыны туралы айтты (Дан 8:14). Аналар да мыналар да ұлы пайғамбарлық периодтың әр түрлі бөліктерін негіз етті. Алғашқы шәкірттердей Уильям Миллер мен оның пікірлестері өздері уағыздап жүрген хабардың мағынасын толық ұқпады. Шіркеуде билік құрып тұрған адасушылықтар оларға аяндағы маңызды жерлерді түсінуге кедергі жасады. Сондықтан Құдайдың берген хабарын уағыздағандарымен, оны толық түсінбегендіктері кейін олардың уайымға салынуына әкеліп тіреді.

Даниял пайғамбарының кітабының 8-ші тарауы 14-ші өлеңінде жазылған «2300 кештер мен таңдар, сонан соң қасиетхана тазарады» деген жолдарды ол өзінше, жер тазарады деп ұқты. Өйткені сол уақыттардағы жалпы көзқарас бойынша қасиетхана деп жер саналды. Сондықтан бұл даталарды санай келе ол 1844-ті жылды есептеп шығарып, осы жылы Мәсіх Иса келіп жерді отпен тазартады деп есептеген. Оның қателесуінің басты себебі де Қасиетхана дегеніміз - жер, деген қате ілімді қабылдағандығы еді.

Исраил халқында басты діни қызметкер жылына бір рет құрбандыққа шалынған малдың қанын алып киелінің Киелісінің ішіне кіретін болған. Ал халық, болса оның шығуын күтіп, сыртта тұрған. Бұл Құдай халқының қызметінің соңғы бөлігі. Және ол көктегі болып жатқай қызметтің рәміз ретінде берілген жердегі бейнесі.

Шынында 1844-ші жылы Мәсіх Иса адамзат баласы үшін төгілген қасиетті қанын алып, көктегі киелінің Киелісінің ішіне кірген екен.

Және Ол Өзінің халқының басынан көктегі кітаптарда жазылып қалынған күнәларын алып тастағаннан кейін, киелінің Киелісінен шығады. Бұл Оның қызметінің соңғы кезеңі болып саналады. Сонан соң Ол күшімен және атағымен күллі періштелерін ертіп бұлттың үстінде жер бетіне келіп, Өз халқын жоғары көтеріп әкетеді. Сол ұлы күні әр адамның тағдыры мәңгілікке шешіледі. «Әр пенде өздерінің істеген істеріне қарай сыбағаларын алады» - дейді Калимат Алла (Аян 22:12). Бұл жұмыс жайлы періштенің бірінші хабарында айтылған: «Құдайдан қорқындар, Оның есімін мадақтаңдар, өйткені сот басталды» (Аян 14:7). Кезіндегі Құдайдың хабарлаңдар дегенін жұртқа хабарлағи, бірақ сол хабардың мағынасын толық түсіне қоймаған елшілер секілді, Миллер де өзінің пікірлестерімен 2300 күн өткеннен кейінгі болатын оқиға жайлы дәл солай қателескен болатын. Ол Дан. 8:14 пен Аян 14:7 берілген хабарды ғана уағыздап, аяның 14 тарауында басқа да уағыздалуға тиісті хабарлар барына көңіл аударған жоқ. Оқушылар жетпіс рет жетінің соңында қандай патшалық орнауға тиісті екенін білмегендері секілді 2300 жылдың соңында қандай оқиға болатынын адвентистер де білмеді. Оның басты себебі ақиқатқа тосқауыл жасап тұратын, қателесіп жүрген көпшіліктің пікіріне көп көңіл бөлінетіндігі. Ал соңында күткендері орындалмай қалғандықтан сенімдегілердің жандары құлазып, көңілдері қайтып қалады.

Десе де бұл Құдайдың жүректерінде не барын көрсету үшін Өз халқына жіберген сынағының бір түрі болатын. Миллердің хабары шіркеуді сынау және тазарту үшін берілген еді. Адамдар жүректерінің жерге не көкке тиесілі екеніне көздері жетуі керек болды. Олар Құтқарушыны жақсы көреміз деген еді, енді бастарына осындай күн туып тұрған кезде, оларға дегендерін дәлелдеуге мүмкіншілік берілді. Жұрттар дүниенің қызығы мен құрған жоспарларынын бас тартып Тәңірлерін қуанышпен қарсы алуға дайын болды ма? Бұл да болса адамзаттың рухани жағдайын өзіне алдын ала көрсету үшін берілген Алланың мейірімінің бірі болатын. Олар өздерінің рухани жағдайларына көңіл аударып, жүректеріне үңілулері керек болды. Түңілулерінің басты себебі өз хабарларын түсінбегендігінің нәтижесі болғанымен, соның ақыры оларға жақсылық әкелуге тиісті болды. Алланың хабарын қабылдадық, яғни Оның келуіне дайынбыз дегендердің жүректері тексерілді. Осылай қамығып, көңілдері құлазып тұрған кезде олар аяқтарын нық басып тұра алар ма екен? Құдай Сөзіне сенгенді қоя ма? - деген сұрақтар туындайды. Немесе қай жерде кате жіберіп алғандарын тексеру үшін, Құдайға мінәжат ете отырып, Киелі Жазбаны қайтадан зерттеуге кіріседі ме екен?

Біреулер айтулы хабарды қорыққандарынан, уақытша сезімге берілгендіктерінен қабылдаған болар. Біреудің жүрегін сенімсіздік пен күмәнданудың тасқыны жарып бара жатқан болар. Дәл осы кезде әр адамның шынайы пиғылы анықталды. Сонда көп адамдар Біз Тәңірді жақсы көреміз және Оның келуін күтеміз деген болатын. Болмаса олар «Күйеу жігіт» кешіккендіктен күнкендері орындалмай қалып, күллі дүние өздерін келеке мазақ еткен кезде сенімдерінен бас тарта ма? Немесе Құдайдың оларға деген пиғылын түсінбей, Тәңірдің Сөзімен расталып тұрған ақиқаттан бас тарта ма? Бұл сынақ Сөз бен Құдайдың Рухының ілімін шынайы сеніммен қабылдағандардың табандылығын, яки мықтылығын анықтайды. Бұл қиналу (уайым) адамдардың теориясына сене салмай Киелі Жазбаның өзін өзі түсіндіріп беруіне мүмкіндік беру керектігін үйретеді. Қателескендерінің салдарынан тартқан тақсіреттері оларға көп нәрсені ашуға тиісті болды. Ол күллі мәсіхшілер әлемі кеңінен қабылдайтын, бірақ Киелі Жазбамен расталмайтын ілімнің жетегінде жүрмей Жазуды терең зерттеу керектігін көрсетті. Бұл мәсіхшілерге алғашқы шәкірттердей сынақ уағында түсінбегендері кейіннен ашылатын болады. Алғашқы оқушылардың бастарынан өткізген қиындықтарын бұлар да керді. Бәрі бітті деген кездің өзінде бұлар қамықпады. Қателескендерінің нәтижесінде бастарының еткен сынаққа қарамастан өздеріне деген Құдайдың сүйіспеншілігінің арылмайтынын түсінді. Жеке бастарының төжірибесінің арқасында бұл азаматтар Құдайдың шын мәнінде өте мейірімді де зор махаббат иесі екеніне көздері жетті және Киелінің жолдары Оның аяндары мен өсиеттерін сақтайтындар үшін рақымшылық және ақиқат болып табылатынын ұқты.

Діни ұйқыдан ояну

Исаның II-ші рет жер бетіне келетіні туралы хабардың Оның халқымен уағыздалуына ықпал еткен діни ұйқыдан ояну жайлы періштенің бірінші хабары жазылған Жохан пайғамбарының аянының 14-ші тарауында алдын ала айтылып кеткен болатын. Мұнда біз қолында Ізгі хабары бар, көктің ортасында ұшып келе жатқан періште жайлы оқимыз және онда: «Құдайдан қорқыңдар, Оның есімін мадақтаңдар, өйткені сот басталды және жер мен көкті, суды жаратқан Құдайға тағзым етіңдер» - делінген (Аян 14:6-7).

Бұл хабардың маңыздылығы оның періштемен хабарлануында. Жаратқан Ие айтулы хабар арқылы орындалуға тиісті жұмыстың ұлылығын, қаншалықты биік екенін көрсету үшін оны көктің хабаршысының тазалығы, атағы және күші арқылы суреттеп тұр. Періштенің «көктің ортасымен ұшуы» «жер бетіндегі барлық тайпалар мен буындарға, ұлттар мен халықтарға» не болатынын алдын ала хабарлап тұрған «зор дауысы» бұл хабардың күллі жерге жедел түрде тарайтынын көрсетеді. Сондықтан ол періштенің хабарымен пара-пар.

Бұл хабар айтулы қозғалыс басталуға тиісті кезеңге жарығын шашып тұр. Ол «мәңгілік Ізгі хабардың» бір бөлігі және ол соттың басталғаны туралы айтады. Адамзаттың құтқарылуы жайлы хабар барлық ғасырларда да айтылып келеді, ал дәл осы хабар сот басталған кезде, ақырдың тақап қалған кезінде таратылып тұр. Аяндарда соттың алдында болуға тиісті оқиғалар жайлы айтылады. Әсіресе ол Даниял пайғамбарының кітабына қатысты. Ақырдың уақытына байланысты берілген бұл хабарды Даниял пайғамбарына мөрлеп, бекітіп

ұстап тұру бұйырылды. Өйткені уақыты жеткенше бұл хабар жариялануға тиісті емес болды. Бірақ ақыр тақаған кезде, оны көпшілігі оқып, көздері ашылады делінген (Даниял 12:4).

Елші Пауыл ғибадатханаға Иса Мәсіхті біздің уақытымызда күтпендер деп ескерткен болатын. Себебі күнәкар адам келіп, шегінушілік болмай, ол күн

келмейді (2Сал .2:3) делінген. Біз «Күнә адамы» басқаша «заңсыздықтың құпиясы»,

«өлім баласы», «зұлымдық» деп аталған күнәкар адам келіп, шегінушілік болмай Тәңіріміздің келуін күте алмаймыз, бұл сипаттама - 1260 жыл бойы билік құрған папаның мінездемесі. Ол барлық мәсіхшілер әлеміне темір тізесін батырып, күллі шынайы мәсіхшілердің қанын көл-көсір ағызған болатын. Және ол мерзім 1798-ші жылы аяқталды. Осы мерзімге дейін Мәсіх Исаның келуі мүмкін емес еді. Исаның шәкірті Пауылдың бұл ескертпесі 1798-ші жылға дейінгі барлық мәсіхшілер дәуіріне қатысты. Сонан соң Иса Мәсіхтің II-ші рет жер бетіне келетіні жайлы хабар уағыздалуға тиісті болды.

Оның алдындағы ғасырларда бұл хабар жайлы әлем ештеңе естіген жоқ. Пауыл ол туралы уағыздады, десе де бауырларының назарын Тәңірлері келетін алыс уақытқа аударды. Оны тіпті реформаторларда уағыздаған жоқ. Мартин Лютер Құдайдың соты басталуға шамамен 300 жылдай уақыт бар деп есептеді. Бірақ 1798-ші жылдан кейін Даниял пайғамбарының кітабынан мөр алынып, білім кеңейіп, көпшілік соттың таяу екені жайлы айта бастады.

XVI-шы ғасырдағы реформация секілді, әр түрлі мемлекеттердегі мәсіхшілер әлемінде бір мезгілде адвентистік қозғалыс басталды. Америкада, Еуропада көптеген рухани адамдар айтулы аянды қайта-қайта оқып, ақырдың таяп қалғанын білді және соған көз жеткізерліктей дәлелдемелер тапты. Әр түрлі мемлекеттерде Жазбаны мұқият зерттеп Құтқарушының келетін уақыты жақын деген шешімге келген жеке-жеке мәсіхшіл топтар пайда болды.

Миллер аянды талқылап бергеннен үш жыл откен соң 1821-ші жылы Құдайдың II-ші рет жер бетіне келетіні жайлы хабарды «әлемдік миссионер» Иосиф Вольф уағыздай бастады. Вольф Германияда еврей жанұясында дүниеге келді. Оның әкесі раввин (діни оқытушы) болатын. Мәсіхшілер дінінің шындық екеніне оның кішкентай күнінен-ақ кезі жеткен еді. Иосиф өте зерек бала болды, ол үлкендердің Елші (Мессия) келіп, Израилдың қайта жаңарып құрылатыны жайлы әңгімелерін жиі еститін. Назареттен шыққан Иса жайлы ол кеп сұрақтар қойып жүрді. Бір күні бала өзінің қойған сұрағына: «Ол өте ақылды еврей болатын, өзін «Елші» деп атағаны

үшін, трибунал үкім шығарып, оны өлім жазасына ұсынды» деген жауап алды. Неліктен Иерусалим қиратылды?, біздер неге құлдықта жүрміз? деген сұрақтарға әкесі: «Өйткені біз - яхудейлер, пайғамбарларды көп өлтіргенбіз» - деп жауап берді. Иса да сондай пайғамбарлардың бірі болған ғой, сол үшін ол да өлтірілген деген ой баланың көкейінен шықпай қойды. Бұл ой балаға маза бермегені соншалықты, үлкендердің тыйым салғанына қарамастан ол шіркеуге жиі барып, есік алдында тұрып уағыз тыңдайтын болған. «Елші келгенде біз жарқыраған болашақ иесі боламыз» - деп, мақтанды бала бірде өзінің көршісіне. Ол адам мәсіхші болатын. Вольф бұл кезде жеті жаста еді. «Балам Елші дегеніміз Назареттен шыққан Иса Мәсіх, Оны сенің бабаларың басқада пайғамбарларды өлтіргендей айқыш ағашқа керіп елтірді. Сен үйіңе барда Ишая пайғамбарының кітабының 53ші тарауын оқып шық» - деді оған әлгі адам. Сол кезде Иса Мәсіхтің Құдайдың рухани Ұлы екеніне көзің жетеді. Бала үйге келе салып кітапты ашып оқып, таң қалды. Назареттен шыққан Исаның өмірінде Елші туралы аян қандай дәлдікпен орындалған? Шынымен де менің мәсіхші көршім рас айтқан болар? Енді бала өзінің әкесінен осы жерді түсіндіріп беруін талап етті, бірақ табанды, салқын үнсіздікке тап болды. Әкесі жұмған аузын ашпады. Содан кейін бала әкесінен ештеңе сұрамайтын болды. Бірақ оның ақиқатты білуге деген құштарлығы арта түсті. Ата-анасы оның білгісі келген ақиқатын одан мұқият түрде жасырды. Осыдан бастап ол өзіне мамандық және дін таңдап, өз бетімен жол табу үшін әкесінің үйінен біржола кетеді. Бұл оның 11 жасқа толған уағы болатын. Бала біраз уақыт туыстарының үйінде тұрады, бірақ олардың дінінен бас тартқаны үшін, туыстары оны қуып жібереді. Иврит сабағын беріп күнін көріп, әрі білімін толықтырып ол бір жерден екінші жерге ауысып отырады. Осылай күн көрістің қамымен жүріп, ол Рим католиктік шіркеуінен бірақ шығады, солардың дінін қабылдайды. Елші ретінде өз халқының оргасына оралып, дін уағыздаушы болуды армандайды. Ойлағанын іске асыру мақсағымен ол Рим миссионерлік колледжіне түседі. Бірақ бұл жерде де ол ашық сөйлеймін деп жүргенде «еретик» деген атқа ие болады. Соған қарамастан Вольф шіркеуде реформа жүргізуді талап етті. Әуелде құрметтеген папаның өкілдері кейін оны Римнен қуып жібереді. Осылайша оның Римнен кетуіне тура келді. Рим шіркеуі Иосифты біраз уақыт бақылауға алып, кейіннен оның өз көзқарасынан бас тартпайтынына көзін жеткізгеннен кейін басына бостандық беріп, қалаған жағына қоя береді. Сөйтіп ол Англияға келіп, протестанттардың дінін қабылдап, ағылшын шіркеуінің мүшесі болады. Бұл жерде ол екі жыл рухани төлім алғаннан

кейін, 1821-ші жылы өзінің миссионерлік ісін бастайды. «Ауырпалық атаулыны басынан кешкен» Исаның жер бетіне бірінші рет келгені туралы ұлы ақиқатты шын ниетімен қабылдаған Вольф, Оның салтанатты түрде II-ші рет жер бетіне қайта оралатынына аяндардың нақтылы нұсқау беріп тұрғанын да көрді. Исаның бірінші рет жер бетіне келгені қаншалықты айғақ болса, Оның екінші рет жер бетіне келетіні соншалықты айғақ екенін ол өз басы жаксы түсінді. Бірінші рет келгенде Ол адамзаттың күнәсін Өз мойнына алып, оның жолында құрбан болса, екінші рет келгенде Ол Өз қауымын ақтап, оларды алып кетуі үшін Құтқарушы және Патша ретінде келетінін өз халқына уағыздады. Назареттен шыққан, қасірет пен ауыртпалықтың не екенін білетін, біздің күнәміз үшін аяғы мен қолы шегеленіп, тоқты ретінде құрбандыққа шалынған Иса нағыз Елші. Ол Яхуданың патша таяғы қолынан алынып, белінен билігі кеткен кезінде бірінші рет келгені секілді бас періште хабарлап керней тартылғаннан кейін, бұлттың үстінде тұрып екінші рет жер бетіне келеді және Зәйтүн тауының үстіне тұрады, содан бір кезде тіршілік атаулыға ие болуға Адам атаның қолына берілген, бірақ ол кейіннен жоғалтып алған билік Мәсіх Исаның қолына тапсырылады (Жар. 1:26;3:17). Ол жер бетінің Гіатшасы болады. Күрсінуге мен жылау тоқталып, барлық жерде қуаныш пен мадақтау жыры шарықтайтын болады. Исаның құрбандығын қабылдап бұл өмірден өткендер бірінші оянады (1Сал.4:16; ІҚор.15:23). Бірінші рет қайта тірілу дегеніміз осы. Сонда тек адамдар ғана емес, жануарлар да өзгеретін болады (Иіиая 11:6-9) және олар Исаға бағынады (Жыр 8). Жер бетіне бейбітшілік орнайды. Бұл тамашаны көріп Алла: «Өте жақсы» - дейді.

Вольф Құдайдың жер бетіне II-ші рет келетініне мінсіз сенді. Оның пайғамбарлық мезгілдер мен ақырдың уақытын анықтауы Миллердің анықтаған уақытынан шамалы өзгешелеу болды. Басқалардың «Күні мен сағатын ешкім білмейді» деп Жазбадағы сөздерге нұсқағанына, яғни міңкелеріне түк кірмей отырадымыс деген лақабына Вольф: «Күні мен сағаты ешқашан белгілі болмайды деп Тәңіріміз айтты ма? Інжір ағашының жапырақтарын жайғанына қарап жаздың жақын екенін сезетініміз секілді (Матай 24:32) Оның келетін уақытының тақау екенін анықтайтындай замана белгілерін қалдырмап па екен? Егер Алла Өзі Даниял пайғамбарының кітабын оқып, оны түсінетін болындар деп бұйрық берсе, қалайша біз дым білмей отырамыз? Даниялдың кітабында уақыты аяқталғанша ол сөздер мөрленіп тұрады делінген (бұл жерде пайғамбардың уақыты туралы айтылады). Сондай-ақ (Дан.12:4) «көпшілік оны оқып, білімдері кеңееді» делінген. Сонда Тәңір Ие адамдардың Оның келетін

мезгілін сезбей отыратындарын емес, дәл күні мен дәл сағатын білмейтіндерін ескертеді. Біз Алланың дәл келетін күні мен сағатын ғана біле алмаймыз. Кезінде Нұх пайғамбары кемесін әзірлегендей, уақыт белгілеріне қарап біздер де қиямет күнінің тақау екенін біліп, соған дайындалуымыз керек.

Жазбаны жалпылама талқылау жүйесіне немесе оның бұрмалануына қатысты Вольф былай деп жазады: «Мәсіхші шіркеулерінің басым көпшілігі Жазбаны дұрыс түсінуден қалған және де буддистердің «бақытты болашақ дегеніміз адамдардың бір жерден екінші жерге кедергісіз әуемен еркін қалықтауы» деген елес жүйесіне еліктеп кеткен. Олар «яхудей» деген сөзді «пұтқа табынушы» деп оқу керек, «Иерусалим» деген сөзді «Шіркеу» деп түсіну керек, «жер» дегеніміз «аспан», ал «Тәңір үйі тұрған тауға көтерілу» дегенді «методистердің үлкен тамаша жиыны» деп түсіндіреді.

1821-ші және 1845-ші жылдар аралығында, 24 жыл бойы Вольф дүние жүзін аралады. Ол Африкада Египет пен Абиссиниюде, Азияда - Палестина, Сирия, Персия, Бухара, Индия елдерінде болды. Америка Құрама Штаттарында болып, қайтар жолында киелі Еленаның аралына тоқтап, сол жерде уағыз айтқан. 1837 жылдың тамызында Нью-Йоркте болып, осы қалада уағыз айтқан. Онан соң Филадельфия және Балтиморда болып, ақыры Вашингтонға жетті. Ол бірде экс - президент Джон Куинси Адамстың ұсынысы бойынша Конгресс палаталарының бірінде уағыз айтты және бұл сенбі күні болатын. Бұл лекцияны Конгресс мүшелері, Виргиния епископы, діни қолбасшылар және Вашингтон азаматтары ұйып тыңдады. Дәл осындай хабарламасымен және Мәсіх Исаның біздің өмірімізге тікелей басшылық жасайтыны жайлы лекциялармен сез сөйлеп, сонымен қоса Азияда болған кезіндегі тәжірибелерімен Нью-Джерси штаттарында, Пенсильванияда бөлісті. Доктор Вольф барлық жерлерде, тіпті түкпір - түкпір аймақтарды аралағанның өзінде күзетсіз жалғыз жүрген. Солай жүріп неше түрлі қауіпті басынан өткерген. Оны жаулары соққыға жығып, аш та ұстаған, құл ретінде сатылып, үш рет өлім жазасына ұсынылған. Бірнеше рет қарақшылардың қолына түсіп неше рет өліп, неше рет тірілген. Бірде оның мүлігін біреулер ұрлап алып, қар жауып тұрған тау ішінде суыктан мұздап қалған аяғын әрең басып ол жүздеген миль жаяу жүріп өткен. «Қарумен жүріңіз» деген ұсыныстарға ол, «мен дұғамен қаруланып аламын және те жакыны жақсы көретін адам оған қалай қару жұмсамақшы?» - деп жауап беретін болған. Ол өзімен бірге ағылшын және еврей тілдерінде жазылған Киелі Кітапты үнемі қалдырмай ұстап жүрген. Соңғы саяхатын еске ала отыра ол: «Мен Киелі Жазбаны қолымда

ылғи ашық ұстайтынмын және күшімнің осы Кітапта екенін, оның қуаты мені қолдайтынын сезетінмін» - дейді.

Ақыры Құдай сотының басталғаны жайлы хабар жердің басым көпшілік аймағына тарап болғанша ол тынымсыз еңбектенген. Вольф еврей, түрік, парсы, үнді халықтарының және басқа да халықтардың арасында жүріп, олардың тілдерінде Құдай патшалығының жақындап қалғаны жайлы уағыздар айтқан.

Бұхарада жүрген кезінде Алланың жер бетіне 11-ші рет келетіні жайлы ілімді өркениеттен алыс жатқан аймақтағы адамдардың білетіндеріне оның көзі жетті. Йемена жеріндегі арабтардың «Сеера» атты кітаптары бар екен, онда Мәсіх Исаның 11-ші рет жер бетіне келетіні жайлы жазылыпты. Йеменада мен Рехавтың балаларымен алты күн бірге болдым - дейді ол. Олар жүзім отырғызбайды екен және шарап та ішпейді екен. Олар Рехавтың баласы, мейірбан қария Ионадавты жиі есгеріне алады. Сол жерде Даннан тараған Исраил халқының балалары да бар екен. Олар да Рехавтың ұрпақтары секілді Исаның аппақ бұлттың үстінде, мыңдаған періштелерін ерітіп салтанатты түрде келетінін біледі екен және Оны бар ниеттерімен күтуде. Басқа миссионердің айтуынша мұндай ілім Татарстанда да бар екен. Татардың бір молласы Исаның 11-ші рет қашан келетінін бір дін уағыздаушы елшіден сұраған екен және оның бұл жайлы ештеңе білмейтінін керіп, мұндай да надан мұғалімдер болады екен-ау деп таң қалыпты. Сол молла Исаны шамамен 1844-ші жылы келетініне сенімді болған екен.

Англия жерінде Исаның келетіні жайлы хабар 1826-шы жылдан бастап уағыздала бастаған. Америкадағы секілді дәл уақыты белгіленбегенімен, бұл жерде де Исаның атағы және күшімен салтанатты түрде келетіні жайлы ілім кеңінен тараған. Ағылшын жазушысы Муран Броктың айтуынша ағылшын шіркеуінің шамамен 700-дей діни қызметкерлері «Ізгі хабар Патшалығын» уағыздаумен айналысқан. Сол секілді Тәңірдің 1844 жылы келетіні туралы хабар Ұлыбританияда да кеңінен тараған. Осы арада АҚШ тан әкелінген кітапшалар таратылып, кітаптар мен журналдар қайта басылып шыққан. 1842-ші жылы тегі ағылшын Роберт Уинтер Америкада адвентистер ілімін қабылдап, Ізгі хабарды отандастарына жеткізу үшін еліне қайтып оралған. Онымен бірге басқа адамдар да сол іске араласып, айтулы хабар Англияның әр түрлі беліктерінде уағыздалды.

Оңтүстік Америкада шіркеудің неше түрлі тартыстарымен жүріп надандыққа шомып қалған Лакунза атты иезуит, тегі испандық, Киелі Жазбаны оқығаннан кейін Исаның келетіні жайлы хабарды мойындап, оны қабыл алған. Бірақ ол жайлы тікелей хабарлап айтуға Римнен қорықкандығынан өзін бет бұрған яхудей ретінде

таныстырып және ойын шығарма түрінде жазып, оны «Равви-бен-Ездра» деген атпен баспадан өткізіп, жер-жерге таратқан. Лакунза XVIII-ші ғасырда өмір сүрген, бірақ оның кітабы 1825-ші жылы ғана Лондонға жеткен және ағылшын тіліне аударылған, сонымен қоса Исаның II-ші рет жер бетіне келетіні жайлы хабарлас болған ағылшындардың сол сұрақ маңайындағы қызығушылығын тереңдете түскен.

Германияға бұл хабарды XVIII-ші ғасырдың сыншысы, көрнекті дін зерттеуші, лютеран шіркеуінің діни қызметкері Бенгель таратқан. Білім алғаннан кейін Бенгель теология сабақтарымен айналысқан, ал оған жас кезінен бастап жетілген байыпты, рухани ақылы, өз білімін езі байытуға деген құштарлығы сеп болған. Көптеген басқа да жастар секілді, оның рухани өмірінде де күдіктену деген көп болған. Кейіннен сол кездерді еске ала отырып, оның жастық шағын ауыр жүкке айналдырып, жүрегіне жебе болып қадалған күдіктер жайлы ол терең сезіммен айтады. Вюртбенгерс шіркеу сотының мүшелігіне енгеннен кейін, ол діни бостандықты қорғауға тұрды. Шіркеудің құқығын қолдай отырып, ол сонымен қоса адам өзінің арына сәйкес әрекет жасайтынын айтып, ешкімді де күштеп шіркеуде ұстауға болмайтыны жайлы ұсыныстар жасады (Британия энциклопедиясынан). Бенгельдің сіңірген еңбектерінің әсері оның отанында осы уақытқа дейін байқалады.

Бірде ол уағыз айтуға дайындалып отырған кезінде, аянның 21-ші тарауын оқып отырып, Исаның II-ші рет жер бетіне келетіні жайлы хабарға кезі түсіп, кенеттен не бір жарыққа бөленгендей болды. Пайғамбардың суреттеп берген оқиғаның ұлылығы, көп мәнді болғаны соншалықты, осы мезгілден бастап ол басқа ештеңе жайлы ойлай алмады. Келесі күні осы сурет тағы да оның көз алдына келді. Сол мезгілден бастап ол Ашық кітапта берілген аяндарды зерттеуге кірісті. Оның даталарды есептеп шығаруында Миллердің санағымен аз ғана айырмашылықтар болды. Бенгельдің еңбектері барлық мәсіхшілер елдеріне кеңінен тарады. Оның аяндарға қатысты көзқарасы Вуртенберг жерінде және Германияның да кейбір бөліктерінде қабылданды. Ол өлгеннен кейін де бұл хабар таралуын тоқтатқан жоқ, қозғалыс ұлғая түсіп Мәсіхтің екінші рет жер бетіне келетіні жайлы хабарды Германия және басқа да мемлекеттер естіді. Сенімдегілердің кейбіреулері Россияға келіп, колониялар құрып Ізгі хабарды уағыздады және осы күнге дейін уағыздап келеді. Бұл шырақ Франция мен Швейцарияда да жарк етті. Кезінде Фарель мен Кальвин реформация ілімін таратқан Женевада, енді Госсен «Ізгі хабарды» уағыздады.

Госсен студент кезінің өзінде-ақ сол кездегі Еуропада XVIII-ші ғасырдың аяғымен XIX-шы ғасырдың басында үстемдік құрған рационализм рухына бой ұсынып, кейіннен діни дәрежеге көтерілгеннің өзінде ақиқат жайлы көп ештеңе біле қойған жоқ. Керісінше скептицизмді* кебірек қолдады. Жас кезінде ол аяндарды оқығанды жақсы көретін. Ролланның «Ежелгі тарихын» оқығаннан кейін, Даниял пайғамбарының кітабының екінші тарауына көңіл бөлгеннен кейін, ол аяндардың тамаша бір дәлдікпен орындалатындарына және тарих жазбаларында өз орындарын тапқандарына таң қалды. Осыдан кейін ол Киелі Кітаптың бірден бір ақиқат екеніне көз жеткізіп, өмір тасқынына түскен кездерінде оны неше рет зәкір ретінде қолданды десеңізші. Рационализм ілімі оны қанағаттандырмады, тек Киелі Кітапты зерттей отыра және үлкен жарыққа ұмтылуының арқасында ол нағыз иманға қол жеткізді. Аяндарды зерттей отыра ол ақырдың алыс емес екенін білді. Бұл хабардың салтанаттылығына шаттанған Госсен өз қуанышын жұртпен бөліскісі келді. Бірақ «Даниял пайғамбарының кітабындағы аяндардың мағынасын түсіну қиын, құпиясы көп» - деген кепшіліктің пікірі, оның жолына неше түрлі кедергілер қойды. Сол себепті ол Фарельдің тәсілдерін пайдаланып, уағыздарын балалардан бастап, солар арқылы ата-аналарын да қызықтырмақ болды. Неліктен ол өз жұмысын балалардан бастады? Бұл оның еңбегінің маңызсыздығынан емес, керісінше оның балаларға дайындаған әңгімелері нағыз ақиқат болатын. Және баға жетпес осы ақиқатты ол бәріне түсінікті болатын калыпта мазмұндап бергісі келді. Егер ақиқат балалардың кекейлерінде өз ізін қалдырып, оның тобы көбейе бастаса, онда бұл сез үлкендердің де жүректеріне жетер деген ниетте болды. Бір сөзбен айтатын болсақ жұрттың оны естігенін қалады, бірақ бірден үлкендерден бастаса олай болмай қалама деп қауіптенді. Сол себепті де ол әуелі ең кішкентай адамдарға барды. «Мен баларды жинадым және іштей былайша ойландым: егер кішкентайлар мені қызығушылықпен тыңдаса, онда менің не айтқым келгенін түсінгені, онда дәл осындай екінші топ жиналуы мүмкін, сол кезде үлкендер де айтылып жатқан хабар барып тыңдауға тұрарлық екен деп ойлауы мүмкін. Олай бола қалған жағдайда істің алға қарай басқаны». Осылайша Госсеннің еңбегі ақталды, балалардан кейін оны үлкендер де келіп қызығушылықпен тыңдайтын болды. Тыңдаушылардың ішінде қарапайым адамдар ғана емес, ғалымдар мен беделді адамдар да болды. Тіпті Женеваға бөтен жерлерден келген қонақтар да бұл лекцияларды тыңдап, сонан соң өз елдерінде уағыздайтын болған. Табысына шабыттанған Госсен өз лекцияларын жариялай бастады және де діни қызмет француз тілінде жүретін

шіркеулер оған қызығушылық танытады деп үміттенді. «Балаларға арналған насихатты жариялай отыра мен шын мәнінде оларды «аяндар құпия және түсініксіз» дейтін үлкендерге ұсындым». Егер де оларды балардың өздері түсінетін болса, оны несі түсініксіз? Мен ез мәжілісханамды осы аяндармен сондай таныстырғым келді. Олар дер кезінде айтылып тұрғандай. Аяндарды зерттеу бізді болатын сынақтарға шыңдап, сергек болуға және Иса Мәсіхті үмітпен күтуге көмектеседі — деп жазды ол.

Госсен Женевада француз тілінде рухани тәлім беретін ең сүйікті де, сыйлы дін уағыздаушылардың бірі болғанымен, шамалы уақыттан кейін ол өз қызметінен шеттетілді. Жазғырудың жалғыз ғана себебі, оның еңбек барысын- да шіркеудің жансыз және рационалистік катехизисінің орнына Киелі Жазбаны пайдаланғандығы. Кейіннен ол дін мектебінің мұғалімі болып орналасты, ал жексенбі күні бұрынғыша балаларға Киелі Жазба бойынша сұрақ-жауап ретінде сабақ жүргізді. Оның аяндарды зерттеуі үлкен қызығушылық туғызды. Госсен көп жылдар бойы кітап беттерінен, мұғалімдік орнынан, мінбеден халыққа жақсы ой салып, Тәңірдің келетін мезгілі тақау екеніне нұсқайтын аяндарға көпшіліктің назарын аудара отыра мәнді еңбек атқарды.

Мәсіх Исаның II-ші рет жер бетіне келетіні жайлы хабар Скандинавияда да кең түрде тарай бастады. Осыдан кейін көпшілік адамдар рухани ұйқыдан оянып, өздерінің қаншалықты күнәкар екендерін мойындап, Құдайдан күнәларына Исаның атынан кешірім өтінді. Мұндай әрекетке мемлекет шіркеуінің басшылары қарсы келіп, кейбір таза ілімді уағыздаушы қызметкерлерді қамауға алып, зынданға тастады. Басқадай хабаршылар болса, оларды ауыздарын ашпауға мәжбүр етті. Сол кезде Құдай өз қаруы ретінде балаларды таңдап алды, себебі мемлекеттік заң жастары кәмелетке толмағандарға ешқандай жаза қолдана алмайтын болды. Ал балалар болса, тоқтаусыз сөйлеп, ақиқатты жариялады.

Уағыздың мұндай түрі негізінде қауіптің алдын алуға беріліп тұрған ескертулерді тыңдау үшін үйлерінде жұрт жиналатын қарапайым еңбеккерлердің арасында танымал болды. Бұл ақиқаттың жаршылары көбінесе қарапайым жанұялардың балалары болатын. Жастары 6-7 ден аспаған кішкентай балалар Құтқарушыны жанындай жақсы көрді. Оның киелі талаптарын мүдіртпей орындауға тырысты. Олардың әр қайсысының ой-өрісі жастарына сай келетін. Дегенмен халық арасына шығып сөз сөйлеген кездерінде Құдіретті күштің Иесі оларды жетелеп тұрғаны бірден байқалатын. Тіпті Киелі Кітаптағы өлеңдерді жатқа айтып: «Құдайдан қорқыңдар, Оның

Есімін мадақтаңдар, өйткені сот басталды» - деген кездерінде олардың дауыстары да ерекше шығатын болды. Балалар адамдардың күнәсін айтып, оларды ұялтып, әдепсіздік пен кесірді ашық ешкереледі. Бұл кішкене қызметкерлер халықты Исаның жолына түсуге, Оның

II-ші рет жер бетіне келетін кезіне дайын болуға, Құдайдың қаһарына ілігіп қалмау үшін төубаға түсулеріне шақырды.

Халық болса, олардың уағыздарын ұйып тыңдады. Құдайдың Рухының күші жүректерге әсер етті. Адамдар күнәларын тастап мінездерін өзгертіп, тәрбиеге көніп жаман әдеттерін қалдырып, қолдарына Киелі Жазбаны алып зерттеп өмірлеріне едәуір өзгерістеренгізді.Тіпті мемлекеттікшіркеудің қызметкерлерінің өздері де бұл өзгерістерді көріп, таң қалды және мұның Құдайдың ісі екенін мойындауларына тура келді.

Скандинавия еліне Ізгі хабарды тарату Құдайдың еркі болатын және жаулары Оның хабаршыларының үндерін өшіріп тастаған кезде, Алла бастаған ісін аяқтау үшін кішкене балаларды сөйлетті. Мәсіх Иса Иерусалимге жақындаған кезінде, адамдар қолдарына пальма бұтақтарын ұстап: «Дәуіттің баласы келе жатыр!»деп, қуанышты ән салып Оны қарсы алып жатқан кезінде, ішкі күйген парызшылар: «Мыналардың үндерін өшірмейсің бе»деп назаланған болатын. Сонда Иса: «Болып жатқан оқиғаның барлығы аяндардың орындалғанын көрсетеді. Ал егер де халықтың үні өшсе, тастар сөйлейтін болады» - деп жауап берген еді.

Шынында діндарлардан қауіптенген халық үндемей қалған кезде, Құдай үйінің ауласына кіріп кеткен, коркыныш дегенді білмейтін балалар: «Дәуіттің баласы жасасын!»деп, ондерін жалғастыра берген (Матай 21:8-16). Парызшылар қатты қамығып Исаға: «Мыналардың не айтып тұргандарын естімейсің бе?» дегенде, Иса оларға: «Сендер балалар мен емшектегі нәрестелердің аузымен Өз есіміңді мадақтайсың, дегенді оқымап па едіңдер?» - деп оларға жауап берді. Иса бірінші рет келген кезде балалар арқылы әрекет жасағанындай, екінші рет келетіні туралы хабарды тарататқызу үшін, айтулы іске балаларды жұмылдырды.

Исаның II-ші рет жер бетіне келетіні жайлы Ізгі хабар барлық халықтарға, гілдерге, руларға және тайпаларға міндетті түрде таралуы керек. Егер үлкендер қорқып, сойлемей қойса, олардың орындарына балалар сөйлейтін болады.

Вильям Миллер мен оның пікірлестеріне Ізгі хабарды Америкаға тарату жүктелген болатын. Дәл осы мемлекет ұлы адвентистік қозғалыстың орталығына айналды. Бірінші періштенің хабарына қатысты аян осы жерде кеңінен орындалды. Осы жерден Миллердің және

оның еңбектестерінің кітаптары басқа да мемлекеттерге тарады. Миссионерлер өздерінің жүрген жерлерінің бәрінде Исаның екінші рет жер бетіне келетіні туралы қуанышты хабарды халыққа таратып отырды. Ізгі хабар шер шарының шет шетіне жеткізілді. Барлық жерлерде: «Құдайдан қорқындар, Оның Есімін мадақтаңдар, өйткені сот басталды» деген ақиқат жаңғырып жатты. Жұрт Иса 1844-ші жылдың көктемінде келеді деген пайғамбарлық қуәлікке кеп көңіл бөлді. Бұл жайлы бір штаттан екінші штатқа айтылып таралып жатты және көпшілік оны қызығушылықпен тыңдады. Халық пайғамбарлық мезгілдердің дұрыс есептелгеніне көз жеткізіп, өздерінің ежелгі кезқарастарынан бас тартып, ақиқатты қуанышпен қарсы алды. Дін қызметкерлерінің көпшілігі өз көзқарастарын өзгертіп, қызметтерін, алып отырған айлықтарын, бір сөзбен айтқанда жеп отырған нандарын қалдырып, Исаның жер бетіне II-ші рет келетіні жайлы хабарды көпшілікке жеткізу үшін жолға шықты. Бірақ ондайлардың сандары аса көп те болған жоқ. Көбінесе бұл міндетті өз мойындарына алған қарапайым еңбеккерлер болатын. Фермерлер өріс даласын, шеберлер аспаптарын, коммерсанттар саудасын, қызметкерлер кеңсесін қалдырып, Ізгі хабарды уағыздауға кірісті. Соған қарамастан аткарылатын қызметтің мөлшерімен салыстырғанда елшілердің саны тым аз болды. Шіркеудің аянышты күйі, белшесінен күнәға батқан халық, өз кінәларын мойындауға шамасы келмей тоң мойын болып қалған жандар - осының барлығы ақиқатты уағыздаушы жаршылардың ауыр жүгіне айналды. Соған қарамастан бұл қызметкерлер қажырлы еңбек етіп, халықты тәубаға келтіріп, құтқарылу жолын көрсету үшін жандарын салды. Албастының қарсы тұрғанына қарамастан айтулы жұмыс қарқынды түрде алға басты, соның нәтижесінде көптеген адамдар адвентистік ілімді қабыл алды.

«Келе жатқан ғаһардан кашып құтылу үшін күллі мүмкіндікті жасаңдар» деп, Құдайға сенетіні болсын, сенбейтіні болсын, күнәкарларды тәубаға шақырған дауыс күллі жерлерде жаңғырып жатты. Исаның алдында келіп, Оған жол ашқан Жохан пайғамбары секілді ақиқатты уағыздаушылар ағаштың түбіне балта шапқандай табанды түрде халықты тәубаға түсуге шақырды. Олардың алаңдаулы, тынышсыз, қауіпке толы уағыздары шіркеудің мінбелерінен айтылатын уағыздарға мүлдем ұқсамады. Бұл ақиқат қарлығаштарының уағыздары өте жалынды болды және оларға қарсы тұруға ешкімнің амалы қалмады. Діндарлар езімшіл сенімнен, бейқамдықтан оянды. Олар өздерінің адасушылықтарын, дүниеге деген сүйіспеншілігін, имансыздықтарын, менменшілдіктерін, езімшілдіктерін көрді және өздерінің қаншалықты аянышты күйде тұрғанын білген олардың

көпшілігі бар жүректерімен Құдайды іздей бастады. Жердегімен ғана шектеліп жүрген бұлар енді назарларын көкке аударды. Киелі Рухпен шабыттанып алған айтулы жандар: «Құдайдан қорқыңдар, Оның Есімін мадақтаңдар, өйткені сот басталды» - деген жалынды хабарға өз дауыстарын қосты.

Жан жақтан көздері жасқа толған күнәкарлар: «Біз не істеуіміз керек?» деген сұрақтар қойып жатты. Басқаларды шығынға ұшыратқан киянатшылдар, сол шығынның орнын толтыруға асықты. Енді олар бұрынғы әдеттерімен үзілді кесілді қоштасып, жаңаша өмір сүре бастады. Құдайдың киелі қолының астынан пана тапқан бұл жандар басқаларды да өз қатарларына қосылуға шақырды. Ата-аналары балаларына бұрылып, балалары ата-аналарына қарай бұрылды. Тәкәппарлық пен менменшілдік олардың қарым-қатынастарына енді кедергі жасай алмады. Адамдар тәубәларына келіп, бір бірлерінің алдында өздерінің жасаған қылмыстарын мойындады, жақындарының құтқарылып қалуына қам жасады және бір бірлерінің тілектерін тілей бастады. Кейбіреулері түнімен көз ілместен күнәларын кешіруді өтініп, Құдайға жалбарынумен болды. Енді біреулер өздерінің де, жақындары мен көршілерінің де тілегін тіледі.

Байлар да, кедейлер де, атақтылар да, қарапайым халық та адвентистердің жиындарына қарай ағылды. Олар Исаның II-ші рет жер бетіне қайтып оралатыны жайлы ілімді естуге бар ниеттерімен асықты. Құдай Ие, Оның қызметкерлері өздерінің сенімдерінің негізін мазмұндап болғанша қарсыласу рухын тежеп тұрды. Кейде ақиқатына куәгерлік жасауға Құдайдың Рухы оларға күш бере отыра әлсіз қаруды пайдаланды. Мұндай жиындарда періштелердің оған қоса қатысатыны сезілетін және күн сайын көптеген адамдар сенетіндердің қатарына қосылып жатты. Сондай-ақ олар бұл уағыздарды үндері шықпастан, бір адамдай тыңдайтын болған. Осындай сәттерде көк пен жердің арасы жақындап қалғандай сезіледі екен. Құдайдың күші кәрілердің де, жастардың да, балалардың да бойларының көзге түсерліктей байқалды. Үйлеріне қайтып бара жатқан кездегі ер адамдардың

Алланың есімін мадақтаған әндері түннің тыныштығын бұзды. Бұл жиындарға қатысқан адамдардың бір де бірі сол кездегі рухани атмосфераны ұмыта алмас.

Исаның келетін мезгілінің дәл белгіленуі қауымның барлық салаларындағы көпшілік адамдарға ұнамады. Олардың іштерінде шіркеу қызметкерлерінен бастап күнәға белшелеп қалған қылмыскерлерге дейін бар болатын. Осылайша Киелі Кітапта берілген аяндардың тағы бірі орындалды. Сонда: «Ақыр тақаған кезде менменшіл ұрысқақтар

шығып: Исаны келеді дегені кәне? Жаратылыс басталғаннан аталарымыз өле бастағаннан бері бәрі бәз баяғысынша жалғасуда” - дейді екен (2 Петір 3:3-4). Құтқарушыны жақсы көреміз дейтіндердің көпшілігі: «Исаның келетінін барлығымызда білеміз. Бірақ Оның келетін мезгілін белгілеудің не қажеті бар?» - деген сұрақтарды жаудыра бастады. Ал жүректерді оқи білетін Тәңір Ие бәрін біліп тұрған болатын. Олай деулерінің себебі, сол адамдар әлемді шындықпен соттайтын Құдайдың келуін шын ниеттерімен қаламады, өйткені өздері сол күнге дайын емес еді. Опасыз құлдар жүректерді сынайтын Алладан қорықты, Онымен кездесуден сескенді, өйткені сыннан өте алмайтындарын сезді. Құтқарушы бірінші рет келген кезде Оны қарсы алудан бас тартқан яхудейлер секілді, бұлар да Исамен жүздесуден шошынды. Сондықтанда олар Жазбадағы анық дәлелдемелерді тыңдамақ түгілі, Құдайды шынайы сезіммен күтіп отырған адамдарды келемеждеді, мазақ қылды. Сонда ібілістің және оның жындыларының қуанышында шек болмады. Зұлымдықтың төбеті: «Егер халқы Оның келгенін қаламаса, онда сүйіспеншіліктерінің жетіспей жатқаны ғой» деп, тікенді сөздерін Мәсіхке және Оның періштелеріне бағыттады.

«Күні мен сағатын бір де бір адам білмейді» деген сөздер адвентистік ілімнің карсыластарына таптырмайтын дәлел болды. Киелі Кітапта «Құдайдың қай күні, қай сағатта келетінін ешкім, тіпті періштелер де білмейді, тек Құдай Әке ғана біледі» - деп жазылған (Матай 24:36). Құдайдың келуін шын қалайтындар бұл сұраққа Киелі Кітапқа үйлесімді түсініктемелер береді де, ал керісінше оны қаламайтындар оны керісінше талқылайды. Мәсіх Иса соңғы рет мәжілісханада болғаннан кейін Зәйтүн тауының үстінде оқушыларымен сұхбаттасқанда оларға сол естелік сөдерді айтқан еді.

Исаның оқушылары: «Ақыр заман қашан болады және Сен қай уақытта қайтып келесің» - деп Оған сұрақ қойған кездерінде, Иса замана белгілеріне нұсқап: «Осы айтылғандарды көрген кезде, ақырдың алыс емес екенін, есіктеріңнің сыртында тұрғанын біліңдер» - деген еді. Құтқарушының бір сөзі екінші сөзінің мөнiсін жоймайды. Оның келетін күні мен сағатын ешкім білмегенімен, айтылған белгілерге қарап әркім* - ақ ақырдың алыс емес екенін түсіне алады. Бұл белгілерге көз жұмған адамдар, топан суы қаптаған кезде суға кеткен жандар секілді мәңгілікке көздерін жұматын болады. Сол тарауда жазылған мысалда сенімді және сенімсіз қызметшілер қарама-қарсы қойылған, сондай-ақ: «Қожайыным жуыр арада келмейді» деген қызметшінің тағдыры сипатталады. Бұл мысалда Мәсіхтің Оны күткендерге және күту керектігін басқаларға хабарлаған қызметшілерге

және Тәңірдің келетінін теріске шығарған қызметкерлерге қалай қарайтыны анық айтылады.

«Сергек болыңдар!» «Қожайыны келген кезде, ұйықтамай күтіп отырған қызметші шынайы бақытты» - делінген (Матай 24:42,46). (Бұл жерде рухани ұйқы туралы айтылады). «Сергек болмасаң сені іздеп табамын, қай кезде табатынымды сезбей де қаласың» (Аян 3:3).

Елші Пауыл былай дейді: «Жаратушысының келуін күтпегендерге, Исаның келуі түнде үйіне түскен ұрымен бірдей болады». «Олар бейбітшілік, қауіпсіздік» - деп өздерін ездері жұбатып жатқан кездерінде зарарға шалдығады және одан ешкім қашып құтыла алмайды. Сонымен қоса Құдайды күтіп отырған жандарға ол былай дейді: «Бауырластар! Сол күн қапелімде келетіндей сендер түнекте емессіңдер, ейткені түнектің емес жарықтың балаларысыңдар» (ІСал 5:2-5).

Сонымен Киелі Жазбада Мәсіхтің келетін мезгілінің тақау екеніне қатысты, адам түсініксіз жүруі керек деп ойлайтындай негіздеме жоқ екенін көреміз. Сыныққа сылтау іздегендей ақиқаттан бас тартқысы келгендер сол түсініктемелерді тыңдамады. Дөрекі мысқылдаушылар, тіпті Мәсіхтің сайланған қызметкерлерінің өздері тоқтаусыз: «Сол күн мен сол сағатты ешкім де білмейді» - деп қайталаумен болды. Халық рухани ұйқыдан оянып, құтқарылудың жолдарын іздей бастағанда діни ұстаздар ақиқат пен адамдардың араларына тосқауылдар қойып, Құдай Сөзін кері талқылап, олардың корқынышын сейілтпек болды. Құдай бейбітшілік туралы айтпағанмен, арсыз күзетшілер зұлымдықтың көкесімен бірігіп алып: «Бейбітшілік, бейбітшілік» - деп айғайлай берді. Мәсіхтің уақытындағы парызшылар секілді олар өздері де Құдай патшалығына кіруден бас тартты және басқаларға да кедергі жасады. Мұндай адамдар жазықсыз жандардың қанын арқалайтын болады.

Ақиқатты бірінші болып қабылдағандар шіркеудің қарапайым мүшелері болатын. Киелі Кітапты егдей - жегдей талдағандар аяндардан қате таппады, діндарлардың әсерінен тыс тұрып Жазбаны өз бетімен зерттегендер, оның беделіне сүйеніп, адвентистік ілімді қабыл алды.

Көпшілікжандар, Исаның келетіні туралы естігілері келмеген, өзбауырларының тарапынан қуғынға ұшырады. Кейбір адамдар шіркеудегі жағдайды сақтап қалу мақсатында ашылып тұрған ақиқатты елемеуге тырысты, яғни жұмған ауыздарын ашпалы, ал енді біреулері болса керісінше Аллаға адал болып қалам деушілерге Оның сеніп тапсырған ақиқатын жауып ұстау қисынсыз екенін сезінді. Осылайша көп жандар Исаның келетіндігіне сенгендері үшін шіркеу

мүшелігінен шығыш қалды. Бұл жандар өздерін: «Менің атым үшін сендерді жек көрген бауырларьщ: «Әуелі Ол бізге Өзінің атағын көрсетсін, сонан соң біз сендердің қуаныштарыңды көрейік» - деп жазылған пайғамбар сөзімен жұбатты. Бірақ кейін олар ез істеген істері үшін ұялатын болады» (Ишая 66: 5).

Періштелер жерде жүріп жатқан жұмыстардың нәтижелерін мұқият бақылап отырды. Шіркеулер ақиқаттан бас тартқан кезде олар қатты қинапды. Адвентистік ақиқатпен сынақтан өтпеген адамдар әлі көп болды. Ештеңенің анық-танығына көздерін жеткізіп алмай адвентистердің ілімі — күнә деген байламда тұрған әйелдерінің, күйеулерінің, ата-аналарының, балаларының даттауымен адасушылыққа кіріп кеткендер көп болды. Періштелерге бұл адамдардың өмірлерін мұқият бақылауға алу бұйырылды, өйткені Құдайдың тағынан оларға басқа жарық түсуге тиісті болды.

Ал бұл ілімді қабыл алғандар, Құтқарушының келуін тағатсыздана күтті. Ай- тулы уақыт жақындаған сайын олар бұл мерекеге салтанатты түрде өзірленді. Тәңірлерімен сұхбаттасқаннан ләззат алып, керемет болашақ жайлы ойланды. Исаны күтіп отырған сол уақыттарында тамаша үмітті сезінген жандардың бір де бірі оны ешқашан ұмытпайтын болар. Сол күнге бірнеше апта уақыт қалғанда, жұрт жердегі барлық жұмыстарын доғарды. Олар соңғы сағатын күтіп, тесек тартып жатқан жандардай өз ойларына сан рет көз жүгіртіп, мәңгілікке біржола дайындалды. Ешкім де Құдаймен жүзбежүз кездесеміз ғой деп, үстеріне жақсы киімдерін киіп, әшекей бұйымдарын таққан жоқ, өйткені олардың барлығы да Аллаға керегі Исаның қанымен жуылған адамның тап-таза жүрегі ғана екенін жақсы білетін. Егер қазіргінің адамдары сол кездегі адамдардай өздерінің тәкаппар мінездерін сындырып, Құдайға бой ұсынып тәубаларына келсе, мына дүние қаншалықты рухани бай болған болар еді. Өкінішке орай қазіргі заманда күнәсі үшін қайғырып, оған кешірім өтініп, Құдайға күні-түні мінәжат етіп, жалбарынып жатқан жандар өте аз. Оның басты себебі адамдар Жаратқанға деген жанды сенімдерін жоғалтқан. Соның салдарынан олар Құдайдың жомарттықпен төгетін игілігіне де ие бола алмайды.

Алла Өз халқын сынақтан өткізуді жөн көрді, сол себепті олардың аяндарда берілген пайғамбарлық периодтарды есептеу кезінде жіберген қателерін өздеріне көрсетпей Өз қолымен жауып тастады. Адвентистер қателесті, тіпті олардың қарсыластарының ішіндегі керемет деген ғалымдардың өздері бұл қателіктерді байқай алмай қалды. Олар: «Сендердің жыл санауларың дұрыс, осы айтулы жылы керемет бір оқиға болуға тиісті, бірақ бұл Миллер алдын ала

хабарлағандай Мәсіхтің жер бетіне II-ші рет келетін уақыты емес, бар өлемнің Құдайға бет бұратын мезгілі»деді.

Шынында айтулы мерзім өтті, бірақ Иса келмеді. Оны шын ниетімен күткендер қатты қиналды және түңіліп қалды. Десе де Құдай ойлаған мақсатын орындады. Алла адамдарды қатал сынақтан өткізді. Өйткені Оны күткендердің ішінде, Құдайдың келуін шынымен де қалағандар да, сонымен қоса тек қорыққандарынан күткендер де болды. Олардың Құдайға үстіртін ғана бой ұсынғандары өмірлеріне, жүректеріне нендей бір өзгеріс енгізе алмады. Кейін олар: «Біз Исаның келетініне сенген жоқпыз, сол себепті бұл жөнінде қайғырмаймыз да» - деп арыз тастады. Дәл осы жандар Алланы шындап күткендердің сезімдерін күлкіге айналдырды. Бірақ Иса және көктегі барлық қауым, қатал сынақтан ете отырып Жаратушыларына адал болып қалған Құдай халқының мұңын жақсы ұқты және олардың өмірлерін зор сүйіспеншілікпен бақылап отырды. Егер көрінбейтін әлем мен көрінетін әлемнің арасындағы шымалдық ысырып тасталса, онда барлық жер шары Алланың адал құлдарын періштелердің, ібіліс пен оның кара күштерінің жебесінен қалай қорғап тұрғандарының куәсі болған болар еді.

Қабылданбаған ескертпе

Вильям Миллер мен оның серіктестері Исаның жер бетіне ІІ-ші рет келетіні жайлы уағыздауының басты мақсаты қамсыз отырған халықты Құдай сотына дайындау еді. Олар діни жетекшілердің назарын шіркеудің шынайы үмітіне, масіхшілік өмірдің терең тәжірибелерінің қажеттігін түсінуге және әлі де болса Құдайға бұрылмағандарды жедел түрде тәубаларына келтіру жолында еңбектену керектігіне аударғылары келді.

«Менің еңбектерім қандайда бір жаңаша дінді уағыздауға арналған жоқ - дейді Миллер, керісінше көпшіліктің көңілін ақиқатқа қарай бұруға бағытталған. Мен бар ниетіммен халыққа көмектескім келеді. Жұрттың ырқы - шырқысын шығару секілді ойдан мүлде аулақпын. Айта кетсем осы жазылған еңбектерімнің арқасығада көп адам түзу жолды таңдап, Аллаға бет бұрды».

Шынымен де шіркеулердегі адам саны көбейгендіктен дін басшылары оның еңбектеріне дұрыс көзбен қарады. Дегенмен кейіннен олар адвентистік ілімді жою мақсатында Исаның ІІ-ші рет келетіні жайлы уағыздар айтылатын жиындарға жұрттың келуіне тыйым салды және мінбелерден Миллерді балағаттап, оның абыройын айрандай тегуге тырысты. Осы кезде сенушілер не істейтіндерін білмей, қай жаққа бұрылу керектігін ұға алмай, дағдарып қалды. Бір жағынан олар өз шіркеулерінен шеттетіліп, өз қауымдарынан бөлініп қалғылары келмеді. Екінші жағынан оларға дін басшыларының Киелі Кітапты зерттеуге тыйым салғандары ұнамады. Сол себепті де көптеген адамдар шіркеуден кетіп қалуға мәжбүр болды. 1844-ші жылдың жазында сенушілердің елу мыңы өз қауымдарынан бөлініп кетті.

Дәл сол кездері АҚШ шіркеулерінің көпшілігінде орасан зор өзгерістер болды. Көп жылдар бойы неше түрлі дәстүрлерге, ырым - жырымдарға сенгеннің салдарынан адамдар рухани жүдей бастады. Ал сол жылы олар тіпті рухани құлдырауға ұшырады. Бұл жөнінде газет және журнал беттерінде де, шіркеулерде де көп сөз айтылды. Жиырма жыл бойы шіркеуде еңбектеніп жүрген діни қызметкер Барнес өз сөзінде: «Осы уақытқа дейін Құдай кешін өткізген кезде шіркеу мүшелігіне бір адам қосылмай қалған жері жоқ еді, ал қазір болса адамдар шіркеуге келуді қойды. Жеке меншік, коммерция дегендер көбейген сайын, жұрт рухани өлімге душар болды. Бұл көрініс бір шіркеуде ғана емес, барлық деноминацияларда* жақсы байқалуда» - деген еді.

Сол жылдың ақпан айында Оберлинск колледжінің профессоры Финней мынадай деректі жариялауға мәжбүр болды: «Қазіргі кезде барлық шіркеулер дағдарысқа ұшырап тұр. Ал оның мүшелері санның құлына айналған. Олар неше түрлі мерекелерге қатысып, би алаңдарына барып, жаман әдеттерге шалдығып, күнәға құнығып алған. Асыра сілтеп жатыр деп ойламаңыздар, өйткені бұған деректер дәлел. Халық Құдайдан алыстап кетті, сол себепті Құдай да олардан кашықтады».

«Рухани телескоп» деп аталатын журналдың жазушыларының бірі бұл дерек жайлы: «Біз бұрын соңды болып көрмеген рухани дағдарыстың куәгерлері болып отырмыз. Шіркеу оянып, бұл бақытсыздықтың себебін дереу іздеуі керек. Деректерді салыстыра келе біз Құдайдың мейірімі қайда кеткен? Берекенің есігі жабылған ба?» - деуіміз мүмкін. Шын мәнінде бұған шіркеудің өзі кінәлі. Құдай адамдардан Өзінің мейірімін алмайды, керісінше олар - Алланың сүйіспеншілігінен істеген істері арқылы бас тартады. Бұған дәлел ретінде біз Мәсіх Исаның заманындағы яхудейлердің өмірін көрнектілікке ала аламыз. Олар ойын - сауық, күйбең тірліктің қамын ойлап жүріп Құдайды және Оның сөзін мүлдем ұмытқан. Сол себепті де олар ездеріне келіп тұрған «Елшіні» танымады. Соған қарамастан Құдай оларды құтқарылу құқығынан айырған жоқ. Бірақ ақиқаттан тұмшаланып алған жандар, көктің беріп тұрған сыйынан құр қалды. Олар Алланың беретін берекесі бар екенін ойлаған да жоқ, ал дінді тек ішкі дүниесін көрсетпей жасырып тұратын жабу ретінде ғана ұстап отырды.

Ібілістің көздегені де осы болатын. Яхудейлер Ізгі хабарды мойындамай, ұлттың әдет - ғұрыптарын ғана сақтап отырып Алланың олардан қалай алыстап кеткенін сзбсй дс қилды. Даниял пайғамбарының кітабында жазылған Мәсіх жайлы аянды жоққа шығарып,

оны қоймастан қоймай зерттегендерге раввиндер (дін ұстаздары) қарғыс айтты. Сейтіп алдын ала берілген белгілер мен ақыл - кеңеске көңіл аудармай, білімнен бастарын сауғалап, ақыры түнектің құшағында қалды.

Әр нәрсенің соңы болады емес пе? «Табиғатыма сай келмейді» - деп өз міндеттерінен бас тартатындар, кейіннен дұрыс пен бұрысты ажырата алмай қалады. Сонан соң адамның ойлау қабілеті нашарлап, жүрегі қатайып, ұят дегеннен жұрдай болып жаны Алладан алыстайды. Осылайша Құдайдың жарығынан (білімінен) бас тартатындар түнекке оранады, нәтижесінде араларында алауыздық пайда болады. Шіркеу мүшелері осы дүниенің әлегімен айналысып жүргенде, күнәкарлар бұрынғыдан бетер күнәға батып, қатыгезденіп алады.

Аянның 14-ші тарауындағы періштенің бірінші хабары дәл осындай тоқшар күйге түсуден сақтандыратын хабар. Егер адамдар Құдайдың хабарына құлақ түре білген болса, онда сенімде жүрген барлық қауымның, кезіндегі елшілердей жүрегі де, жаны да бір болған болар еді және олар Алланың жіберген хабарын өжеттене уағыздап, Иеміз күн сайын құтқарылғандарды Өз қауымына қосып отыратын еді. (Елш. 4:32,31; 2:47).

Егерде Құдай халқы Киелі Жазба арқылы беріліп тұрған ілімді қабыл алса, онда Мәсіх тілеген және елшілер жазған бірлік, «Құдай Рухымен иемденген бірліктеріңді өзара байланыстырған татулық арқылы сактауға ұмтылыңдар! Бәріміз біртұтас рухани денеміз, Құдайдың Рухы да Біреу, сол сияқты Құдай сендерді шақырғанда бірдей үміт берді. Иеміз бір, бір сенімдеміз, шомылдыру рәсіміміз де бірдей» (Еф. 4:3-5), оларға жеткен болар еді.

Адвентистер ілімін қабыл алғандар Құдайдың батасына ие болды. Әр түрлі шіркеулерден шыққан олардың қарым-қатынастарына кедергі болардай еш бөгет қалмады. Мың жылдық патшалық келеді деп еш негізсіз қалаған үміттері қалдырылды, Мәсіхтің жер бетіне екінші рет келетініне қатысты қате көзқарастары түзетілді. Дүниеқорлық пен менменшілдік жойылды, қателер түзелді, олардың бастары бірігіп, араларында сенім мен сүйіспеншілік пайда болды. Егер бұл ілімді қабылдап аздаған халықтың мінездері осылай түбегейлі өзгерсе, сол ілімді қабылдаған көпшілік те, дәл солай өзгерген болар еді, сонда Құдай халқының қатары еселеніп, ақиқаттың туын желбіреткендердің саны көбейе түсетіні анық емес пе еді?

Өкінішке орай көпшілік айтылған ескертулерге еш кеңіл бөлмеді. Құдай жолында қызмет етіп жүрміз дегендер өздерінің де ақиқатты қабылдауға қабілеттері жетпеді. Өйткені олардың көңілдері жер

бетінің қызығына ауған болатын. Сондықтан да олар Исаның жер бетіне II-ші рет келетіні жайлы хабарды естігенде оған сенбеді, неше түрлі салт-дәстүрлер мен ырым - жырымдарды көбірек ойлағанды дұрыс санады. Ал ақиқатты арнайы білімсіз қарапайым жандар уағыздағандықтан, оларды ешкім тыңдаған жоқ. Шындықты тыңдаудан бас тартқандар: «Киелі Кітапта берілген аяндар құпия және оны түсіну мүмкін емес» - деп шығарып қойды. Кейбір адамдар ақиқатты уағыздаушылардан гөрі, өздерінің діни ұстаздарына көбірек сенді. Енді біреулері ақиқатты мойындағандарымен, ол жайлы ашық түрде жариялап айтуға батылдары жетпеді. Осының бәрі Мәсіх Исаны жақсы көретіндерден гөрі, мына дүниенің алдамшы қызығына бет бұрып, дүниеқұмарлар санының көбірек екенін байқатты. Сондықтан да олар көктен келген сыйды қабылдамады. Бірінші періштенің хабарын қабыш алмады, яғни өз құтқарылуларына немқұрайды қарады. Сенімді куәгерлерді тыңдағылары келмеген бұл жандар ез бастарын тікелей қауіпке тікті. Олар күнәкар әлеммен достасып, онымен одақ құрды. Бұл дегеніміз нағыз рухани өлім болатын. 1844-ші жылы барлық шіркеулер осындай күйде болды. 14-ші тарауды әрі қарай оқитын болсақ, біз екінші періштенің хабарын естиміз. Онда: «Барлық халықтарды бұзақылықтың шарабымен тойдырған ұлы қала құлады, құлады Бабыл» - делінген. Бабыл «аралас», «тәртіпсіз қозғалыс» деген мағынаны білдіреді. Киелі Кітапта бұл сөз «бұзақылық» деген мағынаны білдіреді. 17-ші тарауда Бабыл әйел бейнесімен суреттеледі. Ақылды әйел - таза шіркеуді, ал бұзылған әйел - жалған шіркеуді бейнелейді. Иса Мәсіх пен Оның шіркеуінің арасындағы қарымқатынас таза неке ретінде көрсетілген. Құдай Өз халқымен өсиетке тұрған. Ол адал жандардың Құдайы болуға уәде берген, ал бұл адамдар осы Құдайдың халқы болуға уәдесін берген. «Мен сендермен некеге тұрдым» деп жазылған (Ерм. 3: 14) кітабында. Жаңа Өсиетте айтылаған: «Мен сендерді таза қыз ретінде Исаға беру үшін, Онымен некелестірдім» - деген Пауыл (2 Қор. 11:2). Яғни шіркеу таза қыз болып қарастырылса, Мәсіх Иса күйеу жігіт болып сипатталады. Шіркеу өсиетті бұзып, Құдайға сатқындық жасады. Бұл сатқындық Киелі Кітапта былай деп суреттеледі: «Әсем киінгендіктен, көз тартар сұлулығыңнан сенің жүрегіңде менменшілдік пайда болды, сен тым мақтанып кеттің. Өзіңнің сұлулығыңа сеніп, атағыңды пайдаланып бұзыла бастадың. Сөйтіп күйеуіне сатқындық жасаған әйелдей, сен де Маған сатқындық жасадың» (Езк. 16:8,13-15,32. Ерм. 3:20). Пайғамбар Құдайын ұмытып, босып кеткен халыққа осындай суреттеме береді. Бұл жөнінде: «Бұзақылар мен жезөкшелер! Бұл әлеммен одақ құру - Құдайға қарсы шығу екенін білмең пе едіңдер? Сонымен

сендерге айтарым, мына әлемнің достары - Жаратқанның жаулары” - дейді Жақып пайғамбар (Жақ. 4:4).

Аянның 17-ші тарауында алтын және қымбат бағалы тастармен әшекейленіп, қан қызыл көйлегін киіп, қолына бұзылғандықпен неше түрлі ластыққа толы алтын тостағанын ұстаған, маңдайында: «құпия, ұлы Бабыл, бұзақылар мен жексұрындардың анасы” - деп жазылған әйел (Вавилон) жайында айтылады. «Ол тақуалармен Исаның сенімді куәгерлерінің қандарын ішіп, тойынып алған” - дейді пайғамбар. Әрі қарай Бабыл (Вавилон) барлық патшалықтардың үстінен билігін жүргізіп тұрған ұлы қала ретінде сипатталады (Аян 17:4-6,18).

Бұл жерде өркөкірек, менменшіл, қатыгез жүйе жайлы айтылып тұр. Көптеген ғасырлар бойы темір тізесін батырып, мәсіхші монархтарды бағындырып тұрған бұл жүйе - Рим империясы болатын. Қан қызыл киім, алтын бұйымдар, қымбат бағалы заттар Римнің өркөкіректігін көрсетеді. Бірде бір мемлекет соншалықты жиіркенішті түрде сипатталып көрген емес, өйткені Рим шынымен де бірнеше ғасыр бойы Исаның ізбасарларын аямай азаптап, қандарын судай теккен болатын. «Жер бетінің патшаларымен» заңсыз қатынас жасаған Бабыл қатты айыпталады. Кәпірлермен бірігіп, Құдайдан алыстап кеткен яхудейлер ғибадатханасы жезөкшеге айналды. Сол секілді Рим шіркеуі де үкімет билігінің қолдауына сүйеніп алып неше түрлі азғындықтар жасады және Бабыл секілді ол да айыпталады.

Бабыл бұзақылардың анасы деп аталған. Оған бұл әлемнің зұлымдарымен қосылып алып, ақиқаттан бас тартқан шіркеулер жатады. Аянның 14-ші тарауында айтылатын Бабылдың құлайтыны жайлы хабар - бір кездері пәк болып, кейіннен бүліне бастаған ғибадатханалар жайлы хабар болатын. Және бұл хабар сот жайлы ескертуден кейін айтылғандықтан, ол ақыр тақайтын кезде жариялануға тиісті. Сондықтан ол Рим католиктік шіркеуіне ғана қатысты емес, өйткені бұл шіркеу бірнеше ғасырлар бойы зұлымдыққа қызмет еткен қалпында тұр. Аянның 18-ші тарауында Құдай Өз халқының Бабылдан шығуын талап етеді. Ендеше Құдай халқының көпшілігі әлі де болса Бабылдың, яғни адасқандардың ішінде. Айтыңыздаршы, Исаның ізбасарларының көпшілігі қандай шіркеулерде жүр? Әрине, күмәнсіз протестанттық шіркеулерде.

Шіркеудің жанданып, жаңарып жатқан шағында протестанттық ілімді қабылдағандар ақиқатты мойындап, Құдайдың жағына шыққан болатын. Сонда Алла оларға батасын берген еді. Тіпті қатыгез деген заманның өзі Ізгі хабардың ұстанымдарын мойындаған болатын. Шіркеудің сол кездегі күйін: «Құдайдың берген таза киімін киіп

сұлуланған кезінде, атағың әлемге тараған еді. Сымбатты келбетіңе барлығы қызығатын” - деп сипаттайды пайғамбар. Бірақ олар кезінде Исраилды Құдайдың қарғысына душар еткен күнәкарлыққа батты.

«Сен өзіңнің сымбатты келбетіңе мастанып, бұзақылық жасай бастадың» делінген (Езк. 16:14-15).

Көптеген протестанттық шіркеулер Римнің үлгісі бойынша «жердің патшаларымен» одақ құрды, яғни мемлекеттік шіркеулер оны үкіметтің көңілінен шығатындай етті, енді біреулері оны заманның ағымына сай келетіндей қылды. Бабыл «аралас» деген сөз осы шіркеулердің күйлерін сипаттайды. Олардың барлықтары Киелі Кітапты зерттегенмен теориялары мен догмалары бірбіріне қарсы келетін секталарға бөлініп - белініп алған.

Римнен бөлініп шыққан шіркеулер оның бұзылған дүниемен құрған одағынан басқа да күнәкарлық ерекшеліктерін бірге ала шыққан.

«Католик мәсіхшілеріне насихат» деп аталатын кітапта: «Егер Рим шіркеуі киелілерді дәріптегендері үшін пұтқа табынушылар деп айыпталса, оның қызы ағылшын шіркеуінің Мәриям қызға арналған он шіркеуі, ал Мәсіх Исаға арналған бір-ақ шіркеуі бар. Бұл пұтқа табынушылық емес пе?» деп жазылған.

Доктор Хопкинс өзінің «1000 жылдық патшалық» деп аталатын трактатында былай деп жариялайды: «Антихрист* рухы тек Рим шіркеуінің бойынан ғана табылады деп ойламаңыздар, өйткені антихрист өз ісін протестант шіркеулерінде де атқарып үлгерді. Олар қасиеттілік пен имандылықтан өте алыстап кетті десем, қателеспеген болар едім».

Пресвитериандық шіркеулердің Римнен бөлініп шыққандығы жайлы доктор Гусри былай дейді: «300 жыл бұрын біздің шіркеу қолына Киелі Кітапты ұстап, «Жазбаны зерттеңдер!» - деген ұранмен Римнен бөлініп шыққан болатын. Соңынан өзі көп мағыналы сұрақ қояды: Шынымен де ол Бабылдан таза күйінде шықты ма екен?»

«Ағылшын шіркеуі сан қилы философияларымен тамылжып тұр. Кәпірдің кәпірі десе де болады. Үміт артқандарымыздың барлығы бірінің соңынан бірі иманның негізінен бас тартты. Мен зұлымдықты бойына сіңіріп алған, сөйте тұра өзін мәсіхшілмін деп атаудан және мінбеге шығудан тайынбайтын, жүрегі құдайсыздықтың қарғысымен қайралған Англия туралы жиі ойлаймын» - деп жазады Сперджен.

Бұл ұлы шегінушілік қалай пайда болды? Әуел бастағы шіркеу езінің тазалығын қалай жоғалтып алды? Жауап біреу ғана. Кәпірлердің Мәсіхті кабылдауын жеңілдету үшін, шіркеу, олардың

салт-дәстүрлерін, яғни пұтқа табынатын рәсімдерін қабылдады. Кезінде «Заңсыздықтың құпиясы өз ісін бастады» - деп жазған болатын Пауыл (2 Сал.2:7). Елшілердің заманында ғибадатхана хаза болған. Бірақ II-ші ғасырдың соңына қарай ол өзгере бастады. Исаның алғашқы шәкірттері бұл өмірден өткеннен кейін, жас буынның өкілдері шіркеуге өз ережелерін енгізді. Сенетіндер енді ғана келгендерді өз қатарларында ұстап қалу үшін мәсіхшілердің таза ұстанымдарын төмендете бастады. Ақыр соңында шіркеуге салт-дәстүрлерін, рәсімдерін, құдайларын алып пұтқа табынушылардың тасқыны енді. Бұл жандар сырт көзге ғана мәсіхшілер болып есептелгенімен, шын мәнінде құпия түрде өз пұттарына табынатын нағыз кәпірлердің өздері болатын.

Протестанттық деп аталатын шіркеулердің өздері де осындай күйде емес пе? Оның ірге тасын қалаған алғашқы реформаторлар көз жұмсымен, кейінгілер ойларына не келсе, соны істеді. Бұл ұрпақ өзінің ата-бабаларына мүлдем ұқсамады. Осылайша қарапайымдылық, тазалық, пәктік жойылып, оның орнына неше түрлі салт-дәстүрлер, рәсімдер, жалған құдайлар келді.

Өкінішке орай Исаның ізбасарларының бұл әлеммен достығы әрі қарай бекуде. Бұл әлемнің достары Алланың дұшпандары екенін ұмытпаңыздар. Көпшілік шіркеулер жақынының қамын ойлау, жәрдемдесу, жанашырлық, ізеттілік, қарапайымдылық, сабырлық сияқты адам баласына пайдалы қасиеттерден жұрдай. Қаражатты дұрыс пайдалану жөнінде Джон Уэсли: «Көрсен қызарып, неше гүрлі керексіз заттарға ақшаларыңды жұмсамаңдар. Үйлеріңді әшекейлеуге, қымбат бағалы жиһаздарға, алтын бұйымдарға қаражат шашудың қажеті жоқ. Мақтану үшін, жұртты қызықтыру үшін бекерге тырыспаңдар. Бағалы киімдер киіп, құнды заттар алып, жан жақтағыларды қызықтырып, баршылықпен мақтанғанша, Құдайдың көңілінен шығуды ойлаңыздар» - дейді. Бірақ мұндай тәлімге көп көңіл бөліп жатқан адам жоқтың қасы деуге болады.

Дүниедегі адамдардың көпшілігі қандайда бір дінді уағыздаумен айналысады. Қолында биліктері барлар, саясатшылар, заңгерлер, ғалымдар, коммерсанттар - барлығы шіркеуге тек сый-құрмет іздеп келеді. Өздерінің жаман жақтарын мәсіхшілердің атымен бүркемелейді. Қазір діни мекемелердің көбі осындай сорақы күй кешуде. Көшелерде әшекейленіп салынған ғибадатханалар, оларға келушілер де сәнді киінген бай адамдар. Бұл шіркеулерде еңбектенетін дін қызметкерлеріне мол жалақы төленеді. Олар жұрттың күнәсін айтып ешкімді де әшкерелемейді, уағыздары көпшіліктің құлағына жағымды болуын қалайды. Бұл жерде күнәкарлыққа ешқандай кеңіл аударылмайды, оны жылы жауып орап қояды. Дінді тартымды

ету үшін барлық жағдай жасалған. Бір сөзбен айтатын болсақ шіркеу мүшелері сәнқұмарлар мен шенқұмарлар. Құдайдың ойымен санасып жатқан адам баласы жоқ. Бұл жерде кайыр садақа беру мейірімділіктің нышаны емес, адамдар ақшаларын байлықтарын көрсету үшін береді және оны мақтан тұтады. Неше түрлі драма, жәрмеңке, көрнекілік үшін берілген сот істерін қарастыру, театрланған банкеттер жасау үшін ақша беруге ешкімді көндірудің қажеті жоқ.

1873-ші жылдың қаңтарында губернатор Висконсина өзінің жыл сайын беретін жолдауында былай дейді: «Заң адамның құмарлығын қоздыратын ойындарды жабуды талап етеді. Өйткені бұл зұлымдық кең етегін жайған. Тіпті шіркеу мүшелерінің өздері албастының қызметкерлеріне айналған. Мейірімділік концерттері, лотереялар, тағыда басқа адамдардың құмарлықтарын қоздыратын ойындар ақша табудың көзі. Осылайша еңбектенусіз ақша табу әсіресе жастарға жаман әсер етеді. Беделді адамдар: «бұдан шыққан қаражат мейірімділік максаттарына жұмсалады» - деп, өздерін өздері жұбатады. Дегенмен қызығушылық ойындарына бір іліккеннен соң, жастарды одан тартып шығару өте қиын және мұндай жаман әдет олардың өміріне өте қауіпті». Өкінішке орай барлық мәсіхшілер шіркеулері осыған кірісіп, ыңғайланып алған.

Роберт Аткинс өзінің Лондонда өткен уағызында ғибадатханалардың осы сорақы күйін жақсы суреттеді, Англияның рухани құлдырауын жетесіне жеткізе айыптады: «Шынайы жандар жер бетінен жойылып, жоғалған. Бұны уайымдап жатқан ешкім жоқ. Оларға кезекке келгендер өз қателерін көрмейтін, оны ешқашан мойындамайтын тоқшар қызметкерлер. Себебі олар зұлым әлемге икемделіп алған, жүрген жерлерінде өздерінің қамдарын ғана ойлайды, рахат күйлерін қамтамасыз етеді. Әрбір шіркеудің алдында: «Шегінгендер, шегінгендер» - деген жазулар бар. Бірақ оларға көңіл аударып жатқан ешкім жоқ. Көкіректері соқыр болған бұл жандар: «Біз өте баймыз, жақсы істеріміз жеткілікті, еш нәрсеге мұқтаж емеспіз» - деп жариялауда.

Бабыл барша халықты бұзақылықтың шарабына тойдырып, мастандырды. Сол үшін ол айыпталады. Әлемнің ұлыларымен достасып алған шіркеу олардың жалған ілімдерін судай сіміріп, иманның негізін шайқалтты, ал ондай шіркеу Құдайдың ұсынып тұрған ілімін уағыздауға шамасы жетпейді, керісінше ол адамдарды бүлінген ілімнің уытымен уландырады.

Рим халықтан Киелі Жазбаны жасырып, оның орнына өзінің доктриналарын (ережелерін) ұсынды. Құдай Сөзі халыққа реформацияның (бастапқы шындықты қалпына келтіру) арқасында қайтарылған

болатын. Соған қарамастан қазіргі күннің өзінде ғибадатханаларда халыққа Киелі Кітаптың орнына рәміздер мен аңыздар ұсынылады. Чарлз Бичер протестанттық шіркеулер жайлы былай деп жазады: Олар сандары соншалықты көбейіп келе жатқан киелілері мен шеиттері жайлы сез айтса болды, ашуланып шыға келеді... Осылайша протестанттық деноминациялар өз қолдарын өздері байлап тастаған, енді Киелі Кітаптан басқа кітаптарды мойындамайтындар ғибадатханаларда уағыз да айта алмайды. Сол себепті, кезінде сыпайы түрде болса да Киелі Жазбаны зерттеуге тыйым салған Рим секілді, олар да негізгі ережелерге сүйене отыра Жазбаны қолға ұстауға тыйым салады». Ал ақиқатты уағыздайтын, яғни Жазбаны сауатты түрде талдап бере алатын бір адам пайда болса болғаны, оның сөзін сандырақ қылып апарып тастайтын көптеген ғалымдар шыға келеді. Егер әлем Бабылдың шарабымен тойынып алмағанда, Құдай Сөзінде жазылған анық ақиқаттарды түсінген және қабылдаған болар еді. Бірақ өкінішке орай шіркеулер таза ілім мен жалған ілімді араластырып, халықтың миын ашытып қойғандары соншалықты, жұрт дұрыс пен бұрысты айыра алмай қалды, тіпті неге сенетіндерін де білмейді. Сондықтанда Құдайға бұрылмаған әлемнің күнәсі шіркеудің мойнына артылады.

Аянның 14-ші тарауында айтылатын періштенің екінші хабары алғаш рет 1844-ші жылдың жазында, рухани құлдырау анық байқалып және айтулы хабарға немқұрайды қарап тұрған АҚШ шіркеулерінде уағыздалған болатын. Бірақ бұл аян 1844-ші жылы түгел дерлік орындалған жоқ. Сол кезде адвентистік хабардың жарығынан (шындығынан) бас тартқандарынан шіркеулер рухани құлдырауға ұшырады, бірақ бұл құлдырау түбегейлі емес еді. Өз замандарына сай ақиқаттан бас тартқандары үшін олар бірте - бірте төмендей берді. Бірақ Бабыл құлады деп айтуға әлі ертерек болатын. Заманына сай ақиқатты бұрмалау барлық мемлекеттердің протестанттық шіркеулерінде бар және сол жайында періште бізге салтанатты түрде ескертіп айтады. Бірақ шегінушілік өзінің шарықтау шегіне жеткен жоқ.

Иса жер бстіне екінші рет келерінің алдында албасты халықты жалған ғажаптарымен және жасанды ілімімен адастыра түседі. Адамдар болса Алланың сүйіспеншілік ақиқатын қабылдамағандары үшін өз-өздерімен қалдырылады да, әрі қарай өтірікке сене беретін болады (2 Сал.2: 9-11). Жоғарыда сөз етілген оқиғалар түгел орындалып болғанша, мәсіхшілер шіркеуі әлеммен тұтастай біріккенше Бабыл құламайды. Шіркеулердің өзгеріп бара жатқандары рас, бірақ ол бірден емес, біртіндеп кері кетіп барады. Сондықтан

аянның 14-ші тарауының сегізінші мәтінінде айтылған хабар қазір емес, болашақта толығымен орындалатын іс. «Бабыл» деп, яғни шындық пен өтірікті қисынын келтіріп араластыру арқылы суреттеліп тұрған шіркеулер түнекке оранып жатқандарымен, олардың іштерінде Исаның шынайы ізбасарлары жеткілікті. Сонымен қоса олардың арасында заманына сай ақиқатты естімегендері де бар. Өздерінің нақтылы күйлеріне қанағаттанбай ақиқатты іздеп жүргендер әлі де болса бар. Исаның шіркеуі емес, басқа шіркеулерден ақиқатты іздеп жүргендер, оны ешқашанда таппайды. Сол шіркеулер ақиқаттан алыстай түсіп, әлемге жақындаған сайын, бұл айырмашылық анық көріне бастайды. Дәл сол кезде Исаның ізбасарларының біріңғай бөлініп шығатын уақыты келеді. «Опасыз сатқын, ақылсыз қызба, кеуде көтерген олар Құдайдан гөрі ләззәт-ермекті артық көрді. Олар сырт көзге Құдайға ұнайтындай болып көрінгендерімен, Оның күшінен бас тартады» - деп, (Тімотеге жазылған екінші хаттың 4 және 5) мәтіндері арқылы сипатталып тұрған уақыт міндетті түрде туады. Аянның 18 тарауында (Аян14:6-12) берілген ескертулерден үш мәрте бас тартып, шіркеудің, екінші періште хабарлаған күйге түсетіні туралы жазылады. Бұл әлемге берілетін соңғы хабар болмақ. Сонда ақиқатты сүймегендер (2Сал. 2:12) өтірікке алданып, қараңғыда қалғанда, Бабылда жүріп ақиқатты аңсағандар «Халқым Менің Бабылдан шығыңдар» - деген дауысты естиді, сол кезде жаппай бөліну басталады. (Аян 18:4) Ақиқатты таза ниетпен еңбектеніп жүріп іздегендер оны міндетті түрде табады, ал жалған дүниенің қызығына тоймай жүргендер Құдайдың рақымынан күр қалады.

Орындалған аяндар

1 844-ші жылдың, осы уақытта Иса Мәсіх келеді деген көктем айы да өте шықты. Бірақ Иса Мәсіх келген жоқ Оны күткендер дағдарып қалды, ал басқалары оларды етіріктің құрбандары деп есептеді. Соған қарамастан Киелі Кітап шынайы сенушілердің жұбанышы болды. Олар Құдай сөзін қайта - қайта оқып - зерттеп, ізденіс үстінде жүрді. Киелі Кітапта берілген аяндар Исаның сөзсіз, яғни міндетті түрде келетінін дәлелдеп тұрды. Имандылар Құдайдың олармен бірге екеніне күмән келтірмеді. Керісінше Киелі Жазбаны зерттеу барысында бір қате жіберіп алғандарын байқап, сабырлық танытты.

Аббақұқ пайғамбарының кітабындағы үзіндіге көңіл аударсаңыздар, оны жақсы түсінесіздер. (Абқ. 2:14) : «Мен мұнараның үстіне шығып, Ол маған не айтады екен және ез шағымым бойынша Оған не деп жауап беруім керек деп бақыладым. Сонда Құдай маған: «Мына аянды оқыған жан оңай түсіне алатындай етіп анық жазып ал. Ол белгілі уақыт аралығына байланысты және онда ақыр туралы айтылады, етірігі жоқ. Кешіккен күннің өзінде күт. Ол міндетті түрде келеді. Өркөкірек жан еш уақытта дамыл таппайды, ал әділетті өзінің сеніміне сай тірі болады» дейді. Бұйрық ретінде берілген бұл аянды Чарлз Фитча оқып алып, осы аян бойынша 1842-ші жылы сызба нұсқа құрды. Бұл сызбанұсқа бойынша аян сол кезде орындалуға тиісті болғандай еді. Шын мәнінде аянды мұқият оқыған адам, онда жазылған: «Ақырға байланысты, өтірігі жоқ. Кешіккен күннің өзінде күт, міндетті түрде келеді» - деген сөздерді аңдамай қалуы тиіс емес еді. Осы жерлерді қайта - қайта оқыған адамдар, оның мағынасын жаңадан ұқты. Езекиел пайғамбарының кітабында: «Адамзат

балалары тыңдандар! Сендердің араларыңда сөз болып жүрген, «көп күндер өткен соң, аяндар із түссіз жоғалады» деген не кылған мақал? Сен оларға былай де: аяндардың орындалатын уақыты тақау. Құдай еш сөзді тек айтпайды. Оның дегені міндетті түрде орындалады, доғарылмайды» деп жазылған (Езк. 12:21-25, 27-28). Имандылар, солар үшін берілген бұл хабарға қатты қуанды және Киелі Жазбада берілген айтулы мәтіндер олардың сенімдерінің шындала түсуіне көп әсерін тигізді.

Матайдың кітабындағы 25-ші тарауда жазылған он қыз жайлы айтылатын мысал да адвентистерге, яғни нағыз мәсіхшілерге байланысты болатын. Аталған кітаптың 24-ші тарауында шәкірттерінің сұрақтарына жауап бере отырып, Иса Мәсіх тарихтағы Оның бірінші мен екінші рет келуінің арасындағы болатын оқиғаларға олардың назарын аударады. Дәлдеп айтқанда: Иерусалимнің қирауы, папалықтар мен құдайсыздардың жағынан мәсіхшілерге келетін ұлы қуғын - сүргін, ай мен күннің тұтылуы, аспаннан жауған жұлдыздар. Осы оқиғалардан кейін Иса Мәсіх Өзінің келетінін айтып және келер алдында екі топ адамдарының болатынын атайды. Матайдың 25-ші тарауында жазылғандай Құдай патшалығына кіруге дайындалғандар он қалыңдықпен салыстырылады. Бұл жерде Құдай Өзінің халқының басынан өтетін оқиғаны шығыстың неке тойының көрінісі арқылы суреттейді. Он қалыңдық майшамдарын қолдарына алып, күйеу жігітті қарсы алуға шығады. Олардың бесеуі ақылды, ал қалған бесеуінің ақылы шамалы болады. Ақылы шамалылар майшамдарын алғанмен, оған қоса май қорын алу керетін ойламайды. Күйеу жігіт кешіккендіктен, олардың барлығы ұйқыға кетеді. Түн ортасында: «Күйеу жігіт келе жатыр, қарсы алыңдар!» - деген айғай шығады. Сол кезде қыздар оянады, бесеуінің май қорлары болғандықтан майшамдары қайта жанады да, қалған бесеуінің майлары таусылып, қорсыз болғандықтан майшамдары тұтанбай қалады.

Күйеу жігіттің келуі астарлы мағынада Иса Мәсіхтің қайта оралуын білдіреді. Ал Оның келетіні кең түрде уағыздалған ұлы реформация кезеңі, қалыңдықтардың пайда болуымен белгіленген. Осы мысалда екі топтың адамы суреттеледі. Екі жақта Киелі Жазбаларын алып, күйеу жігітті қарсы алуға шығады. Қалыңдықтардың бесеуінде майшамдарымен бірге, оған еселеп құйып отыратын майлары болады, яғни олар Киелі Жазбамен коса Киелі Рухтың күшімен қаруланғандар. Бұлар Құдай алдында жүректерін таза ұстап, бар ниеттерімен ақиқатты зерттегендер. Екінші топтың адамдары майшамдарын алғанмен, май қорлары болмаған, яғни олар ақиқатты толық қабылдамай, сезімге ғана берілген жандар. Оларда бірінші

топтағы адамдардай Құдайды қарсы алуға дайындалады, бірақ бастарына қиын қыстау заман туғанда, ақиқаттан тайып кетеді. Сыннан өтер мезгіл жеткенде, сенімдері шайқалып, майшамдары сөнеді.

Күйеу жігіт кешіккендіктен, олар ұйықтап қалады деп жазылған. Күйеу жігіттің келуін күткен қалыңдықтар, Құдайдың келуін күткен халықты рәміздейді. Халықтың ойы бойынша Құдай кешігіп жатқандай көрінеді. «Сонда олар ұйықтап қалды» - делінген. Біреулердің сенімдері сөніп, олар қамдануды қояды, екіншілері керісінше сенімдері нығайып, еш күмән келтірмей Оны күте біледі. Басқаша айтқанда, өз сенімдері нық болмай бауырларының сенімдеріне сүйеніп жүргендер бастарына күн туғанда құлайды, ал сенімдері мықтылар аяқтарынан нық тұрады.

Сол кездері фанатизм кең етегін жайды. Біреулер Киелі Жазбаға сенуді қойып, өздерінің сезімдеріне көбірек сенді және «біз Киелі Рухтың жетелеуімен келеміз» деп мақтанды. Енді біреулері олардың айтқандарына сенбегендерді сөз қылды. Адвентистердің басым көпшілігі мұндай фанатизмге жол бермеуге тырысты, қандай болғанда да ақиқатқа көлеңке түскені рас. Албасты осылайша Құдай ісіне кедергі жасауға тырысты.

Адвентистердің ілімі барлық халықтарды қатты толғандырды. Бұл ілімді қабылдап, Құдай жолына түскендер аз болған жоқ. Ақиқаттың қарлығаштары тыным дегенді білмей еңбектенді. Жасалып жатқан орасан жұмыстар қара күштің иесіне ұнамады. Сол себепті ол ақиқатты уағыздаушылардың өздеріне қол салды. Олардың кез келген қателіктерін, байқаусызда аңдамай сөйлеген сөздерін немесе әрекеттерін аңдып отырып, оны барша халыққа айқындап көрсетіп, адвентистердің іліміне жеккөрушілік тудырды. Сонымен Масіхтың жер бетіне келетініне сенетін адамдар көп болғанымен, ібілістің билігінен шыға алмай жүргендер де аз болған жоқ. Осылайша қара күштің иесінің қызметкерлері ақиқатты уағыздаушылардың жіберіп алған қателіктерін пайдаланып, оларға қара майды жаққан үстіне жаға түсті. Құдай халықты құтқару жолында қызмст етсе, албасты керісінше шіркеуге жүректері таза емес кеңіс адамдарды жинап, Құдай ісіне орасан зор кедергі келтірді. Шіркеуге келіп, Құдайға құлшылық етіп дұға оқып жүретін адамдарды біз: «бұлар Құдайға берілген адамдар» - деп үзілді - кесілді айта алмаймыз. Себебі олардың жүректерін Құдай ғана көре алады, олардың шынайы ниеттері Аллаға ғана белгілі.

Албасты Алланың адал құлдарының Құдай патшалығына қарай жүріп келе жатқан әрбір қадамына кедергі қояды. Мұндай қажырлы адал еңбек ешқашан кедергісіз болған емес. Елшілердің заманында

да солай болды, Мартин Лютер де осындай фанаттардың қырсығынан көп зардап шекті. Ақиқатты дәлдеп тексермей үстіртін ғана оқып, неше түрлі ілімнің толқынына ілігіп ібілістің қақпанына түскендер аз емес. Мұндай қиыншылықтармен Уэсли де талай кездесті. Вильям Миллер де фанатизммен қатты шайқасты. Кез келген ілім Киелі Кітап арқылы тексерілуге тиісті - деді ол. Адамның қандай рухпен қаруланып тұрғанын қайдан білеміз? Бұл сұраққа Киелі Жазба жауап береді: «Өсімдік жемісімен, адам ісімен танылады». Киелі Жазбаны күннен күнге зерттей отырып, фанатизм ібілістің ісі екенін жақсы ұғамыз. Өздерін Құдай жолында жүрміз деп есептеп, сонымен қоса неше түрлі ырым - жырымдарға сенетін адамдар, ақиқаттың иісі мұрнына бармайтын адамдармен бірдей. Құдай Рухы бізді ақиқатқа қарай жетелесе, зұлымдықтың рухы адамды адастырады, тура жолдан тайдырады.

Өздері адасып жүріп, ақиқат жолында жүрміз деушілерге қалай жауап беруіміз керек? Оның оп - оңай жауабы бар. Сөзбен Рухтың ырғағы бір, яғни олардың арасында сәйкестік, үйлесім бар.

Реформация кезінде ақиқаттың жаулары фанатизмге қарсы күрескендерді фанатиктер деп айыптаған болатын. Адвентистік қозғалыстың қарсыластары да дәл солай істеді. Фанатиктердің істеріне қанағаттанбаған олар, шындыққа ширегі де ұқсас емес оқиғаларды ойлап шығарды. Өйткені олар жеккөрушілік рухымен қаруланып алған болатын. Исаның келетіні жайлы хабар олардың мазасын кетірді. «Мүмкін бұл хабар рас болар» деген ой да оларға тыныштық бермеді, сонымен қатар олар бұған сенгілері де келмеді. Осы хабар өтірік болып шықса екен деп үміттенді. Айтулы жандардың адвентистерге және олардың сенімдеріне қарсы шығуларының басты себебі осы болатын. Егер адвентистердің қатарларына бірер фанатик еніп кетсе, оларға қарап қалғандарын сынап және сонымен қоса шынайы жандардың еңбектерін жоққа шығару үлкен қателік. Жер бетіндегі барлық адамзат баласы Киелі Кітапты зерттеп, шындық бойынша өмір сүруге тырысуы керек, бір - бірлеріне қарап андыспай, Құдайға қарап жүректерін тазартқандары дұрыс, сонда ғана адамзаттың ортақ, жауы - албастының балтасы тасқа шабылады. Қара күштің иесі жұртты аңдыстырып, тартыстырып, бір біріне айдап салып, жеңіске жетіп отыр. Фанатизм мен бөлінудің Мәсіхтің екінші рех жер бетіне келетіні жайлы хабарымен еш байланысы жоқ. Ол 1844-ші жылдың жазында адвентистер күдіктену мен абыржу үстінде жүрген кездерінде пайда болды. Бірінші періштенің хабары және «түн орхасында шыққан айғай» бөліну мен фанатизмнің күштерін тежеп тұрды. Айтулы салтанатты қозғалыстың мүшелері бір жағадан бас,

бір жеңнен қол шығарып тұрған болатын, яғни олардың арасында бірлік болды. Бұл жандардың жүректері бір - біріне және Исаға деген сүйіспеншілікке толы еді. Сенімдерінің бірлігі, болашақтан күтіліп хұрған жан дүниелерінің тыныштығы, алдағы рахат өмір олардың бастарын қосып, ібілістің шабуылынан қорғап тұрды.

«Күйеу жігіт кешіккендіктен, олар ұйықтап қалды. Түн ортасында: «Мінекей күйеу жігіт келеді, оны қарсы алуға шығыңдар!» - деген айғай шыққанда, қалыңдықтар оянып, майшамдарын түзеді» (Матай 25: 5-7). 1844-ші жылы жазда бастапқыда күтілгендей 2300 жыл аяқталуға тиісті болған мезгілдің жартысы өткен болатын. Және сол жылы күзде, кейінгі бақылаулар бойынша, айтулы кезең аяқталып қалған болатын. Дәл осы мезгілде: «Міне күйеу жігіт келеді» - деген хабар шықты.

Иерусалимнің қайта құрылуы жайлы Артаксеркстың бұйрығынан бастап саналатын 2300 күн жайлы кезең, алғашқыда күтілгендей, біздің дәуірге дейінгі 457-ші жылдың басында емес, күзінде күшіне енген болатын және жоғарыда айтылып кеткен адвентистік қозғалыстың импульсі болды. 457-ші жылдың күзінде басталған 2300 жыл кезеңі 1844-ші жылдың күзінде аяқталды. Киелі Кітапта берілген «қасиетхананың тазартылуы» жайлы оқиға да Көне Өсиеттегі бейнелер бойынша күз айына мезгеп тұрған болатын. Исаның бірінші рет жер бетіне келетіні жайлы айтқан аяндарда орындалған бейнелер, бұл жағдайды одан сайын анықтай түседі. Құрбан шалу дегеніміз - болашақта болатын Ұлы Құрбандық - Иса Мәсіхке мезгеген. Бұл жөнінде елші Пауыл: «Біз үшін жанын қиған Мәсіх - біздің Құрбанымыз» дейді (ІҚор. 5:7). Қайта тірілу мейрамы (пасха) кезінде әкелінетін егіннің буылған - буынтығы Исаның қайта тірілетінін мезгеп тұрған рөміз болатын. Оның келер алдында әркім өз ретімен, әуелі Мәсіх тұңғышымыз, онан соң біз - масіхшілер,» - деп жазған болатын Пауыл (ІҚор. 15:23). Алғашқы піскен егіннің буынтығы секілді Иса Мәсіх те мәңгілікке қайта тірілетін жандардың басы - тұңғышы болып саналады. Айтылған аяндар шынымен орындалып қана қойған жоқ, олардың белгіленген уақыты да дәлме - дәл келді. Он бес ғасыр бойы яхудейлердің бірінші айының он төртінші жұлдызында құрбандық шалынып отырған. Дәл осы күні Мәсіх Өзінің шәкірттерімен мерекелік кеш қылуды өсиет етті. Осы түні Ол тұтқынға алынып, айқыш ағашқа керіліп, өлтірілді. Және Оған ұқсастырылып тұрған алғашқы егіннің буынтығы сияқты - Иса Мәсіх үш күннен соң қайта тірілді. Жаңа өмірге қайта тірілген Мәсіх секілді Оның барлық ізбасарлары да жаңа өмірге қайта тірілетін болады, оған дәлел біздің

тіршілігіміз көкте және біз ол жақтан Құтқарушымыз, Тәңіріміз Иса Мәсіхті күтудеміз. Ол біздің қажыған денеміздің қайта жаңартуын Оның даңты Денесіне лайықты өзгертеді, Ол өз күшімен әсер етіп бәрін Өзіне бағындырады - делінген (Флп. 3:20,21).

Мәсіхтің жер бетіне екінші рет келуіне байланысты берілген аяндар да дәл айтылғандай орындалуға тиісті болды. Мұса пайғамбардың заңы бойынша қасиетхананың тазаруы немесе ұлы ақталу күні яһудейлердің жетінші айының 10шы жұлдызында болатын (Леу. 16:29-34). Осы күні Құдайдың бірінші қызметшісі барлық Исраил халқы үшін кешірім сұрап, қасиетхананы күнәдан тазартып, соңында халыққа батасын беру үшін сыртқа шыққан.

Дәл солай Мәсіх Иса Өз қызметін аяқтап болған соң, жер бетіне келіп, оны күнәдан тазартып, Өз пенделеріне мәңгілік өмір сыйлайтынына Оның халқы қатты сенген. Жетінші айдың оныншы жұлдызы - ақталатын ұлы күн, қасиетхананың тазартылатын күні. Осы айтулы күн 1844-ші жылдың қазан айының 22-ші жұлдызына сәйкес келді. Халық болса өздерінің Құтқарушылары Иса Мәсіх осы күні келеді деп есептеді. Нәтиже талассыз осы күнді көрсетті. «Түн ортасында шыққан айғай» - деген аян да орындалды, ейткені бұл хабарды мындаған халық жер - жерге жария етті. Мемлекетті небір орасан зор толқын шайып өткендей болды. Хабар қаладан - қалаға, елден - елге тарап, түкпір - түкпірдегілердің барлығына жетті. Ешқандай фанатизмге орын қалмады. Небір «киелі» тыныштық пайда болды. Адамдар жүректерінің қуыс - қуыстарында тығылып жатқан күнәларына кешірім сұрап дұға оқыды. Ойын-сауық деген тоқтатылды. Осы кезді суреттей отыра Миллер былай дейді: «Халық өз қуаныштарын көрсетпей, болашақта болатын салтанатты оқиғаға арнап, сақтап отырғандай көрінді». Осы оқиғалардың куәсі болған тағы біреу былай дейді: «Жұрт кезкарастарын өзгертіп, жауласқандарын тоқтатып, күнәярына кешірім сұрап, Құдайдың алдында жүректерін иіп тұрды». Мұндай таңқаларлық оқиға ешқашан болып көрген емес. 1844-ші жыл тарихта қалған әйгілі жыл болды. Фермерлер егістік даласын тастап, кәсіпкерлер кәсібін қалдырып, барлық жан Киелі Жазбаны зерттеп, Ізгі хабарды уағыздауға кірісті. Шіркеулер болса бұл хабарды қабылдамады. Ал олардың арасында қабылдағандары болса, шіркеулерден бөлініп шықты. Дегенмен адвентистік қозғалысқа қосылғандардың кейбіреулері әуесқойлар, енді біреулері жай қызығушылық танытқандар болатын. Соған қарамастан «мінекей күйеу жігіт келеді» деген сөздің күші оларға әсер етпей қойған жоқ.

Ол кездегі адамдардың сенімі қазіргі кездегілерге қарағанда әлде қайда мықты болатын. Олар өздерінің сенімдеріне қарай дұғалары

мен салауаттарының арқасында сауалдарына жауап алатын. Өздері және жақындары үшін дұға оқып, Құдайды мадақтайтын әндер салып, Алланы шын ниеттерімен күтті. Бірақ бұл адамдар, көңілдері қалатын кезеңнің табалдырығында тұрғандарын білмеді.

Айтулы мезгіл де өтті, бірақ, Құтқарушы келген жокБастапқы кезде Құдайға сенбейтіндер сенушілерді күлкі қылуға шамалары келмеді, өйткені олардың бойларынан әлі де болса қасиетті қорқыныш кете қоймаған болатын, бірақ бара-бара Жаратқанның қаһарының белгілері көрінбегендіктен, олар ездерінің алданып қалғандарына намыстанып, еш алу мақсатымен айыздары қанғанша имандыларды мазақ етті. Кезіндегі Жүніс пайғамбары секілді олар да Құдайды жазғырып, бүйтіп алданғанша, өлгеніміз артық еді деп жариялады. Осылайша біреудің сеніміне сүйеніп жүрген сорлылар енді өздерінің көз қарастарын бірден өзгертіп шыға келді. Олар: «қорқатындай дәнеңе жоқ, уақыт өтті, Құдай келген жоқ, келмейді де, өмір қандай болса сондай болып қала береді» деп жариялады. Дәл осы кезде Құдайды шын ниетімен күткендердің сенімдерінің шыңдалатын шағы жетті. Дегенмен олардың көңіл күйлері, кезінде Исаны таққа отырғызамыз деп дайындалып, ойлағандары болмай қалғанда қатты қынжылған елшілердің көңіл күйлерінен әлдеқайда жеңіл болды. Ол заманда Исаның оқушылары Оның такка отыратынын емес, керісінше айқыш ағашқа керілетінін алдын ала білгенде, айтулы аянды орындауға шамалары келмеген болар еді. Сол секілді Миллер мен оның әріптестері де Исаның әзірге жер бетіне келмейтінін алдын ала білгенде, соншалықты маңызы зор жұмысты атқаруға шамасы келмеген болар еді. Барлық әлем Мәсіх Иса жерге келмеді, енді бұл қозғалыстың іс-әрекеті тоқталады деп ойлады. Шынымен де біраз адамдардың сенімдері шайқалып, олар ұлы қозғалыстың қатарынан шығып қалды. Дегенмен аяқтарынан нық тұрғандар да жеткілікті болатын. Қоғамның барлық саласындағы адамдар оларды күлкі қылды, соған қарамастан олар ақиқаттан бас тартқан жок-Жүніс пайғамбар Ниневияға келіп: «қырық күннен кейін бұл қала қирап бұзылады да тып-типыл болып құриды» - деп жариялағанда, Ниневия халқының өзгергенін көріп, Құдай оларға сынақ уақытын ұзартқан болатын. Соған қарап, Жүністің уағызы Құдайдан емес деп айтуға болмайды. Дәл сол кездегідей адвентистер уағыздаған хабар да Құдайдың тарапынан берілген болатын. Алла адам баласын қатал сынақтан өткізді. Бұл хабар адамдарды екі топқа бөліп тастады. Бірі Құдай жағындағылар, енді бірі Оның қарсыластары болатын. «Егер мен өмірімді жаңадан бастаған болсам, қайтадан осы жолмен жүріп өтер едім» - дейді Миллер. Көп күткен салтанатты кездесудің

болмай қалғанына қынжылғаным рас, бірақ Құдайдың міндетті түрде келетініне күмәнім жоқ. Қателесем де, шынайы қателестім, өйткені мен Құдай алдындағы парызымды өтеген болатынмын. Өзім неге сенсем, соны уағыздадым, еңбегім зая болды деп айта алмаймын, осы уағыздардың арқасында қаншама халық Киелі Жазуды зерттеп, ақиқайты танып білді. Мен ешкімнен қорыққаным да жоқ, жағынғаным да жоқ. Бұл өмірге жармаспаймын, егер Алланың жарлығы солай болса, өлім алдында селт етпеймін.

Бірақ Құдай Өз халқын көзінен бір сәт таса қалдырған жоқ. Дағдарыс кезінде Мәсіх Өз халқын: «сенімдеріңе берік болыңдар, өйткені алатын сыйларың алда! Шыдаңдар! Көп қалған жоқ. Тәңірлерің келеді, кешікпейді. Құдай дегендер сенімдерінің арқасында тірі болады» - деп жұбатады (Евр. 10:3539).

Бұл сөздердің ақыр заманға лайықты айтылғаны түсінікті. Құдайдың асықпағанын, біз кешіккендей көреміз. Шын мәнінде Ол адамзат баласына уақыт беріп сынаиды, шыдамдылықпен күтеді, өйткені Жаратқанның мақсаты киелі.

Осындай қиын сәттерде әрбір адамның көкейінде: «осы мен кімнің жетелеуінде жүрмін?» - деген сұрақ туындауы мүмкін. Оның жауабы біреу-ақ. «Әділетті иманының аркасында тірі болады». «Түнгі айғайдың» айқын сәулесі сенетіндердің жолына жарық түсіргенде, аяндардан мөр алынып, олардың түсініктері кеңейді, ал белгілердің тез арада орындалып жатқандары Исаның екінші рет келетін уақытының алыс емес екенін көрсетті және олар шыныменде жарықта жүрген еді. Асыға күткен оқиға орындалмай қалғанда, қапаланып қалған бұл жандардың Құдайға және Оның Сезіне деген сенімі арқылы ғана қиындыққа төтеп бере алатыны нақ болатын. Арсыз дүние болса оларға: «Сендер алдандыңдар, енді сенімдеріңнен бас тартып, адвентистік қозғалыс албастының ісі екенін мойындаңдар» - деп даттады. Бірақ, Құдай Сөзі: «Теңіз толқынындай толқып тұратындар Менің көңіліме ұнамайды» - дейді. Сенімнен бас тарту, сол хабарды жеткізіп тұрған Киелі Рухтың күшін мойындамау өліммен бірдей. Елші Пауылдың: «Иманнан бас тартпаңдар, имандылар сыйларын міндетті түрде алады. Сендерге керегі сабыр сақтау, сөл ғана шыдаңдар» - деген сөзі сенетіндердің бойларына әл, жүректеріне нер болды. Сол себепті де Құдай жолында жүргендер сабыр сақтап, Оның кітабын оқып, Алладан түскен сәулені жоғалтып алмауға тырысулары керек. Ең бастысы Құдай сөзінің бір әріпі қалмай орындалатына көміл сене білген жөн.

Құдай үйінің құпиясы

С онда маған айтылды: «екі мың үш жүз кештер және тандар өткен соң қасиетхана тазарады» (Даниял 8:14) - деген пайғамбардың сөздері адвентистер (құдайдың еркін орындаушы қауымдар) сенімінің іргетасы мен бағанасы болып табылады. Бұл сөздер имандылықта (таза сенімде) жүргендердің барлығына таныс. Мыңдаған адамдар оны күн сайын қайталап айтып отыратын. Бұл пайғамбарлық күндер (уақыт) 1844-ші жылдың күзінде аяқталуға тиісті болған. Барлық мәсіхшілер әлемі секілді адвентистер де «қасиетхана» болып жер немесе оның бір бөлігі саналады деп есептеген. Олар: «Қасиетхананың тазаруы дегеніміз жердің отпен аластатылып тазаруы» - деп ойлаған және де бұл Исаның II-ші рет жер бетіне келген кезіндегі орындалуға тиісті ақірет оқиғасы болатын. Ендеше Киелі Кітапта жазылғандай Иса жер бетіне 1844 - ші жылы қайта оралуға тиісті болды. Бірақ айтулы мезгіл өтті, ал Иса болса жерге келген жоқ. Соған қарағанда жоғарыда сөз болған аян қате талқыланған секілді. Бірақ қай жерде қате кетуі мүмкін? деген сұрақ туындайды. Біреулер 2300 күн 1844-ші жылы аяқталмаған болуы керек деген тұжырымға келді. Бірақ Исаның келмегеніне қарап 2300 жыл 1844-ші жылы аяқталған жоқ деуге болмайтын еді. Өйткені жыл санауда қате кетуі мүмкін емес. Даниял (9:25-27) пайғамбардың кітабында жазылған бұл аян дәл осы күндерге сәйкес келіп тұр.

69 рет жеті немесе 2300 жылдан алынып тұрған 483 жыл Мәсіх Исаға дейінгі жылдар. Ал Иса біздің дәуіріміздің 27-ші жылы шомылу рәсімінен өтіп, Құдайдың батасын алған. Жетпіс рет жетінің ортасында Мәсіх өлуге тиісті болды. Иман келтіріп, суға шомылу рәсімінен

өткеннен кейін үш жарым жылдан соң Иса Мәсіх 31-ші жылдың көктем айында айкыш ағашқа керілді. Жетпіс рет жеті немесе 490 жыл бойғы уақыт яхудейдің тәубеге келуі үшін берілген болатын. Айтулы мезгіл өткеннен кейін яхудейлер Иса Мәсіхтен бас тартып, Оның шәкірттерін қуғындай бастады. Содан кейін 34 жылдан бастап елшілер өз уағыздарын Құдайды білмейтін кәпірлерге (язычниктерге) бағыттады. 2300-ші жылдан шегерілуге тиісті 490 жыл өткенде 1810 жыл қалып тұр. Егер 34-ші жылдан 1810 жылды алға қарай санап алсақ, 1844-ші жыл шығады. Періштенің айтуына осы мезгілде «қасиетхана» тазаруға тиісті болатын. Бұл аян ез уақытында орындалды. Осы арада бір нәрседен басқасының бәрі түсінікті, тек түсініксіз жағдай Исаның келмей қалғаны ғана.

Десе де осы уақытқа дейін Өз халкын жетелеп келген Алла, оларды осындай қиын сәтте қалдырған жоқ. Киелі Жазбаны мазақ қылуға және ақиқатты түнектің сырып әкетуіне жол берілмеді. Біреулер өз сенімдерінен бас тартып жатса, енді біреулердің сенімдері шындалатын шағы жетті. Олар Киелі Жазбаны қолдарына алып, қай жерде қате жіберіп алғандарын айқындау үшін оны әрі қарай зерттеуге кірісті. Пайғамбарлық кезеңнің есептелуі кезінде ешқандай қатенің жоғына көздерін жеткізген олар, «қасиетхана» деген сөзге келіп тірелді. Енді олар зерттеулер кезінде алғашқыда ойлағандай қасиетхананың жер екеніне Киелі Жазбадан еш дәлел таба алмады. Дегенмен қасиетхананың не екеніне толық түсініктеме алды. Қасиетхана деген не? Оның ішінде қандай қызмет атқарылды? Осыған жауап табылды.

Елші Пауыл еврейлерге жолдаған өз хатында былай дейді: «Жердегі қасиетхана мен Құдайға қызмет етудің бірінші өсиет бойынша қаулысы бар. Шатыр (скиния) екі бөлімнен тұрады, әуелі бірінші бөлімі құрылды, оның ішінде жеті құбырлы майшам, дастархан және ұсынылатын нан - бұл бөлім киелі деп аталады. Шымылдықтың арғы жағында киелінің Киелісі деп аталатын екінші бөлімі бар. Оның ішінде алтын ожау, алтынмен көмкерілген өсиет сандығы, оның ішінде Харунның гүлденген таяғы, өсиет тастары және үстінде «кешірім тағына» нұрын шашып тұрған періштелер мүсіні бар (Евр. 9:1-5). Қасиетхана дегеніміз, елші Пауылдың айтуынша, Құдайдың бұйрығымен кектегі қасиетхананың үлгісі бойынша жердегі Мұса пайғамбарының орнатқан шатыры яғни басқаша айтқанда Алланың жердегі мекені (Мыс. 25:8). Исраил халқы көшпелі болғандықтан, бұл шатыр құруға және жинауға ыңғайланып жасалған. Соған қарамастан бұл өте сұлу құрылыс болған. Оның қабырғасы алтынмен қапталған тақтайшалардан тұрған, төменгі жақтары күмістен жасалған. Төбесі кілемдермен жабылған, сырты өңделген терімен қапталып,

іші періштелер бейнеленіп тоқылған матамен жасалған. Аулада құрбан шалынатын құрылым орнатылған. Сөйтіп шатыр екі бөлімнен құрылған — Киелі және киелінің Киелісі. Екі бөлімнің арасы өте әдемі шымылдықпен бөлінген. Дәл осындай шымылдық кіре беріске де құрылған. Бірінші киелі деп аталатын бөлімнің оңтүстік жағында күні - түні жеті құбырлы майшам жанып тұрған, солтүстік жағында ұсыныс нандары қойылған үстел орнатылған, ал Кислі мен киелінің Киелісінің арасын бөліп тұрған шымылдықтың алдында күні түні сөнбей түтінін булатып жанып тұратын құрылым орнатылған. Бұл құрылым тәуліктің кез келген уақытында иманды адамдардың көкке көтеріле жататын дұғаларын бейнелейді, киелінің Киелісінің ішінде өсиет сандығы болған. Ол қымбат бағалы ағаштан жасалып алтынмен көмкерілген. Оның ішінде Құдайдың Өз қолымсн жазған заңы екі бет гаста сақталған. Өсиет сандығының жоғарғы жағында әсем етіп жасалған «кешірім тағы» болған. Кешірім тағының қарама - қарсы жағында сандық үстіне яғни таққа бет бұрып тұрған екі періште бейнеленген, бұл кешірім тағы сонымен қоса сандықтың қақпағы ретінде пайдаланылған. Осының барлығы таза алтыннан жасалған. Бұл Құдайдың құдіретіне бөленген жер болатын. Еврейлер Ханаан жеріне орналасқанда Сүлеймен пайғамбар ол жерге өте үлкен, атағы жер жарған ғибадатхана салған болатын. Бұл ғибадатхана жоғарыда айтылып кеткен шатырдың сызбанұсқасы бойынша салынған. 70-ші жылдарға дейін римдіктер келіп бұзған қасиетхана, әрине Даниял пайғамбарының тұсында үйінді болып жатқан уақытын санамағанда, былайша суреттеледі. Киелі Кітап бойынша бұл ғибадатхана жер бетіндегі бұрын соңды жалғыз ғана «қасиетхана» болған. Исаның шәкірті Пауыл оны алғашқы, яғни Көне Өсиеттің қасиетханасы дейді. Сонда Жаңа Өсиеттің қасиетханасы болмағаны ма? Еврейлерге жолданған хатты қайта - қайта оқи келе Пауылдың сөзінен біз екінші Жаңа Өсиеттік қасиетхананың барын байқаймыз. Бірінші есиеттің де жердегі қасиетханасы мен құлшылық етудің қаулысы немесе тәртібі болған дейді ол. «Бірінші өсиеттің де» - деген сөзінен, алдында бұл қасиетхана жайлы сөз болғанын білеміз. Енді олар алдындағы бөлімнің басына қайта көңіл аударған кездерінде: «Ең бастысы біздің көкте бірінші діни қызметкеріміз бар, Ол көктегі сәулетті тағына отырды және адамның қолымен емес, Құдайдың қолымен тұрғызылған қасиетханасында қызмет етуде (Евр. 8:1-2) делінген. Осы арада Жаңа Өсиеттің қасиетханасы жайлы айтылып тұр. Бірінші Көне Өсиеттің көшпелі қасиетханасын Мұса пайғамбар орнатқан, ал Жаңа Өсиеттің қасиетханасы адамның емес, Құдайдың қолымен тұрғызылған. Алғашқы қасиетханада жердегі діни

қызметкерлер еңбектенген, ал көктегі қасиетханада бұл қызметті біздің Алғашқы Діни Қызметкеріміз - Иса Мәсіх орындауда. «Бұл - осы замандағы жайттың бейнесі! Құдайға ұсынылатын сыйтартулар мен құрбандықтар Оған сыйынатын адамдардың ар-ұжданын өздерінің жасаған күнелерінен түпкілікті арылта алмайды. Сонымен, көктегі киелі үйдің көшірмесі болған жердегі ғибадат орны құрбандыққа шалынған малдың қаны арқылы тазартылуға тиісті болды, алайда көктегі киелі үй үшін бұдан өлдеқайда құнды құрбандық жасау қажет еді. Себебі Мәсіх адам қолымен жасалған ғибадат орнына кірмеді. Сол ғибадат орны шынайы киелі үйдің көшірмесі ғана болатын. Қайта, Мәсіх көктің өзіне енді. Ол қазір сонда Құдайдың алдында тұрып, бізді қолдап сөйлейді» (Евр. 9:9,23,24).

Атап айтқанда жердегі қасиетхана көктегі қасиетхананың көшірмесі, ал көктегі қасиетхана оның түпнұскасы болып табылады. «Бәрін де Мен саған көрсететін киелі шатыр мен ондағы бұйымдардың үлгісіне дәлме-дәл сай етіп жасандар! Үстелдің бетін айналдыра төрт елі бойы ернеумен жиектетіп, соны да алтынмен қапта. Байқа, барлығын саған осы тау басында көрсетілген үлгіге сай жасайтын бол» (Мыс. 25:9,25,40) Жердегі қасиетхананың сұлулығы мен әсемделуінің ең жоғарғы сапада орындалуы Құдайдың даналығының кіріспесі екенін дәлелдейді. Қасиетхананың ішкі қабырғалары құйылған алтыннан жасалғандай болып көрінеді, өйткені ол алтын майшамдардың жарығымен жарқырап тұратын. Ұсынылатын нанның үстелі мен күні-түні түтіндеп тұратын құрылымның сырттары да тазартылған алтындай жарқырайды. Ал осы кереметті неше түрлі жіптерден тоқылып жасалған періштелер бейнеленген шымалдық толықтырып тұр. Екінші бөлімде өсиет сандығы сақталған. Құдайдың даңқы шығып тұратын бұл бөлмеге ешкім баса көктеп кірмеген, кірсе тірі шықпаған. Оған кіруге тек бірінші діни қызметкердің ғана хақысы болған. Жердегі қасиетхана көктегі қасиетхананың қандай екендігін адам баласына көрнекілетіп көрсетеді. Көктегі орында біздің Аратұсушіміз (Иса) Құдай алдында біз үшін қызмет етуде. Ол жақта қызмет ететін рухтар, яғни періштелер Құдай алдына келгенде Оның күдіреттілігіне шыдамай канаттарымен беттерін жауып тұрады. Бұрын - соңды адамның қолымен салынған ғимараттардың ішіндегі ең кереметі - Иерусалимдегі бұл ғибадатхана көктегі ғибадатхананың әлсіз елесі ғана. Десе де бұл ғибадатхана көктегі адамзат баласын құтқару жолында жүріп жатқан маңызды еңбекті біздерге айқын көрсетеді. Жохан арқылы берілген аянда Құдай оған көктегі ғибадатхананың екі бөлімінде көрсеткен болатын. Және ол сол жақтан жердегі ғибадатханада Мұса пайғамбарының жасаған «өсиет

сандығын» көреді. Бұл жердегі ғибадатхананың көктегі ғибадатхананың үлгісі бойынша салынғанының таптырмас дәлелі. Мұса пайғамбар жердегі қасиетхананы оған көрсетілген үлгі бойынша салды. Пауыл еврейлерге жазылған хатында оны растайды, ал Жоған пайғамбар болса соның куәгері болып табылады.

Құдайдың мекені - көктегі ғибадатхана. Оның тағының негізі - шындық. Аспан ғибадатханасындағы киелінің Киелісінің ішінде ақиқатты өлшеуіші - Құдайдың қасиетті заңы сақталған. Сол заң бойынша адамзат баласы сынаққа түседі. Құдайдың заңы сақталып тұрған өсиет сандығының үстінде кешірім тағы орналасқан. Сол арада Иса Мәсіх Оны қабылдайтын күнәкар пенделер үшін арашашы қызметін атқаруда. Осылайша күнәкәрді ақтау жоспарында әділдік пен мейірімділік одақ құрып бірігіп тұрады. Мұндай одақты бізге тек Шексіз Даналықтың Иесі ғана ұсына алады. Бұл одақ бар ғаламның тұрғындарын қайран қалдырды, қуантты және барлығы осындай одақ алдында бас иді. Көктегі барлық періштелер құтқарылу жоспарының барысын мұқият бақылауда. Құдай қалай әділетті болып саналады, егер ол қатесін мойындаған пендені кешірсе, ал Иса Мәсіх оларды өлім тұңғығынан алып шығып, пәктіктің киімін кигізіп, емірі күнә дегенді білмеген періштелердің қатарына қосса? Ал, бұл мейірімділіктің құпиясы және оны періштелер де түсінгісі келеді. Оған жауап беретін Зәкария пайғамбарының кітабында Иса жайлы аятта былай деп жазылған: «Ол Алланың тамаша ғибадатханасын құрып, тағына отырып, билік жүргізеді. Ешуа діни қызметкер ретінде патшалық тағына отырған соң екі лауазымның ортасында ынтымақ орнайды» (Зөк.6:13). Иса Мәсіх адамзат үшін ұлы Құрбан болғандықтан, Зәкәрияда айтылған ғибадатхананың негізі де және құрылысшысы да Исаның өзі болып саналады. Сонымен қатар Мәсіхтің шәкірті Пауыл Оны үйдің қабырғасы қаланатын іргетасымен салыстырады (Еф. 2:20-22).

Даңқ пен атақ күнәкар пенделерді ақтап алған Исаға тән. Жер бетінде Құдай патшалығы орнамай, Ол даңқ тағына отырмайды. Ол арашашы, яғни біздің қазіргі тілде адвокаттық қызметін тамамдаған кезде тағына отырады және бұл патшалықтың шегі болмайды (Лұқа 1:32,33). Қазір Мәсіх діни қызметкер ретінде Құдай Әкемен бірге Оның тағында отыр (Аян 3:21). Шынында Құдайдың Қызметшісі біздің қасіретімізді Өзіне алды. Ол бізге жаны ашпайтын, осал жақтарымызды түсінбейтін діни қызметкер емес, қайта өзіміз сияқты әр түрлі сынақтан өтіп көрді және сынақтардан өтіп жатқан бізге көмектесе алады. Ал егерде біреулерің күнә жасап қойсаңдар, Құдай Әкенің алдында әділ Қорғаушымыз бар. Сол Қорғаушымыз - Мәсіх Иса (Ишай

53:4, Евр. 4:15,2:18, Жоханның бірініш хаты 2:1). Иса күнәкар адамзат баласы үшін құрбан болды. Біз Оның жазықсыз төгілген қанының арқасында ақталамыз. Ол біздің Арапашымыз, Иеміз, біз Оның пенделеріміз. Оның тесілген бүйірі, жараланған денесі, аяқтары мен колдарында қалған шегелердің орны адамзат баласының қаншалықты жоғары құн төленіп сатылып алғанын айқындайды. Күнәға батқан адамзатқа деген Құдай Әкенің сүйіспеншілігі Иса Мәсіхтің сүйіспеншілігінен кем емес. Ол туралы Мәсіх бізге былай дейді: «Сонда Әкеден сендер үшін өтінуімнің қажеті болмайды, өйткені Әкенің Өзі сендерді сүйеді» (Жох. 16:26,27). Құдай Мәсіх Иса арқылы Өзін біздің әлемімізбен татуластырды (2 Қор.5:19).

«Құдай бізді сондай жақсы көреді, біздер өлмей, мәңгі өмірге ие болуымыз үшін, Ол Өзінің жалғыз Рухани Ұлы Исаны құрбандыққа берді» - делінген Киелі Кітапта (Жох. 3:16). Сонымен Қасиетхана дегеніміз не? Киелі Жазба бұл сұраққа түсінікті түрде жауап береді. Жердегі қасиетхана көктегі үлгі бойынша салынған, яғни аспанға мезгеп тұрған Ғибадатхана. Иса айқыш ағашқа керілгеннен кейін жердегі ғибадатхананың Ұлы Құрбандыққа сілтеп тұрған қызметі аяқталды. Құдайдың шынайы шатыры (скиния) көкте орналасқан. Ендеше 2300 кештер мен таңдар, сонан соң қасиетхана тазарады деген аянда көктегі ғибадатхана жайлы айтылған. Ендігі сұрақ былай: «Қасиетхананың тазаруы дегеніміз не сонда?» Жердегі қасиетхана тазартылуға тиісті. Ал көктегі қасиетхананы тазартудың қажеті не? Бұл сұраққа еврейлерге жазылған хаттың 9-шы тарауы жауап береді. Таурат заңы бойынша бәрі дерлік қанмен тазартылады. Қан төгілмей Құдай күнәні кешірмейді. Сонымен, көктегі киелі үйдің көшірмесі болған жердегі ғибадат орны құрбандыққа шалынған малдың қаны арқылы тазартылса, көктегі киелі үй үшін бұдан әлдеқайда құнды құрбандық жасау қажет еді. Атап айтқанда Исаның қасиетті қанымен тазартылады. (Евр. 9:22,23). Үлгі ретінде берілген бейнелеу қызметінде де, және шын мәніндегі қызметте де күнәдөн арылу тек қан төгілу арқылы ғана жүргізіледі. Алғашқыда ол малдың қаны арқылы жүргізілсе, соңынан Исаның қаны төгілуі арқылы тазартылды, себебі бідің дәуірге дейін төгілген қандар келешекте бүкіл адамзаттың күнәсі үшін құрбан болатын Құдай Ұлына жүктелген, міне киелі кітаптағы сол болжау орындалып Иса Мәсіх пенделердің күнәларын өз мойнына алып біз үшін айқыш ағашқа керіліп жанын өз еркімен құрбан етті. Енді көне замандағыдай құрбан шалудың қажеті жоқ, өйткені жалпы адамзат тектеріне құрбан болған Исаға сенім артып, шариғатты (он заңды) кәміл орындап қоршаған ортаға сүйіспеншілік көрсетіп отырсақ, Алла бізді қорғап - қоршап

жүреді. Егер адам бойында күнәнің бар-жоғын аңғартатын он заңның біруін ғана бұзғанның өзінде бізді сақтаушы Тәңірдің қоршауында саңылау пайда болады да, одан ұры түсіп қойды қасқыр жейді, қасқыр деп отырғанымыз шайтан, ал қой дегеніміз месіхшілер. Құр бес уақыт намаз оқып Құдайға жалбарынып шариғатты сақтамаса, адам күнәкар күйінде қалып қояды. Барлық жандар күнакар, күнәсыз адам жоқ және күнәнің жазасы өлім, ал Құдайдың Ұлына иман келтіргендерге Алладан сыйлық мәңгі өмір - дейді Киелі Кітап. Сондықтан күнә жойылуы немесе басқаша айтқанда тазартылуы керек. Күнәнің көктегі болса да, жердегі болса да қасиетханаға қандай қатысы бар? - деген сұрақ туындауы мүмкін. Бұл сұраққа былай деп жауап беруге болады: діни қызметкерлер жердегі қасиетханада өз қызметтерін жүргізгенде, оны көктегі қасиетхананың үлгісі бойынша Мұсаға көрсетілгендей етіп жасаған (Евр. 8:5). Жерде Құдайға қызмет ету екі бөлімнен тұратын: күн сайын діни қызметкерлер киелінің ішінде қызмет атқаратын және жылына бір рет қасиетхананы тазарту үшін киелінің Киелісінің ішіне кіріп ерекше қызмет жасайтын болған. Күн сайын күнәкар жандар жасалған күнәсі үшін киелі шатырдың алдына малдарын әкеліп, олардың бастарына қолдарын қойып, күнәсін мойындап - айтып Алладан кешірім сұрап - жалбарынған, адамның шын ниетін білетін Тәңір оны қабыл алып отырған. Сөйтіп ол мал құрбандыққа шалынған. «Дененің жаны - қанында, сондықтан қан төгу жан тапсыру немесе өлім» - делінген. (Леу. 17:11). Құдай заңын бұзған күнәкардың қаны төгілуге тиісті. Бұл жерде оның күнәсі малға аударылып тұр. Сөйтіп жазықсыз мал жазықты болып есептеліп, оның қаны төгіліп, осы қанмен діни қызметкер Киелінің ішіне кіріп, арғы жағында Құдайдың қасиетті заңы сақтаулы өсиет сандығы орналасқан бөлімдегі шымылдыққа қанды тамшылатады. Осылайша рәміздеу түрінде күнә қасиетханаға ауысады. Кей жағдайларда малдың қаны Киеліге кіргізілмеген. Мұндай жағдайларда діни қызметкерлер сол малдың етін пісіріп жеуге тиісті болған, сонда қауымның күнәсі жойылып, кешірілген (Леу. 10:17). Рәміздеудің екі түрі бойынша да күнә кінәлі пендеден қасиетханаға ауысқан. Мұндай қызмет жыл бойы атқарылып отырған. Осылайша Ираилдің күнәсі қасиетханаға ауысып, енді оны жою үшін ерекше рәсім жасалуға тиісті болды. Сондықтан басты діни қызметкер жылына бір рет киелінің Киелісінің ішіне кіріп қасиетхананы тазартқан. Діни қызмет осындай циклмен жүріп отырған. Бұл күн Алламен татуласу күні деп аталған. Осы татуласу күні шатырдың алдына екі теке өкелініп, жеребе (таңдау) тасталған: «бір жеребе Құдай үшін, екінші жеребе жіберілу (шайтан) үшін» (Леу. 16:8). Алла

үшін жеребе түскен теке әдеппен бауыздалып, сол текенің қанымен басты діни қызметкер шымылдықтың ішіне кіріп, қанды өсиет сандығының қақпағына және алдына тамшылатқан. Сол сияқты шымылдықтың алдындағы күні - түні түтіндеп тұратын құрылымның үстіне де қан тамшыланатын болған. Харун тірі текенің басына екі қолын қойып, бар Исраил халқының күнәсін текеге аударған, сонан соң текені әдейілеп сайланған адам шөл далаға апарып тастайтын болған (Леу. 16:21,22). Теке Исраилдің тұрағына қайтып келмеген, ал әлгі адам әуелі жуынып, киімін жуып, содан кейін ғана отандастарына оралады екен.

Осы рәсімдердің барлығы адам баласына Құдайдың каншалықты Қасиетті екенін және Оның күнәні соншалықты жек көретінін көрсету үшін орындалатын болған. Күнәмен жанасып кеткен адам таза болмай шығады, оны кез келген пенде ұғып алғаны ғанибет. Қасиетті Алланың алдында адамзат баласы жүрегін жуасытуы керек. Сондықтан да осы күні барлық халық әдеттегі шаруаларын доғарып, Құдайдың алдына салтанатты түрде жиналып, ораза ұстап, дұға оқып салауат айтып жүректеріне терең үңіліп, Аллаға тағзым етіп бастарын иген. Бұл татуласу рәсімінің мәні өте зор, оның түкпірінде өте қажетті ақиқат жатыр. Күнәкар тазалықпен алмастырылған. Құрбандықтың қаны күнәні жуа алмайтын болғандықтан, ол қасиетханаға ауыстырылған. Бұл рәсімнің барлығы болашақта болатын Ұлы Құрбандыққа, яғни Иса Мәсіхке сілтеп тұрған. Және де адам баласы ез күнәсін шынымен мойындап, сол болашақтағы Ұлы Құрбандыққа сену арқылы өз күнәсына кешірім алам деп үміттенген. Дегенмен ол заң бұзушы болғандықтан, заң алдында ол әлі де болса жауапты болған. Осы татуласу күні басты діни қызметкер халықтың Аллаға арнап шалған құрбандығының қанын алып, киелінің Киелісінің ішіне кіріп, киелі сандықтың ішіндегі заң жазулы тастардың үстіңгі жағынан өсиет сандығының қақпағына тамшылатқан. Осылайша заңның талабы қанағаттандырылған. Онан соң арапашы ретінде күнәні өз мойнына ауыстырып, қасиетханадан алып шығып, сыртқа шыққан соң, екі қолын шайтанға сілтейтін текенің басына қойып, күнәні оған аударған. Теке күнәні алып кетеді де, халық күнәдан босатылады. Көктегінің үлгісі болып саналатын бұл қызмет осылайша сипатталады. Басқаша айтатын болсақ үлгі ретінде берілген жерде өтіліп жатқан бұл қызмет шын мәнінде көкте жүргізіліп отырған. Құтқарушымыздың жерден көкке көтеріліп кеткеннен кейінгі атқарып жатқан қызметін Оның шәкірті Пауыл былай деп суреттейді: «Иса Мәсіх қолдан жасалған қасиетхана емес, көктегі қасиетханада біз үшін Құдай алдында қызмет атқаруда. Киелінің Киелісінің ішіне

Мәсіх малдың қанымен емес, Өзінің адамзат үшін төгілген қасиетті қанымен кірді (Евр. 6:19,20; 9:12). 18 ғасыр бойы қасиетханадағы киелінің ішінде қасиетті қызмет атқарылды. Исаның қаны күнәкар пенделер үшін төгілді, бірақ қасиетті Құдайдың заңының алдында адам әлі де болса айыпты болғандықтан, бұл күнәлар көктегі кітапта жазулы болды. Жылына бір рет киелінің Киелісінің ішіне кіріп, қасиетхананы тазартқан басты діни қызметкер секілді, Мәсіх Иса да, 2300 жыл аяқталған соң, яғни 1844 жылы киелінің Киелісінің ішіне етті, осы өту фазасын кезінде адвентистер Оны жерге келеді деп түсінген. Жыл санаулары бойынша негізгі зерттеулері дұрыс болғанмен, қасиетханаға қатысты сұрақ маңайында кателескен. Десе де кейіннен Жазбаны мұқият зерттей келе қателерін тапқан. Даниял пайғамбарының кітабында жазылған аян бойынша Иса Мәсіх 1844-ші жылы Өзінің қасиетті қанын алып киелінің Киелісінің ішіне кірді. Бұл Оның жер бетіне екінші рет келерінің алдындағы соңғы қызметі. Қаны төгілген теке Исаны мезгейді, ал халықтың күнәсі артылып, шөл далаға аттандырылған теке — ібіліске сілтейді. Өз күнәларын шынымен мойындап Ұлы Құрбандықты қабылдап Исаның қасиетті қанының астына тұрғандардың күнәлары жуылып, ол күнә адамзаттың жауы сол күнәнің қайнар көзі — ібілістің басына аударылады. Шөл далаға жіберіліп әбден қалжыраған теке секілді, сайтан да біржола құритын болады. Осылайша күнә да, күнәкарлар да жойылып мәсіхшілер мәңгілік өмірге ие болады да Жаратушы Тәңір махаббат Иесі деп танылады.

Киелінің Киелісінде

Қасиетхана жайлы сұрақ 1844-ші жылы болған оқиғаның басын ашып берді. Ол Өзінің халқының міндеттері мен парызын оларға тағайындап бере отыра, ұлы адвентистік қозғалысты Құдайдың Өзі басқарғанын дәлелдеп тұрған ақиқаттың жоспарын анықтады. Кезінде Исаның оқушыларының жандары күйзелген түннен кейін, Тәңірлерін қайта көріп қуанғандары секілді, Оның екінші рет жер бетіне келетініне сенгендер дәл солай қуанған болатын. Ал үміттеніп күткен Тәңірлері келмей қалған кезде, олар қатты қайғырды. Енді міне олар көздеріне бір сәт көрінбей қалған Құтқарушы және патшалардың Патшасы ретінде жер бетіне келетін басты діни қызметкерлерін қасиеттінің Қасиеттісі ішінен тапты. Қасиетханадан шыққан жарық өткенді, нақты кезді және болашақты жарқыратып көрсетті. Енді мәсіхшілер олардың ісін Құдай басқарғанын жақсы ұқты. Кей кездері олар өздерінің таратқан хабарларын өздері де толық түсінбегенімен, шын мәнінде бұл нағыз ақиқат болатын. Айтулы еңбекті атқара отырып, олар Құдайдың көңілінен шыққан еді. Сол себепті де олардың еңбектері зая кеткен жоқ.

Даниял пайғамбардың кітабының сегізінші тарауындағы: «2300 кештер мен таңдар, сонан соң қасиетхана тазарады» және бірінші періштең: «Құдайдан қорқыңдар, Оның есімін мадақтандар, өйткені сот басталды» деген хабары Исаның II-ші рет жер бетіне келетін кезін емес, Оның қасиеттінің Қасиеттісіне өтіп, соттың басталатын уақыты келгенін көрсеткен болатын. Имандылар Киелі Жазбаны зерттеу кезінде жіберіп алған кателерінің салдарынан көп зардап шеккендерімен, жоғарыда айтылып кеткен аян уақыты толған кезде

аса бір дәлдікпен орындалды. Алланың II-ші рет жер бетіне келер алдындағы брындалуға тиісті болған оқиға тарихтан өз орнын тапты.

Мәсіх келді, бірақ адамдар күткендей жер бетіне емес, көктегі Құдай үйдің киелісінің Киелісіне енді және Өзінің жер бетіне келер алдындағы соңғы қызметіне кірісті. Бұл жөнінде Даниял пайғамбар былай деп жазады: «Мен сол түні көріп жатқан көріністерде кенеттен адам баласына ұқсайтын Біреудің аспандағы бұлттармен келе жатқанын байқадым. Ол мәңгі жасап келе жатқан Құдай Тағалаға жақындап келіп, Оның алдына әкелінді» (Дан. 7:13). Осы жөнінде Мала-хи пайғамбар да жазады: «Біліп алыңдар, Мен алдымнан хабаршымды жіберемін, ол жүретін жолымды дайындап қояды. Сендер іздеп жүрген Жасаған Ие кенеттен Өзінің ғибадатханасына келеді. Сендер аңсап жүрген Келісімнің Хабаршысы еш шүбәсіз келетін болады» - деп ескертеді әлемнің Иесі» (Малахи 3:1). Тәңірдің көктегі ғибратханаға кіргені кенеттен болған оқиға, жұрт Оны жалындаған от болып жерге келеді деп күтіп отырды. «Иеміз Мәсіх құдіретті періштелерімен бірге жалындаған отпен көктен түсіп келгенде Құдайды менсінбей, Иеміз Исаның Ізгі хабарына құлақ аспай жүргендер жазаланады» (2Сал. 1:8). Оның үстіне халық Исаның екінші рет жер бетіне келуіне әлі де болса дайын емес еді. Олар бұл оқиғаға салтанатты түрде дайындалуы керек болды. Бұл жөнінде пайғамбар былай дейді: «Бұл күні кім шыдай алар екен? Оның алдында кім тұра алар? Өйткені Алла жалындаған отпен тең. Ол алтын мен күмісті тазартқандай, Өз халқын қорытып, тазарғады, себебі олар Құдай алдына шындықпен келулері керек» (Малахи 3:2,3).

Сол мезгілде жерде тұрып жатқан адамдар Мәсіхтің көкте орналасқан қасиетханадағы қызметі аяқталған кезінде, Құдай алдына келіп, Арашашысыз тұрады. Олардың киімдері ешбір дақсыз тап таза болуы керек, мінездері Исаның қанымен жуылып, тазартылуға тиісті. Құдайдың мейірімінің және өздерінің күш салып, тырысуларының арқасында зұлымдықты жеңіп шығып, Алланың алдында жеңімпаз болып тұрулары керек. Тергеу соты жүріп, кектегі қасиетхаиға тоубаға келген жандарды күнәсынан тазартып жатқанда, жерде де Құдай халқының арасында айрықша күнәдан тазартылу жұмысы жүріп жатуға тиісті. Бұл жұмыс жайлы Ашық кітаптың 14-ші тарауында жақсы жазылған. Осы жұмыс аяқталған кезде Құдай халқы Онымен кездесуге дайын болады.

«Сонда ежелгі кездердегі секілді Яхуда мен Иерусалимнің құрбандығы Құдайға жағымды болады» (Малахи 3:4). «Сонда, Құдай Өзі келген кезінде, қабылдап алатын ғибадатханасы еш дағы жоқ, кесірі де жоқ, атақты ғибадатхана болады» (Еф. 5:27). «Сол кезде олар таң

шуағындай жарқыраған, айдың нұрындай сымбатты, күннің көзіндей жарық және туларын ұстап, қатарларын түзеп, шабуылға дайындалып тұрған әскердей айбарлы болады» (Ән 6:10). Ал сиқыршылар, жезөкшелер, өтірік ант су ішетіндер, еңбекақы ұстап қалатындар, жетімдер мен жесірлерді қысымға ұшырататындар, жақындарын жауларына итеріп салатындар және Құдайдан қорықпайтындар үшін, Оның соты өте катал болады (Малахи 3:5). Алланың жер бетіне келуі мен Оның Өз ғибадатханасына кіруі бұл әр түрлі оқиғалар. Даниялдың кітабында жазылған Исаның Басты Діни Қызметкер ретінде қасиеттінің Қасиеттісіне кіруі (8:14) және осы кітапта жазылған Адамзат Баласының мәңгі жасап келе жатқан Құдай тағаланың алдына келуі (7: 13), Құдайдың Өз ғибадатханасына кіруі және он қыз жайлы мысалдағы күйеу жігіттің тойға келуі - осы жерлерде бір оқиға жайлы айтылып тұр (Матай 25).

1844-ші жылдың жазы мен күзінде «Мінекей күйеу жігіт келеді!» - деген хабар шыққан болатын. Сол кезде ақымақ және ақылы шамалы қыздар арқылы суреттеліп тұрған екі топтың адамдары барын көрдік. Бір топтың адамдары Құдайды шын ниетімен күтіп, болатын оқиғаға шынайы дайындалды. Ал екінші топтың адамдары тек уақытша сезімге беріліп, Құдайды қорыққандарынан ғана күтті. Сондықтанда кейінгі топтың адамдары Алланың мейірімінен құр қалды. Жоғарыда айтылған мысалда: «Күйеу жігіт келгенде, дайын болғандар неке тойына кірді» делінген. Күйеу жігіт неке рәсімінің алдында келеді. Неке - рәміз ретінде Исаның Өз патшалығын қабылдауын көрсетеді. Киелі қала - Жаңа Иерусалим Құдай патшалығының астанасы болып табылады, сонымен қоса ол қалыңдық деп аталады. Періште Жохан пайғамбарына: «Жүр, мен саған құрбан болған тоқтының қалыңдығын, Оның жұбайын көрсетемін» - дейді. «Сөйтіп, мені жоғары көтеріп, Құдайдан төмен түсіп келе жатқан Ұлы қала - Иерусалимді көрсетті» - дейді пайғамбар (Аян 21:9,10). Ендеше қалыңдық дегеніміз - Киелі қала, ал күйеу жігітке қарсы шыққан қыздар - ғибадатхананы рәміздейді. Аянда Құдай халқы неке тойының қонақтары делінген (Аян 19:9). Егер олар қонақ болса, қалыңдық бола алмайды.

Даниял пайғамбары айтқандай, Иса Мәсіх көктегі мәңгі жасап келе жатқан Құдай Тағаладан билікті, даңқты және патшалықты алады; Оның билігі басқаға өтпейтін мәңгілік және оның патшалығы ешқашан жойылмайды (7:14). Мен, Жохан көктен Құдайдың қасынан түскен қасиетті қаланы - жаңа Иерусалимді көрдім, ол күйеуіне дайындалған қалыңдықтай болып әсемделген екен (Аян 21:2). Патшалықты алған соң, Ол патшалардың Патшасы, билеушілердің

Билеушісі ретінде Өз халқын ақтап алу үшін жерге келеді және Өз патшалығында, құрбан болған Тоқтының неке тойына келген Өз халқын бір дастарханда Ыбырайыммен, Ысқақпен және Жақыппен бірге отьфғызады (Матай 8:11, Лұқа 22:30).

1844-ші жылы шыққан «Мінекей күйеу жігіт келе жатыр!» деген хабар, мыңдаған адамдарды Оны қарсы алуға шабыттандырды. Айтулы мезгілде күйеу жігіт неке рәсіміне келді, бірақ адамдар ойлағандай жерге емес, көкте, Өзінің патшалығын алу үшін күндермен Көнеге, яғни мәңгі жасап келе жатқан Құдай Тағалаға келді. Дайын болғандар неке тойына еніп, есік жабылды. Олар әлі жерде болғандықтан бұл неке рәсіміне тікелей қатыса алмайды. Исаның ізбасарлары «Қожайындарының келуін жерде күтеді» (Лұқа 12:36). Бірақ олар Исаның қызметін жақсы түсініп, Оның соңынан сеніммен жүре білулері керек. Неке тойына кіру дегеніміз осы. Мысалда: «қолдарында май қорлары барлар ғана неке тойына кірді» делінген. Ақиқатты танып білгендер Құдайдың мейіріміне бөленіп, қолдарына ұстатқан жарықты жоғалтып алмай, қасиетхана жайлы ақиқатты меңгеріп, ештеңеге қарамай қиындыққа төзе отырып, Құдайдың соңынан ере білгендер көктегі қасиетханаға аттанды. Мәсіх Иса Құдайдың алдында тұрып арашашы қызметін тамамдауға жақын қалған сәтінде, кімде кім Киелі Жазбаға сене отырып, осы ақиқатты шын жүректен қабылдаса, сол жандар бейнелеме түрінде неке тойына кіргендер деп саналады. Матай жазған Ізгі хабардың 22-ші тарауындағы мысалда да неке рәсімі жайлы сөз қозғалады және сот неке тойына дейін аяқталады делінген. Неке тойының алдында патша кіріп: «барлық жандар неке тойының киімін киді ме екен, яғни барлығының киімдері дақсыз таза ма екен» деп тексереді (Матай 22:11; Аян 7: 14). Киімдері тазалар қалдырылады да, киімдері таза еместер қуылады. Адамдарды тексеру, яғни кімнің дайын, кімнің дайын емес екені тергеу соты кезінде анықталады. Сот аяқталғаннан кейін, барлық ғасырлардағы Исаның ізбасарларының ісі қаралып болған соң және ол жайлы шешім қабылданғаннан кейін ғана сынақ мезгілі аяқталып, мейірім есігі жабылады. Сонымен: «дайын болғандар неке тойына кірді және есік жабылды» деген қысқа сөз бізді адамзат баласын құтқару жолындағы ұлы шайкастың аяқталған кезіне алып келеді.

Жердегі ғибадатханада (қасиетхана) татуласу күні бірінші діни қызметкер киелінің Киелісіне өткенде, бірінші бөлімдегі қызмет тамамдалатын болған. Құдайдың бұйрығы бойынша басты діни қызметкер қасиетхананы тазартуға кіргенде, ол шыққанша бірде - бір жан шатырға (скинияға) кіруге қақысы болмаған (Леу. 16:17). Дәл сол

секілді Иса Мәсіх көктегі киелінің Киелісіне оны тазарту үшін кіргенде, бірінші бөлімдегі қызметі тоқтатылды. Бірінші бөлімдегі қызмет аяқталған кезде, ол екінші белімде басталды. Осылайша Иса Өзінің қызметінің бір бөлігін аяқтап, екінші бөлігіне кірісті. Қазіргі кезде Иса Мәсіх Өзінің қанымен киелінің Киелісіне кіріп, күнәкар пенделер үшін көктегі Әкенің алдында адвокаттық, яғни өз халқын қорғау қызметін атқаруда. 1844-ші жылы бұл сұрақ адвентистерге түсініксіз болған. Олардың ойынша адамзат бапасы үшін сынақ мезгілі Исаның екінші рет жер бетіне келері алдында аяқталуға тиісті болды. Олар Киелі Жазбадағы: «адамдар көз жастарына булығы отырып мейірім есігін қағады, бірақ ол есік енді ашылмайды» деген, сол уақыттарға мезгеп тұрған тақпақтарға сүйене отырып, осындай тұжырымға келген болатын. Енді олар өздеріне, Иса келуге тиісті - деп есептелген уақыт, Оның келер алдындағы мезгілі болмауы мүмкін бе? деген сұрақтар қойды. Өз жақтарынан бар мүмкіншіліктерін пайдаланып болған олар, адам баласын құтқару жолындағы еңбегіміз аяқталды, біздер ез парызымызды орындадық - деп есептеп, ал оларды күлкі қылып, мазаққа ұшыратып жатқандарды, Құдайдың рухынан жүрдай болғандар - деп санады. Сынақ мерзімі аяқталды, «мейірім есігі жабылды» деген ойға келіп тірелулері сол себепті болатын.

Десе де қасиетхана жайлы сұрақты зерттей келе, олар тағы да бір жарыққа тап болды. 1844-ші жылы 2300 күннің аяқталғаны шынымен де маңызды оқиға екені түсінікті болды. Құдайға келем деушілерге 18 ғасыр бойы ашық тұрған үміт пен мейірім есігі шынымен жабылғанымен, киелінің Киелісі ішінде Иса арқылы күнә үшін кешірім алу есігі ашылды. Қызмет етудің бір бөлімі аяқталғанымен, екінші бөлімі басталды. Көктегі қасиетхананың есігі күнәкар пенде үшін әлі де болса ашық тұр, сондықтан күнәдән арылып таза-рам, Аллаға келем деушілерге есік ашық, бірақ кешірім қабылданбайтын уақыт жақын, сол себепті Ізгі хабар мәсіхшілер арқылы жер жүзіне кең таралуы тиіс.

«Дәуіттің кілтін ұстаған Киелі де Шындық Иесі былай дейді: Оның ашқанын ешкім жаба алмайды, жапқанын ешкім аша алмайды. Сенің істеріңді білемін, мінекей сенің алдыңнан Мен есікті аштым және оны ешкім жаба алмайды; сенің аздаған күшің бар, Менің сөзімді сақтадың және Менің атымнан бас тартқан жоқсың ... сол үшін өздерін яхудейлерміз деп санаушыларды сенің аяғыңа әкеліп бас игіземін (Аян 3:7,8,9) деген сөздердің мағынасын мәсіхшілер сонда ғана ұқты. Сенімдеріне берік ие болып, Исаның соңынан жүре білгендер, Оның кешіріміне ие болады, ал Одан бас тартқандар

әрине құр қалады. Иса бірінші рет жер бетіне келгенде, Оған сенбеген яхудейлер кешірімнен құр қалды. Соңында Иса Өзінің қанымен ізбасарларына батасын беру үшін көктегі ғибадатханаға кіргенде, яхудейлер қажетсіз құрбандықтарын шалып, түнекке оранып жатты. Келтірінді немесе үлгі ретінде берілген қызмет аяқталды, яғни адамдардың кіруге мүмкіндігі болған алғашқы есік жабылды. Яхудейлер болса өз Құтқарушыларын көктегі қасиетханадан іздеген жоқ. Сондықтан олардың Құдаймен қарым — қатынасы жоқ. Олар үшін есік жабылды, өйткені олар Исаның Ұлы Құрбандық екенін мойындамады. Имансыз еврейлердің күйі барлық имансыздардың күйін суреттейді. Сондықтан да біздер үшін татуласу күнінің мағынасын және Құтқарушының қызметін түсіну өте қажет. Адам баласының Құдайдың беріп тұрған мейірімін қағып салып отыруға қақысы жоқ. Нұх пайғамбарының заманында адамзатқа көктен хабар келді және олардың тағдыры осы хабарға тікелей байланысты болды. Бірақ олар айтулы хабарды қабылдамағандықтан, Киелі Рух олардан шегінді. Ыбырайым пайғамбарының тұсында да айыпты болып табылған Содомның тұрғындары, Лұт, оның зайыбы және екі қызынан басқалары отқа өртеніп құрыған болатын. Исаның заманында да имансыз еврейлерге: «Ал, үйлерің өздеріңе бос қалды» деген үкім шығарылған еді (Матай 23:38). Қазіргі ақырет тақап тұрған кезде де, ақиқатты қабыл алмағандарға Шексіз Күш Иесі былай дейді: «оларды, сенбегендері үшін Құдай жаңылыстырады, сондықтанда олар өтірікке сеніп, айыпталады» (2Сал.2:10-12). Ақиқатты қабылдамай, өтірікке сенгендер оның құрбаны болады.

Мәсіх Иса кез келген адам баласын күтуде, ақиқатты іздегендерге ол беріледі. Әуелде түсінбеген сұрақтарын енді адвентистер Киелі Жазбаның арқасында жақсы ұқты. Бастарына күн туған 1844-ші жылы көпшілік халық, бізді сайтан шатастырды - деп, өз сенімдерінен бас тартқан болатын. Тек сенімдерін берік ұстағандар ғана, Киелі Жазбаны басшылыққа ала отырып, өздерінің Құтқарушыларын күте білді. Көктегі қасиетханадан түскен, білім олардың санасын оятып Құдай сүйіспеншілігіне бағыптады. Сондықтанда олар осы айтылған жылы Ұлы Басты діни Қызметкердің бірінші бөлімдегі қызметін аяқтап, екінші бөлімге кіргенін тиянақты түрде ұға білді. Оның соңынан ере білген мәсіхшілер, осы ақырет кезіндегі өздеріне артылып тұрған жауапты іске салмақшы түрде қарап, шыдамдылықпен кірісті. Олар бірінші және екінші періштенің хабарын жақсы түсінді және аянның 14 хабарында сөз етілетін үшінші періштенің хабарын күнәкар әлемге жариялауға дайын болды.

Өзгермейтін мәңгілік Құдай заңы

«С онда көктегі Құдайдың киелі үйі ашылып, ондағы Өсиет сандығы көрінді. Найзағайлар жарқылдап, қатты дауыстар мен күннің күркірегені естіліп, жер сілкініп, бұршақ қатты жауды» (Аян 11:19). Өсиет сандығы киелінің Киелісі ішінде сақталған. Жердегі діни қызмет кезінде киелінің Киелісі жылына бір рет, татуласу күні ғана, қасиетхананы тазарту үшін ашылған. Сондықтан көктегі Құдай үйінің есігі ашылып, өсиет сандығы көрінді - деген сөз, Мәсіхтің көктегі киелінің Киелісіне кіріп, Өзінің қызметінің соңғы бөлімін орындауға кіріскенін білдіріп тұр. Ал бұл ұлы оқиға 1844-ші жылы басталды. Сеніммен Оның соңынан ере білгендер, бұл өсиет сандығын көрді және Оның қызметіндегі өзгерісті де байқады. Иса Мәсіх Өзінің қанымен киелінің Киелісіне кіріп, Құдайдың киелі заңы сақтаулы өсиет сандығының алдында тұрып, әрбір күнәкар пенде үшін өтініш жасап тұр. Өсиет сандығы Құдайдың заңы жазылып тұрған екі бет тастың сақталған орны ғана, оның құндылығы және қасиеттілігі Құдай заңының мағынасында жатыр. Бұл заңды Құдай Тұр тауының үстінде, күннің күркіреуінен сәлді зордауыспен жариялап, Өз қолымен тас беттеріне жазып, адамзат баласына берген болатын. Кектегі Құдай заңы Мұса пайғамбарының қолына ұстатылған заңның түп нұсқасы және ол туралы пайғамбардың кітабында анық жазылған. Мұның маңыздылығын ұққан адам, Құдай заңының қасиеттілігіне, өшпейтініне, өзгермейтініне, мәңгілік екеніне көзі жетеді.

«Сондықтан сендерге шын айтамын: Аспан мен жер жойылып кетпейінше Құдай заңының бірде бір әріпі, тіпті бір кішкентай сызығы да барлығы орындалғанша күшін жоймайды» (Матай 5:18).

Құдай заңы көктегі сенімді куәгер - Құдайдың мінезін және Оның еркін бізге жақсы көрсетеді. Оның заңы өзгермейді. Забур жырларында былай деп жазылған. «Сенің заңың көкте мәңгілікке бекітілген». «Оның заңы ғасырдан ғасырға мықты және сенімді түрде жетеді» (Жыр. 118:89; 110:8). Осы заңның бел ортасында тұрған «сенбі күнінің киелілігін мәңгілік есінде сақта» деген төртінші бабы бар. «Алты күн жұмыс істе және кез келген ісінді атқар, ал жетінші - сенбі күнін Жаратушы Құдайыңа арна. Бұл күні сен де, балаң да, қызың да, құлын да, күнің де, малың да, үйіңе келген қонағың да ештеңе істемей, тыныштықта өткізіндер». Өйткені Құдай алты күн бойы аспан мен жерді, теңізді және ондағылардың барлығын жаратқан, ал жетінші күні дем алған; сондықтан Құдай сенбі күніне Өзінің батасын беріп, оны қасиетті күн деп тағайындаған (Мыс. 20: 8-11). Құдай Өзінің қасиетті Рухымен Оның заңын зерттейтіндердің жүрегіне әсер етті. Төртінші заңды білмегендерінен оны орындамағандары жайлы ой бұлардың мазасын кетірді. Неліктен адамдар жетінші сенбі күнін бірінші жексенбі күніне ауыстырып қойғандарын мұқият зерттей бастады және бұларына Киелі Жазбадан еш себеп таппады. Сенбіні жексенбіге ауыстыруға немесе бұл заңды мүлдем алып тастауға ешқандай бұйрық жоғын және болмаған да екеніне көздері толық жетті. Осы уақытқа дейін бұл заң туралы ештеңе білмей, оны орындамай келгендеріне қатты күйінген олар, осы сәттен бастап Құдайға шын берілгендіктерінің дәлелдемесі ретінде сенбі күні жайлы заңды орындай бастады. Олардың сенімдерін шайқалтам дегендер де аз болған жоқ. Егер жердегі қасиетхана көктегі қасиетхананың үлгісімен салынған болса және ондағы заң көктегі заңның нақты көшірмесі болғаннан кейін, бұл заңды мойындап қана қоймай, орындау да қажет. Ендеше, Иса Мәсіхтің көктегі қасиетханадағы қызметі жайлы айтып тұрған, Киелі Кітапты дұрыс талқылауға кедергі келтірген қарама-қайшылықтардың сыры да осында жатыр. Адамдар Құдай ашқан есікті жабуға тырысты. Бірақ Құдай ашқан есікті кім жаба алады? Ол жапқан есікті кім аша алады? «Мінекей, Мен сенің алдыңнан есікті аштым және оны ешкімде жаба алмайды» - дейді Иса (Аян 3:7,8). Иса күнәкар пенделер үшін есікті ашты, яғни киелінің Киелісінде Өз қызметін бастады және ашулы есіктен шыққан жарық (білім) жан жақты нұрландырды. Адамдар онда сақтаулы заңның бір бөлігі - төртінші заңның барын өз көздерімен көрді. Сонда Құдайдың бекіткенін өзгертуге кімнің хақысы барды екен?

Исаның қызметінің мәнісін ұққандар, Құдай заңының өзгермейтіндігін танып білгендер, аянның 14-ші тарауында дәл осы ақиқат жайлы айтылып тұрғанын түсінді. Бұл тарауда адамзат баласы

Исаның келуіне дайын болуы үшін ескерту үш дүркін беріледі. «Сот мезгілі басталды» деген сөз адамзат баласын құтқару жолындағы Исаның қызметі аяқталуына тақау қалды деген мағынаны білдіреді. Иса келмес бұрын, Оның келетіні жайлы хабар барлық жер шарына таралып болуы керек. 1844-ші жылы басталған сот барлық өлілер мен тірілердің тағдыры шешіліп болғанша созылады, яғни ол сынақ мерзімінің соңына дейін барады. Адам сотқа дайын болуы үшін, хабар оларға былай деп бұйрық береді: «Құдайдан қорқындар және Оның Есімін мадақтаңдар!». «Жер мен суды және көкті жаратқанға табыныңдар!». Бұл хабарлардың қабыш болғанының нәтижесі келесі сөздермен тұжырымдалады: «Бұл жерде Исаға сенушілер мен Құдай заңын орындаушы - киелілердің төзімі қажет» (Аян 14:12). Сонымен сотқа дайын болу үшін Құдай заңын орындау керек, өйткені ол адамның мінезінің таразысы болмақ. Бұл жөнінде исаның шәкірті Пауыл: «Адамдардың барлық жасырын істері мен ойларына үкімді Құдай Иса Мәсіх арқылы қиямет соты күні шығарады. Құдай заңын бұзғандар айыпталады, ал оны орындағандар ақталады» дейді (Рим. 2:12-16). Құдай заңын орындау үшін адамға сенім қажет, ейткені «сенімсіз Құдайға жағу мүмкін емес». «Сенімсіз жасалған кез келген іс - күнә» (Евр. 11:6 Рим. 14:23). Бірінші періштенің хабарында былай делінген: «Құдайдан қорқындар және Оның есімін мадақтаңдар!». Ал данышпан өз кітабында: «Құдайдан қорқ және Оның заңын орында, адам баласына ең керегі де осы» дейді (Уағ. 12:13). Құдай заңына бағынбағандардың қызметі Оған керек емес. Құдайға деген сүйіспеншілігіңнің дәлелі - Оның заңын орындау. Ал Құдайдың заңын орындамайтындардың намазы - жүрек айнытатын жиіркенішті іс (ІЖох. 5:3, Нкл. 28:9). Біз Құдайға Ол біздің Жаратушымыз болғасын табынамыз, солай істеуге міндеттіміз, бұл біздің қасиетті борышымыз. Киелі Кітапта адамның Құдайды құрметтеуі мен Оған табынуы талап етілетіні ғана жазылып қоймай, Құдайдың шығармашылық күші де суреттеледі: «Адамдардың қолдан жасаған құдайлары - пұттар, ал Тәңіріміз көкті жаратқан (Жыр. 95:5). «Мені кімге ұқсатасыңдар және кіммен салыстырасыңдар?дейді Киелі. «Бастарыңды көтеріп көкке қараңдар, осы дүниені кім жаратқанын көріңдер». «Мен, Құдаймын, Менен басқа Құдай жоқ» (Ишая 40:25,26;45:18). Жьфшы бізге былай дейді: «Жаратқанды Құдайымыз-деп мойындаңдар, Ол бізді жаратты, біз Оның меншікті халқымыз. Жаратушы Құдай Ие біздің Ізгі Шопанымыз, ал біз Оның аялап бағатын отарымыз. Теңіздер де Иеміздікі, құрлықтарды да ол жаратты. Келіңдер иіліп Иемізге тағзым етейік, Оның алдында тіземізді бүгейік» (Жыр. 99:3,94:5,6). Көктегі киелі жан иелері Тәңірге тағзым етуінің себебін былай деп

хабарлайды: «Уа, Құдай Иеміз, Сен даңқ пен ұлылыққа, құрмет пен билікке лайықсың! Өйткені бүкіл әлемді жаратқан Өзіңсің, Сенің еркінмен ол жаратылды және бола да береді» (Аян 4:11).

Аянның 14-ші тарауында Құдайға табыну керектігі ғана ұсынылып қоймай, Оның еркіне бағынып, Оның қасиетті заңын орындап отырған адамдар жайлы да айтылады. Заңның төртінші тармағында Құдайдың Жаратушы екені тікелей айтылған: «Жетінші күн - сенбіні Құдайыңа арна, өйткені Ол алты күн бойы дүниені жаратты да, жетінші күні дем алды. Сондықтан Ол сенбі күніне бата- сын беріп, осы күнді ерекше қасиеттеді» (Мыс. 20:10,11). «Бұл күн Менің Құдай екенімді және бұл дүниені жаратқан да Мен екенімді ескертіп тұратын белгі» - дейді Киелі (Езк. 20:20). Ал мына жолдар бұл айтылғандардың ақиқат екенін дәлелдейтін негіз ретінде ұсынылады: «Алты күн ішінде Алла жер мен көкті жаратты, ал жетінші - сенбі күні дем алды» (Мыс. 31:17). Сенбі - жаратылыстың ескерткіш күні. Ол күн біздің шын ниетімізбен Құдайға табынуымызбен мәнді. Өйткені Ол - Жаратушы, ал біз - жаратылғандармыз. Шын мәнінде Құдайға арналған қызмет негізінің өзі сенбіден құралады, өйткені ол адамзатқа ақиқатты анық ұсынады. Дегенмен Құдайға табынуымыздың себебі тек сенбиде ғана емес, Ол біздің Құдайымыз, ал біз Оның пенделеріміз, сондықтан да біз Оның алдында бас июіміз керек. Бұл ұлы дерек еш уақытта ескірмейді, оны ұмытуға болмайды. Сенбіні Құдай Бейіш бағында бекіткен. Сенбі күні адамзат баласына Құдайдың Жаратушы екенін, ал біздің Оның пенделері екенімізді еске салып тұратын ескерткіші болып табылады. Егер біз сенбі күнін ұмытпай, осы күні Құдайдың алдына келетін болсақ, онда біздің бар ойымыз, ниетіміз Оған бағытталып, жер бетінде бірде бір пұтқа табынушылар, атеистер және құдайсыздар қалмаған болар еді. Сенбі күнін сақтау Құдайға деген адалдығымыздың белгісі болып табылады. Сондықтан Құдайға табынуға және Оның барлық заңын орындауға шақырып тұратын хабар, заңның төртінші тармағы - сенбіні сақтауды өсіресе еске салады. «Кімде кім хайуанға және оның бейнесіне табынып, оның белгісін маңдайы мен қолына алса, Құдайдың қаһарының шарабын ішетін болады» және «олар Құдайдың заңын орындап, Исаға сенетіндерден айрықша бөлек көрініп тұрады» делінген, үшінші періштенің хабарында (Аян 14:9,10). Бұл хабарды дұрыс түсіну үшін берілген рәміздерді дұрыс ширата білген жөн. Хайуан, оның бейнесі және белгісі дегеніміз не? Бұл рәміздер жайлы аян ашық кітаптың 12-ші тарауында аждаһаны суреттеуден басталады. Ол Мәсіх Исаны тусымен өлтірмекші болған. Аждаһа тағы да шайтан деп те аталады (Аян 12:9). Ол Ирод патшаны Құтқарушыны өлтіруге

азғырған болатын. Дегенмен мәсіхшілер дәуірінің алғашқы ғасырларында, Мәсіхке қарсы шайқаста, аждаһаның негізгі қаруы Рим империясы болған. Ашық кітаптың 13-ші тарауында (1-10 дейінгі тақпақтар) жолбарысқа ұқсас басқа хайуан жайлы жазылады және «оған аждаһа өзінің тағын, билігін және күшін берді» - делінген. Бұл рәміздер арқылы Рим империясынан оның билігін, тағын және күшін алған Рим папалығы суреттеледі. Жолбарыс жайлы тағы да: «Ол менменшіл түрде, төкашпарлықпен Құдайды ғайбаттап, күпірлік сөздер сөйлейді» делінген (Аян 13:5-7). «Оған кез келген ел- мен, тайпамен, халықпен және румен шайқасқа түсіп, оларды жеңетін билікпен күш берілді». Бұл аянның сипаттамасы Даниял пайғамбарының кітабының 7-ші тарауында айтылып тұрған кішкене мүйізбен сәйкес келеді. Күмәнсіз осы жерде Рим папалығы жайлы айтылып тұр. «Оған 42 ай бойы әрекет жүргізетін билік берілді. Пайғамбар былай дейді: «Мен бір бастың қансырап, жарақат алғанын көрдім». Тағы да: «Кім біреуді тұтқынға алса, сол өзі тұтқындалады және кім біреуді найзамен өлтірсе, сол өзі найзадан өледі». Қырық екі ай дегеніміз - уақыт, уақыттар және жарты уақыт, яғни үш жарым жыл немесе Даниял пайғамбарының кітабында сөз болған 1260 күн. Осы мерзім аралығында Рим папалығы билікке ие болып, Құдай халқын қуғын - сүргінге ұшыратқан. Алдыңғы тарауларда айтылып кеткен бұл кезең 538-ші жылы басталып, 1798-ші жылы папа француз әскерімен тұтқынға алынғанда аяқталған болатын. Рим папалығы шынымен де өлмелі жарақат алды. Осы оқиға: «Кім біреуді тұтқынға алса, сол өзі тұтқындалатын болады» деген аянның орындалғанының дәлелі. Әрі қарай басқа рәміз туралы айтылады. Пайғамбар: «Тағы да жерден шығып келе жатқан бір хайуанды көрдім, оның тоқты мүйізіндей екі мүйізі бар екен» дейді (Аян 13:11). Бұл хайуанның түрі және оның пайда болуы, рәміз арқылы басқа халықтың бейнеленіп тұрғанына нұсқайды. Айта кететін жайт, Даниял пайғамбарына әлемге әмірін жүргізіп тұрған патшалықтар хайуан бейнесінде көрсетілген және олар ұлы теңіз үстінде, төрт жақтан шығып, бір-бірімен шайқасқан желмен салыстырылады (Даниял 7:2). Ашық кітаптың он жетінші тарауында періште су дегеніміз халықтар деп түсіндіреді (Аян 17:15). Ал жел дегеніміз рәміздер арқылы суреттеліп тұрған соғыстар. Бір бірімен шайқасқа түскен желдер дегеніміз патшалықтар арасындағы шайқастар - революциялар мен соғыстар.

Жерден шығып келе жатқан тоқтының мүйізіне ұқсас мүйіздері бар деген хайуанды басқа шайқасқа түсіп жатқан хайуандардың арасынан іздеуге болмайды. Ол өзі жеке пайда болған мемлекет. Ол ешкімнің иелігінде жоқ, бос жерде пайда болып, біртін - біртін

есіп, бейбіт түрде еркендеді. Оны жер шарының жартылай бөлігінің батыс жағынан іздеу керек. 1798-ші жылы қандай ұлт өзіне әлемнің кеңілін аударып, беки түсті? Осы аянға сәйкес келіп тұрған халық, еш күмәнсіз Америка Құрама Штаттары. Бұл хайуан жерден шықты. Лингвистердің тұжырымы бойынша жерден шыққан деген сөз, өсімдік секілді өскен, пайда болған деген мағынаны білдіреді. Шынымен де ол ешкімнің иелігінде жоқ аймақта пайда болды. Белгілі әдебиетші АҚШ-тың өркендегенін сипаттай отырып: «Жерге көмілген тұқымнан пайда болғандай, біз үнсіз өсіп, ұлы империяға айналдық» дейді. Оны тоқтының мүйізіндей екі мүйізі бар еді деген сөз бұл мемлекеттің өте жас, бейкүнә және жұмсақ екенін білдіртеді. Өйткені кезінде қуғын-сүргінге ұшыраған мәсіхшілердің көпшілігі Америкадан пана тапты. Бұл, бостандықтың туын тіккен мемлекеттің декларациясында былай делінген: «Барлық адамдар бірдей жаратылған, олар емір сүруге, бостандыққа ие болуға және бақытты болуға құқылы». Сонымен қатар олар діни бостандыққа да ие болды. Олардың өркендеуінің және күшті болуының құпиясы да осында жатқан болатын. Дегенмен «тоқтының мүйізіндей мүйізі бар хайуан айдаһардай сөйлейтін болады» делінген. Бірінші хайуанның билігіндей билікпен әрекет жасап, бар жерді және оның тұрғындарын жарасы жазылып кеткен хайуанға бағындырғысы келеді (Аян 13:11-14). «Тоқтының мүйізіндей мүйіздері бар» және «айдаһар дауысты» деген рәміздер бір біріне қарама қайшы келетіні белгілі. Бір жағынан бұл бостандықтың туын тіккен мемлекет болғанымен, аяндардың барысын барлайтын болсақ, ол «айдаһардай ақыратын болады» делінген. Екі мүйізді айуан өзінің күші мен билігін пайдаланып, барлық жердің тұрғындарын бірінші хайуанға, яғни папаға бағындырғысы келеді. Мұндай әрекеттер айтулы елдің ұстанымдарына, тәуелсіздік декларацияларына* және ата заңына қарама қайшы. Бұл ұлтты құрушылар үкіметті шіркеудің әсерінен қорғап қалу үшін барлық жағдайды жасады. Ата заң бойынша конгресс қандайда болса дінді бекітуге немесе дін бостандығына кедергі боларлықтай заң қабылдауға құқысыз. Сонымен қатар адам қоғамда жауапты қызметке орналасу үшін міндегі түрде шіркеудің мүшесі болуы тиісті емес. Қандайда болса дінді адамға мойындату, ұлттың бостандығын қорғайтын ұстанымдарды бұзу деген сөз. Мұндай қадам жоғарыда айтылып кеткен рәміздерге сай келетін үкіметті суреттейді. Оның тоқтының мүйізіндей мүйізі бар (тазалық пен пәктіктің белгісі) болғанымен, өзі айдаһарша ақырға сөйлейді - делінген. Енді аянның барысын барлай отыратын болсақ, бұл мемлекеттің Америка Құрама Штаттары екеніне сөзсіз көзіміз жетеді, себебі ол хайуанның бейнесін

жасауды бұйырады. Сонда «хайуанның бейнесі» дегеніміз не? Бұл тоқтыға ұқсас екі мүйізді хайуан болғанымен, бірінші хайуанды бейнелейді. Бұл бейненің негізін және қалай құрылғанын түсіну үшін, біз сол хайуанның өзін, яғни папалықты жақсы білуіміз керек.

Ежелгі шіркеу ырым - жырымдармен неше түрлі дәстүрлерді қабылдап, өзінің алғашқы тазалығы мен қарапайымдылығын жоғалтып алған кезде, ол үкімет билігінің қолдауын іздей бастады. Нәтижесінде мемлекеттік билікті бақылап отыратын, оны өз еркінше жұмсап, өз ыңғайына көндіріп отыратын шіркеу пайда болды, бұл папаның шіркеуі немесе басқаша айтатын болсақ папалық. Америка Құрама Штаттары хайуанның бейнесін жасауы үшін, діни иерархия мемлекеттің беделін пайдаланып, өз дегеніне жету үшін мемлекетті өзіне бағындыруға тиісті болды. Барлық уақыттарда шіркеу мемлекет билігін пайдаланып, олардың ілімін қабылдамағандарды жазалап отырған. Протестанттық шіркеулер де Римнің үлгісі бойынша үкіметпен одақ, құрып, ар бостандығын шектегісі келген. Біз мұны Англия шіркеуінің тәжірибесінен жақсы байқаймыз. Олар ұзақ уақыт бойы ілімін қабылдамағандарды қуғын-сүргінге ұшыратты. XVI және XVII ғасырларда мыңдаған шіркеу қызметкерлері осындай тағдырға душар болып, көбі қамауға алынып, енді біреулері азаппен өлтірілген. Осылайша, хайуан, яғни папалықтың пайда болуына жағдай жасалды. Бұл жөнінде елші Пауыл былай дейді: «Шегінушілік келіп, өлім баласы - күнәкар адам ашылғанша» (2Сал.2.3). Сонымен хайуанның пайда болуына шегінген шіркеулер себеп болды.

Киелі Кітапта: «Исаныңкелер алдындағы адамзат балаларының діни құлдырауы алғашқы ғасырлардағыдай болады» - делінген. Есіңде болсын, соңғы күндері қиыншылық көп болады. Халық өзімшіл, ақшақұмар, өркөкірек, балағатшыл, ата анасына бағынбайтын, қайырымсыз, меірімсіз, ешкімге жақсылығы жоқ, жаманшылыққа жақын, іші тар, достығы жоқ жауласымпаз, татуласпайтын, жалақор, өтірікші, сенімсіз, ұстамсыз, қатыгез, сатқын, бетсіз, имандылықтан гөрі ойын-сауыққа жақын, озбыр, Құдайдан өзін артық жақсы көретін, сырты бүтін, іші түтін қаныпезерлерге айналады, ондайлардан аулақ жүр - делінген (2Тім.3.1-5). «Шайтанның ілімін қабылдап, иманнан бас тартатындар көп болады» (1Тім.4:1). Ібіліс неше түрлі ғажап - кереметтерімен көпшілікті өзінің соңынан ерітіп әкетеді. Ақиқатты қабылдамағандар адасып, өтірікке сенетін болады (2 Сал.2:911). Осы уақыттар келіп жеткенде, нәтиже алғашқы ғасырлардағыдай болады. Көпшіліктің ойынша протестанттық (наразылық білдірушілер) шіркеулердегі доктриналардың көптігі олардың бастарының күшпен бірікпейтіндігінің дәлелі саналады. Десе де

олар, яғни протестанттық шіркеулер көптеген жылдар бойы ілімдерінің де ортақ, доктриналарының да ортақ, атап айтқанда бірдей болуына ұмтылып келеді. Олай болуы үшін атаулы шіркеулер Киелі Жазбадағы маңызды сұрақтар маңайындағы алауыздықтарын ұмытып (Жазбадағы айқын ақиқаттарға қарамай), өз ара пікірталастарын тоқтатуы керек.

Чарльз Бичер, 1846-шы жылы халық алдына шығып сөйлеген уағызында: «протестанттық шіркеулердің діни қызметкерлері арсыз істерді қорыққандарынан ғана істеп қоймай, өздерінің бұзылған табиғатына сай ақиқатты тұмшалап, шегінген немесе кері кеткен биліктің алдында бастарын иеді. Қарап отырсақ Рим де солай істеген емес пе еді? Сонда біз сол тарихты қайтадан басымыздан өткеріп жатқан жоқпыз ба? Болашақта бізді не күтіп тұр? Ненің куәсі боламыз? Басқа дүниежүзілік собор (шіркеу)! Барша әлемнің келісімі! Мәсіхшілердің одағы мен барлығына ортақ бір доктрина!

Осы айтылғандар орындалып болғаннан кейін, халықты дегендеріне зорлап көндіруге бір адым ғана қалады. Америка Құрама Штаттарының жетекші шіркеулері бір доктринаның маңайына шүйіркеленген кезде, өздерінің бекіткен заңдары орындалуы үшін, олар мемлекетке әсер ете бастайды және оның билігін пайдаланып, көздеген мақсаттарына жеткісі келеді. Сол кезде протестанттық Америкада Рим иерархиясы құрылды деп айта беруге болады және олар басқаша ойлайтын азаматтарды қысымға ұшыратады. Басқаша айтатын болсақ екі мүйізді хайуан барлық қарапайымдар мен ұлылардың, байлар мен кедейлердің, бостандықтағылар мен құлдардың маңайы мен оң қолына хайуанның белгісін алуды талап етеді. Ондай белгісі немесе нұсқасы, иә болмаса оның атының саны жоқтар сата да, сатып ала да алмайды (Аян 13: 16,17). Бұл жайында үшінші періште: «Кім де кім хайуанға бас иіп, маңдайына, иә болмаса қолына оның белгісін соғатын болса, сол Құдайдың қаһарының шарабын ішетін болады» деп ескертеді. Бұл жерде әңгіме етіліп отырған, екі мүйізді хайуан баршаны оған күштеп тағзым еткізетін, бірінші немесе түрі жолбарысқа ұқсас хайуан - папалық (Аян 13 тарау). «Хайуанның бейнесі» дегеніміз шегінген протестантизмнің қалыбы және ол, протестанттық шіркеулер өз доктриналарын мәжбүрлеу тәсілімен көпшілікке тарату үшін азаматтық биліктен көмек сұрайтын кезде пайда болады. Енді хайуанның кескініне қатысты сұрақты шешіп алу қажет. Хайуанға және оның бейнесіне тағзым етпеңдер деген ескертуден кейін, аянда тағы да былай делінген: «бұл жерде Исаға сенетіндер мен Құдайдың заңын орындайтын киелілердің төзімі қажет». Құдайдың заңын орындайтын имандылар мен хайуанның

заңын орындайтындардың мінездері бір - бірлеріне қарама қайшы келіп тұр. Соның нәтижесінде, яғни Құдай заңының орындалуы, иә болмаса орындалмауынан біз кімнің қай жақ екенін тура айыра аламыз. Хайуанның, ендеше оның бейнесінің негізгі ерекшелігі Құдай заңын бұзуында. Кішкене мүйіз немесе папалық жайлы Даниял пайғамбары былай дейді: «Ол мейрам күндері мен заңды алып тастауды армандайды» (Дан.7:25). Дәл осы билікті Пауыл «күнә адамы» деп атаған болатын. Қарап отырсақ бір аянды екінші аян толықтырып тұр. Папа Құдай заңын өзгерту арқылы өзін Құдайдан жоғары санап тұр. Ал оның заңына бағынатындар Аллаға бағынбайтын бұзақылар болып саналады. «Бейнелерге табынбаңдар» деген екінші тармақ заңнан мүлдем алынып тасталған. Папалықтардың тұжырымдауынша бірінші және екінші заң ұқсас, яғни біреу дегілері келеді. Ал заңның төртінші тармағы, яғни «сенбіні естен шығармаңдар» деген қағиданы жексенбі күнімен алмастырылып тұр. Бұл заңның әдейілеп өзгертілгеніне күмән келтіруге болмайды, өйткені аянда «ол мерекелік мезгілдер мен заңды алып тастауды армандайды» делінген. Олар шіркеу заңды өзгертуге хұқылы деп, өздерінің атақтарын Құдайдан асырып түсіргілері келеді. Ал шынайы сенетіндердің басқалардан айырмашылығы, төртінші заңды мүдіртпей орындауында. Өйткені бұл күн Алланың ерекше батасын беріп, тағайындаған күні - уақыт ішіндегі ескерткіш. Хайуанға табынатындар, аты атаулы күнді жоққа шығарып, Римнің мәртебесін көтеретіндер. Папа Құдай заңына өзгеріс енгізіп, жетінші күнді бірінші күнмен айырбастап және үкімет билігін пайдаланып, барша халықты осы күнді сақтауға зорлап көндірген. Ал Киелі Жазба: «Құдайдың батасын берген күні жетінші - сенбі күні» дейді. Мәсіх Иса: «Алла сенбі күнінің әміршісі» дейді. Ишая пайғамбары арқылы Құдай сенбі күнін: «Менің киелі күнім» деген сөздермен анықтайды (Ишая 58:13). Бұл күнді Иса Өзі өзгерткен деген лақап сөзге біз былай деп жауап бере аламыз: «Мен Құдай заңы мен пайғамбарлар жазбаларының күшін жою үшін келді деп ойламаңдар, Мен оларды жою үшін емес, толық мағынасында жүзеге асырып орындау үшін келдім». «Шын айтамын, аспан мен жер жойылып кетпейінше, Құдай заңының бірде бір әріпі, тіпті бір кішкентай сызықшасы да күшін жоймайды, әуелі бәрі де жүзеге асады». «Кім де кім өсиеттердің тіпті ең болымсызын бұзып, адамдарды солай үйрететін болса, ол Аспан Патшалығында мардымсыз болып саналады, ал кідекім заңның тұтастығына үйретсе ол Аспан Патшалығында ұлы болып саналады» (Матай 5:17-19).

Сенбі күнін өзгертуге Киелі Жазбада берілген ешқандай негіздеме жоғын гіротестанттар жақсы біледі. Ол туралы Америка қоғамының

белгілі баспасөз және Америка жексенбілік мектебінің бұқаралық ақпараттары анық жазады. Осындай мақалалардың бірінде: «жексенбі күнін сақтау туралы заңға байланысты сұраққа Жаңа Өсиет жауап бермейді» деп жазылған. Сол секілді мынадай да пікір бар: «Иса Мәсіх елгенге дейін бұл күн өзгертілген жоқ, дегенмен Жазбаға сүйенетін болсақ, кейіннен де, Киелі Кітапта елшілермен сенбі жексенбіге ауыстырылды деген нұсқау жоқ».

Рим католиктік шіркеуі сенбі күнін жексенбіге ауыстырғандарынан бас тартпайды, сонымен қоса протестанттар жексенбі күні туралы заңды орындай отыра, біздің абыройымызды мойындайды деп ашық жариялайды. Католиктердің катехизистерінде (заң нұсқасында) бұл сұрақ туралы былай деп жазылған: «Заң бойынша әрине сенбі киелі күн, бірақ Иса Мәсіхтен тәлім алған және Киелі Рухпен шабыттанған шіркеу сенбіні жексенбіге алмастырды. Сондықтан да біз үшін енді киелі күн - жексенбі - деп шайтанның демеуін қолданады». Папалықтар сенбіні жексенбіге ауыстырғандарын және протестанттардың олармен келіскендерін мақтан тұтады. Олардың ойынша сенбіні жексенбіге ауыстыру әрекетінің өзі католик шіркеуінің абыройының рәмізі болып табылады, ал протестанттар болса бұл заңды орындай отыра олардың билігін мойындайды. Осылайша папалықтар шіркеу заңды өзгертуге құқылы және олардың белгілеп берген заңдарын орындамау күнә деп жариялайды. Сенбіні жексенбіге алмастыру папалықтардың ойынша Рим католиктік шіркеуінің абыройының көтерілуінің белгісі, ал шындығына қарасақ бұл «хайуанның нұсқасының» белгісі.

Рим шіркеуі жоғарғы билікке ие болу құқығынан бас тартып тұрған жоқ және Құдай заңын емес, олардың заңын қабылдап тұрған бар әлем, сонымен қоса протестанттық шіркеулер бұл билікті мойындап тұр. Протестанттар: «Тек Киелі Кітап қана протестанттардың діні болып саналады» деген басты ұстанымдарынан айнып кетіп тұр. Протестанттар кернекілі деректерге қоз жұмып, өздерін - ездері алдап тұрғандарын папалықтар жақсы біледі. Ақыры барлық протестанттар Рим туының астына жиналады - деген ой, оларды қатты қуантады. Папалықтар протестанттарға жексенбі күні туралы заңды орындата отыра, оларға өз билігін жүргізіп, өз үстемдіктерін көрсетіп тұр. Басқаша айтатын болсақ папалыққа, яғни хайуанға табындырып тұр. Заңның төртінші тармағының талаптарын қабылдай отыра, сонымен қатар жалған сенбіні, яғни жексенбіні құрметтейтіндер, сол заңды өзгерткен билікті де құрметтейді. Сондай-ақ мемлекеттік биліктің күшін пайдаланып адамдарға өз діни талаптарын орындататын шіркеулер хайуанның бейнесіне айналады. Ендеше

АҚШ та сенбінің орнына жексенбі тыныштық күні деп ресми түрде жарияланып, сол заңды орындау барлығынан ерікті немесе еріксіз талап етілгенде, олар хайуанға және оның белгісіне табынды деп айта беруге болады. Бұрын да, қазір де жексенбі Құдайдың тағайындаған сенбісі - деп шынайы адасып жүргендер қай шіркеуде болса да аз емес. Сондықтан да Құдай олардың шынайы қызметін қабыл алады. Бірақ жексенбілік заң шығып, оны міндетті түрде сақтау талап етілгенде және сенбі күні жайлы ақиқат ашылғанда, Римнің бекіткен заңын орындап, Құдай заңын бұзғандар, папалықты Құдайдан артық қастерлейтіндерін көрсетеді. Бұлар хайуан мен оның бейнесіне табынатындар. Осы қаулы шыққаннан кейін адамзат баласы екі топқа бөлінеді. Бірі Құдайдың заңын мойындап, Аллаға табынатындар, екіншілері папаның (адамның) заңын орындап, хайуанға табынатындар. Үшінші періштенің хабары осы жайлы болып тұр. Бұл маңызды сұраққа қатысты адамдар түсініксіз қалмаулары керек. Қиямет күні келгенше күллі жер бетіндегі қауым Киелі Жазбада берілген ақиқаттарды жақсы білулері керек. Бірінші періште өз хабарын барлық тайпаларға, руларға, ұлттарға және халықтарға жеткізсе, үшінші періштенің хабары осы хабардың жалғасы болып табылады және кең түрде барлық жер бетіне тарайды. Аянда: «Періште аспанның дәл ортасында ұшып келе жатып, халықтарға өз хабарын жариялайды және езіне бар өлемнің көңілін аударады» - делінген.

Шайкас соңында мәсіхшілер екі топқа бөлінеді, бірі Исаға сеніп, Құдай заңын орындайтындар, екіншілері хайуанға табынатындар. Алланың заңынан тайған шіркеулер мен мемлекет бірігіп, барлық адамзат баласын хайуанның белгісін алуға зорлап көндіреді (Аян 13:14). Бірақ Құдай халқы бұл белгіні еш уақытта алмайды. Сонау заманда пайғамбар, Патмос аралында жатқанда, хайуанды жеңетіндерді өз көзімен көрген болатын. Олар шыны теңізінің үстінде тұрып, Құтқарушы Құдай Иеге арнап жеңіс жырын орындайды (Аян 15:2-8).

Ақиқат қорғаушылары

Ишая пайғамбарының айтуынша соңғы күндері сенбі күнін мерекелейтіндер қайта пайда болады. Алланың сөзі: «Әділеттілікті қорғандар, шындықты жақтаңдар, өйткені құтқарылатын күн алыс емес, тақау қалды». «Сенбі күнін сақтап, ардақтап Құдайға құлшылық ететін басқа тайпалардың балаларын да, Мен Киелі тауымның үстіне шығарып, қуантамын» - дейді Жаратқан Иеміз (Ишая 56:1,2,6,7). Осы жерде Құдай барлық адамзат баласының басын біріктіретіні жайлы айтады. Жаратушы Тәңір Ие жер аударылып, шашырап кеткен ираилдіктерді қайтадан жинамақ. Ол былай деп жариялайды: «Мен халқымды жинап алып, оларға басқаларды да қоспақпын!» (Ишая 56:8). Сенбі күнін сақтағандарға батамды берем - дейді Шексіз Алла. Осы жерден біз сенбі күні туралы заңның ақырға дейін сол қалпында қалатынын байқаймыз. Жаратқан Иеміз пайғамбардың аузымен бізге: «Енді ескертулерім мен тәлімдерім жазылған қағаздарды бүктеп, байлап, шәкірттерімнің көз алдында мөрлеп, соларға сақтатып қой!» дейді (Ишая 8:16). Құдай заңының мөрі, яғни таңбасы - бұл сенбі туралы заң. Заңның бұл тармағының қалған тоғыз тармағынан айырмашылығы, онда заң Шығарушының аты мен атағы хабарланады. Басқа тармақтарда кімнің билігімен заңның беріліп тұрғаны айтылмайды. Папалық билік сенбіні өзгерткен кезде, заңнан мөр алынып тасталды. Исаның ізбасарлары Құдайдың жоғары билігін көрсететін сенбі күні туралы заңды қайтарып, Құдай заңының мәртебесі көтерулері керек.

Киелі Кітап ақиқаттың жалғыз ғана өлшеуіші. Егер басқа ілімдер мен теориялар Киелі Кітаптан өзгеше сөйлейтін болса, онда олардың

ешқандай жарығы жоқ (Ишая 8:20). Тағы да: «Дауысыңды тежемей қатты сөйле. Дауысың кернейдің дыбысына ұқсас шықсын. Таңдап алған халқыма опасыз істерін ашық айт. Жасаған күнәларын беттеріне басып, Жақыптың үрім -бұтағын әшкереле» деген бұйрық шығып тұр (Ишая 58:1). Бұл сөздер құдайсыздарға емес, Құдай халқымыз дегендерге арналған. Әрі қарай: «Олар күнде Мені іздейді. Менің жолымды білгілері келеді. Өздерін Киелі завды бес саусақтай орындап жүрген Құдай халқымыз деп есептейді» делінген (Ишая 58:1-2). Бұл жерде өздерін тап-таза кіршіксіз санап, Құдайға адал қызмет етіп жүрміз деп ойлайтын адамдар туралы айтылып тұр. Бірақ пенделердің жүректерін көріп тұратын Шексіз Алла Құдай заңын аяқ асты ететін олардың ниеттерін жақсы біледі. Көпшілік елеусіз қалдырған заң туралы пайғамбар: «Сен ұрпақтарың нық тұра алатындай негізді қайта құрасың және сені халыққа жолды жаңартқан, қираған үйіндінің қайта құрушысы деп атайтын болады. Егер сен сенбі күні өз қалауыңмен жүрмес үшін аяғыңа тежеу қоя алатын болсаң, өдеттегі шаруанды қоя тұрып, Менің киелі күнім - сенбіні, қуаныш күні деп есептесең, шынымен де Құдайдың беретін қуанышына кенелетін боласың» (Ишая 58:12,13). Бұл аянның біздің заманымызға тікелей қатысы бар. Рим сенбіні өзгерту арқылы Құдай заңын тесіп өтіп, оны шұрық қылып тастады. Қазір сол шұрықты жамап Киелі заңды қалпына келтіретін заман туды.

Адам ата күнә жасамас бұрын да, күнәкар болып, Бейіш бағынан қуылғаннан кейін де Алла нұрландырған қасиетті сенбі күнін күрметтеген және бұл заңды мүдіртпей орындаған. Оны Әбілден бастап Нұхқа дейін және Ыбырайымнан бастап Жақыпқа дейінгі бабаларымыз бен барлық пайғамбарлар орындаған. Исроил халқы Мысыр елінде құлдықта болған кезінде пұтқа табынатындардың ортасында жүріп Құдай заңын ұмытып қарайып қалған, бірақ Құдай оларды құлдықтан босатып алғаннан кейін Өзінің Киелі заңын оларға қайта сыйға тартқан. Сол замандардан бастап қазіргі уақытқа дейін Құдай заңын үзбей орындап келе жатқандар аз емес. «Күнә адамы» келіп, Құдайдың қасиетті заңын өзгерткеннен кейін де, оны сол қалпында, құпия түрде орындаған адамдар бар. Реформация кезінен бастап, әрбір ұрпақтың ішінде қуғын-сүргінге қарамастан заңды бұлтартпай орындап, сенбі күнін сақтап қалғандар кездесіп отырған. Бұл ақиқат Исаның жер бетіне келер алдындағы, Оның қауымын айқындап тұратын белгісі. Сонан соң Құдай заңын орындайтын және Исаға сенетін халық бөлектеніп шығады. Бұл соңғы хабар. Осы хабар жарияланып болысымен, Иса Мәсіх жердің бетіне Өз халқын көтеріп әкету үшін, періштелерін ерітіп, салтанатты түрде келетін болады.

Бұл хабарды естігендердің жүректері қуанышқа толып, сол қуаныштарын басқалармен бөліскісі келген. Дегенмен өздерін Исаның ізбасарларымыз деп санайтындардың көпшілігі айтулы хабарға мән бермеген. Сенбіге байланысты заңды олар өздерінше талқылаған. Бізден бұрын өмір сүрген аталарымыз жексенбі күнін сақтаған. Кептеген мейірбан жандар жексенбіні сақтапақ, солай өмірден еткен және пәк деп саналған. Егер бұл сұрақ бойынша олар әділетті болып саналса, неліктен бізге де сол жолмен жүрмеске? Және де сенбіні сақтайтын азғантай ғана топ қалайша барлық әлемге қарсы тұрмақ? Осындай дәлелдемелерін ұсынып, Мәсіхтен бас тартатын яхудейлер де өздерін ақтамақшы болған. Бізден бұрынғылар құрбан шалып отырған және сол құрбандықтарын Құдай қабыл алған, ендеше бізде сол жолмен жүріп, құтқарылуға жете аламыз - деп тұжырымдаған олар. Лютердің заманында да папалықтар пәк болып саналу үшін, ақталудың осы жолын тандаған. Егер шынайы мәсіхшілер католик болып жүріп-ақ өмірден өтсе, бұл дінді құтқаруға жеткізетін дін емес деп кім айта алады? Мұндай тұжырым діни өмірдің өркендеуіне орасан зор кедергі жасайды.

Кепшілік халық жексенбіні сақтау ата-бабаларымыздан қалған дәстүр, ендеше ол ежелден келе жатқан заң деп қателеседі. Олар сенбі жайлы заңның жер шары жаралғаннан бері келе жатқанына және бұл Құдайдың әмірі екеніне көңіл аудармайды. Жер жаралғаннан кейін адамзат баласына тыныштық күні ретінде сенбі берілген (Әйүп 38:6,7; Жар. 2:1-3). Мінекей сол себепті де, біз сенбі күнін сақтауымыз керек, өйткені бұл заң бізге «Күндер Көнесімен», яғни мәңгі жасап келе жатқан Құдай Тағаламен берілген және Ол заңның орындалуын талап етеді. Халық сенбінің шынымен өзгергеніне көңіл аударған кезде, шіркеу қызметкерлері Киелі Жазбаны өздерінше талқышап, жұртты алдаған. Киелі Жазбаны өз беттерінше зерттеген жандар ақиқаттың анық - танығына толық көз жеткізе алмағандықтан, бұл өтірікке қатықтай ұйыған. Ал ақиқатты танып білгендер мен түнекте жүргендердің арасында шиеленіс әрі қарай жалғаса берген. Түнектегілер өздерінің қарсыластарына: «неліктен біздер осы әлемнің ұлыларының сөздерін қоя тұрып, сендерге сенуіміз керек?» деген сұрақтар қойған. Жауап біреу ғана. Өздерін құдай санап жүргендер Құдайды қайтсын? Жаңартып қайта құру жұмыстарына Алла, өз көзқарастары мен сезімдеріне көбірек сенетін осы әлемнің ұлылары мен данышпан саналатын ғалымдарды пайдаланбайды, керісінше Құдайдың даналығымен қаруланған қарапайымдарды таңдайды. Даналықтың қайнар көзіне жақын тұрғандар ғана Киелі Жазбаны түсіндіре алады. Құдай, Оның алдында мойын ұсынып,

Оған бағынатындарға ғана ақиқатты уағыздауды сеніп тапсырған. Дәл осы жандар Құдайдың ұлылығының қасында түкке тұрмайтын адамның құрметіне емес, Құдайдың құрметіне ие болады. Кептеген адвентистер ақиқаттан бас тартқандықтан қатты қателескен, олар «Алланың келетін мезгілін ешкім білмейді» - деген шындыққа көңіл аудармай, Құдайдың келетін мезгілін есептеп шығарамыз деп жүріп, ақыры дегендері орындалмай қалғанда көңілдері құлазып, удай қасіретке душар болды. Бұл жөнінде Исаның сүйікті шөкірті Пауыл: «Абай болыңдар, ешкім сендерді қызықтырып, алдайтын болмасын» - деп ескертеді (2Сал.2:3). Салоникалықтарға жазылған бұл хаттың ақыр кезінде тұрып жатқан біздер үшін де тәрбиелік мәні өте зор. Көпшілік адвентистердің ойынша «Алла осындай уақытта келеді» дегенге сенбегендіктері өздерінің қарсы алу жұмысына немқұрайдылық танытуларының дәлелі демек. Шындығына келетін болсақ, олардың жанданып келе жатқан үміттері сөніп қала бергендіктен, сенімдері де соншалықты соққыға ұшырап, ұлы ақиқатты танып білуге шамалары келмей қалды.

Бірінші хабарда айтылған соттың уақыты Құдайдың еркі бойынша тағайындалған. 2300 күннің 1844-ші жылдың күзінде аяқталатыны жайлы пайғамбарлық периодтың дұрыс саналғанына еш күмән келтіруге болмайды. Оны қояр да қоймай қайта - қайта санай беру жұртты әбден шатастырып, ақиқаттан алыстатып жіберді. Құдайдың жер бетіне келетін мерзімі неғұрлым жиі тағайындалып және ол туралы кең түрде уағыздалса, соғұрлым албастының көз-дегені орындала түседі. Ал айтулы мерзім өте шыққаннан кейін уағыздалған «аян» орындалмағандықтан, жұрттың көкейінде неше түрлі күдік пайда болады. Осылайша 1843-ші және 1844-ші жылдардағы адвентистік қозғалысқа көлеңке түсті. Адасып жүргендерін мойындамай қасарысқандар Алланың келетін мезгілін болашақта болатын оқиға қылып апарып тастайды. Тағы да алданғандар, енді ештеңеге сенбейтін болып, мәңгілікті біржола жоғалтады. Осы арада ежелгі Израилдің тарихы тамаша көрнекілік болып табылады. Құдай кезінде Өз халқын Мысыр елінен алып шығып жетелегендей, жоғарыда сез болған қозғалыс кезінде де адвентистерді жетеледі. Олардың да сенімдері неше рет сынаққа түсті. Егер де сол кезде халық үшінші періштенің хабарын қабылдап, Киелі Рухпен шабыттанып Ұлы Құдайдың соңынан сеніммен ере білгенде, бұл планетаның тағдыры ендігі шешілген болар еді. Ежелгі Мысыр елінен шыққан Құдай халқы, Оның жарлығынан қайта - қайта тайып кетіп, сенімсіздік танытып, уәделі жерге кіргенше қырық жыл бойы шөл далада босығанындай, қазірде Құдай халқы сол

адасушылықтарының салдарынан, уәделі жерге жете алмай, әлі күнге босып жүр. Адамзатты Құдаймен бөліп тұратын кедергі оның шала сенімі (Евр. 3:19). Тек Мәсіх Исаның мейірімінің арқасында ғана, Құдайдың қаһары жерге тегілмей, құтқарылу мерзімі шегіндіріліп, адамзатының тәубасына келуіне уақыт беріліп тұр. Бұрында, қазірде күнәсін бетіне бажырайтып тұрып айтқан ешкімге де ұнаған емес, ұнамайды да. Ондайлар жайлы: «Зұлымдық жасайтындар жарықты жек көреді және оған қарай жүрмейді, өйткені жарық жерде олардың істері әшкереленеді» деп жазылған (Жох. 3:20). Сол себепті де олар өздеріне «ыңғайсыз ақиқатты» уағыздайтындарды жек кереді. Бұлар Құдайдың Рухы емес, Оның қарсыласының рухымен қаруланғандар. Дәл сол имансыздар пайғамбарларды жек көріп, оларға неше түрлі атақ таққан. Ильясты азғырушы, Еремияны сатқын, ал елші Пауылды ғибадатхананы ластаушы деп атаған. Қазіргі кезде де сол кездегідей ақиқатты жақтайтындарға неше түрлі ат қойылады. Ақиқатты қабылдауға батылдығы жетпейтін, иманы шалалар ондай өтірікке әбден сенеді. Мұндай жағдайлар енді азаймайды, керісінше көбейе түседі. Мемлекет заңының Құдай заңына қарама-қайшы келетін уақыты тақап қалды, сонда Құдай заңын орындаушылар қоғамға зиян келтіретін бұзақылар деп табылып, неше түрлі жазаға тартылатын болады. Сондай уақыт келгенде ақиқаттың туын ұстаушылар не істеулері керек? Сенімдерінен бас тартулары керек пе? Әрине жоқ. Бір кездердегі реформаторлар секілді, оларда ақиқатты уағыздауларын тоқтатпаулары керек. Сенімдері мен ақиқат үшін жаза тартқандардың есімдері тарихта біз үшін үлгі ретінде қалдырылған. Әр кезеңнің өзінің ақиқатты уағыздаушылары болған, олар Құдайдың берген жарығын жан жаю ағыларға көрсете білген. Біз де дәл солай істеуіміз керек. Бұл жөнінде Шексіз Алла: «Олар қасарысып алған. Сонымен тыңдаса да, тыңдамаса да, Менің сөзімді оларға жеткізіндер» дейді (Езк. 3:7;2:7). «Дауыстарың кернейдің үніндей болып қатты шығатын болсын, олардың күнәларын беттеріне басыңдар». Ақиқатты уағыздау, оны жан жақтағыларға айтып жеткізу біздің парызымыз. Өйткені Киелі Жазбада: «Мен сені күзетке қойдым, сен Менің сөзімді халыққа жеткізуің керек. Егер сен оларға айтпасаң күнәкарлар күнәсі үшін өледі, бірақ олардың қанын сенің қолыңнан тамамын» деп жазылған (Езк. 33:7-9).

Ақиқаттың таралуы мен бекуіне оны уағыздаушылардың басына түсіп тұрған қиындықтар мен көріп жүрген қорлықтары кедергі келтіреді. Ақиқатты қорғаушылар «қате» - деп айта алмайтын жалғыз ғана айғақ осы. Бірақ бұл бөгеттерге Мәсіхтің ізбасарлары қарамаулары керек, қиындыққа мойымай, алға адымдағандары абзал.

Ақиқатты құллі адамзат балалары құшақ жая қарсы алады екен деп ойламаңдар. Бұл жөнінде Мәсіхтің шәкірті Пауыл өте жақсы түсініктеме береді: «Уақытша көретін жеңіл азаптарымыз бізді өздерінен әлдеқайда зор, тіпті шексіз де мәңгілік ұлылыққа жеткізеді! Осылай Мұса (Құдай уәде еткен) Мәсіх үшін масқара болуды Мысырдың қазыналарынан аргык байлыққа санады. Себебі ол болашақтағы зор сыйды көздеді» (2Қор. 4:17, Евр. 11:26). Ендеше аз күн тірлік опасыз жалғанда дүниенің байлығына қызығып қара басымыздың қамын ойлағанша, Алланың айтқанын орындап мәңгілікке бірге аттанып, Құдайдың беретін сыйын қабыл алайық. Біз шындықты шындықтың өзі үшін таңдауымыз керек, арғы жағын Құдайдан күтеміз. Алла бізге Киелі Жазба арқылы: «Жүректерінде Құдайдың заңы бар, шындықты білетіндер Мені тыңдаңдар! Адамдардан қорықпаңдар! Күйе түсіп түтіліп қалған киімдей, оларды құрт жейтін болады. Ал Менің шындығым мәңгілікке қалады» - дейді (Ишая 51:7,8).

Біздің заманымыздың рухани оянуы

Құдай сөзі уағыздалған барлық жерлерде Алланың ұлылығын көрсететін жемістер пайда бола бастады. Бұл қасиетті еңбекті атқару кезінде Құдайдың адал құлдарын Оның Рухы жетеледі. Күнәкар қауым ояна бастады. Алланың сөзі адамдардың көкейлеріне жетіп «құпия істері» айқындалды. Күнәнің не екенін ұққаннан кейін және сол үшін Алланың алдында жауапқа тартылатынын түсінгеннен соң, естерін жиып, олар тәубаға келді. Жүректерді оқи білетін Киелінің алдына келетіндері көздеріне елестеген кезде, олар өздерінің қаншалықты күнәкар екенін ұғып, жүректеріне қорқыныш орнады. «Мынау күнәкар денеден» қалайша құтылмақпыз деп жандары қатты қиналды. Ғолғота жайлы ақиқат саналарына енген сайын, солар үшін құрбан болған Мәсіхсіз енді күндері жоғын біліп және белшелерінен күнәға батқан кесірлі қауымды Көктегі Әкемен татуластыратын тек қана Иса екенін жақсы ұқты. Осылайша олар Мәсіх Исаның құрбандығын сеніммен қабылдады. Сөйтіп олар шынымен де тәубаға келді. Айтулы қауым иман келтірді, суға шомылу рәсімінен өтті және жаңа өмірге қайта тірілді. Жаңаша өмір сүре бастаған олар бұрын жек көрген істерді енді жақсы көріп, жаман әдеттерін артта қалдырып, жақсылыққа қарай бет бұрды. Бұрынғы қырсықтар мен өзімшілдер енді қарапайым момын жандарға айналды. Мақтаншақтар мен өркөкіректер сыпайы және салмақты болды. Әдепсіздер әдеп сақтап, ішкіштер ішімдіктерін тастап, бұрынғы бұзақы тобыр, енді саналы да сабырлы жандардың қатарына қосылды. Олар күйбең тірліктерін тастап, сыртқы

сұлулығы емес, ішкі сұлулығын реттейтін істермен айналысып, Құдайдың көңілінен шығудың қамын ойлады.

Рухани оянудың нәтижесі барлық жерлерде жақсы байқалды. Ерлер де, әйелдер де басқа жандар үшін дұға оқып, Құдайдан адал тілек тіледі. Исаны қабылдағандардың өмірлері күрт өзгеріп сала берді, олар жан жағындағыларға жақсы әсерін тигізді. Құдайды танып білгендер үшін ең бастысы: «Сендердің керіктерің сыртқы әшекейлерге, шашты ерекшелеп жинау, алтын әшекей бұйымдар тағып, көз тартарлық әдемі киімдер киюге тәуелді болмасын. Қайта керіктерің жүректеріңдегі көзге көрінбес қасиеттеріңнен тұрсын, мейірімді де сабырлы жан дүниелеріңнің мәңгі солмайтын көркі Құдай алдында аса бағалы» (Шетір 3:3,4) — деген ешқашан өшпес тәлімдер болды. Адамдар жүректеріне терең үңіліп, тәубеге келді. Барлық салтанатты уағыздар, жолдарында Иса құрбан болған, күнәкарларға бағытталды. Әйелдер де ер азаматтар да барлық адамдар үшін дұға оқып, мінежат етті. Бұл рухани оянудың нәтижесі әлбетте көрінді. Адамдар имандылыққа бет бұрып, Исаға бой ұсынды. Олар жайлы: «Сендер тәубаға түсу үшін қайғырдыңдар». «Құдай үшін қайғыру құтқарылуға жеткізеді, ал жалған дүние үшін қайғыру елімге әкеледі. Құдай үшін қайғырған кездерінде, қандай тамаша өзгерістерге кенелдіңдер. Өздеріңнің таза екендеріңді көрсете білдіңдер» деп жазылған Киелі Кітапта (2Қор. 7:9-11).

Бұл Құдайдың Киелі Рухының әсері. Болған өзгерістер тәубаға келгеннің нәтижесі. Егер күнәкар Құдайға берген уәдесін орындаса, Құдайды және жақынын жақсы көре бастаса, біреуден тартып алған дүниесін оған қайтып берсе ол Құдаймен татуласқанының белгісі. Қазіргі кездегі рухани ояну бұрынғы кездегімен салыстырғанда өзгеше. Адам баласының қызығушылығының кеңее түскені рас. Шіркеулер көбейіп, Құдайға бет бұрғандардың да саны көбейде, дегенмен адамдардың ниеттері шынайы деп айтуға қиынсынасың. Өйткені Құдайдың берген сәулесі олардың жүректерінде жарқ етіп жанады да, артынша тез сөніп қалады, ал түнек болса алғашқысынан да қоюлана түседі. Жаңашаға және құпияға құштар жандар сезімге тез беріледі. Егер олар рухани оянуға осындай жолмен жетсе, әрине кейін олар дәл солай оп - оңай шегіне салады. Айтылып жататын уағыздарда көрнекілік жетіспесе оны тыңдағылары келмейді. Тек шынайы жандар ғана Құдаймен екі аралық қарым-қатынасты бағалай біледі.

Қазіргі кезде Құдайға бұрылдық дегендердің көпшілігі, мынау жалған дүниені әлі де болса жақсы көреді. Олар үшін дін ойыншық сияқты. Көпшілік шіркеулердің Құдайға деген ықыласы жоқ.

Шіркеулерде болып жататын сахна құру, көрмелер ұйымдастыру, ойын сауық жасау Құдай туралы ойлауға жұрттың шамасын келтірмейді. Дүниенің қызығына салынып алған адамзат баласы үшін, мәңгілікке жеткізетін құралдар ұсақ-түйек болып көрінеді.

Соған қарамастан осы шіркеулерде Мәсіхтің шынайы ізбасарлары да бар. Ақырдың соңғы белгілері жер бетіне жеткенше, Құдай халқының арасында елшілердің заманынан бері бұрын соңды болмаған рухани ояну басталады. Құдайдың балаларына Оның Рухы мен күші тегіледі. Сол кезде діни қызметкерлер мен қарапайым халық ақиқатты қуана қабылдап, Исаның екінші рет жер бетіне келетін мезгіліне көпшілікті дайын қылу үшін жалынды түрде еңбектене бастайды. Бірақ адамзаттың жауы шындықты өтірікпен алмастырып, бұл қозғалысқа кедергі жасауға тырысады.

Ібіліс жүзіне бет пердесін тағып алып, жұртты ақиқаттан тайдырып, өз жолына салғысы келеді және өз әсерін күллі мәсіхшілер әлеміне таратуға тырысады. Көптеген діни қозғалыстарда бұл әсер азды-көпті болса да байқалуда және ақыр тақаған сайын оның әсері ұлғая түспек. Адамдардың сезімдері дүрлігіп, ақиқат өтірікпен араласып, жұрт сең соққан балықтай естерінен айрылып, адаса бастайды. Бірақ біздер үшін қақпанға түсіп қалмаудың жолы бар. Киелі Жазбаны зерттеп, оны жаксы білген адам, бұл қозғалыстардың табиғатын бірден айырады. Киелі Жазуды итеріп салып отырып, Құдайдың батасына ие болу мүмкін емес. «Оларды жемістеріне қарай танысындар» дейді Иса Мәсіх Өз ережесінде (Матай 7:16). Құдай сөзін оқитындар ғана Оны танып біле алады және шайтанның алдауына түспейді. Жер бетінде зұлымдық, адамдар Құдай сөзін оқымағандықтан кебейіп кетті. Құдай сөзінің маңыздылығы адамзаттың көңілінен тыс қалды. Шіркеулердің, Құдайдың Рухымен және Оның күшімен қарулана алмағандығының себебі де осында жатыр. Осыны жақсы түсінетін адамдар бұған қатты күйзеледі. Бұл жөнінде Эдуард А.Пэрк: «Халыққа төніп тұрған қауіптің бір көзі, олардың Құдай заңы туралы мінбелерден айтылатын уағыздарды тыңдамауында. Ежелгі кезде ондай уағыздар адамның арының дауысы болып табылатын. Уағыздаушылар Құдайдың заңы мен Оның салатын тиыымдарына көп көңіл бөлген. Өйткені Құдай заңы адамзаттың күнәсін көрсетіп тұратын айна іспетті. Құдайды жақсы көретіндер, Оның заңын да жақсы көреді, кемелденуге ұмтылады. Заңның әділеттілігі қаншалықты биік және ұлы болса, оны орындамайтындардың зұлымдығы да соншалықты көп болады» деп жазған.

Бұған Құдайдың әділеттілігін бағаламау қауіпі қосылады. Осы заманның уағыздаушылары әділеттілікті мейірімділіктен бөліп

қояды. Және мейірімділікті ұстаным ретінде көтергеннің орнына, оны керісінше сезім деңгейіне дейін түсіріп тастайды.

Қазіргі заманның теологтары (дін зерттеушілер) Құдайдың біріктіріп қойғанын ажыратып жатыр. Құдай заңы дегеніміз не? Бұл игілік пе, не болмаса зұлымдық па? Әрине игілік. Ендеше әділеттілік те игілік, өйткені ол заңның орындалу ұстанымдарын айқындайды. Құдайдың заңы мен әділеттілікті бағаламай құнығып алған адам, күнәдан арашалайтын игілікті де бағаламайды. Адам үшін Ізгі хабар құнсызданып, ол Киелі Жазбадан бас тартуға дайын тұрады. Көптеген діни ұстаздардың тұжырымдауынша, Иса айқыш ағашта өлгеннен кейін заң өзінің күшін жойған, сондықтан адамдарға заңды орындау міндетті емес делінеді. Заңды орындау мүмкін емес, өйткені ол бізге ауыр жүк, біз жаңа өсиет бойынша Алланың рахымымен құтқарыламыз, ал заңның қажеті жоқ дейтіндер де аз емес. Ал пайғамбарлар болса Құдайдың қасиетті заңына басқаша қараған. Дәуіт патша: «Сенің еркінді таптым, енді жеңіл жүретін боламын» дейді (Жыр. 118:45). Ал Жақып Құдай заңын «Бостандық заңы» деп атаған (Жақ. 2:8; 1:28). Сол сияқты Жохан пайғамбар Иса Мәсіх айқыш ағашқа керілгеннен кейін, 50 жыл өткен соң, былай деп жазған: «Құдай заңын орындап отырғандар өмір ағашына құқылы болып, қалаға қақпамен кіретін болады» (Аян 22:14). Иса Өзінің өлімімен Құдай заңын алып тастады - деген сөздің ешқандай негізі жоқ. Егер заң керек емес болса, онда Исаның өлімінің де мағынасы болмағаны. Иса заңды бұзғандар үшін келіп, солар үшін жанын пида қылды. Құдайдың рухани Ұлы Оның заңының дәрежесін көтеріп, Алланың атағын шығару үшін келді (Ишайа 42:21). «Мен заңды бұзу үшін келді екен деп ойламаңдар» дейді Ол. «Қасиетті Құдай заңының бір сызығы да өзгермейді» (Матай 5:17,18). Тағыда: «О Құдайым Мен Сенің заңыңды орындау үшін келдім және ол менің жүрегімде» дейді Иса Мәсіх (Жыр. 39:9).

Құдай заңы, оның табиғатына үңілетін болсақ, ешқашан өзгере алмайды. Заң бізге оның Авторының еркі мен мінезін көрсетеді. Құдай дегеніміз Махаббат және Оның заңы да махаббат. Оның екі ұлы ұстанымы бар - Құдайға деген махаббат және адамға деген махаббат. «Махаббат дегеніміз заңның орындалуы» (Рим. 13:10). Забур жырларында: «Сенің заңың - ақиқат». «Ережелерің әділетті» (Жыр.

118,142). «Құдай заңы киелі, әділетті және мейірімді» - деп жазылған келесі хатта. (Рим. 7:12). Құдай заңы оның Авторы секілді мәңгі. Құдаймен татуласқан адамдар, Оның заңын орындай бастайды. Ең басында Адам ата Құдайдың бейнесіне ұқсастырылып жаратылған. Ол табиғаттың және Құдай заңының ырғағына сай

болған, оның ұстанымдары адамның жүрегінде өмір сүрген. Бірақ күнә адамды оның Жаратушысынан бөліп тастады. Адам Тәңіріне карсы соғыс жариялады. Төннің талабы - бұл Құдайға деген өшпенділік, өйткені ол Құдай заңына бағынбайды және бағына да алмайды (Рим. 8:7). Бірақ Құдай адамзат баласымен татуласу мақсатында, Өзінің рухани ұлын адамдар үшін құрбандыққа берді. Иса Мәсіхтің арқасында адамдар бұл үйлесімді қайта қалпына келтіре алады. Ол үшін адам өз жүрегін тазартып, жаңа өмірді қабыл алуы керек. Бұл өзгеріс - екінші рет туылу деп аталады, онсыз адам Алланың патшалығына кіре алмайды.

Құдаймен татуласу үшін адам әуелі күнәсін мойындауы керек. Күнә дегеніміз заңсыздық. «Күнәні тек заң орындалуы арқылы ғана тануға болады» (ІЖох. 3:4; Рим. 3:20). Адам өз күнәсін керу үшін әуелі Құдай заңымен салыстырылуы керек. Заң адамдардың кемшіліктерін немесе күнәлерін көрсететін айна.

Заң адамның күнәсін ғана көрсетеді, бірақ, одан құтқармайды. Заңды орындайтындар ғана өмірге ие бола алады, ал оны бұзатындардың үлесі - өлім. Тек Мәсіхтің Ізгі хабары ғана адамзатты күнәнің қарғысынан құтқарады. Адам Құдайдың алдына келіп, кінәсін мойындауы керек. Сонан соң ол бойындағы кемшіліктерін арылып, Алла табиғатының бір бөлігіне айналады. Осылайша адам Құдайдың баласы аталып, Оны әке деп атайтын құқыққа ие болады. Осыдан кейін адамға Құдай заңының талаптарын орындамай - ақ қоюға бола ма? Жок. Бұл жөнінде Жохан пайғамбар: «Алланың заңын орындау оған деген сүйіспеншілігімізді көрсетеді және оны орындау қиын емес» дейді (Рим. 3:31; 6:2; ІЖох. 5:3). Қайта туылған кезінде, сен Құдаймен ғана татуласып қоймай, Оның оерген заңымен де татуласың. Осындай керемет өзгерістен кейін адам өлімнен өмірге, күнәдан киелілікке, заңсыздықтан адалдыққа етеді. Ол үшін сүйіспеншілікке толы жаңа өмір басталады. Сонда адам: «Сенің заңыңды соншалықты жаксы көремін, күн сайын ол туралы ойлаймын» дейтін болады (Жыр. 118:97). «Жаратканның тағылымдары - кемелді, жан дүниенің тазартады» - деп жазылған Киелі Жазбада (Жыр. 18:7). Заңсыз адам касиеттілік пен тазалықтың не екенін білмейді. Тіпті ол күнәкар екенін сезбейді де және таубаға түсу қажеттігінен жүрдай болып жүре береді. Мұндай күйдегі адамға Мәсіхтің адамзат үшін төгілген қанының мәні жоқ. Кейінгі кездерде Исамен тығыз қарым қатынасы жоқ, ақиқатты үстіртін ғана қабылдаған жандар шіркеуге көптеп қосылып жатыр. Құдай заңына немқұрайды қарау немесе одан бүтіндей бас тарту қазіргі кезде көбейіп кетті. Жігілп кеткен мұндай жағдайлар үлкен кателік және адам өміріне өте

қауіпті. Басым көпшілік жұрттың осындай теорияны жылы қарсы алып жатқаны жайлы дерек, Киелі Жазбаны зерттеудің соншалықты қажет екенін көрсетеді.

Шынайы жарық (білім) - бұл Киелі Жазбаны зерттеу. Елші Пауыл салоникалықтарға жазған хатында: «Сендердің жарыққа бөленіп, сауаттарыңның ашылуы - Құдайдың еркі» дейді (1Сал.4:3;5:23). Жарыққа бөлену дегеніміздің не екенін Киелі Жазба жақсы түсіндіреді. Құтқарушы Өзінің шәкірттерінің тілектерін тілей отыра: «Оларды ақиқаттың нұрына бөлей гөр, өйткені Сенің сөзің - ақиқат» дейді (Жох. 17:17-19). Пауыл да имандыларға: «Киелі Рухпен нұрланыңдар» деп үйреткен болатын (Рим. 15:16). Киелі Рух қандай жұмыс атқарады? Иса Өзінің оқушыларына: «Ақиқаттың Рухы келіп, сендерге шындықты үйрететін болады» деген екен (Жох. 16:13). Құдай заңының ұлы ұстанымдары адамзат баласына Құдай сөзі мен Киелі Рух арқылы ашылды.

Құдай заңы қаншалықты «киелі, әділетті және мейірімді» болса, сол заңға бағынып, қалыптасқан мінез де әділетті болады. Иса Мәсіх осындай мінездің тамаша үлгісі. «Мен Әкемнің өсиеттерін орындаймын. Күллі істерімді Оның еркі бойынша жасаймын» - дейді Иса Мәсіх (Жох. 15:10,8:29). Исаның ізбасарлары Да Киелі заңның ұстанымдарына үйлесімді келетін мінезге ие болулары керек. Нұрлану дегеніміз осы. Мұндай жетістіктерге Исаға сенетіндер ғана жете алады. «Өз құтқарылуларыңа немқұрайды қарамаңдар, ол үшін жан ұшырып, қорқа отыра еңбектеніңдер, өйткені ұнайтын істерді қалап, жүзеге асыруларыңа түрткі болушы - Құдай» (Флм. 2:12,13). Күнә имандыларды үнемі қызықтыра отыра, өзіне баулыды. Дәл осы кезде оларға Мәсіхтің көмегі қажет. Адамның әлсіздігі Құдайдың күшімен біріккен кезінде, ол жеңіске жетеді. «Бізге Иса арқылы жеңіс сыйлаған Жаратқанға мың рахмет!» (ІҚор. 15:57).

Нұрлану жұмысы - бұл үздіксіз үдеріс. Күнөкар пенде тәубаға келіп, Исаның құрбандығын қабылдағаннан кейін, оның Құдаймен бірге жаңа өмірі басталады. Бөрі осымен аяқталып қоймайды, енді адам кемелденуге жету үшін тырысуы керек. Пауыл: «Артта қалған өмірімді ұмытып, кездеген мақсатыма жету үшін алға қарай ұмтыламын» - деп жазған (Флм. 3.13,14). Иса Мәсіхтің шокірті Петір біздің алдымызға жетістіктерге жеткізетін баспалдақ қояды: «Енді сендер тырысып, ынғамен сенімдерінде жақсылық, жақсылықта пайымдау, пайымдауда ұстану, ұстануда шыдамдылық, шыдамдылықта қайырымдылық, қайырымдылықта бауырмалдық, бауырмалдықта сүйіспеншілік көрсете біліңдер. Осылай істесеңдер ғана ешқашан сүрінбейсіңдер» - деп үйретеді (2Петір 1:5-10).

Нұрлануды басынан өткізгендер Құдай Рухына мойынсұнады. Нұрланудың тағы да бір жақсы үлгісі Даниял пайғамбары. Ол Құдайдың сүйікті құлы болған. Соған қарамастан ол өзін күнәкар Исраил халқымен бір деңгейге қойып, Құдайдың оларға арашашы болуын сұрайды. «Біз езіміздің әділеттілігімізге емес, Сенің мейірімділігіңе үміттенеміз». «Біз кінәліміз, өйткені күнә жасадық». «Мен ез күнәмді және өзімнің халқымның күнәсін мойындаймын». Кейін Құдайдың рухани ұлы оған насихат айтуға келген кезін еске ала отыра Даниял: «Менің түрім қатты өзгеріп, бойымда бір де күш қалмады» - дейді (Дан.9:18,15,20;10:8).

Әйүп пайғамбар дауылмен араласып шыққан Құдайдың дауысын естіген кезде: «Сенің алдыңда күл мен қара жердей болдым, өткен істеріме шынымен екінемін және бұрынғы айтқандарымнан бас тартамын» - дейді (Әйүп 42:6). Ишая пайғамбар Құдайдың даңқын көріп, періштелердің екпінді дауыстарын естігенде: «Жалындаған періштелер бір біріне дауыстап «Әлемнің Иесі киелі, қастерлі, қасиетті! Бүкіл дүние Оның салтанатты ұлылығына кенелген! - десіп тұрады. Олардың бұл айғайынан киелі үйдің есік жақтаулары мен табалдырықтары шайқалды. Үй іші түтінге толып кетті. Сонда мен дауыстап «Қасіретке қалдымау, енді құритын болдым! Себебі мен күнәкармын, аузымнан шыққан сөздерім арам, әрі сөйлеген сөздері арам халықтың арасында тұрып жатырмын. Сонда да мен патшалардың Патшасын, әлемнің Иесін ез көзіммен көрдім! - дейді (Ишая 6:3,5). Иса Мәсіхтің шәкірті Пауыл үшінші аспанға дейін көтеріліп, адамға айтып жеткізу мүмкін емес сөздерді естіген кезде: «Мен барлық тақуалардың ішіндегі ең лайықсызымын» (Еф. 3:8) деген болатын. Исаның шәкірттерінің ішіндегі ең сүйіктісі болған Жохан, Исаның даңқын керген кезде, періштенің аяғына жансыз адамдай құлап түсті (Аян 1:17).

Ғолғота айқыш ағашының көлеңкесі түскендер, енді біз күнәдан боспыз деп мақтануына болмайды. Менің күнәмнің кесірінен Құдайдың рухани Ұлы қасірет шекті деген ой, пенделерді одан бетер кішірейте түсуі керек. Мәсіх Исаға жақындай түскен адам, өзінің күнәсінің қаншапықты жиренішті екенін кереді және солар үшін Исаның жазықсыз төгілген қанынан үміткер болады.

Қазіргі кездегі діни әлемнің ұстанымы бойынша нұрлану Құдай заңына деген немқұрайдылық пен өркөкіректікке толы. Осы теорияны жақтаушылар былай деп үйретеді. Нұрлану бір - ақ рет болатын акт және сол бір реттің өзінде-ақ адам сснм арқылы қасиеттілікке қол жеткізеді. «Сенсең болғаны, батаға ие боласың» дейді олар. Олардың түсінігінше мұншалықты батаға ие болу үшін ешқандай

күш жұмсаудың қажеті жоқ. Сонымен қоса олар, оны орындап жатудың да қажеті жоқ деп, Құдай заңының беделін жоққа шығарады.

Сіздердің ойларыңыз қалай? Жаратушының заңын орындамай қасиеттілікке жету мүмкін бе? Сөйтіп олардың пікірінше киелілікке қол жеткізу киын емес, иман келтірсең болғаны, күресті қажет етпейді, жеңіл де ыңғайлы ілім деп түсінеді және бұл кеңес кеңінен тараған. Осы жөнінде Жақып пайғамбар: «Бойында иманы барлардың істеген істері көрінбесе, бұл имандылық оны құтқара ала ма? Ондай имандылықтың қандай пайдасы бар? Санасыздар, тыңдаңдар: «іссіз немесе әрекетсіз иман өлі». Бабамыз Ыбырайым тіршілікте ісімен ақталмады ма? Имандылығы ісіне басшы болды емес пе?» дейді. «Адам тек имандылығымен ғана емес, оған қоса ісімен де ақталады», басқаша айтқанда Құдайға иман келтірумен қатар оған лайықты ісің болмаса немесе бойыңдағы әрекетің имандылығыңа сәйкес келмесе күнәдән арылдым деп санауға болмайды (Жақ.2:14-24).

Іс-әрекетсіз имандылық жайлы ілімнің қателігін Киелі Жазу дәлелдейді. Жоғарғы жақтан келетін батаға ие болғысы келетін, бірақ оның шарттарына бағынғысы келмейтін имандылық, бұл алдамшы, озбыр түрде Құдайға емес өзіңе сенім арту деген сөз. Ал Алланың Сөзі бойынша адамға сенген адамды ләғынат атсын! - делінген. Құдай заңының бір бабын бұзған адам киелілікке ешқашанда жете алмайды. Алдын ала ойластырылып қойылған күнә Киелі Рухтың дауысын естіртпейді және адамның жанын Құдайдан алыстатып жібереді. «Күнә дегеніміз - заңсыздық. Ал күнә жасайтындар Құдайды танымайды» (ІЖох. 3:6). Жохан пайғамбар өз кітабында сүйіспеншілік жайлы көп жазады, дегенмен тақуамын дей тұра Құдай заңын бұзатындарды ол еш бұлтарусыз әшкерелейді. Кімде кім: «Мен Құдайды танымын дей тұра, Оның заңын орындамаса, сол адам өтірікші, ал Құдайды тыңдайтын адамның бойынан шынымен Киелінің махаббаты көрініп тұрады» (ІЖох. 2:4,5). Осы жерде әрбір пенденің сенімі сынақтатуседі. Жердегі де, көктегі де пәктіктің жалғыз ғана өлшеуіші Құдайдың қасиеттілігімен сынаққа түспеген адамның тазалығы жайлы сөз айту мүмкін емес. Құдай заңының талаптарын жеткілікті деңгейде бағаламайтын, заңның бір бабын болса да бұзып, солайша басқаларға үйрететіндер Құдайдың батасынан жұрдай қалады, олардың наразылықтарының негізі жоқ, қарсылықтары қабылданбайды. Өзін күнәсізбін деп санайтын адам қасиеттіліктен өте алыс. Күнә жайлы да, пәктік жайлы да ештеңе білмейтін адамдар ғана солай сөйлейді. Мәсіх пен адамның арасындағы арақашықтық қаншалықты көп болса, соншалықты адам өзіне өзі күнәсіз болып көрінеді. Киелі Кітапта сөз болатын пәктік адамның

жанына, тәніне және түгел болмысына тікелей қатысы бар. Елші Пауыл салоникалықтарға жолдаған хатында: Иса Мәсіх жер бетіне екінші рет келгенше олардың мінсіз болуларын, рухтары мен жан тәндерін кіршіксіз пәк сақтауларын өтінеді (ІСал. 5:23). Сөзін әрі қарай жалғастыра келе ол: «Сонымен бауырластарым, бізге осындай мол мейірімін төккені үшін өздеріңді Құдай жолындағы қызметке арнауға шақырамын. Өмірлерін, Құдайға ұнамды толықтай бағышталған тірі құрбандықтай болсын» (Рим. 12:1). Ежелгі Исраилдіктердің заманында құрбандыққа шалынатын мал мұқият тексерістен өтетін болған. Жануардың мүшесінде кемістігі болса, Ол құрбандыққа жарамаған. Өйткені Құдай пендесінен «кемістіксіз құрбандықты» талап етеді. Дәл сол секілді Құдайға сенетін адамдардың да мінездерінде ешқандай кемшіліктері болмауы керек. Ол үшін адам өзін күтіп ұстағаны дұрыс болады. Күші мен ой - парасатын әлсіретіп жіберетін жаман қылықтардан аулақ жүргені жақсы, өйткені олар адамды Құдайға қызмет етуге жарамсыз қылып тастайды. Егер де келіспесеңіз тәжірибе жасап көріңіз, өмір мектебі үйретеді. Мәсіх Иса: «Құдайыңды бар жүрегіңмен, шын ықыласыңмен жақсы көр» дейді. Құдайды шынымен жақсы көретіндер Оның дегенін мүлтіксіз орындайды, рухын да, жанын да, тәнін де таза сақтап Оған өмірлерімен қызмет етеді. Құдайды шын жақсы көретіндер ессіз құштарлықпен, қажетсіз қомағайлықпен жанын ластамайды.

«Жандарыңа қарсы тұратын жаман қылықтардан аулақ болыңдар» - дейді Петір (ІІПетір 2:11). Кез келген «ләззат» адамды рухани жағынан әлсіретіп жібереді, ондай адамның Құдайдың дегенін орындайтын қабілеті нашарлайды. Пауыл қорынттықтарға жазған хатында: «Жандарыңды қоқыстан тазартыңдар! Құдайдан қорқыңдар!» дейді (2Қор. 7:1). Сонымен қоса Киелі Рухтың жемістері - махаббат, қуаныш, бейбітшілік, шыдамдылық, нәзіктік, момындық, сенім және мойынсұнуға пайғамбар ұстамдылықты да қосады (Ғап. 5:22,23).

Осы айтылған ескертулерге көңіл аудармай көптеген мәсіхшілер дүниеқорлыққа, сәнқойлыққа, ашқарақтыққа, маскүнемдікке салынып, ол аздай басқада жаман қылықтарға жақын тұрады. Ал шіркеу болса осыны көре тұра тыйым салғанның орнына, қазынасын толықтыру мақсатында оларды қолдайды. Өйткені ол жүрегіндегі бос орынды Құдайдың махаббатымен толықтыруға қабілетсіз болып қалған. Мұның басты себебі сүйіспеншіліктің жетіспеуі. Осындай шіркеуге Иса Мәсіх қазіргі кезде келген болса, біреуін де қалдырмай, барлығын қуып шыққан болар еді.

Елші Жақып : «Көктен келетін даналық таза» - деп жазады. Егер ол демінен темекінің иісі бұрқырап тұрған, таза емес аузымен

Құдайдың атын атайтын мәсіхшілермен кездескен болса, оны шайтанның құлы деп жазғырған болар еді. Бейіш бағына кіреміз дейтін ондай үміткерлерге Киелі Жазба: «Ал арамдардың, жексұрын істер жасайтындардың және жалған сөйлейтіндердің ешқайсысы да Құдай патшалығына кірмейді» - дейді (Аян 21:27).

«Әлде денелерің Киелі Рухтың мекендейтін ғибадатханасы екенін білмеп пе едіңдер? Сендер Құдайдан қабылдаған Киелі Рух бойларыңнан орын алды. Енді сендер өз меншіктеріңде емессіңдер, Иеміз сендерді үлкен құн төлеп, күнәнің құлдығынан азат етті. Ендеше денелеріңмен Құдайдың даңқын арттырыңдар!» (ІҚор. 6; 19,20). Кімнің жүрегі Құдай Рухы мекендейтін киелі үй болса, сол адам жамандық атаулыға жақындамайды. Керісінше ол барлық күшін Аллаға қызмет етуге жұмсайды. Өзіне сеніп тапсырылған қазынаны қалай болса солай шашқан адам, кінәлі болмай қоя ма? Өздерін мәсіхшілерміз деп есептейтін жандардың көпшілігі маңайындағылардың Құдай сөзін естімей өліп жатқандарына қарамастан, ақшаларын керексіз дүниелерге, ойын сауықтарға, той домалақтарға жұмсайды. Осылайша Ізгі хабардың таралуына тиісті қаражат, олардың неше түрлі кесірлі әдеттеріне жұмсалады. Олар Құдайды бітір садақалармен де тонайды. Егер Исаның избасарлары қаражаттарын не болса соған жұмсамай, Құдайға қызмет етуге жұмсаған болса, онда олар мынау дүниеге жарық әкелуші шырақтармен бірдей болар еді.

Бар әлем неше түрлі ойын - сауық пен тәндерін қанағаттандыру жолына түсіп кетті. Тәннің талабы - көрсе қызарлық, менменшілдік, өркөкіректік, тойымсыздық. Мінекей қазіргі адамдар осындай әдеттермен қаруланып алған.

«Ондай ортадан шығыңдар, бөлініңдер, оларға жұғыспаңдар» - дейді Алла. Күнәкар әдеттерден арылмайынша адам таза, шынайы болып саналмайды. Ал жоғарыда айтылып кеткен Құдайдың ұсынысын қабыл алатындарға Ол: «Мен сендерді қабылдаймын, сендердің өкелерің боламын, ал сендер Менің ұлдарым мен қыздарым атанасыңдар» - деген уәде береді (2Қор.6:17,18). Кез келген мәсіхші рухани өмір сүруге тиісті. «Мен дүние үшін Нұрмын. Маған ерген кісі енді түнекте жүрмей, шынайы өмірдің нұрына ие болады» - дейді Иса Мәсіх (Жох. 8:12). «Әділдің жолы таң шуағы іспетті, тал түс болғанша жарқырай түседі» (Нқл.4:18). Сенімнің әрбір қадамы және Құдайға бағыну адамды мәңгілік өмір Иесі, бар ғаламның Әміршісі, Шексіз Аллаға жақындата түседі. Ұлы Жарықтың барын дәлелдеп тұратын жұлдыздар секілді бізде бар ғаламның Патшасын бұл әлемге көрсете білуіміз керек. Оны мадақтауымыз және Оған ұқсас болуға тырысуымыз қажет.

Пауыл қолостықтарға жіберген жолдамасында Құдайдың балаларына уәде етілген жомарт сый туралы жазады: «Сол себептен де біз мұны естіген кезден бері сендер үшін ұдайы Құдайға сыйынып келеміз. Сендердің Оның еркін толықтай біліп, өте парасатты да рухани көреген болуларыңды Құдайдан өтінудеміз. Осылайша Иеміздің халқына лайық, Оны риза қылатындай өмір сүрулеріңді, әр түрлі игі істер істеп, өсіп-ене беріп, Құдайды неғұрлым жақынырақ тануларыңды тілеп келеміз. Сендер Оның ұлы құдіретінен мол қуат алып, әрдайым төзімділік пен ұстамдылық таныта алсын әрі қуанышқа кенеліп, Құдай Әкеге шүкірлік ете берсін деп мінажат етудеміз» - дейді (Қол. 1:9-11). Осыған ұқсас үндеуді ол хат арқылы ефестік бауырларына да жолдайды. Ол адамдарға қалайша Құдайдың ұлдары мен қыздары атана алатындай керемет күш пен білімге ие болу мүмкіндігі барын карапайым тілмен тамаша түрде жеткізе білді: «...адамның санасы жетпейтін осы сүйіспеншілікке ие болсандар екен» - деген тілегінде елшінің дұғасы кернеудің ең жоғарғы нүктесіне жетті (Еф. 3:16,18,19). Бұл мәтіндерде егер Құдайдың талаптарын орындай білсек қаншалықты рухани деңгейге көтеріле алатындығымыз жазылады. Алланың еркін орындай білсек, сенім арқылы көптеген жетістіктерге жетеміз, ұлы күш Иесінің тағына жақындай түсеміз. Жаратушы - Тәңіріміз рухани баласына Киелі Рухын берген, ендеше біз де Онымен бірге болсақ толығына жете аламыз. Иса Өз сөзінде: «Егер сендер зұлым бола тұра балаларыңа жақсылық жасай білсеңдер, рақымды да, мейірімді Құдай Ие сұрағандарға Киелі Рухын беретіні шүбәсіз» (Лұқ. 11:13). «Менің атымды атап сұрасандар, сұрағандарыңды аласыңдар». «Қуаныштарың толық болу үшін сұраңдар, Мен тілеулеріңді беремін» - дейді Алла (Жох. 14:14; 16:24).

Имандылар Құдайға мойынсұнып жүрулері керек деген сөз, олар үнемі мұңлы, көңіл күйсіз, өздерін - өздері кінәлі сезініп, бастарын түсіріп жүру керек деген емес, керісінше олар көңілді, әрқашан қуанышта, еңсесі жоғары, белсенді болады, себебі Құдай біздің жанымыздың күйзелісте болғанын қаламайды. Мойынсұну - Құдайдың алдында арын таза ұстап, рухани өмір сүру деген мағынаны білдіреді. Иса Мәсіхті қабылдап, тәннің талабымен емес, Рухтың талабымен өмір сүретіндер сотқа тартылмайды (Рим. 8:1).

Адам атаның бұзақы балалары Иса Мәсіх арқылы Құдайдың балалары атанды. «Адамдарды Оған бағыштаған Мәсіх те, сол адамдар да бір Әкеден тарайды. Сондықтан да Мәсіх оларды бауырларым деп атаудан ұялмайды (Евр. 2:11). Мәсіхшілердің өмірлері Тәңір Иенің арқасында қол жетімді имандылыққа, жеңімпаздыққа және қуанышқа толы болуы керек. «Өйткені Құдайдың рухани балалары

осы күнөкар дүниені жеңеді. Біздің сеніміміз - осы дүниені жеңген күш (Жох. 5:4). Құдайдың адал құлы Нехемия: «Сонымен қайғырмандар! Себебі жаратқан Иеге деген қуаныштарың сендерге күш-қуат беріп, паналарың болады» - дейді (Нех. 8:10). Елші Пауыл былай дейді: «Әрдайым Иемізбен байланыста болғандарыңа қуаныңдар. Тағы да айтам: Қуаныңдар!» «Әрдайым қуанып, Құдайға үздіксіз сыйыныңдар. Оған барлық жағдайларда да алғыс айтыңдар! Иса Мәсіхтің жолымен жүруші сендерден Құдай осыны күтеді» (Філ.4:4, 1Сал.5:1618). Құдайдан туылғандар күнәні жеңе біледі. Адам Құдаймен байланысын еш уақыт үзбеуі керек. Имандылардың кемеліне келе алмай жүргендерінің басты себебі Құдай заңының ұстанымдарын дұрыс орындамауларының нәтижесі. Олай болса шіркеулерде тазалықтың, игіліктің аздығына несіне таң қаламыз? Егер шіркеулер Құдай заңын орындағанның орнына, адамның тағайындаған заңына көбірек көңіл аударса солай болмай қоя ма? «Себебі Менің халқым екі зұлымдық жасады» - дейді Алла. «Мөлдір судың қайнар көзі - Мені тастай беріп, өздеріне су ұстай алмайтын бүлінген құдықтар казып алды» (Ерм. 2:13).

«Зұлымдардың жиындарына бармайтын адам бақытты... Ол күн-түні Құдайдың заңы туралы ойлайды және Оның еркін орындайды! Ол шалғынды жерге отырғызылған ағаштай гүлдеп, уақытында жемісін береді, оның жапырағы ешқашан сарғаймайды, істеген ісі сәтті болады, барлық жерде үлгереді» (Жыр. 1:1-3). Адамдар Құдай заңын қошеметтеп, биікке көтерген кезде ғана, олардың бойындағы имандылық жаңарады. Жаратқан Иеміз пайғамбар арқылы: «Халқым тоқтаңдар! Жан жақтарыңа қараңдар, бұрынғылардан дұрыс жол қайда деп сұраңдар және сол айтылған жолмен жүріңдер. Сонда сендердің жандарыңа тыныштық орнайтын болады» дейді (Ерм. 6:16).

Мәңгі өмір кітабымен жүздесу

Даниял пайғамбар: «Мінекей мен мынадай кереметті көрдім - жағалай тақтар қойылған, сонан соң мұнда күндермен Кене (мәңгі жасап келе жатқан Құдай Тағала) келіп отырды; киімі Оның қардай аппак, екен, шашы тап таза мөлдір толқындай, отырған тағы отқа ұқсас, оның дөңгелектері алаулаған жалындай. Алдынан оттай жалындаған өзен өтіп жатты, мың мыңдағандар Оған қызмет етіп тұрды. Оның алдында тұрғандар сансыз болып көрінді, қазылар алқасы отырып, кітаптар ашылды» - дейді (Дан. 7:9,10).

Төреші өрбір жанның мінезі мен емірін қарап, пиғылына қарай сыйын беретін салтанатты да ұлы күн пайғамбарға осылай көрсетілді. Күндердің Көнесі дегеніміз - бұл көктегі Төңіріміз. Жыршы былай дейді: «Таулар, жер және ғалам жаралмас бұрын, ғасырдан ғасырға дейін Сен - Құдайсың» (Жыр. 89:3). Жаратылыстың Көзі, әлемнің Құрылысшысы және барлық заңды шығарған Тәңір Ие осы сотты басқарады. «Мінекей Оған қарай бұлттармен жылжып адамзат баласы секілді біреу келе жатты, сонан соң Ол күндермен Көненің алдына келіп тоқтады. Оған барлық халықтар, тайпалар және тілдер қызмет ететіндей билік, атак және патшалық берілді. Оның патшалығы мәңгілік болмақ және ешқашан өтіп кетпейді» (Дан. 7:13,14). Бұл жерде Исаның екінші рет жер бетіне келген сәті суреттеліп тұрған жоқ. Оның аратүсушілік қызметі тамамдалғаннан кейінгі билігін, атағын және патшалығын алу үшін күндердің Көнесіне келетін жері көрсетіліп тұр. 2300 күн аяқталғаннан кейін, яғни 1844-ші жылы Исаның арашашы қызметіне кіріскен кезі былай сипатталады: «Ұлы бірінші діни Қызметкер адамзат баласы үшін аратүсушілік қызметін

тамамдау үшін және шынайы жандарды күнәдан ақтап алу үшін киелінің Киелісі ішіне кіріп, Құдайдың алдына келеді».

Ежелгі Ираилдың заманында, олардың осыған ұқсастырылған қызметтерінде, өз кінәларын мойындап құрбан шалған адамдардың ғана есімдері аталған. Дәл сол секілді, бұл ұлы татуласу күні Құдай халқының қатарына кіретіндердің ғана ісі қаралады, құдайсыздардың соты кейіннен қаралатын жеке оқиға. «Өйткені сот Құдай үйінен басталады делінген Киелі Кітапха, ендеше Ізгі хабарға бағынбайтындардың күйі не болмақ?» (ІІПетір 4:17).

Адамдардың тағдыры көктегі кітапта жазылған жазулар бой-гаша шешіледі. Даниял пайғамбар: «Қазылар алқасы отырып, кітаптар ашылды» - дейді. Ашық кітаптың немесе аянның авторы, сол болатын оқиғаны суреттей отыра: «Басқа да кітап ашылды - өмір кітабы, осы кітап бойынша істеген істеріне байланысты өлгендердің ісі қаралады» - дейді (Аян 20:11,12).

Өмір кітабында әр кезеңдерде Құдайға қызмет еткендердің есімдері жазылған. Иса Өз шәкірттеріне: «Қуаныңдар, себебі сендердің есімдерің көкте жазылып қойылған» - деген болатын (Лүк. 10:20). Исаның шәкірті Пауыш да «өмір кітабында» есімдері жазылған қызметтестер жайлы айтады (Флм. 4:3). Даниял пайғамбар: «Бұрын сонды болмаған қиын заманның болатынына қарамасан, есімдері «өмір кітабында» жазылғандар күтқарылады» - дейді. Сол секілді аянда: «Есімдері өмір кітабында жазылғандар қалаға қақпамен кіретін болады» - деп жазылған (Дан. 12:1; Аян 21:27). «Естелік кітабы» Құдайдың көз алдында жазылады және оған «Құдайды құрмет тұтатындар мен Одан қорқатындардың есімі кіреді» (Малахи 3:16). Олардың істері, сөздері көктегі кітапта жазылған. Осыған сүйене отыра Нехемия пайғамбар: «Менің Құдай үйіне арнап жасаған істерімді ешпiре көрме Жаратқан Ием! Мені әр дайым есіңе ал» - деп жалбарынады Аллаға (Нех. 13:14). Естелік кітабында әрбір әділетті іс, шындалған сынақ, жеңілген зұлымдық, мейірімді сөздер, Иса үшін шеккен қасірет - барлығы мұқият жазылып қойылған. Осы орайда жыршы: «Менің қанша уақыт босығаным Сенде санаулы; көз жасымды құмыраңа құйып қой - мұның барлығы Сенің кітабыңда жазулы емес пе?» деп хабарлайды (Жыр. 55:9).

Сол секілді сол кітапта адамдардың кінәлары да жазылады: «Кез келген іс жақсы болсын, жаман болсын Құдай сотына тартылады» - дейді Сүлеймен патша (Уағ. 12:14). Аузынан шыққан әрбір сөзге адам жауапты. Өйткені: «Сезіңе байланысты жауапқа да тартыласың және сөзіңе байланысты ақтала да аласың» - деп жазылған Киелі Жазбада (Матай 12:36,37). «Жүрегіңдегі кез келген пиғылың Құдайға мөлім»

- делінген (1Қор.4:5). Бұзақылық, сөздер, менменшіл және өзімшіл істер, орындалмай қалған міндеттер, кез келген құпия күнә, босқа жіберілген уақыт, пайдаланылмай қалған мүмкіншілік, жақсы болсын, жаман болсын біреуге тигізген әсерің - осы айтылғандардың барлығын періштелер қалдырмай жазып отырады.

Сот күні адам әділдіктің өлшеуіші - Құдай заңы арқылы тексеріледі. Осы орайда Сүлеймен пайғамбар: «Құдайдан қорқыңдар және Оның заңын орындаңдар, өйткені адам баласына ең керегі осы және кез келген іс жақсы болса да, жа- ман болса да сотқа тартылады» - дейді (Уағ. 12:13,14). Жұмаққа кіруге құқылы деп табылғандар, бұрын қайтыс болып кеткен пәк жандардың қайта тірілуінің куәгерлері болады. Иса былай дейді: «Ал өлімнен тіріліп, жұмаққа баруға лайықтылар періштелер іспетті болады. Себебі олар тіріліп, Құдайдың балалары атанады» (Лұқа 20:35,36). «Жақсылық жасағандар қайта тіріледі» - дейді бізге Киелі Жазба (Жох. 5:29). Шынайы болып өлгендер сот біткеннен кейін, «ақталды» деген үкімнен соң қайта тіріледі. Яғни олар өздерінің істері қаралып жатқан сотқа қатыспайды. Сотта олардың Қорғаушылары Иса Мәсіх болады. Мәсіх Құдайдың алдында тақуалар үшін өтініш жасайды. «Ал егерде сендердің араларыңда біреу байқамай күнә жасаса, оның орнына Құдайдың алдына оның Іздеушісі - Иса Мәсіх барады. (ІЖох. 2:1). «Мәсіх біздер үшін көктегі қасиетханаға кірді» - деп жазылған Құдай сөзінде (Евр. 9:24). «Сондықтан да біз Иса арқылы Құдайға келіп, жасаған қателіктерімізге кешірім ала аламыз. Өйткені Мәсіх тірі және үнемі біздің мүдделерімізді қарастыруда» (Евр. 7:25).

Сот уақытында Құдайдың алдында көктегі кітаптар ашылған кезде, солармен қатар Киелінің алдында Исаға сенетіндердің де өмірі ашылады. Сонда біздің көктегі Қорғаушымыз жер бетінде өмір еткен алғашқы адамдардан бастап сол кезде өмір сүріп жатқан соңғы адамдарға дейін жетіп, Өзіне сенетін қалаулы халқы үшін мәңгі жасап келе жатқан Құдай Тағаланың алдында өтініш жасайды. Осы сотта олардың әр қайсысының жеке - жеке аттары аталады, мұқият түрде өмірлері қаралады. Біреулері қабылданса, енді біреулері қабылданбай қалады. Егер адам тәубесіне келмесе, яғни оның кешірілмей қалған күнәсі болса, сол адамның есімі өмір кітабынан өшіріліп, естелік кітабында жазылған жақсы істері жойылады.

Құдай: «Егер де біреу Менің алдымда күнә жасаған болса, оның есімін «өмір кітабынан» өшіріп тастаймын» деп Мұса пайғамбарға айтқан болатын (Мыс. 32:33). «Егер имандылар шыншыл шынайы істерінен шегініп әділетсіздік жасайтын болса, оның бұрын жасаған жақсы істерінің барлығы ұмытылатын болады» - дейді Езекиел

пайғамбар (Езк. 18:24). Ал кімде кім шынайы түрде барлық кінәларын мойындап, Исаның құрбандығын қабыл алып, сол арқылы күнәларына кешірім алатынына сенетін болса, олардың күнәлары ешіріліп ездеріне мәңгілік өмір сыйға тартылатын болады. «Мен Өзім үшін сендердің қылмыстарыңды өшіріп, күнәларыңды еске алмаймын» - деп пайғамбар арқылы Құдай бізге уәде береді (Ишая 43:25). «Зұлымдықты жеңгендерге ақ киім кигіземін және олардың есімдерін Құдайдың және Оның періштелерінің алдында баяндаймын». «Мен ту-ралы жұртқа айтатындардың есімдерін Мен де Құдай Тағалаға айтамын, ал Менен бас тартқандардан Құдай Әкенің алдында Мен де бас тартамын» - дейді Иса Мәсіх (Аян 3:5; Матай 10:32,33).

Жер бетіндегі сотта адамдардың істері қаралған кезде төреші қандай мұқият болғанымен қателесуі әбден мүмкін, ал Құдай ешқашан қателеспейді және әділетті шешім шығарады. Ақталғандар Исаның мұрагерлері атанып, Бейіш бағына қайтып оралады (Миха 4:8). Шайтан адамдарды алдап арбау арқылы Құдайдың жоспарын бұзбақ болып үміттенді, ал Мәсіх сол күнә болмағандай Құдайдың жоспарының іске асырылуын сұрайды. Иса Өз халқының ақталғанын ғана емес, сонымен қоса Оның атағын бөлісіп, қасында отыруларын да сұрайды. Иса Өз халқы үшін өтініш жасап жатқанда, шайтан қылмыскерлер ретінде оларды Алланың алдында кінәлап жатады. Ұлы әзәзіл сол қылмысқа адамдарды өзі итермелегеніне қарамастан, олардың әрбір кінәсін Аллаға баяндап, енді өзі олардың иесі болуға хұқылы екенін дәлелдейді.

Иса болса, оларды кінәсіз демейді, бірақ олардың сенім арқылы кешірім алуға құқылы екенін айтып, Құдай мен періштелерге Өзінің солар үшін тесілген қолдарын көрсетіп: «Мен олардың әрқайсысының атын білемін. Есімдерін алақаныма сызып қойғанмын. Жүректері күйзеліп, өкінішпен мойын ұсынып тұрғандарды Сен жек көрмейсің Алла» - дейді (Жыр 50:19). Сонан соң халқын кінәлап тұрған жауызға қарап: «Иерусалимді таңдап алған Алла саған тыйым салсын шайтан, өйткені ол Киелінің жалыннан суырылып алынған шоғы емес пе еді?» - деп оның бетін қайтарады. (Зөк. 3:2). Мәсіх халқын Құдай Әкенің алдына әкеліп, оның кіршіксіз таза қауым екенін Киеліге көрсету үшін, оларды Өзінің әділеттілігімен киіндіреді (Еф. 5:27). Сөйтіп сол адамдардың есімдері «өмір кітабына» жазылады. Бұлар жайлы: «Айтулы қауым ақ киімдерін киіп, Менімен бірге жүреді, өйткені олар соған тұрарлық» - деп жазылған Киелі Кітапта (Аян 3:4).

Осылайша жаңа өсиеттік уәде орындалады: «Сонда Мен олардың әділетсіз істерін рақымшылықпен кешіріп, жасаған күнәларын бұдан былай есіме алмаймын. Сол заманда Исраилдің айыбы

мен Яхуданың күнәсі іздесе де, еш табылмай жоқ болып шығады» (Ерм. 31:34,50:20). Сол кезде тірі қалғандардың барлығы киелі болып саналады (Ишая 4:2,3). Сот тергеуі мен күнәнің жойылуы Исаның екінші рет жер бетіне келетіні алдында аяқталуға тиісті. Өлгендердің ісі кітаптағы жазулар арқылы қарастырылатын болғандықтан, адамдардың күнәсін сот аяқталмай өшіруге болмайды. Бірақ елші Петір: «Рухтарыңды жаңғыртатын мезгіл келгенде Құдай алдын ала тағайындалған Құтқарушы Мәсіх Исаны жібереді» - деп анық айтады (Елш. 3:19,20). Сот тергеуі аяқталғаннан кейін Мәсіх жер бетіне келіп, ісіне қарай әрбір жанның сыбағасын береді. Ежелде бірінші діни қызметкер езінің бейнелеме қызмстіндс Израилді ақтау ісін аяқтағаннан кейін, халыққа шығып, оларға батасын берген. Дәл солай Мәсіх те арашалау қызметін аяқтағаннан кейін халқын «күнәдан тазарту үшін емес...құтқару үшін келеді» (Евр. 9:28). Діни қызметкер қасиетханадан күнәні алып шығып, текенің басына артқанындай, Мәсіх те халқының күнәсін зұлымдықтың әкесі ібілістің басына қояды. Басына күнә артылған теке жапан далаға қуылып жіберілгеніндей (Леу. 16:22), халықты зұлымдыққа итермелеген албасты мың жыл бойы қаңғырап бос қалған планетада жалғыз шұбырып жүруге мәжбүр болады. Ал ең соңында барлық күнәкарларға дайындалған отқа ібіліс бірге түсіп, әділетті жазасын алады. Осылайша зұлымдықты жеңе білгендер ақталып, күнәні жою үшін құрылған құтқару жоспары аяқталады. 2300 күн аяқталғаннан кейін, яғни 1844-ші жылы тергеу соты басталды. Исаның избасарларымыз дейтіндердің ісі мұқият түрде қаралып жатыр. Тірілер де, өлгендер де кітаптарда жазылған жазулар бойынша ютеген істеріне қарай сотталады. Тәубасына келмеген адамдардың кешірілмей қалған күнәлары кітаптарда сол жазулы қалпында қалады және ақыр күні адамдардың өздеріне қарсы куәгерлік жасайды. Періштелер үлкен болсын, кішкентай болсын кез келген күнәні коріп тұрады. Қылмысты әкеңнен, шешеңнен, әйеліңнен, балаларыңнан, достарыңнан жасыруға немесе мойындамай қоюға болады және ол туралы ешкім еш уақытта білмеуі де мүмкін. Бірақ Алладан ешкім ештеңе жасыра алмайды. Оған істеген істерің, сөйлеген сөздерің, ойлаған ойларың, жүректеріңнің түкпірлерінде тығылып жатқан барлық қылмыстарың мәлім. Оны алдай алмайсыңдар. Құдайға адамның ішкі дүниесі көрініп тұрады.

Қандай салтанатты ой! Күндер зуылдап өтіп жатады, ал біздің өміріміз жайлы мәлімдемелер көктегі кітапта тізіліп жазылып отырады. Періштелер адамдардың жаман істерін де, жақсы істерін де белгілейді. Ешкім өткен күндерін артқа қайтара аламайды. Ең күдіретті деген жауынгердің өзінің бір күнін де кейінге шегеретін мүмкіндігі

жоқ. Соңғы күні тағдырымыздың шешілуі өмірімізге тікелей байланысты. Ұмытылып қалған ұсак-түйектердің өзі ақталуымызға немесе жазалануымызға өсерін тигізеді. Суретке түскен кезде пленка адамда қалай бейнелеп қалса, көктегі кітаптарға біздің істеріміз дәл солай кешіріледі. Бірақ оны ойлап, қам жеп жатқан адамзат баласы жоқ. Егер Алла адамдарға көрінетін дүнис мен көрінбейтін дүниенің арасындағы шымылдықты ысырып, періштелердің қандай жұмыстармен айналысып жатқандарын көрсететін болса, онда біздер қаншама айтылатын сөздерді айтпаған, жаман істерді жасамаған болар едік. Біз өздерімізге берілген дарындылықты қалай және қаншалықты пайдаланғандарымыз үшін, қаражаттарымызды қалай, қайда жұмсағандарымыз үшін жауап береміз. Білегіміздің, санамыздың, жүрегіміздің күшін пайдаландық па? Уақыттарымызды, дауыстарымызды, алған баталарымызды қайда жібердік? Құдай үшін не істедік? Қамыққандарға, жетімдерге, жесірлерге көмектестік пе? Құдай бізге өзінің Киелі Сөзін сеніп тапсырды. Ал біз ақиқатты басқаларға уағыздадық па? Біздерге тапсырылған істі сүйіспеншілікпен орындай білдік пе? Құдайдың махаббатын жан жағымыздағыларға көрсете алдық па? Ниетіміз қаншалықты таза? Осының барлығы үшін біз жауаптымыз.

Адамдардың өзімшілдіктері қаншалықты өнерлене отырып жасырғандарына қарамастан сол күні айқындалады, ошкереленеді. Жұрт Алланың заңын ұмытып, «жақынына жәрдемдес» деген Оның сөзіне немқұрайды қарағаны үшін жауап береді. Адамдар Құдайға тиесілі уақыты мен күшін шайтанға жұмсағандарын өз көздерімен көреді. Ақиқат сеніп тапсырылған Исаның ізбасарлары немен айналысып жүр? Дүние қорып, ойын сауықпен уақыт өткізуде. Олар Киелі Жазбаны зерттеуге, дұға оқып күнәларын мойындап Құдайға мойынсұнуға, мейірімділік істер жасауға, яғни Алланың көңілінен шығуға өте аз уақыт бөледі.

Ал ібіліс пен оның қара күштері біздің негізгі мақсатымызды орындауға кедергі жасап, аямай күштерін жұмсауда. Адамдарды Исадан бұрып әкетіп, ақиқаттан алыстатса жеңіске жететінін албасты жақсы біледі. Исаның қуанышын бөлісетіндер, Құдайдан қорқа отыра, өз міндеттеріне жауапты түрде қарайды. Олар бос әурешілікке, күйбең тірлікке, ойын сауыққа уақыттарын кетірмейді. Ақиқатты мұқият зерттеп, өз тағдырларына немқұрайды қарамай, Құдайдың тапсырған қызметімен шындап айналысады. Тергеу соты жайлы ақиқатты Құдай халқы жақсы түсінуі керек. Ұлы бірінші діни Қызметкердің біз үшін не жасап жатқанын адамзат білуге тиісті. Онсыз мықты сенімге ие болу мүмкін емес. Кез келген адамның

кеудесінде мәңгілік өлімге душар болатын немесе мәңгілік өмірге ие болуға құқылы жаны бар. Бәріміздің де өміріміз ақиқат таразысына салынып өлшенеді. Бәрімізге де Ұлы Төрешімен бетпе-бет кездесуге тура келеді. Сондықтанда тағдырымыздың біржолата шешілетін кезі - соңғы күннің келетінін ешкім есінен бір мезетте шығармауы керек. Өйткені бәріміз Даниял пайғамбарымен қатар тұрып, тағдырымыздың шешілетін сәтін күтетін күн туады. Ақиқатты танып білгендер оны басқалармен белісуге міндетті.

Көктегі қасиетхана - адамзат үшін берілген Исаның қызмет орталығы. Бұл еңбектің барлығымызға да қатысы бар. Ол ақталу жоспарын ашып, жердің тарихының аяқталу кезіне әкеліп тірейді.

Исаның көктегі қасиетханада адамзат баласы үшін өтініш жасап тұрған қызметі, айқыш ағаштағы өлімі секілді құтқару жоспарының бір бөлігі. Ол Өзінің өлімімен осы жұмысты бастады және оны аяқтау үшін, қайта тірілгеннен кейін көкке көтерілді. Біз Исамен бірге шымылдықтың арғы жағына сеніммен кіруіміз керек (Евр. 6:20). Онда Ғолгота айқыш ағашынан нұр шашырап тұр. Сол арада біз ақталу құпиясын жақсы түсінеміз. Адамзаттың құтқарылуы Құдайға өте қымбатқа түсті, бұл құрбандық Құдайдың бұзылып қалған заңының барлық талаптарын қанағаттандырады. Иса бізге көкке жол ашып берді, енді Оған сеніммен келетіндер Құдайға өздерінің тілектерін тікелей жібере алады.

«Қылмысын жасыратындар жеңіске жете алмайды, ал оны мойындап кейін қайталамайтындар кешіріледі» (Нқл. 28:13). Қатесін жасырып, өздерінің ақталуларына себеп іздейтіндер албастының қаншалықты қуанып, Мәсіхті қалай мысқылдайтынын көрсе, бұл күнәларынан тезірек құтылуға асығар еді. Ібіліс адамның кемшіліктерін жақсы пайдаланады, егер ол бұл кемшіліктерді адамның бойына сіңіре білсе, өлбетте жеңіске жетеді. Сондықтан шайтан «жаман мінезден арылу мүмкін емес» - деп адамның санасын сірестіріп тастауға тырысады. Иса болса, Оның соңынан ерем деушілерге жарақаттанған денесін, тесілген қолдарын көрсетіп, Оның соңынан жүруін қалайды: «Саған деген игілігім жеткілікті». «Менің бейнетімді бөлісіп, Менен үйреніңдер, өйткені Мен момынмын, көнгішпін, сонда жандарыңа тыныштық, орнайтын болады. Менің тепкім пайдалы және сендерге беретін жүгім жеңіл» дейді (1Қор.12:9; Матай 11:29,30).

Қатені түзеу мүмкін емес деп ешкім ойламасын. Құдай күнәні жеңуге күш те, сенім де береді.

«Есімдеріміз өмір кітабынан өшірілмесе екен» - дейтін жандар қателерін мойындап, тәубаларына келулері керек. Жүректеріңе терең үңіліп қарандар. Өздерін Құдайдың қауымының қатарындамыз

дейтіндер бойларынан жиі көрінетін жеңілтектікті жеңулері керек. Бұл ұлы шайқас. Ұжым - ұжыммен құтқарылу мүмкін емес, әркім өзі үшін жауап береді. Бір - бірлеріңе қараудың қажеті жоқ. Әркім сынаққа түсіп одан мүлтіксіз таза болып шығуы керек. Қазіргі кезде көкте сот жүріп жатыр. Оған көп уақыт болды. Жуырда, қапиан екенін ешкім білмейді, тірілердің ісі қаралады. Сол себепті әрбір жан Құтқарушының сөзін естен шығармауы керек: «Қалғымаңдар! Шынайы тілек тілеңдер, өйткені айтулы уақыттың қашан келетінін сендер білмейсіңдер» дейді Ол (Марқа 13:33). «Егер оянбасаң саған ұры секілді қапелімде келемін, қай кезде сені іздеп табатынымды сен біле алмайсың» - дейді бізге Раббымыз (Аян 3:3). Сот тергеуі аяқталғаннан кейін әр адамның тағдыры бір жола шешіледі. Сынақ уақыты Иса жер бетіне келместен біразырақ бұрын аяқталады. Исаның мына сөздері заңсыздықтарын тоқтатпайтындарға арналған: «Қылмыскер қылмысын жасап, арамдар арам істерін жалғастыра берсін әділдер әділ істерін жалғастырып, қасиеттілер қасиеттілене түссін. Жуырда келемін және әркімнің тиесілі сыйлығын беремін» (Аян 22:11,12). Шынайы жандар да, зұлымдар да егін егіп, үй салып, ішіп - жеп жер бетінде қатар өмір сүріп жатады, бірақ олар тағдырларының шешіліп қойылғанын білмейді.

Топан суы қаптамас бұрын Нұх пайғамбары кемеге кіріп оның есігі жабылғаннан кейін де құдайсыздар өздерін күтіп тұрған сұмдық жайлы түкте білмей, пайғамбарды боз-баяғысынша келемеждеп, жеті күн бойы мәре-сәре өмір сүрген. Ақыр заманда Құтқарушы келердің алдында да дәл солай болады деп Киелі Кітапта жазылған (Матай 24:39). «Сондықтан, сендер ұйықтап жатқанда сол күн өздерің үшін кенеттен келмес үшін, тілек тілеп әрқашан да дайын болыңдар!» - дейді пайғамбар (Марқа 13:35,36). Ақырет туралы ойламай, емірдің қызығына түсіп жүрген жандар қатты қателеседі. Дүниеқоңыздар дүниенің соңында жүргенде, ләззәтті сүйетіндер құмарлықтарын қандырудың қамымен айналысып, сәнқойлар сәнді киім іздестіріп жатқанда, дәл сол сағатта бар ғаламның Әміршісі: «Сен ақиқаттың таразысына салынып, өте жеңіл болып шықтың» - деген үкім шығарады (Дан. 5:27).

Зұлымдық ошағының пайда болуы

Күнәнің пайда болуы және оның қалыптасып қалғаны көпшілік үшін құпия. Зұлымдықтың қандай қайғы мен соққыға ұшырататынының куәсі болған жұрт: «Қалайша махаббаты, даналығы және билігі шексіз Алла оның пайда болуына жол берді екен» деген сұрақ қояды. Олар үшін бұл құпияны ширатып алу мүмкін емес. Түсінбеушіліктің салдарынан олар Киелі Жазбадағы біздің құтқарылуымызға байланысты берілген және айқын көрсетіліп тұрған ақиқатты көрмейді. Күнәнің пайда болу себебін білу мақсатымен Құдайдың тыйым салатын аймағына өтуге тырысатын кейбір жандар өз сұрақтарына ешбір жауап таба алмай, сынау және сезіктену рухымен қаруланып, «айтулы қиындықтарды шешу мүмкін емес» деп ақталып, Киелі Жазбадан бас тартады.

Құдайдың бар екенін, Оның табиғатын, күнәға деген қарым-қатынасын толып жатқан неше түрлі ілімдердің салдарынан көре алмайтын, сол себепті де зұлымдықтың барлығына қомақты түсініктеме ала алмайтын адамдар да бар. Күнәнің пайда болуын және оның барлығын логикаға сүйене отыра түсіндіру мүмкін емес. Күнәнің пайда болуы мен оның біржола жойылу барысын қарастыратын болсақ, Құдайдың шексіз мейірімді екенін көруге болады. Күнәнің пайда болғанына Құдай жауапты емес. Оның көкте пайда болуына еш себеп жоқ. Күнәнің пайда болуы түсініксіз, ол - шақырылмаған қонақ, сондықтан біз үшін ол құпия. Күнәні ақтау, оны қорғаумен бірдей. Оның пайда болуының себебі белгілі немесе оның пайда болуын ақтауға болатын болса, онда ол күнә болып табылмаған болар еді. Күнәнің

жалғыз ғана анықтамасы бар. Күнә (қылмыс) дегеніміз - заңды бұзу. Күнә, Жаратқанның билігі негізделіп тұрған Құдайдың заңына қарсы ұстанымдарға бағынғандықтан пайда болады.

Зұлымдық пайда болғанға дейін бар Ғалам бейбітшілік пен қуанышқа беленіп, Құдайдың еркі бойынша сүйіспеншілік ырғағымен тербеліп тұрған. Олардың Құдайға деген ниеттері пәк, бір - бірлеріне деген сүйіспеншіліктері таза болған. Мәсіх - Сөз, Ол Құдайдан және Құдаймен біріккен. Олардың табиғаттары да, пиғылдары да бір, Олар ниеттес. Құдай Әкенің ойындағының барлығы Мәсіхке белгілі болған. Көктегі жан иелерінің барлығын Құдай Иса Мәсіх арқылы жаратқан. «Өйткені көктегі, жердегі, кезге көрінетін және көрінбейтін нәрселердің бәрін Құдай Өзінің рухани Ұлы арқылы жаратты: тақтар мен үстемдік иелері, билеушілер мен әміршілер - бәрі де Мәсіх арқылы және Мәсіх үшін жаратылған. Олардың барлығы көктегі Әкеге және Мәсіхке бас иіп, тағзым етеді (Қол. 1:16). Құдайдың билігінің негізі сүйіспеншілік заңы болғандықтан, барлық жан иелерінің бақыты әділеттіліктің ұстанымдарына қаншалықты толық сөйкес келетініне байланысты болған. Құдай жаратылыс иелерінің Оған, Киелінің мінезін жақсы білгендіктерінің нәтижесінде пайда болған сүйіспеншілікпен қызмет етулерін қалайды. Құдай ешкімді де күшпен бағындырмайды, адамдар Оған өз еріктерімен қызмет етуге құқылы.

Дегенмен Құдайдың берген бұл кеңшілігін теріс пайдаланған біреу бар.

Барлық; көктегі жан иелерінің ішінде, Исадан кейінгі орында тұрған сол біреудің бойында зұлымдық пайда болды. Занды бұзғанға дейін ібіліс күнәсіз, пәк, жарқылдаған періштелердің бірі болған. Бұл жөнінде Киелі: «Сен кемелденудің мөрісің, толық даналық пен сұлулық тәжісің. Сен Құдайдың Бейіш бағында жүрдің. Сенің киімдерің неше түрлі бағалы тастармен әшекейленген болатын. Жан жағыңа нұр шашып тұру үшін әдейілеп сайланған періште болатынсың. Құдайдың киелі тауын бастың, лаулаған тастардың арасында жүрдің. Жүрегіңде заңсыздық пайда болғанға дейін түзу жолда тұрған болатынсың» - дейді (Езк. 28:12-15). Ібіліс өзінің күші мен ықыласын Құдайды мадақтауға бағыттаса, үнемі көктегілердің сыйы мен сүйіспеншілігіне бөленген болар еді.

Осы орайда пайғамбар: «Сұлулығыңа мастанып көкірегіңді көтердің, шенқұмарлығыңның салдарынан даналығыңды жойдың» (Езк. 28:17) дейді. Бара - бара ібіліс бұрынғысынан да бетер жоғары көтерілуге ұмтылды. Ол өзінің ақылын Құдайдың ақылымен тең қойып (сол жерде 6-шы өлең): «Тағымды көктегі жұлдыздардан да жоғары орналастырамын, таудың ұшар басына шығып, құдайлар

жиылысына қатысамын... Бұлттардың үстіне көтеріліп, Тәңірмен тең боламын” (Ишая 14:13,14) деді. Құдайды мадақтап Оған қызмет еткеннің орнына, барлығын өзіне бағындырып, өзіне тағзым еткізбекші болды. Сөйтіп ол Исаға тиесілі билікке жармасты.

Көктегі барлық жан иелері Алланың есімін мадақтағаннан, Оның нұрына бөленгеннен зор қуанышқа ие болатын. Құдай соншалықты сыйлы болып тұрған кезде көкте тыныштық та болды. Ал бүлікші пайда болғаннан кейін көктегі үйлесім де бұзылды. Құдайдың еркіне қарама-қарсы келетін өркөкіректік бұрын Құдайға қуанышпен қызмет еткен көктегілердің көкейінде жауыздық сезімдерді туғызды. Көктегі кеңесте ібіліске көп ақыл айтылды. Құдайдың рухани ұлы, Тәңірдің мейірімді, әділетті, ұлы екенін және Оның заңының тұрақты да қасиетті екенін айтып, ібілісті соған иландыруға тырысты. Бірақ шексіз махаббат және мейірімділік Иесінің барлық айтқан сөздері зұлым гіеріштенің бойында қарсыласу рухын қоздыра түсті. Күншілдік сезімі бойын билеп, ібіліс одан сайын жауыздана түсті. Өзін - өзі мактан тұтып, жоғары билікке ие болғысы келді. Қаншама дарындылықты сыйға тартып, жан жағынан мейірімділікпен коршап тастаған Алланың еңбегін ол бағаламады. Көктегілер оған құрметпен қарады, періштелер оның бұйрығын қуанышпен орындап отырды, оған ұлы даналық пен атақ берілді. Бірақ көктің билігі Құдаймен теңдес, Оның рухани Ұлы Исаның қолында болды. Мәсіх Құдаймен ниеттес болатын, ал ібіліске Оның ойы беймәлім болып қала берді. «Неліктен көктің билігі Исаға тиесілі болуы керек?» деп өзіне өзі сұрақ қойды бұл періште. Неге Ол, менен - ібілістен артық болуға тиісті? Осылайша ол Құдай алдындағы қызметін тастап, періштелердің арасында арандату жұмыстарын жүргізе бастады. Ібіліс Құдайға деген пиғылын сиқырлы бетпердемен жасырып, Алланы шын түрде құрметтейтіндей сыңай танытып, ал шын мәнінде көктегілердің арасында Құдай заңына деген қарсылық туғызғысы келді. «Періштелер қасиетті және пәк болғандықтан оларға ешқандай заңның керегі жоқ, олардың өз еріктері өздерінде болулары керек» деп үгіттеді ол көктегілерді. «Құдай бар билікті Мәсіхке беріп, осылайша маған қатысты әділетсіздік жасап тұр» деп, өз ойымен оларды ортақтастырғысы келді. «Менің билікке ұмтылуымның басты себебі, өзімді - өзім көтеру емес, көктегі тұрғындардың жағдайын бұрынғысынан да жоғары деңгейге көтеру» - деп, оларды соған сендірмек болды.

Шексіз Алла мейірімді болғандықтан, ібілістің жасап жүрген ісіне шыдамдылық танытты. Қанағатсыздану рухымен қаруланып алған әзәзіл, өзінің орнын бірден жоғалтқан жоқ, тіпті періштелердің арасында үгіттеу жұмыстарын жүргізіп жүргеннің өзінде, ол әлі де

болса өз орнында тұрған болатын. Бұл зұлым періште бірден көктен қуылған жоқ. Оның төубасына келуіне сансыз рет мүмкіндік берілді. Шексіз махаббат және даналық Иесі оның көзін ашып, қателіктерін мойындату мақсатында көп еңбектенді. Сол уақытқа дейін көктегілер жанжал дегеннің не екенін білмеген болатын. Бастапқыда ібілістің өзі де бұл жанжалдың неге әкеліп соқтыратынын білмеген еді, өйткені ол өз сезімінің табиғатын түсінбеген болатын. Бірақ оның наразы болуына ешқандай негіз жоғы корсетілгеннен кейін, ібіліс өзінің істерінің дұрыс емес, ал Құдайдың талаптары әділетті екеніне көзі жетті. Барлық көктегі тұрғындардың алдында ол өз қатесін мойындауға тиісті болды. Дәл солай істегенде ол өзін де, оған еріп тұрған періштелерді де құтқарып қалған болар еді. Сол кезде ібіліс әлі де болса Құдайға бағынатын. Жарқ-жұрқ еткен әйгілі періште бұрынғы орнын жоғалтқанымен, Алланың жоспары бойынша тұрған орнына ризашылығын білдірсе, кейін Құдай оған бұрынғы орнын қайтарған болар еді. Зұлым періште қателігін түсініп, оны мойындауға бет бұрғысы келгенімен, тәкәппарлығын жеңуге дәрмені жетпей, намыстанып, еркөкіректік оның Құдайға бағынуына мүмкіндік бермеді. Әзәзіл өз дегенінің дұрыстығын дәлелдеп, қырсығып тұрып алғандығының нәтижесінде, абырой мен ардан жұрдай болып, өзінің Жаратушысына қарсы шайқасқа шықты. Осылайша ол бар даналығын періштелерді ақиқаттан тайдыру жолына жұмсады. Шайтан өзін жақсы көретін періштелерге шағым айтып: «Мәсіх барлық көктегілердің алдында мені мазақ қылғысы келеді» деп, Оны қаралай бастады. Ал алдауына көнбегендерін, парықсыздар -деп кінәлады. Құдайға адал болып қалғандарға ол өз мойнындағы кінәні тақты. Көздеген мақсатына жету үшін Алланың істеген істері мен айтқан сөздерін басқаларға керісінше жеткізіп отырды. Жауыздық саясатын әрі қарай жалғастыра отырып, ол періштелерді үгіттеу арқылы, олардың көкейлерінде Құдайға деген сенімсіздік туғызғысы келді. Қарапайым нәрселерді құпияға айналдырып, Киелінің сөздерін бұрмалап отырды. Оның ие болып отырған орны, Алланың ісіне қатысып отырғаны ібілістің әрекетіне септігін тигізіп, оның көкейіндегісін іске асыруға әсер етті. Сол себепті көктегі қауымның көпшілігі алданып, әзәзілдің шайқасына қосылды.

Алла, ібіліс Оған қарсы ашық шайқасқа шыққанға дейін оның істеп жүрген істеріне кедергі жасамады. Бұл оның шын мәнінде кім екенін басқаларға көрсету үшін қажет болған еді. Ібіліс әдейілеп сайланған періште болғандықтан, барлық аспанның тұрғындарына үлкен өсерін тигізетін. Ал Құдай тек аспанның тұрғындарына ғана қамқорлығын жасап қоймай, Өзі жаратқан басқа ғаламдарға да

билік еткен. Әзәзіл болса өзінің шайқасына періштелерді кірістірсе, соңынан басқа ғаламдағыларды да алдап, өз жағына шығарамын деп үміттенді. Ол өз жоспарын епті және сәнді түрде құра отыра, неше түрлі айлакерлік әрекеттер жасады. Албастының азғыру күші өте үлкен болатын, сол себепті өтіріктің жабуын жамылып алған ол дегеніне жетті. Сенімді деген періштелердің өздері ібілістің мінезін толық түсіне алмады және оның бастаған ісінің неге әкеліп соқтыратынын ұқпады. Албасты өте жоғары орынға ие болған және ол өзін өткізгішсіз құпиямен қоршап тастады, сондықтан періштелерге оны түсіну қиынға соқты. Күнә күш алып дами бастағанға дейін, ешкім оны кермеді. Соған дейін бар ғаламда күнә дегеннің не екенін ешкім білмеді. Құдай заңын бұзғанның неменеге әкеліп соқтыратынын олар тіпті де білмеді. Өйткені шайтан өзінің нағыз пиғылын мұқият түрде олардан жасыра білді. Ол өзі Құдайдың даңқы мен атағын бекіткісі келетінін және көктегілердің камын ойлап жүргенін айтып, барлығын соған сендірмек болды. Қарамағындағы періштелердің санасына келіспеушіліктің уын бір тамшыдан ғана құйып отырып, бар күшін салып осы түсінбеушілікті тоқтатқысы келетінін айтып, байғұстарды алдаған үстіне алдай түсті. Оларға «Құдай заңына өзгеріс енгізсек қана көкте тыныштық орнайтын болады» деп түсіндірді.

Құдай күнәмен тек әділдік пен ақиқат арқылы ғана шайқаса алады. Ал шайтан болса, жағымпаздық пен өтірікті пайдаланды. «Құдай барлығынан жарғылар мен заңдарды орындауын талап ететін себебі, өзін - өзі дәс көтергісі келеді» деп Ібіліс Құдайды жазғырумен болды. «Мен де бар ғаламға жақсылық пен бақыт тілеймін» деп, ешкімге арам пиғылын көрсетпеуге тырысты. Сол себепті бар ғалам оның шын мәнінде кім екенін білуі керек болды. Ал оның арам пиғылы өшкерелену үшін әрине уақыт қажет.

«Көкте шыққан жанжалға Құдайдың заңы мен Оның билігі себеп» деп жариялады ібіліс. «Зұлымдық Оның билік еткенінен пайда болды, ал менің мақсатым тек Оның шығарған жарғыларын жетілдіру» - деп арыз тастады ол. Сол себепті де оған Құдай заңына өзгеріс енгізуге, билік жүргізуге мүмкіндік берілді және бұл биліктің неменеге океліп соқтыратынын бар ғалам көруі керек болды. Шайтан әуел бастан-ақ кетерілісті бастаған мен емес деп, соған неше түрлі дәлелдер ұсынды. Сол себепті бар ғаламның алдында оның өтірігі айқындалуы қажет болатын.

«Албасты аспанда қала алмайды» деген шешім іпыққаннан кейін де, шексіз даналықтың Иесі оның көзін жойып жіберген жоқ. Өйткені бар ғалам соңына дейін Құдайдың әділеттілігі мен мейірімділігіне әбден көздерін жеткізулері керек болды. Егер Құдай шайтанның көзін

жойып жіберсе, онда қалғандары Алланы жақсы көргендіктен емес, Одан қорыққандықтарынан қызмет еткен болар еді. Сөйтіп олар шайтанның салып кеткен күдігінен ешқашан арыла алмас еді. Сол себепті зұлымдық пісіп жетілуі керек болды. Бар ғаламның бақыты үшін Құдай шайтанды еркіне жіберді. Сонда ғана оның зұлымдығы әшке-реленіп, ғаламдағылар Құдайдың мейірімді және әділетті екеніне көз-дері жетіп, Оның қасиетті заңы мәңгілік бекіп қалатын болды. Варлық ғасырлардағы Ібілістің кәтерілісі жан иелерінің барлығына мәңгі бақи сабақ болып қалуы керек болды. Бұл Құдай заңын ұнатпаған-ның нотижесі. Құдай жаратқан жан иелерінің бақытының Алланың ұстанымдарын дұрыс пайдалануларына, Оның қасиетті заңын мүл-тіксіз орындауларына тікелей қатысы бар. Ұлы өтірікші көктегі шайқас аяқталғанша өзін езі ақтаумен айналысты. Ол өзінің ізбасар-ларымен бірге көктен қуылатынын білген кезде ғана, Құдай заңын жек көретінін ашық жариялады. «Періштелердің барлығы қасиетті, оларға қандайда болса жақсылық жасау үшін ешқандай заңның қажеті жоқ. Олардың бостандығын кісендеп тұратын заң атаулыны жою керек, сонда ғана олар бұрынғысынан да биік жағдайларға жетіп, даңққа ие бола алады» деп арыз тастады ол. Шайтан және оны жақта-ушылар: «Егер Ол бізді жазғырмағанда, ешқандай шайқас болмайтын еді» - деп, бар пәлені Мәсіхтің басына үйіп төкті. Ақыры Құдайдың бас-шылығына қарсы шыға тұра, соған қарамастан өздерін «кінәсіз» деп жариялаған Ібіліс және оның жақтаушылары аспаннан қуылды.

Көктегі бастаған ісін жерде жалғастырып, ұлы көтерілісші жер-дегілердің санасын уландырып, зұлымдық жасауға шабыттанды-руда. Ол періштелерді азғырған тәсілдерін адамдарды азғырған кезінде де пайдаланды. Мұнда да ол Құдай заңын орындамайтын-дарға бостандық беруге уәде етеді. Кінәсін бетіне басқан кезінде ашуланатын жандар, шайтанның рухымен қаруланып алғандар. Қателіктерін түзеткеннің орнына олар керісінше оны байқаған-дарға қарсы шығады. Әділетті Әбілден бастап осы заманға дейінгі кінәлілер кінәсін ошкерелейтіндерді жек көреді. Шайтан адамдарға Құдайды қатыгез жауыз қылып корсегіп, оларды күнә жасауға итер-мелейді. Бұл жағынан дегеніне жеткен Ібіліс: «Құдайдың өділет-сіз талаптары адамдарды құлдырауға дейін жеткізді» деп әлі күнге дейін жариялауда.

Бірақ Жаратқан Иеміз Өзінің болмысын бізге: «Адамдарды жақсы көретін Төңірлерің мейірімді, шыдамды және шынайы. Ол мың ұрпаққа дейінгі күнә мен қылмысты кешіреді» - деп айқындайды (Мыс. 34:6,7).

Құдай шайтанды көктен қуып жіберіп Өзінің әділеттілігін бекітті. Ал адам болса, шайтанның құрған торына түсіп, күнә жасады. Күнәға батқан адамзат баласын қайтадан тазартып алып шығу үшін Құдай өзінің рухани Ұлын құрбандыққа қиды. Осылайша Алла Өзін адамзат баласына танытты. Ібілістің таңдаған жолының Құдайдың билігіне еш қатысы жоқ, мұның көрнекті дәлелі - айқыш ағаш.

Құтқарушының жер бетіндегі қызметі кезінде әзәзіл Онымен шайқасам деп, өзін - өзі әшкереледі. Әлемнің Құтқарушысына қарсы қатыгез шайқаспен шыққан Ібілісті керген бар ғалам тұрғындары мен періштелер одан біржола түңілді. Мәсіхтің оған бас июін талап еткен азғындығы, мақтаншақтығы, Мәсіхке бас айналатындай биіктіктен жерге секіруге ұсыныс жасаған кездегі арам пиғылы, дін қызметкерлерін Оған айдап салып, Оны бір жерге тұрақтатпай, орын ауыстырып отыруға мәжбүр еткені жене ең соңында «Оны айқыш ағашқа керіп өлтіріңдер» деп талап еткені - осының барлығы ғалам тұрғындарын таң қалдырмай қойған жоқ.

Әлемді Исадан бас тартуға иландырған осы қара күштің иесі болатын. Өйткені Мәсіхтің мінезі, Оның мейірімділігі, махаббаты, нәзіктігі әлемге Құдай Иені танытты, сондықтан Ібіліс Оның көзін жою үшін бар күшін, жауыздығын, өнерін салды. Шайтан Исаның айтқан әрбір сөзіне қарсы шықты. Оның өмірін қасіретке толтыру үшін адамдарды өзінің қаруы ретінде пайдаланып, Оған айдап салып отырды. Осының барлығы тамырын тереңге жіберген кектің нәтижесі болатын. Барлық аспан үнсіздікке шомып, Маңдайтөбенің үстінде Құдайдың рухани Ұлын күншілдіктің, зұлымдықтың, жеккөрушіліктің және кекшілдіктің жалыны шарпып жатқанын жандары түршіге отырып бақылады.

Ұлы құрбандық шалынып болғаннан кейін Мәсіх көкке көтерілді. Бірақ Ол: «Маған бергендерің Менің жанымда болғанын қалаймын» деген тілегін Құдай Әкенің алдына әкелгенше, періштелердің құрметінен бас тартты (Жох. 17:24). Сонда Құдай Әкенің тағынан сүйіспеншілік пен күшке толы дауыс шықты: «Барлық періштелер Оған тағзым етсін» (Евр. 1:6). Исаның бойында бірде - бір кіршік болған жоқ. Оның қорлығы аяқталды. Ол Өзінің жанын адамзат баласы үшін құрбандыққа қиды және Оған кез келген есімнен жоғары ат берілді.

Енді шайтанның ақталуы мүмкін емес. Ол өзінің өтірікші және қанішер екенін дәлелдеді. Шайтан адамдарға: «Құдай заңын бұзсаңдар бостандыққа жетесіңдер» - деген болатын. Керісінше оны бұзу құлдық пен сұмдыққа әкеліп тіреді және оны барлық жандар өз көздерімен көрді.

Албастының Төңір Иені өділетсіз кінәлағаны және оның өзінің жасаған масқара істері әбден әшкереленді. Әзәзіл: «Құдай бар ғаламды

Өз заңына бағындыра отыра, олардан селт етпестей берілгендікті талап етеді, бірақ Өзі жаратылғандар үшін ештеңе жасамайды” - деп Оған пәле жапты. Десе де күллі ғалам шайтанның зұлым әрекеттерін, арам пиғышын өз көздерімен керді. Жазбада: «Құдай Мәсіхтің арқасында адамзатты Өзімен татуластырды» - деп жазылған (2Қор. 5:19). Сондай-ақ Тәңірмен жаратылған жан иелерінің барлығы шайтанның билікке ұмтылу мақсатында күнәға есік ашқанын, ал Мәсіх сол күнәні жою үшін өлімге де келіскенінің куәсі болды.

Солайша Құдай бар ғаламға көтерілістің ұстанымдарын қабылдамайтынын көрсетті. Сонда Ібіліс: «Құдай заңын бұзу - қылмыс болса, онда кез келген қылмыскер Жаратушының мейірімінен біржола айрылғаны, ендеше олардың барлығы - менің жемтігім» деген арыз тастады. Бірақ Мәсіхтің өлімі адамның пайдасы үшін берілген маңызды дәлел (аргумент) еді. Адамзаттың күнәсі үшін тиесілі жазаны Құдаймен тендес біреу Өзіне алды. Мәсіхтің өділеттілігін қабылдауға кез келген адамның еркі бар. Оларға таза да, шынайы өмір етіп жеңіске жетулеріне болады. Бірақ Мәсіх біздің әлемге адамзат баласының күнәсін Өзіне алып, оларды ақтау үшін ғана емес, Құдай заңының әділетті және бөріне пайдалы екенін көрсету және оның абыройын көтеру үшін келді. Құдай заңының тұрақты және мәнді екенін жердегілер ғана емес, көктегілер де дұрыс түсінулері керек болды. Егер заң бұзылмаса, онда қылмыс та жоқ. Егер қылмыс жоқ болса, онда Исаның елімі не үшін керек? Заң бұзылды және оны бұзғандар жазалануға тиісті болды, сол себепті Иса адамзаттың күнәсін Өзіне алып, оларды мәңгілік өлімнен құтқарып қалу үшін жерге келді. Құдай Әке мен Оның рухани Ұлы Исаны мұндай қадамға итермелеген күнөкарларға деген шексіз махаббат, Оның билігі мен заңының негізі болып табылатын өділеттілігі мен мейірімділігін бар ғаламға паш етті. Сот аяқталғаннан кейін күнәнің пайда болуына еш себеп болмағандығы айқындалады. Бар ғаламның төрешісі: «Не үшін сен көтеріліс жариялап, Менің патшалығымның азаматтарын ерітіп кеттің?» - деп албастыға сұрақ қойғанда, зұлымдық әкесінің, яғни шайтанның айтарға сөзі болмайды. Сонда көтерілісшілердің барлығы үнсіз тұрады.

Голғота айқыш ағашы заңның тұрақтылығын, өзгермейтіндігін дәлелдейді және бар ғаламға күнә үшін жаза - өлім екенін көрсетеді. Құтқарушының: «Орындалды» деген жанкешті дауысы шайтанның тағдырын біржола шешкен болатын. Кеп уақытқа созылған ұлы шайқастың кінәлісі анықталды және зұлымдықты біржола жою мүмкіндігі пайда болды. Құдай Ұлы аждаһаны жеңу үшін «мола-ның қақпасынан» өтті (Евр. 2:14). Өзін Құдайдан артық қойғысы келген тілегі албастыға: «Тағымды жұлдыздардан жоғары кетеремін...

Тәңірмен бірдей боламын” - деген сөздерді айтқызды (Ишая 14:13,14). Алла оған: «Мен сені күлге айналдырамын... мәңгілікке жоғаласың» (Езк. 28:18,19) дейді. «Лаулап тұрған пеш секілді күн келгенде барлық менменшілдер мен әділетсіздер сабандай өртенеді. Тамыры да, бұтағы да қалмайтын болады» - дейді Құдай (Малахи 4:1). Күнә дегеннің не екенін және оның нәтижесі қандай болатынын бар ғалам көреді. Құдай күнәні, яғни оны тудырушыны әуел баста жойып жібергенде, Оның абы-ройы төмендеп, періштелер Оған қорыққандарынан қызмет еткен болар еді. Бұдан былай қарай періштелер де, ғалам тұрғындары да Оның зор сүйіспеншілік Иесі екенін және Оған тең келетін ешкім жоғын көріп, Оның заңын ризашылықпен орындап, Оған қызмет егуді өздеріне қуаныш санап рахат сезімге бөленеді. Бұдан кейін зұлымдық болмайды. Құдай сөзі бізге: «Кесапат енді қайталанбайды» - дейді (Нқм. 1:9).

Албасты Құдай заңын «ауыр жүк» деп жарияласа, оның ешқандай ауыртпалық емес, керісінше «бостандық» екенін барлығы мойындайды. Сынақтан өтіп, оған шыдап шыққан жандар өздерін шексіз жақсы көретін Тәңірлеріне деген сенімдерінен айрылмайтын болады.

Адамзаттың қас жауы

«Сенімен әйелдің арасына, сенің тұқымыңмен әйелдің тұқымының арасына өшпенділік саламын, ол сені бастан соғатын болады, ал сен оны өкшеден шағатын боласың» (Жар. 3:15). Адам күнә жасағаннан кейінгі Құдайдың шайтанға шығарған бұл үкімі, сонымен қоса барлық ғасырларда өмір сүріп жатқан адамзат балаларының бастарынан кешетін ұлы шайқасқа нұсқап тұрған аян болатын.

«Араларыңа өшпенділік саламын» дейді Алла. Бұл жауласу өзінен өзі пайда болған сезім емес. Адам Құдай заңын бұзғанда оның табиғаты да өзгерді (бүлінді), сөйтіп шайтан мен екеуінің арасында ұқсастық пайда болды. Ойлап қарасақ күнәкар адам мен күнә әкесінің арасында алауыздық жоқ, қайта достық бар. Екеуі де Құдайдан безгендіктің салдарынан күнәға батты. Содан бастап ұлы өтірікші тыныштығын жоғалтты, тек алданғандар оның ізімен жүргенде ғана албастының жаны жай табады. Сол себепті де азып кеткен періштелер мен жексұрын адамдар заңсыз одақтасты. Егер де Құдай олардың істеріне араласпағанда, шайтандар мен адамдар бірігіп Құдайға қарсы соғыс жариялаған болар еді. Шайтан періштелерді алдап өз қақпанына түсіргендей адамдарды да азғырып, оларға күнә жасатуға тырысты, себебі оған өзінің жауышгерлерінің қатарын көбейту керек болды. Албасты да және Құдайдан безген періштелер де Мәсіхті бірдей жек көреді, ал басқа сұрақтарға келгенде олардың ойларында елеулі айырмашылық бар. Дегенмен галамның Патшасына қарсы шайқас олардың бастарын біріктіріп тұр.

«Сенімен әйелдің арасына, сенің тұқымыңмен әйелдің тұқымының арасына өшпенділік саламын» деген сөздерді естігенде шайтан

қатты қобалжыды, өйткені енді оның мүмкіндіктері шектеулі болмақ. Басқаша айтқанда адамның, шайтанның күші мен әсеріне қарсы тұруға мүмкіндігі болады.

Мәсіх адамдарға көмектесіп, оларды сүйіспеншілік пен мейірімділікке бөлегенін көргенде, шайтан адамзат баласын бұрынғысынан да бетер жек көріп кетті. Ібіліс Құдайдың жаратқан ғажайып жан иелерін зұлымдық жасауға итермелеп, Жаратушының атына кір келтіргісі келеді. Және барлық жерді бақытсыздыққа ұшыратып, барлық кекті уайымға батырам деп ойлайды. Ең соңында мұның бәріне адамды жаратқан Құдай кінәлі деп жарияламақшы.

Мәсіхтің адамға беріп тұрған берекесі оған шайтанға қарсы тұруына көмектеседі. Онсыз адам шайтанның құлы болатыны сөзсіз. Иса адамға кара күштің иесіне қарсы тұра алатын күш береді. Сол себептен оның бойында күнәға деген жек көрушілік пайда болып, ол тән құштарлығына төтеп бере алады. Міне жоғарыдан келетін күш дәл осылай әсер етеді.

Мәсіхтің рухы мен шайтанның рухының арасындағы қарсылық, әлемнің Исаны қалай қарсы алғандығынан жақсы керінеді.

Яхудейлер Одан бас тартты, бірақ Ол мына дүниеге кедей болып келгендіктен емес, Исаның жетіспеген жердің кемшілігін артығымен толтыратын күші барын олар жақсы білді. Яхудейлердің Оны жек көргендерінің басты себебі, олардың заңсыз істерін әшкерелеп тұратын Исаның касиетгілігі мен тазалығын жақтыртпауы. Мәсіхтің Құдайға берілгендігі жүгенсіз кеткен халықты кінәлады. Албасты мен оның періштелері зұлым адамдармен бірігіп алып ақиқаттың Қорғаушысына қарсы шықты. Жаратушыға арналған жауыздық, Оның избасарларына да бағытталды. Күнәнің кесапат екенін көріп, одан бас тартқан адамдарды шайтан жек көреді және оларға өзінің әзәзілдерін айдап салады.

Ақиқаттың ұстанымдарына деген жек көрушілік, оның қорғаушыларын кінәлау және куғындау күнә мен күнәкарлар бар жерде жалғаса бермек. Шайтан мен Мәсіхтің избасарларының арасында келісім болуы мүмкін емес. Албасты мен зұлым адамдарға айқыш ағаштың сокқысы әлі күнге дейін оңай тиіп тұрған жоқ. «Мәсіх секілді таза өмір сүргісі келетіндер қуғынға ұшырайды» (2Тім. 3:12).

Шайтанның избасарлары үнемі оның билігі мен патшалығын бекітуге тырысып келеді. Сол үшін олар Исаның избасарларын аяқтан шалып құлатуға бар күшін салады. Көздеген мақсаттарына жету үшін олар Киелі Жазбаны керісінше талқышап, соған басқаларын иландырғысы келеді. Ібілістің Құдайды масқаралағысы келгеніндей, оның избасарлары да Құдай халқын қарамайлағысы келеді. Мәсіхті

айқыш ағашқа шегелеген қара күш, Оның халқының да көзін жоюды армандайды. Осы айтылғандардың барлығы басында айтылып кеткен аянда суреттелген болатын: «Мен сенімен әйелдің, сенің тұқымыңмен әйелдің тұқымының арасына өшпенділік саламын». Бұл шайқас ақыр заманға дейін созылады.

Сол шайқасқа арнап Ібіліс бар күші мен қуатын жинауда. Неліктен албастының алдында қомақты кедергілер тұрған жоқ? Неге Исаның жауынгерлері парықсыз, тым салбыр? Себебі олар Мәсіхтен алыстап кеткен. Сол себепті де күнә оларға кесір болып көрінбейді. Немесе басқаша айтатын болсақ олар күнәнің жүрек айнытатындай жиіркенішті екенін бақыламайды. Бұлар Мәсіх секілді күнәға қарсы тұрмайды, өйткені зұлымдық қандарына сіңіп кеткен байғұстар күнәнің қаншалықты кесепат әкелетінін, оның қалай ойрандайтынын, қаншалықты жауыз екенін толық ұқпайды. Албасты адамдардан дұрыс тойтарыс алмай тұр, өйткені имандылар Ібілістің қаншалықты зұлым екенін және соншалықты күшті екенін білмейді. Көпшілік жандар оны дұрыс бағалай білмейді. Адамдардың алдында қолынан көп іс келетін, мықты және өте қауіпті жау тұр. Бұл - зұлым періштелердің бастығы, әскери қолбасшылары, адамзаттың ата жауы - Ібіліс (шайтан). Ол әбден ой сараптамасынан өткен жауыз жоспарымен адамдардың құтқарылуларына кедергі жасау үшін, олардың Құтқарушылары Иса Мәсіхке қарсы шайқас жүргізуде. Имандылар және олардың рухани ұстаздары шайтан жайлы өте аз айтады. Олар тіпті Ібілістің барын да ұмытып кеткен сияқты. Ал бұл қатыгез де зұлым жау адамдардың аттаған адымдарын аңдып тұрады. Ол жанұялардың өмірлеріне араласады, қаланың кез келген көшелерінде жүреді, дұға оқу жиындары онсыз өтпейді, ол мемлекет кеңестеріне, сот отырыстарына қатысады. Барлық жерлерде адамдарды алдап шатастырып, зұлымдық жасауға итермелейді. Оларды әр қилы тәсілдермен үгіттеп бір - бірлеріне қарсы кояды. Жанұяларды бұзады, халықтарды бір - бірлерімен жауластырады. Байғұстарды бір - бірлеріне айдап салып қырылыстырып, бірін біріне өлтіртеді. Ал Мәсіхшілер болса, болған іске көніп «жазу солай шығар» деп жүре береді. Ібілістің ежелден бері істеп келе жатқаны жауластыру, қағыстыру, арандату. Ол имандылар мен имансыздардың арасындағы кедергілерді алып тастап, оларды араластырып жіберді. Енді имандылар күнәға көзін жұмып қойып, күн көру парыз деп жүре береді. Сонда олардың күдайсыздардан қандай айырмашылығы болғаны? Ежелгі кездегі Исраил кәпірлермен осындай тыйым салынған қатынасқа түсіп, күнәға белшелерінен батқан болатын. Қазіргі кездегі Исраил да (имандылар) бұрынғылардың өнегесін аудырмай қайталауда. Қазіргі ғасырдың

құдайы - Ібіліс, көзге көрінбейтін шынайы Алланы бейнелеп тұрған Мәсіхтің жарығын ешкімге көрсетпеу үшін адамзаттың санасын жалған ілімдерімен уландырып жатыр (2Қор.4:4). Сол себепті де Исаға шын жүректен берілмегендер, шайтанның құлы болып табылады. Көкейіне жарық түспегендер күнәні әлпештеп, өздерін - өздері ақтаумен болады. Ал жүректері тазартышғандар күнәні жек көреді және оған қарсы тұрады. Құдайсыздар мен арамдардың араларына баруды жақсы көретіндер күнәға қарсы тұра алмайды, яғни оны қабылдауға дайын тұрады. Өйткені шайтан олардың көздерін жауып, нақтылы жағдайды көрсетпей тастайды. Мұндай орта оларға жаман әсерін тигізіп, байғұстар шындықты өтіріктен айыра алмайды.

Зұлым әлемнің салт-дәстүрлерін қабылдай отыра піркеу (ғибадатхана) әлемді Исаға жақындатқанның орнына, езі әлемге жақындап барады. Бара-бара күнә оларға жиіркенішті болып көрінбейді. Шайтанның нөкерлерімен қарым - қатынас жасайтындар, ақыры олардың бастығынан қорқуды қояды.

Парызымызды орындау кезінде біз де Даниял пайғамбары секілді сынаққа түссек, Құдайдың әлбетте бізге көмектесетініне күмәнданбай-ақ қоюға болады, бірақ өзімізді - өзіміз тексеру үшін сынаққа әдейілеп барсақ, ерте ме кеш пе сүрінетініміз мәлім.

Мынау күнәкар болуы мүмкін емес дегендерді албасты өз ісіне жиі пайдаланады. Дарынды және білімді адамдар өздерінің жүрген тұрған орталарында әрине сыйлы, дегенмен бұл жетістіктер Құдай қорқынышының орнын толтырмайды. Дарындылық, мәдениеттілік - сөз жоқ, Құдайдың берген сыйы. Дегенмен бұл сыймен батаның орнын толтырам деп үміттенетіндерге және де айтулы жетістіктерді жұртты Құдайға жақындату үшін емес, керісінше Одан алыстату үшін пайдаланатындарға ол міндетті түрде қарғыс болып тиеді. Көпшілік мәдениеттілік және жақсы нақыштар адамның Құдайға жақын екендігін дәлелдейді деп қателеседі. Ондай әдет кез келген мәсіхшінің бойында болуы және Құдай жолындағы қызметке жұмсалуды керек, әйтпесе ол зұлымдыққа жетелейтін күшке айналады. Кейде дарынды, жоғары мәдениетті адамдардың өнегесіз жолға түсіп алатыны соншалықты, олар бірден шайтанның қаруына айналады. Мұндай адамдар Исаның қауіпті жауларының қатарларын кебейтіп, білімсіз, мәдениетсіз, тоқшар жандардан бірнеше есе асып түседі.

Шынайы салауат айтып, дұға оқып, Құдаймен тығыз қарым-қатынас жасаған Сүлеймен пайғамбар бар әлемді қайран қалдырған даналыққа жеткен болатын. Бірақ ол даналықтың қайнар көзінен бұрылып өз күшіне сене бастағанда, бірден сынақтың жемтігіне айналды. Данышпан патшаға берілген таңғажайып өнер оны зұлымдықтың қаруы етті.

Шайтан адамдардың санасын уландыруға тырысқанымен, мәсіхшілер бұл шайқастың «қан мен тәнге қарсы шайқас емес, аспанның астындағы зұлымдықтың рухына қарсы» шайқас екенін естен шығармаулары керек (Еф. 6:12). Ғасырлар бойы бізге айтылып келе жатқан сөз: «Қалғып кетпендер, сақ болыңдар, өйткені аждаһа кімді жалмасам екен деп, жақын жүр» деп ескертпей ме? (1Петір.5:8). «Шайтанның әзәзілдігіне қарсы тұруға дайын болу үшін, Құдайдың күшімен қаруланыңдар» дейді бізге Киелі (Еф. 6:11).

Адам атаның заманынан бастап біздің уақытымызға дейін Алланың және адамзаттың жауы - Ібіліс ойрандаумен, қиратумен, өлтірумен, жұртың көзін жоюмен айналысып келеді. Енді ол шіркеумен (ғибадатхана) соңғы шайқасқа түсуге дайындалып жатыр. Исаның ізімен жүретіндер онымен шайқасады.

Құдайға ұқсас болғысы келетін кез келген адам әлбетте шайтанның оғына ілігеді. Құдай үшін қызмет етіп албастының қулығын өшкерелеп, адамдарға Мәсіхті танытқандар, Исаның шәкірті Пауылдың: «Құдайға шын қызмет ету көздің жасынсыз, сынақсыз, қорлықсыз болмайды» - деген куәлігіне қосылады.

Шайтан Мәсіхті талай сынады, бірақ ылғи өзі жеңіліске ұшырап отырды. Иса біздің бақытымыз үшін шайқасты. Оның жеңісі біздің де жеңіске жетуімізге көмектеседі. Мәсіхтен көмек сұрағандар, міндетті түрде оны алады. Адам шайтанға бағынбаса, шайтан оны күштеп көңдіре алмайды. Ол адамды кез келген қасіретке ұшырата алады, бірақ оны ешқашан ластай алмайды. Исаның жеңісімен шабыттататын Оның ізбасарлары күнәға, яғни шайтанға қарсы батыл түрде шайкасуы керек.

Құдай періштелері мен зұлым рухтар

Адамзаттың тарихына тікелей қатысы бар көрінетін дүние мен көрінбейтін дүниенің арасындағы байланыс, Құдайдың періштелерінің қызметі, зұлымдық рухтарының істері жайлы Киелі Жазбада анық айтылған. Қазіргі замандағы адамдардың зұлымдық рухтарының барына, киелі періштелердің барына сенетіндері өте аз (Евр.1:14), оларды өлгендердің рухы деп санайды. Киелі кітап бізге киелі періштелер мен зұлымдық періштелерінің барын және олардың өлгендердің денесіз рухы емес екенін дәлелдейді. Адам пайда болғанға дейін періштелер болған. Жер жаратылып жатқанда «жарқылдаған жұлдыздармен бірге Құдайдың нөкелері де қуанышқа бөленіп, ән салып жатты» (Әйүп 38:7).

Адамдар күнә жасағаннан кейін періштелер өмір ағашын күзетуге жіберілді, ал ол кезде әлі бірде бір өлген адам болған жоқ. Періштелер табиғаты жағынан адамдардан әлде қайда күшті. Жыршының айтуынша адам періштеден сәл төмен жаратылған (Жыр. 8:6) қара.

Киелі Кітаптан біз олардың саны, күші, атағы жайлы және құтқару жұмысына қандай қатысы барын біле аламыз. «Құдай Өзінің патшалығын көкте орнатқан, Оның патшалығы барлығын басқарады» (Жыр. 102:19). Пайғамбар: «Мен Құдайдың тағының айналасынан көптеген періштелердің дауысын естідім» дейді. «Құдайдың періштелері өте күшті және олар Алланың еркін бұлжытпай орындайды» (Жыр. 102:19-21, Аян 5:1). Даниял пайғамбар мындаған, он мындаған періштелерді көрген. Елші Пауыл «сансыз періштелер» жайлы айтады (Дан. 7:10; Евр. 12:22). Құдайдың бұйрығымен ұшқанда олар

найзағайдай жарқылдайды (Езк. 1:14). Олардың жылдамдықтарын айтсаңызшы, қандай ғажап!

Құтқарушының бейітінің қасында аппақ кардай киіммен жарк етіп періштелер пайда болғанда, күзетшілердің қорыққандары соншалықты, олар «өлген адамдай қатып қалды» (Мат. 28:3,4).

Менменшіл ассириялық Сеннахирим Исраилді «өлтіремін» деп қорқытып, Құдайды кекетіп балағаттағанда, «сол түні Ассирия қонысына періште келіп барлық басшылары мен қолбасшыларын, мықтылары мен өжеттерін кырып тастайды, сонда қырылғандардың саны 85 мың болды». «Сөйтіп ол масқара болып өз жеріне қайтып оралады» (4 Пат 19:35; 2 Шеж. 32:21). Періштелер адамдарға мейірімділік пен рақымшылық жасайды. Олар Ыбырайымға балалы болатынын хабарлады; Лұтты Содомнан алып шығып өлімнен құтқарды. Ильясқа олар, пайғамбар жапан түзде аштан өлейін деп жатқанда келді. Елішені жаулары қоршап алған кезде, пайғамбар тұрған қалаға екі дөңгелекті жалынды арбалар мен атты өскер жіберілді. Даниял пайғамбары Құдайға табынғаны үшін арыстандар отырған шұңқырға тасталғанда, оған кемекке періште келді. Иродтың түрмесінде ажалын күтіп отырған Петірге де періште келіп, оны тұтқыннан босатады. Филиппадағы тұтқындарға, дауылда қалған Пауыл мен оның жолсеріктеріне көмекке келген, Ізгі хабардағы ақиқатты көрсету үшін Корнилдың көзін ашқан да періште. Осылайша киелі періштелер барлық ғасырларда да Құдай халқына қызмет етіп келеді.

Әрбір мәсіхшінің қорғаушы періштесі бар. Бұл сенімді күзетшілер өділеттілерді әзөзілдің әрекетінен қорғайды. Оны шайтанның өзі де мойындайды: «Әйүп Құдайдан бекер қорқа ма екен? Сен емес пе оның өзін, үйін, дүниесін жан жағынан бекініс жасап қоршап тастаған?» - дейді ол (Әйүп 1:9,10). Жыршығаың айтуынша: «Құдайдың періштелері имандылардың қасынан табылып, оларды пәледен қорғайды» (Жыр. 33:8). Құтқарушы Өзіне сенетіндерге үнемі қамқорлық жасайды: «Сақ болыңдар, осы кішкенелердің бірде-біреуін менсінбей жүрмендср! Сендерге айтамын: олардың періштелері көктегі Әкемнің келбетін әрдайым көріп тұрады» (Матай 18:10). Балаларды қорғайтын періштелер Құдай Әкенің алдына кай уақытта болса да келе алады.

Шайтан бар зұлымдығын Құдай халқына бағыттайды, бірақ оларды көктегі періштелер мызғымай күзетеді. Сенетіндерге бұл ауадай қажет. Бұл жандар өте қауіпті жау - қара күштің иесімен шайқасатын болғандықтан, шайтанды жақсы білетін Құдай бұларды ерекше қорғайды және оларға Өзінің игілігін сыйлайды.

Әуел баста бұл зұлымдықтың рухтары табиғаты жағынан таза, пәк және күнәсіз болған. Бірақ күнә жасап, бойларын зұлымдық билеп

алғаннан кейін, олар адамзаттың кезін жойып, Алланы масқаралау үшін бастарын біріктірді. Олар шайтанды қолдаймыз деп, онымен бірге аспаннан қуылды. Сол уақыттан бері бірнеше ғасырлар бойы Құдайдың билігіне қарсы шайқасып келеді. Киелі кітап бізге адамзатты бейбітшілік пен бақыттан жұрдай қылу үшін қызмет етіп келе жатқан өте күшті, айлакер, қатыгез, өр түрлі лауазымдағы періштелер жайлы айтады.

Көне Өсиетте олар жайлы аз айтылады, өйткені шайтандар ез биліктері мен күштерін Мәсіхтің жердегі қызметі кезінде көрсете бастады. Мәсіх жер бетіне Құдайдың жоспарын іске асырып адамзат баласын құтқарып қалу үшін келді, ал шайтан болса, бұл өлемнің оған тиесілі екенін дәлелдей бастады. Сол кезге дейін шайтан Палестинадан басқа жердің бұрыш бұрышының барлығына пұтқа табынушылықтың тұқымын сеуіп үлгерген болатын. Сол себепті Мәсіх осы жерге келіп, айтулы халықты Құдайдың нұрына бөлегісі келді. Осы арада екі күштің иелері бір бірімен қақтығысты. Иса Өзінің мейірімділік пен сүйіспеншілікке толы қолын созып әлемге бейбітшілік пен кешірім ұсынды. Ал қара күштің иелері жер олардың ғана билігінде емес екенін, Иса жеңсе, олардың қожалықтары аяқтала-тынын жақсы білді. Шынжырлаулы арыстандай күйге түскен ібіліс ақырып, жаңа күшпен адамдарға өз билігін жүргізе бастады.

Жаңа Өсиет бізге бойларын жын билеп алған адамдар болғаны жайлы айтады. Олардың тәндері ғана қасірет шегіп қойған жоқ. Иса кіммен қақтығысып тұрғанын жақсы білді және де біліп қана қойған жоқ, оларды көрді де.

Киелі Жазба Герегесин жерінде мұндай жынданған адамдардың көп болғаны жайлы және оларды емдеу кезінде Исаның қандай мейірімділік пен күш көрсеткені жайлы айтады. Бұл бейшаралардың бойларын беймәлім күш билеп алатыны соншалықты, олар ақырғанда ауаны шайқалтып, ауыздарынан көбік атқылап, өздеріне ғана зиян келтіріп қоймай, қолдарына түскен адамдарға да зиян келтіріп, оларды мерт қылған. Жындылардың қансырап бүлініп кем болған денелерін және ой жүйелерінің істен шыққанын көргенде әзәзілдің қуанышында шек болмады. Осылай жынданғандардың бірі Исамен кездескенде: «Түмен менің атым, өйткені біз көппіз» (Марқа 5:9) деген болатын.

Рим әскерінде түмен үш немесе бес мың адамнан құралатын. Аласұрған шайтанның әскері де осындай топтарға бөлінген, айтулы жындардың тобының құрамы түменнен кем болмаған.

Исаның әмірі бойынша жындар ездерінің құрбандарын жайына калдырған. Ал бейшара пенделер жандары тыныш тауып Исаның маңайына жиналып, Оның аяғының қасында отырған. Шошқалардың

іштеріне кіруге рұхсат берілген жындар, бұл жануарларды суға түсіп жоқ болуға мәжбүр етті. Гергесин елінің тұрғындарына бұл шығын өте көп болып көрінгені соншалықты, олар Исаның батасынан бас тартты, сөйтіп Исаның бұл маңайдан кетуіне тура келді. Зұлым ібілістің күтіп тұрғаны да осы болатын. Табынның қырылғанына әззіл Исаны кінәлап, адамдардың бойында өзіншіл қорқыныш тудырды, сөйтіп олар Исаның сезін әрі қарай тыңдағылары келмеді. Шайтан адамдарды бақытсыздыққа ұшыратып, бастарын қасіретке душар етеді де, өзінің кінәсін мәсіхшілердің мойындарына артып қойып, оларды жұртшылыққа жек көрінішті қылады.

Бірақ Исаның жоспары бұзылған жоқ. Жындарды шошқалардың денесіне енгізгенде, Ол сонымен қоса кіріс кіргізу үшін таза емес жануарларды өрбіткен яхудейлердің күнәларын да әшкереледі. Егер Иса жындарға тыйым салмағанда, олар шошқаларды ғана емес, олардың иелерін де алып кететін еді. Бұл оқиғаны көрген Исаның оқушылары шайтанның адамдарға ғана билігін жүргізіп қоймай, жануарларға да билігін жүргізе алатынын түсінді. Құтқарушы Өзінің ізбасарларын жауларымен жақсылап таныстырғысы келді. Сонымен қоса Ол, сол жердің адамдарына қара күшгің иесінің кісенін бұзып, тұтқындарды босата алатынын көрсетті. Иса ол жерден кеткенімен, зұлымдықтың тұтқынынан босап шыққан жандар игілік Сыйлаушының куәгерлері болып қала берді.

Киелі Жазбада осыған ұқсас оқиғалар көп. Иса сирофиникияндық әйелдің қызының ішінен жынды қуып шыққан (Марқа 7:26-30). Бір соқыр, мылқау, жынды жас жігіт болған. Оның ішіне кіріп алған мылқаулықтың жыны байғұсты «отқа да түсіріп, суға да лақтырып өлтіргісі келген» (Марқа 9:17-27). Жын айналдырған тағы да бір адам Капернаумге келіп, сенбілік ғибратнаманың ырқы - шырқысын шығарған (Лұқа 4:33-36). Осы бақытсыздыққа ұшыраған адамдардың барлығын Құтқарушы емдеген. Барлық жағдайларда да Иса саналыларға сөйлегендей, жындарды адамдардың ішінен бұйрық беріп шығарған және енді қайтіп оларды қинамауға әмір еткен. Мұны көрген жұрт: «Бұл кім Өзі, жындарға бұйрық етеді және жындар оны тыңдайды» - деп таң-тамаша болған (Лұқа 4:36).

Іштеріне жын кіріп алған жандар әдетте қасіретке ұшыраған сорлы жандар болып көрінеді, бірақ, кейде ережеден тыс жағдайлар да кездеседі. Беймәлім күшке ие болу үшін шайтанға өздерін өздері әдейілеп ұсынатындар да бар. Әрине мұндай жағдайда олар жындармен қарсыласа алмайды. Шимон атты көрікпелді, сиқыршы Еламды және Филиппада Пауыл мен Силанының сондарынан қалмай еріп отырған қызды осыған мысал ретінде келтіре аламыз.

Киелі Жазбадағы ескертулерге қарамай шайтанның және оның періштелерінің барын мойындамайтындарға жындардың тигізетін әсері өте қауіпті.

Айлакер шайтан оның қулығы, зұлымдығы жайлы ештеңе білмейтін адамдарды өз қаруына айналдырып, дегенін істетеді. Бұл адамдар шайтанның еркін орындап жүргендерін сезбейді де, барлығын өз ақылымызбен жасап жатырмыз деп ойлайды. Ақыр заман тақаған сайын ібіліс өзін жоқ санатып, жұртты соған сендіріп, азғындық әрекеттерін әрі қарай жалғастыруда. Ол өз істерін білдіртпей жасайды, оның зұлымдығының мәнісі де осында жатыр.

Өтірікші шайтан өзінің қулығының өшкереленуінен басқа ештеңеден қатты қорықпайды. Өзінің мінезі мен көздегенін жасырып қалу үшін ол адамдардың оны мазақ қылып, келемеждегенін қалайды. Адамдар өздерін шайтаннан ақылды санап, оны мазаққа ұшыратып жатса, ібіліс оған әте риза болады. Жұрттың көкейінде «шайтан өзі шынымен бар ма?» деген сұрақ туындату үшін, ібіліс өзінің бар екенін шеберлікпен жасырады.

Дини әлем Киелі Жазбада анық жазылған куәліктерге қарама-қайшы келетін ілімдерді қабылдап отыр - бұл шайтанның талмай еңбектегенінің нәтижесі. Адамдар ештеңе білмей қалмас үшін Киелі Кітапта әзәзілдің неше түрлі зұлымдық әрекеттері мұқият түрде жазылған және оқырман қауымға насихат етіліп қалдырылған. Егер біздің Иса Мәсіх Мариям Ұлынан күш алатындай мүмкіндігіміз болмаса, шайтан өмірімізге орасан зор қауіп тудырған болар еді.

Біздер дүниемізді жаман адамдардан қорғап қалу үшін үйімізге темір есік орнатып, бірнеше құлып салып бекітіп барып шығамыз. Бірақ өз күшімізбен қорғануға қабілетіміз жетпейтін жаман періштелер - жындар жайлы ете сирек ойланамыз. Олардың еркіне қалсақ бізді жүндей түтіп, көзімізді біржола жояғыны анық. Жұрттың қасіретін көргенде олар қатты қуанады. Құдайымыз қорғап тұрғанның өзінде, Оның дегенін орындамай, шайтанға өз өмірінен орын беретіндердің қалдары өте мүшкіл. Бірақ Исаның соңынан жүретіндер қорғансыз қалмайды. Құдай Өз халқын періштелерін жіберіп мықты бекініспен қоршап тастайды. Ондай қамалды бұзуға әзәзілдің әлі жетпейді.

Шайтанның торы

Құдаймен мен шайтанның арасындағы шамамен алты мың жылға созылған шайқас тамамдалатын кезеңіне жетті. Сол себепті әзәзіл Мәсіхтің ізбасарларын өзінің торына алдап түсіру үшін өнерін екі есеге арттырды. Оның көздеп тұрғаны Мәсіх киелінің Киелісінен шыққанша адамдарды тәубасына түсірмей ұстап тұру. Исаның аратұсушілік қызметі аяқталғаннан кейін ондай мүмкіндік ешкімге берілмейді.

Ғибадатханаларда да, одан тыс жерлерде де шайтанның билігіне қарсы тұрмай, жайбырақат жүргендер оның тұтқындары болып есептеледі. Ал адам мәңгілік жайлы ойланып, көкейінде: «Құтқарылу үшін не істеуім керек?» - деген сұрақ туындаған кезде ібіліс алаңдап, Киелі Рухтың әсерін жоққа шығару үшін неше түрлі тәсілдерді пайдаланып, адамды адастыра бастайды.

Киелі Кітапта Құдайдың періштелерімен бірге Оның алдына шайтанның да келгені жайлы жазылады (Әйүп 1:6). Бірақ ол Аллаға тағзым ету үшін келген жоқ, әділеттілердің арасына зұлымдықтың тұқымын себу үшін келді. Ғибадатханаға да ол дәл сондай ниетпен келеді.

Әуелі дарынды өскери қолбасшы ретінде жоспар құрады. Дін қызметкерінің уағызға мұқият дайындалып жатқанын көріп тұратын ол, назарын сол уағызға аударады. (Оны жаттап алады десек те болады). Сонан соң уағыз айтып тұрған қызметкерді тыңдатпас үшін кез келген нәрсеге адамды алаңдатады, басына басқа ой салады немесе ұйықтатады. Сөйтін өз көздегеніне жетеді, яғни адамға ауадай қажетті кеңестерді естіртпей, ішкелі тұрған сусынынан айырады.

Рухани түнектің Құдайдың қызметкерлерін алавдататынын шайтан жақсы біледі. Бұл қызметкерлердің немқұрайдылықпен,

бейкамдықпен, ойын сауықпен уақыттарын өткізіп жатқан халық үшін ұйып тұрып дұға оқып, тілек тілеп жатқандарын шайтан естіп тұрады. Оған кімді болса да бәрі бір дұғадан, Киелі Жазбаны зерттеуден алыстатып жіберсе, сол адамның ой жүйесін түгел меңгеріп алуына жақсы мүмкіндік пайда болады. Киелі Жазбадағы ақиқатты зерттеумен айналысқанның орнына, өздерін «таза, жарқынбыз» деп есептеп, басқалардың бойынан үнемі кемістік іздейтін адамдар аз емес. Сол адамдар шайтанның оң қолы болып табылады. Құдайға шынайы сенетіндер Оның еркін орындауға тырысады, ал бауырларын жазғырушы адамдар, олардың саны өте көп, сенетіндерге кедергі жасайды. Мәсіхтің ең шынайы, ең сенімді қызметкерлерін олар алданып жүргендер немесе алдап жүргендер секілді көрсетіп, дұрыс істерінің барлығын бұрысқа шығартып, сенімдері нығайып үлгермеген қарапайымдардың көкейлерінде күдік туғызады.

Мұндай адамдардың бар екенін барлық жандар білуге тиісті. Олардың кімнің жұмысын атқарып, кімнің шашбауын көтеріп жүргенін білу қиынға соқпайды. Киелі Жазба бізге: «Оларды жемісіне қарай танысыңдар» - дейді (Матай 7:16). Ондайлар неше түрлі пәле торлап, бауырларына жайдан жай кінә тағып, өздерінің таңдап алған бастықтары - зұлым, баскесер әзәзілге ұқсап тұрады (Аян 12:10).

Адамдардың қабілеттеріне үйлесімді келетін неше түрлі ілімдерді пайдаланып, сол адамдардың түбіне жету мақсатында жұмыс істейтін шайтанның көмекшілері көп. Оның басты мақсаты ғибадатханаға сенімсіздік пен күмәнданудың ошағы болып табылатын, жүректері Құдайдан алыс жатқан шынайы емес жандарды жинау, сөйтіп Құдайдың ісіне кедергі келтіру. Көпшілік жандардың Құдайға және Оның сөзіне деген шынайы сенімдері жоқ, бірақ ақиқаттың кейбір ұстанымдарын мойындағандықтан олар «имандылар» деп саналады. Сөйтіп айтулы жандар басқаларға өздерінің кезқарастарын рухани шындық ретінде ұсынады.

Адамдардың сенімі аса маңызды құрал емес деген өтірікке оларды сендіре отыра ібіліс көп жетістіктерге жетіп отыр. Ақиқат сүйіспеншілікпен қабылданса, адамның жаны нұрланатынын әзәзіл жақсы біледі, сол себепті ол ақиқатты жалған теориялармен, мифтармен (ертегі аңыз) жөне лақап сөздермен алмастыруға тырысады. Ол бастан-ақ Құдайдың адал қызметкерлері адам баласына жаман әсерін тигізетін жалған ілім таратушылармен шайқасып келеді. Илияс, Еремия, Пауыл пайғамбарлар Құдай сөзін кері талқылайтын-дармен өжеттене күрескен. Не болса соның барлығын рұқсат ететін рухани соқырлықты ақиқаттың киелі қорғаушылары ешқашан қолдаған емес.

Киелі Жазбаны өз ойларына сай қате талқылау, мәсіхшілер өлемінде жиі кездесетін әр түрлі жалған теориялар ұлы өтірікшінің еңбегінің нәтижесі, солайша ол адамдарды ақиқаттан тайдырғысы келеді. Мәсіхшілердің ғибадатханасындағы алауыздық та осы жалған теориялардың кесірі екені күмәнсіз. Жалған ілімдердің дәлелі ретінде бұл ұстаздар не басы, не аяғы жоқ мәтіндерді ұсынады. Өз дегендеріне сендіріп, өз ілімдерін басқаларға мойындату үшін олар жыланның қулығын пайдаланады. Кейбіреулері Құдай сөзін әдейілеп бұрмалайды. Кейбіреулері Киелі жазудағы бейнелер мен рәміздерді өз қиялдарымен байланыстырып, таза ілімнің орнына өз тұжырымдарын ұсынады.

Ақиқатты шын түрде аңсамай, дұға оқып, салауат айтып дайындалмай Киелі Жазбаны түсіну мүмкін емес. Католик шіркеуінің басшылары Киелі Кітаптан өздерінің ниеттеріне жауап беретін мәтіндерін тандап алып, оны өз беттерінше талдап халыққа ұсынады, бірақ олардың Киелі Жазбаны өз беттерінше зерттеулеріне тыйым салады. Жалған ілімді бойларына сіңіргенше халықтың ештеңені білмегені артық болған болар еді. Киелі Жазу халықтың қолына еркін тиюі керек. Себебі ол Жаратушының еркін танытатын жалғыз ғана ілім. Онда біздің құтқарылуымызға қатысты жазылған маңызды шындықтар бар және олар ешқандай да құпия емес. Періштелер, тіпті Мәсіхтің Өзі болашақта адамзатты не күтіп тұрғанын Даниял мен Жоханға ұғындырып айтқан болатын. Құдай сөзі ақиқатты шындап іздегендерге күмәнсіз қабылдайтындай етіліп жазылған. Шексіз Алла Аббақұқ пайғамбары арқылы: «Көргенінді анық жазып ал, оқыған адам оңай түсінетін болсын» деген еді (Абқ 2:2). Тілегі түзу адамға Киелі Жазбаны түсіну қиынға соқпайды. Егер шіркеулер ақиқатты «жасырынып жатқан қазынаны» іздегендей сабылып жүріп іздемесе, ешқашанда рухани өркендемейді. Ұлы өтірікшінің «бостандық» деген сөзі көпшіліктің көзін жауып тастаған. Киелі Жазуды езінің ертегісімен алмастырып қойған шайтанның сөзіне сенгендер, бостандыққа ие болдық деп ойлайды, ал шын мәнінде олар күнәнің құлдығына түскен бейшаралар. Құдай заңына немқұрайды қарайтындардың біреуі де өркендей алмайды.

Ғылыми жаңалықтар көпшілік жандар үшін қарғыс болып шықты. Құдай ғылым, өнер төңірегіндегі жаңалықтар арқылы әлемнің нұрлануына жол берді, дегенмен сол жаңалықтарды шығарып жатқан ғалымдар Құдай сөзін басшылыққа ала отыра еңбектенбесе, міндетті түрде тығырыққа келіп тіреледі.

Материалдық және рухани дүние жайлы адамның білімі толық және кемелденген емес, сол себепті де олар Киелі Жазудағы пікірлер

мен ғылыми көзқарастарын байланыстыра алмайды. Көпшілік адамдар теориялар мен ұйғарымдарды ғылыми фактілер деп қабылдап, Құдай сөзі осы «жалған атаулы біліммен» тексерілуге тиісті деп есептейді (ІТім. 6:20). Олар Құдайды, Оның істерін танып білуге күштері жетпейді, заң жүзінде түсіндіре алмайды, сондықтан да Киелі Жазбадағы тарихи шындық олар үшін жеткілікті айғақ болып есептелмейді. Киелі Жазудың шындық екеніне күмән келтіретіндер, Құдайдың бар екеніне де сенбейді, ал Жаратқанның шексіз билігін олар табиғаттың құбылыстары деп санайды. Осылайша олар иманның зәкірін жоғалтып, құдайсыздықтың жартасына соғылып қирайды.

Сенімнен бас тартып, адасушылыққа бет бұрғандар шайтанның құлдығына түседі. Пенделер өздерінің Жаратушыларынан дана көрінгісі келеді. Мәңгілікте де ашылмайтын құпияларды жай философияның көмегімен түсіндіріп бергілері келеді. Егер адам Құдайды танып білуге солай ұмтылса, Құдай оларға Өзін де, Өзінің ойын да ашып адамзат Құдайдың қаншалықты Ұлы екенін және өздерінің соншалықты түкке тұрғысыз екенін көрген болар еді және Құдайдың оларға және олардың балаларына берген игілігіне ризашылығын білдірген болар еді.

Шайтан Құдайдың адамзатқа ашам дейтін ойы жоқ білім салаларына олардың құштарлықтарын туғызып, байұстарды алдап қармағына түсіреді. Ібілістің өзі де дәл осы себептің салдарынан аспаннан қуылған болатын. Құдайдың ісіне араласам деуін қоймағандықтан ол қолындағы барынан айрылды. Маңайындағы періштелерді де үгіттеп, олардың жүректерінде Құдайға қарсы наразылық туғызып, сүрінулеріне себепші болды. Қазіргі кезде ол дәл сол тәсілдерді пайдаланып адамдардың санасын уландырып, олардың жүректерінде Құдайдың билігіне деген немқұрайдылықты туғызып тұр.

Ақиқатты қабылдағысы келмейтін жандар арын тыныштандыратын тәсілдерді тауып алған. Кез келген ілім неғұрлым рухани төмен деңгейде болса, сол ілім қоғаммен жақсы қабылданады. Қазіргі кездің адамдары ой - өрісін тән талабына қызметке қойған. Киелі Жазбамен ерігіп отыруға өздерін тым данамыз деп санайтындар, қара күштің қоршауында қалады. Шайтан адамдардың тілеуін қанағаттандыра отырып, сол сәтті пайдаланып оларға шындықтың орнына өтірікті ұсына қояды. Дәл осы тәсілдерді пайдаланып папалықтар жұртты өзіне қаратқан болатын. Ақиқатты уағыздау қиынға соғатын болғандықтан, папалықтардың салып берген осы жолымен шынайы дінді уағыздаушылар (протестанттар) да жүріп келеді. Құдай сөзін керек етпейтіндердің барлығы өздеріне ыңғайлы, жандарына тыныш

сұмдық ілімді ақиқат ретінде қабылдай салуға дайын тұр. Ақиқаттан әдейілеп бас тартатындар міндетті түрде адасады. Алғашқы қабылдаған өтірігі масқара болып көрінгенмен, кейінгісі оп-оңай қабылданады. Елші Пауыл: «Сүйіспеншілікпен ұсыншып тұрған ақиқатты қабылдамайтындарды Құдай адастырады, сол себепті олар жалған сөзге сеніп, өтірікті судай сіміреді» дейді (2Сал. 2:10-12). Сондықтанда кез келген ілімді қабылдас бұрын байқаулы болып, ақиқат екендігіне кез жеткізу керек.

Ұлы өтірікшінің ең сүйікті ілімінің бірі - спиритизм (сиқыршылық). Шайтан жарқ-жұрқ еткен періштенің кейпіне еніп алып, барлық жерлерде езінің торын құрып жүр. Дұрыс тілек тілеп, Құдай сөзін мұқият зерттейтіндер жалған іліммен айналыспайды. Ал ақиқаттан бас тартатындар зұлымдықтың құрбаны болып шыға келеді.

Тағы да ең қауіпті ілімнің бірі Мәсіхтің Құдаймен бірдей екендігін және жерге келмес бұрын Оның бар болғандығын мойындамау. Бұл ілімді Киелі Жазбаны әдейілеп бұрмалайтындар ғана қабылдайды. Айтулы ілім адам үшін өте қауіпті, өйткені ол Киелі Жазбаның мәртебесін түсіріп, оған сенімсіздік туғызады. Мәсіхтің Құдай екенін мойындамайтындарға, оны дәлелдеудің қажеті жоқ: «Өз еркімен жүретін адам Құдай Рухының тарапынан келгенді қабылдамайды, оны ессіздік деп санайды. Оны Киелі Рухтың тұрғысынан бағалау керектігін түсіну үшін рухани байлық қажет» (1Қор.2:14). Бұлай ада-сып жүргендер Мәсіхтің мінезі, Оның қызметі және құтқару жоспары жайлы ештеңе білмейді.

Тағы да кең түрде тараған зиянды ілімдердің бірі шайтанның барын жоққа шығару. Көпшілік жандар ібілісті жоқ деп есептейді, ал Киелі Кітапта оның есімі адамдардың жаман ойларын бейнелейтін рәміз саналады демекші. Мәсіхтің жер бетіне екінші рет келетіні жайлы ақиқат бұрмаланып, Ол кез келген адамға өлгеннен кейін келеді деген лақап сөз бар. Бұл сөз Мәсіхтің шын мәнінде қалай келетінін білетін адамдарды алаңдатады. Қазіргі кездің данышпандары адамдарға тілек тілсудің қажеті жоқ деп үйретеді. Тілегіңе жауап апу деген таңғажайып құбылыс, ал таңғажайып оқиғалардың болуы мүмкін емес деген тұжырымдарды айтады. Ғалам белгілі бір заңға бағынады. Ол заңды Құдайдың Өзі де орындайды дейді олар. Сонда заң Құдайдың бостандығын жоққа шығарып тұрған секілді. Ал мұндай ілім Киелі Жазбаға қарама-қайшы келеді. Мәсіх және Оның елшілері ғажайып істер жасамап па екен? Бүгінде мейірімді Құтқарушымыз тірі және Ол адамның тілегіне жауап береді. Табиғи табиғидан жоғарымен бірігеді. Қажетімізді шын жүректен тілек тілемей ешқашанда ала алмаймыз - бұл Құдайдың жоспарының бір бөлігі.

Мәсіхшілер ғибадатханасында жалған ілімдер мен ойдан шығарылған ережелер қаншалықты көп десеңізші! Құдай сөзімен бекітілген ұстанымдардың біреуін алып тастағанның өзінде, заңның шекілуінің ғибадатханаға қаншама кесір әкелетінін айтудың да қажеті жоқ. Бір ғана ақиқатты алып тастап, сонымен тамамдалып отырғандардың саны өте аз. Көпшілігі ұстанымдардың бірінің соңынан бірін алып тастап отырып, ең соңында нағыз кәпірлер болып шыға келеді.

Кең тараған теологияның қателері жұрттың бетін Киелі Жазбадан бұрып, скептицизмге әкеліп тірейді. Әділеттілік, мейірімділік, жанашырлық - бұлар баға жетпейтін байлық. Егерде дұшпан Киелі Жазбада бұл құндылықтар аяқ асты етіледі деп жариялап, соған адамды сендірсе, ол адам Киелі Кітапты ешқашанда қолына алмайды. Шайтанның көздейтіні де осы. Ол адамның жүрегінен Құдайға және Оның сөзіне деген сенімді жойып жіберуді армандайды. Өзәзіл иман байлығы жетіспейтін дүмбілездердің әскерін басқарып келеді және оларды тезірек өзінің құлына айналдыруға тырысады. Бүгінде имансыздық сәнге айналды. Киелі Жазу және оның Авторы күнөні ашық әшкерелейтін болғандықтан көпшілігі оған сенімсіздікпен қарайды. Құдайға бағынғысы келмейтіндер, жазбаның абыройын түсіруге тырысады. Мұндай адамдар Киелі Жазбаны оқиды, уағыздаушыны тыңдайды, бірақ езіне тәлім алу үшін емес, одан қате іздеп, шенеу үшін. Өзінің парызына немқұрайды қарағандықтан кәпір болып шыға келетіндер аз емес. Кейбіреулеріне Құдайды қабылдауға өркөкіректік, жеңілтектік кедергі жасайды. Жеңіл өмірге құнығып алғандар жақсылық жасауға, құрметтеуге тұрарлық қылықтарға қадам жасауға батылдары жетпей, Киелі Жазуды келемеждеп данышпан атанғылары келеді. Құдайдың даналығынсыз біздің шектеулі санамыз көп нәрсені игере алмайды. «Қолы жетпеген қорлауыш» дегендей ақылы жетпейтіндер сынауға көшіп, мін тағумен айналысады. Енді біреулер құдайсыздықпен, скептицизммен сусындарын қандырады. Олардың бергі жағындағы шынайылықтарының сыртында өркөкіректік пен менменшілдік жасырынып тұрады. Біреулер Киелі Жазбадан жұртты тығырыққа тірейтін жерлерді әдейілеп іздейді. Кейбір жандар дау-дамайды жақсы көргендіктен сөз қоздырады, кейін ездерінің торға қалай түскендерін де сезбей қалады. Бір рет сенімнің жоқтығы жайлы жарияласаң, кейін өз сөзіңнен бас тарта алмай қаласың. Осылайша жауыңның жағына қоныстана-сың, содан кейін сен үшін жұмақтың есігі жабылады.

Киелі Жазбада Мәсіхтің Құдай екені жайлы дәлелдемелер жеткілікті түрде берілген. Біздің құтқарылуымызға катысты ақиқат

айқын түрде жазылған. Уәде етілген Киелі Рухты бар ниетімен сұрағандар алады және шындықты өз бетінше зерттеп таба алады. Құдай біз үстіне иманымызды қалай алатындай мықты негіз орнатқан.

Дегенмен біздің шектеулі санамыз Құдайдың көздеген мақсаты мен Оның жоспарын толық ұға алмайды. Біз - пенделер ақылымызбен Құдайды ешқашанда таба алмаймыз. Оның құпияларын білуге ұмтылыс жасаудың қажеті де жоқ. Пайғамбар: «Құдайдың даналығы неткен шексіз, парасаты қандай терең! Шешімдеріне адамның ақылы жетпес, жолдарын Оның ешкім зерттеп бітпес!» - деп шаттанады (Рим.11:33).

Бізге тек Оның мейірімді, таусылмас күш пен шексіз махаббат Иесі екенін білгеніміз жеткілікті. Құдай бәрін біледі, сондықтан өмірімізді Оның мейірімді қолына тапсырып, Оған шын ниетпен тағзым етіп, Оған бағынуымыз керек. Біз үшін Құдайға сенбейтіндей ешбір себеп жоқ. Киелі Өз ойлағанын адам баласына керегінше ашады, ал «одан жоғарысын» адам Алладан күтіп отыруы керек.

Құдай адамзатты Өзіне сендіруге жеткілікті дәлелдемелер бергенімен, сенбеушілікке әкелетін себептерді алып тастамайды. Сыныққа сылтау іздейтіндер оны табады. Құдайға бағынудан жөне Оның сөзін қабылдаудан бас тартатындар, күдіктенуге әкеліп соқтырған барлық кедергілер жойылып болғанша, ешқашан жарыққа шыға алмайды.

Аллаға деген сенімсіздік Онымен жауласудың нәтижесінде пайда болады. Сенімді Киелі Рух береді, ал оны өсіріп, нығайтуға адам өзі күш салуы керек. Саналы түрде күш жұмсамай, нығыз сенімге ие болу қиын. Егер үнемі қамын жасап отырса, сенімсіздік адамның жүрегіне ұялап алады.

Құдайға сенбей, күмәнданып отыратындар Алланың атына кір келтіреді сондай-ақ өздерінің жаман үлгілерімен маңайындағыларға әсер етеді, оларды Мәсіхтен алыстатады. Ондай адамдар жемісі жоқ, жалаңаш ағаштарға ұқсайды. Ақыр заман келгенде олардың өмірлері әділетсіз істерінің куәсі болады. Олар күмәндану мен сенімсіздіктің дәндерін отырғызады жөне өлбетте соған сай жемістерін алады.

Ал бойларына ұялап алған күдіктен шынайы түрде арылғысы келетіндердің одан құтылатын бір ғана құралы бар, өздеріне түсіп тұрған жарыққа жол беру. Сонда олар нұрланған үстіне нұрлана түседі. Әуелі олар ездеріне түсінікті міндеттерді орындаулары қажет, бұл ерекеттер ақиқатты түсінуге көмектеседі, кейін олар сол ақиқат бойынша өмір сүрулері керек.

Жан қиярлық қастерлі іске бел буу, жігерлік сияқты игі қасиеттерден жүрдай, алдануға дайын тұратын адамдарды жын оп-оңай

алдайды. Ал ақиқатты бар ниетімен «сабылып жүріп» іздейтіндердің жүректерін ол жаулап ала алмайды. «Мәсіх - ақиқат, осы дүниенің адамдарына нұрын себетін шынайы жарық» (Жохан 1:9). Алланың еркін орындағысы келетіндер Оның ілімін білетін болады (Жохан 7:17). «Іздендер, сонда табасыңдар» - дейді Иса (Матай 7:7).

Мәсіхтің избасарлары албастының және оның әскерінің оларға қоятын кесірлі кедергілері жайлы аз біледі. Құдай болса бұл кедергілерді Өз жосиарын іске асыру үшін пайдаланады. Алла Өз халқының қасіретке ұшырағанын, қайғыға батқанын қаламайды, бірақ қатаң бақылаудан өтуіне кедергі де жасамайды. Себебі бұл сынақтар адамға күнәні жеңе білуіне кемектеседі.

Егер біз шын ниетімізбен Құдайдың жағы болуды қаласақ, жексұрын болсын, жын болсын бізді Алладан айыра алмайды және Құдай ісіне кедергі де келтіре алмайды. «Кез келген күнәға күшпен және әскермен емес, Менің Рухыммен қарсы тұра аласыңдар» - дейді Расул Алла (Зөк. 4:6).

«Құдайдың назары бізге бағытталған жөне біздің тілегімізді Ол әр дайым естиді... Егер біз жақсылықты қызғанышпен қорғай білсек, кім бізге зұлымдық жасай алады?» (ІПетір. 3:12-13).

Шұғайып дүниеге қызығып, сиқырын Исраилге бағыттап, құрбандығын шалып Құдайдың халқына қарғыс атқысы келгенде, Алланың Рухы бұл зұлымдықты тоқтатуға кедергі қойды. Сонда Шұғайып ышқынып: «Құдай оларды қарғамаса, мен қалайша қарғаймын? Құдай оларға зұлымдық жасамаса, қалайша мен жасаймын?» деп айғайлап жіберді. Екінші рет құрбан шалынған кезде жексұрын пайғамбар Шұғайып алғашқыда айтқан қарғысын қайталағысы келді, бірақ аузынан қарғыстың орнына бата шыға бастады. Үшінші рет құрбан шалынған кезде Шұғайып қарғысын үшінші мәрте қайталағысы келіп еді, оның аузымен Киелі Рух сөйлеп: «Саған батасын беретіндер баталы болсын, қарғыс ататындар өздері қарғысқа ұшырасын!» деп жария етті (Рул. 23:8,10,20,21,23;24:9).

Ол кезде Исраил халқы Құдайға адал болған. Сол себепті оларды ешкім, ешқандай күшпен ала алмады. Кейін олар шайтанның соңынан еріп кетіп күнәға батқанда, бір кездері Шұғайыптың оларға атпақ болған қарғысы сатқындардың бастарына өзінен өзі жетті.

Ең әлсіз деген жанның өзі Мәсіхке шын ниетімен бұрылған адал адам болса, онда ол қара күштерге қарсы шайқаста оларға төтеп бере алады. Бұл шайқасқа ібілістің өзі қатысса да оны жеңе алмайды. Сол себепті шайтан адамдарды Мәсіхтің қорғанынан алдап шығаруға тырысады және торуылда аңдып отырып, өзінің жерін басқан адамның көзін жойып жіберуге дайын тұрады. Егер де біз Құдайға сеніп,

Оның заңын бұлжытпай орындап отырсақ қауіпсіз боламыз. Біз тілек хілеу арқылы Құдаймен үздіксіз байланыста болмасақ, шайтанның құрған торына сөзсіз түсеміз. Әсіресе Құдай сөзін зерттеген кезде Оның бізге даналық беруін тілеуіміз керек. Бұл кітапта ібілістің қандай қылықтар жасайтыны туралы және оған қарсы қандай қаруды пайдалану керектігі жайлы жазылған. Шайтан Киелі Жазбаны жақсы біледі және ондағы жазуды өзінше талқылап, бізді ақиқаттан тайдырып жібергісі келеді. Біз Киелі Кітапты, Құдайға тәуелді екенімізді ұмытпай, Оған мойынсұна отырып оқуымыз керек. Жауымыздың алыста емес, қасымызда тұрғанын естен бір сәт шығаруға болмайды.

Мәңгілік өмірге ие болудың құпиясы

Адамзат тарихының ең басында шайтан зұлымдық өрекеттерін құлықтан бастады. Көкте бастаған шайқасын жерде жалғастыруды ойлады.

Адам ата мен Хауа ана Құдайдың оларға әдейілеп дайындаған керемет жерінде Жаратқанның заңы бойынша өмір сүріп жатты. Жұбайлар өздерінің ғажайып өлемінде өте бақытты болды. Оларды сырттай бақылап жүрген албасты «Құдай заңымен өмір сүру мүмкін емес» деген тұжырымының теріс шыққанын керіп, іші удай ашыды. Ол жұбайларды күнәға батырып, Құдай мен адамдардың арасын ажырастырып, жердің билігін өз қолына алып, сонда Құдайдың патшалығына қарсы келетін өз патшалығын орнатпақ болып нық шешім қабылдады. Сол бетінше ол жұбайларға келсе тойтарыс алатыны әрине белгілі, өйткені олар бұл қауіпті жау жайлы алдын ала хабарлас болған. Сондықтан ібіліс қулыққа кірісті. Сырт бейнесі ете әдемі көрінетін жәндік - жыланды делдал ретінде пайдаланып, Хауа ананы сөзге тартты: «Құдай сендерге бақтағы ешбір ағаштың жемісін жемендер деп шынымен айтты ма?» (Жар. 3:1). Егер Хауа ана жыланмен сөйлеспесе, ештеңе де болмайтын еді. Бірақ әйел осы арада қателесіп, албастының құрған торына түсті. Қазірдің өзінде көпшілік жандар дәл осылай алданады. Алланың бұйрығын орындағанның орнына, Оның заңына күмәнданып, албастының қаруы болып тұрған адамның теориясын тезірек қабылдайды.

Әйел жыланға: «Бақтағы барлық ағаштардың жемісін біз жей аламыз, бірақ жұмақтың ортасында тұрған ағаштың жемісін жеуге

бізге тыйым салынған”. Алла: «Мына ағаштың жемісін жемендер, оған жанаспаңдар, әйтпесе елесіңдер» - деді. «Жоқ, өлмейсіңдер, бірақ ол ағаштың жемісін татқан күні көздерің ашылып құдайларға ұқсап жақсылық пен жамандық атаулының барлығын танитын боласыңдар» — деп жариялады шайтан. Сонан соң Хауа ана жылан-ның сезіне сеніп сол ағаштың жемісін өзі де жеді, Адамға да жегізді. Адамдар: «Құдай біздің бостандығымызды шектеп тұр екен, егер біз Оның сөзін аттап өтсек, үлкен жетістіктерге жетіп, данышпан болып шыға келетініміз анық, шығар» - деп ойлады. Осылайша олар қателесіп күнәға батты.

Албастының айтқанындай Адам болмыстың ең жоғарғы сатысына көтеріле алды ма? Жоқ. Құдайдың үкімінің мағынасы мүлдем басқаша болатын. Адам «бұл ағаштың жемісін татқан күні өлесіңдер» - деген сөздің мағынасын сонда ғана ұқты. Шайтанның «көздерің ашылады» дегені ғана рас болып шықты. Олардың шынымен де көздері ашылды және адамдар өздерінің қандай сорақы күйде тұрғандарын көрді.

Бақтың ішінде өмір ағашы болатын. Егер адам күнә жасамағанда, сол ағаштың жемісін жеп мәңгі өмір сүре беретін еді. Енді ол мұндай мүмкіндіктен айрылды. «Топырақтан жаралдыңдар, топыраққа қайтадан айналасыңдар» - деген сөз, «өмір толығымен тоқталады» деген мағынаны білдіреді. Күнә жасағандықтан адам мәңгіліктен айрылды, яғни Құдайға бағынған жағдайда ғана оған уәде етілген мәңгілік күнә жасалғаннан кейін өз мәнін жойды. Адам өзінде жоқ нәрсені ұрпақтарына бере ала ма? Қолындағысын ғана бере алады. Осылайша бір адам арқылы күнә, ал күнәмен қоса өлім біздің әлемге енді де, тұқым қуалап барлық адамзат баласына тарады. Бірақ Құдайдың адам баласына деген мейірімі мол ғой. Мәсіх «Ізгі хабар арқылы өлімнің кісенін бұзып, дүниеге өмір әкелді» (Рим. 5:12, 2Тім. 1:10). Адам Мәсіх Иса арқылы ғана мәңгілік өмірге ие бола алады. «Құдайдың рухани Ұлына сенушілер мәңгілік өмірді иемденеді. Ал оны тыңдамағандар шын өмірді көрмей, мәңгілікке көз жұмады» (Жохан 3:36). Бұл батаны жақсы істерден ұлылық, абырой және мәңгілік іздеген кез келген жан ала алады. (Рим.2:7).

Адамға өмір беруге уәде еткен ібіліс өтірікші болып шықты. Шын мәнінде «Сендер өлмейсіңдер» дегенде жылан әйелге «адамның жаны өлмейді» деген жалған ілімді уағыздады. Бұл хабар қазіргі кезде барлық мәсіхшілер шіркеулерінде уағыздалып келеді. Және оны кешпілік жандар қол соғып қарсы алады. «Күнә жасаған жан өледі» (Езк. 18:20) деген Алланың үкімі, «күнә жасаған жан өлмейді, мәңгілік өмір сүреді» деп бұрмаланады.

Құдайдың сөзіне сенбей, албастының сөзіне иланатын көкірегі соқыр жандар қаншалықты көп десеңізші. Адам ата күнә жасағаннан кейін, ешкім оған жақындай алмас үшін жалындап тұрған найза ұстаған періште өмір ағашын күзететін болды (Жар. 3:24). Адамның жанұясының біреуі де бұл шекараны бұза алмады. Күнәнің мәңгілік калып қоюына жол берілмеді. Сондықтан да жандары мәңгі өмір сүретін күнәкарлар жоқ.

Бұдан кейін албастының періштелері «адамның жаны ешқашанда өлмейді» деген тұжырымға оларды сендіріп болған соң, «мәңгілік дозақ бар» деген ілімді шығарды. Ібіліс: «Күнәкардың жаны дозаққа түсіп, ол мәңгілік қиналады, ал Құдай мұны көріп рахаттанады»деп, Алланы адамдарға жауыз қылып көрсеткісі келеді. Сөйтіп езінің бойындағы «сапасын» әділетті, мейірімі күшті, мәңгілік махаббат Иесі - Құдайға жапсырып, оны қарамайлайды. Алғашқы көтерілісші біздің әлемімізге күнә әкелгенше, Құдай жаратқан бұл дүние тап-таза, пәк және сұлу болған. Адамды алдап күнәға итермелейтін оның жауы - ібіліс. Ол ешкімді де аямайды, бәрін қырып салуға дайын тұр. Егер бұл іске Алла араласпағанда Адам атаның бір де бір ұрпағы «құтқарылам» деп үміттене алмас еді. Албасты әуел баста біздің бабаларымызды алдағандай Құдай заңының әділетті екеніне, тіпті оның бар екеніне күмән туғызып адамзат баласын алдап келеді. Ол Құдайды күңгірт, қара бояулармен суреттейді. «Әділетсіз әміршіге бағынбағандықтан көктен қуылдым» - деп, өзін бөріне құрбан қылып көрсеткісі келеді. Егер мен әміршілерің болғанда «осындай кереметке ие болатын едіңдер» деп адамдардың қиялын қоздырып, неше түрлі ғажайыптарды елестетіп, оларды армандатып қояды.

Қысқа ғана ғұмырында жасаған қателіктері үшін «адам мәңгілік дозақ отына түседі» деген ілімнің мейірімі шексіз Алланың сүйіспеншілігімен сәйкес келмейтінін адам қалай ғана түсінбейді екен? Өкінішке орай бұл ілім барлық жерлерге уағыздалып, көптеген мәсіхшілердің доктриналарына (ережелері) нығыз енген. Дін зерттеуші, көрнекті докторлардың бірі өз сөзінде : «Дозақ отына түскен қиналушыларды көргенде, әділеттілердің мәңгілік бақыты күшейе түседі. Өзіне ұқсастардың сорақы жағдайларына қарап олар өздерінің соншалықты биік екенін сезініп, рахаттары екі еселенеді» - дейді. Оның әріптестерінің тағы бірі: «Оларға шығарылған үкім кек сауытының үстінен мәңгілік тоқтаусыз айтылып тұрады және күнәкарлар жанып жатқан отың түтіні мейірімділік сауытының алдынан жоғарыға көтеріліп жатады, бірақ әділеттілер бұл сорлыларға аяушылық білдірмейді, керісінше «Жаратқан Иеміз жасасын!» деп шабыттана дауыстайды» - деп жазады.

Неткен кешшелік десеңізші? Мұндай ілімді Киелі Кітаптың қай бетінен табады екенсіз? Сонда ақталғандардың басқасын былай қойғанда, қарапайым рақымшылық сезімнен жүрдай болғаны ма? Немесе ол сезімдердің орнына жабайылардың қатыгездігі келе ме? Әрине жоқ. Киелі Жазбада олай деп жазылмаған. Мұндай ілімді уағыздайтындар - олар білімді, тіпті сый құрметке бөленген адамдар болуы мүмкін - ібілістің ізбасарлары болып табылады. Айтулы жандар албастының жетекшілік етуімен Киелі Жазбадан соның өзіне төн қатыгездіктер пен қауіп-қатерлерді тауып, солайша Жазбаны кері талқылап, Құдайдың атына кір келтіреді. Раббым Алла: «Мен күнөкардың өлгенін қаламаймын, жаман жолдан тайып, жақсы жолға түсіп тірі болсын» дейді (Езк. 33:11).

Күнөкарлар дозаққа түсіп өртенеді дерлік. Сонда олардың қиналған, жанкешті дауысы мейірімді Аллаға тәтті күймен бірдей болмақ па? Құдай Өзінің күнәні жек көретінін ғаламға осылай көрсетеді деген пікір бар. Бұл Құдайды ғайбаттау, ондай ілімді тарататындар албастының жетегінде жүрген байғұстар. Күнәні жек көретін Құдай қалайша оны мәңгілік ескерткіш қылып қалдырады? Көптеген дін зерттеушілердің ойынша мәңгілік азаптың барлығы күнөкарларды одан бетер ерегістіріп, үсті үстіне күнә жасауға итермелейді. Күнәнің еселене түсуі Алланың атағын шығаруға ықпалын тигізбейді. Мәңгілік азап туралы доктринаның әлемге қаншалықты зұлымдық әкеліп, зиянын тигізгенін адамдар өздері толық түсінбейді де. Киелі Жазба неше түрлі сұмдық суреттермен «әшекейленген». Көпшілік жандардың Құдайдан қорқатыны да, тіпті оны жек көретіні де сондықтан. Шіркеулерде Құдай туралы қате пікірлер уағыздалғандықтан, дүниеде миллиондаған құдайсыздар мен скептиктер қаптап кетті. Мәңгілік азап туралы теория - барлық халықтарды мас қылған Бабылдың шарабының санын құрайтын жалған ілімнің бірі (Аян 14:8;17:2) кара. Мәсіхтің қызметкерлерінің бұл жүрек айнытатын ілімді қабылдауы және оны басқаларға таратуы шынымен де құпия. Мәңгілік азап туралы пікір сенбіні жексенбіге ауыстырып қойғайындай әзәзілдің адамға таңып қойған пәлесі. Ақиқатты жете білмей осы ілімді уағыздаған және өмірден өтіп кеткен мейірімді жандар аз болмаған. Олар білгендері үшін ғана жауап береді. Ал біз, яғни кейінгі ұрпақ өзімізге түскен сөулеге сай өмір сүруіміз керек. Қаншалықты бірсек, Құдай алдында соншалықты жауаптымыз. Егерде біз «ата-ларымыз солай өмір сүрген, біз де солардың ізімен жүреміз» деп ашылып тұрған ақиқатты аяқ асты етсек, онда заңсыздықтың шарабын ішкеніміз үшін Бабылға шығарылған үкім бізге де шығарылады.

Көпшілік жандар мәңгілік дозақ болады деген ұғыммен келіспейді, сөйтіп карама-қайшы адасушылыққа бой ұсынып, соған иланып алады. Олар Киелі Кітапта суреттелетін Құдай сүйіспеншілікке толы және мейірімді, сондықтанда мәңгілік дозақ болмайды дейді. Десе де «адамның жаны табиғатына сай ешқашанда өлмейді, ол мәңгілік» деген көзқарасқа тоқталып, ең соңында барлық адамдар құтқарылады деп тұжырымдайды. Енді біреулер Киелі Жазуда берілген ескертулердің шын мәнінде орындалатынына көңіл аудармай, оның бәрі адамзатты қорқытып бағындырудың құралы деп есептейді. Сонда күнәкар қалай өмір сүрем десе ез еркінде болғаны ғой. Құдайдың мейірімін мойындайтын, бірақ Оның әділеттілігін жаратпайтын пенделерге мұндай ілім ұнайды және ол заңсыздықтың көбее түсуіне жол ашып береді.

«Адамзат түгел құтқарылады» деп, Киелі Кітапты қате талқылайтындардың іліміне олардың айтқан сөздерін дәлелдеме ретінде келтіруге болады.

Кездейсоқ жағдайда қайтыс болған бір жас жігітті жерлеу рәсімі кезінде діни қызметкер Киелі Жазбадан Дәуіт пайғамбарға қатысты жазыпған: «Амнонның қазасына қайғысы басылған соң, Дәуіт Әбілсаламды сағына бастады» деген жолдарды оқып берді (2Пат. 13:39). «Менен жиі сұрайды - деп, жалғастырды сезін қызметкер. Қылмыс үстінде немесе арақ ішіп мас болып тұрған кезде қайтыс болып кеткен адамдардың тағдыры қалай шешіледі? Бұған Киелі Жазбадан жауап таба аламыз. Амнон күнәкар адам болатын. Ол өте бұзақы қылмыскер еді және дәл арақ ішіп алып мас болып тұрған кезінде өлтірілді. Ал оның әкесі Дәуіт болса, Құдайдың пайғамбары болған. Баласы өлгеннен кейін патша қандай күйде болды? Оны алдағы уақытта не күтіп тұрғанын әлбегге білген болар? «Патша Әбілсаламды қуғындағанын тоқтатты, өйткені Амнонның қазасымен қайғысы басылды». Осыдан қандай шешімге келуге болады? Баласының өлгенін көре тұра ол қалайша тынышталды? Бұл қалай болғаны? Неге өйтті? Себебі пайғамбар баласын болашақта не күтіп тұрғанын кереген кезбен көріп тұрды. Оның баласы барлық күнәларынан босатылып, әділеттілердің қатарына қосылды» - деді әлгі қызметкер. Сонда біздің құтқарылуымыз қандай дінді уағыздайтынымызға, жүрегіміздің қандай болғанына, өмірдегі жасаған істерімізге байланысты болмағаны ма? Осылайша Мәсіхтің жалған қызметкері бір кездері Бейіш бағындағы жыланның: «Жоқ, сендер өлмейсіңдер... дөмін татқан күні көздерің ашылып, құдайлармен бірдей боласыңдар» деген өтірік сөздерін қайталағаны ғой. Оның айтуынша күнәкарлардың көкелері - баскесер қарақшылар, жезөкшелер, арамтамақтар азғын адам болғандарына

қарамастан, өлгеннен кейін жұмақтың төрінен бірақ шығатыны ғой. Бұл діни қызметкер қандай негізге сүйене отыра, Құдай сезін соншалықты бұрмалаған екен? Оның уағыздап тұрғаны жалған гипотеза. Адамның жүрегін тербетіп, арын тыныштандыратын тәтті ертегі. Неліктен пайғамбар солай сөйледі? Адамның Құдайдың еркін өзгертетін лажы жоқ. Дәуіт патша Құдайдың еркіне бағынды. Уақыт жан жарасын жұмсартты, енді ол қылмыс жасап, жазадан қорқып, жаны күйзеліп қашып жүрген екінші баласы Әбілсаламның қамын ойлады.

Егерде дінді уағыздаушылар адамға жоғарыда сөз болғандай жалған ілімді жапсырып және оны соған сендірсе, онда күнә мен кесірдің гүлденіп жатқанына несіне таң қаламыз? Дәл осы етірікші мұғалім секілді ібілістің қызметкерлері толып жатыр. Олар мәтінді түгел оқымай, жазбадан бір екі сөзді жұлып алып, жағдайды өз еркілерінше талқылай бастайды.

«Маскүнем Амнон көкте болады» - деген ұйғарым, адамның жасаған қорытындысы. Ал Киелі Кітап бізге: «Маскүнемдер Құдай патшалығына кірмейді» деп тіке айтады (1Қор.6:10) оқы. Осылайша барлық күмәнданатындар, имансыздар, скептиктер ақиқатты өтірікке айналдырады. Егер өлгеннен кейін барлық адамдар көкке көтерілетін болса, онда біз өмір сүргеннен гөрі өлгенімізді көбірек тілер сді к. Мұндай алдамшы көзқарас адамдарды өздерін өздері әлтіруге дейін жеткізеді. Өмірдің қиындығына төзбегендер, қамықкандар, әр түрлі ауыртпалықтарды көтере алмағандар мәңгілік бақыт әлеміне тезірек жету үшін өз еріктерімен өмір пернесін үзіп тастап жатты.

Алла Өз сөзінде: «Құдай заңын бұзғандар жазаланады» дейді. «Құдайдың кешірмейтін жазасы жоқ» деп өздерін өздері алдайтындар, айқыш ағашқа қарасын. Құдайдың жазықсыз рухани Ұлының айқыштағы өлімі - күнә үшін жаза тағайындалатынын дәлелдейді. Алланың қасиетті заңын бұзғандар жауапсыз қалмайды. Күнәсіз Мәсіх адамзат баласын мәңгілік өлімнен құтқарып алу үшін күнәкар болды. Ол адамдардың күнәсін Өз мойнына алды, сол үшін Көктегі Әкеміз Оны күнәнің құрбаны қылып қалдырды. Мәсіх жанын адамзат баласы үшін қиды. Өйткені күнәкар пенделер үшін құтқарылудың басқа жолы жоқ болатын. Осыншалық қымбат бағамен алынған татудулауға қатысудан бас тартатындар, өз күнәлары үшін жазаны өздері тартады. Діни ұстаздар кекке апарып періштелердің қатарларына қосып қоятын құдайсыздар мен тәубеларына келмеген арсыздар жайлы Киелі Жазба не дейді екен?

«Шөлдегендерді тірі судың қайнар көзінен сусындатамын». Бұл ақиқатты аңсайтындарға, шынымен шөлдегендерге берілген аян. «Жеңгендерді мұрагер етемін, олар Менің балаларым болады, ал Мен

олардың Әкесі боламын” (Аян 21:6,7). Бұл арада шарт қойылған, уәделі құтқарылуды күнәмен шайқасып жеңсек қана аламыз. «Әділетті өз ісінің жемісін жейді, ал заңсыздық жасайтындар қайғырсын, себебі олар істеріне қарай жазаларын алады” (Ишайа 3.10,11).

«Күнәкар жүз жерден күнә жасап қасарысқанымен - дейді данышпан патша Сүлеймен, мен білемін Құдайдан шын қорқатындар игілікке бөленеді, ал зұлымдарға ешқандай да жақсылық жоқ” (Уағ. 8.12,13). «Бірақ сен жүрегіңді қасарыстырып теріс жолдан қайтудан қыңырлана бас тартасың. Осылай Құдайдың гаһары төгіліп, әділ үкім жарияланатын күні өзің тартатын жазанды ауырлатасың. Құдай әркімнің істеген ісіне қарап қарымтасын қайтаратын болады. Жамандық істеген әркімді - алдымен яхуданы,* сондай-ақ басқа ұлт адамдарын да азап пен қысым күтіп тұр” (Рим. 2:5,6,9).

«Таза жүріп, таза тұрмайтындар (ниеті қаралар), жезөкшелер, өгірікшілер, әзәзілдер, пұтқа табынушылар Мәсіх Иса мен Құдай Әкенің патшалығына кіре алмайды” (Еф. 5:5). «Күллі жандармен бейбітшіл және қасиетті болыңдар, онсыз ешкім Ұлы Құдайды көре алмайды” (Евр. 12:14). «Құдай заңын орындайтындар бақытты, өйткені олар өмір ағашының жемісін татуға құқылы болып, қасиетті қалаға қақпамен кіретін болады». «Ал ит мінезділер, мыстандар, жезөкшелер, адам өлтірушілер, пұтқа табынушылар және кез келген заңсыздық жасайтындар қақпаның сыртында қалады» (Аян 22:14,15).

Құдай адамзатқа Өз мінезін жөне күнәға қалай қарайтынын ашық көрсетті. «Жаратқан Ие! Жаратқан Ие! Құдай мейірімді де қайырымды, тез қаһарланбайды да ете рақымды. Құдай әр кез сөзінде тұрады. Ол мейірімін мыңдағандарға танытады. Жасаған күнәларын кешіруге дайын тұрады. Ал қасарысқандарды жазасыз қалдырмайды. Аталарының теріс қылықтары үшін балалары мен немерелерін, шөберелері мен шөпшектерін де жазалайды (Мыс. 34:6,7). «Өзін сүйетіндерді Құдай қорғайды, ал зұлымдардың көзін жояды” (Жыр. 144:20). «Барлық заңсыздық жасайтындар өлтіріледі, олардың болашағы жоқ” (Жыр. 36:38). Шайқасты соңына дейін жеткізу үшін Алла Өзінің күші мен билігін пайдаланады. Ал сот Құдайдың мейірімді, шыдамды, рақымды, жанашыр мінезіне сәйкес келетіндей өділетті болады.

Құдай ешкімді де күшпен Өз еркіне бағындырмайды. Ол адамға бостандық берді. Кімде кім Оған бағынса, Алланы жақсы көргендіктен, өз еркімен бағынғанын қалайды. Құтқарушымыз үлгі ретінде қалдырған мейірімділіктің ұстанымдары Шексіз Алланың табиғатын анық көрсетеді. Құдайдың билігінің ұстанымдары Құтқарушымыздың заңымен үйлесімді. «Жауларыңды жақсы

көріңдер» - дейді Алла. Құдай зұлымдарға қатысты Өзінің әділеттілігін көрсетеді. Бұл бар ғаламның бақыты үшін жасалған игі іс болмақ. Жаратқан барлық жандарды бақытты еткісі келеді. Оларға заңын сыйлап, мейірімділігіне белейді, бірақ олар Құдайдың сүйіспеншілігін жек көреді, заңын қорлайды, оның берген игіліктерін үнемі қабылдайды, бірақ игілік Сыйлаушыны масқаралайды. Құдай өте шыдамды, десе де Оның шыдамының тостағаны толған кезде ақыр заман келеді, сонда адамзат Құдайдың сотына тартылады және барлық зұлымдар әділетті жазаларын алады. Албастыны өздерінің көсемі қылып таңдап алғандар, Құдайдың жүзіне қарай алмайды. Олардың маңдайларына етіріктің, қатыгездіктің, бұзылғандықтың мөрі басылған. Жер бетінде жақынын жек көргендер, көкте олармен қалайша қатарласып өмір сүрмек? Ақиқат өтірікпен үйлесе алмайды. Момындық менменшілдікпен сәйкеспейді. Құдайға қарсы шайқас жүргізгендер қалайша Оның қасында отырмақ? Олар аспандағы пәк жан иелерімен қарым-қатынас жасап, Құдайды мадақтайтын әндерді айта алмайды. Олар Алла мен Тоқтының (Құтқарушының) данкын шарықтата алмайды. Олардың шыңдалуларына тым көп уақыт берілді, бірақ олар мінездерін түземеді, тазалықты сүймеді, көктің тілін игере алмады (үйренбеді). Құдаймен үнемі қарсыласқандықтан, олар аспанда өмір сүруге жарамсыз болып қалды. Құдайдың қасиетті тазалығы оларға жаза, даңқы жалындаған от болып тиеді. Жалғыз ғана армандары киелі жерден қашып құтылу болар еді. Олардың ұйғарымдары өздерінің тағдырларын шешеді. Олардың пиғылы Құдай сөзімен келіспеушіліктерінен байқалады, ал өмір аяқталғаннан кейін ойыңа жаңа бағыт беру мүмкін емес. Заңсыздықты бағынушылыққа, ал жеккөрушілікті сүйіспеншілікке қалай айналдырасың?

Бауырын өлтірген Қабылға кеңшілік жасау арқылы Құдай күнәкардың өмір сүргені және оның ойына келгенін істейтіні қайдай нәтижелерге жеткізетінін әлемге көрсетті. Қабылға еліктеп, оның үлгісі бойынша өмір сүрген ұрпақтары күнәға белшесінен батып, жерді зұлымдыққа толтырып жіберді (Жар. 6:11). Нұх пайғамбарының заманында Құдай әлемді аяғандығынан жердің азып кеткен тұрғындарының көзін жойып жіберді. Дәл сол жанашырлықтың өсерінен Ол Содомның жексұрын тұрғындарын қырды. Албастының құлығының арқасында заңсыздық жасайтындар халықтың жанашырлығы мен сүйемелдеуін пайдаланады, сөйсіп өзі сияқтылардың қатарын көбейтеді. Қабылдың, Нұхтың, Ыбырайымның және Лұттың кезінде де солай болған. Қазіргі кезде де солай. Ақыр соңында Ғаламның игілігі үшін Құдай барлық зұлымдардың көзін мәңгілікке

жояды. «Күнә үшін жаза - өлім, ал Құдайдың сыйы - мәңгілік өмір» (Рим. 6:23). Өмір тақуалардың алатын мұрасы, ал күнәкарлардың үлесі - өлім. «Бері қараңдар! Бүгін мен өмір мен игілікке және өлім мен қырғынға апаратын екі жолды таңдауларыңа беремін» - деді Мұса пайғамбар Исраилге (Заң 30:15). Бұл жерде Адам атаның басына келген өлім жайлы емес, «екінші өлім» жайлы айтылып тұр. Адам атаның күнәсінің нәтижесінде өлім барлық адамдарға тарады. Молаға бәрі де кіреді. Бірақ құтқарылу жоспары адамға, оны өлім тұзағынан босатуға ұсыныс жасап тұр. Барлық әділеттілер де, әділетсіздер де қайра тіріледі (Елш. 24:15). «Адам атамен барлығы өлсе, Мәсіхпен барлығы қайта тіріледі» (ІҚор. 15:22). Бірақ бұл екі топтын адамдарының арасында шекара сызығы бар. «Молада жатқандардың барлығы Құдайдың Рухани Ұлының дауысын естиді. Жақсылық жасағандар өмір жексенбісінде, ал зұлымдық жасағандар жазалану жексенбісінде түрегеледі» (Жохан 5:28,29). «Алғашқы жексенбіде тұрғандар бақытты». «Оларға ажал билігін жүргізе алмайды» (Аян 20:6). Ал екінші жексенбіде тұратындар нағыз бақытсыздар. Олар екінші өліммен мәңгілікке өлетін болады. Бұл женінде Дәуіт пайғамбар: «Азырақ уақыттан соң жексұрындар жоғалады». «Олар ешқашан болмағандай болады (Жыр. 36:10; Абд 16-шы өлең), қорлықтарын жамылып мәңгілікке құриды» - дейді.

Осылайша Алла күнәнің кезін мәңгілікке жояды. Жыршы былай дейді: Халыцтарды сөгіп, зұлымдарды жоқ қылдың, есімдерін мәңгілікке өшіріп тастадың. Жау кару-жарағынан жұда қалып, жойылды. Сен қиратқан қалалар із-түссіз жоғалды» (Жыр. 9:6,7). Аспаннан шыққан, барлық Ғалам орындаған мадақтау әнұранын өз құлағымен естіген Жохан пайғамбар: «Бір де бір жалған дыбыс оның ырғағын бұзған жоқ» - дейді (Аян 5:13). Көктегі де, жердегі де жан иелері Құдайдың қасиетті есімін мәңгілік мадақтайтын болады.

Ал мәңгілік дозақ немесе адамның жаны ешқашан өлмейді деген доктриналардың ешбір негізі жоқ. Бұл Киелі Кітапқа қарама-қайшы келетін ілімдер. Айтулы доктриналар бойынша адам өлсімен аспанға келіп, жерде не болып жатқанын бақылап отырады екен. Әсіресе жақындары мен жолдастарына көбірек көңіл аударады. Сонда олар жердегілердің жасап жатқан күнәларын, шегіп жатқан азаптарын көре тұра өздерін қалай бақытты сезінеді? Тәубасына келмеген адам демі таусылсымен дозаққа барады дегенге қалайша ашуланбайсың? Достарының өлімге дайын болмағандығының салдарынан, олардың дозақ отына түсетінін білетіндердің жандары қаншалықты түршігетінін айтып жеткізу мүмкін емес. Мұндай ойдан кейбір адамдар естерінен адасып кеткен де болатын.

Бұл жөнінде Киелі Жазба не дейді екен? Дәуіттің айтуынша адам өлгеннен кейін санасын жоғалтады. «Кеудеден жан шыққан күні дене жерге тапсырылады, оның санасы еледі» (Жыр. 145:4). Сүлеймен патша бұл пікірді растайды: «Өлген күні адамның махаббаты да, өшпенділігі де, қызғанышы да жоғалады, ол жер бетінде не болып жатқанын сезбейді». «Өйткені молада жұмыста жоқ, ойлануда жоқ, білімде жоқ, даналықта жоқ» (Уағ. 9:5,6,10).

Езекиел патшаның өтініші бойынша Құдай оның өмірін он бес жылға ұзартқанда, ол Құдайдың есімін мадақтаған болатын. «Сені мадақтайтын жердің түбі емес, өлім де емес, көрге түскендер де емес, тірі жандар ғана. Қазіргі мен секілді олар Сені мадақтайды, Есіміңді ардақтайды» - деген еді (Ишая 38:18,19). Кең тараған теология бойынша елген тақуалар кекке бірден жетіп барады. Бірақ Езекиел болса елімнен ондай жарқын болашақты көре алмады. Забур жырларында: «Үнсіздердің еліне аттанғандар Құдайды мадақтай алмайды» - деп жазылған (Жыр. 6:5; 114:117).

Елулік күні Петр: «Дәуіт бабамыз өліп, жерленген және оның табыты өлі күнге осында» деген болатын. «Себебі Дәуіт көкке көтерілген жоқ» (Елш. 2:29,34). Ол жерленген күннен бері көрде жатыр. Тек Мәсіх қайта тірілгендіктен ғана, Дәуіт те қайта тіріліп, көкке көтеріле алады. Исаның шөкірті Пауыл былай дейді: «Ешқандай қайта тірілу болмағанда Мәсіх те қайта тірілмес еді ғой. Ал егер Мәсіх тірілмеген болса, сенімдеріңнен еш пайда болмай, күнәларың әлі де мойыңдарыңда қала берер еді. Сондай-ақ, Мәсіхке сеніп қайтыс болғандар тозақтасуер еді» (ІҚор. 15:16-18).

Егер өлгендер орындарынан тұра салып көкке жетіп баратын болса, онда Мәсіхтің өлімінің мағынасы болмағаны ғой. Мәсіхтің адамзаттың күнәсін айқышқа шегелеп, өліп, қайта тірілгені не үшін керек? Онда біздің сеніміміз де бос соз. Кейіннен азапталып елтірілген Тындейл өлгендердің жағдайлары жайлы былай дейді: «Әділеттілердің өлсімен көкке барып Мәсіх пен періштелердің атағын белісетініне сенбеймін. Олай болған жағдайда тірілу жексенбісінің адамға керегі не?» Бұл ілім Киелі Жазбада жазылған «тірілу жексенбісі» жайлы ақиқатты жоққа шығарады.

Бұл жөнінде Адам Кларк: «Тірілу жексенбісі жайлы алғашқы мәсіхшілер жиі уағыздаған. Елшілер қамыққандарды үміттендіре отыра бұл ақиқатты олардың естеріне жиі салуға тырысқан. Алғашқы мәсіхшілер тірілу жексенбісінің болатынына мықты сенген. Ал қазіргі мәсіхшілер біз ол жайлы қаншалықты уағыздасақ, соншалықты ғана сенеді. Қазіргі жүйедегі уағыздаушылармен сенімнің бір пункті де дәл осы пунктіндей аяқ асты етілмеген» - дейді. Бара-бара «қайта

тірілу жексенбісі» жайлы ақиқат жасырын калды және мәсіхшілер олемі оны жоғалтып ала жаздады. Көрнекті діни жазушылардың бірі елші Пауылдың сөзіне (ІСал. 4:13-18) өзінше түсініктеме бере отыра: «Жұбату және қолайлылық мақсатында тақуалардың елімнен өмірге өтіп шат-шадыман болатыны туралы доктрина Исаның екінші рет келетіні жайлы күмөнді ілімді біздің санамыздан ысырып шығарып отыр. Өлгеннен кейін Тәңір бізді алып кетуге келеді. Соны күтеміз, соған үміттенеміз. Өлгендер даңққа бөленді. Олар сот пен мәңгілік рахатты жариялайтын кернейдің дыбысын күтпейді» - дейді.

Бірақ Иса кекке көтеріліп кетерінің алдында оқушыларына, енді сендер Маған келесіңдер деген жоқ. «Мен сендерге орын дайындауға барамын, сосын сендер де Өзім болған жерде болуларың үшін, келіп сендерді алып кетемін» - деген болатын (Жох. 14:2,3). Әрі қарай елші Пауыл: «Содан кейін хабарланып, бас періште дауыстап, кернейдің үні шыққаннан соң Мәсіхке сеніп өлгендер бірінші болып оянады. Сонан соң тірі қалған біздер солармен бірге аспанға Тәңірімізге қарай көтерілеміз, солай Құдаймен мәңгі бірге боламыз, осы сөздерді айтып бірбірлеріңді жұбатыңдар» - деп сөзін жалғастырады. (ІСал. 4:16-18). Осы айтылған сөздер мен соның алдында универалистік шіркеудің қызметкерімен айтылған сөздердің айырмашылығын қараңыздаршы. Ол өзінің қайғыдан құса болған достарын, жасалған күнә есеп емес, адамдар аспанға барып періштелердің жанына қосылады - деп жұбатады. Ал Пауыл болса, бауырларына Мәсіх көктен келгенде «Оған сеніп өлгендер» бірінші болып тіріледі - дейді.

Жұмаққа кірмес бұрын әрбір адамзат баласының өмірі қатаң тексерістен өтеді. Олардың мінездері мен істері Құдаймен бақыланады. Сонан соң кітаптағы жазуларға байланысты әрбір жанның тағдыры шешіледі. Елші Пауылдың сөзіне мұқият көңіл аударсақ: «Құдай алдын ала анықталған Азамат арқылы, барлығына куә ретінде Оны өлімнен қайта тірілтіп, тағайындалған күні адамзатқа әділетті үкім шығарады» дейді (Елш. 17:31). Бұл жерде елші әдейілеп тағайындалған сот болатын күн туралы тіке айтып тұр. Яхуда осы уақыт жайлы былай дейді: «Арын сақтай алмай, тұрағын тастап кеткен періштелер ұлы күні қамауға алынады». Әрі қарай ойын ол Енохтың сөзімен жалғастырады: «Жердегілерді соттау үшін, киелі періштелерін ерітіп біздің өлемімізге Құдай келеді» (Яхуда 6,14,15). Жохан пайғамбар: «Мен Құдайдың алдында тұрған өлгендерді - қаралар мен күштілерді көрдім. Олар кітаптағы жазу бойынша, істеген істеріне қарай сыбағаларын алды» - дейді (Аян 20:12).

Егер өлгендердің бірі көкте қуанып жатса, енді біреулері дозақта қиналып жатса, онда соттың қажеті қанша? Осы сұрақтарға

байланысты Киелі Жазбада берілген ілімді қарапайымдардың өздері де түсінеді. Сонда қалайша салмақты да ойшыл адамдардың осы қарапайым ақиқатты түсіне алмайтынына таң қаласың. Сот аяқталғаннан кейін: «Жақсы, Менің сенімді қызметкерлерім, Иелеріңнің қуанышханасына кіріңдер» - дейді Раббым Алла. Ал егерде тақуалар онсыз-ақ көкте болатын болса, онда аспаннан шығып, оған қайта кірудің қажеті қанша? Сол секілді зұлымдар дозақ отында өртеніп жатса, онда оларды дозақтың бұрыш бұрышынан жинап алып, қайта дозаққа жіберудің не керегі бар? Қандай масқара мазақ десеңізші! Құдай сөзін Жаратқаннан қорықпастан бұрмалайтындардың орны қайда болатыны белгілі. «Адамның жаны ешқашан өлмейді» деген теория Римнің пұтқа табынушылардан қабылдап алған ілімі. Мартин Лютер бұл ілімді: «Римнің қаулыларын құрап тұрған, үйіліп тұрған қоқыспен бірдей қисынсыз ертегілері (басня)» деп атайды. Сүлеймен патшаның сөзін қайталай отыра Лютер: «Моладағылардың жағдайы жайлы данышпан патшаның айтып қалдырған сөзі, адамдардың өлгеннен кейін ештеңені сезбейтінінің тағы да бір дәлелі» - деп жазады. Ол жерде жауапкершілік те, білім де, ғылым да, даналық та жоқ. Өлгендер күн санамайды. Бірақ қайта тірілген кезде қанша уақыт өтсе де, оларға бір сәт қана өткендей болып көрінеді. Киелі Кітапта: «Қайтыс болған тақуалар сол заматта аспанға бара қалады, ал зұлымдар бірден дозаққа аттанады» - деген сөз жоқ». Бабаларымыз бен пайғамбарлар олай айтқан емес. Олай ойлауға Мәсіх пен Оның елшілері де ешқандай себеп қалдырған жоқ. «Өлгендер тірілу жексенбісіне дейін ұйықтайды» (1Сал.4:14; Әйүп 14:10-12). Күміс шынжыр үзіліп, алтын бау ажырап қалғанда (Уағ. 12:6), адамның санасы жоғалады. Көрдің құшағында жатқандар тыныштықта болады. Күннің астында не болып жатқанын олар сезбейді (Әйүп 14:21). Шаршаған әділеттілер үшін бұл рахат демалыс! Уақыт қысқа болсын, ұзақ болсын өлгендер үшін, олар оянғанда бір сәттей ғана болып көрінеді. Соңғы күні Құдайдың кернеуінің дабылы оларды оятады. Қазіргі құрып шіритін тәндеріміз ешқашан жойылмайтын денелермен алмасады. Бұл жүзеге асып, күритын нәрселер мәңгілік нәрселермен алмасқан шақта пайғамбарлар жазбаларындағы «Жеңіс ажалды жояды» - деген уәде орындалады (ІҚор. 15:52-55). Әділеттілер терең ұйқыдан оянып, қай жерде өмірлері үзілсе, сол жерден оны әрі қарай жалғастырады. Ақырғы ойларымен көрдің құшағына кетіп бара жатқандарын сезінсе, оянғаннан кейінгі ойлары: «Ажал сенің уытың қайда? Дозақ сенің жеңісің қайда?» деген қуанышты әнмен жалғасады. Расул Алла оларға мәңгілік өмірді сыйға тартады.

Аруақтар тірілермен тілдесе ме?

Құдай сөзінде жазылған киелі періштелердің адамзат баласы үшін жасайтын қызметі Исаның ізбасарлары үшін бағалы ақиқат болып табылады. Кең тараған теология бойынша Киелі Жазба бұрмаланып, адамдарға басқаша ұсынылады. Пұтқа табынушылардың философиясынан алынған «адамның жаны өлмейді» деген ілім мәсіхшілердің сенімдеріне ұлы шегінудің кезінде еніп, ақиқаттың орнын алған. Сондықтан кешілік жұрт, адамға көмек ретінде жіберілетін қызметші рухтарды, яғни періштелерді, өлгендердің рухы деп есептейді. Киелі Кітапта анық жазылған куәліктерге қарамастан, мұндай ұғым періштелердің барына және олардың өлгенге дейін адамдармен қарым-қатынаста болатынына қарама-қайшы келіп тұр. Адам өлгеннен кейін санасын жоғалтпайды және олардың рухы тірілерге қызмет етеді деген жалған ілім мәсіхшілер өлемінде мықты бекіп алып, спиритизмге (сиқыршылыққа) жол ашып берді. Егер өлгендер бұрынғы білімдерінен бірнеше есе артық білімге ие болып, Құдаймен және Оның періштелерімен қарым-қатынас жасауға мүмкіндік алса, неге оларға жерге қайтып келіп халық ағарту ісімен айналыспасқа?

Киелі Жазба бізге айқын анықтамалар беріп тұрғанына қарамастан, ақты қарадан ажырата алмайтын көкірегі соқырлар өте көп. Осылайша шайтан өзінің пиғылын іске асырып жатыр. Ол өзінің жындыарын рухани әлемнен келген хабаршылар ретінде адамдарға жұмсайды. Зұлымдық рухтары: «Өлгендермен қарым-қатынас жасауға болады» деп, жұрттың санасын уландыра отырып, оларды осы өтіріктеріне иландырады. Ібілістің өлгендердің бейнесін киіп келіп,

сол бейнемен адамдарға көріне алатын күші бар. Ол тек сырт пішінін ғана келтіріп қоймай дауысын, сөйлеу мәнерін, жүріс тұрысын да келтіре алады. Осылайша адамдар шайтанмен қарым-қатынасқа түскендерін байқамай да қалады. Өлгендер өздерінің көкте қандай бақытты екенін және соншалықты даңқ пен атаққа ие болғандары жайлы айта бастайды. Оны естіген адам әділетті мен арсыздардың арасында ешқандай айырмашылық жоқ, қандай болсаңда ол жақта сені бақытты өмір күтіп тұрады екен деп ойлайды. Әзезілдің ара тұра шындықты айтып, болашақты болжап беретін күші де бар. Осыдан кейін жұрт шайтандардың айтқан сөздерін құмға құйылған судай сіміреді. Сонан соң Құдай заңы ұмытылып, бұл жандар үшін өсиет қанының мағынасы жоқ болып шыға келеді. Спириттер Мәсіхтің Алламен теңдес екенін мойындамайды және өздерін Жаратушымен қатар қояды. Осылайша ұлы көтерілісші өзінің көкте бастаған шайқасын міне алты мың жылдай жер бетінде жалғастырып келеді.

Кепшілік адамдар спириттік құбылыстарды медиумның қолының ептілігі мен қулығының нәтижесі деп ойлайды. Шынымен де кейде фокустарды шындық ретінде ұсынуға болады, десе де кейде оған табиғидан жоғары күштердің қатысып тұрғаны сезіледі. Мысалы: таңқаларлық дыбысхор, тоқылдату (қағу) - спиритизм өзін дәл осылай көрсетті, өйткені ол жерде қолдың ептілігінен басқа, жындардың істерінің нәтижесін әбден көруге болады. Әуелде жұрттар спиритизмді жай кезбайлаушылық деп есептейді, кейін табиғидан жоғары күштермен бетпе-бет кездескенде, алданып, оны Алланың күші деп санайды.

Бұл адамдар Киелі Жазбаның таңғажайып істер жазылған жерлерін оқымаған болар. Перғауынның сиқыршылары жынның араласуының арқасында өз істерін Құдай ісіне ұқсастыра білген. Елші Пауылдың айтуынша Мәсіхтің екінші рет жер бетіне келуінің алдында жоғарыда айтылғанға ұқсас оқиғалар болады (2Сал. 2:9,10). Жоһан пайғамбар ақыр заманда болатын оқиғаларды суреттей отыра, былай дейді: «Шайтан ғажайып істерімен жұртты таң қалдырады, тіпті көктен жерге от та түсіреді, сөйтіп жердегілерді алдайды» (Аян 13:13,14). Елшінін айтуынша бұл құбылыстар көздің елесі емес, шыеымен болатын оқиғалар.

Жындар адамдарды алдап қақпандарына түсіру үшін бар өнерлерін салады. Қаншама уақыт бойы өнерін шыңдап келе жатқан зұлымдықтың әкесі қоғамның кез келген саласындағы адамдарды жағдайына, біліміне қарамай-ақ оп-оңай қармағына түсіреді. Білімді және тәрбиелі жұртқа спиритизмді парасаттылықтың қалыбына құйып ұсынады.

Спиритизмнің даналығын Жақып пайғамбар «көктен келген емес, жердегі жындардың даналығы» дейді (Жақ. 3:15). Шөл далада Мәсіхке жар - жұрқ еткен періштенің кейпін киіп келген шайтан, адамдарға да өте тартымды бейнемен келеді. Адаммен өте биік тақырыптарға әңгімелесіп, оның санасын жаулап алады, керемет суреттемелер арқылы қиялын өрбітеді. ұлы бейнелермен адамды қанаттандырып, көкірек бітіреді, ез даналығына сендіреді. Осылайша адам Құдайды ұмытып өзін кетермелеп, өзін мадақтай бастайды. Кезінде Құтқарушымыздың Өзін алдағысы келген әзәзіл Құдаймен арасы ажырап кеткен адамның жүрегіне жолды оп-оңай табады.

Әуел баста Бейіш бағында қулық жасау арқылы Хауа ананы алдағандай, ол бүгінде неше түрлі айла тәсілдерді пайдалануда. Спиритизм, «кез келген адам табиғаты бойынша шығармашылық тұлға, ол Құдайдың деңгейіне дейін жету үшін мәңгілік дамуға, өркендеуге ұмтылуы керек» - деп оқытады. «Әркім біреуге емес, өз өзіне үкім шығаруы керек». «Тақ біздің ішімізде» т.б.

Спиритизмнің бір кеменгері: «Менің бауырластарымның барлығы күнәнің не екенін білмейтін жартылай құдайлар болған» дейді. Енді біреуі: «Кемелденген, әділетті жандардың бері - Мәсіх» дейді.

Сонымен жалғыз ғана тазалық пен пәктіктің Иесі - Шексіз Алланы мадақтап, Оған табынғанның орнына ібіліс күнәһар пендеге табынуға ұсыныс жасайды. Бұны шынымен де даму деп айта аламыз, бірақ алға қарай емес, артқа қарай. Адам кімге қараса, соған ұқсай бастайды емес пе? Егер адамның арман тілегі өзінің өзімшілдігін аялау болса, онда ол ешқашанда өркендемейді, керісінше төмен қарай құлдырайды. Құдайдың игілігі ғана адамды өсіреді. Спиритизм адамның талғамына сай ұсыныстар жасайды. Тән талабын көбірек орындап, ләззатты сүйетіндерге жиіркенішті спиритизм ұсынылады. Әзәзіл адамның мінезін, қандай күнәға бейім екендігін бақылап отырады және сәті түскен кезде ешкімді де күттірмей былыққа белшесінен итеріп салып, мыңдаған адамды өлімнің тұзағына түсіреді. Бастаған ісін соңына дейін жеткізу үшін шайтан спириттер арқылы «Шынайы білім адамды барлық заңнан жоғары шарықтатады», «Болып жатқан істердің барлығы адам үшін игі», «Құдай адамды ешқашан жазғырмайды», «Адам жасаған қателіктеріне кінәлі емес» деген ілімдерді тарата отырып, соған жұртты иландырады. Олай болса біздің заманымызда тәртіпсіздік пен кесірдің билік құрып тұрғанына несіне таң қаламыз? Көпшілік қауым ойына не келсе, соны істеуге 100% бостандық беріп тұрған мұндай ілімді қуана қарсы алады. Ал ібіліс болса ұстамдылықты кесір жолына қызметке қойып, ал ақылдары мен рухани күштерін әдепсіз әдеттеріне бағындыратын, сонымен

қоса өздерін Мәсіхтің ізбасарларымыз деп есептейтін құрбандарды өзінің торына түсіріп, жеңісін салтанатты түрде тойлайды. Дегенмен әзәзілдің өтірігінің шырмауына оралып қалмас үшін Құдай дүниеге жарықты жеткілікті түрде берді. Оның еркі Киелі Кітапта жақсы жазылған. Сонымен қоса Ол өлгендердің алдамшы рухымен қарым-қатынас жасауға тыйым салады. Яхудейлердің іштерінде де қазіргі кездегі спиритизмге сенетіндер секілді, өлгендермен қарым-қатынас жасайтын адамдар болған және оларды басқа дүниеден келген «достарымыздың рухтары» деп атаған. Киелі Жазба бізге: «Бұл шайтанның рухы» дейді (Рул 25:1-8; ІҚор. 10:20; Аян 16:14). Ондай қарым-қатынастар «жексұрындық» деп есептеліп, оған тыйым салынып, онымен айналысатын адамдар өлім жазасына ұсынылатын болған (Ілеу. 19:31, 20:27). Қазірдің өзінде «сиқырлық» деген сөзге жұрт жиіркенішпен қарайды. Кейбіреулердің зұлымдық рухтарымен қарым - қатынас жасайтындарына жұрт сенбей, оны ойдан шығарылған орта ғасырлық өтірік деп есептейді. Дегенмен спиритизммен айналысатындардың сандары жүздеген мыңдардан асып миллиондарға жетті. Спиритизм ғылыми әлемге, шіркеуге, заң шығарушы ұжымдарға, патша сарайларына еркін еніп отыр. Спиритизм - ежелгі кездерде қатаң тыйым салынған сиқырлықтың жаңаша түрі.

Спириттер үшін пәктік пен күнәнің, таза да мейірбан Мәсіхтің елшілері мен әзәзілдің қызметкерлерінің айырмашылығы жоқ. Спиритизмнің зұлымдық екеніне бұдан артық дәлел іздеудің қажеті бар ма? Нағыз күнәкар жандардың өздері өлгеннен кейін көкке барады деген тұжырымды ұсына отыра шайтан жұртқа: «Құдайға сенсең де, сенбесең де, Оның сөзін тыңдасаң да, тыңдамасаң да, күнәкар болсаң да, болмасаң да, қалай өмір еткеніңе байланысты емес, сенің үйің - аспан» дейді. Шынында спириттер: «Зұлымдық жасайтындар Құдайдың көңілінен шығады және Құдай оларға батасын береді» немесе «Әділетті Құдай қайда?» (Мал. 2:17) деп ашық арыз тастайды. Бірақ Киелі Өз сөзінде: «Зұлымдықты жақсылық, жақсылықты зұлымдық, жарықты қараңғы, қараңғыны жарық дейтіндер қайғыға ұшырайды» дейді (Ишая 5:20).

Бұл өтіріктің рухтары өздерін «елшілердің рухтарымыз» деп, адамдарды алдап, Киелі Жазбаға қарама-қдішылық жасап, елшілердің жазбаларын бұрмалайды. Шайтан жұртты Киелі Кітаптың Құдай сөзі екеніне күмәндандырып, мәсіхшілердің үміттерінің негізіне балта шабады. Киелі Кітап ойдан шығарылған ертегі немесе адамдардың сәбилік шағының кітабы, оған шындап мән берудің қажеті жоқ деп, оның орнына спириттік жаңалықтарды ұсынады. Осылайша шайтан өзінің және езінің ізбасарларының зұлымдық істерін

әшкерелейтін Кітапты түнектің түкпіріне тыққысы келеді. Ал әлемнің Құтқарушысын жай ғана адам қылып көрсетіп қояды. Қазіргі кездегі спиритизм өзінің сыртқы пішінін өзгертіп, мәсіхшіліктің киімін киіп алған. Осы күйінде ол бұрынғысынан да қауіпті. Ежелгі кезде ол Мәсіх пен Киелі Кітаптан теріс айналса, қазіргі кезде ол екеуінде қабылдаған сыңай танытады. Сөйтіп Киелі Жазудағы ақиқатты құнсыздандырып, көпшілікке кішірейтіп көрсетеді. Мысал үшін Құдайдың ең басты қасиеттерінің бірі - Оның адамдарға деген сүйіспеншілігін зұлымдық пен жақсылықты ажырата алмайтын жай ғана сезімталдықпен алмастырып, Оның қасиетті заңын өлі өріппен бірдей қылдырып қойған. Әзәзіл еліктіріп әкететін ертегісімен адамның санасын жансыздандырып қойғаны соншалықты, ол өтірікті танымайды және сенімдерінің негізі болып табылатын Киелі Жазбадан бас тартады. Спириттердің ілімі бойынша Мәсіхтің адамға керегі жоқ, бірақ шайтанның адамдарды ессіздендіріп қойғаны соншалықты ақиқатты өтіріктен ажырата алатындардың саны өте аз қалды. Кейбір жандар әуесқойлықтың салдарынан спиритизмнің шырмауына оралып қалады және мұның немен аяқталатынын өздері де сезбейді. Бар ниеттеріңмен Құдайға жалбарынсаңдар ғана бұл күштің шырмауынан босап шыға аласыңдар, болмаған жағдайда шайтанның зұлымдығының құрбаны болып кете барасыңдар. Ишая пайғамбар: «Алайда халық, сендерге аруағын, жынын шақырып, сыбырлап, міңгірлейтін бақсылар мен сәуегейлерге баруға кеңес береді. Сонда оларға былай деңдер: Адамдар жалғыз Құдай Иесіне ғана сыйынып, Оның еркін сұрауы керек емес пе? Тірілер жайлы өлгендер не біледі? Жаратқан Иенің берген тәлімдері мен ескертулеріне көңіл бөліп, соған сүйеніңдер! Егер халық осы хабарламаға сай сөйлемесе, онда олардың айтқаны жалған» дейді (Ишая 8:19,20). Мұндай өтірікшілерге «атар таң» жоқ. Егер де халық Киелі Кітаптың беттерінде анық жазылған адамның табиғаты жайлы ақиқатты жақсы білсе, онда спиритизмнің шайтанның ісі екенін жақсы білген болар еді. Тәубәларына келіп, Құдайға бұрылғанының орнына, жандарына жағатын күнәларын жалғастырғандары үшін «Құдай оларды өтірікке иланып, тура жолдан оп-оңай адасатын қылып қояды» (2Сал. 2:10,11). Ал спиритизмге қарсы күрес жүргізетіндер тек онымен айналысатын адамдармен ғана емес, шайтан және оның жындарымен де шайқасады. Аспаннан түсетін хабаршылардың күші болмаса, әзәзіл бір адым жерді де босатайын деп тұрған жоқ. Бұл шайқаста жеңіске жету үшін Құдай халқы Киелі Жазбаны жақсы білуі керек. Өйткені шайтан Киелі Кітапты жатқа біледі және ондағы куәлік сөздерді кері бұрмалап ұғындырады. Ал сендер байқаулы болмасаңдар оның құрған торына түсулерің әбден мүмкін.

Сайтан жұртты өзінің зұлымдығына иландыру үшін, олардың қайтыс болған туыстарының немесе жора-жолдастарының бейнесін жамылып алып келіп, неше түрлі кереметтерді көрсетуі мүмкін. Бұл зұлымдықтың рухтары - жындардың әрекеттері. Біз болсақ оларға қажетті тойтарысты беруге дайын болуымыз керек. Сенімдері Құдай сөзіне негізделмегендер жеңіледі. Ақыр тақаған сайын шайтан күшін еселей түсіп, неше түрлі жалған кереметтерімен адамдарды түзу жолдан тайдырғысы келеді. Және оның құрған торына түсетіндердің саны аз болмайды. Дегенмен адамдар шайтанның сөзіне сеніп, оған ез еріктерімен берілсе ғана әзәзіл дегеніне жете алады. Сондықтан, қапыда қалмас үшін, Киелі жазбаны зерттеп ақиқатты етіріктен ажырата алатындай мүмкіндікке ие болыңыздар. Тек Құдай сөзін өздеріне қорған ететін шынайы жандар ғана бұл шайқаста жеңіп шыға алады. «Сен Менің қиыншылықтарда төзімділік таныту керектігі жайлы бұйрығымды орындағаның үшін, Мен де осы дүниенің адамдарын тексеруге арналған, бүкіл жер бетінде болатын азапты сынақ кезінде сені қорғаймын» дейді Раббым Алла (Аян 3:10). Ишая пайғамбарының айтуынша зұлымдар: «Біз ажалмен одақ құрдық, жердің астымен келісімге тұрдық, жалмаған от бізге соқтықпай жанымыздан өтеді, өйткені біз өтірікті баспана еттік, қулықты үстімізге жабу қылып жаптық» дейді екен (Ишая 28:15). Осы айтылған жандардың қатарына «адам жаны ешқашан өлмейді, мөңгілік өмір сүреді» деп өздерін өздері алдап жүргендер де қосылады. Көзі емес, көкірегі соқырларға қарап тұрып таң қаласың. Мыңдаған адамдар Құдайға сенбейді, бірақ шайтанның айтқан сөзін құмға құйылған судай сіміреді. Олар Киелі Кітапта Мәсіх және Оның адамзатты құтқару жоспары жайлы жазылған салтанатты ақиқатын күлкі қылады, Құдайдың заңын орындап, Оның еркіне бағынатындарды аянышты күйдегі фанатиктер (қиялшылдар), болмашы нәрсеге масаттанып жүрген шектеулі сорлылар деп атайды. Өздері болса шынымен де екі ортаға бұзылмайтын бекініс орнатып қойғандай, дозақпен келісім шартқа тұрғандай сыңай танытады. Олар Құдайдан қорықпайтындар. Шайтан соңғы шайқасқа мықтап дайындалуда. Ол өтіріктің сом тұлғасы - спиритизмге ақырындап отырып, байыппен көтерілді. Бұл шайқас Бейіш бағында сайтан айтқандай: «Жоқ сендер өлмейсіңдер, бірақ бұл жемістің дәмін татқан күні, көздерің ашылып, Құдаймен бірдей боласыңдар» деп адамдарды соған сендірген күні басталған және өзінің шарықтау шыңына жақындап келеді.

Пайғамбар былай дейді: «Сонда мен аждаһаның, хайуанның және жалған көріпкелдің ауыздарынан шыққан құрбақаларға ұқсас шайтанның лебін көрдім. Бұл барлық жердің патшалықтарын

Жаратқанға қарсы көтеріліске бастайтын жындар» (Аян 16:13,14). Алланың күші қорғап тұрғандардан өзгелердің бәрі бұл өтірікке қатысатын болады. Өтіріктің тербеткенімен қалғып отырғандар өздерін қауіпсіз сезінеді, тек Құдайдың қаһарының күші ғана оларды оятады. «Сотты өлшеуіш етемін, ақиқатты таразы қыламын, өтіріктің баспанасы ойрандалады, оған қашып тығылғандар талқандалады. Ажалмен құрған одақтарың бұзылады, келісім шарттарың қирайды. Жалындаған соңғы күн келіп жеткенде, типыл болып құрысыңдар» дейді оларға Құдай (Ишая 28:17,18).

Ар-ұжданға төнген қауіп

Протестанттар ежелгі кездегіге қарағанда қазіргі кезде Рим католиктік шіркеуіне әлдеқайда шыдамдылықпен қарайды. «Бұрынғыға қарағанда айтыс тартыстарымыз айтарлықтай көп емес, ал бұл Риммен екі ортадағы қарым - қатынасты түзетуге себепкер болады» деген көзқарас кең етек алып бара жатыр. Бұрынғы уақыттарда протестанттар қымбат бағаға сатылып алынған ар бостандығын бағалай білген. Олар өз балаларына «Риммен келісімге тұру Құдайға опасыздық жасау» деп үйреткен. Қазір болса жағдай мүлдем өзгеріп кетті. Рим орта ғасырларда жасаған айуандық әрекеттерін сол кездің билеушілеріне жапсырып, ендігі жерде өркениетті шіркеу көп нәрсеге өз көзқарасын өзгертті деп тұжырымдайды. Сонда халық бұл көкірегі көкті тіреп тұрған биліктің сегіз ғасыр бойы өзін қасиеттімін деп таласқанын қалай ұмытады? Папалықтар ол пиғылдарынан бас тартамыз деп ойлаған да емес, керісінше XIX - шы ғасырда бұл үміткерліктері бұрынғысынан көбірек айқындала түсті. «Рим шіркеуі ешқашан қателескен емес және қателеспейді де» деп бекітіп тұрса, онда бұрынғы ғасырлардағы ұстанымдарынан қалайша бас тартады?

Папалық шіркеу «киелімін» деуін ешқашанда қоймайды. Өткенде болған қуғын-сүргіндерді, өзгелердің олардың догмаларымен келіспегендігінен болған оқиға деп ақталады. Бірақ үкімет енгізілген шектеулерді алып тастап, билікті Римнің қолына ұстатса, қуғын-сүргіннің оты қайрадан лап ете қалатыны күмәнсіз. Папаның саясаты еркендеген жағдайда АҚШ-қа қандай қауіп төнетіні жайлы белгілі жазушы: «Америка Құрама Штаттарының Рим католиктік

шіркеуінен қорқақтауын көпшілігі соқыр берілгендік (фанатизм) немесе балалық дейді. Бұл шіркеудің өсуінен олар ешқандай зиян көріп тұрған жоқ. Енді біздің мемлекетіміз бен католик шіркеуінің ұстанымдарын салыстырып көрейік. АҚШ-тың ата заңы ар-ұжданның бостандығына кепілдік береді. Олар үшін одан құнды ештеңе жоқ. Ал папа Пий IX өзінің 1854 жылғы 15 тамыздағы (август) энцикликінде: «Арұжданның бостандығын қорғайтын ақылға қонбайтын, мағынасыз ілім қауіпті есерсоқтық (ересь) болып табылады. Бұл нағыз обаның (чума) өзі, одан мемлекет қорқуы керек» деп жариялаған болатын. Сол папа 1864 жылғы 8 желтоқсандағы энцикликінде барлық ар-ұждан бостандығын талап ететіндерді анафемаға ұсынды, яғни оларға қарғыс атты. АҚШ-та Римнің татуласу екпінінен папалықтың көңілкүйінің өзгергені байқалмайды. Католик шіркеуі әлсіреген кезінде шыдамдылық танытқан сыңай көрсетеді.

Епископ О*Коннор: «Біз дін бостандығына, оған қарама-қайшы келетін және католиктерге зияны тимейтін ұстаным шыққанға дейін ғана шыдап отырмыз» деген болатын.

Архиепископ Сент-Луиса: «Есерсоқтық және сенімсіздік - қылмыс және Италия, Испания секілді католиктік мемлекеттерде ол басқа да қылмыстар секілді катаң жазалануға тиісті» деген еді.

Әрбір кардинал, архиепископ және епископ папаға: «Мен өзімнің қожайыныма (папаға) және оның маңайындағыларға бағынбайтындарды қуғынға ұшыратуға міндеттімін» деп серт береді. Әрине Рим католиктік шіркеуінде өзіне түскен жарыққа сәйкес қызмет ететін шынайы мәсіхшілер де бар. Оларға Киелі Кітапты зерттеуге тыйым салынған, сондықтан да олар ақиқатты білмейді. Олар Құдайға бар ниетімен қызмет ету және әдет бойынша жасалатын дәстүрлердің арасындағы айырмашылықты ешқашанда көрген емес. Құдай олардың жағдайын жаксы түсінеді және оларды коршап тұрған қою қараңғылықты міндетті түрде сейілтуге тырысады. Ақиқаттың бұлағынан сусындатады, сөйтіп олардың көпшілігі Құдайдың қалаулыларының қатарына косылады.

Бүгінде католиктік көзқарас пен Мәсіхтің Ізгі хабарының ортақ ештеңесі жоқ. Католик шіркеуі дүние жүзінің билігін қолына алу үшін үлкен жоспар құрып, сол бойынша жұмыс жасауда. Католицизм майданның барлық шептерін бұзып, ақиқаттың үстімен баса көктеп келеді. Олардың шіркеулерінің протестанттық мемлекеттерде өсіп келе жатқанына көңіл аударыңыздар. Америкада католиктік семинариялар мен колледждер ете көп және олардың барлығын протестанттар басқарады. Ар-ұждан бостандығына қауіп төніп тұр. Бұл Ізгі хабардың таза ұстанымдарын бағалайтындардың барлығын

толғандыруы керек. Көңіл аударатын жайттардың бірі - протестанттар папалықтармен жақындасып, тіпті оларды жақтап қорайтын болды. Кейде олар католиктердің өздерін таң қалдыратын келісімдерге дейін барады. Жұрт католицизмнің мінезіне көзін жұмып тұр, яғни елеуді қойды. Егер билік толық дерлік папаның қолына тисе азаматтық, және діни бостандыққа қандай қауіп төнетінін ешкім ойлап тұрған жоқ.

Көпшілік протестанттар католиктердің дінін тартымсыз, ал олардың қызметін мағынасыз әурешлік деп есептейді. Католицизмнің негізі етіріктен құралғанымен, бұл өтірікті дәрекі және тартымсыз деп айта алмайсың. Рим шіркеуінің діни қызметі өте тартымды өтеді. Зәулім ғибадатханалар, салтанатты шерулер, жалтжұлт еткен алтын мехраптар, қымбат бағалы тастармен әшекейленген мазарлар, данышпан суретшілердің еңбектері, мәрмәр мүсіндер, тамаша әуендер - осының барлығы кереметке деген сүйіспеншілікті білдіреді. Органның терең де сұлу әуені ән салушылардың дауысымен жалғасып, жиналған жанның бойында киелілікке деген тамаша сезімді оятады, ешкімді де жай қалдырмайды.

Шын мәнінде бұл алдамшы, сыртқы сұлулық қана. Мәсіхтің діні өдемі киімді қажет етпейді. Құдайға керегі адамның ішкі дүниесінің сұлулығы. Сыртқы сұлулыққа қарап, бұл адамның жан дүниесі таза деп айта алмайсың. Талғампаздық, өнер тану секілді қасиеттер кейде бұзылғандықпен көршілес тұрады. Көпшілігінде албасты адамзат баласына мәңгілікті ұмыттырып, осы дүниенің қызығы үшін емір сүруге талпындырады.

Діннің сыртқы қалыпына ғана қызығатындар аз емес. Католик шіркеуінің қызметі, яғни ұлы болып көрінетін рәсімдері шын мәнінде еліктіретін, сиқырлы күшке ие және соған көп адамдар еліктейді. Жүректері Киелі Рухтың жанасуымен жаңармаған, Мәсіх жайлы таза ілімді игермеген жандар, осындай өлі дінге ие болғандарына мәз болып жүре береді. Тек ақиқаттың негізінде нық тұрғандар ғана олардың алдауына түспейді. Католиктік шіркеу адамдардың күнәларын кешіруге құқылымыз деп жариялағандықтан, жұрт еш қысылмай күнә жасай беруге болады екен деп ойлайды, ал күнә кешіру рәсімі зұлымдық жасауға еркіндік беріп тұрғанмен бірдей. Күнәкар пенденің алдында тізе бүгіп, оған өзінің құпиясын ашу - өзіні өзі кемсіту, адамгершілік қасиеттерін аяқ асты қылып, жан тазалығын таптату болып саналады. Дін қызметкерлеріне өзінің күнәсі жайлы айту, олар кейде маскүнемдер мен бұзылғандар болуы мүмкін, адамның өз езіне деген жауапкершілігін төмендетеді және оны ластайды. Осылайша адам күнәкар пендеге қарап Құдайды көріп

тұрғандай болады, яғни олар Құдайды күнәкар пенденің деңгейіне дейін төмендетеді. Сонымен бір адамның екінші адамның алдында кішірейіп, оған өз сырын айтуы - адамзатты шірітетін зұлымдықтың күпиясы болып табылады. Әрине кесірді жақсы көретіндер жүрегіндегі сырын Құдайға айтқанның орнына адамға айта салғанды жеңіл көреді. Адам күнәдан бір жола бас тартқанның орнына, өзін осылай жұбатқанды тәуір санайды, өйткені оның табиғаты сондай. Тән талабынан бас тартқанша, оны әдейілеп азапқа салғанды ұнатады. Жүгін Мәсіхке бергеннің орнына, оны өзі тасуға дайын тұрады.

Мәсіх алғаш рет жер бетіне келген кездегі яхудейлік ғибадатхана мен католиктік шіркеу бір біріне керемет ұқсас. Яхудейлер Құдай заңын құпия түрде барынша аяқ асты қылғанымен, сырт кезге оны барынша қорғап, оның орындалуын қиындатып, неше түрлі ережелер және салт-дәстүрлермен таңып тастаған. Сол секілді католиктер де айқыш ағашты барынша әспеттегенімен, өздері сол ағашқа Керілгеннен бас тартады.

Мысалы папалықтар өз шіркеулерінде мехраптарды, тіпті киетін киімдерін де айқыш ағашпен әшекейлейді. Сырт көзге карағанда айқыш ағаштың мәртебесі көтеріңкі. Бірақ Мәсіхтің таза ілімі қатыгез қалыптың, жалған талқыланулардың, қажетсіз дәстүрлердің астында жерленген. Құтқарушының фанатизмге ұшыраған яхудейлерге арналған сөзі Рим католиктік шіркеуінің басшыларына да арналады: «Жұрттың иығына көтеріп жүруге қиын борыштарды іледі, бірақ оны көтерісуге қолдарының ұштарын да тигізбейді» (Матай 23:4). Ізетті адамдарды Құдаймен қорқытып ұстап, өздері солардың арқасында рахаттанып, шылқып өмір етеді.

Бейнелер мен қаңқаларға бас ию, өулиелерді арашашы қылу, папаның даңқын арттыру - мұның бөрі Құдайды және Оның Рухани Ұлын көлеңкелеп, көрсеткізбей тұратын албастының ісі. Ол «Барлық қамыққандар мен шаршағандар Маған келіңдер, Мен сендерге тыныштық беремін» деп шақырып тұрған Раббым Алланы өзімен алмастырып тұр.

Ібіліс Адамдарға Құдайдың мінезін, күнәнің табиғатын және де ұлы шайқастың шынайы себептерін бұрыс ұсынады. Ол, адамдар Құдай заңын орындауға жауапты емес деп сендіріп, оларды күнә жасауға итермелейді. Артынша Құдай оларды жазалауға дайын тұрғандай көрсетіп, Оны жек көргізеді. Сейтіп өзінің қатыгез мінезін Құдайға таңады. Бұл көптеген шіркеулердің ілімдеріне нығыз енген және олардың қызметтерінің формасынан жақсы байқалады. Сөйтіп адамдар ақиқаттың қайда екенін, өтіріктің қайда екенін білмей дал болады. Құдай жайлы қате түсініктер пұтқа табынушыларға

адамдарды құрбандыққа шалғызған, осылайша олардың арасында қашпама жүрек айнитындай қатыгездіктер жасалған.

Пұтқа табынушылық пен мәсіхшілікті біріктіріп тұрған Рим католиктік шіркеуі сол кәпірлер секілді Құдайдың мінезін бұрмалап көрсетіп, дәл сол қатыгездіктерді қайталап тұр. Папаның билік құрып тұрған кезінде шіркеу өзінің ілімін жұртқа қарудың күшімен қабылдатты. Одан бас тартқандарды алау күтіп тұрды. Тек соңғы Құдайдың соты болатын күні ғана қаншама адамдардың ақиқат үшін қырылғаны белгілі болады. Шіркеу қызметкерлері албастының басқаруымен не өлмейтін, не жітпейтін, тек адамдардың жандары ғана шырылдап қиналатын қарулар ойлап тапқан. Олардың жандары ағзалары шайқасудан бас тартқанға дейін қиналып, бұдан кейін өлімді олар қуана-қуана қарсы алған.

Мұндай тағдыр Римнің қарсыластарының бәрінің басына түскен. Шіркеудің мүшелеріне қатаң тәртіп тағайындалған. Оларды ағзасын шаршататын шектеусіз оразалармен, өздерін жәбірлейтін неше түрлі тәсілдермен айналысуға мәжбүр еткен. Осылайша олар «Аспанның батасын аламыз» деп, табиғаттың заңын аяқ асты етіп Құдай заңын бұзған. Католиктер шіркеуі адамдарға Құдайдың қуаныш пен бақыт үшін берілген жақсылықтарының барлығынан бас тартқызып үйреткен. Құдайдың қаһарына ілігіп қалмау үшін табиғи талғамдарынан бас тартып, өздерін азапқа әдейілеп салған миллиондаған адамдар осы шіркеудің молаларында жерленген.

Албастының қатыгездігін түсіну үшін, католицизмнің тарихына бір ақ - рет көз жүгіртсе болғаны, ол тайға салған таңбадай көрінеді. Ғасырлар бойы бұл зұлымдықтардың барлығы Құдай туралы ешқашан естімегендердің арасында емес, мәсіхшіліктің дәл жүрегінде болған оқиғалар. Бар әлемге құбыжық болып танылған жүйені пайдаланып, адамзатты жан түршігерлік қасіретке ұшыратып, Құдайдың абыройын түсіріп зұлымдықтың көкесі көздеген мақсатын орындады. Біз оның Киелі Жазбаны жек көретінін біреудің қолымен от көсейтінінен, дәлдеп айтқанда шіркеу басшыларын айызы қана отыра пайдаланғанынан - ақ көре аламыз. Егер жұрт Киелі Жазбаны ашып оқыса, Құдайдың мінезін бірден таныған болар еді.

Ей, адамдар! Аллаға сендерден керегі мейірімді момын мінездерің мен тап - таза жүректерің ғана.

Мәңгілік өмірге ие болу үшін монастырьға барып дайындалыңдар деп, Мәсіхтің ерлер мен әйелдерге кеңес берген жері жоқ. Ол бойларыңнан сүйіспеншілік сезімдерді тепкілеп шығарыңдар деп үйреткен жоқ. Құтқарушының жүрегі үнемі сүйіспеншілікке толы болды. Адам имандылыққа (өнегеге) неғұрлым жақын болса, күнәнің не

екенін тереңірек түсіне алады, соғұрлым қамыққандардың жағдайларын да жақсы ұғады.

Папа өзін «Құдайдың жер бетіндегі орынбасарымын» дейді. Бірақ ол жүрегі сүйіспеншілік пен мейірімге толы Құтқарушымен «қатар тұруға» шыдамы жетер ме екен? Мәсіх «Маған құрмет көрсетпедіңдер» деп, кімді зынданға тастапты? Кімнің жанын қинапты? Өзін қабылдамағандарға қашан өлім жазасын кесіпті? Бірде Самария жерінің тұрғындары Мәсіхті жаратпай, кемсіткені үшін, Оның шәкірттерінің бірі - Жохан: «Тәңірім! Аспаннан от түсіп, мыналарды жалмасын деп айтсақ қайтеді?» дегенде, Мәсіх оларға аяушылықпен қарап: «Адамзат Ұлы халықты қыру үшін емес, құтқару үшін келді» деген болатын (Лұқа 9:54- 56). Байқап қарасаңыздар өзін өзі сайлап қойған жалған «орынбасар», яғни папа Мәсіхке тіпті де ұқсамайды.

Қазіргі кезде Рим шіркеуі әлемге 32 тісін көрсетіп, күлімсіреп тұр. Ол мәсіхшілдіктің киімін киіп, сырт пішінін түзеткені болмаса, ішкі дүниесі сол қалпында борсып жатыр. Барлық ілімдері мен ұстанымдары, сол бір халықтың басына қара бұлт шүйілген күңгірт замандағыдай қалпында тұр, өзгерген дәнеңесі жоқ. Ешкім алданбай-ақ қойсын. Ендігі жерде протестанттар кол үшін беруге дайын тұрған папалықтар, ақиқат үшін әділеттілер жандарын пида қылған, реформация заманынан алыс кеткен жоқ. Керісінше, өзгеріссіз сол қалпында. Бұл - Раббым Алланың құқығын өзіне тартып алып тұрған - үстемші тап. Адамзаттың бостандығына шабуыл жасап тұрған, Жаратушының әділеттілерін қырған жауыз. Оның бойын билеп тұрған рух - сол баяғы зұлымдық рухы. Аянда айтылғандай: «соңғы күндерде шегінгендер» деп папалық аталады. Рим шіркеуі хамелеон секілді, сырт пішінін мың құбылтқанымен, ішкі дүниесі бәз баяғы қалпы. Тарихы адамдардың қанымен жазылған бұл билікті Мәсіхтің иіркеуінің бір бөлігі деп атауға бола ма?

Протестанттық мемлекеттер «бұрынғы кездегідей емес, қазіргі кезде протестантизм мен католицизмнің айырмашылықтары көп емес» деген пікірде. Шынымен де айырмашылық жоқ деуге болады. Бірақ католицизм өзгерген жоқ, олардың ұстанымдары сол қалпында қалды, ал протестантизм болса тым өзгеріп кетті. Протестанттар белдерін бекем буып, «бір кезде тақуаларға берілген сенімді» қорғағанын орнына, тым қатты кеткендері үшін Римнен кешірім сұрап әуре болып жүр. Римнің бұрынғы жасаған қатыгездіктерін қараңғылықтың салдарынан болған қателіктер деп есептеп, ендігі жерде білім, мәдениет, өркениет, бостандық шыдамсыздық пен қатыгездікке жол бермейді деген ойда. Осындай дамыған ғасырда «қанаушылық» болады деген тіпті күлкілі екен дейді біреулер. Қазір ғылымның,

діннің, инабаттылықтың өркендеп тұрған кезі екенін ешкім қате деп айта алмайды. «Киелі Жазбаның беттерінен әлемге жарық түсіп тұр» деседі олар. Бірақ жарық неғұрлым жарқырай түскен сайын, оның сәулесінен тасаланып, шеткері тұрғандар үшін түнек қоюлана түседі.

Егер протестанттар Киелі Жазбаны түзу тілек тілей отыра зерттесе, папалықтың нағыз мінезін көрген болар еді. Бірақ олар өздерінің даналықтарына сүйеніп алғандары соншалықты, Құдайды және Оның ақиқатын керек деп санамайды да. Олар Құдайды үнемі естерінде сақтайтындай сыңай танытады, бірақ өздері Оны тезірек ұмытуға асық. Осы айтылған мінездемеге папалықтың мінезі сай-ма-сай келеді. Ол екі топтың адамдарының сауалдарына да жауап береді: біреулері өз еңбектерімен құтқарылам деушілер, екіншілері күнәкар болған күнде де құтқарыламыз деп сенетіндер. Папалықтың барлық жерлерге танымал болуының құпиясы да осында.

Қараңғылық, надандық папалықтың билігінің өркендеуіне көп себін тигізді. Десе де сауаттылық та оның билігінің кең етек жаюына кедергі болып тұрған жоқ. Өткен ғасырларда халық Құдай сөзін білмегендіктен жаурады, көкіректері соқыр болып құрулы тордың шыр-мауына оратылып қалды десек, қазір «жалған ғылым» атты теория пайда болып, соған мастанып адасып жүргендер аз емес. Алланың жоспары бойынша адам ақылын, білімін Құдайдың берген сыйы деп тауып, оны Жаратқанға қызмет етуге жұмсаулары керек. Ал мен-меншілдік пен өркөкіректік адамның теориясын Құдайдың созынен жоғары қойғызатын болса, онда өрине адамға білімділік надандықтан да жаман кесірін тигізеді. Осылайша орта ғасырлық түнек кезінде надандақ папалыққа қалай жол ашса, қазіргі кездегі жалған ғылым жұрттың Киелі Жазбаға деген сенімін жойып, папалықтың «тартымды» дәстүрлеріне жол ашып беріп тұр.

АҚШ-тағы протестанттар шіркеу ұжымдарын мемлекеттің қолдауымен қамтамасыз етеміз деп, католиктердің ізімен жүріп келеді. Олар тіпті протестанттық Америкада папалықтың ежелгі уақытта жоғалтқан билігін қайтып беруге мүмкіндік жасауда. Бұл қозғалыстың ең басты және құпия мақсаты католиктік шіркеудің билігінің рәмізі болып саналатын жексенбі күнін бар әлемге ықтиярымен немесе ықтиярсыз сақтату. Папалықпен келісу - неше түрлі мағынасыз салт-дәстүрлермен келісу, яғни адамның ойлап шығарған аңызын Құдайдың парызынан жоғары қою деген сөз. Егер оқырман қауым болашақтағы шайқасқа қандай күштердің жұмылдырылатынын білгісі келсе, Римнің ежелгі кезде көздеген мақсатына жету үшін қандай қаруларды пайдаланғанына көңіл аударсын. Егер сен католиктер мен протестанттардың бірігіп алып, олардың догмалармен

келіспейтіндерге қалай қарсы шығатынын түсінгің келсе, Римнің сенбіге және оның қорғаушыларына қалай қарайтынын көр.

Патшалардың жарлығы, үлкен - үлкен шіркеулер, үкімет қолдауымен шығарылған шіркеу қаулылары бұл салт-дәстүр мерекелерін мәсіхшілер әлеміне енгізген баспалдақтар (сатылар). Ең алғашқы міндетті түрде жексенбінің сақталуы бекітілген және ашық түрде жарияланған құжат (акт) 321 жылы Константин қабылдаған заң болатын. Күнге табынушылардың дәстүрінен мәсіхшілікке енген бұл қаулы диқаншылардан басқа, барлық қала халықтарына жексенбі күні жұмыс істеуге тыйым салды. Бұл пұтқа табынушылардың (язычники) дәстүрлерінен алынған мереке болғанымен оны мәсіхшілікті бер жағымен қабылдаған император бекітті.

Құдайдың парызын доғарып тастатуға бұл аз болғандай Константиннің жакын досы, Рим епископы Евсевий, Мәсіх Өзі сенбіні жексенбіге алмастырған деп, жұртты соған сендіргісі келді, бірақ бұл айтқанына Киелі Кітаптан бірде дәлел табылмаған соң, өтірігін мойындап шығарылған қаулының шын авторы кім екенін айтуға мәжбүр болды. Осылайша Ұлы Құдайдың адамзатқа өсиет етіп қалдырған сенбі күні туралы заңы аяқ асты етілді. Ал бұл әлемнің билеп төстеушілерінің көңілінен шыққысы келгендердің барлығы, айтулы қаулыны қабыл алды. Папалық билік беки түскен сайын, жексенбі күні де мәндене бастады. Егістікпен айналысатын адамдар шіркеуге келмейтін, бірақ жетінші күн сенбі ретінде құрметтелетін. Бара-бара жағдай түбегейлі өзгерді. Канцелярия қызметкерлеріне жексенбі күні қандай да бір азаматтық істер жөнінде шешім шығаруға тыйым салынды. Көп ұзамай жексенбі күні жұмыс істегендерге айыппұл салынатын болды, ал құлдар соққыға жығылды. Кейіннен шыққан жарғы бойынша бай адамдар жексенбіні сақтамаса мүлігінің жартысынан айрылатын болған, ал алған беттерінен қайтпағандарды құлдық күтіп тұрды. Қарапайымдар өмірлерінің соңына дейін қамауда отыруға тиісті болды. Папалық билік өзінің шығарған қаулыларын бекіте түсу үшін, неше түрлі таңғажайып әңгімелер таратуды әдетке айналдырды. «Бір егінші жексенбі күні жер жыртып жүрген кезінде, жерді тазалап жүрген темір қаттамасы қолына кіріп кетіп, оны шығара алмай екі жыл бойы бейнет көріп, масқара болған екен». Папалықтар ойдан шығарылған әңгімелерімен жұртты үрейлендіріп, өз дегендерін істетпек болған.

Кейін папа дін қызметкерлеріне, жексенбі күнін бұзушыларға «шіркеуге келіп, мінежат етпесендер өз бастарыңа және жақындарыңның бастарына пәле тілеп аласыңдар» - деп, оларды үрейлендіретін корқынышты уағыздар айтыңдар деген тапсырма берді.

Шіркеу жексенбі күнінің пайдасына, кейін протестанттар арасында да кең тараған айғақтар ұсынды. Олар: «жексенбі күні жұмыс істеген адамдарды найзағай соғатын болғандықтан, ол күн сенбі болып саналады» - деп кортындылады. «Әрине, Құдай Оның күніне теріс қарағандарды жақтыртпайды» - деп жариялады прелаттар. Келе жатқан игілік үшін жексенбі күнінің құрметтелуі бәрінен талап етілді. Осы шығарып жатқан жарлықтары аз болғандай шіркеу үкімет билігіне жүгініп, солардың көмегімен «жексенбі күні жұмыс істегендер жазаланады» деген қаулы шығарған. Сонан соң Рим басшыларының отырысын- да осы шешімдердің барлығы бекітіліп, бүкіл мәсіхшілер әлеміне міндет ретінде таңылды. Бірақ: «Жетінші күн - сенбіні Құдайыңа арна» - деп Киелі Жазбада мазмұндалып тұрған Алланың талабы римнің жексенбі жайлы қаулысымен сәйкес келмегендіктен, оның шындық екеніне кепшілік күмәнданды және сол жөнінде көп қиындықтар пайда болды. Жексенбі күнінің қасиетті екеніне Киелі Кітаптан дәлелдеме табылмағандықтан, католиктерге оның орнын лақап сездермен толтыру қажеттігі туындады. XII-ші ғасырдың соңында жексенбіні мықты ұстайтын біреу ағылшын шіркеулерін аралап жүріп, жексенбі жайлы уағыз айта бастады. Бірақ оның сөзіне Киелі Жазудан еш дәлел табылмағандықтан, уағыздаушының кетуіне тура келді. Кейін ол Англияға қайра оралды және өзімен яки Құдайдың Өз қолымен жазғаны десті «сенбінің орнына жексенбіні сақтаңдар» деген бұйрығы берілген ораманы алып келді. Сонымен қоса ол «бұл Ғолгота дөңіндегі қасиетті Шимионның құрбан шалатын жеріне аспаннан түскен хат» - деген лақап таратты. Ал шын мәнінде бұл «қасиетті құжат» Римде, папаның сарайында жазылған, оның пасықтығын дәлелдейтін жалған хат болатын.

Папаның иерархиясы барлық ғасырларда да дәл осылай өз шіркеуінің көркеюіне себін тигізетін кез келген айла тәсілдерді пайдалана берген және онысын ешқашан ұят санамаған. Айтулы орамада «сенбі күні сағат үштен бастап дүйсенбі күн ұясынан шыққайша барлық жұмыс атаулы тоқтатылсын» делінген. Олар осы талаптардың орындалуының қажеттігін көптеген ғажайып оқиғалармен негіздеген. Айтулы уақытта жұмысын тоқтатпаған біреу сал ауруына ұшырапты. Ұн тартушы ұнның орнына қан пайда болғанын көрген және судың қысымына қарамастан құрылымының дөңгелектері тоқтап қалған екен. Жексенбі күнін керек қылмай нан пісірген әйел пештен нанын шикі күйінде алып шығыпты. Ал керісінше жексенбі болып қалғанын көріп, жұмысын дереу тоқтатқан әйелдің наны дүйсенбі күні өздігінен пісіп дайын бола қалыпты. Енді бір әйел жексенбі күні нан пісірген екен, нанын турап қалғанда ортасынан қан шығыпты.

Осылайша Рим шіркеуінің билеушілері неше түрлі ақылға қонбайтын, мағынасыз тәсілдермен жексенбі күнінің қасиеттілігін белгілемек болған.

Шотландияда да Англиядағы секілді жексенбі күнін құрметтетін қаулы шықты және оған жартышай сенбі кіріп тұрғандықтан ол мүмкін болды. Шотландияның патшасы: «Қасиетті күн сенбі күнгі 12 басталып дүйсенбі таң атқанша жалғасады, оны бұзуға ешкімнің қақысы жоқ» - деген декрет шығарды.

Папалықтар жексенбіні «қасиетті күн» деп тағайындауға бар күштерін салғанымен, сенбінің әулиелік мәртебесін мойындамауға дәттері жетпеді.

XVI-шы ғасырда папалық кеңес: «Біз мәсіхшілер сенбіні жексенбіге ауыстырғанымызбен, Құдай нұрландырған жетінші күн - сенбіні тек яһудейлер ғана емес, барлық Құдайға күлшылық ететіндер сақтаған және оны барлық мәсіхшілер білуге тиісті» - деп арыз тастады. Ендеше олар Құдай заңын аяққа салып таптаған зұлымдық істерін «білместік» деп айта алмайды. Олар саналы түрде өздерін Алладан жоғары санайды.

Римнің басқаша ойлайтын дардың барлығынқандықырғынға ұшырататынының таң қаларлық көрнекілігін сенбі күнін құрмет тұтқан вальдендіктердің өмірінен көруге болады. Төртінші заңды, яғни заңның төртінші бабын мықты ұстағандардың қандай қасіретке ұшырағандарын біз тарихтан жақсы білеміз. Осы арада Эфиопияның шіркеулерінің тарихы жайлы айтпай кетуге болмайды. Орта ғасырлық түнек кезінде Орталық Африканың мәсіхшілері көзге көрінбей қалды, яғни әлем оларға көңіл аудармады, сондықтан да олар бірнеше ғасырлар бойы дін бостандығына ие болды. Ақыры Рим оларға да жетіп, арқаларына темір тақымын батырған кезде, абиссиндік императорға папаның Құдайдың орынбасары екенін мойындауына тура келді. Бұл ымырадан кейін оларға қойылған неше түрлі талаптар толып кетті. Сонан соң сенбі күнін мерекелейтіндерге тыйым салынатын қаулы шықты. Оны орындамайтындар қатаң түрде жазаланды. Папаның айуандығын арқалап жүруге шамалары келмеген африкалықтар оны құлатуға шешім қабылдады. Қатыгез шайқастардан кейін олар папалықтарды иелік ететін жерлерінен қуып жіберді. Бірақ темір Римнің берген сабағын еш уақытта ұмытқан жоқ, өздерінің басқа мәсіхшілер өлемінен алыс жатқандарына өте қатты қуанды және қуанатын реттері де бар болатын.

Африка шіркеулері, толық рухани құлдырауға ұшырағанға дейін сенбіні құрметтеген папаның шіркеуі секілді, сенбі күнін сақтаған. Олар құдай заңы бойынша сенбіні құрмет тұтып, сонымен қоса

шіркеудің қаулысы бойынша жексенбі күні де жұмыс істемеген. Бірақ Рим билігі нығайғаннан кейін оларға жексенбі күні туралы заң таңылып, оның қатаң орындалуы талап етілді. Десе де мыңдаған жылдар бойы дін бостандығына ие болып келген африкалық шіркеулер ондай жаман жолға түсуден бас тартты. Римнің қол астына түсіп шынайы сенбіні жалған сенбімен алмастыруға мәжбүр болған олар, кейіннен тәуелсіздіктері қолдарына тисімен, қайра Құдай заңының төртінші бабын орындай бастады.

Бұл тарихи деректер Римнің сенбіні және оның жақтаушыларын қалай жек көретінін дәлелдейді және жексенбінің мәртебесін кетеру үшін қандай құралдар пайдаланғандары жайлы айтады. Киелі Кітап «бұрынғы болған оқиғалар қайталанатын және жексенбіні дәріптеу үшін, католиктер мен протестанттар бірігеді» дейді. Аянның 13-ші тарауында берілген аятта: «тоқтының мүйізіндей мүйізі бар хайуан түрінде көрсетілген билік барлық жер мен оның тұрғындарын жолбарысқа ұқсас хайуанға табындырады» делінген. Сонымен қоса тоқтының мүйізіне ұқсас мүйізі бар хайуан барлық жердің халықтарына - карапайымдар мен ұлыларға, байлар мен кедейлерге, күллі құл-еріктілерге хайуанның белгісін қабылдатады (Аян 13:11-16). Тоқтының мүйізіне ұқсас мүйізі бар хайуан арқылы рәмізделетін билік - Америка Құрама Штаттары болып табылады. АҚШ міндетті түрде жексенбінің сақталуын талап ететін заң шығарған кезде, айтулы аян орындалады. Сонда папалықтың мәртебесін АҚШ қана көтеріп қоймайды, оған басқа мемлекеттерде қосылады. Римнің билігін мойындап келген басқа жерлерде, оның әсері сол қалпында қалады. Аян оның билігінің нығая түсетіні жайлы айтады. «Мен оның бір басының қатты жарақат алғанын көрдім, бірақ кейіннен бұл жарақат жазылып кетті. Хайуанды бақылап отырған барлық жер бұған таң қалды» дейді пайғамбар (Аян 13:3). 1798 -ші жылы папалыққа қатты соққы берілді, бірақ бұл «жара кейін жазылып кетті», мұны көрген барлық мемлекеттер, пайғамбар айтқандай, хайуанға таң қалды. Елші Пауыл айтуынша «күнөкар пенде» Мәсіхтің екінші рет жер бетіне келетін кезіне дейін өрекет жасайды (2Сал. 2:3-8). Бұл билік жердің тарихы аяқталғанға дейін адамдарды алдап арбаумен болады. Жохан пайғамбар да папалыққа меңзей отыра: «Аттары Тоқтының кітабында жазылмаған жандардың барлығы оған табынады» дейді (Аян 13:8). Рим шіркеуінің беделімен бекітілген жексенбі күнін сақтау - халықтардың папалыққа бағынғандығын, оның алдында бас игендігін білдіреді.

XIXшы ғасырдың ортасында АҚШ-та осы аянды зерттегендер оның мәнін барлық әлемге хабарлаған болатын. Қазіргі кездегі болып

жатқан оқиғалар айтылған аянның орындалуының тақау екенін көрсетеді. Протестанттар папалықтар секілді ешбір негізсіз жексенбі күнінің сақталуын уағыздауда. Жексенбі күнін бұзушыларды Құдай жазалайды деген хабар қайта естіле бастады. Жексенбі күнінің мерекеленуі кең етегін жайды. Рим шіркеуінің кулығы адамды таң қалдырмай қоймайды. Олар ежелгі тәсілдерін пайдаланып әлемді ауыздарына қаратуға тырысып, оның ішінде протестанттарды дегендеріне көндіріп жалған сенбілерін қабылдатқандарына риза болып, барлық жағдайды сырттай бақылап өз сағаттарын күтіп отыр. Ақиқатты қабылдаудан бас тартатындар өзін «киелімін» деп санайтын осы биліктен, оның жалған ақиқаттарын нығайта түсу үшін, әлі де болса көмек сұрайтын болады. Сол кезде оның протестанттарға қалай көмекке жетіп келетін білу қиынға соқпайды. Шіркеуге бағынбайтындардың қандай күйге ұшырайтындарын папаның көсемдерінен артық кім біледі?

Бар әлем бойынша папаның қадағалауында болатын және оған қызмет ететін үлкен ұжым құрылады. Онда жер шары бойынша «шіркеудің басы ретінде, папаға бағынуға тиістіміз» деп есептейтін миллиондаған халық тәлімденеді. Азаматтығы мен ұлтына қарамастан олар айтулы шіркеуді сыйлауға тиісті болады. Тұрып жатқан еліне адал болуға серт бергеніне қарамастан, Римге бағынуға берген уәдесі бәрінен де жоғары болып шығады және Римнің талабымен сай келмейтін басқа міндеттердің барлығынан олар босатылады. Тарихқа көз жүгіртіп қарайтын болсақ Рим өмір бақи барлық халықтардың ішкі істеріне араласқан екен және кедергі болғандардың барлығын қара болсын, төре болсын қырып жою арқылы көздеген мақсаттарына жетіп отырған. 1204-ші жылы папа Иннокентий III-ші өзінің алдында Петр II-ші патшаға: «Мен, Арагонияның патшасы Петр, қожайыным папа Иннокентиге және Рим шіркеуіне адал болуға, католиктік сенімді қорғауға және оның қарсыластарын қуғындауға ант беремін» деп серт бергізген. Бұл серт «императорларды орнынан құлатып», «өзінің әділетсіз бастығына бағынатындарды уәделерінен босататын» Рим папасының талаптарымен үйлесімді келеді. Ол әлемнің билеп төстеушілерінің Рим папасының талаптарын қалайша орындайтындығының айнасы секілді.

Рим өзінің тұрақтылығын өте мақтанш тұтады. Григорий VII-нің, Иннокентий III-нің қолданған ұстанымдарын Рим католиктік шіркеуі әлі де сақтап отыр. Билік қолдарына түссімен айтулы шіркеу осы ұстанымдарды өмірге енгізуге дайын тұр. Жексенбі күнін заңды гүрде бекіту үшін Римнің көмегін сұрауға әзір отырған протестанттар өздеріне өздері есеп беруден қалған. Протестанттар осы кездеген

мақсаттарын іске асырумен айналысып жатқанда, Рим өзінің жоғалтып алған бұрынғы билігін қайтаруға тырысады. АҚШ-ғы шіркеулер үкімет билігін бақылауды қолына алып, діни салт-дәстүрлерді заң түрінде өмірге енгізе бастағанда немесе басқаша айтқанда шіркеу мен үкімет бірігіп, адамдардың аружданын билеп төстеуге күш салған кезде, Рим салтанатты түрде жеңісін тойлайтын болады. Осы айтылған ескертулерге протестанттар қазір көңіл аудармаса, кейін олардың ниетін көрген кезде, ештеңені өзгертуге шаралары болмайды, кеш қалады. Католицизмнің билігі ақырын - ақырын ұлғайып келеді. Оның билігі заң шығарылатын отырыстардан, шіркеулерден, адамдардың жүректерінен жақсы байқалады. Оның құпия шытырмаларында (лабиринт) қанды тарих қайталанатын үлкен - үлкен ұлы ғимараттар салынып жатыр. Шешуші сәт тақағанда Мәсіхтің ізбасарларына ойсырата соққы беру үшін католиктік шіркеу білдіртпей дайындалуда. Оған ең керегі ұпайлы орынға ие болу және сол орынға ол ие болды деп айта беруге де болады. Алдағы уақытта барлығымыз Рим католиктік иерархиясының нағыз пиғылын көретін боламыз. Құдай сөзіне сенетіндер және Оның еркін орындайтындар қарамайланып, қуғынға ұшырайтын болады.

Жалтартпас жанжал

Әуел бастан-ақ ібілістің көздеген мақсаты Құдайдың қасиетті заңын жою болатын. Дәл осының себебінен ол аспаннан куылған еді. Албасты көкте бастаған шайқасын жерде жалғастырып, адамдарды Құдай заңын бұзуға итермелеуде. Түгел заң бұзылса да, немесе оның бір бабы бұзылса да нәтиже біреу. «Біріне кінәлі, барлығына кінәлі болады» (Жақ. 2:10). Албасты ақиқаттың жолын көрсететін жалғыз ғана кітапты қырық саққа бұрмалап, оны өзінің қызметкерлері арқылы кері талқылап, адамзатты адастырумен айналысып келеді. Ақиқат пен адасушылықтың арасындағы соңғы шайқас - Алланың заңы мен адамның заңының, дәлдеп айтқанда шынайы дін мен аңыз болған діннің арасындағы шайқастың тамамдалу кезеңі.

Қазір ақиқатқа қарсы шайқасатын күштердің бірігіп жатқан кезі. Құдай сөзіне дұрыс көңіл боліп жатқан жандар өте аз. Киелі Кітап барлығының қолында болғанымен, оны шындап қабылдап жатқандар көп емес. Имансыздық күнәкар дүние түгілі, ғибадатханаларда кең етегін жайған. Құдайға деген сенімнің бағанасы болып саналатын ілімнен көпшілік жандар бас тартуда. Өздерінің даналықтарына риза болып жүрген адамдар Киелі Жазбаға сенуді қойған. Киелі Рухпен шабыттанып еңбектенген азаматтармен мазмұндалған дүниенің жаратылуы туралы шежіре, адамның күнәға батқаны, Жаратқанның адамдармен татуласу үшін құрған жоспары, Құдай заңының ешқашанда өзгермейтіндігі күллі мәсіхшілермен болмаса да, солардың біразымен мойындалмайды. Өздерін білімді және зерек деп санайтын олар Киелі Жазбаға мүлтіксіз сену кемістік деп есептейді. Киелі Жазбаны сынау немесе оны өз бетгерінше талқылау

дарындылық және білімділік деп бағаланады. Көптеген діни қызметкерлер «парыз» (Құдай заңы) деген ескірген ұғым, ал оған әлі күнге сснетіндер «аянышты күйдегі байғұстар» деп ұғындырады. Осылайша ақиқатты қабылдамайтындар, оның негізін Қалаушыны да қабылдамайды. Құдайдың заңын аяқ асты ететіндер, заң Шығарушының беделін мойындамайтын тоң мойын тоқшар жандар. Тас пен ағаштан пұттарды қашап шығару қаншалықты оңай болса, жалған ілім мен теориялардан жалған құдайды ойлап шығару да соншалықты оңай. Жара- тылыс арқылы, Мәсіх және Оның Сөзі арқылы ашылып тұрған Тірі Құдайға сенетіндер аз ғана. Көпшілігі тірі Құдайдың орнына фөлсафаны (философия) құдай қылады. Мындаған адамдар табиғатты құдай санайды, бірақ оны жаратқан тірі Алланы мойындамайды. Ежелгі кездердегідей қазіргі мәсіхшілер әлемінде де пұтқа табынушылықтың неше түрлі қалыптары кездеседі. Өздеріне өздері сеніп жүрген данышпандардың, философтардың, саясатшылардың, журналистердің, тектілердің, колледж бен университеттердің және кейбір діни оқу орындарының мойындайтын құдайларының финикиялық Күн құдайы - Ваапдан аз-ақ қана артықшылығы бар.

Құдай заңын орындау міндетті емес деген тұжырым адам баласы үшін өте қауіпті. Мәсіхшілер әлеміндегі адасушылықтардың бір де бірі соншалықты дәрекеі түрде айтылмаған. Кез келген мемлекеттің өзінің ата заңы бар және сол елдің азаматтары оны орындауға міндетті. Заңсыз мемлекет - мемлекет болып тұра алмайды. Сонда әлемнің Жаратушысы ғаламды заңсыз баскарып тұр деп ойлау ақылға қонбайтын сандырақ емес пе? Ата заңды орындаудың қажеті жоқ, ол адамдардың бостандығын шектейді деп қандай қызметкер айта алады, айтқан күнде, мінбеде қанша тұра алады екен? Мемлекеттің заңын орындамау Құдай заңын орындамаудан да әрі қылмыс деп кім айта алады? Күнәкарлар мен тақуаларды айқындап көрсетіп тұратын дүниенің өлшеуіші - Құдай заңы жойылып қалғанша, заңы жоқ мемлекетте емір сүрген оңай болар еді. Шындап келсек Алланың заңын орындайтындарға басқа заңның керегі де жоқ, өйткені баскасы өзінен өзі орындалады. Құдай заңын аяқ асты ету неменеге өкеліп тірейтінін білесіздер ме? Ондай тәжірибе бар. Атеизм орнаған кезде Францияның жағдайы қандай болғаны бәріне де мәлім. Құдайдың қол астынан шығатындар қатыгез жеңдеттің қолына тиеді. «Құдайға бағынбаймыз» дейтіндер өздерінің қалай жүгенсіз лағын кеткендерін сезбей де қалады. Әсіресе Жаратқанның бағыттауынан тыс қалу бостандықты сүйетін жастар үшін қауіпті. Құдай заңына қалай болса солай қарауды үйретіп, бүліктің тұқымын себетіндер кейіннен өздері тұтылады, яғни кара дауыл өз бастарына

шүйлігеді. Құдай заңы ұмытылған жерде, көп ұзамай адам заңы да ұмытылады. Құдай өнегесіздікті, іштарлықты, өтірікті жек көргендіктен, күнәкарлар, опасыз істеріне шектеу қоятын қалыптасқан заңды алып тастағылары келіп тұрады. Оны шегерген күні өздерін не күтіп тұратыны олар үшін жаңалық. Егер заңды орындау міндет емес болса, оны неге бұзбасқа? Онда адамның жеке меншігіне қауіп төнеді. Адамдар бір бірлерінің мүлкін тартып алады, мықтылар баиды. Өмірге деген қызығушылық жоғалады. Неке заңы жойылады. Күшті жақынының әйелін тартып алады. Заңның төртінші бабына қоса бесінші бабы да бұзылады. Балалары өздерінің бұзылған табиғаттарының айызын қандыру үшін ата аналарын өлтіреді. Өркениетті дүние қарақшылардың ошағына айналып, жер бетінен бақыт деген жоғалып кеткен болар еді. Адам Құдай заңын орындаудан босатылады деген ілімнің өзі бірден кесірге жол ашып беріп, өнегелік пен тәртіптілікті әлсіретіп жібереді. Заңсыздық, нысапсыздық және бұзылғандық үстімізден сел болып құйышып жатыр. Көпшілік жанұяларда албасты өзін еркін сезінеді. Оның туы іштарлық, аңдысу, тән құмарлығына жол бері, екіжүзділік, жақтыртпаушылық, бәсекелесу, ұрыс-керіс, сатқындық берік орын алған көптеген мәсіхшілердің үйлерінің төбесіне де тігілген. Қоғамдық өмірдің негізі болуға тиісті діни ұстанымдар мен ілімнің жүйесі әбден қопсыған. Құдайдың заңы мен ұстанымдарының ірге тасы шашылып қалуға дайын болып, борып тұр. Түрмеге түскен қылмыскерлер жасаған қылмыстары үшін сый-сияпатқа бөленуде. Олар туралы баспасөздерде жазылады, сөйтіп олардың өнегелерін басқалары қайталайды. Ал шайтан болса өз жоспарының жемісті болғанына өте риза. Әліде болса Құдайдан қорқатындар бұл зұлымдықтарды тоқтату үшін, не істеуге болатынын ойлаулары керек. Сот сатқын. Биліктің басында отыратындар жемқор. Нысапсыздық көпшіліктің санасын уландырған. Заң қызметкерлері алудың қамын ойлап тұрады. Имандылық деген жоғалған.

«Осылай әділдік кері қуылып, адалдық тым алыс қалады. Шындық сот алаңында* сүрініп құлап, ақиқат арамызға кіре алмайды» дейді бізге Киелі Кітап (Ишая 59:14). Папаның билік құрған заманында Киелі Кітапты оқуға, зерттеуге тыйым салынғандықтан тоқшарлық, надандық гүлденді дейміз, ал қазіргі діни бостандық кезінде Құдай заңын аяқ асты қылудың себебі қандай? Қазір албасты жұрттан Киелі Кітапты тартып ала алмағандықтан, кездегеніне жету үшін басқа тәсілдерді пайдалануда. Атап айтқанда, адамдардың Киелі Кітапқа деген сенімдерін жойып жатыр, «Құдай занын орындау міндет емес» деген тұжырымды шығарып, сол арқылы Алланың парызын

орындатпай, керісінше оны бұзғызуда. Албасты бұрынғы уақыттағыдай қазір де шіркеудің көмегімен көздеген мақсатына тақап келеді. Діни ұжымдар Киелі Жазбада айқын мазмұндалып тұрған атақсыз ақиқатты тыңдаудан бас тартуда. Сол ақиқаттармен күресу үшін неше түрлі ілімдер шығарылады, соның нәтижесінде халық, арасында сенімсіздік тұқымы себілуде. Адамның жаны мәңгілік және өлгеннен кейін ол саналы түрде өмір сүреді деген папаның жалған ілімі спиритизмге жол ашты. «Мәңгілік дозақ» жайлы іліммен танысқаннан кейін, Жұрт Киелі Жазбаға сенуді КОЙДЫ. Адамдарға Құдай заңының төртінші бабын орындау керектігі жайлы түсініктемелер беріле бастаған кезде, өздеріне бөгет болып тұрған баптан құтылу үшін, белгілі мұғалімдер «Құдай заңы тіпті керек те емес» деп арыз тастап тұр. Осылайша олар заңды да, сенбіні де барынша аяқ асты еткізуде. Мәсіхшілер әлемінде болып жатқан неше түрлі заңсыздықтар үшін олар қатаң жауапқа тартылады. Дәл осы мұғалімдер әлемнің бұзылып бара жатқандығының себебі «мәсіхшілік сенбінің, яғни жексенбінің кемсітілуінде, сондықтан жексенбінің міндетті түрде сақталуы дүниеге имандылықты қайтаратын еді» дейді. Бұл талап, сенбі жайлы ең көп уағыздалған мемлекет АҚШ-тан шығып тұр. Осы арада өнегеліктің көрсеткіштерінің бірі болып саналатын қанағатшылдыққа шақыру, жексенбіні сақтауға шақыратын қозғалыспен өріліп жатыр. Айтулы қозғалыстың қорғаушылары өздерін бостандықтың күрескерлеріміз деп есептейді және оларға қосылудан бас тартатындарды балағаттайды. Тамаққа уды білдіртпей қосуға болады, бірақ ол тамақты уланбаған деп айтуға бола ма? Керісінше мұндай ас өте қауіпті, себебі оның түрі ешкімді қауіптендірмейді. Албасты дәл осылай ерекет жасайды. Ақиқатқа өтірікті ешкім байқамастай етіп араластырып жібереді де, оны тап-таза шындық ретінде жұртқа ұсына қояды. Жексенбінің сақталуын жақтайтындар Киелі Кітаптың ұстанымдарына сәйкес келетін, халыққа қажетті реформаны қолдауы мүмкін. Десе де бұған қоса олар Киелі Жазбаға қарамақайшы келетін талаптарды да ұсынғандықтан, Құдайдың құлдары бұл бағыттағы қозғалыстың мүшелерімен біріге алмайды. Құдайдың заңын адамның заңымен алмастыратындарды ақтау мүмкін емес.

Екі үлкен жаңылысушылық - адамның жаны өлмейді және жексенбі қасиетті деген ұғымдар, халықты албастының билігінде қалдырады. Біріншісі адамдарды спиритизмге жақыпдатады, екіншісі оларды Риммен біріктіреді. АҚШ-тың протестанттары бірінші болып шыңыраудың арғы жағынан спиритизмге қол созады, онан соң Римге қолын беру үшін шыңыраудан аттап өтеді. Кейін осы одақтың әсерінен айтулы мемлекет ар-ұжданын таптап өтіп, Римнің соңынан

ереді. Спиритизм кеңінен және тереңірек түрде мәсіхшілдікке ұқсас болуға құнығып алған. Бұл ұқсастық оның құлығына көп күш қосып тұр. Албасты жарқ-жұрқ еткен періштенің кейпіне енеді. Ол неше түрлі жалған кереметтерімен көпшілікті алдайтын болады. Сырқат адамдар әр түрлі ауруларынан айығып шығып оған иланып, оның соңынан ереді және олар тағы да басқа табиғидан жоғары құбылыстардың куәсі болады. Бұл рухтар Киелі Жазбаға сенетіндерін хабарлап, шіркеу институттарына сенетіндерін айтады. Халық болса бұл күшті - Құдайдың күші деп қабылдайды. Сонан соң мәсіхшілер мен кәпірлердің арасында ешқандай айырмашылық байқалмай қалады. Шіркеуге қатысы жоқтар нені жақсы көрсе, шіркеудің мүшелері де соған қызығады. Сөйтіп шайтан олардың бастарын біріктіріп, барлығын спиритизмнің қатарына енгізеді. Жалған кереметтерді шынайы шіркеудің белгісі деп есептейтін католиктер бұл өтірікке қатықтай ұйиды, ал ақиқатты қалқан қылып ұстаған протестанттар қолдағы қаруларын тастай сала католиктердің соңынан ере жөнеледі. Католиктер, протестанттар, қарапайым халық - барлығы өлі игіліктің тұтқынына түседі. Бұл одақты олар мың жылдық патшалыққа жеткізетін ұлы қозғалыс деп есептейді.

Албасты халыққа спиритизм арқылы өте жоғары сатыдағы діни сенімнің жүйесін ұсынған болып, өзін игілік сыйлаушы мейірбан қылып көрсетеді. Содан кейін оның нағыз бұзақы екенін ешкім елемейді, мыңдаған халық ажалына қарай адымдайды. Ұстамсыздық жұртты ақылынан ауыстырады, оның соңынан бұзылғандық, қантөгіс және басқа да қайғылы оқиғалар жалғасады. Әсіресе албасты соғысты жақсы көреді, соның көмегімен құрбандарын қанмен, кесірмен арамдап мәңгілікке көз жұмғызады. Халықтарды бір біріне айдап салу арқылы көздеген мақсатына жетеді, өйткені шайқасушы жақтар албастының қолындағы ойыншыққа айналып, ақырдың күніне, яғни Мәсіхтің келетін кезіне дайындалу керектігін мүлдем ұмытады. Албасты табиғаттың құпиясын көп зерттеген, Құдай оған қаншалықты мүмкіншілік берсе, соншалықты ол табиғаттың күшін де пайдаланады. Өткенге көз жүгіртіп көріңіздер, шайтанға Әйүп пайғамбарын қинауға рұқсат берілгенде, не болғаны барлықтарыңызға мәлім болар? Пайғамбардың табын-табын малдары ұшты-күйлі ғайып болды. Үй іші, балалары, қызметшілері бірінің соңынан бірі қырылды. Бір бақытсыздықтың соңынан екіншісі келіп тұрды. Тек Құдай ғана Өзінің жаратқан пендесін қатыгез жендеттің қолына түсірмей қорғай алады. Бірақ мәсіхшілер (христиандар) әлемі Құдайды және Оның адамзатқа бақыт сыйлайтын қасиетті заңын ұмытқан. «Мені кім ұмытса, соны Менде ұмытамын» дейді Раббым

Алла. Жер Құдайдың батасынан құр қалды. Өзіне қарсы шыққандарды Құдай қорғамайды, сейтіп олар ібілістің қолына емін еркін тиеді. Шайтан болса, біреулерін гүлдендіріп шылқыған байлық беріп естерін кетіріп қояды, екіншілерін керісінше қайыршылыққа ұшыратып, алғашқыларға өшіктіреді. Енді біреулеріне бейнет пен қайғы беріп қапаландырады. Көкірегі соқыр пенделер осының барлығына Құдай кінәлі деп есептейді.

Албасты өзін жұрттың алдында олардың ауруларын емдеп кетіретін ұлы дәрігер ретінде көрсетеді. Ал шын мәнінде ол біздің планетамызға ауру мен қасірет әкелді. Халқы көп қалалар үйіндіге айналып босап қалады. Дәл осы іспен ібіліс қазір тығыз айналысуда. Төтенше жағдайлар, суда да, күрлықта да болып жатқан кесапаттар, жер жерді шалып жатқан өрт, дауылдар, борандар, жер сілкіністері - осының барлығы албастының еркімен болып жатқан зұлымдықтар. Аштық пен жалаңаштық та оның ісі. Ол жағымсыз буландырулар арқылы ауаны уландырып, мыңдаған халық, неше түрлі індеттерден қырылып жатыр. Аурулардың түр-түрі пайда болып, адамзатқа қауіп төніп тұр. Белгісіз сыркаттардың салдарынан адамдар да, малдар да өлуде. «Жарық дүние де, жер де қамығады, өйткені әлемнің тұрғындары Құдайдың қасиетті заңын аттап өтіп, жарлықтарын өзгертіп, өсиеттерін бұзып жерді әбден арамдады» - деп жазылған Жаратқанның сөзінде (Ишая 24:4,5).

Ұлы етірікші «осы болып жатқан пәлелердің барлығы Құдайға қызмет ететіндердің қырсығы» деп кінәнің барлығын соларға артып, басқаларын соған иландырады. Барлық жерлерге «сенбіні сақтайтындар жексенбіні арамдады, олар халық арасына бүлік туғызып жұртты Құдайдың батасынан күр қалдырды» деп, хабарландырылады. Күнөкарлар болып жатқан қасіреттерге, керісінше солардың өздерінің күнәларын әшкерелеп, оларды шындыққа баулығысы келген Құдайдың адал құлдарын кінәлайды. Осылайша кезінде Құдайдың қызметкеріне тағылған кінә қайра Оның халқына жапсырылады. Сонда Ахаб: «Сен бе Исраилге ылаң салып жүрген» деп Ильясты қарамайлаған болатын. Бұған Ильяс: «Мен емес Исраилге бүлік салып жатқан, Құдайдың дегенін орындамай Шұғайыптың соңынан ерген сен және сенің әкеңнің үйі» деп жауап берген еді (ЗПат.18:17,18). Сол кезде ашуға булыққан кара тобыр Ильясқа не істесе, ендігі жерде де сол оқиға қайталанатын болады. Спиритизмнің найзасы жай адамдарды тыңдағаннан гөрі Құдайды көбірек тыңдайтындарға бағытталады. Спириттер «біз Құдайдың елшілеріміз деп жексенбіден бас тартатындарды өз сөздеріне сендірмек болады, олар адамдар Құдай заңына қапай бағынулары керек болса, мемлекеттің

де заңына солай бағынулары керек” - деп жариялайды. Олар әлемде болып жатқан неше түрлі ұждансыз істерге күрсініп, соған қоса «Жексенбі күнін бұзу өнегелік пен ізеттілікті әлсіретіп жібереді» деп, діни оқытушыларды қолдай бастайды. Сол кезде мұндай жалған ілімнен үзілді кесілді бас тартатындарды не күтіп тұрғаны айтпай-ақ та белгілі болар.

Албасты әуелде аспанда шайкасты қалай бастаса, жерде де дәл сондай әрекет жасайды. Бас кезінде ол Алланың билігін жай ғана ықшамдағысы келген сыңай танытты, бара-бара ол «Құдайды құлатам» деп ойлады. Оған қоса өзі немене- ге кінәлі болса, соған Құдайға адал болып қалған періштелерді кінәлады. Рим шіркеуі де дел осы тәсілдерді пайдалануда. Папа өзін «Құдайдың орынбасарымын» деп хабарлап, шын мәнінде Жаратқанның заңын өзгертіп, өзін Алладан жоғары қойғысы келді. Рим билік құрған заманда Құдайдың сенімділері «зұлымдар» деп жарияланды. Олар «албастының сыбайластары» аталып, жауларының қолдарынан қиянат шекті. Біздің заманымызда да дәл солай болады. Құдай заңын таза күйінде орындайтындар, керісінше оны бұзатындар деп жарияланып, жазаға тартылады.

Құдай адамды күшпен көндірмейді, адам өз жолын өзі таңдауға ерікті, бірақ Ол ненің жақсы, ненің жаман екенін көрсетеді. Ал ібіліс болса үнемі қанаумен айналысады. Ол адамды алдайды, алдауға көнбейтіндерді жазалайды. Ол халықты күшпен қорқытып ұстап, өзіне сиындырғысы келеді. Дегеніне жету үшін үкімет билігін, діни билікті, қараны, төрені барлығын пайдаланады.

Сенбіні ұмытпай сақтайтындар «халық жауы» атанады. Жаңбырдай болып жауып жатқан қасіреттерге солар кінәлі деп табылады. Оларды мемлекетке бағынбайтын бұзақылар деп атайды. Үкімет басындағылар Құдайдың еркімен тағайындалғандар, сондықтан да бұл басшыларға бағыну керек, Құдай заңын орындау соншалықты міндетті емес дейтін дін қызметкерлері халықты теріс жолға салатын уағыздар айта бастайды. Олардың дегендерінен бас тартып, Құдайдың парызын орындайтындар айыпқа тартылады, жазаланады. Бұл Аллаға адал болып қалған азаматтардың сөздері бұрмаланады, істері кері талқыланады, ниеттері қараланады.

Протестанттық шіркеулер Киелі Жазбаның ақиқат екенін дәлелдейтін куәліктерден өздері болса бас тартып, ал ақиқатты қабылдайтын жандардың шынайы сенімдеріне тойтарыс беруге Киелі Жазбадан ешқандай дәлел таппағандықтан, олардың үндерін өшіруге тырысады. Және өздері оны ашық мойындамағандарымен, барлық мәсіхшілер әлеміне жалғасып папаның қойған талаптарын

орындайды, ашып айтқанда «папаның сенбісін» қабылдайды. Абыройлары жетіспей жатса күш жұмсайды. Саясатшылардың сатқындығы әділеттілікке деген сүйіспеншіліктің және ақиқатқа деген сый-сипаттың күл талқанын шығарады. Сөйтіп бір кездері ақиқаттың туын тіккен АҚШ тың билеушілері мен заң шығарушылары қоғамның көңілінен шығу үшін барлық халықтан жексенбі күнді құрметтеуді талап етеді. Қымбат бағаға сатылып алынған ар-ұждан бостандығының күлі көкке бірақ ұшады. Осы арада пайғамбардың айтып кеткен сөздерінің орындалғанын көре аламыз: «Айдаһар әйелге қаһарын төгіп, оның езге де ұрпақтарымен - Құдайдың бұйрықтарын орындап, Исаның Ізгі хабарына ие болып жүргендермен шайқасқа шығады» (Аян 12:17).

Біздің жалғыз Тірегіміз

«Құдайдың берген заңы мен аяндарына қараңыздар, егер қандай да болса ілім Алланың сөзімен салыстырғанда онымен сәйкеспесе, ондай ілімнің жарығы жоқ» (Ишая 8:20). Шайтанның осуасынан қорғану үшін Құдай халқы Киелі Кітапты жақсы білуі керек. Албасты жер кекті шарлап, адам баласын түзу жолдан тайдыру үшін өнерін аямай салып жатыр. Көп ұзамай біз әзәзілдің ұлы өтірігімен бетпебет кездесетін боламыз. Мәсіхтің қарсыласы (антихрист) біздің көз алдымызда неше түрлі жалған кереметтерді көрсететін болады. Оның өтірігінің ақиқатқа ұқсайтындығы соншалықты, кім болса соның алданып қалуы әбден мүмкін. Тек Киелі Жазбаны жақсы білетіндер ғана жасандыны ақиқаттан ажырата алатын болады. Әрбір ғаламат пен әрбір бекітілім Киелі Жазбамен тексерілуі керек.

Сонда Құдай заңына бағынатындар мазаққа ұшырап, күллі жанға жек көрінішті болады. Тек Жаратқан Иені ғана олар күші мен қорғаны ете алады. Сынақтардан өтіп бейнетті жеңіп шығу үшін Құдайдың Сөзінде жазылған, Оның еркін білу керек, сонда ғана олар Алланың мінезін көріп, Оның билігін, пиғылын дұрыс түсініп, соған сай әрекеттер жасап, Жаратқанды дұрыс құрметтей алады. Бұл соңғы шайқаста Құдай сөзінен сусындағандар ғана аяқтарынан нық тұрады. Әрбір жан басы байлы шешім қабылдайтын кез келеді. Сонда сен Алланың дегенін орындайсың ба? Не болмаса адамның дегеніне көнесің бе? Мәсіхке деген сенімің мен Алланың парызын қорғай аласың ба?

Мәсіх өлім жазасына ұсынылар алдында шәкірттеріне өзінің өліп, сонан соң қайта тіріліп, моладан шығатыны жайлы айтқан болатын, ал періштелер болса Оның сөзінің елшілердің жүректерінде

таңбаланып қалуы үшін тырысқан. Бірақ римдіктердің езгісінен тезірек құтылғылары келген Исаның оқушыларына, үміттерінің қазығы болып табылатын Құтқарушыларының маскара өліммен өлетіні жайлы хабарды түсіну өте қиынға соқты. Сол себепті сынақтан өту мезгілі оларға қапелімде келді. Бұл соққыға шыдамаған олар жан жаққа бытырап кетті. Ақыр тақаған кезде адамзаттың басынан ететін емір Киелі Жазбада анық жазылған. Бірақ көпшілік қауым бұл ақиқатқа дұрыс көңіл аудармайды. Қасірет мезгілін жұрттың басына күтпеген жерден тудыру үшін ібіліс қажетті ілімнің таралуына барынша кедергі жасап тұр. Киелі Жазбада біздің құтқарылуымызға байланысты аяндар анық жазылған (Аян 14:9-11) қара. Хайуан мен оның мүсініне табынатындарға шығарылатын үкім барлық жандарға аяндарды мұқият зерттеуі керек, себебі олар хайуанның мүсіні туралы дұрыс түсінік алып, одан қандай жолмен құтылуға болатынын білулері қажет. Өкінішке орай халық ақиқатқа құлағын тарс жауып алып, керісінше аңызға көбірек кеңіл бөледі. Бұл женінде Пауыл былай дейді: «Дені дұрыс ілімді қабылдамайтын заман келеді» (2Тім. 4:3). Осы айтылған мезгіл жеткен секілді. Өйткені қазіргі заманның адамдары Киелі Жазуда берілген ақиқатты қабылдамайды, оны тіпті мойындағылары да келмейді. Неге десеңіз бұл ақиқат олардың үйреншікті өмірімен сәйкеспейді. Шайтан олардың саналарын уландырып, өздерін қиялдандырып көздерін ашып жан жақтарына қарауға шамаларын келтірмей тұр.

Бірақ жер бетінде «Құдай» десе ішкен асын жерге қоятын, Оның дегенін бұлжытпай орындайтын қалаулы халқы да бар. Олар үшін барлық ілімнің өлшеуіші және күллі реформаның негізі Киелі Жазба болып саналады. Ғалымдардың пікірлері, ғылыми тұжырымдамалар, доктриналар, шіркеулердің қаулылары, көпшіліктің дауысы оларды тіке жолдан тайдыра алмайды. Кез келген ілім: «Алла солай айтады» - деген Құдай Сөзімен расталуы керек

Ібіліс жұрттың көңілін Құдайға емес, маңайындағыларға аударғысы келеді. Адам өзінің парызын білгісі келсе Киелі Кітапты жеке басы зерттеуі керек. Егер олар адамдарға қараса, атап айтқанда епископтарға, пасторларға, діни қызметкерлерге, имамдарға, моллаларға, қандайда бір ұстаздарға қараса, жақсы жолдан тайып, жаман жолға түсіп кетуі әбден мүмкін. Албастының күтіп тұратыны да осы.

Мәсіх Иса жер бетіне келгенде көпшілік қауым Оны қуана қарсы алды, Оның алдынан ілім алды. Бұл халықтың ішінде кәптеген діни қызметкерлер де болды. Бірақ басты діни қызметкерлер мен халық көсемдері Оны қабылдамады. Оның Құдайдың Рухани Ұлы екенін, әдейілеп жіберілген Елші екенін мойындамады. Халықтың

көкейінде: «Неге Ол Елші болса, кітап адамдары мен парызшылар Оны қабылдамайды? Егер Ол шыныменде Мәсіх болса айтулы тақуалар Оны қабылдас па еді?» - деген ой туындады. Соларға қараймыз деп жүрген Израил халқы өздерінің Құтқарушыларын танымады.

Сол кездегі жаман рухпен қаруланып алған діни басшылар секілді сырт көзге қарағанда мейірбан болып көрінетін адамдар қазірде аз емес. Айтулы жандар Киелі Жазбада беріліп тұрған, қазіргі заманға қатысты ақиқаттарды оқымайды. Олар өздерінің қатарларының көптігіне риза болып, байлығы мен атағына мастанып, сенімдері басқалардан өзгеше, ілімдері кеңінен қолдау таппай тұрған ақиқатты жақтаушы аз топқа жек көрушілікпен қарайды. Қолдарына заңсыз тиген, кітапшылар мен парызшылар құныққан билік яхудейлердің бытырап кетулерімен аяқталып қана қоймайтынын Иса жақсы білген болатын. Ол көреген көзбен барлық ғасырларда да ғибадатхана-ның кесірі болған, ар - ұжданның үстінде ойнақтайтын, адамның билігінің дәс көтерілетінін көріп тұрды. Сол замандардағы, істерін үлгі етуге келмейтін кітапшылар мен парызшылар жайлы әңгімелер Киелі Жазбада келер ұрпаққа насихат етіліп қалдырылған.

Рим католиктік шіркеуі Киелі Жазбаны талқылауға дін қызметкерлерінің ғана құқығы бар деп есептейді. Реформация Киелі Кітапты барша халықтың қолына ұстатқанымен, Римнің барлығына мойындатқан ұстанымдары бойынша басқалары да, сол секілді протестант шіркеулері де адамдарға Киелі Кітапты өз бетінше зерттеуге кедергі жасайды. Олардың айтуынша шіркеу Киелі Жазбаны қалай талқыласа, халық оны солай қабылдауы керек. Мыңдаған адамдардың шіркеудің доктриналарына қарама-қайшы келетін ақиқатты қабылдауға батылдары бармайды.

Киелі Жазбадағы жазылған анық ақиқаттарға қарамастан көпшілік жандар діндарлардың сөздерін мүлтіксіз қабылдайды. Кейбіреулер Құтқарушының сөздеріне көңіл де аудармайды, сол діни қызметкерлер не айтса, соған сене береді. Сол қызметкерлердің өздерін күнәсіз деп кім айта алады? Олардың таратып жатқан ілімдерін Киелі Жазу құптамаса, қалайша оларға сенуге болады? Құдай сызған ақиқат жолымен жүру үшін де адамға ерлік керек. Киелі Жазуды өз бетімен зерттеуге ерінетіндер, жалған ілімнің құрбаны болып қала береді. Кейбіреулер ақиқатты Киелі Кітаптан ғана табуға болатынын жақсы біледі, соған қарамастан оны ашық оқуға зауқылары соқпайды. Осылайша көздері ашық болғанымен, көкіректері соқыр болған жандар өз құтқарылуларына өздері немқұрайды қарайды, яғни тағдырларын дін қызметкерлерінің негізсіз нанымдарының, сенімсіздіктерінің, менменшілдіктерінің жолына құрбандық етіп тартады.

Албастының адамдарды құл қылып ұстайтын тәсілдері өте көп. Мәсіхтің айқыш ағашының жаулары болып табылатын адамдармен сыбайластықтың мықты түйіндерін пайдаланып шайтан мыңдаған халықтың жүрегін жаулап алады. Бұл үйреншікті қарым - қатынастардың мінездемелері әр түрлі болуы мүмкін. Атап айтатын болсақ, ата - аналар мен балалар, жұбайлар, туысқандар, дос - жа - рандар немесе әлеуметтік қарым-қатынастар. Қалай болған күнде де нәтиже біреу-ақ. Ақиқаттың жаулары қарамақтарына түскен адамдардың арына қысым жасап, олардың ақиқатты жақтауға, міндеттеріне жауапкершілікпен қарауға батылы жетпей қалады.

Ақиқат пен Құдайдың даңқы бір-бірінен ажырамайтын ұғымдар. Біз - адамдар, қате жолда жүріп Алланы мадақтай алмаймыз. «Неменеге сенетінің маңызды емес, дұрыс өмір етсең болғаны» дейді біреулер. Олай айту қате. Өйткені сенім (иман) ғана адамның өмірін қалыпқа түсіріп отырады. Егер ақиқат бізге беріліп тұрса, ал біз одан өз еркімізбен бас тартсақ, онда түнекте жүргенімізді қалайтын болғанымыз.

«Кейбір жолдар адамға түзу болып көрінеді, бірақ оның соңы өлімге әкеліп тірейді» (Нқл. 16:25). Құдайдың еркін тануға мүмкіндік беріліп тұрғанда адасушылық пен күнәні түсінбеушілік деп ақтауға болмайды. Жолаушы келе жатып жол айырығына келіп тірелгенде, қай жол қайда апаратыны жайлы көрсеткіш нұсқап бағыт беріп тұрады. Оған көңіл аудармай, дұрысы осы деп жолды езі таңдаған жолаушы адасады, бірақ шынайы болғандығынан қате жолға түскенін байқауы мүмкін.

Құдай, Оның ілімін зерттеп, талаптарын білу үшін бізге Өзінің Сөзін берді. Бірде кітап адамы Исаға келіп: «Мәңгілік өмірге ие болу үшін не істеуім керек» - деп, Оған сұрақ койғанда, Иса сола адамға: «Құдай заңында қалай жазылған?, Қалай окисың? - деп айта отыра, оның назарын Киелі Жазбаға аударған. Білімсіздік жас болсын, кәрі болсын ешкімге де кешірілмейді және Құдай заңын бұзғандар жазасыз қалмайды. Өйткені олардың қолдарында сол заңның сенімді куәлігі бар. Пиғылыңның таза болғаны, осы жақсылық деп қандайда бір іс-шаралар жасау немесе діни жетекшің әділетті деп есептейтін істерді істеу жеткіліксіз. Адам өз тағдырына өзі жауапты, сондықтан кез келген адам Жазбаны жеке басы зерттеуі керек. Діни қызметкер ақиқатты жақсы біледі деп, соған қатты иланғанымен - мұның бәрі оның иманының негізін құрай алмайды. Адамның сенімінің негізі болжамдар мен жорамалдардан құралуға тиісті емес. Оның қолында көкке бағытталған саяхатының картасы бар және сол картада оның жүріп өтетін жолы белгіленген. Кез келген адамның өмірінің ережесі болып табылатын Киелі Жазбаны зерттеуге

мүмкіндігі бола тұра, оны керек қылмай өз бетімен өмір сүрсе, кейін сол немқұрайдылығы үшін қатты өкінетін болады.

Адам баласының бұл өмірдегі ең басты міндеті Құдай сөзін зерттеу, ақиқатты танып біліп, оны басқа жандарға жеткізу. Біз мәтіндерді салыстыра отыра, ойымызды сараптай отыра Киелі Кітапты мұқият зерттеуіміз керек. Құдай алдында әркім өзі үшін жауап беретін болғандықтан, Алланың көмегімен біздер жеке пікірімізді қалыптастыра білуіміз керек.

Өздерін данышпанбыз деп есептейтін ғалымдар Киелі Жазудың ақиқат екеніне күмән келтіртіп, оны адам баласына түсініксіз, сиқырлы, рухани, құпия мағынаға толы деп шығарып қояды. Бұлар жалған мұғалімдер. «Құдайдың күшін де, Өзін де, сөзін де білмей адасып жүргендерсіңдер» - деген Исаның сөзі осыларға арналған (Марқа 12:24).

Киелі Жазбаның астарлап айтылған және рәміздер арқылы берілген жерлерінен басқа жерлерінің барлығын қалай айтылса, солай ұғу керек.

«Құдайдың еркін орындағысы келген адам, Оның ілімін ұға алады» (Жох. 7:17)деп уәде берген Мәсіх. Егер Киелі Жазбаны бұрмалап талқылайтын жалған мұғалімдер болмағанда, қазіргі кезде түнекте жүрген мыңдаған жандар, періштелерді куантып, Құдай жолына ендігі түскен болар еді.

Біздің ең негізгі мақсатымыз Киелі Жазбаны терең түрде зерттеу және санамыздың бар күшін соған жұмсауымыз қажет. Біз Құдайдың пиғылы мен ойын терең ұғуға ұмтылуымыз керек және ол кез келген ажалды адамға қолжетімді, сонымен қоса шынайы шәкірттіктің бірінші белгісі Алланың сөзіне балаша сену және карапайымдылық екенін ұмытпау. Киелі Жазбаны зерттеу алдында, адам менменшіл мінезін көміп, Құдайға тәуелді екенін толық сезінуі керек, онан соң бар ниетімен дұрыс тілек тілеп, ақиқаттың ашылуын Алладан тілеуі керек. Егерде ол шындықты шөл далада келе жатып бір ұрттам суды аңсағандай іздейтін болса, Алланың ақиқатының бұлағынан сусындайтын болады. Болмаған жағдайда зұлым періштелер жүректеріміздің есігін тарс жауып, санамызды уландырып, ақиқат бізді ештеңеге де сендіре алмайды. Қысқасында ақиқатты түсінбейміз, сондықтан да ол бізге шындық болып саналмайды.

Киелі Жазбаның ғалымдардың өздеріне құпия немесе мәңгісіз болып көрінетін жерлері көп. Бірақ Мәсіхтің мектебінде оқитын шәкірттерге Киелі Кітаптың маңызсыз жерлері жоқ. Кептеген дін зерттеушілер Киелі Жазбаны шала-шұршы зерттейді. Себебі олар кейбір ақиқаттардың бағытымен жүргізі келмейді, сол себепті оны байқамаған болып қоя салады. Алланың сөзін түсіну адамның

ақылының тереңдігіне, парасаттылығына ғана байланысты емес, бұл айтылған қасиеттер жеткіліксіз, ол үшін адамның пиғылы түзу болуы керек және міндетті түрде табандылық танытқан жен. Дұғасыз Киелі Кітапты зерттеуге болмайды. Өйткені Киелі Рух қана оны түсінуге көмектеседі және де санамыз қаншалықты сиғыза алса, соншалықты береді. Санамыз игере алмайтын жағына тосқауыш қояды. Көктегі періштелер болса Киелі Жазудағы сұлу шындықтың жүрегімізге нәр, жанымызға әл болуын қамтамасыз етеді. Пайғамбардың: «Көзімді ашып, Сенің заңыңның тамаша екенін көрсетші маған» (Жыр. 118:18) деген дұғасы, біздің де дұғамызға айналуы керек. Кейде адам дұғаға немқұрайды қарағандықтан албастыға тойтарыс беруге шамасы келмей қалады. Ал Алланың дегенін екі етпей орындап, Оның сөзіне мұқият ден қоятындарға қиын қыстау замандар келгенде қажетті аяндарды періштелер естеріне салады. «Жау езендей болып ағылса да, Алланың лебі оларды дереу тоқтатады» (Ишайа 59:19).

«Жұбатұшы - Киелі Рух келіп, Менің айтқанымның барлығын сендердің естеріңе салады» (Жох. 14:26) деп уәде еткен болатын Иса Мәсіх. Киелі Рух кезі келгенде ақиқатты біздің есімізге салу үшін, оны біз оқуымыз және білуіміз керек. Білмеген нәрсені еске түсіру мүмкін бе? «Сенің алдында күнә жасамас үшін, Сөзіңді жүрегімде сақтадым» деген болатын Дәуіт пайғамбар (Жыр. 118:11).

Мөңгілік жайлы ойлайтын жандар күмөндану дегенді жүректеріне жақындатпауы керек. Болашақта ақиқатқа шабуыл жасалатын замандар келеді. Қазіргі заманның мазағынан, зиянды ілімдерінен, жалған даналықтарынан қашып құтыла алмаймыз. Әрбір пенде сынақтан өтетін болады. Албасты білімі шамалыларды қисынсыз, ойдан шығарылған сандыраққа сендіреді, ал білімі жоғарыларға неше түрлі философиялық теорияларды ұсынады. Мұның қайсысы болса да Құдай сезіне деген сенімсіздікке немесе немқұрайдылыққа әкеліп тірейді. Ешқандай тәжірибесі жоқ жастардың өздері мәсіхшіліктің негізгі ұстанымдарына күмән келтіруге құқылымыз деп есептейді. Олардың мұндай мінездерін неше жерден сыпайы түрде «аңқаулық» деп атағанмен, осындай негізсіз ойларының өзі жанындағыларға жаман ықпалын тигізеді. Осылайша көпшілік жандар бабаларының сенімдерін мысқылдап, Игілік Рухын тілдейді (Евр. 10:29). Әлемге қаншама пайдасын тигізіп, Алланы мадақтауға қабілеті жетіп тұрған мыңдаған жандар, бүгінде құдайсыздықтың бүлінген лебімен уланған. Өзіміздің ақылымызбен - ақ ақиқатты игеріп, Құдайдың құпиясына жете аламыз дейтіндер, албастының торына түсіп сорлайды.

Біз ақыр тақап, жердің тарихы аяқталайын деп тұрған жауапты кезде өмір сүріп жатырмыз. Жер тұрғындарының тағдырларының

шешілетін сөті тақап қалды. Біздің өзіміздің де, бізді қоршаған ортаның да құтқарылуы қалауымызға тікелей байланысты. Біз үшін Киелі Рухтың өзімізді жетелеуі өте қажет. Мәсіхтің ізбасарларының әр қайсысы ежелгі кездегі шынайы мәсіхшілердей: «О Алла! Маған не бұйырасың?» деп тұруға тиісті. Біз ораза ұстап, салауат айтып, дұға оқып Құдайдың еркіне көнуіміз керек және Оның сезін зерттеп, ақырдың күні жайлы көп ойланғанымыз дұрыс болады. Бір минут уақытты бос жіберуге болмайды. Біздер албасты сиқырлап қойған планетада өмір сүріп жатырмыз. Ояныңдар! Өйткені жау алыста емес, ол «кімді жалмасам екен» деп, жақын жүр. Шаршап ұйықтап кетсеңдер болғаны, бірден оның жемтігі боласыңдар.

Кей адамдар «ешқандай зұлымдық жасап жатқан жоқпыз, тақуа болуға соның өзі жеткілікті» деп есептейді. Жеткілікті емес. Біз Құдайдың бакшасында өсетін жай ағаштар емес, керемет жемістер әкелетін ағаштар болуымыз керек. Тәңір Ие, игілік Рухының жетелеуімен, қолдарынан келіп тұрған істі істемегеңдері үшін адамдар жауапты - деп есептейді. Көктегі кітаптарда ондай жандар жемісін бермейтін ағаштармен салыстырылады. Дегенмен жемісін бермейтін ағаштарға ұқсас адамдардың өздерінің өлі де болса уақыты бар. Алла оларға былай дейді: «Ұйқыдағылар ояныңдар, тіріліңдер! Мәсіх сендерді қайтадан нұрландырады. Бірақ байқаулы болыңдар, уақыттарыңды бағалаңдар, өйткені күндер алдамшы» (Еф. 5:14-16). Сынақ мезгілі жеткен кезде, Құдай сөзін өмірлеріне ереже еткендер бірден байқалады. Жаздың күні жай ағаштар мен мәңгі жасыл ағаштардың түсі бірдей болады. Бірақ қылышын сүйретіп қыс келгенде айырмашылығы айқын керініп тұрады. Мәңгі жасыл ағаштар түсін өзгертпейді, ал қалғандары жапырақтарынан айрылып, жалаңаштанып қалады. Дәл сол секілді қазіргі күні шынайы мәсіхшілік пен жасанды мәсіхшілікті ажырату қиын. Десе де олардың айырмашылығы анықталатын мезгіл келеді. Шайқас басталсымен фанатизм мен діни шыдамдылық өздерін көрсетеді, қуғын-сүргіннің отылап еткенде шала мәсіхшілер теңселіске ұшырап, өз сенімдерінен бас тартады. Тек шынайы мәсіхшілер ғана тас секілді, қозғалмайды, мықты тұрады және имандары беки, үміттері жарқырай түседі.

«Сенің аяндарың жайлы көп ойланамын» дейді жыршы (Жыр. 118:99). «Сенің бұйрықтарың ақылыма түсіреді, себебі мен өтірікті жек көремін» (Жыр. 118:104). «Даналықты іздейтін адам бақытты». «Ол судың жанына отырғызылған ағаш секілді, ыстықты елемейді, қаңсымайды, жапырақтары жап-жасыл болып, жемісін үнемі беріп тұрады» (Ерм. 17:8).

Құдайдың соңғы ескертуі

Осыдан кейін көктен төмен түсіп келе жатқан ерекше періштені көрдім. Оның зор билігі бар болды, салтанатты нұры жердің жүзін жарқыратты. Періште қатты дауыспен: «Ол құлады! Ұлы Бабыл құлады! Ол жындардың ордасы, неше түрлі арам рухтардың ұясы болды. Бұдан былай арам, жексұрын құстардың барлық түрі оны қоныстанбақ». Көктен былай деген басқа дауысты да естідім: «Одан шық халқым Менің, шық одан! Әйтпесе оның күнәларына араласып, басына түсетін пәлелерін де бөлісесің» (Аян 18:1,2,4).

Бұл Мәтін, аянның 14-тарауы арқылы, Бабылдың құлайтыны жайлы, періштемен хабарланған және 1844-ші жылы алғаш рет шыққан, Бабылды құрайтын әр түрлі шіркеу ұйымдарына кіріп кеткен бұзылғандық туралы қайта ескертілетін уақытқа мезгейді. Осы арада діни әлемнің сорақы күйі суреттеледі. Ақиқаттан бір рет бас тартып үйренген адамдар, бара-бара күнәға белшелерінен батып, өздерінің қалай беріш болыгі, қатып қалғандарын сезбей қалады. Құдайдың ескертулеріне қарамастан олар Алланың заңының бір бабын бұзады, кейін сол бапты орындайтындарды қуғынға ұшыратады. Алланың Сөзін және Оның меншікті халқын жек көретіндер, Мәсіхтің Өзін де жек көреді. Шіркеулер спиритизм жайлы ілімді қабылдағаннан кейін, шектелу дегеннің не екенін білмейтін болады және дін деген олар үшін кесірлерін тасалап тұратын шымылдықпен бірдей болып қалады. Спириттік құбылыстар «жындардың іліміне» есік ашып береді. Шіркеулерге зұлымдықтың періштелері кіріп кеткені байқалады. Аянда суреттелетін Бабыл жайлы былай делінеді: «Оның күнәсі көкке жетіп, өтірігін Құдай есіне алды» (Аян

18:15). «Себебі оның күнәлары көкке жетерліктей көп. Енді Құдай оның әділетсіздіктерін ескеріп соттамақ. Ол заңсыздықтың тостағанын толтырды. Бірақ Бабылдың ішінде Құдайдың көңілінен шығатын жандар да бар. Бабылға Құдайдың қаһары төгілгенше, айтулы жандар одан шығып үлгеруі керек. Бабылдың күнәсін хабарлаған періште ретінде рәмізделген қозғалыс сол кезде пайда болды. «Шық одан халқым Менің» деген ұран осы хабармен байланысты. Бұл ұран үшінші періштенің хабарымен бірге жердің тұрғындарына берілген соңғы ескерту. Дүниенің ақыры масқара болмақ! Жердің билеушілері бірігіп, Құдайдың парызына қарсы шығады. Сөйтіп қараны да, төрені де, байды да, кедейді де, азаттықтағыларды да, құлдарды да (Аян 13:16) шіркеудің дәстүрлерін орындап, жалған сенбіні сақтауға күштейді. Одан бас тартатындар қатты жазаланады, соңында оларға өлім жазасы кесіледі. Ал Құдай заңы оның барлық баптарының орындалуын талап етеді, бұған бағынбайтындар Алланың қаһарына ұшырайды.

Осыны біле тұра Құдайдың заңын орындамай, адамның заңын орындайтындар, хайуанның белгісін қабылдағандары. Бұл белгі олардың қай билікті сыйлайтындарын көрсетеді.

Көктен шығып тұрған хабар: «Айуан мен оның мүсініне құлшылық етіп, маңдайына немесе қолына оның таңбасын қабылдаған әркім де Құдайдың нағыз ашу ызасының «шарабы» құйылған «тостағаннан» ішетін болады (Аян 14:9,10) дейді.

Бірақ Алланың қаһары ақиқатты танып білуге мүмкіндігі бола тұра, одан бас тартқандарға төгіледі. Білмейтіндерге білуге мүмкіндік туылады. Ақиқатты шынай түрде іздейтіндер ол туралы хабарсыз қалмайды. Біздің планетамыздағы барлық жандар ақиқатты білетін болады. Сонан соң әр адам қай жаққа шығу керектігі жайлы саналы түрде шешім қабылдайды.

Кез келген адамның Құдайға деген адалдығы сенбі арқылы тексеріледі, өйткені сенбі ақиқаттың ең басшы таласқа түсіп тұрған сұрағы. Шешуші сәт тақаған кезде Аллаға қызмет ететіндер мен Оның қарсыласына қызмет ететіндердің арасында айқын өзгеріс байқалатын болады. Мемлекеттік заң бойынша жалған сенбі, яғни жексенбіні сақтайтындар Құдайға қас билікке адал болып қалады. Ал шын сенбіні сақтайтындар Жаратқанға адал болып, шайқас тамамдалғанша ақиқатты қорғайды. Жердің билігіне бағынатындар хайуанның белгісін алады, Құдайға бағынатындар Тәңірдің белгісін алады. Осы уақытқа дейін үш періштенің хабарын уағыздаушыларды әлем байбалам салушылар деп атаған болатын. Америкада діни шыдамсыздық қайта жаңарып, шіркеу мен мемлекет бірігіп,

Құдай заңын орындайтындарды қуғындайды деген хабар негізсіз сандырақ деп жарияланған. Бұл мемлекет діни бостандықтың қорғаушысы, солай болды, үнемі солай болып қалмақ деп батыл түрде арыз тасталған. Дегенмен жексенбі күнінің міндетті түрде тойлануы керектігі жайлы сұрақтар кең түрде талқыланған сайын, күмән келтірілген оқиғалардың ақиқат екені белгілі бола бастады және үшінші періштенің хабарының әсері жақсы байқалуда.

Әрбір ұрпаққа әлем мен шіркеудің күнәларын әшкерелеу үшін Құдай Өзінің құлдарын жұмсаған. Бірақ адамдар өздерінің құлақтарына жағатын ғана хабарды қабылдап үйренген, жақпайтын хабарды жақындатпайды.

Көптеген реформаторлар адамдар мен шіркеудің қателерін көрсету үшін, өте сақтықпен жүріп жұмыс істеген. Халыққа таза ілімді қайтару үшін, оларға өз өмірлерін өнеге етуге тырысқан. Өз заманындағы Ильяс пайғамбар секілді, Құдайдың Киелі Рухымен шабыттанған бұл қызметкерлер халық пен патшаның күнәсін беттеріне ашық айтқан. Әрине бас кезінде олар біреуге «мынауың қате» деп айтуға қорқақтаған, кейін алдарында не күтіп тұрғандарына қарамастан, жұртың басына төніп тұрған қауіпті қорықпастан тіке айтатын болған. Ақиқаттың ержүрек қарлығаштары Құдай ауыздарына не салса, соны батыл түрде уағыздаған, ал халық болса оларды тыңдауға мәжбүр болған. Үш періштелік хабар да осылай уағыздалатын болады. Бұл қасиетті іспен арнайы білімі барлар емес, Киелі Рухпен белгіленгендер айналысады. Олар Құдайдың ауыздарына салғанын жұртқа хабарлайды. Бабылдың күнәсі өшкереленеді. Шіркеудің мемлекет билігін пайдаланып жұртқа салмақтаған қаулыларының нәтижесі, спиритизмнің енуі, папалықтың білінбей, бірақ жедел түрде таралуы - осының барлығы айқындалады (әшкереленеді) және де бұл мыңдаған халықты толғандырады. Олар Бабылдың күнәнің нәтижесінде ақиқаттан шегініп кеткен шіркеу екенін білетін болады. Жұрт өздерін оқытқан діни ұстаздарынан: «Осы рас па?» деп сұрайды, сонда олар адамдардың ар-ұжданын тыныштандыру үшін неше түрлі өтірікті құрастырып айта бастайды. Дегенмен оған қанағаттанбаған халық олардан «Құдай осылай - дейді» мысты ашық дәлелдемелерді талап етеді. Сонда бұл қызметкерлер бір кездердегі парызшылар секілді сөздеріне күмәнданған халыққа қатты назаланады. Сөйтіп Құдайдың хабарын албастының хабары деп жариялайды. Сонан соң олар Құдайдың хабарын уағыздаушыларға зұлымдыққа дайын тұратын надан тобырды айдап салады. Шайқас үдеген сайын аяқ асты болған Құдай заңы туралы ойланатындардың саны көбейеді, дегенмен албасты да уақытын бекер өткізбейді. Ізгі хабарды сүймейтіндер

қаһарына кіреді. Діндарлар халықтан жарықты жасырып қалу үшін адам баласының күшінен жоғары күш жұмсайды. Олар бұл маңызды сұрақтарды тұншықтырып тастауға тырысады. Шіркеу мемлекеттен көмек сұрап, папалықтар протестанттармен бірігіп алып ақиқатқа қарсы шабуылға шығады. Жексенбі күнінің міндетті түрде сақталуы заң бойынша күшіне енгенде, Алланың парызын орындайтындарға қарудың күші қолданылады. Ақиқаттың қарлығаштарының, имандарынан бас тартқызу үшін неше түрлі тәсілдермен бастарын айналдырады. Біреулерін айып пұлмен, енді біреулерін түрмемен қорқытады. Біреулеріне жоғары орындар, біреулеріне ақшадай сыйлықтар ұсынылады. Бірақ олар айтқандарынан қайтпайды. «Құдайдың сөзі арқылы біздің дұрыс жолда емес екенімізді дәлелдеп беріңдер, сонда біз сендердің дегендеріңе көнейік» деп тұрып алады. Кезінде Мартин Лютер де жауларына дәл осылай айтқан болатын. Сотқа түскендер ақиқатты тамаша түрде қорғап беретіндері соншалықты, сол жерде отырғандардың бұл сөздерді бұрын естімегендері, ендігі жерде Құдай заңын орындап отыруға белдерін буады. Осылайша басқаша жағдайларда ашылмай калуы мүмкін болған ақиқат, енді мыңдаған халықтың жүрегінен орын алады.

Сол уақыттарда Құдай сөзіне саналы түрде бағыну - бүлік деп бағаланады. Албастының азғыруына түскен ата-аналар сенімде жүрген балаларына қатыгездік жасайды. Иелері Құдай заңын орындайтын қызметкерлерін қыспаққа алады. Бауырмалдық жаттыққа айналып, балалар еншісінен құр қалады. Елші Пауылдың: «Мәсіх Исамен жүріп, Құдайға ұнамды өмір сүргісі келетіндердің барлығы қуғынға ұшырайтын болады» деген сөздері тура орындалады (2Тім. 3:12). Біреулері қамауға алынып, біреулері жер айдалып, енді біреулері құлдарға айналады. Қазіргі кездегі, өздерінше салауатты өмір сүріп жатқан адамдардың көз қарасы бойынша бұлай болуы мүмкін емес секілді, бірақ зұлымдықты тежеп тұрған Киелі Рухтың күші адамдарды тастап кеткен кезде, жер әзәзілдің қолына емін еркін тиіп, кеп нәрсе өзгертін болады. Құдайдан қорықпайтын, Оны жақсы көрмейтін адамдар қатыгез жауыздарға айналады. Дауыл тақаған кезде үш періштелік хабарды естіп оған сенген, десе де Аллаға бағынып үйренбеген, Оның нұрына бөленбеген жандар ақиқаттан бас тартып, жауыздардың қатарын толтырады. Олар мына әлемнің әділетсіздерінің қатарына қосылып, жеңіл жолды тандауға дайын тұрады. Кезінде өте дарынды болып ақиқатты қоштап оған қуанған жандар, енді бар күштерін салып басқаларды алдап, түзу жолдан тайдыруға тырысады. Олар ездерінің бұрынғы бауырларының қас жауына айналады. Сенбі үшін айыпталған жандар сотқа тартылғанда, жоғарыда

сез болған жандар албастының серіктестеріне айналып, тақуаларға неше түрлі жала жабатын болады. Олар өздерінің жорамалдарымен, астыртын хабарларымен билік басында отырғандарды өздерінің бұрынғы бауырларына айдап салады.

Осы қатыгез қуғын сүргін кезінде Құдайдың қызметкерлерінің сенімдері сынаққа түседі. Бұл Құдайдың күшімен қаруланған адал қызметкерлер алдарында не күтіп тұрғандарына қарамастан, қасиетті ынталықпен Құдай сөзін халыққа уағыздайтын болады. Олар өз мүдделері жайлы, абырой атақтары жайлы, тіпті өмірлері жайлы ойламайды. Басты мақсаттары Алланың парызын орындау, Оның сөздерін халыққа жеткізу деп біледі. Бірақ қатты дауыл келіп оларды шыр айналдырған кезде, іштеріндегі кейбіреулері «осылай боларын білсек, тірі пендеге бір ауыз сөз де айтпайтын едік» деп қатты қиналады. Қиыншылықтың бітетін сыңайы жоқ сияқты, оның үстіне бастаған істерін аяқтауға әлдері жетпейтін секілді болып көрінеді. Өлім қаупі төніп тұр. Алғашқы жігерлерінің ізі де қалмаған, бірақ олар кері қайта алмайды. Тым әлсіреп кеткен бейшаралар осы сәтте Жаратқаннан көмек сұрайды. Содан кейін бұл жандар айтқан сөздерінің өздеріне тиесілі емес, Алланың бұйрығы бойынша сөйлегендерін естеріне алады. Құдай олардың жүректеріне ақиқатты салды, сондықтан олар сөйлемей тұра алмады.

Өткен замандарда да Құдайдың сенімді азаматтары осындай сынақтан өткен болатын. Уиклиф, Гус, Лютер, Тындаль, Бакстер, Уэсли барлық ілімдердің Құдай сөзімен тексерілуін талап еткен және Киелі Жазбаға қарама-қайшы келетін кез келген ілімнен бас тартқан. Олар ақиқат үшін қуғындалып, өте қатыгез түрде жазаланған. Соған қарамастан бұл ержүрек азаматтар Құдайдың сезін уағыздауын тоқтатпаған. Шіркеудің тарихының әр кезеңінде, сол кездегі Құдайдың меншікті халқының мүддесіне жауап беретін ақиқат уағыздалған. Әрбір ақиқат жеккөрушілік толқынымен неше түрлі кедсргілерден етіп отырып езіне жол салған, ал сол ақиқаттарды таратушылар қатыгез сынаққа түскен. Ең керекті, қаймығып тұрған сәттерде Алла Өз халқына ерекше ақиқатты сыйға тартқан. Оны уағыздамауға кімнің дәті жетеді? Құдай Өзінің сенімді қызметкерлері арқылы әлемге соңғы рет ескерту беріп тұр. Олар сөйлемей тұра алмайды, өйткені киелі міндеттерін орындаулары керек, соңын Алладан күтеді.

Қарсыласу ең жоғарғы нүктесіне жеткен кезде, Құдайдың құлдары «дағдарыс шынымен біздің қырсығымыздан болды ма екен?» деп сасқалақтайды. Бірақ олардың ар - ұжданы мен Құдай Сөзі істеген істерінің дұрыс болғанына көздерін жеткізеді. Сынақ әрі қарай

жалғасқанымен, олар енді бұған шыдап бағады. Шайқас күшейген сайын, олардың сенімдері де арта түседі. «Біздер әлемге жағыну үшін Құдай заңының жартысы дұрыс, жартысы бұрыс деп айта алмаймыз» деген куәлік береді. «Алла бізді құтқарады. Мәсіх жердің күштерін жеңген, сондықтан біз ештеңеден де қорықпаймыз» деп ашық жариялайды.

Қуғын-сүргін қандай қалыпта болса да, бұл ұстанымдардың дамуы және де ол жер бетінде албасты барында, сол секілді мәсіхшілік жанды күшке ие болып тұрған кезде әрі қарай бола береді, жалғаса береді. Бірде бір адам қара күштің иесін қарсыластырмай Құдайға қызмет ете алмайды. Зұлым періштелер ондай адамға зиянын тигізбей қоймайды. Ал зұлым адамдар болса, зұлым періштелерге қосылып бұл адамдарды Құдайдан алыстатуға тырысып бағады, ал айласы жетпеген жерлерге міндетті түрде күштерін салады.

Иса адамдардың Ізденушісі, Арашашысы ретінде көктегі қасиетханадағы қызметін атқарып тұрғанда, билеушілер де, халық та Киелі Рухтың зұлымдықты тоқтатып тұрған күшін сезінеді. Кейбір дәрежеде ол жердің заңдарынан да байқалады. Егер бұл заңдар болмағанда бар әлем жыларман күйде болған болар еді. Билеушілердің көпшілігі албастының серіктестері болғанымен, өр халықтың қолбасшыларының ішінде Алланың қызметкерлері де бар. Жау әзәзілдің итермелеуімен Құдай ісіне кедергі жасап баққанымен, Алланы құрметтейтін мемлекеттік қызметкерлер періштелердің көмегімен жаудың ісін болдыртпайтын қатесіз тәсілдерді табады. Осылайша ақиқатты қорғаушы аздаған адамдар зұлымдықтың тасқынын тоқтатып тұр. Үш періштелік хабар өз ісін аяқтап болғанша албастының серіктестерінің күші тоқтатыла тұрады. Ақиқаттың қарлығаштары жариялап жатқан соңғы ескерту әзіне көптеген халық кәсемдерінің көңілін аударарды және солардың кейбіреулері қасірет кезеңі туған кезде Алланың жағына шығатын болады. ҮШШШШІ періштенің хабарының уағыздалуына қосылатын періште өзінің даңқымен жер бетін нұрландыруға тиісті. Бұл аян орасан зор күшпен бар өлемді қамтитын жұмыстың жүргізілетінін білдіреді. 1840-1844-ші жылдардағы адвентистік қозғалыс Алланың күшін әлемге байқатқан болатын. Бірінші періштенің хабары дүние жүзіне уағыздалды, сол кездерде кейбір мемлекеттерде, XVI - ғасырдағы Реформация кезінен басқа еш уақытта болып көрмеген, дінге деген қызығушылық пайда болды. Десе де үшінші періштенің соңғы ескертуімен пайда болатын қозғалыс реформациядан бірнеше есе асып түседі. Бұл жұмыс Елулік күніндегі жұмысқа ұқсас келеді. Ізгі хабардың таралуының бас кезінде егілген дәндердің шығуы үшін Киелі Рух берілген кезде

төгілген «ерте жаңбыр» секілді, соңғы уақытта егін пісіп жетілген кезде «соңғы жаңбыр» төгілетін болады.

Сонымен ағайын! Жаратушы Құдай Иемізді танып білуге ұмтылайық! Оның келуі таң шуағына ұқсас болмақ. Қурап қалған жер бетін сусындататын соңғы нөсердей болып, біздің жүдеп қалған планетамызға Ұлы Құдай келеді (Ош. 6:3). «Соңғы күндері Рухымнан халқыма беретін боламын». «Алланың атын атап шақырған кез келген пенде құтқарылады» - (Жое. 2:23; Елш. 2:17,21) дейді Құтқарушы. Ізгі хабардың уағыздалуы аяқталатын кезде, ол басталған кезде Құдайдың күші халқына қалай берілсе, соңында да солай беріледі. «Ерте жаңбырдың» төгілуі кезінде орындалған аяндар, «соңғы жаңбырдың» төгілуі кезінде қайталанатын. Бұл қуаныш мезгілі. Елші Петірдің күткен сөті: «Сонымен теріс жолдан қайтыңдар! Сонда Құдай Ие күнәларыңды кешіріп, Одан сендерге қуанышты күндер келеді және Ол сендерге алдын ала тағайындалған Билеуші Исаны жібереді» (Елш. 3:19,20).

Құдайдың қызметкерлері көктен түскен хабарды жердің түкпір түкпіріне тез жеткізуге тырысады. Бұл ескертуді мыңдаған дауыстар жариялайды. Неше түрлі керемет оқиғалар болады, ауыратын адамдар сауығып кетеді, сенетіндер көптеген табиғидан жоғары жағдайлардың куәсі болады. Бірақ албасты да қарап тұрмайды, жалған кереметтер көрсетеді, адамдардың көз алдында аспаннан жерге от түсіреді (Аян 13:13). Осы сәтте жердің тұрғындары шешім қабылдауға тиісті болады. Бұл хабар дәлелдеуден гөрі, Киелі Рухтың сендіруімен тарайтын болады. Дәлелдемелер берілген. Дән отырғызылды, енді оның өсіп жемісін беретін кезі жетті. Таралған Ізгі хабар өз ісін істеді, дегенмен ақиқатты таныған көпшілік жандарға оны қабылдауға бір нәрсе кедергі болды. Ал ендігі жерде ақиқаттың сәуелері барлық жерлерге таралуда, шындық анықталып тұр. Құдайдың балалары оларды буып тастаған шынжырларды үзіп, босанып шығады. Жанұя қатынастары, шіркеу алдындағы міндеттер, тағы да басқадай кедергілер - ештеңе де оларды енді тоқтата алмайды. Олар үшін ақиқат бәрінен де қымбат болады. Шындықтың карсыластарының біріккен күшіне қарамастан, Құдайдың жағына шығатындар аз болмайды.

Үш періштелік хабар - Ашық кітап 14:6,7.

Бұл өлеңдер бірінші періштенің хабарын баяндайды. Сонан соң пайғамбар сөзін жалғастырып: «Басқа періште оған ілесіп: құлады, құлады Бабыл...Алдындағы екі періштеге үшіншісі ерді» - дейді. «Соңынан ерді» деген сөз «бірге жүрді» деген мағынаны білдіреді.

Лиделли Скоттың айтуынша: «біріншінің соңынан іле жүру, бірге жүрумен бірдей». Марка пайғамбар да дәл солай айтады. Марқа (5:24): «Иса онымен бірге жүрді, Оның соңынан көптеген халық ерді және Оны қыспақтады (маңайында кеп адам болды). Дәл осы сөзді біз аянның (14:4) жолдарынан кездестіреміз. Бұл екі мәтінде бір ой ұсынылған - «бірге жүру немесе қоса жүру» 1Қор.10:4-тен де осыны оқимыз. Ағылшын тілінде бұл жолдар былай оқылады: «Олар өздерімен қоса жүрген рухани Жартастан сусындады». Сонымен аянның 14:8,9-шы жолдарындағы негізгі ой - екінші періштенің бірінші періштенің соңынан жүргенін, үшіншіні періштенің екіншінің періштенің соңынан жүргенін, яғни олардың бірге жүргенін тұжырымдайды. Үш періштенің хабары - бір тұтас хабар. Бірінші, екінші, үшінші деп белгіленуі, айтулы хабарлардың пайда болу ретін көрсетеді. Бірақ бұл хабарлар бөлек-бөлек емес, «бірге жүреді». Бұл енгізу қосымшама түсініктеме үшін берілген.

Е. Уайттың осы сұрақ маңайындағы түсініктемелерінен алынған.

Баспашылар.

Қасірет мезгілі

Сол күндері сенің халқыңның балаларын қолдап тұрған ұлы Ханзада Михайл шығады, адам баласы жаратылғаннан бері болып көрмеген қиын замандар келеді, бірақ өмір кітабында есімі жазылып қойылғандардың барлығы құтқарылатын болады (Дан. 12:1).

Үшінші періштенің хабары уағыздалып болғаннан кейін, Құдайдың мейірімі жердің тұрғындарын өз еркіне қалдырады. Құдай халқы өз ісін аяқтап «соңғы жаңбырды», «Алланың берген қуанышын» қабылдап, алдағы келе жатқан сынаққа дайын тұр. Періштелер жан жаққа асығуда. Жер бетінен қайтып оралған періште, өз ісінің аяқталғаны жайлы хабар береді және Құдайға адал болып қалғандардың Жаратқанның таңбасын алғанын айтып жеткізеді. Сол сәтте Иса Өзінің көктегі қасиетханадағы арашашы қызметін аяқтайды. Ол екі қолын жоғары көтеріп, қатты дауыспен «Орындалды» деп хабарлайды. Оның: «Әділетсіздер әділетсіз істерін жалғастырып, арамдар арамдықтарын жасай берсін, ал әділдер әділеттілік жасап, қасиеттілер қасиеттілене берсін» деген салтанатты арызынан кейін көктегі сарбаздар бастарындағы тәждерін шешеді (Аян 22:11). Осы кезде әр адамның тағдыры шешілетін болады. Мәсіх татуластыру ісін аяқтап, Өзінің меншікті халқының күнәларын тегістеп тастайды. Мәсіхтің азаматтарының саны көбееді, Иса олардың патшасы болып, олар Исаның халқы болады.

Мәсіх қасиетханадан шыққаннан кейін, жер беті түнекке шомады. Осы масқара заманда тақуалар қасиетті Құдайдың алдында аратұсушісіз өмір сүрулеріне тура келеді. Албасты шексіз билікке ие болып, зұлымдарды ешкім тоқтатпайтын болады. Құдайдың

шыдамы таусылады. Әлем оның заңын аяқ асты етіп, Өзін жек көріп, Оның мейірімін қабылдамаған болатын. Сондықтан әділетсіздер үшін мейірім мезгілі өте шығады. Үнемі қарсылық білдіргендіктен Құдайдың Рухы оларды тастап кетеді. Алланың мейірімінен жұрдай болған бұл бейшаралар зұлым жаудың қарамағында қалады. Сонда албасты жердің тұрғындарын соңғы рет зор қасіретке шалықтырады. Періштелер адамзаттың құмарлығының тізгінін босатсымен, жаула-сушылық апаты қоздана түседі. Бар әлем сұмдық жазаға тартылады.

Мысырдың барлық тұңғыштарының кезін жойған бір ғана періште жердің бетін зар илеткен болатын. Дәуіт пайғамбар халыққа санақ жүргізіп, Құдай алдында күнәға батқанда, жазалаушы періште келіп барлығын жайпап кеткен еді. Құдайдың әмірімен киелі періштелер келіп әділетсіздерді қырып салған. Құдай Өзінің әлемді қорғап тұрған қолын тартып алғанда, жындар да дәл солай істейтін болады. Олар сәті түскенде жерді бос қалдырмақшы болып, өз уақыттарын тосып отыр.

Құдай заңын орындаушыларға әлем «жерге қасірет әкелушілер» деп қараған болатын. Енді ол қайғы, уайым, апат, соғыс, жанжал, жауласушылық, өш алу, қантөгіс сияқты жаман жағдайлардың барлығын солардың есебіне жазады. Соңғы ескертуді жетелеп тұрған күш құдайсыздарды қаһарына енгізеді, сөйтіп олар осы хабарды қабылдағандардың барлығына қарсы шығады, ал албасты болса өшпенділіктің отын одан сайын қоздыра түседі.

Кезінде Құдайдың болған жерінің босап қалғанын, яғни Оның яхудейлерді тастап кеткенін білмеген дін қызметкерлері, күнәға батпақтап батып отырғандарына қарамастан, ездерін Құдайдың қалаулы халқымыз деп есептегендерін қоймаған. Баяғысынша Құдайға қызмет етіліп, құрбан шалынып, Алланың Рухани Ұлының қанын төккен халыққа бата сұралып, сонымен қоса Исаның шәкірттерінің өміріне шабуыл жасалып отырған. Дәл сол секілді қасиетханада шешім қабылданып, әлемнің тағдыры шешіліп қойылғанын жер бетіндегі жандар білмейтін болады. Киелі Рухсыз қалдырылған халық діни салт-дәстүрлерін жалғастырып, Құдайға қызғанышпен қызмет еткен болып жатады.

Барлық мәсіхшілер әлемінде сенбі күнінің төңірегінде талас пайда болғандықтан, діни билікпен мемлекеттік билік бірігіп, барлығынан жексенбі күнінің сақталуын талап етіп, жұртқа оны таңып қояды. Ондай бұйрықтан бас тартқан аздаған топты көпшілік жек көріп, оларды қуғындайды. Сонан соң барша халық бүлік пен заңсыздыққа батқанша, аздаған тобырдың көзі жойылуы керек деген шешім қабылданады. Он сегіз ғасыр бұрын Мәсіх Исаға осыған ұқсас кінә тағылып:

«Бір бүтін ұлт өлгенше, бір бүлікші өлсін» деген шешім қабылданған болатын (Жақ. 11:50). Сонда: «Бәрінен де дұрысы осы болар» деген еді Каиафа. Енді де шығарылған шешім олардың көңілдеріне қонымды көрінеді. Сөйтіп олар сенбі күні туралы заңды орындайтындарға қарсы қаулы шығарады. Айтулы қаулы бойынша сенбіні сақтаушылар қатаң жазаға тартылуға тиісті болып, анықтаулы уақыттан кейін халық оларды өлім жазасына ұсынуға бостандық алады. Осы дамыған ғасырда сатқын - протестанттар имандыларға, кезінде католиктер Алланың парызын орындаушыларға не істесе, соны істейді.

Құдай халқы Жақып пайғамбарының тартқан азабын тартады. «Бейбітшілік емес, торығу мен қорқыныштың дауысын естіп тұрмыз. Барлығының түрлері бозарып кеткен. Қандай қайғы десеңізші! Бұған ұқсас күн болып көрмеген, бұл - Жақыптың торығу уақыты, бірақ ол одан айығып шығады» (Ерм. 30:5-7) - дейді Шексіз Алла.

Түнімен қасірет шегіп, бауырының ғаһарынан оны қорғап қалуға Құдайдан тілек тілеп дұға оқып шыққан Жақыптың кері Алланың халқының да басына келеді (Жар.32:24-33). Оның тартқан тақсіретін Құдай халқы да көреді. Әкесінен Есауға тиесілі батаны опасыздық жолмен алған Жақып, ағасының қаһарынан қорқып, алыста жүріп өмір еткен. Кейін Алладан «еліңе қайт» деген бұйрықты алып, әйелдері мен балаларын, қызметшілерін ерітіп, мал мүлкімен туған жеріне бет алады. Орта жолға тақағанда, қарулы жасағын ерітіп оған қарсы ағасы келе жатқаны жайлы хабарды естіп Жақыптың үрейі ұшады. Оны тек қорқыныш ғана емес, ар-ұжданы да қинаған еді. Оның бір кездері жасаған күнәсінің қырсығынан қаншама халық қырылып қалуы мүмкін ғой. Жалғыз ғана үміті - Құдайдың мейіріміне деген сенімі еді. Дұға оның қорғаны болуға тиісті. Ағасының алдында күнәсін жуып шаю және қауіптің басын қайтару үшін ол қолынан келген барлық мүмкіншілікті жасады. Дәл солай Исаның ізбасарлары да қасірет мезгілінің алдында өздерін жанындағыларға дұрыс жағынан көрсетіп, ар-ұжданның бостандығына төніп тұрған қауіптің бетін қайтару үшін бар күштерін салулары керек.

Жақып өзінің камығып тұрғанын ешкімге білдіртпес үшін, жақындарын өзінен алыс аттандырып жіберіп, салауат айтып Құдайдан шын тілек тілеу үшін жалғыз қалып қояды. Ол Алланың алдына бар күнәсін жайып салып, Оның мейірімі үшін Жаратқанға ризашылығын білдіреді. Жапан түзде жалғыз қалған пайғамбар дұғасын жалғастырып, тілек тілеп, Алланың алдында мойынсұнады. Бір мезетте біреу оның иығына қолын қояды. Беймәлім біреуді өлтіруге келген жау екен деп, ол барынша қарсыласып бағады. Таң ата бейтаныс оған табиғидан жоғары күш көрсетеді. Оңайлықпен ешкімге

де беріле қоймайтын мықты адам сол мезгілде сал ауруына ұшырағандай әлсіреп кетті. Жақып езінің қарсыласының кеудесіне басын қойып, өксіп - өксіп жылай берді. Пайғамбар өзінің періштемен күрескенін сонда ғана білді. Қаншама уақыт абыржудан, жанын жегідей жеген ұяттан, күнәдан қасірет шеккен ол, өзінің кешірім алғанына сенімді болғысы келді. Құдайы қонақ кетпекші болып дайындалып еді, Жақып Оның етегіне жабысты. «Жібер Мені, өйткені таң атып келеді» деген Періштенің сезіне қарамастан, бабамыз ұстаған жерінен айрылмай: «Батаңды бермейінше жібермеймін» деп жалынды. Қандай сенім десеңізші! Қандай қажырлық пен жігерлік! Егер Жақыптың сөзінен өзімшіл мақтаншақтық байқалса, сол жерде өліп кете барған болар еді. Бірақ ол өзінің әлсіздігін байқататын күнәкардың жігерлігін көрсетті, сонымен қоса өсиетін сақтайтын Алланың мейіріміне деген сенімін білдіртті. «Ол Періштемен күресті және үстем болды», шынайы сенімімен, талмастай жігерлігімен, таза ықыласымен және Аллаға деген зор сүйіспеншілігімен Жаратқанға жүрегін иген пайғамбар Көктің Ұлылығына ұнамды мінез танытты. (Ош. 12:4). Пайғамбар мойынсұну, тәубасына келу, жанқиярлық мінезімен көктің кеңілінен шықты. Ол бар ниетімен Құдайдың берген уәделеріне сенді, ал шексіз махаббат Иесінің жүрегі бұл зарлы үнді естімей қойған жоқ. Осы жеңістің белгісі ретінде күнәні еске салып тұратын оның бұрынғы аты жеңіске меңзейтін басқа атпен алмастырылды. Енді ол ағасының қаһарынан қорықпады, Алла оның қорғаушысы болды. Ұзақ түн бойғы күресте албасты бабамызды зор кінәлі сезіндіріп, әзін тығырыққа тіреп, көңілін қалдырып, оның Құдайға деген сенімін тартып алғысы келді. Жақып торығуға дейін жетті, бірақ Алланың көмегінсіз өлетінін тағы да жақсы білді. Сондықтан Құдайдан қол үзбей Алланың оны кешіруін бар ниетімен жалбарына отыра сұрай берді. Пайғамбар өзінің мақсатынан бас тартқан жоқ, ұстағанынан айрылмай табанды түрде жалынып, Періштенің батасын алды.

Есауды Жақыпка айдап салғандай әзәзіл қасірет кезінде зұлымдарды Құдайдың меншікті халқына айдап салады. Ол Жақыпты кінәлағандай имандыларды да кінәлайды. Албасты жердің тұрғындарын, өзімнің азаматтарым деп есептейді, бірақ Алланың парызын орындайтын аздаған топ оған бағынбайды. Ұлы өтірікшіге осылардың көзі құрыса жеңісі толық, болатындай көрінеді. Киелі періштелер оларды қорғайды, ендеше олардың күнәлары кешірілгені, бірақ көктегі қасиетханада бұлардың тағдырларының шешіліп қойғанын шайтан әлі білмейді. Әзәзіл бұл халықтың күнәларын есептеп қойған, сондықтан Аллаға айтулы халықты жаман жағынан көрсетіп, олар менімен бірге өлуге тиісті деп талап етеді. Егер Құдай әділетті болса,

албастының көзін жойып, ал күнәкар планетаның басқа тұрғындарын кешіруі мүмкін емес. Бұл жандар менің табысым (жемтігім), сондықтан олар менің қолымнан өлулері керек деп арыз тастайды.

Албасты, Құдайдың меншігіндегі халықты кінәлап тұрғандықтан, Тәңір Ие бұлардың зор сынақтан өтуіне албастыға ерік береді. Имандылардың Құдайға деген сенімдері, үміттері, табандылықтары қатаң сынақтан өтеді. Өткен өмірлеріне көз жүгірткен бұл жандар жақсы істерінің жоқтың қасы екенін байқайды. Олар өздерінің өте әлсіз, түкке тұрғысыз екендерін сезінеді. Албасты оларды неше түрлі жаман ойлармен үрейлендіріп, сенімдерін үзгісі келеді, солайша Құдайға сатқындық жасатам деп үміттенеді. Жаудың қоршауында қалған Құдайдың балаларын торығуға дейін әкеліп тірейтін қуғын-сүргін мен қорқыныш емес, «кешірілмей қалған күнәларымыз бар ма екен?» - деген ой болады. Бұл ой олардың жандарын жегідей жейді. Ондай адамдар Құтқарушының: «Сен Менің азаптарда төзімділік таныту туралы бұйрығымды орындап келгендіктен, Мен де осы дүниенің адамдарын тексеруге арналған, бүкіл жер бетінде болатын азапты сынақ кезінде сені қорғаймын» (Аян 3:10) деген уәдесіне сенімді бола алмайды. Егер олар күнәдан тазарғандарына сенімді болса, ешқандай азап та, өлім де оларды үрейлендіре алмаған болар еді. Егер олар қасиетсіз, яғни ақталуға тұрғысыз болса, онда кесірлері өздерін өлімге қарай тартып, Құдайдың қасиетті Есімі масқараланғаны. Жан жақтан Құдайға қарсы астыртын әрекеттің белгісі байқалады, олар бұл азғындық тезірек аяқталса екен деп тілейді. Бүлік тамамдалсыншы деп Аллаға жалынғандарымен, зұлымдыққа қарсы шығуға жөне оны тоқтатуға өлсіз болғандарына өздерін кінәлі сезініп, қиналады. Егер де олар өмір бойы, үнемі, үздіксіз өздерінің күшін, жігерін, қабілеттерін Алланың жолындағы қызметке жұмсағанда, албасты оларды мұнша қинай алмаған болар еді.

Олар Құдай алдында мойынсұнып, Алла бұрында көптеген күнәларымызды кешірген болатын деп, Оның берген уәделерін естеріне ала бастайды.

«Менімен одақ құрып, Менің қорғауымды сұрай ма? Онда Менімен келісімге тұрсын» (Ишая 27:5). Тілеген тілектеріне дереу жауап келмегенімен, Құдайға нық сенген олар мінәжаттарын ері қарай жалғастырады. «Батаңды бермей жібермеймін» деп Жақып Періштенің етегінен қалай ұстаса, бұлар да Құдайдың білегінен мықтап ұстап жатады.

Егер Жақып жасаған күнәсі үшін алдын ала тәубасына түспегенде, оның дұғасы қабылданбай, Алла оны құтқармаған болар еді. Қасірет мезгілінде де дәл солай болмақ. Адамның кешірілмей қалған күнәсі

болса, қайғы мен қорқыныш оны жеңеді. Торығу оның сенімін үзеді, сондықтан ол құтқарылуын сенімді түрде сұрай алмайды. Өздерінің түкке тұрғысыз екенін терең түрде сезінгендердің құпия күнәсі болмайды. Олардың күнәлары сотта алдын ала қарастырылып, тегістеліп тасталады, сондықтанда олардың естеріне ештеңе түспейді.

Албасты «Құдай аздаған күнәға көңіл аудармайды» деп, соған адамды сендіргісі келеді. Бұл өтірік. Құдай өділетсіздіктің қандай түрі болса да, аз болсын, көп болсын қолдамайды, ақтамайды, өйткені күнә Құдайдың жүрегін айнытады. Күнәларын жасырып қалуға тырысатындардың немесе өздерін өздері ақтайтындардың істері көктегі кітапта жазулы қалпында қалады. Сондықтан да ондай адамдар албастының жемтігіне айналады. Ақырдың күніне дайындықты болашақтағы уақытқа жылжытып қоятындар, оған ешқашанда дайын болмайды. Ондайлардың жағдайлары өте нашар болмақ. Соңғы сұмдық шайқасқа дайындалмай, соған қарамастан өздерін мәсіхшілерміз деп атайтындар сол кезде жанталасып күнәларын ақтара бастайды, ал арсыздар болса, оларды мазақ қылып, уайымдарын күлкіге айналдырады. Олардың тәубәларына келуі Есаудікіне немесе Яхуданікіне өте ұқсас болмақ. Олар күнә жасап, жанындағыларды зар илеткендері үшін жыламайды, сол күнәнің соңынан алатын жазаларынан қорқып жылайды. Басқаша айтатын болсақ, олар күнәні жек көрмейді, кінәлі болғандарына өкінбейді де, алдарында күтіп тұрған жазадан қорқып қиналады. Мұндай адамдар бастарына төніп тұрған қауіп өтсімен, ежелгі кездегі перғауын секілді, бұрынғы әдеттерін қайта бастайды.

Жақып пайғамбарының өмір тарихы бізге жақсы сабақ болуы керек. Құдайға жан дүниесімен берілген адамдарды қорғау үшін және жұбату үшін, Алла өзінің періштелерін жібереді. Имандыларды өте зор бейнет күтіп тұр, лаулаған от оларды жұтып алуға дайын, бірақ ұста жалыннан алтынды қалай тазартып алып шықса, мейірімі күшті Құдай Ие де өзінің меншікті халқын сынақтан өткізіп тазартып алып шығады. Құдайдың Өз халқына деген махаббаты ешқашан езгермейді, бірақ Оның халқы міндетті түрде лаулаған пештен өтуі керек, сонда жалын олардың жанын тап-таза қылып шығарады.

Қасірет уақытында бізден талап етілетіні шыдамдылық, сабырлық, аштықты жеңіп шығатын жігерлік, қатаң сынақ кезінде әлсіреп кетпейтін мықты сенім. Сол қасірет мезгіліне дайын болу үшін барлық жан сынақтан етеді. Жақыгі дер кезінде шешім қабылдап тұрып, табандылық танытқандықтан бейнетті жеңіп шықты. Бұл жеңіс оның адал тілегінің күшін байқатады. Құдайдың уәдесіне мығым сенгендер жеңіске жетеді. Ал өздерінің «Мен» дерінен бас тартпағандар, Алламен қанша күресіп, дұға оқыса да, тілегендерін

ала алмайды. «Алламен күресу» дегенді түсінетін адамдар өте аз. Бар күшін салып, Құдайды сабылып жүріп іздейтіндердің сандары көп емес. Қамығудың қатты толқыны шайып, тұңғыыққа әкете жаздап тұрған сәттерде Алланың берген уәделеріне мығым сеніп, сабыр сақтайтындардың саны жоқтың қасы.

Сенімі нашарларға төніп тұрған қауіп ете зор, олар албастының қарамағынан шыға алмай, ар-ұждандарын зорлайтын қаулыға бағынатын болады. Бұлар тіпті сынақ мезгілінен бірдеңе қылып өткен күннің езінде, қысымға ұшыраған кезде уайымға беріліп кетеді. Өйткені олар әр істің ақырын Құдайдан күтіп үйренбеген. Кеңшілік кезінде алмаған сенім сабақтарын, таршылық кезінде үйренулеріне тура келеді. Бұл ілімді Құдайдың аяндарына сүйене отыра қазір танып білуіміз керек. Періштелер шынайы және әбден ойланып айтылған дұғаларды жазып алып отырады. Құдаймен қарым-қатынас жасаудан бас тартқанша, өзімшіл ләззаттан бас тартқан дұрыс. Құдайсыз жүріп байып, жайланып, құрметке бөленіп рахаттанғанша, Құдаймен жүріп шектен тыс жоқшылықта өмір еткен ғанибет. Қайырсыз байлықтан, қайырлы кедейлік мың есе артық. Адамдар Шексіз Алламен үздіксіз қарым-қатынаста болулары үшін дұғаны ешқашан ұмытпаулары керек. Егер біз Алланың барын ұмытсақ, онда Ол біздің алтын пұттарымызды, әдемі үйлерімізді, құнарлы жерлерімізді тартып алып, Өзінің барын есімізге салуы мүмкін.

Біздің жастарымыз Құдай жолын таңдаса, өздерін күнәдан қорғап қала алады. Егер әлемге көктің соңғы ескертпелерін таратушылар Құдайдың батасын қалай болса солай салқын, салбыр, немқұрайды түрде сұрамай, керісінше жалындап тұрған оттай ниетпен және нағыз сеніммен сұраса: «Мен Құдаймен бетпе-бет кездестім және жаным аман қалды» (Жар. 32:30) деген болар еді. Онда Аспан оларды Құдайдың көңілінен шыққан, күнәні жеңген ханзадалар деп атайды.

Жуырда жер бетінде ешқашан болып кермеген қасірет уақыты келеді. Сонда бізге үлкен тәжірибе ауадай қажет болады, ондай тәжірибе бізде әлі болған жоқ және ондай тәжірибені алуға адамдардың көпшілігі ерінеді де. Болғаннан гөрі болады деген қорқыныштылау секілді. Десе де бұл жолы барлығы өзгеше болмақ. Ең жанды деген қиялдың өзі сол кездері болатын ауыртпалықты суреттеп бере алмайды. Әр адам Құдайдың алдында өзі үшін жауап береді.

«Нұх та, Даниял да, Әйүп те балалары мен қыздарын өздерінің әділеттіліктерімен құтқара алмайды, тек қара бастары ғана құтқарылады» дейді Раббым Алла (Езк. 14:20).

Ұлы Басты Діни Қызметкер адамзат баласын Құдаймен татуластыру қызметін жасап жатқан кезінде, біздер Исаға ұқсас болу үшін

бар күшімізді, жігерімізді салуымыз керек. Біздің Құтқарушымыз неше түрлі бақылаудан өткен, бірақ ешқашан алданып көрген емес. Албасты адамның жүрегінің әлсіз жерлерін іздейді және оның аялап ұстап отырған күнәсін керсе, дереу іске кіріседі. Сонда адам езінің мінезінің бақылаудан шығып кеткенін байқамай да қалады. Мәсіх Өзі жайлы: «Осы күнәкар дүниенің әміршісі (шайтан) жақындап келеді, бірақ оның Менімен ортақ ештеңесі жоқ» (Жох. 14:30) деген болатын. Албасты Мәсіхті жеңетіндей Оның бойынан ешбір кесір таба алмады. Иса Құдайдың заңы бойынша өмір сүрді, Оның бойында ешқандай күнә болған жоқ. Қасірет уақытында албастыға қарсы шығып, оны жеңеміз дейтіндер Мәсіхтен екі елі айнымай тұрулары керек.

Бұл өмірде біздер Мәсіхтің адамдар үшін төгілген қанына деген сеніммен күнәдан тазартылуымыз керек. Құтқарушымыз өлсіздігімізді Оның күшімен, надандығымызды Оның даналығымен, арамдығымызды Оның еңбегімен жеңуге шақырады. Біздер Алланың мектебінде дәріс алып, тамаша момын жандар болып шығуымыз керек. Құдай бізге дұрыс жол сілтеп, өміріміздің шынайы мақсатына бағыт береді. Сондықтан да мінезімізді түзеу үшін Киелінің ұсынып тұрған құралдарының барлығын пайдалана білейік. Аялдап қалу мен немқұрайдылық жанымыз үшін өте қауіпті. Жохан бабамыз: «Жер мен теңізде тұратындар қорқындар! Себебі әзәзіл теменге, сендердің қастарыңа түсті. Ол өз уақытың аз қалғанын біледі, сондықтан қатты ашулы» деген дауысты естіді (Аян 12:12). Бабамызды бұл сөздерді айтуға мәжбүрлеген шындық қаншалықты қорқынышты десеңізші! Ақыртақаған сайын әзәзілдің ашуы өрши түсуде, ал қасіретуақытында оның зұлымдық істері ең жоғарғы нүктесіне жететін болады.

Сонда біз жындардың биліктерінің белгілері - жалған кереметтерді көреміз. Жындар бар әлемнің тұрғындары мен патшаларын алдап өз торларына түсіретін болады. Өздерін Мәсіхпіз деп жариялайтын адамдар шығады. Олар, бізге көктен аян берілді деп, ауруларды сауықтырып, тағы да неше түрлі гажайып істер жасайды, бірақ бұл істері Киелі Жазбадағы кепілдемелерге қарама-қайшы келеді.

Бұл ұлы драманың соңы албастының езін Мәсіхпін деп жариялауымен аяқталады. Шіркеу Құтқарушының келуіне үміттерінің орындалғаны ретінде қарайтыны жайлы баяғыда арыз тастаған болатын. Енді ұлы өтірікші Мәсіх келіп қалған секілді көрініс жасайды. Ол жердің өрбір бөліктерінде адамдардың алдында әулие секілді пайда болып, езінің жарығымен маңайын нұрландырып жібереді. Осы кейпінде ол аянда айтылып кеткен Жохан пайғамбарының суреттегеніндей Құдайдың Рухани Ұлына өте ұқсас болады (Аян 1:13-15). Оның даңқы бұрын соңды адам баласының кергенінен асып түседі. «Мәсіх

келді! Мәсіх келді!» деп жан жақтан шыққан салтанатты әндер өуені шарықтатады. Халық оның алдына жығылады, ал ұлы өтірікші екі қолын жоғары көтеріп адамдарға батасын береді. Оның дауысы жұмсақ және сазды болып шығады. Албасты Мәсіхтің бір кездері айтқан сөздерін қайталап, ауруларды сауықтырып, жұртты әбден есінен тандырады. Сонан соң сенбіні жексенбіге ауыстырғанын айтып, енді бәріне жексенбі күнін сақтауды бұйырады. «Періштелердің әкелген хабарынан бас тартып, әлі де болса жетінші күнді сақтайтындар, менің атымды масқаралайды» деп арыз тастайды. Қандай жеңістік бермейтін, күшті өтірік десеңізші!

Шимион сиқыршының сөзіне алданып қалған самариялықтар секілді, қарапайымдардан бастап атақтыларға дейін «Бұл Құдайдың Ұлы күші» (Елш. 8:10) деп, барлығы оған иланады. Бірақ, Құдайдың халқы алданбайды. Өйткені олар Киелі Жазбадан жалған мәсіхшіліктің болатыны жайлы ақиқатты жақсы біледі. Жасанды Мәсіх хайуанға табынып, оның белгісін алғандарға батасын береді. Ал Киелі Жазбада хайуанның белгісін алғандарға Құдайдың қаһары төгіледі деп жазылған.

Оның үстіне шайтанға, жер бетіне келуін Мәсіхтің келу тәсілдеріне ұқсастыруға тыйым салынған. «Сол кездері жалған пайғамбарлар мен жасанды Мәсіхтер келіп, неше түрлі көзді алдайтын ғажайыптармен жұрттың барлығын алдап, тіпті қалаулылардың өздерін де жаңылыстыруға тырысады» дейді бізге Киелі Кітап. «Мінекей ол шөл далада десе, шықпаңдар, түкпір түкпірлердегі бөлмелерде десе сенбегендер, өйткені найзағай шығыстан шығып, батыс жақтан қалай көрінсе, Адамзат Ұлының келуі де солай болмақ» (Матай 24:24-27,31;25:31; Аян 1:7; ІСал. 4:16,17). Мәсіхтің келуін алдамшы түрде жасап келтіру мүмкін емес. Бұл оқиға бөріне белгілі болады және оны жер бетіндегілердің барлығы көреді.

Тек Киелі Жазуды жақсы білетіндер, ақиқатты сүйіспеншілікпен қабылдағандар ғана ондай өтірікті Жазбаның көмегімен өшкереley алады.

Барлық адамдар сынақтан өтіп, шынайы мәсіхшілер іріктеледі. Адамдарға бұл ұлы күнге дайындалуға шайтан барынша кедергі жасайды. Соңғы кездері жұрт күн көрудің, дүние жинаудың және басқа да көптеген іс-шаралардың қамымен айналысып кетті. Бұл да шайтанның жұмысының нәтижесі. Ол сынақ мезгілінің сіздерге байқаусызда, үйлеріңізге түскен ұрыдай болып кенеттен келуін қалайды.

Әр түрлі мәсіхшіл билеушілері арқылы Құдайдың парызын орындайтындарға қарсы шығарылған қаулы, оларды үкімет билігінен қорғауынан құр қалдырады. Сол кездерде бұл жандар бас сауғалап, қалалар

мен ауылдарды тастап, тау менен тасты, шөл даланы, үңгірлерді пана-лап босып кетеді. Көпшілік жандар адам аяғы баспаған тауларды мекен етеді. Кезіндегі Пьемонта мәсіхшілері секілді бұл мәсіхшілер де осынау тауларды өздерінің қасиетханасы етіп, соны берген Алланың есімін көкке шарықтатады (Ишая 33:16). Дегенмен айтулы халықтың көпшілігі, оның ішінде неше түрлі ұлттың екілдері бар - қатардағылар мен атақтылар, байлар мен кедейлер, ақтар мен қаралар ете қатыгез және өділетсіз құлдыққа салынады. Құдайдың сүйікті халқы өте ауыр күндерді бастарынан өткізеді. Өлім жазасына кесіліп, түрмеге қама-лады, жер астындағы зындандарға тасталып, аштан өлтіріледі. Неше түрлі тәсілдер пайдаланылып, хайуандықпен азапталады. Оларға ешкімде көмекке келмейді, тіпті дауыстарын да естімейді.

Осындай шақтарда Құдай оларды ұмыта ма? Топан суы қап-тағанда Нұх пайғамбары ұмытылды ма? Аспаннан от түсіп, қағынған қалалар бүтіндей жоқ болып кеткенде Лұт ұмытылды ма? Немесе Раббым Алла, Мысыр елінде пұтқа табынушылардың ортасында қалған Жүсіпті ұмытты ма? Жаулары қуғынға ұшыратқан Ильяс пай-ғамбары, қараңғы, сасық шұңқырдың ішінде қапаланып отырған Еремия, лаулаған пештің ішіне түскен ер жүрек азаматтар немесе арыстанның апанына тасталған Даниял ұмытылды ма?

Ал Сион болса: «Құдайым мені тастап кетті, Ол мені ұмытты!» дейді. Емшектегі баласын анасы ұмыта ма? Егер ол ұмытса да, Мен сені ешқашанда ұмытпаймын. Сенің бейнеңді алақандарыма сызып қойғам» дейді мейірімді Алла (Ишая 49:14-16). «Сендерге соқтыққан-дар, Менің кезімнің қарашығына соқтыққандары» (Зек. 2:8). Құдайдың қызметкерлері түрмеге қамалғандарымен, олардың жан-дарын Алладан бөлектеу мүмкін емес. Адамның жанын түсінетін, оның әлсіз жерлерін білетін мейірімді Құдай Иенің жердің билігі-нен жоғары екенін білмейтін кім бар? Ол қапаста қамалып жатқан жандарға періштелерін жіберіп, қап-қараңғы жерлерді жарқыраған сарайларға айналдырады. Өйткені ол жерлерде отырғандардың, бір кездерде Пауыл мен Сила Філіп қаласында қамауда отырып, түн жарымда дұға оқып, ән салғаны секілді, имандары мол болады.

Құдайдың қалаулыларын қуғындағандар жазаларын алады. Алланың шыдамдылығы жексұрындарға небір өжеттілік береді, бірақ Құдай асықпайды және кешігіп те қалмайды. Арсыздар Оның қаһарының тостағанын толық ішеді. «Өйткені Жаратқан Ие ежелде Перасим тауының маңында және Гибен алқабында қаһарлана қозғалғаны сияқты енді осында келмек. Ол Өзінің әдеттен тыс әрі таңқаларлық ісін жүзеге асыратын болады» (Ишая 28:21). Мейірімді Аллаға біреуді жазалау «жат қылық». «Мінекей Мен бармын, бірақ

күнәкардың өлгенін қаламаймын» (Езк. 33:11) дейді Алла. Құдай адамды жақсы көреді, Ол мейірімді, шыдамды, шынайы, кешірімді, бірақ күнә мен қылмысты жазасыз қалдырмайды.

«Құдай шыдамды және Ұлы, бірақ заңсыздық жасаушыны жаза-лайды» (Мыс. 34:6,7; Нқм. 1:3). Басқаша аудармасында былай айтылады: «Құдай үкімді өте қатал түрде шығарады және аяқ асты етілген заңның беделін қалпына келтіреді». Алла адамды жазалағысы келмейді, сондықтан оны тәубәсына келер деп кеп күтеді, заңсыздықтың тостағаны толғанша тосады, бірақ сол мейірімділікпен араласпаған Құдайдың ғаһарының тостағаны толған кезде, күнәкарларға оны толық ішулеріне тура келеді.

Мәсіх кектегі қасиетханада Өзінің аратүсушілік қызметін аяқтаған кезде, айуан мен оның мүсініне құлшылық етіп, маңдайына немесе қолына оның таңбасын қабылдаған әркім де Құдайдың нағыз ашу ызасының «шарабы» құйылған тостағаннан ішетін болады (Аян 14:9,10). Құдайдың халқы құтқарылмас бұрын әлемге жіберілетін жаза, яхудейлер онан босанып шықпастан бұрынғы Мысырға төгілген жазадан да сұмдық болады. Жохан пайғамбар болашақта болатын оқиғаны былай деп суреттейді: «Хайуанның белгісін алып, оған табынғандардың үсті басын неше түрлі іріңдеген жаралар басып кетеді». «Теңіз өлген адамның қанына ұқсап, ондағы тіршілік иелері қырылып қалады». «Өзендер мен сулардың барлығы қанға айналады». Бұл сұмдық ауыртпалық, дегенмен Құдай әділетті және Оның тарапынан зұлымдарға жіберілетін жаза да әділетті. Оның періштесі: «Әрдайым бар және мәңгі жасайтын Қасиетті Жаратқан Ие, Сен әділеттісің. Шығарған осы үкімдерің де өділ! Сол адамдар Сенің пайғамбарларыңның қанын төккендіктен, оларға қан ішкіздің, соларға осы лайық» - дейді (Аян 16:2-6). Олар Құдай халқын өлім жазасына ұсынып, олардың қанын арқалады. Сөз етіліп тұрған адамдар тікелей барып ешкімді өлтірмегендерімен солардың ықпалымен жасалған қылмыс өз қолдарымен жасағанмен бірдей саналады. Иса, әділетті Әбілден бастап өлтірілген күллі пайғамбарлардың қанын яхудейлердің мойнына артқан болатын, өйткені олар да сол зұлымдықтарды жасаған адамдардың рухтарымен қаруланып алған еді және дәл солардай қылмыс жасауға дайын тұрды.

Онан соң күннің көзіне «адамдарды күйдір» деп, бұйрық берілді. Сондықтан олар қатты аптапқа ұшырады (8,9 тақпақтар). Осы кездердегі адамдардың жағдайларын пайғамбар былай деп суреттейді: «Жер наразылық білдіріп жатыр, ейткені нан құрыды. Барлық, ағаштар кеуіп қалды, сол себепті күлкі мен қуаныш та жоғалды». «Мал біткен маңырап қалды, ейткені өсімдік атаулы жанып кетіп,

судың бәрі кеуіп қалды». «Өлең зарға айналды, өлгендердің саны өте көп болғандықтан, өзгелері оларды көрінген жерде үнсіз тастап кетіп жатады» (Жое. 1:10-12,17-20; Амос. 8:3).

Бірақ бұл жазаға жер бетіндегі жандардың барлығы бірдей ұшырамайды, болмаған жағдайда жер бетінде бір де бір жан қалмаған болар еді. Бұл пенделердің басына түскен ең сұмдық жаза болып табылады. Сынақ мезгілі аяқталғанға дейінгі адам баласының көрген жазасы мейірімділікпен қатар жүрген болатын. Мәсіхтің адамзат үшін төгілген қаны арашашы болып, олар тартуға тиісті толық жазаларын тартқан жоқ, бірақ соңғы сот кезінде пенделерге төгілетін Құдайдың қаһары мейірімділікпен араласпайды.

Сол күні Құдайдың мейірімінен бас тартып келген көпшілік жан Одан пана іздейтін болады. «Мінекей Мен жерге аштық жіберемін - нанның аштығы мен судың аптабы емес, халық Құдайдың сезін іздеп зарығатын болады. Теңізден теңізге дейін, солтүстіктен шығысқа дейін жұрт Алланың сөзін іздеп шұбырады, бірақ оны таба алмайды» (Амос 8:11,12) - дейді Құдай.

Құдайдың халқы да қасіреттен тыс қала алмайды. Қуғын-сүргінді де, қысымды да, аштықты да, жалаңаштықты да көреді, бірақ өлмейді. Кезінде бабамыз - Ильястың қамын қарастырған Құдай Ие жанымыздан өтіп кетпейді. Бастарындағы әрбір паштары саналып қойылған бұл жандар аштық кезінде тойып жейді. Арсыздар аштан қырылып жатқан кезде, періштелер әділеттілердің қамдарын ойлап, олардың мүдделерін қарастырады. Өйткені шындықты жақсы көретіндерге нан берілетін болады, олардың суы ешқашан таусылмайды. «Мына бейшара, мүсәпір халқым су іздеп таба алмай жүр. Олар шөлдеп таңдайлары кеуіп қалады. Бірақ Мен - Жаратқан Иелері олардың мінәжаттарына құлақ асамын. Мен, Исраил сиынған Құдаймын және оларды ешқашан жалғыз қалдырмаймын» (Ишая 33:16;41:17).

«Зөйтүн ағашы гүлдемесе де, жүзім ағашы жемісін бермесе де, егін шықпай қалса да, мен қуанамын, өйткені менің жүрегім Жаратқан Иемнің барына шаттанады» (Абқ. 3:17,18).

«Құдайым менің Құтқарушым және Қорғаным. Күндіз күннің көзі, түнде ай маған жамандық жасай алмайды. Ол мені торға түсуден сақтайды, Оның қанатының астында қауіпсіз боламын. Оның ақикаты менің қорғаным әрі қалқаным. Түнде қара түнек қорқыныштан, күндіз жау оқтарынан сескенбеймін, түнде жүретін індет ауруларынан, һәм тал түсте басыма төнген апаттан қорықпаймын, қасымда мыңдағандар қаза тауып, оң жағымда он мыңдап қырылғанда маған зақым келмейді де. Тек болып жатқанды көріп тұрамын, зұлымдардың жазаланып жатқанын байқаймын. Мен Тәңірге сенім артып

келемін. Алла тағаланы панам етемін. Басыма енді жамандық түспейді, үйіме ешбір апат төнбейді» (Жыр. 120:57;90:3-10).

Адамның көзімен қараған кезде ежелгі уақыттағы азап шеккендердей Құдайдың балалары өз сенімдерін қанымен дәлелдеуі керек секілді болады. Олар, шынымен де Құдай бізді қалдырып кеткен екен деп қорқады. Бұл күйзелу уақыты. Олар күні түні Құдайға мінәжат етіп, құтқарылуларын тілейді. Ал арсыздар болса: «Сендердің сенімдерің қайда? Егер сендер Құдайдың халқы болсаңдар, неге Ол сендерді біздің қолымыздан босатып алмайды?» деп бұларды келемеждеп, күлкі қылады. Бірақ имандылар айқыш ағашқа шегеленген Иса Мәсіхті естеріне алады. Сол кездің діни қызметкерлері мен дін басшылары: «Басқа жандарды құтқарған болатынсың, ал Өзіңді Өзің құтқара алмай тұрсың! Егер Ол Исраилдың патшасы болса, айқыштан босанып шықсың, сонда біз Оған сенейік» (Матай 27:42) деп Исаны мазақ қылып, күлген болатын. Жақыпқа ұқсап олар да Құдаймен жекпежекке түсті. Байғұстардың көздерінен іштеріндегі болып жағқан шайқас көрінеді. Барлықтарының түрлері бозарып кеткен. Бірақ олар Құдайға мінәжат етулерін қойған жоқ.

Егер бұл халықтың рухани тұрғыдан көре алатын көздері болса, онда олар маңайларын қоршаған періштелерді көрген болар еді. Періштелер олардың тілектерін естіп тұрады және барлық қимылдарын не бір аяушылықпен бақылайды. Құдайдың қызметінде тұрған рухтар (періштелер) сенетіндерді қауіптен құтқару үшін, Әміршінің аузынан шығатын сөзін тосып тұрады. Дегенмен шамалы шыдау керек. Құдайдың меншікті халқы тостағандарын толық ішіп, Құдаймен шарг жасасуы қажет. Құдайдың кешіккелі жатқаны қаншалықты азапты болғанымен, Оған сенетіндердің тілектеріне ең керекті жауап та осы. «Алла қашан ерекет жасайды екен» деп күту, олардың рухани өмірлерінде жетіңкіремей тұрған сенімдерін, үміттерін, шыдамдарын шыңдайды. Десе де қалаулышар үшін қасірет уақыты қысқартылатын болады.

«Құдай Өзінің таңдап алған, Оған күні түні жалбарынатын адамдардың мүдделерін қорғай ма? Сендерге шын айтамын, Құдай олардың қамын тезірек қарастыруға асығады» (Лұқ. 18:7,8). Ақыр адамдардың ойлағанындай емес, әлдеқайда тезірек келеді. Бидай бір бөлек іріктеліп, Құдайдың қоймасына әзірленеді, ал кебек екінші жаққа іріктеліп, отқа тастауға дайындалады.

Күзетте тұрған, өз міндеттеріне жауапты көктегі сенімді сарбаздар қалғымайды. Құдайдың заңын орындайтындарды елім жаза-сына ұсыну уақыты анықталып қойғанымен, олардың дұшпандары бұл қаулыны белгіленген уақыттан бұрын іске асыруға тырысады.

Дегенмен Аллаға адал болып қалған жандарды қорғап тұрған қарауылдың қатарын ешкім бұзып өте алмайды. Қуғын-сүргін уақытында қалалар мен ауышдардан қашып шыққан кейбір жандарға шабуыл жасалады, бірақ оларға қарсы көтерілген семсерлер сынып, шыбық құрлы қауқары болмай қалады. Енді біреулерін жауынгерлердің киімдерін киген періштелер қорғайды.

Барлық ғасырларда да Алла қасиетті періштелер арқылы Өз халқын қорғап, оларға бостандық сыйлаған. Періштелер адам өміріне белсенді түрде араласады. Олар кейбір адамдардың алдарында найзағай секілді жаркылдаған киіммен пайда болған, біреулеріне қарапайым жолсерік ретінде де кездескен. Неше рет адам бейнесіне еніп, тақуалармен жолыққан. Жол жөнекей шаршаған жолаушы секілді тал түсте ағаш түбінде дем алып жатқан кездері де болған. Көпшілік адамдар оларды қонақ ретінде қарсы алған. Түнде жолынан адасып қалған адамдарға олар жол сілтеген. Құрбан шалынатын отты өз қолдарымен тұтатқан кездері де болған. Олар зынданның есігін ашып, Құдайдың қызметкерлерін бостандыққа шығарған. Құтқарушының кабірінің алдына қойылған үлкен тасты алып тастау үшін жерге періште бейнесімен түскен.

Адам бейнесіне еніп, олар көптеген жиналыстарға қатысады, сол секілді арсыздардың жиындарына да барады. Бір кездері олар Содом қаласына келіп, оның тұрғындарының істерін жазып әкеткен болатын. Алланың адам баласына деген мейірімі мол ғой, Құдаймен ниеттес болып жүргендердің тілегі бойынша, Раббым Алла адамзатқа тиесілі жазаны шегіндіріп, көпшіліктің тыныштығын соза түседі. Құдайға қарсы кетеріліс жариялайтын бұл көпшілік, өздері мазақ қылып, қысымға ұшырататын Жаратушының аздаған халқына өмір бақи міндетті екенін сезбейді де.

Бұл әлемнің билеп-төстеушілері олардың кеңестерінде періштелердің жиі сөз сөйлейтіндерін білмейді де. Адамдар оларды тыңдайды, сынайды тіпті ажуалап балағаттайды. Көптеген отырыстарда, сот мәжілістерінде бұл көктің хабаршылары адамзат тарихындағы ең терең білімдерді көрсетеді. Олар езгідегілерді ең қабілетті, сөзге шебер деген адвокаттардан артық қорғай алатындарын дәлелдейді. Періштелер Құдайдың ісіне кедергі келтіретін зұлым жоспарларды бұзады. «Қауіп төніп тұрған сағаттарда және қайғырып тұрған кездерде Құдай Иеден қорқатындарды, Оның періштелері келіп бейнеттен құтқарады» (Жыр. 33:8).

Құдайдың меншікті халқы зор үмітпен өздерінің Патшаларының келуін тағатсыздана күтіп отыр. Күзеттегілерден: «Түннің қай уағы?» деп сұрағанда, олар: «Таң атуға жакын қалды, бірақ әлі түн!» деп

бірден жауап қайтарады (Ишая 21:11,12). Таудың жоғарғы жағындағы коюланыгі тұрған бұлттарға жарықтың сәулесі түсіп келеді. Жуырда Оның даңқы шығып, Әділеттіктің Күні пайда болады. Тақуалардың мәңгілік күндерінің басы - таң және арсыздардың мәңгілік түндерінің басы - қаранғылық жақындап келеді.

Құдайдың балалары жанталасып салауат айтып, дұға оқып, Құдайға тілектерін бірінің соңынан бірін жіберіп, мінәжаттарын жалғастырып жатқанда көрінетін әлем мен көрінбейтін әлемнің арасындағы шымылдық аздап ашылады. Сол кезде олар: «Мықты болыңдар. Көмек тақау. Жеңімпаз Мәсіх Өзінің қалжыраған жауынгерлеріне мәңгілік өмірдің тәжін дайындап қойды» деген сөздерді естиді. Сонан соң олар: «Мінекей Мен сендермен біргемін. Қорықпаңдар. Барлық қасіреттерің мен уайымдарың маған белгілі. Сендер Мен шайқасқан жаумен шайкасып жатырсыңдар. Мен сендер үшін шайқастым, Мен үшін сендер жеңімпаздан да жоғарысыңдар» деген Исаның дауысын таниды.

Ең қажетті сөтте бізге Құтқарушы келеді. Кекке апаратын жол Оның ізімен нұрланған. Біздің денемізді жыртқан тікенектер, Оның денесін де жарақаттаған болатын. Арқалап келе жатқан айқыш ағаштарымызды бізден бұрын Ол арқалаған. Жанымызға сая таппастан бұрын қатыгез шайқастан өтуімізге тура келеді. Қасірет уақыты Құдайдың халқы үшін сұмдық сынақ, бірақ сол кезде кез келген шынайы Мәсіхші аспанға қараса, оны қоршаған уәде кемпірқосағын көреді.

«Жаратқан Иенің азат еткен халқы Сионға ән шырқап қайтып келеді. Олар мез-мейрам болып, мәңгі бақи куаныш пен шаттыққа кенеледі. Ал қайғы мұң атаулы бастарынан лезде мәңгілікке алыстап кетеді. Жаратқан Ие таңдаулы халқына былай дейді: «Мен, Өзім Сені жұбатып, сүйенішің боламын. Қалайша сен ажалды пендеден шошынып, адам баласынан қорқасың? Ол солып қалатын шөп секілді, өткінші емес пе? Ал өзінді жаратқан Тәңір Иенді ұмытып кетесің! Мен әуел баста аспан кеңістігін жаратып, жердің негізін салғанда шексіз құдіретімді көрсеткен едім. Неге сен өзіңе зорлық-зомбылық жасаған жауыңның қаһарынан күн ұзағына үрейің ұшып қорқасың? Рас, ол сені қырып жоймақшы болды. Ал қазір сол қанаушыңның қаһары қайда?»

Тұтқындар жуырда азат болады. Олар шұңқырда еліп те қалмайды, нансыз да болмайды. Себебі Мен сенің Иеңмін. Теңізді буырқантып, толқындарын гүрілдетуге құдіретім жетеді. Оның есімі - Ғаламның Иесі. Аузыңа айтатын сөздерімді саламын. Сені қолымның аясында ұстап қорғаймын» (Ишая 51:11-16).

«Енді жаны азап шегіп қиналған, шарап ішпей мастанған Менің сөзімді тыңда. Жаратушы Тәңір Иең - халқы үшін күрескен Құдайың былай дейді: «Мен қаһарыма толы тостағанды қолыңнан қайтып аламын. Керісінше сені азапқа салған дұшпандарыңа сол тостағаннан ішкіземін». Олар саған: «Жерге етпетіңнен жат! Үстіңнен басып өтейін» деп бұйыратын. Осылай сен олардың аяқтарымен басытын жолы болып, арқанды тосып, бағынуға мәжбүр болған едің» (Ишая 51:21-23).

Ғасырлар тұңғыығына көз жіберіп қараған Алла жердің билеп төстеушілерінің Оның халқын қыспаққа алатын уақытының тақап келе жатқанын көрді. Жаратушы Ие олардың аштыққа ұшыраудан және жәбірленуден қорқатынын тағы да біледі. Дегенмен израилдің көз алдында қара теңізді қақ жарған Құдай меншікті халқын жаудың жұлмалауында қалдырмайды. «Олар Менің халқым болады, Мен олардың Құдайы боламын, баласын аялайтын адамдай Мен де Өз халқымды мейіріміме бөлеймін» дейді Шексіз Алла (Малахи. 3:17). Егер сол уақытта Мәсіхтің избасарларының қаны төгілсе, ол бір кездердегі азапталғандардың төгілген қанындай Құдайдың егістігінде өз жемісін бермеген болар еді. Олар өздерінің адалдықтарымен басқаларды ақиқатқа сендіретіндей қылып куәландыра алмаушы еді, өйткені мейірімділік толқыны арсыздардың қатып, тас болып қалған жүректеріне соғылып, кері қайтары анық болатын. Ендігі жерде тақуалар жауларының жемтігіне айналса, түнектің ханзадасы есі кеткенше қуанған болар еді. Жыршы: «Соққы келген күні Құдайым мені жасырып, көрінбейтін жерге тығып қояр еді, сөйтіп биіктаудың үстіне шығарар еді» (Жыр. 26:5) дейді. «Халқым Менің, барып мекендеріңе тығылып, сондарыңнан есіктерінді жауып, Тәңірдің қаһары өткенше бір сәтке жасырына тұрыңдар, өйткені заңсыздықтарына байланысты жердің тұрғындарын жазалау үшін Құдай Ие тұрағынан шығып келеді» дейді избасарларына Иса Мәсіх (Ишая 26:20,21). Құдайдың келуін сабырлықпен күтіп, есімдері емір кітабында жазылып қойылғандар қандай бақытты жандар десеніңші! Олардың құтқарылулары шынымен де ғажайып іс болмақ.

Құдай халқының үмітінің орындалуы

Құдай заңын орындайтындар үкімет билігінің қорғауынан құр қалғанда әр түрлі мемлекеттерде жашпай оларды құртып жіберуге бағытталған қозғалыстар пайда болады. Бір-ақ түннің ішінде бұл жандардың қарсыласу үнін өшіріп тастауға шешім қабылданады. Құдайдың халқы түрмелерде, тоғайларда, тау тасаларында Иелерінен қорған сұрап мінәжат етіп жатқанда, жындардың азғыруымен желігіп алған қарулы топтар оларды өлтіруге дайын тұрады. Осындай қауіпті сәтте халқын құтқару үшін іске Алла араласады.

«Ал сендер қасиетті мейрам түніндегідей ән салатын боласыңдар, Құдайдың қасиетті тауына көтеріліп бара жатқан адамдай жүректерің қуанышқа толы болады. Сонда Құдай зор дауысымен күндей күркірейді, қатты ашуланып оттай жалындайды, борандай бұрқырап тас бұршақтай болып жауады» (Ишая 30:20,30).

Салтанатты айғаймен, ауыздарымен атқан қарғыспен ашынып алған қара тобыр жемтігіне бас салуға дайын тұрған кезде, жер бетіне түннен де қою қараңғылық түседі. Сонан соң аспанда жарқыраған Алланың тағының кемпірқосағы пайда болады және ол Құдай алдында тізе бүгіп тұрған әрбір жанды орап алғандай көрінеді. Осы сәтте зұлым тобыр үнсіз қалады. Мысқылдау, ажуалау бірден тоқталады. Адамдар бойларын кернеп бара жатқан ашу-ызасын ұмытады. Бастарына сұмдық қауіп төніп тұрғанын сезінген олар, денелерінен өтіп бара жатқан жарықтан тығылудың қамын ойлайды. Құдайдың халқы болса «Бойларыңды түзеңдер!» - деген сазды дауысты естиді. Бастарын жоғары көтеріп қараған олар сертгесу кемпірқосағын

кереді. Қоюланған қара бұлттар сейіліп, бұлар енді кезіндегі Степан секілді көктен Құдайдың атағы мен тақта отырған Адамзат Ұлын (Құдай тағайындаған Билеуші) көреді. Бұлар Оның денесінде қалған қорлықтың ізін көріп және «Әке, Маған тапсырған адамдарыңның Мен болатын жерде болуларын, әрі Өзің Маған сыйлаған салтанатты ұлылығымды көргендерін қалаймын» деп Әкесінен жалынып сұрап жатқан Исаның дауысын естиді (Жох. 17:24). Онан соң тағы да сазды дауыс естілді: «Мінекей келе жатыр! Күнәсіз және кіршіксіз қасиеттілер келе жатыр! Бұлар Менің сөзімді мүлтіксіз орындағандар, олар періштелермен бірге жүретін болады».

Сенімдерін бар күштерімен қорғаған бұл жандардың бозарып кеткен түрлеріне ең кіріп, дірілдеген еріндерінен жеңістің дыбысы үзіліп шығады. Түннің ортасында Құдай Өзінің халқын құтқарып алатын күшін көрсетеді. Шуақтары жарқырап күннің көзі шығады. Таңғажайып істер мен белгілер бір бірлерін алмастырып жатады. Тақуалар қуанып жатқанда, құдайсыздар бұл көріністерге сұмдық қорқынышпен қарайды. Табиғат та өзінің әдеттегі жағдайынан өзгеше болып көрінеді. Өзендер тоқтап қалады. Ауыр күңгірт бұлттар бір біріне соғылысып жатады. Бұрқан талқан болып жатқан көктің ортасынан айтып жеткізе алмайтындай даңқтың жолағы көрінеді. Оның артынан көптеген сулардың гүрілдеген дыбысына ұқсас «Орындалды» деген Алланың дауысы шығады (Аян 16:17).

Бұл дауыстан жер мен көк сілкінеді. Сонан соң адамзат жер бетінде өмір сүргелі болып көрмеген зор жер сілкінісі болады (Аян 16:18).

Аспан ашылып және сығылып келе жатқандай керінеді. Құдайдың тағынан Оның даңқының жарығы шығады. Таулар шайқалып сынып, сынықтары жан жаққа ұшады. Көтеріліп келе жатқан дауылдың гүілдеген дыбысы естіледі. Теңіз толқындарын жағаға ұрып, буырқана бастайды. Жындардың дауысына ұқсас дыбыс шығып, сұмдық дауыл көтеріледі. Жердің беті теңіздің толқындары секілді шайқалады. Жердің негізі қозғалып, оның бетінде жарықтар пайда болады. Таулар теңіздерге батып, мекенді аралдар көзден ғайып болады. Жағалауға жақын жердегі қалалар, кезіндегі бүлікшілердің мекені болған Содом қаласы секілді бірте - бірте жоғала бастайды.

Осылай ұлы Бабыл Құдай алдында ескеріліп, қала Құдайдың «тостағанынан» - Оның қатты ашуы мен қаңарын білдіретін «шарабын» ішуге мәжбүр болды. Аспаннан адамдардың үстіне салмағы жүз қадақтай дәу тастар жауды (19,20 өлеңдер). Ең үлкен, өзімшіл, асқақтанған қалалар үйіндіге айналды. Әлемнің ұлылары атағын асыру үшін, байлықтарын салып орнатқан зеулім сұлу сарайлары опырылып құлап

жатқандарын өз көздерімен көреді. Түрмелердің кабырғалары қирап, сенімдері үшін зардап шеккен имандылар одан босанып шығады.

«Бейіттер ашылып, жер астында ұйықтап жатқандар, біреулері мәңгілік өмір үшін, енді біреулері мәңгілік мазақ үшін оянады (Дан. 12:2). Үшінші періштенің хабарына сеніп, Құдайдың заңына бағынып иманды болып өлгендер кәрден даңқты болып түрегеледі. Сол сияқты Мәсіхтің елім алдындағы азабына айызы қанып, Оны мазақ қылып, қорлап, шанышқымен түйрегендер де тіріледі (Аян 1:7). Және де Құдайдың меншікті халқы мен Оның ақиқатының қарсыластары да Мәсіхтің даңқы мен құрдіретін ез көздерімен көру үшін оянады.

Қою бұлт әлі де болса аспанды торлап тұр, десе де оның арасынан Құдайдың қаһарының көзі секілді күннің сәулесі көрінеді. Найзағай жарқышдап, арсыздардың тағдырларының шешілетінін хабарлап тұрғандай сырлы (құпия) дыбыстар шығады. Кешпілік мұның мағынасын ұқпағанымен, жалған ұстаздар оны анық түсініп тұр. Жуырда ғана қамсыз, дөрекі, өркөкірек болып Құдайдың парызын орындаушыларға қатыгездік жасаған олар, енді мұндай қорқынышты сұмдыктан бойларында әл қалмай дірілдеп кетеді. Олардың зарлы үндері табиғат апатының дыбысынан да асып түседі. Мәсіхтің Құдаймен бірдей екенін білетін жындар Оның билігінен қатты қорқады, қорқатындары соншалықты естері қалмай дірілдейді. Ал адамдар болса, бұл уақытта не істеп, не қойғандарын білмей, Құдайдың мейірім жасауын сұрап жер бауырлап жорғалай бастайды.

Ежелгі пайғамбарлар ақырдың күні туралы: «Жылаңдар, өйткені ақырдың күні тақау, ол Жаратқанның талқандайтын күшіндей болып келе жатыр» (Ишая 13:6) деп айтып кеткен болатын.

«Ей, опасыздар Жаратқан Иенің қорқынышты қаһарынан, Оның айбынды ұлылығынан құз шатқалдардың арасына қаіпып барып, жердегі шұңқырларға жасырынуға тырысыңдар! Менменшілдің көзі төмен қарап, адамзаттың асқақтауы талқандалатын күн туады! Сол күні жалғыз Жаратқан Иенің ғана мерейі үстем болады» (Ишая 2:10-12).

«Сол күн туғанда күнөкарлар табыну үшін өздеріне жасап алған алтын, күміс тәңір мүсіндерін лақтырып, оларды көртышқандар мен жарканаттарға қалдырып, өздері құз шатқалдардың ішіндегі үңгірлер мен қуыстарға қашып кіреді. Өйткені Жаратқан Ие жерді сілкілеу үшін тағынан тұрғанда олар Алланың қорқынышты қаһарынан, әрі айбынды ұлылығынан тығылып қалмақ болады» (Ишая 2:20,21).

Бұлттардың арасындағы саңылаулардан жұлдыздар жарқырап көрінеді. Бұл көрініс Құдайға адал болып қалған жандарға үміт пен қуаныш сыйлайды. Иса үшін азапты бейнетке шыдаған бұлар, ендігі жерде

өздерін қауіпсіз сезінеді. Олар зор сынақтан өтіп, солар үшін қанын төккен Исаға адал болып қалды. Енді бұл жандар жындарға айналып кеткен адамдардың езгісінен босады. Әбден қобалжып, торығып кеткен түрлеріне өң кіріп, жүздері жарқырай түсті. Сонан соң олар бірігіп жеңіс әнін орындады: «Құдай біздің панамыз да күшіміз, киын қыстау шақтардағы көмекшіміз. Сол себепті біз уайымдап қорықпаймыз, дүниенің астан кестені шығып, таулар теңіз тұңғиығына құласа да, теңіз ақ көбігін атқылап, толқынынан тау сілкініп жатса да, өлемнің Иесі біздің жанымызда, Жақып сыйынған Құдай - біздің Қорғанымыз» (Жыр. 45:2-4). Жеңіс жыры шарықтап кекке көтеріліп жатқан кезде, бұлттар сейіліп, жұлдыздар жарқырап, адам баласы көріп көрмеген керемет сұлулық ашылады. Жартылай ашулы тұрған көктің қақпаларының арғы жағынан сұлу қала жарқырап көрінеді. Онан соң аспанда Алланың заңы жазулы тас тақташаларды ұстаған қол пайда болады. Пайғамбар сөзі: «Аспан Оның ақиқатын жария етеді, өйткені Ол үкім шығарушы - Құдай» - дейді (Жыр. 49:6). Мұса пайғамбарының заманында Тұр тауының басынан оттай жалындап, күндей күркіреп жарияланған, өмірдің ережесі ретінде берілген Құдайдың қасиетті заңы, соңғы күні әділетті үкімнің өлшеуіші болып, адамдардың көздеріне оттай басылады. Қол тас тақташалардың бетін ашқан кезде, тұрған жандардың барлығы Құдайдың жалынды қаламымен жазылған он заңын өз көздерімен көреді. Бұл жазудың анықтығы соншалықты, оны ешкімде түсінбей қалмайды. Енді оны көріп тұрған жұрттардың сана сезімдері оянып, ырым-жырым мен адасушылықтың бұлттары сейіліп, қысқа да түсінікті Құдайдың қасиетті заңы жердің тұрғындарының барлығының кокейіне қонады.

Сол кезде Құдай заңын аяқ асты еткен адамдардың қорқынышын ауызбен айтып жеткізу мүмкін емес екенін көреміз. Құдай Өз заңын адамзат балаларының барлығына бірдей етіп берді. Сол заңды пайдаланып, оған сәйкес келетіндей етіп мінездерін өзгертіп, тәубеларына келіп, Алланың сызып берген жолымен жүріп отырғанның орнына, адамдар заңды өздері де бұзды, басқаларына да бұрыс үйретті. Әсіресе олар Құдайдың заңының сенбі күні туралы бабын арамдады. Енді ештеңемен де ақтала алмайтындарын сезінген олар өте жаман күйде тұрды. Өйткені кімге қызмет ететіндерін өздері қалап алған болатын. «Сонда тақуалар мен арамдардың айырмашылықтары көрінеді, Құдайға сыйынатындар мен сыйынғысы келмегендер анықталады» (Малахи. 3:18).

Құдай заңының жаулары - шіркеу қызметкерлерінен бастап қатардағы қарапайымдарға дейін өздерінің міндеттері мен ақиқат жайлы жаңа түсінік алады. Құдай заңының төртінші бабы - сенбі күні

- Тірі Құдайдың мөрі екенін олар кеш түсінеді. Жалған сенбінің, яғни жексенбінің негізінің құмнан қаланғанын сонда біледі. Өздерінің Құдайға қарсы шайқасқандарын ұғады. Дін ұстаздарының «жұмаққа бара жатырмыз» деп, шын мәнінде оларды елімге жетелегенін түсінеді. Үкім шығарылатын күні ғана діни қызметте тұрғандардың міндеттерінің қаншалықты жауапты болғанын және олардың қателерінің неменеге әкеліп тірегенін көретін боламыз.

«Маңайыма жолама арам құл!» деген Алланың сөзін еститіндер өте жаман жағдайда тұрады.

Аспаннан Өзінің халқымен мәңгілік өсиетке тұратын Иса Мәсіхтің қай күні, Қай сағатта келетінін хабарлайтын Құдайдың дауысы шығады. Бұл дауыс күннің күркірегеніндей болып, барлық жердің бетіне естіледі. Құдайдың халқы көкке қарап әрбір сөзді мұқият тыңдайды. Кезінде Мұса пайғамбарының жүзі Алланың нұрымен қалай жарқыраса, Оның меншікті халқының да түрі дәл солай жарқырайды. Арсыздар олардың жүздеріне қарай алмайды. Алланың заңын орындап, Оны сыйлағандарға бата беріліп жағқан кезде қатты жеңісті дауыс шығады.

Сонан соң шығыс жақтан адамның алақанының жартысындай күңгірт бұлт пайда болады. Бұл бұлт Құтқарушыны қоршап, алыстан қарағанда ол мұнарға оранғандай болып көрінеді. Бірақ меншіктілер бұл Адамзат Ұлының белгісі екенін жақсы біледі. Осы көріністі олар салтанатты үнсіздікпен бақылап тұрады. Жерге жақындаған сайын бұлт айқындала түсіп, ақыры үлкен ақ бұлтқа айналады. Оның негізі жұтып әкететін жалындағандай оттай ағақпен қамтылған, ал бұлттың үстінде өсиет кемпірқосағы жарқырайды. Енді Ол мазақ пен масқараның ащы тостағанынан ішкен «қасірет тартқан азамат» ретінде емес, көк пен жердің Билеушісі, өлілер мен тірілерге үкім шығарушы Жеңімпаз ретінде келді. «Ақ боз аттарға мініп, кіршіксіз таза ақ бәтес жамылғы киген көктің әскерлері Оның соңынан еріп жүрді» (Аян 19:11,14). Исаның соңынан ерген періштелердің көптігі соншалықты, саны да жоқ секілді. Түгел аспан жарқылдаған тіршілік иелеріне толып кетті. Бұл көріністі айтып жеткізуге адамның тілі де жетпейді, пенделердің қаламы оны бейнелеп те бере алмайды. Оның ұлылығы мен атағы жердің бетін толтырды. «Оның жарығы күннің көзіне ұқсас» (Абқ. 3:3,4). Бұлт төмендеген кезде барлық жандар өмір Ханзадасын өз көздерімен көреді. Енді Оның басына кигені тікенек емес, даңқтың жарқыраған төжі, ал жүзі тал түстегі күннің кезінде жарқырайды.

«Оның жамылғысы мен мықынында: патшалардың Патшасы, иелердің Иесі» деген жазуы бар (Аян 19:16).

Оның мейірімін қабылдамаған жандардың бойын сұмдық қорқыныш билеп алған. «Жүректері еріп, тізелері дірілдеп, жүздері қарайып кеткен» (Ерм 30:6; Нқм. 2:10). Тақуалар шымырлаған сезіммен: «Кім шыдай алар екен?» деп абыржиды. Осы сөздерден кейін керемет қорқынышты үнсіздік орнайды. Сонан соң Исаның «Менің рақымым сендерге жетерліктей берілді» деген дауысы шығады. Сол кезде тақуалардың жүздеріне қуаныш еніп, періштелер әндерін әрі қарай жалғастырады.

Патшалардың Патшасы жалындаған оттай бұлттың үстіне түседі. Жер сілкініп, таулар мен аралдар орындарынан қозғалады.

«Біздің Құдайымыз келе жатыр және Ол үнсіз емес: алдында жалын, маңайында қатты дауыл. Ол көк пен жерді халықтарға үкім шығаруға шақырады» (Жыр. 49:3,4).

«Жердегі патшалар, ақ сүйектер мен байлар, қолбасшылар мен күштілер және күллі құл еріктілер ұңгірлерге, таудағы құздардың арасына тығылып қалады. Олар таулар мен құздарға жалбарынып: үстімізге құлап, бізді тақта Отырғанның көзінен таса қылып, Тоқтының қаһарынан жасыра көріңдер. Құдайдың қаһарын төгетін күні жетті, енді кім соған төзе алады!» деп қиналады. (Аян 6:15-17).

Мысқылдау мен ажуалау тоқталады. Арсыздардың ауыздары жабылады. Сатырлаған қарулардың дыбысы, шапқыншылардың айғайы және шайқастың шуы естілмейді. Тек мінәжат ету, жылап сықтау, зарлы үн ғана шығады. Бір кездері ажуалаған, мазақ сөздер шыққан ауыздардан енді: «Қаһарлы да ұлы күн келді, соған кім шыдай алар екен!» деген үндер үзіліп-үзіліп кеңістікке тарап жатады. Арсыздар таулар мен құз шатқалдардың үстеріне құлап, тақта отырғанның жүзін көрсетпеуін сұрайды. Өлілерді оятып жатқан дауыс оларға өте таныс. «Өлімнің сендерге қанша керегі бар? Жаман жолдарыңнан қайтып, Менің ізіммен жүріңдер, тәубәларыңа келіңдер» - деген бұл мейірімге толы дауыс - ең жақын достың, жанашыр бауырдың, Құтқарушының дауысы болатын. Алланың қанша рет шақырғанын керек қылмай, оның мейірімін қабылдамаған жандарды бұл дауыс әбден кінәлай алады (Езк. 33:11). Бұл дауыс оларға таныс болмаса бір жөн ғой! Иса оларға: «Мен сендерді шақырдым, бірақ сендер тыңдамадыңдар, қолымды создым, керек қылмадыңдар, Менің ақылыма көңіл аудармадыңдар, Мені қабылдамадыңдар» дейді (Нқл. 1:24,25). Осы дауыс олардың пайдаланылмай қалған мүмкіндіктері мен зұлым істерінің барлығын естеріне салады.

Исаның жанын қинағандар да сол жерде тұрады. Сонда «Менің Билеуші ретінде Құдірет Иесінің оң жағында отырғанымды әрі аспандағы бұлттармен келе жатқанымды әлі көретін боласыңдар!»

деген Исаның сөзі олардың естеріне түседі (Матай 26.64). Енді олар шынымен де Мәсіхтің даңқын және Оның Жаратқан Иенің қасында отырғанын көреді.

Бір кездері «Мен Құдайдың Ұлымын» дегенде Оны мазақ қылғандар, енді үнсіз тұр. Нөкерлеріне: «Басына патшаның тәжін кигізіңдер» деп мысқылдаған Ирод та осында. Исаның үстіне қоңыр қызыл жамылғы жауып, басына тікенек тәж кигізген жексұрындар да, өмір Ханзадасының бетіне түкірген сұмырайлар да, аяқ қолын шегелеп, канжармен бүйірін тескен жауынгер де осы жерде. Олардың енді Исаның өткір жүзіне қарауға шамалары жоқ. Тақта Отырғанның түрін көрмесе болды, қайда болса да қашуға дайын.

Сол заманның басшылары мен дін қызметкерлері Ғолгота оқиғасын анық естеріне алады. «Мынау басқаларды құтқарыпты, бірақ Өзін құтқара алмай тұр! Егер Ол Израилдің патшасы болса, Өзінің күдіретін пайдаланып дереу айқыштан түссін, сонда біз Оған сенейік. Ол Құдайға үмітін артыпты, ендеше Құдай Оны ұнатса қазір босатып алсын! Өйткені Ол Өзін Құдайдың рухани Ұлымын дейді ғой» (Матай жазған Ізгі хабар 27:42,43) - деген сөздері естеріне түсіп, қатты қорқып тұрады.

Олар жүзімнің өнімін иелеріне бермей, оның қызметшілерін мазақ қылып, баласын елтірген жүзімшілер туралы Құтқарушының айтқан аңызын естеріне алады. Сондай-ақ олардың естеріне істеген қылықтары үшін қожайынның шығарған үкімі де түседі. Сондықтан олар ендігі жерде өздерін не тосып тұрғанын жақсы біледі. Сол кезде олардың ауыздарынан қамыққдн сұмдық айғай шығады: «Бұл Құдайдың Ұлы! Шынайы Елші!». Осы айғай бір кездердегі «Айқышқа шегелеңдер! Шегелеңдер Оны!» деп Иерусалимнің көшесін даңғыратып жіберген айғайдан да ащы болады. Сол-ақ екен патшалардың Патшасының жүзіне қараудан қорыққан олар табиғат апатынан пайда болған терең шұңқырларға тығылмақ болады, бірақ олай істей алмайды.

Ақиқатты қабылдамайтындардың өмірлерінде ұяттары оянып, жасаған арсыз істерін естеріне алып, қиналатын кездері болады. Бірақ олардың бұл уайымдарын ақыр кезінде арсыздардың бастарына түсетін уайымдарымен салыстыруға да келмейді (Нқл. 1:27). Сонан соң олар: «Мінекей бұл - біздің Құдайымыз. Біз Оған үміт арттық және Ол бізді құтқарды» (Ишая 25:9) - деп салған тақуалардың әндерін естіп, жандары түршігеді.

Күркіреген күн мен жарқылдаған найзағайдың арасынан Құдайдың рухани Ұлының дауысы шығады. Ол қолын көкке көтеріп: «Ояныңдар, ояныңдар, ояныңдар, көрде ұйықтап жатқандар

түрегеліндер!” деп дауыстайды. Сонда жер бетіндегі барлық қабырлар ашылып, өлгендер Оның дауысын естіп тіріледі. Әрбір тілдердің, буындардың, халықтардың іштерінен оянып шыққан көп әскердің дүбірінен жер сілкінеді. Сонда мәңгілік даңққа бөленген олар: «Ажал! сенің уытың қайда? Дозақ! сенің жеңісің қайда?» - деп салтанатты түрде шаттана дауыстайды (ІҚор. 15:55). Сонан соң тірілгендер елімнің дәмін татып көрмеген тақуалармен қосылады, олардың біріккен әндері жоғарыға шарықтап, әуені шайқалтып, жан жаққа таралып жатады.

Қабырдан шыққандардың түрлері дәл өлер алдындағыдай болады. Қайта тірілгендердің ішінде тек Адам ата ғана ұзын бойымен, сымбатты мүсінімен көзге түсіп, Құдайдың рухани Ұлынан сәл ғана темен тұрады. Ол езінің ұрпақтарынан әлдеқайда өзгеше көрінеді, соның өзінен-ақ күнәнің адамзат баласын қаншалықты тоздырып жібергенін көруге болады. Дегенмен мәңгілік өмір үшін оянғандардың еңінен мәңгілік жастықтың, нәзіктіктің, сұлулықтың мөрі байқалады. Адам жаратылған кезде тек мінезі ғана емес, түрі де Жаратушысына қатты ұқсаған. Бірақ күнә адамның бойынан Құдайдың бейнесін өшіріп жіберді, ал Мәсіх біздің планетамызға жоғалғанның барлығын қайтару үшін келді. Ол біздің сымбаттылығынан айрылған денемізді қалпына келтіреді. Барлық мүкістеріміз, ақауларымыз, кесірлеріміз молада қалады. Ақталғандар Бейіш бағына кіргеннен кейін, өмір ағашының жемістерінің дәмін татып (Малахи. 4:2), өсіп өніп өздерінің алғашқы қалыптарына келеді. Қарғыс пен күнәнің ізі өшіп, олар жанымен де, тәнімен де, ойымен де Аллаға ұқсайтын болады. Тақуалар осы өмір жайлы көп ойлаған, оған сенген, үміттеніп күткен, оны аңсаған, бірақ қалай болған күнде де оны жете түсіне алмаған.

Ал тірі қалған тақуалар бір мезетте өзгеріп шыға келеді. Олар сырнайдың дауысы шыққан кезде сымбаттанады, енді ешқашан өлмейтін денеге ие болады, сөйтіп қайта тірілген тақуалармен бірге әуеде қалықтап Құдайға қарай жоғарыға көтеріледі. Періштелер барлық жердің бетінен тақуаларды жинап, нәресте кезінде өліп қалған балаларды аналарына қайтарады. Өлім ажырастырып жіберген достар қайта қауышады. Барлық жандар ауызбен айтып жеткісіз қуанышқа беленіп, көктегі қалаға көтеріледі.

Бұлттан құралған кос дөңгелекті арбашалардың қанаттары болады. Оның тірі дөңгелектері және қанаттары да қозғалған сайын «Қасиетті» деп сөйлеп тұрады. Барлық періштелер «Құдай Иеміз қасиетті!» деп ән салады. Арбашалар жаңа Иерусалимге тақаған кезде тақуалар да Иелерін мадақтап ән салады.

Қасиетті қалаға кірмес бұрын Құтқарушы Өзінің ізбасарларына жеңіс эмблемалары мен «Патшаның әулетіне жатады» деген белгілерді таратады.

Ақталғандар, бойы періштелер мен киелілерден әлдеқайда жоғары, жүзі сүйіспеншілік және мейірімділікпен жайнап тұрған Құтқарушыларын қоршап жарқыраған шеп құрады. Иса оң қолымен жеңгендердің бастарына даңқ тәжін кигізеді. Ақталғандардың тәжінде «Аллаға арналған қасиетті!» деген сөз бен олардың жаңа аттары жазылып тұрады. Олардың әр қайсысының қолына құрма ағаштарының бұтағы мен жарқыраған арфалар беріледі. Сонан соң әнге қолбасшылық жасайтын періштенің басқаруымен барлығы күй аспаптарын қолдарына алып, ғажайып ән орындайды. Тұрғандардың барлықтарының жүректері қуанышқа толып, Құдайға деген ризашылықтарын әнмен білдіреді: «Мәсіх бізді сүйіп, Өзін құрбан етіп, төгілген қанымен күнәларымыздан тазартып, арылтты, һәм бізді Өз Құдайы және Әкесіне бағышталған қызметкерлердің патшалығы қылды. Оның салтанатты ұлылығы мен құдіреті мәңгілік бола бермек. Амин» (Аян 1:5,6).

Ақталғандардың алдында киелі қала тұрады. Иса оның меруерт қақпаларын ашып, ақиқатқа адал болып қалғандарды осы қалаға кіргізеді. Қаланың ішінен олар Бейіш бағын көреді. Сонан соң олар адамның құлағы естіп көрмеген, керемет әннен де нәзік «Шайқастарың аяқталды» деген дауысты естиді. «Әкемнің батасын алғандар келіңдер, дүние жаратылғаннан бері сендерге дайындалған І Іатшалықты еншілікке алыңдар»

«Маған бергендерің Мен қдйда болсам, Менімен бірге сонда болса екен» деген Исаның тілегі орындалады (Яхуда.24). Мәсіх Өзінің құтқарып алған халқын Әкесіне көрсетеді: «Мінекей Мен және Маған берген балаларың, Мен оларды сақтадым». Қандай ғажап сүйіспеншілік десеңізші! Шексіз Құдай Әке ақталғандарға қарап, олардан Өз бейнесін көретін сөт қаншалықты ғажап болмақ!

Иса Өзіне сенімді болып қалғандарды шексіз сүйіспеншілікпен Оның қуанышына ортақтас болуға шақырады. Исаның қуанышы дегеніміз - Оның бейнетке батып, азап шегіп, қанын тегіп құтқарып алған қауымының Құдайдың патшалығына кіргені. Сонда құтқарылғандар өздерінің араларынан бір кездері тілектерін тілеп, уағыз айтып, сүйіспеншілікпен Мәсіхтің маңайына жинаған жандарды көреді. Құтқарылғандардың барлығы Құдайдың ақ тағының қасына жиналады. Жүректері шексіз қуанышқа толған бұл пенделер, бастарындағы тәждерін шешіп Исаның аяғына қойып, Оның есімін мәңгі бақи мадақтауға дайын тұрады. Құдайдың қасиетті қаласында ақталғандарды қарсы алып жатқан кезде әуе шарықтаған

энге толады. Осы арада екі Адамның кездесетін сәті де келеді. Бірі Құдайдың Рухани Ұлы Мәсіх Иса, екіншісі адамзат баласының бабасы Адам ата. Адам ата өзінің бастап берген күнәсінің нәтижесінде Құтқарушының денесінде қалған ащы азап іздерін көргенде, Оның аяғына жығылып: «Біздер үшін құрбан болған Тоқты жасасын!» - деп дауыстайды. Құтқарушы оны сүйіспеншілікпен жерден тұрғызып алып, бір кездері ол қуылып шыққан Бейіш бағын керсетеді.

Бейіш бағынан қуылғаннан кейінгі Адам атаның жердегі өмірі қасіретке толы болды. Солып қалған әрбір жапырақ, құрбандыққа шалынып отырған әрбір жазықсыз мал, табиғатта болып жатқан өзгерістер, адам баласының мінезіндегі толып жатқан ақаулар - осының барлығы бабамыздың есіне оның күнәсін түсіріп отырған. Заңсыздықтары үшін ұрпақтарына ескерту жасаған кезде, «осы зұлымдықты бастап берген езіңсің» деген сөздерді естіп, жаны қатты күйзелген. Осы ауыр жүкті ол 1000 жылға тақау уақыт бойы арқалап жүрді. Ол бар ниетімен, шынайы түрде тәубасына келді. Құтқарушының келетініне және өлгеннен кейін қайта тірілетініне сенді. Құдайдың Рухани Ұлы адамзат баласының күнәсін Өзінің қасиетті қанымен жуып, адамдарды мәңгілік өлімнен арашалап алып қалды, осы татуластыру қызметінің арқасында Адам атаға оның алғашқы билігі қайтып оралды.

Шексіз қуанышқа беленіп тұрған Адам ата өзінің ағаштарын, сол ағаштардан бейкүнә кезінде жинаған жемістерін, күтіп баққан гүлдерін көріп қатты қуанды. Қайта қалпына келтірілген Бейіш бағы бұрынғысынан да сұлу көрінеді. Құтқарушымыз бабамызды өмір ағашының жанына жетелеп әкеліп, оның жемісінен үзіп алып, қолына ұстатады. Бір мезгілде Адам ата жан жағына көз салып, оларды қоршап тұрған өзінің ақталған көптеген ұрпақтарын көреді. Сол сәтте басындағы тәжін шешіп алып, Исаның аяғына қояды, ал езі қобалжығанын жасыра алмай Құтқарушыны құшақтайды. Сонан соң алтын арфаны қолына алып әндетеді: Құрбандыққа шалынып, қайта тірілген Тоқты жасай берсін! Адам атаның ұрпақтары бұл әнді әрі қарай жалғастырып әкетеді және бастарындағы тәждерін шешіп алып Құтқарушының аяғына тастайды.

Бір кездері Адам атаның күнә жасап құлағанын көріп қатты қайғырған және Исаның өлімді жеңіп, қайта тірілгеніне шексіз қуанған періштелер бұл сұлу көріністі жай ғана бақылап тұра алмайды, мадақтау әнұранына дауыстарын қосып, әрі қарай жалғастырып әкетеді.

Шыны теңізінің үстінде, Құдайдың тағының алдында, теңіз Құдайдың атағымен отпен араласқан шыныдай жарқырайды,

жиналғандарды көрдім. Бұлар айуанның мүсініне табынбаған, оның атының санын қабылдамаған, осылайша айуанды жеңіп шыққандар еді - дейді Жоһан пайғамбар (Аян 15:2).

Мұнан кейін Сионның төбесінде тұрған 144 000 адамды көрдім. Сонда мен сырылдап аққан кеп судың дыбысындай, күннің қатты күркірегеніндей көктен шыққан бір дауысты естідім. Ол жетігенде ойнаған күйшілердің әсем сазындай еді. Тақ алдында және төрт нөкер мен ақсақалдардың алдында жаңа ән айтылды. Оны күнәларының құны өтеліп, күнәкар дүниеден азат етілген 144 000 мың адам ғана үйрене алды. Олар Иемізге деген адалдықтарын бұзбай, өздерін пәк ұстағандар еді. Тоқты қайда бармасын, олар Оған еріп жүреді. Бұлар - Тоқтыға және Құдайға бағышталған алғашқы сыйтарту (Аян 15:2,3; 14:1-5). Бұлар зор қасіреттен келгендер. Олар адам баласы ешқашан көрмеген қиын заманды бастарынан кешкендер. Жақыптың басынан өткізген қасіретін көргендер. Ақыр заманда жер бетіне Алланың қаһары төгілген сұрапыл заманда, қасіретке қарсы арашашысыз (қорғансыз) тұрғандар.

Бұлар зор қуғындау кезеңінен өткендер. Олар шапандарын Токтының төгілген қанымен «жуып» аппақ қылды, сондықтан Құдай тағының алдында тұрып, Оған күні түні всиелі үйінде қызмет етеді. Тақта Отырған олардың арасында бірге тұрып, баспана болады. Олар аштық пен індеттен босап қалған жерді көрді, жер бетін күйдірген күннің аптабының да куәсі болды және өздері де сол аштықты, аптапты, қасіретті бастарынан өткізді. Енді ешқашанда соларды аштық пен шөл азабы қинамайды, күннің аптабы да күйдірмейді. Себебі тақтың ортасындағы Тоқты олардың Бағушысы болып, «өмір суының» бұлақтарына жетелейді. Құдай олардың барлық көз жастарын сүртіп тастайды (Аян 7:14-17).

Барлық ғасырларда да Құдайдың қалаулылары сынақтың қатаң мектебінен өткен. Тар жолмен жүріп, тайғақ кешіп, қасіреттің отымен тазартылған. Мәсіх Иса үшін, Оған деген сенімі үшін неше түрлі көрешекті көрген. Күнәнің қаншалықты ауыр екенін біліп, оның күшін көріп, ездерін кінәлі сезініп қайғырғандары соншалықты, оны жек керіп кеткен. Олардың күнәлары үшін қасірет шеккен Құтқарушының азабы бұл пенделерді жуасытып, жүректерінде ризашылық сезімдерін оятқан. Өздері ондайды басынан өткермеген бейкүнә жан иелері (періштелер мен көктің басқа да тұрғындары) оларды ешқашан түсінбейді. Бұлардың сүйіспеншілік сезімдері де басқаларынан гөрі мықты болмақ, өйткені оларға көп нәрсе кешірілді. Мәсіхтің қасіретін бөліскен бұл пенделер, енді Оның атағын да бөлісе алады.

Құдайдың мұрагерлері үйдің шатырларынан түсіп, лашықтар мен түрмелерден шығып, жазалану алаңдарынан (эшафот), таулардан, шел даласынан, зындандардан оралып, теңіз тұңғиығынан көтеріледі. Жер бетінде олар көп бейнет керді. Миллиондаған халық албастыға бағынбағандықтан өлім жазасына кесіліп, көрге түсті. Адамның шығарған үкімі бойынша олар қылымыскерлер. Дегенмен ендігі жерде Сот - бір Құдайдың Өзі (Жыр. 49:6). Жер бетінде шыққан шешімдер өзгертіледі. Құдай Өзінің халқынан масқара атақты алып тастайды (Ишая 25:8). «Олар «Жаратқан Иенің құтқарып, Өзіне бағыштаған халқы» - деп аталады. Сион қаласындағы жоқтау айтып жүргендердің бастарына шашылған күл орнына әшекейлі тәж кигізіліп, жұпар иісті май жағылып, қайғылары қуанышпен алмастырылады» (Ишая 62:12;61:3). Енді олар жер бетінде босып, қасірет шегіп, қуғындалып жүрген жандар емес. Бұл қауым Құдаймен үнемі бірге болады, үстеріне осы дүниенің әйгілілері кимеген киімді киеді. Бастарына жер бетінің монархтарының маңдайлары көрмеген тәждер кигізіледі. Уайым, қайғы, қасірет, жылау бір жола жойылады. Құдай олардың көз жастарын сүртіп тастайды. Осы қауым қатты дауыспен: «Құтқарылу - тақта отырған Құдайымыз бен Тоқтының билігінде» деп мақтау айтады. Бұл қуаныш әнұранының дыбысы көкті сілкіндіреді. Барлық көктің тұрғындары: «Амин! Дәріптеу, ұлылық пен даналық, шүкірлік, құрмет, құдірет пен билік мәңгілік біздің Құдайымызға арналған!» деп жауап қайырады (Аян 7.10,12).

Бұл өмірде біз құтқару жоспарын түсінуге барымызша тырысамыз. Дегенмен шектеулі санамызбен қанша ойлансақта айқыш ағашта керсетілген қорлық, пен даңқты, өмір мен өлімді, әділеттілік пен мейірімділікті соңына дейін ұға алмаймыз. Құдайдың шексіз махаббатының пәрменін аздап қана елестете аламыз. Мәңгілік бойы, уақыт өткен сайын біздерге жаңа ақиқаттар ашылып отырады, бірақ құтқарылу жоспарының мәнін бақи бойы зерттейміз.

Қасірет, қайғы, уайым, бейнет аяқталғанымен Құдайдың қауымы қандай бағамен құтқарылғандарын анық білетін болады.

Айқыш ағаш олардың мәңгілік бойы зерттейтін ілімі мен әңгімесіне айналады. Даңқы бар ғаламға белгілі Мәсіхтің келбетінен олар үнемі айқышқа шегелеулі Мәсіхті көретін болады. Шығармашылық күшімен бар ғаламды жаратқан, көктің тұрғындары мен періштелер сүйіспеншілікпен тағзым ететін Құдайдың Сүйіктісі адамзат баласын құтқару үшін, оның деңгейіне дейін төмендеді, адамдардың күнәларын арқалап, солар үшін құрбан болды. Күллі адамзат баласының күнәсін мойнына алып тұрған кезінде көктегі Құдай Әке одан бетін бұрып әкетті. Сонда адамзат баласының қанды

қасіреті Ғолғота Азаматының жүрегін қақ айырып, айқыш ағашта Ол пенделері үшін өмірмен қоштасты. Бұл ерлік барлық жан иелерін таң қалдырмай қоймайды. Оған сүйсінеді, қызығады және түсінуге ұмтылады. «Біз үшін құрбан болған, қасиетті қанымен күнәмізді тазартып, өзімізді мәңгілік өлімнен арашалап алып қалған Тоқты жасасын” - деп шабыттана әндетеді. Есімін мәңгілік мадақтайды.

Айқыш ағаштың құпиясы басқа да құпияларды түсіндіреді. Алланың біздер үшін айқышта қанын судай ағызған қасиеті бойымызда қорқыныш сезімін тудырып, жанымызды түршіктіретін, енді біз бұл құрбандықты басқа қырларынан көріп, сүйсіне аламыз. Мейірімділік, түсінушілік, әкелік сүйіспеншілік қасиеттілікпен, әділетті үкіммен және Оның күшімен бірігіп тұр. Енді біз Оның табиғатын түсініп, Оның мейірімді де, шексіз махаббат Иесі екенін ұға аламыз. Сонда «Біздің көктегі Әкеміз» деген сөздердің де мағынасы айқындалады.

Құтқарылудың басқа жолы жоқ болғанын әркім өз көзімен көретін болады. Қасиеттілер мекендейтін жерді көру қуанышы - бұл құрбандық үшін берілген тамаша сый болып табылады. Құтқарушымыздың қара күштің иесімен шайқасының нәтижесі Құдайды мәңгілік мадақтау үшін ақталғандарға сый ретінде берілген қуаныш. Ақталғандардың Құдайға қымбат болатыны соншалықты, олар үшін теленген төлем көпте болып көрінбейді және Мәсіх та Өзінің ерлігіне керемет ризашылықпен қарайтын болады.

Шайтанның мың жылға кісенделуі

«Себебі оның күнәлары көкке жетерліктей көп. Енді Құдай оның сәділетсіздіктерін ескеріп, соғмақ. Басқаларға көрсеккен зорлық зомбылықтарын өзіне көрсетіп, жаман қылықтарына сай екі есе қылып қайтарыңдар. Оның басқаларға арнап араластырған өз тостағанындағы «шарабына» азғындықты екі есе қылып қосып, өзіне дайындап беріңдер! Ол қаншама сән салтанат пен молшылыққа кенелген болса, оған соншама кеп азап пен қайғы қасірет тартқызыңдар! Ол: «Мен тақта отырған ханыммын, жесір емеспін, қайғы қасірет те шекпеймін!» дейді. Сол себепті бір-ақ күннің ішінде мына пәлелерге: індет, қайғы-қасірет пен аштыққа ұшырап, отқа өртенбек. Себебі оны соттаушы күдіретті Құдай Ие. Бабылдың азғындығы мен сән салтанатты өмір салтына араласқан жер бетінің патшалары, оны құртып жатқан өрттің түтінін кергенде жоқтау айтып, еңіреп жылайтын болады. Оның көрген азабынан зәрелері ұшқан олар, қашықта тұрып, былай деп жоқтамақ: «Ой, бауырым басыңа қаралы күи туды! Ұлы күшті Бабыл қаласы! Бір-ақ сағаттың ішінде үкімің кесіліп, іске асты!» (Аян 18.5-10).

«Жер бетіндегі саудагерлер де жылап, оған жоқтау айтады, себебі енді қайтып олардың дүниелерін ешкім сағып алмайтын болады. Ұлы қала қымбат ақ бәтес, қою күлгін, ал қызыл киімдер киетін, алтын әшекейлер, асыл тастар, інжу маржандарын тағынып, безеніп жалт-жұлт ететін! Соншама зор байлық бір-ақ сағат ішінде құрып кеттің ау (Аян 18:11,3,15-17).

Мінекей Құдайдың қаһары төгілген күні Бабыл қаласына осындай үкім шығарылады. Оның заңсыздығының тостағаны толды, уақыты жетіп, өзін жойып жіберуге дайындады.

Құдай Өз халқын құлдықтан босатқан кезде, өмір шайқасында жеңіліп, бәрін жоғалтқандар өздерінің аңырап қалғандарын көреді. Мейірім мезгілі әліде болса жалғасып жатқан кезде әзәзілдің өтірігіне мастанып жүрген олар, өздерін өздері ақтап, жасаған күнәларына сылтау іздеген болатын. Байлар Құдайдың заңын бұзу арқылы байығандарына қарамастан, өздерінің ештеңеден мұқтаж болмай, жарлылардан әлдеқайда биік тұрғандарына мақтанды. Олар аш жалаңаштарға қараспады, әділетті істер жасамады, мейірімділікті жаксы көрмеді. Осылайша олар өздерінің тікелей міндеттеріне немқұрайды қарады. Өздерін жоғары санап, қалғандары оларды құрметтеуге міндетті деп есептеді. Енді олар өздерін ұлы қылып тұрған дүниелерінен айрылып, қайыршылыққа ұшырады. Құдайдан артық санап, сыйынған пұттарының құрып жатқанын көргенде, бойларын сұмдық қорқыныш биледі. Иман байлығының орнына дүниенің байлығын жинаған олар, ақыры түп орындарымен ойрандалды. Рахаттары ащы уайыммен алмасты. Қазыналары топырақ болып шашылып қалды. Өмір бойы жинаған дүниелері бір сәттің ішінде көзден ғайып болды. Кез қызығарлық әсем ғимараттары мен зәулім сарайлары үйіндіге айналды. Кенеттен олар дүниелерімен бірге өздерінің де құритындарын еріксіз мойындады.

Арсыздар Құдайды елемей, жақындарын маңайлатпағандарына емес, Құдайдың оларды жеңгеніне өкінді. Олар күнә жасап, басқаларды қасіретке ұшыратқандары үшін емес, күнәнің соңынан келетін қасіретті бастарынан кешетіндеріне қиналып жылады. Жеңіске жету үшін, егер мүмкін болса өздеріне барлық жағдайды жасаудан бас тартайын деп тұрған олар жоқ.

Енді әлем ажуалап, мысқылдап, тіпті жер бетінен жойып жібереміз деген халықтың, жер сілкіністеріне, дауылдарға, су тасқындарына тағыда басқа табиғат апаттарына қарамастан аман қалғанын өз көзімен көрді. Заңын бұзғандарға лаулаған от болып тиетін Шексіз Алла Өз халқына қауіпсіз қорған болып табылады.

Ақиқатты бұрмалап, теріс уағыз айтып, халықты тіке жолдан тайдырып жүрген дін қызметкерлерінің әрбір аттаған адымдары Құдайға белгілі. Мінбеде сөз сөйлеп тұрған кездерінде, көшеде келе жатқанда, адамдармен сөйлескен кездерінде Тәңір Ие олардың істерін бақылап отырған. Енді олар маңайларына қарап, жан жақтарын қоршаған сорлы пенделердің жағдайларына назар аударған кездерінде, өздерінің істеген істерінің жемісін көреді.

Жаратқан Ие былай дейді: «Сендер жеңілтектік жасап, Менің халқымның жарасын өтірік емдейсіңдер. Үнемі «бейбітшілік, бейбітшілік» дейсіңдер, бірақ сол бейбітшіліктерің қайда? Ол жоқ. Мен

ренжіткім келмейтін тақуалардың жүректеріне қайғы саласындар, ал арсыздарды өлсін дегендей, жаман жолдан қайтарғанның орнына, керісінше қолдайсыңдар» (Ерм 8:11; Езк 13:22).

«Менің үйірімнің тоқтыларын қуып, өлтіргендерің үшін жауап бересіңдер жетесіз шопандар. Бастарыңа күл шашып жылаңдар, жауапсыз бақташылар! Мен сендерді зұлым істерің үшін жазалаймын. Тыңдаңдар Мені, үйір бастаушылары! Уақыттарың бітті, тығылатын баспаналарың қалған жоқ» (Ерм 23:1,2; 25:34,35).

Дін қызметкерлері мен халық Құдаймен қарама - қатынастарының түзу болмағанын түсінеді. Әділетті заңның Авторына қарсы шыққандарын көреді. Алланың Киелі заңын аяқ асты қылу зұлымдықтың, ұрыс керістің, жек көрушіліктің, заңсыздықтың көзін ашты. Ақыр соңында жер беті ұрыс алаңына және бұзылғандықтың шыңырауына айналды. Зұлымдықтың жолын таңдап, ақиқаттан бас тартқандар осының барлығын өз көздерімен көреді. Мәңгілік өмірді біржола жоғалтқандарын түсініп, қатты уайымға салынатын бұл пенделердің жағдайларын тілменен айтып ешкім жеткізе алмайды. Бір кездері данышпандығы мен тіл шеберлігіне әлем табынған, иықтарымен көкті тіреп тұрған менменшіл жандар қылышын сүйретіп ақыр заман жеткенде сорлы күй кешетін болады. Сол кезде олар өздері ажуалап, мазақ қылып, жандарын қинаған Құдайдың сүйікті халқының аяғына жығылады, олардың әділетті болғандарын мойындайды.

Сонан соң бұл сүмдық тобыр осындай қайғылы күйге душар болғандарына бірін бірі кінәлай бастайды, әрине кінәнің ең ащысы дін қызметкерлерінің еншісіне тиеді. Бұл арам қызметкерлер Құдайдың қасиетті заңын жарамсыз деп тауып, халықты солай оқытып, заңды құрметтегендерді қыспаққа алған болатын. Енді олар өздерінің қате ілімді уағыздағандарын мойындайды. Халық оларға қарғысын жаудырып, бір кездері өздері сый құрметке бөлеген діни ұстаздарына қарсы қанжарларын алып шығады. Барлық жерлерде шайқас пен қантөгіс басталады.

«Бұл шайқастың шуы жердің шетіне дейін жетеді, өйткені Құдай халықтармен сайысқа түседі: Ол пенделермен соттасып, арсыздарды найзаның ұшымен түйрейді» (Ерм. 25:31). Бұл ұлы шайқас алты мың жыл бойы жалғасып келеді. Осы шайқаста Құдайдың рухани Ұлы мен көктен жіберілген елшілер әзәзілдің күшімен шайкасып, жердің тұрғындарына дәріс беріп, оларды қауіп қатерден сақтандырып, неше түрлі пәледен құтқарып отырған. Енді әрбір адам баласы өз еркімен шешім қабылдады. Арсыздар шайтанға қосылып, Жаратушыларына қарсы шықты. Құдай үшін Оның тапталып қалған

заңының абыройын көтеретін кезі келді. Енді шайқас шайтанмен ғана емес, адамдармен де жүргізіліп жатыр.

«Құдай халықтармен сайысқа түсті»; «Ол арамдарды найзаның ұшымен түйреп елтіреді».

Азғындықтан шаршап, қасірет шеккен адамдардың мандайларына құтқарылу белгілері қойылады. Сонан соң Езекиел пайғамбар айтып қалдырған аянда сөз болған, қолдарына қару ұстап шыққан адамдар арқылы бейнеленген, жаналғыш періштелер шығады және оларға: «Қарттарды, бозбалалар мен қыздарды, нәрестелер мен әйелдерді өлгендерінше соққылаңдар, бірақ маңдайларында белгілері бар бірде бір адамға тиісуші болмаңдар және жорықтарыңды Менің қасиетханамнан бастаңдар» деген бұйрық беріледі. Пайғамбар былай дейді: «Олар бұл бұйрықты іске асыруды Үйдің алдында тұрған ақсақалдардан бастады» (Езк. 9:1-6). Өздерін халықтардың рухани ұстаздарымыз деп есептейтіндер бірінші болып құлайды. Ерлер мен әйелдер, қыздар мен жас балалар бірі қалмай өлтіріледі.

«Мінекей Жаратушы Ие жердің тұрғындарын олардың заңсыздықтары үшін жазалауға Өзінің тұрағынан шығып келеді, жер енді өлгендерді жасырмайды, сіңірген қанды сыртқа шығарады» (Ишая 26:21). «Иерусалимге қарсы шайқасқандар аяқтарынан тік тұрғандарымен, денелері қаңқаға айналып, көздері үңірейіп ұясына кіріп кетеді және ауыздарындағы тілдері кеуіп қалады, сол күні олардың өз араларында жанжал шығып, бір бірлеріне қол көтеретін болады» (Зэк. 14:12,13). Сонда оларға Құдайдың мейірімділікпен араласпаған қаһары төгіліп, жердің арсыз тұрғындары - діни қызметкерлер, халық пен олардың көсемдері, байлар мен кедейлер, атактылар мен қатардағылар барлығы бірдей қырылатын болады.

«Олардың денелері жердің бір шетінен екінші шетіне дейін шашылып жатады. Ешкім оларды жинамайды да, жерлемейді де» (Ерм. 25:33).

Иса Мәсіх екінші рет жер бетіне келгенде күдайсыздардың барлығы Оның ұлылығының жарығы мен сезінің рухынан қырылады. Ал өзінің меншікті халқын Ол көктегі Құдайдың қасиетті қаласына көтеріп әкетеді. Жер аңырап бос қалады. «Адамдар Құдайдың заңы мен ережелерін бұзып, Оның мәңгілікке жасаған келісіміне опасыздық жасауларымен жерді арамдады. Сондықтан да қарғыс жерді жалмайды. Оның тұрғындары өз кінәларының жазасын тартып, отпен жойылады» (Ишая 24:1,3,5,6).

Сонда оның түрі адам мекендемеген шөл далаға ұқсайтын болады. Барлық жерлерде бұзылған қалалар мен ауылдардың үйінділері, түп тамырларымен жұлынып қалған ағаштар, теңіздердің

түптерінен шыққан алып тастар, ара - араларында түбі жоқ шыңыраулар қалады. Алланың қаһары төгіліп, табиғат апатына ұшырап, ойрандалып қапқан жердің бетін пайғамбар осылай суреттейді.

Енді соңғы салтанатты қызметтің татуласу Күні бейнеленген оқиғасына көңіл аударайық. Киелінің Киелісіндегі қызмет аяқталғаннан кейін, барлық иһраилдың күнәсі құрбандыққа шалынған малдың қанымеи ғибадатханадан шығарылған. Сонан соң барлық қауымның көз алдында басты діни қызметкер ғибадатханадан шығарылған күнәні арнайы дайындалған текенің басына үйген (жапқан) (Йеу. 16:21). Дәл осы көрнекілік үшін берілген қызметтегідей, көктегі киелі үйдегі адамзатты күнәдан арашалау қызметі аяқталғаннан кейін, Құдайдың және көктегі періштелердің көз алдында ақталып шыққан адамдардың күнәлары шайтанның басына артылады, өйткені ол күнә атаулыны бастап берген зұлымдықтың көкесі. Шөл далаға жіберілген теке тәрізді шайтан да тірі пендесі жоқ, түнек басқан жерге жіберіледі.

Аянның авторы әзәзілдің қуылуын және сол кездегі жердің күйін суреттей отыра, сол уақыт мың жылға созылады деп хабарлайды. Иса Мәсіх жер бетіне екінші рет келгеннен кейін арсыздардың көздері жойылған соң болатын оқиға жайында аянда былай делінген: «Бұдан кейін мен көктен түсіп келе жатқан, қолында түпсіз тұңғықтың кілті мен ауыр шынжыр ұстаған періштені көрдім. Ол айдаһарды - ежелгі жыланды ұстап алып, оны мың жылға шынжырлап тастады. Енді қайтып мың жыл өткенше халықтарды алдай алмас үшін, періште оны түпсіз тұңғыққа лақтырып жіберіп, есігін кілттеп, мөрмен бекітті. Ал осы кезең еткеннен кейін ол біраз уақытқа босатылуға тиісті» (Аян 20:1-3).

Киелі Жазбаның басқа жерлерінде «тұңғық» деп тоналып, бос қалған жер айтылады. Киелі Жазуда біздің планетамыздың алғашқыдағы күйі жайлы былай делінген: «Жер ретсіз, тіршіліксіз бос жатты, суға толы тұңғықтың үстін қара түнек жауып тұрды» (Жар. 1:2). Аянда жер жартылай сол күйіне қайтып оралады делінген. Еремия пайғамбар: «Мінекей енді қарасам жер тоналып бос қалыпты. Аспан өзінің жарығын беріп тұрған жоқ. Таулар мен жоталар шайқалып тұр. Тірі жан көрінбейді, ұшып жүрген күстар да жоқ. Жан жағыма көз салсам барлық, қалалар қирап, үйіндіге айналған, жердің беті сұмдық копарылыс болғандай ойрандалып қалыпты» дейді (Ерм 4:23-26).

Осы жерде шайтан мен оның жындары 1000 жыл бойы шұбырып жүретін болады. Басқа әлемдерге өтуге оған рұқсах жоқ, сол себепті де пайғамбар оны шынжырлаулы деп суреттейді. Қаншама ғасырлар бойы оның істеген ісі - жауластыру, қырылыстыру, ұрыстыру,

халықтарды бір біріне айдап салу, аңдыстыру, тартыстыру болған. Олардың уайымын, қайғысын, бейнетін, өлімін көріп, зарын естіп ібілістің жаны рахаттанып, қуанған болатын. Енді ол сол мүмкіншілігінен айрылады, өйткені жер бетінде одан басқа ешкім қалмайды.

Ишая пайғамбар сондағы оның күйін: «Қалайша сен - Арайдың баласы, таң жұлдызы аспаннан құладың! Халыққа толы жерге құлап, қирадың. Бірақ сен ішіңнен: «көкке көтерілемін, жұлдыздардан да биік тұрып, Құдаймен теңдес боламын» деп ойлағансың. Сол үшін де сен дозаққа түстің». Сені көргендер: «Осы ма жерді шайқалтып, патшаларды теңселтіп, әлемді шөл далаға айналдырып, қалаларды қиратып, тұтқындарды босатпай, қамап ұстаған» деп ойлайтын болады (Ишая 14:12-17).

Алты мың жыл бойы ібілістің көтерілісі жерді теңселтіп тұрды. Қалаларды қиратып, адамдарды арамдап, жер бетіне бүлік салды, тұтқындарды қамап ұстады. Алты мың жыл бойы Құдайдың халқына зорлық - зомбылық жасап, қараңғы қапасқа қамады. Егер Мәсіх Иса келіп, оның кісенін қиратып, тұтқындарды босатпағанда, бейшара жандар сол зындандарда мәңгі бақи қалған болар еді.

Ібіліс жер бетінде жындарымен жеке қалып, күнәнің қандай нәтижелерге жеткізгенін көреді. «Халықтардың барлық патшалары құрметтеп қойылған өз қабірлерінде жатыр. Ал сен қажетсіз бұтақшадай қабіріңнен алыс жерге лақтырылып тасталдың. Сүйегің өлексе іспетті тапталып, патшалар қабіріне қойылмайды. Өйткені сен өз еліңді талқандап, өз халқыңды құрттың» (Ишая 14:18-20). Енді әзәзілдің өзінің істеген ісін бағалайтын уақыты жеткілікті болады. Сол кезде оның жаны қатты қиналады. Егер бұрын ол жан жағына қарауға мұршасы болмай, тыным таппай еңбектенсе, енді жасаған зұлымдығы үшін жауап беретін уақыттың тақағанын көреді. Қорқынышты болашақты жаны түршіге отыра күтудің қаншалықты азапты екенін басынан кешеді.

Құдайдың халқы ібілістің қамауға алынғанына қатты қуанады. Пайғамбар: «Құдай сені құлдықтан, қорқыныштан, қасіреттен босатқан күні, сен азаптаушыдан құтылғаныңа қуанып ән салатын боласың, өйткені Алла халықтарды қырғынға ұшыратқан арсыздардың қаруын қиратты» дейді (Ишая 14:3-6).

Бірінші тірілу мен екінші тірілудің арасындағы өтетін мың жыл бойы аспанда жүгенсіздердің соты жүреді. Елші Пауыл сол уақытқа меңзей отыра: «Сондықтан уақыты келмес бұрын айыптауға асықпай, Иеміздің қайта оралуын күтіңдер! Ол келген соң қараңғыға жасырылғанды әшкерелеп, жүрек пиғылдарын ашып көрсетеді» дейді (ІҚор. 4:5). Даниял пайғамбар: мәңгі жасап келе жатқан Құдай Тағала

келгенде «адамзатты соттау ісі Жаратқанның киелілеріне тапсырылады» дейді (Дан. 7:22). Сол кезде тақуалар Құдайдың діни қызметкерлері ретінде билік жүргізетін болады. Жохан пайғамбары: «Сонда мен тақтарды және соларда отырғандарды көрдім. Оларға адамзатты соттап, үкім шығару билігі беріліпті. Сондай-ақ Исаға адал болып, Құдайдың Ізгі хабарын жариялағандары үшін шейіт болғандарды да көрдім. Бұлар айуан мен оның мүсініне табынғанда жоқ, айуанның таңбасын маңдайлары мен қолдарына қабылдаған да жоқ. Олар қайта тіріліп, Мәсіхпен мың жыл бойы патшалық құрды» (Аян 20:4,6).

Елші Пауылдың «Киелілер әлемді соттайтын болады» деген уақыты осы (1Қор.6:2). Тақуалар Мәсіх Исамен бірге заң бұзушылардың істерін қарастырып, оларды Киелі заң арқылы тексеріп, соңында оларға үкім шығарады. Шығарылған үкім әр кайсысының өлім кітабындағы аттарының қасына жазылады.

Сол сияқты Мәсіх пен Оның халқы жындар мен ібілісті де соттайды.

Елші Пауыл : «Немесе біз періштелерді соттайтындарымызды білмейсіңдер ме?» дейді (3-ші мәтін). Елші Яхуда: «Сондай-ақ, өздерінің билік жүргізуге тиесілі орындарын сақтамай, мекен тұрағын тастап кеткен періштелерді де ескеріндер. Иеміз оларды соттайтын ұлы күн жеткенше тамұқтың қара түнегінде шынжырлап сақтап отыр» (Яхуда 6) - дейді.

Айтулы 1000 жыл өткеннен кейін екінші рет тірілу болады. Сол кезде барлық арсыздар оянып, Құдайдан жазаларын алу үшін Оның алдына жиналады. Тақуалардың тірілетін уақытын суреттеп берген аянның авторы Жохан пайғамбар былай дейді: «Бұлардан өзгелері мың жыл өткенше тірілмейді». Және Ишая пайғамбар: «Олар зындандағы гүтқындардай жиналып, бірге қамалады. Ұзақ қамалғаннан кейін олар Құдайдың назарына қайтадан ілігеді» - дейді (Ишая 24:22).

Шайқастың соңы

Мың жыл аяқталғаннан кейін Иса Мәсіх Өзінің халқымен және періштелерімен қайтадан жер бетіне келеді. Ол келген соң барлық арсыздарды оятады. Олардың сандарының көп болатындығы соншалықты, жағалауда шашышып жатқан құмменен ғана салыстыруға келеді. Алғашқы тірілу кезіндегі оянғандардың түрлерімен бұларды салыстыру тіпті мүмкін емес. Тақуаларға мәңгілік жастық пен сұлулық беріледі, ал арсыздардың түрлерінен ауру мен өлімнің ізі көрініп тұрады.

Барлықтарының бет жүздері Құдайдың Ұлының даңқына бағытталған. Арсыздар: «Алланың атымен Келе Жатқан баталы болғай!» деп айқайлайды. Бұл сөздерді оларға айтқызып тұрған Исаға деген сүйіспеншіліктері емес, ақиқаттың күші. Арсыздардың ішкі дүниелері өзгеріссіз сол қалпында қалады. Енді олардың кесірлерін түзейтін уақыттары да, мүмкіншіліктері де жоқ. Олар тәубәларына келген де емес, келем деп ойлаған да емес. Арсыздарға гағы да уақыт берілген күннің өзінде, ештеңеде өзгермейді, барлығы боз баяғы қалпында қалады.

Мәсіх бір кездері Өзі көтеріліп кеткен Зәйтүн тауының үстіне қайта түседі. Пайғамбар: «Жаратушы Иеміз киелілерін ерітіп келе жатыр, Оның аяғы Зәйтүн тауының үстін қайтадан басатын болады. Зәйтүн тауы қақ жарылып үлкен жазыққа айналады» - дейді.

«Сол күні Жаратқан Ие бірден-бір Құдай болып, жалғыз Оның есімі ғана мадақталатын болады Құдай бір және бүкіл жер бетінің Патшасы Өзі болады» (Зэк. 14:5,4,9). Сонан соң әдейілеп дайындаған жерге аспаннан жарқыраған сұлу қала Жаңа Иерусалим түседі. Мәсіх Өзінің халқымен және періштелерімен қасиетті қалаға кіреді.

Шайтан болса Ғаламның билігін колына алу мақсатында соңғы шайқасқа дайындалады. Ол жер бетінде жалғыз қалған кезінде өте аянышты күй кешсе, енді құдайсыздардың тірілгенін көріп үміті жанданады және соңғы шайқаста берілмеудің қамын ойластырады. Шайтан үнемі пайдаланып жүрген қатыгез айласын пайдаланып, шын мәніндегі кім екенін білдіртпей, өзін осы әлемнің билеушісі қылып көрсетеді. Арсыздарды көрден тірілтіп шығарып алған да өзі секілді сыңай танытып, олардың барлығын өз күшімен шабыттандырады, әлсіздерін күшті етеді. Қайта тірілген құдайсыздардың миллиондаған саны оның өзін де құлшындырады. Солардың көмегімен тағымды және патшалығымды қайтарам деп ойлайды. Бұл қара құрттай қаптаған арсыз тобырдың ішінде топан суынан бұрын өмір сүрген дәулер де болады. Олардың ой - өрістері ете кең болған, дегенмен ібілістің жетегінде кеткен бұл жандар білімдері мен қабілеттерін өздерін өздері дәріптеуге жұмсаған. Өз заманында олар өнер біртұмаларын ойлап шығарған, кемеңгерліктерінің алдында әлем бас иген. Дегенмен олар өздерінің қатыгездіктерімен және хайуандық өнертабыстарымен жерді арамдаған, Құдайдың бейнесін өзгерткен. Бұлардың іштерінде атақты патшалар, ешбір шайқаста жеңіліп көрмеген қолбасшылар, түрлерінен патшалықтар қорқатын ержүрек сарбаздар да бар. Ажал оларды өзгертпеген. Өлерінің алдында қандай оймен кетсе, сол оймен қайта оянған. Жауласуға деген озбырлықтары да сол қалпында, өзгермеген.

Ібіліс өзінің жындарымен және жердің патшаларымен кеңес құрып, олардың күші бізге қарағанда аз, өйткені біз көппіз, сондықтан біз оларды жеңе аламыз деген шешімге келеді. Өнерлі жарақшылар сайман, қару жарақ жасаумен айналысады. Жеңістерімен атақтары шыққан әскер басшылары сарбаздарын сапқа тұрғыза бастайды.

Ақыры шабуылға шығуға бұйрық беріледі. Ешқашан соғыстар басталғалы ешкімде мұнша әскер болып көрген емес. Бұл барлық замандардағы күштердің біріккен әскері болады. Әскер алдына ең мықты қолбасшы ібіліс өзі тұрды. Олар ойрандалып қалған жердің бетімен қалаға қарай жүріп келеді. Сонда Исаның бұйрығымен Жаңа Иерусалимнің қақпалары жабылады.

Қаптаған қара тобыр бас салмақ болып қаланы қоршап алады. Исаның жаулары Оның жүзін тағы да көреді. Қаланың жоғарғы жағынан негізі алтыннан құйылған биік тақ көрінеді. Тақтың үстінде Құдайдың руханы Ұлы отыр, маңайын қоршаған Алланың патшалығының азаматтары. Бұл көріністің сұлулығын бірде қалам жазып, бірде тіл айтып жеткізе алмайды. Әкесінің даңқы Баласын қоршап тұр. Оның нұры бүкіл қаланы толтырып, қақпалардан етіп, барлық жерді

жарқыратып жіберді. Тақтың жанында бір кездері шайтанға қызмет етіп, кейіннен тәубасына келіп, шынайы ниетпен Алланың соңынан ергендер де бар. Олардан кейін алдап - арбау мен сатқындықтың ортасында жүріп, бүкіл әлем Құдай заңын керексіз деп жариялағанда, Аллаға деген адалдықтарынан айнымай, кемеліне келгендер тұр. Одан әрі барлық ғасырлардағы Құдай үшін шайқасып, шейіт болғандар тұр. «Со- нан соң қарасам ешбір адам баласы санына жете алмай- тындай өте үлкен қауымды көрдім. Олар әрбір ұлттан, халықтан, тілден, тайпалардан шыққандар... тақ пен Тоқтының алдында ақ шапан киіп, қолдарына құрма ағашының бұтақтарын ұстап тұр екен» (Аян 7:9). Қолдарында ұстаған құрма ағашының бұтақтары салтанаттылықтың рәмізі, ал үстеріндегі ақ жамылғылары (шапандары) әуелдегі Мәсіхтің, сонан соңғы өздерінің тазалықтарының белгісі. Осы қауым қатты дауыспен Аллаға арналған мадақтау әнұранын орындады: «Құтқарылу - тақта отырған Құдайымыз бен Тоқтының билігінде» (10-шы өлең). Сонда ақталғандар ібілістің күші мен ашуын көреді және өздерінің тек Мәсіхтің арқасында ғана жеңіске жеткендерін бұрынғысынан да жақсы түсінеді. Осы қауымның ішінде бірде бір жан өз еңбегіммен жеңіске жеттім деп айтпайды. Қандай еңбек істегендері жүйне қанша қасірет шеккендері жайлы сөз қозғалмайды. Мадақ бүкіл әлемнің Жаратушысы - Аллаға ғана тән екенін барлығы жақсы біледі, Оның есімін ғана дәріптейді. Енді патшалардың Патшасы, Оның билігіне қарсы шыққандарға, қасиетті заңын таптап, халқын қорлағандарға әділетті үкім шығарады. Құдайдың пайғамбары: «Бұдан кейін мен үлкен ақ тақты және оның үстінде Отырғанды көрдім. Жер мен көк Оның қасынан қашып, оларға орын табылмады. Үлкенді - кішілі өлген адамдардың тақ алдында тұрғандарын байқадым. Кітаптар ашылып, ерекше бір кітап - мәңгілік өмір кітабы да ашылды. Өлгендер сол кітаптарда жазылған, өздері тірі кездерінде жасаған істеріне сай сотталды» дейді (Аян 20:11,12).

Кітаптар ашылып, Иса олардың жүздеріне қараған кезде, арсыздар ездерінің істеген күнәларын естеріне алады. Түзу жолдан бас тартып, Құдай заңын бұзғандарын, Алланың төгіп тұрған шапағатын пайдаланбағандарын, Құдайдың елшілерін (хабаршыларын) жек көргендерін, Алланың мейірімінің толқындары олардың тас болып қалған жүректеріне соғылып, кері қайтқанын ез көздерімен көретін болады.

Тақтың алдынан айқыш ағаш көтеріледі. Осы жерде Адам атадан бастап ұлы құтқарылу жоспарының барлық оқиғалары сахнalanып көрсетіледі. Құтқарушының туылғаны, Оның жастық шағы, Иорданда өткен шомылдыру рәсімі, Жарылқаушы Құдай Иенің

мейірімі мен сүйіспеншілігін ашып көрсеткен Исаның уағыздары мен рухани қызметі, Оның халықтың тілегін тілеп, жалғыз отырып өткізген ұйқысыз түндері, көре алмағандықтың салдарынан оған қарсы құрылған қастандық, Оның мейірімділігіне қайтарған адамдардың зұлым сыйлары, Гетсимания бағындағы бар әлемнің күнәсі үшін басынан кешкен азапты қасіреті, Оның кәнішср тобырдың қолына тапсырылғаны, сол түні басынан өткерген сұмдық оқиғалар, надан тобырдың Оны Пилатқа қалай алып келгені, қорқақ және қатыгез Иродтың алдында мазақ етіліп, азапталып өлім жазасына ұсынылғаны - осының бәрін адамдар өз көздерімен көреді.

Онан соң шыдамды Қорланушының Ғолғотаға бара жатқан жері, көктің Патшасының айқыш ағашта шегеленіп тұрғаны, менменшіл діндарлар мен ұятсыз тобырдың Оның өлім алдындағы азабын қызықтағаны, сол уақыттағы жердің бетін жауып тастаған түнек, сілкінген жер, сынып жатқан таулардың дүрсілі, әлемнің Құтқарушысының жан тапсырған кезіндегі өлгендердің қайта тірілгені... қорқыныштан дірілдеп тұрған тобырдың алдынан осы оқиғалардың барлығы бірінің соңынан бірі өтіп жатады. Шайтан, оның жындары және солардың жағына шыққан адамдар бір кездері істеген істерінен көз ала алмай, сахнаға қадалып қалады. Әркім осы шайқастағы өзінің ойнаған ролін көреді. Ирод, оның бұйрығымен Вифлеемде өлтірілген кінәсіз нәрестелер, Жохан пайғамбарының қанын арқалаған сатқын Иродида, жағдайлар мен уақытқа сай икемделіп тұратын олқы мінезді Пилат, арсыз сарбаздар, дін қызметкерлері, «Оның қаны біздің және біздің ұрпақтарымыздың мойнында» деп айқайлаған ессіз тобыр мен оның көсемдері өздерінің қатыгез кінәларының нәтижелерін көріп тұрады.

Тақуалар «Ол біз үшін жанын берді!» деп, Исаның аяғына тәждерін тастап жатқанда, құдайсыздар Онын жарқыраған нұрынан тығыламыз деп бекер әуре болады.

Ақталып шыққан Құдайдың халқына келетін болсақ, олардың ішінде Исаның шәкірттері - ержүрек Пауыл, қызу қанды Петір, бауырмал Жохан, сол сияқты Алла үшін азап шегіп, елген шейіттер барын көреміз. Ал қаланың сыртында оларды қуғындағандар, тұтқынға алып өлтіргендер, бойларын неше түрлі кесірлер кернегендер тұр. Солардың қатарларында қышмысы әлемді сескендірген хайуан Нерон да бар. Сонда ол бір кездері өзі азаптаған, жандарының қиналғанын көріп соған рахаттанған тақуаларды көріп, олардың қуанышы мен бақытына куә болады. Осы арада оны сұмырай қылып тәрбиелеген, мінезінің қатыгез болып қалыптасуына әсерін тигізген анасы да бар.

Сол сияқты өздерін Мәсіхтің елшілеріміз деп жариялаған папаның қызметкерлері мен прелаттар да, өздерін Құдайдан жоғары санаған өзімшіл папалар да осында. Бұл, бір кездері шіркеудің аталары атанғандар, енді Құдайдың алдында есеп береді. Құдайдың Өз заңының қорғаушысы екенін және кінәліні ешқашанда ақтамайтыны бұлар кеш ұғады. Сонда ғана олар Мәсіхтің: «Менің мына бауырластарымның тіпті ең маңызсыз болып көрінген біреуіне жасаған жақсылықтарыңды шын мәнінде Маған жасағандарың!» деген сөзінің күшін сезінеді (Матай 25:40).

Көктің билігіне сатқындық жасағандардың бәрі Құдайдың сотына тартылады. Олардың қорғаушылары жоқ, ақтала алмайды және оларға шығарылатын үкім «мәңгілік өлім». Енді олар «күнә үшін жаза - өлім» деген сөздерді айқын түсінеді. Құдайсыздар оларға неше рет ұсынылған «мәңгілік бақытты» қолдарымен қағып салып отырды. Олардың барлығы «мен бейбітшілікті, шынайы бақытты, аружданды, намысты, ізеттілікті торығуға, бақытсыздыққа және қорлыққа айырбасташын» - деп өкінетін болады. Және де көктің шығарған үкімінің әділетті екенін жақсы түсінеді. Олар өмір бойы: «Иса деген адамның біздің патшамыз болғанын қаламаймыз» деп арыз тастаған болатын.

Енді арсыздар Құдайдың рухани Ұлының патшалығына сиқырланып қалғандай қадалады. Бұлар Оның қолындағы Құдайдың қасиетті заңы жазылған тас тақташаларды көріп, бір кездері Алланың парызын орындаудан бас тартқандарын естеріне алады. Сырлы, сұлу, сазды ән естіліп, тақуалардың қуанышты дауысы шыққанда, қақпаның сыртында тұрғандар: «Сенің істерің қандай тамаша Жаратушы Құдай! Сенің жолың ақиқат, пәк және әділетті!» деп, өмір Ханзадасына бас иетін болады.

Исаның ұлылығы мен атағын көргенде ібілістің төбесінен жай түскендей қалшыып қатып қалады. Бір кездері сұлулығы көз тартатын сымбатты періште өзінің қайдан құлағанын есіне алады. «Таң нұрының баласы» қалайша өзгерген! Қалай ғана құлаған! Бір кездерде ардақты болған, сый құрметке бөленген періште көктің кеңесінен бір жола шығарылған болатын. Енді ол керемет мүсінді, өте сұлу періштенің оның орнын басып, Исаның басына тәжін кигізіп жатқанын көріп, бұл жоғарғы атақ маған - ібіліске тиесілі болушы еді деп ойлайды.

Ол өзінің Құдайға қарсы шығып, Исаға күншілдік жасағанға дейін ішкі дүниесінің таза, кінәсіз, пәк болғанын есіне алады. Алла оған кеңшілік жасап тұрғанның өзінде, періштелерді азғырып, өз жағына шығару үшін қандай азғын, айла-тәсілдер жасағаны көз алдына

келеді. Барлық істеген істері бірінің соңынан бірі - халықтарды жауластырғаны, сұмдық азапты өлімдер, патшалықтардың пайда болуы мен құруы, неше түрлі көтерілістердің ұзын тізбегі, революциялар мен қақтығысулар оның көз алдынан өтіп жатады. Ол Мәсіхтің жұмысына кедергі жасап, адамдарды күнәнің тұңғиығынан шығармай тұншықтырғанын және соған қоса Исаға сенгендерге ешқандай билігін жүргізе алмағанын есіне түсіреді. Артына көз сала келе езінің істеген істерінің жемісін көреді. Ол қанша жерден арсыз- дарды «мына қаланы жаулап аламыз» - деп алдағанымен, мұнысының жай ғана әрекет екенін езі жақсы біледі. Осы ұлы шайқаста неше рет жеңіліске ұшырап, кейін шегінгені және сол сияқты Жаратушының ұлылығы мен күші де оған мәлім.

Ұлы көтерілісші Құдайдың билігіне қарсы шығып және шайқастың туындауына Тәңірді кінәлап, өзін үнемі ақтап алуды көздеген болатын. Сол үшін бар ақылы мен күшін жұмсаған. Жүйелі жоспар құрып, ойланып отырып жұмыс істеп, таңқаларлық жемістерге ие болған. Адамдарды алдап өзінің көзқарасын қабылдатуға бейімдеген. Бірақ ақыр соңында Мәсіхті тағынан құлатып, Оның халқының көзін жойып, қасиетті қаланы жаулап аламыз деген әрекетімен өзін өзі әшкерелейді. Онымен біріккендер жеңіліске ұшырағандарын өз көздерімен көреді. Мұны көрген Исаның ізбасарлары мен періштелер де ібілестен жүректері айнаиды.

Көктегі ғажайып үйлесімділік, тазалық шайтанға ұнамаған болатын. Ол Құдайға тісін қайрап, күшін шыңдап, көтерілісті бастаймын деп, көкте өмір сүру құқығынан бір жола айрылды. Ендігі жерде оның мейірімділік пен әділеттілікке қарсы сөз айтуға шамасы жоқ. Құдайға жапқан пәлесі айналып өз басына келді. Шайтан енді басын иіп, өзіне шығарылған үкімнің әділетті екенін мойындады.

«Жаратқан Ие, кім Сенен қорықпас? Сенің атыңның ұлылығын жариялаудан кім бас тартпақ? Жалғыз Сен ғана толықтай қасиеттісің! Барлық халықтар Сенің алдыңа келіп, бас ұрып ғибадат ететін болады. Себебі Сенің әділ үкімдерің айқын болды» (Аян 15:4). Ақиқат пен адасушылыққа қатысты барлық сұрақтар айқындалды. Бар ғалам Құдайдың билігі мен ібілістің билігінің нәтижелерін көрді, оны өзінің істеген істері соттады. Құдайдың даналығы, мейірімділігі, әділеттілігі толық айқындалды. Құдай Өзі жаратқан пенделерінің және бар ғаламның бақытын көздегені бәріне айғақ болды. «Барлық киелілер Сенің істеріңді мадақтап, Саған батасын беріп, атағыңды асыра берсін» (Жыр. 144:10). Күнәнің тарихы Алланың жаратқан жан иелерінің бақыттарының Оның заңымен тікелей байланысы барын дәлелдейді. Бар ғалам, Тәңіріне адалдығын сақтаған пенделер және

көтерілісшілер бір дауыспен: «Киелілердің Патшасы! Сенің жолың ақиқат және дұрыс» деп мойындайды.

Бар ғаламға Әкесімен Баласының қандай құрбандық жасағаны анық көрсетіледі. Мәсіхтің Өзіне тиесілі орнын алатын уақыты келді. Оның атағы шығып, Есімі дәріптеледі. Осы болатын қуаныш үшін Ол масқараланып, ауыр күнәні мойнымен көтеріп, айқыш ағаштың азабынан өтті. Ол қасірет шегіп қорланғанымен, казіргі қуанышы мен даңқы сөзсіз жоғары. Ол ақталғандарға қарап, барлығының Өзінің патшасына ұқсап тұрған жүздерін көріп, олардың Құдайдың кемелденген мөріне ие болғандарына қатты қуанады. Өзінің ерлігінің нәтижесіне рахаттана қарайды.

Сонан соң Ол: «Мінекей Менің қаныммен ақталғандар! Олар Менімен мәңгі бірге болу үшін азап та шектім, жанымды да қидым»-дейді. Сол кезде тақтың жанында ақ шапандар киіп тұрған ақталғандар салтанатты түрде мадақтау әнұранын орындайды: «Құрбандыққа шалынған Тоқты билік пен байлықты, даналық, пен құдіретті, құрметтеу, ұлылық, дәріптеуді қабылдауға әбден лайықты» (Аян 5:12).

Шайтан Құдайдың әділеттілігі мен Мәсіхтің жоғарғы билігін мойындағанымен, оның ішкі дүниесі өзгеріссіз қалады. Бойын ашу кернеп кеткен ол соңғы шайқаста Көктің Патшасымен айқасқысы келеді. Сонан соң өзінің азаматтарын қоздырып, дереу шайқасты бастауға көндірмекші болады. Шайтанның көтерілісіне қатысқан санаусыз халықтың бірде бірі ендігі жерде оның билігін мойындамайтынын көрсетеді. Ібілістің билігі тамамдалды. Арсыздар Құдайды шайтанмен бірдей жек көргендерімен, өздерінің әлсіз жағдайын көріп, үміттері өшіп, Алланы жеңе алмайтындарын ұғады. Әзәзіл мен оның жындарына өштері оттай лаулаған жүгенсіз тобыр оларға қатты ашумен қаһарлана бас салады.

«Ақылынды Құдайдың ақылымен қатар қойғаның үшін Мен өзге жердің жауыз халықтарын саған қарсы алып келемін, олар сенің даналығың мен жетістігіңе қарсы қылыштарын қынабынан шығарып, өзінді көрге тығып құртады» «Жанып тұрған тастардың ортасында жүрген періште едің, арамдығың үшін Мен сені жерге түсірдім, енді жердің патшаларына мазақ етуге беремін. Барлығының көз алдында өзінді сұмдық жағдайға ұшыратамын, күлге айналдырып, мәңгілікке көзіңді жоямын» дейді Алла (Езк. 28:7,8,16-19).

«Әскердің жер таптаған етіктері, әрі қанға малынған киімдері енді өртеуге белгіленеді, бәрі де отқа жем болып кетеді. Өйткені Құдайдың қаңары барлық халықтарға төгілді. Ол бұларды қарғысқа ұшыратып, ыстық желмен қақтайды, төбелерінен қара май мен отты жаңбырды төгеді - олардың еншісі осы» (Ишайа 9:5;34:2. Жъф. 10:6).

Содан төбеден от түседі. Жер жарылып, оның қойнауында жасырынып жатқан қарулар шығарылады. Барлық тұңғыықтардан жұхып әкететіндей жалынды тілдер пайда болады. Тіпті тау менен тастар да өртеніп жатады. Табиғат апаттары жерді алай түлей ойрандайды. Сол күні аспан қатты шумен жоқ болып, дүниенің құрамдас бөліктері өртеніп құрып кетеді. Жердің өзі де, ондағы бүкіл жаратылыспен адам қолымен істелгеннің барлығы өртеніп жоқ болады. (Малахи 4:1; 2Петір 3:10). «Сол күні барлық жердің беті лаулаған отты теңізге ұксап тұрады. Арсыздар өртеніп тиғыл болады. Бұл Құдайдың Сион үшін еш алатын күні» (Ишая 34:8; Нқл. 11:31).

«Зұлымдар істеген істеріне қарай жазаларын алады» (Нқл. 11:31). «Арсыздар сыбағасын алып, сабан секілді өртенетін болады» - дейді Шексіз Алла (Малахи 4:1). Әркім өзінің істеген ісіне қарай жазаланады, біреулері сол сәтте-ақ өртеніп кетсе, енді біреулері көп күнге дейін жанып, қиналатын болады. Тақуалардың күнәсі ібілістің басына үйілген, сондықтан ол өз істері үшін де, Құдайдың халқын айдап салып, арандатқан күнәсі үшін де азапталады. Арсыздар ағаштың бұтақтары мен жапырақтары болса, шайтан оның түп тамыры болып есептеледі. Сондықтан бұтақтар мөлшеріне байланысты өртенсе, ағаштың діңгегі - әзәзіл көпке дейін азап шегеді. Әділеттіліктің талаптары қанағаттандырылады. Аспан да, жер де Құдайдың пәктігін мойындайды. Алты мың жыл бойы жерді азаптап, қайғыға ұшыратып, қан жылатқан ібілістің жұмысы аяқталады. «Барлық жер тынышталып, дем алып, қуанышқа бөленеді» (Ишая 14:7). Содан кейін мен сарқырап аласұрған судың гүрілі мен күннің қатты күркірегеніне ұқсас үлкен бір топтың үніндей зор дауыс естідім. Олар: «Жаратқан Иені мадақтаңдар! Себебі біздің Құдайымыз - бүкіл әлемнің Иесі, Ол билігін жүргізуде. Шаттанып қуанайық, Оның Ұлылығын мадақтайық!» - деп әндетеді (Аян 19:6).

Жердің беті өртеніп жатқанда, Құдайдың меншікті халқы қауіпсіз жерде - киелі қалада болады. Мұндайларға «екінші өлім» билігін жүргізе алмайды. Егер арсыздарға Алла жалындаған от болып тисе, Өз халқына қауіпсіз қорған болып табылады (Аян 20:6, Жыр. 83:12).

«Сонан соң жаңа аспан мен жаңа жерді көрдім. Себебі бұрынғы аспан мен жер құрып кетіп, енді қайтып теңіз де жоқ болыпты» (Аян 21:1). Көктен түсетін от жерді тазалайды. Қарғыстың ізі өшеді. Тақуалардың есіне күнәнің нәтижесін түсіріп тұратын дозақ деген болмайды.

Мәңгілікке қалатыны Құтқарушының денесіндегі жаралардың орны ғана. Бұл жаралар күнә атаулының қаншалықты қатыгез екенін барлығының есіне салып тұрады, ұмыттырмайды. Мәсіхтің

даңқына қарап пайғамбар былай дейді: «Құдайдың нұры күн көзінде жарқырайды, қолынан сәулелер шашырайды, Оның күші осында!» (Аббақұқ 3:4). Құтқарушының тесілген бүйірінен тамшылаған, адамзат пен Жаратушыны татуластырған қасиетті қаны - «Оның күшінің құпиясы» болып табылады. Шексіз ғасырлар бойы Фолгота жаралары Оның есімін дәріптейтін болады.

«Ал сен, Сион тауындағы корған, отарымды қоритын мұнараға ұқсайсың. Бұрынғы билігің саған қайтарылып, Иерусалим қайтадан патшалықтың астанасы болады» (Миха 4:8). Алғашқы жұбайлар Бейіш бағынан қуылып шыққаннан бергі барлық тақуалардың асыға күткен уақыты келді. «Алатын игіліктеріміздің бастапқы бөлігі, әрі кепілі - Құдай, Өзінің меншікті халқын жамандықтың өсерінен түгелдей құтқарғанда, игіліктеріміздің бәрін иемденеміз. Осылай Тәңірдің керемет ұлылығы мадақталмақ» (Еф. 1:14). Құдайдың ұлы да, тамаша құтқару жоспары адамзатқа бір кездері жаудың карамағында болған жерді қайтарып береді. «Аспанды жасаған Жаратқан Ие - шынайы Құдай. Ол жерді де калыптастырып нығайтты. Оны ретсіз, бос тұру үшін емес, мекендеу үшін жаратты» (Ишая 45:18). Құдайдың ең әуелдегі көздеген мақсаты орындалады: «Тақуалар жерді иемденіп, мәңгі өмір сүретін болады» (Жыр. 36:29).

Болашақтағы адамзат баласының отанын дұрыс суреттеп беруге сөз байлығымыз жетпей қала ма деген қауіппен көпшілігі шынайы отанымызға өз үйімізге секілді қарауға рұқсат беретін ақиқаттарға тек рухани жағынан ғана түсініктемелер берген. Мәсіх Өзінің оқушыларына «Әкемнің үйінен сендерге барып орын дайындап келемін» деген болатын. Киелі Жазбадағы ілімді қабылдайтындар өздерінің болашақтағы тұрағы жайлы мәліметсіз болмайды. Десе де: «Құдай Өзін сүйетіндерге көз көріп, құлақ естімеген, тіпті адамдардың ойына ешқашанда келмеген игіліктерді дайындап қойды» (1Қор.2:9) делінген. Тақуалардың алатын сыйын адамның тілі суреттеп бере алмайды. Оны тек көргендер ғана түсіне алады. Адам баласының шектеулі санасы Құдайдың жұмағының атағын жеткізе алмайды.

Киелі Жазбада құтқарылатындардың иелікке алатын мұралары - «отандары» деп аталған (Евр.11:14-16). Көктегі Бақташы Өзінің үйірінің тоқтыларын тірі судың көзіне жетелеп апарып, одан тойғандарынша су ішкізетін болады. Өмір ағашы ай сайын жемісін беріп, жапырақтары адамның пайдасына жарайды. Мәңгілік ағындар шыныдай таза болады. Оның жағалауында өсетін ағаштардың көлеңкелерінде ақталғандар дем алады. Кең жазықтар сұлу темпешіктермен жалғасып, биік-биік таулар бой көтереді. Осы ғажайып жазықтарда, тірі ағындардың жағалауларында Құдайдың меншікті

халқы - арып-ашып шаршаған жолаушылар - Отандарына оралып тыным табады.

«Сонда халқым Менің өз тұрағында қауіпсіз өмір ететін болады. Бұдан былай елінде зорлық-зомбылықтың айқай шуы естілмейді, өзің де қиратылып талқандалмайсың. Керісінше өзінді құтқарған Құдайыңды «қамалым», Оған арналған мадақтауыңды «бекітулі қақпаларым» деп атайтын боласың».

«Халқым үй салса, сонда өзі тұратын, жүзімдік отырғызса, соның жемісін өзі жейтін болады. Енді қайтып біреу үшін үй салмайды және жүзімдіктерінің жемісін де жаулары жемейді. Халқым мықты ағаш сияқты мәңгі өмір сүретін болады, жұмыстарының өнімдерін ұзақ уақыт пайдаланып, еңбектерінің зейнетін көреді» (Ишая 32:18;60:18;65:21,22).

«Кеуіп қалған жер қайта өңі кіріп жауқазындай құлшырады. Тікенді бұта орнына қарағайлар өсіп, қалақай орнын жұпар иісті жасыл ағаштар басады. Бұл керемет іс Жаратқан Иенің даңқын асыратын, мәңгі өшпейтін белгі болады. Сол заманда касқыр қозымен тату тәтті тұрып, қабылан лақпен бірге тынығады. Бұзау, арыстан және бордақы өгіз де қатарласып бірге жататын болады. Бәрін бір жас бала айдап, баға алады. Сиыр мен аю катар жайылып, бұзуалары мен конжықтары бірге жүріп, арыстан өгіз сияқты шөп жейді. Сәбилер сүр жыланнның қасында ойнап, балдырғандар абжыланнның ұясына қолдарын емін еркін тығатын болады.

«Бүкіл қасиетті тауымда ешқандай қиянат пен зұлымдық жасалмайды» - дейді Тәңір Ие, өйткені теңіздер суға қалай толы болса, барлық жердің беті солай Алланың бақылауында болады (Ишая 35:1;55:13; 11:6,9).

Көкте ауыртпалық болуы мүмкін емес. «Енді қайтып өлім, жоқтау, зар еңіреу мен ауру болмайды, ешкімнің көзінің жасы төгілмейді. Себебі бұрынғы әлем құрып, жоқ болды» (Аян 21:4). «Енді қайтып ешкім «мен ауырып тұрмын» деп айтпайды, өйткені жаңарған жерде күнә деген жоқ» (Ишая 33:24).

«Сен, жаңа жердің астанасы - Жана Иерусалим, Құдай Иенің қолында патшаның керемет әдемі тәжі секілді көрінесің». «Қала өте құнды асыл тасқа ұқсап, мөлдір тастай айқын, яспис сияқты жалт - жұлт етіп жарқырап тұрды».

«Құтқарылған халықтар оның жарығымен жүріп, жер бетінің патшалары салтанатты тартуларын калаға әкеліп тұрады». «Өзімде Иерусалим үшін шаттанып, халқыма қарап қуанатын боламын» - дейді Алла. Көктегі тақтан былай деген зор дауысты естідім: «Қараңдар, Құдайдың адамдар арасындағы мекені! Ол солармен бірге

тұрып, олар Оның халқы болады. Осылай Құдайдың Өзі солармен бірге мекендеп, олардың Құдайы болады!” (Ишая 62:3; Аян 21:11,24; Ишая 65:19; Аян 21:3).

Құдайдың қасиетті қаласында түн болмайды. Өйткені Құдайдың еркін орындап, Оның Есімін мәңгілік мадақтайтындар ешқашан шаршамайды, оларға дем алудың қажеті жоқ. «Шамшырақ пен күн сәулесінің де қажеті жоқ, себебі Құдай Иенің нұры барлық жерді жарқыратады» (Аян 22:5). Жарқыраған нәзік сәуле күннің жарығынан анағұрлым керемет болмақ. Құдай Әке мен Тоқтының жарығы қасиетті қаланы нұрландырып жібереді.

«Қаладан киелі үйді де көрмедім, себебі оның киелі үйі - бүкіл әлемнің Иесі Құдай мен Тоқты» (Аян 21:22). «Қазіргі білетініміз бұлыңғыр шынымен қарағандай көмескі, ал болашақта соның бәрін өз көзімізбен көретін боламыз. Қазіргі біліміміз шектеулі ғана, алайда Құдайдың бізді толық білетініндей, сол кезде біз де бәрін толық түсінеміз» (1 Кор. 13:12). Құдай мен адамдардың арасын ажыратып тұрған күнә атаулы жойылғандықтан Тәңір Иенің жүзіне біз тіке қарай аламыз. Сол кезде қазіргідей Шексіз Алла мен біздің арамьызды бөліп тұрған шымылдық болмайды. Біз Алланы өз көзімізбен көріп, Оның даңқы мен құдіретіне бөленеміз. Адам ең басында қандай пәк етіліп жаратылса, сол қалпына қайтып келеді. Көктегі киелі жан иелерімен, қасиетті періштелермен және барлық ғасырларда өмір сүрген, киімдерін Тоқтының қанымен жуып кетірген сенімділермен болатын қарым-қатынас ақталғандардың жандарын рахатқа бөлейді (Еф. 3:15).

Сол арада өлім тұзағынан бір жола босап шыққан адамдар тазарған саналарымен Құдай Әкенің және Тоқтының шығармашылық күшінің ғажайыптары мен Олардың сүйіспеншіліктерінің күшін тамашалайды. Ол жерде ешкімді Құдайға қарсы азғырып тұратын жау болмайды. Адамдар барлық жағынан өркендей бастайды, білімдері үсті үстіне қосылып отырады. Одан ешкім арымайды, шаршап шалдықпайды. Адамдардың білімі, күші талап етілетін жаңа жоспарлар құрылып, жаңа ақиқаттар ашылып, адамзат алға қарай адымдайды. Бір кездері адамдардың қайғысын көріп қасірет шегіп, құтқарылған әрбір жан үшін қуанышты ән салған Құдайдың халқы, енді бар ойларын басқа әлемдерге бағыттап, Ғаламның құпияларын зерттейді. Ешкімде шаршамайды, ештеңеден де жалықпайды. Жердің балалары ешқашан күнә жасамаған киелі жан иелерінің даналығы мен қуанышын игеруге ұмтылады. Олар Алланың өмірі бойынша белгілі тәртіппен қозғалып тұрған, Оның жаратқан денелері - күннің көзінің, жұлдыздардың және басқа да көктегі

жүйелердің жүрісін бақылайды. Жаратылыстың барлық түрлерінде кішісінен бастап үлкеніне дейін Құдайдың есімі жазылып тұрады және олардан Алланың күшінің байлығы көрінеді. Мәңгілікке өтіп жатқан жылдар Құдай Әке және Мәсіх жайлы жаңа, терең ақиқаттарды ашып отырады. Адамдардың білімдері көбейген сайын, олардың Құдайға деген сүйіспеншіліктері де арта түседі және соғұрлым олар баталы және бақытты болады. Олар Құдайды таныған сайын таң қалады, Оған қызығады. Мәсіх халқына ақталудың байлығы мен ұлы шайқастың жетістіктерін ашып көрсеткен кезде, олардың ішкі дүниелері сүйіспеншілікке толып, жүректері жалындап, бойларын кернеген қуаныштарын сиғыза алмай, қолдарына алтын арфаларын ұстап, салтанатты әнұранына өз дауыстарын қосады.

«Көк пен жердегі, жер асты мен теңіздегі, яғни бүкіл ғаламдағы әрбір тіршілік иесінің былай деп салған дауысын естідім: «Тақта Отырған және Тоқты дәріптеу мен құрметке мәңгі бақи лайық!» (Аян 5:13).

Ұлы шайқас аяқталды. Күнә да, күнәкар да енді жоқ. Бар ғалам тап-таза. Жан иелерінің барлығының арасында бірлік пен қуаныш орнаған. Шексіз кеңістіктің шет шетіне Жарылқаушы Құдай Иеден өмір ағыны, нұр және қуаныш тарап жатады. Ұсақ атомнан бастап, ғаламдағы ең ірі жүйелерге дейін жандысы да, жансызы да: «Құдай дегеніміз - мәңгілік махаббат» деп өн салады.

Біздің әлем қалай өзгеруде: жақсы немесе нашар жағына ма? Сіз бұл туралы не ойлайсыз? Таңқаларлық ештеңе жоқ, бүгінде адамдардың басым көпшілігі әлемнің нашарлай түсетініне сенімді. Мүмкін, бұл жаһандық жағымсыз күй себептері жаман жаңалықтарға толы біздің мәдениетіміздің ерекшеліктерінде жатыр, немесе, мүмкін, осы кітапта баяндалған таңғажайып шындықты түсіну бізге тән: біздің әлемде бірдеңе дұрыс емес және біз бұл жағдайды түзете алмаймыз. Ұлы күрес адамзаттың азғындауына не себеп болғанын түсіндіріп қана қоймайды, сонымен қатар пандемия мен қауіп-қатер, сыбайлас жемқорлық пен зұлымдық, кісі өлтіру, тәртіпсіздік пен дүмпулердің арғы жағындағы қарапайым адамдардың көзінен жасырылған, оның ауқымы бойынша елестету мүмкін емес күресті көрсетеді. Осы таңғажайып кітаптан сіз зұлымдықтың беті бар екенін, жақсылықтың артында жеңілмейтін адам тұрғанын және күнәнің аяқталатынын білесіз. Егер сіз осы дүниенің аяқталуына және келе жатқан даңқты әлемнің басталуына дайын болғыңыз келсе, онда сіз бұл кітапты оқып шығуыңыз керек.



Ellen G. White Estate
Sharing the Vision

